1. Аболин Р.И. От пустынных степей Прибалхашья до снежных вершин Хан-Тенгри // Геоботаническое и почвенное описание южной части Алма-атинского округа Каз АССР. Ташкент, 1930. Ч.1 С. 60-61
2. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1897 гг. // Сочинения. М.: Наука ГРВЛ, 1966.-Т. 4. С. 81-83
3. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. С. 78-79
4. Байпаков К.М. Средневековые города и поселения Семиречья (VI-XII вв.) Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1966. С. 9-12
5. Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. Алматы, 2005. С. 58

ШЕЖІРЕЛІ ШЕТ АУДАНЫ

Кантарбеков К.К.

тарих пәнінің мұғалімі,

Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы базасындағы тірек мектебі,

Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы

Шет ауданы – 1928 жылы 17 қаңтарда Қарқаралы округінің болыстарының негізінде құрылды. 1930 жылы осы күнгі мекені Аюлы тауының баурайына орналасты.

Ең алғаш аудан орталығы Қызылеспе деген жерде орналасқан. Шет ауданының негізін қалаған Бесата елінде 18711 адам болған. Бүгінде Шет ауданы облыс көлеміндегі ең ірі аудандардың санатында. Қазір аудан 48 елді мекенді біріктіретін 25 әкімдік аумақтық бірліктен тұрады. Жалпы саны 48 мыңдай халық орналасқан, ауыл шаруашылығы дамыған аудан. Ауданның жалпы жер көлемі 6,5 млн.га немесе облыс аумағының 15 пайызын құрайды.

Байлығына көз тіккен жат жұрттан елі мен жерін қорғай білген бабалар ерлігі ұрпаққа ұран. Талды өзені бойында Сеңкібай батыр мазары тұр. Нұра өзені бойында Абылайханның ту ұстаған батыры Жидебай батыр жатыр. Жасылтуды Жарлығап батыр, ат көтере алмас Сазанбай, Дәрібсалы батырлар туралы заманда туған тарихи жырлар ел есінде сақталған. Кенесары ханның қолбасшысы Ақжолтай Ағыбай батыр ел мақтанышы. Ресей империясына қарсы алғаш қару көтерген Кенесары ханның ағасы Сержан осы Бұғылы бойында жыл жарымнан аса уақыт орда тігіп, елді күреске дайындаған. Кенесарының қамалы да, Кенеханның өзі ғана су ішкен құдық та Маңақа бойында Кенехан бойын сергіткен Қарасу да, атасы Абылайхан демалған орын да осы өңірде. Қазақ әдебиеті тарихындағы зор тұлға Шортанбай жырау осы Ақсу-Аюлынікі, Ақтентек сері серілігімен ел аузына іліккен. Атақты Қақпанақын, Жуасбай, Дияқажы, Бабас, Оқа, Түсетай, Ғаббас, Күмісбек ақындар сөз өнерінің биік шыңы іспеттес. Дияқажы артында «Шаһарбану» дастаны қалды. Оқашежіреде «Абылайхан» деген дастан жазған. Түсетай «Сарыарқа» толғауын қалдырған. 1943 жылы алғашқы республикалық ақындар айтысында бірінші орын алған Маясар ақын туралы сол кезде Мұхтар Әуезұлы деректі фильм түсірткен. Кешегі Кенесарыханмен үзеңгілес болған Бәйсеітби, Дүйсенбай, Жаңқұтты шешен, Қарабилер туралы аңыз мол. Арқадағы шертпе күй өнерін аса биікке көтерген, шертпе күйдің бір мектебін қалыптастырған Қыздарбек күйші, оның шәкірттері Әбди, Сембек, Ақмолда, Кәрібек, Мақаштардан қалған күйлерге бүгінде қазақ елі тамсанады. Жуасбай өткір тілді айтыскер ақын. Артында «Ерназар-Бекет» шығармасы қалды. Сәрінжіп ақын жұртқа кеңінен танымал. Айтыскер ақындар арасында Исабектің шоқтығы биік тұрған. Шаяхмет ақын қазақ жастарының гимнін жазды. Жәкен Байтуов «Көкжайдақ», «Бөрі батыр» поэмаларын жазған. Тәшен ақынның артында «Мыңғазел» атты қолжазба кітабы қалған. Өңіріміз көне заман суреті мен сызбалары сөйлеп тұрған тарихи ескерткіштердің тілсіз мұрасына аса бай. Тас бейне қашалғанына 3 мыңжылдан асқан таңбалы тастан суреттер көне заман тарихынан мол мәлімет беріп тұрғандай. Егізқойтастағы ұшқабат үйдің биіктігіндей жартас басына қолмен қашалып салынған 72 ұялы



дойбының тақтасы әлем тарихында дойбы – шахмат ойынының шығуына жаңа көзқарас тудырамы хақ. Аудан аймағында республикалық дәрежедегі 25, облыстық дәрежеде қорғауға жататын 30, аудандық дәрежедегі 35 ескерткіш бар. Аталмаш ауданның жер қойнауында мырыш, молибден, вольфрам, темір, алтын, күміс, кадмий, висмут, кварцит, мыс, құрылыс материалдары барланған. Өңірдің кең орындарында облыс көлеміндегі алтынның 1,7 пайызы, молибденнің 27,3 пайызы, волластаниттің 70 пайызы, мырыштың 20 пайызы, маргенцтің 10 пайызы бар. Жер жүзіндегі бар вольфрамның 30 пайызы Шет ауданын қойнауында қазына болып жатыр. Климаты айқын континенттік, қысы ұзақ, суық боранды, қары аз. Жерінде қара, қызыл, қоңыр, ашық қызыл, қоңыр, сортаң топырақ тараған. Жазық жерлерінде көде, селеу, жусан, кермек, көкпек, тобылғы, қараған, таңқурай, қарақат, бөріқарақат олардың бөктерінде қайың, көктерек өседі. жауапкершілігі шектеулі серіктестігі вольфрам өндіреді, «Крамдс-Кварцит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кварцит өндіреді, «Ақадыр АТП» акционерлік қоғамы ірі автокөлік кәсіпорны, «Достық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі авто жолдар жөндеу бойынша, «Бірлік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі теміржолды жөндеу бойынша, Компания «Жол жөндеуші» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі локомотивтерді, вагондардың доңғалақ жұптарын жөндейді. «ЫРЫС-2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Таға» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі халыққа қызмет көрсету саласында, «Ақадыр- жылу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Ақадыр- энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Шет-энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кәсіпорындары энергиямен - жылуды қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылық құрылымдарының саны 1160. Оның ішінде 14 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 1146 шаруа қожалықтары бар. Егін шаруашылығының басты саласы- астық дақылдары мен жем-шөп, аздап картоп пен көкөніс егіледі. Аудан аумағында дүниежүзілік даму банкі тарапынан инвестиция тартылып, 2003 жылдан «Қуаң жерлерді игеру» бағдарламасы бойынша 11,6 мың га жерге көпжылдық шөп егілді. Аудан аумағында «Шолақеспе» шаруа қожалығы жылқының «Мұғалжар» асыл тұқысын, «Ақжол» шаруа қожалығы қойдың «Сарыарқа» тұқымын, «Ернұр» шаруа қожалығы ірі қараның «қазақтың ақбас» асыл тұқымдарын өсірумен шұғылданады. Оқу- ағарту, денсаулық сақтау және мәдениет салалары бойынша 4 балабақша, 59 мектеп, 1 оқу өндірістік комбинаты, 1 кәсіптік мектеп, 2 балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі, 4 аурухана, 2 емхана, 18 дәрігерлік амбулатория, 4 ФАП, 8ФП, 28 медициналық пунктері, 28 кітапхана, 1 музей, 26 мәдениет үйлері мен ауыл клубтары бар. 1938 жылдан аудандық «Шет шұғыласы» газеті шығарылады. Аудан мен қоса жасасып келе жатқан газет 1938- 1961 жылдар аралығында «Социалистік табыс» 1961-1992 жылдар аралығында «Ильич туы» болып, 1992 жылдан бастап «Заман», одан кейін «Шет шұғыласы» деген атпен шығарылуда. Аудан аумағындағы Бұғылы мен Тағылы, Нұра, Сарысу өзендерінің бойы тас ғасырынан бері қарайғы дәуірлер айғақтарына толы. Палеолит дәуіріндегі адамдар тұрағы Өгізтау, Үлкен Акмая деген жерлерден табылған. Ол тұрақтардан әр түрлі тас қарулар, оның ішінде тастан жасалған балта, қырғыш бар. Тайатқан, Шұнақ тауларында шоқпар тастардың бетіне қашалып салынған әр түрлі суреттер табылған. Өткен ғасырдың жиырма сегізінші жылында аудан болып құрылған Шет бүгінде керегесін кеңге жайған облысымыздағы іргелі аудандардың бірегейі. Содан бергі кезеңде сыныптай сырғыған уақыт- ағзаммен үндесе күн кешіп, қоғам өміріндегі елеулі серпілістер мен сілкіністерге қоян- қолтық араласты. Сонар түспеген соны шақта тыңнан түрен тартқан ауданның алғашқы құрлысшылары қатарында аталарымыз бен әкелеріміз, аналарымыз бен апаларымыздың бірге болғаны, қабілет- қарымы мен жігер- жалынын аямай жұмсап, жұртты ілгері бастырғаны баршаға мәлім.

Өркенді елдің өлшеміне айналған, шежіреге толы Шет өңірінің арғы-бергі тарихына бойлай еніп, қалам қарымымен мәйекті мәдениетімізге үлес қосқан және қосып жүрген ақындар:

Шортанбай Қанайұлы (1818-1881)

Диякажы

Әзбергенұлы Сәрінжіп (1862-1935)

Майасар Жапақұлы (1879-1965)

Жәкен Байтуов (1891-1962)

Зейнолла Игілікұлы

Алтай Смет

Свет Оразаев (1944-2001)

Шәтеқұлы Төлеуқұл (Қоңыр)



Марат Шәйке

Саябек Айнатайұлы (1941-2000)

Ғазиз Ештанаев

Зәрубай Сүйіндікұлы

Тезекбай Амандықұлы

Серғазы Қабылдаұлы

Дәулет Ырысбайұлы (Қара Дәулет) (1964-2006)

Ардақ Қасымтегі

Жәнібек Әлиман

Шет өңірінің ақын – жазушылары

Сонар түспеген соңғы шақта тыңнан түрен тартқан ауданымыздың абыройын асқақтатып спорт әлемінде өшпес із қалдырған

Адамбаев Даурен

Ақыжанов Жәкен

Айнатаев Самлабек

Әбдіқасова Пәну

Әбдіразақова Мақпал

Әлімшайқы Сәлімбайұлы

Әміров Ғазиз

Дартаев Айдын

Демесінұлы Серік

сындылар тұғырлы өлкенің сайыпқыран саңлақтары.

Қазақ халқының ұлттық өнері–құсбегілікті биікке көтеріп, саясаткерліктің сәнімен шет елдерді де тамсандырған

Есенбеков Тілеуқабыл

Әбдіразақов Мұрат есімдері көпке мәшһүр.

Спорт әлемін өркендетуге өрнекті із қалдырған еңбегімен ел құрметіне бөлеген аға буын өкілдері өз алдына бір төбе. Заманның дауылдары мен жауындарынан ықпаған, ел намысын жықпаған мәрт мінезді Шет ауданы халқының тұғырлы тұлғалары тарих тақтасына алтын әріптермен жазылып қалары сөзсіз. Кейінгі жас ұрпақтарда спорттан құр алақан емес, олардың арасында да көптеген майталман спортшыларымызда жетерлік. Олар:

Қанжанов Бейімбет

Дартаев Айдын

Смағұлов Жандос

сынды спортшыларымыз ауданымыздың мерейін асқақтатуда.

Әдебиеттер:

1. Шет ауданының тарихы.

2. К.Жүністегі «Шежірелі Шет өлкесі»

Жанасылов Сейсенбай

Қанжанов Бейімбет

Құрал Қаппарұлы

Мұқабаев Өмірбек

Смайлов Төлеутай

Смағұлов Жандос

Есенбеков Тілеуқабыл

Нұрланбек Мөлдір

ҰЛЫТАУ – ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІ, ҰЛЫТАУ – ҚАЗАҚ ТІРЕГІ

Махметова О.Д.

*қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі,
«№15 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,
Сәтбаев қ.*

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің "Ұлы даланың жеті қыры" мақаласында қазақ елінің адамзат тарихындағы орны туралы маңызды мәселелерді көтерген болатын. Ол қазақтардың Түркілерде маңызды орнына назар аударды: «Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты»



Жүз жүзіндегі қай халықтың болмасын қадір тұтып, қасиет санайтын киелі мекені болары анық. Сондай қойнауы қазына, тасына тарих тұнған жер қазақ халқында да бар. Ол Кешегі көшпенді қазақтың көшесіз астанасы атанған, жерінің асты алтын, үсті ырысты өңір – Ұлытау екені баршаңа аян. Содан да болар, Ұлытау десе елең етпейтін қазақ жоқ. Ұлытау есімі естілсе әр қазақтың бойындағы қаны ойнап, жүрегін бір мақтаныш сезім кернейді. Солай болуы заңды да. Неге десеңіз қазақ деген халықтың ұлт болып, ел болып қалыптасуы, мемлекет болып аталуы дәл осы Ұлытау атымен тығыз байланысты. Исі қазақ үшін Ұлытау ерліктің, елдіктің туын тіккен, тасына ғасырлар тарихы тұнған, бірлік пен бәтуаның мерейлі мекені болып табылады. Бұл өмірдің де, тарихтың да таразысына салынып, небір ғұламалар айтып, дәлелдеп кеткен шындық екені даусыз. Солай болған, солай болып келеді де. Әйтпесе, түп - түркі шап - шағын Арқа төсіндегі осы бір тауға аспанмен таласқан ақбасты Алатауы, қойнауы қазыналы Қаратауы, көрікті кербез Көкшетауы, әсем Алтай таулары бар қазекем ұлы деген есімді жайдан - жай Ұлытауға бере салмаса керек. Өзінің бітім болмысымен басқа тауларға ұқсамас өзгешелігімен дараланған әр тасы тарихтан тіл тартып, шежіреден сый шерткен шымыр таудың тұрқы да, тұлғасы өзге тауларға ұқсамайтын ғажайып қасиетімен ұлылықты үнсіз ұғындырып, еріксіз мойындатып тұрғандай.

Ұлытау – Қазақстанның тарихи, географиялық орталығы, Еуразия құрлығындағы мәдениет тарихында ерекше орны бар аймақ. Бұл тарихы терең ұлы мекен Қарағанды облысындағы Торғайдың оңтүстік-шығысы мен Бетпақдаланың солтүстік бөлігінде.

Ұлытау – хан жайлаған мекен. Ұлы-ұлы хандардың, ұлы-ұлы билердің, Кетбұға, Асанқайға сияқты күйші-абыздардың, даңқты баһадүрлердің басын қосқан, мекені болған киелі Ұлытау. Алаш империясының беломыртқасы - Ұлытау! Тізбек-тізбек замана көшінің тірі шежіресі - Ұлытау. Түркі елінің шарайнасы - Ұлытау.

Ұлытау деп ұран қып
Хандар Орда тіккен жер.
Асанқайғы бабамыз
Жайлы қоныс еткен жер.
Алаша хан, Жошы хан,
Ер Едіге, Жошы хан,
Құтлық Темір хандардың
Дүниеден өткен жер.
Кетбұға күйін шерткен жер,
Өмір Темір көреген
Алтыншоқы тауына

Тас қашап, белгі еткен жер, - деп Фархат Оразов Ұлытаудың ұлылығын ұлықтап, оның қадір қасиетін аша жеткізген еді. Осы сөздермен ұлттың санасында құдіретті, ұлы билеушілер Шыңғыс хан, Жошы хан, Ер Едіге, Тоқтамыс хан, Өмір Темір (Асқақ Темір) Қазақ хандығының туын тіккен «ескі жолды» Есім хан, «қасқа жолды» Қасым хан, Керей мен Жәнібек, «тура жолды» Тәуекел хан, «жеті жарғылы» Әз Тәуке, Абылай хан, Хан Кене тұлғасы жаңғырады. [Орал өңірінің ән-күй жинағы. «Қилаш» (Мұхит) Фархат Оразов]

Ұлытау туралы әңгіме - тұтастай Қазақ елі туралы әңгіме. Яғни, оның тарихы, мәдениеті, дәстүрлері, ауыз әдебиеті, би-шешендер, ақын-жыраулар мұрасы. Мемлекет мәртебесі - сол елдің интеллектуалдық әлеуетімен өлшенеді. Ендеше, Ұлытау өңірінің байтақ тарихы мен мәдениеті жаңаша зерделенуге лайықты. Ол - ұлт мәдениетінің беломыртқасы. Академик Қаныш Сәтбаев: «Орыстарға Кремль қандай қадірменді болса, меніңше Қазақ елі үшін Ұлытау да соншалықты қастерлі...» деген сөзі Замана, Халық, Ұлт атынан айтылған аталы сөз.

Ұлытау – қазақ халқының қасиет тұтқан, ұлы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларды еске салатын қасиетті мекен. Бұл жерде барлық қазақ хандарының атасы саналатын Жошы ханның және аты аңызға айналған қазақ жүздерінің негізін қалаушы Алаша ханның мазары бар.

Ұлытау ауданы бойынша 680 тарихи-археологиялық және архитектуралық ескерткіштер орналасқан. Оның ішінде республикалық маңызы бар ескерткіштер де жетерлік. Атап айтқанда: Алаша хан мазары, Жошы хан мазары, Домбауыл, Хан ордасы, Алтыншоқы, Едіге, Басқамыр, Аяққамыр, Болғанана, Теректіәулие және Ерден мазары бар.



Ұлытау жоталары қазақ даласының неше ғасырдан бергі тарихының ашық алаң, кең майданы болып келген. Талай хандар ордасын осы Ұлытауға тіккен. Талай батырлар жасағын осы Ұлытауға орнатқан. ...Сарысуға құятын Қаракөңгір дейтін өзеннің жиегінде атақты Шыңғыс ханның баласы Жошы хан мен Алаша хандардың мазарлары әлі күнге дейін бұзылмай тұр. Жыланшық өзенінің бастау көзі шығатын Ұлытаудың бір биігінде Ер Едігенің моласы бар деп жұрт аңыз етеді. Абылай да ордасын Ұлытауға тіккен, Ұлытаудың түстік бөктеріндегі «Хан төбе» дейтін жерде өткен XIX ғасырдың 30-шы жылдарында атақты Кенесары батырды Орта жүздің баласы басы Арғын Шеген би болып, ақ киізге салып хан көтерген» деп жазады. [Қарсақбай ауданының күйі. «Жаңа мектеп» журналы, 1927, №5-6].

Ұлытау тарихын әрі қарай таратсақ, ұлт ынтымағының белгісіндей «Таңбалы тас» жазуында тарихи тұлғалардың есімдері, ру-тайпа таңбалары, ұрандар, ою-өрнектер қашалған. Көреген көсемдер, батырлар, абыз-билер салтанатты мәслихат ұйымдастырған, халық тағдырын ойластырған. Мұнда Орыс ханның, Құйыршық ханның, Барақ ханның және оның балалары Жәнібек пен Керей ханның есімдері көрініс тапқан.

«Бірінші би – халық, екінші би – тарих» дегендей, халық аңыз-әңгімелеріне ден қойсақ, XV ғасырдың орта шенінде Орда-Базарда Орта Азияның атақты білімпазы Ұлықбектің ардақты қызы Рабия-Сұлтан-бегім мен Әбілқайыр ханның ақ некесі қиылған. [«Ұлытау», «Фолиант» баспасы. Астана, 2006. 78-бет].

Ұлытау аймағынан қазақ сахарасының шартарабына даусы жеткен сал-серілік өнердің майталмандары, жыр дауылпаздары, даналық егінін жайқалтқан, «аталы сөзі атан түйеге татитын» ой мен тіл көсемдері жарқырап-дүркіреп шыққан. Айталық, Қойлыбай бақсы, Досбол шешен, Аймырза ділмар, Шоқай би, Бидаш би, Жаңқа сал, Бәшен сал, Жанкісі, Токсанбай әулеті (Қожабай мен Болман), Мұқан Балтекейұлы, Тайжан, Нияз, Иманжан, Мейрам Жанайдарұлы, Баржақсы Жансүгірұлы және т.с.с.

Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев Ұлытауға қатысты былай деген: «Ұлытаудың ұлы атануы тауының биіктігінен немесе суының молдығынан емес, ұлы қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан «Ұлытау» атанған».

Ұлытаудың ғажайып қасиетті жер екенін, осы жерді тіршілігінде мекен еткен, өлгенде торқадай топырағын жамылып, ел бастаған даналарымыз, алыпты тапқан аналарымыздың, қол бастаған баһадүр батырларымыздың жатуының өзі - ақ дәлелдеп тұрғандай. Соларға салынған мыңдаған тарихи ескерткіштер тұр. Кешегі жаугершілік заманда ұлтымыздың саяси аатанасы болған, жаудан қорғанар баспанасы, ашыққандардың тойынар асханасы болған жер. Тарыдай бытырап, сынаптай сырғанап, бөлек - бөлек көшіп - қонып жүрген ұлтымыздың ұйысқан жері де осы Көктөбе. Сөйтіп, белдеуден атымыз, белбеуден қаруымыз түспеген, алдымыздағы асымызды түзу ішкізбей, қара бұлттай қаптаған, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға ұшыратқан қалмақтарға қарсы алғашқы рет Бұланты өзенінің бойында күйрете соққы берген сарбаздар да осы жерден аттанған. Бұл соққы түпкілікті жеңіміздің басы болғаны да белгілі.

Ұлытау арқылы Ұлы Жібек жолының «Сарысу» немесе «мысжол» аталған негізгі тармақтарының бірі өткен. Оның дәлелі – керуен жолы бойында орналасқан ондаған керуен - сарайлар, бекініс - қоныстар, феодалдық қорғандар, қарауыл мұнаралар. Бұл қоныстар далалық мәдениет, қолөнері, сауда - саттық дамығанын Басқамыр, Жошы - орда, Аяққамыр, Орда - базар қалашықтарына жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесі дәлелдеді. Ғалымдар болжауынша, бұл сайда жолы Ұлы Жібек жолына дейін пайда болып, біздің ғасырдың отызыншы жылдарына дейін сақталды, осы өлкенің мәдениетінің дамуына үлес қосты. Табиғаттың өзі бұл жерге қисапсыз қазына сыйлаған. Фирдауси өз поэма - эпосы «Шахнамада» Ұлытау өңірін әдемі суреттеген. Ұлытаудың ғажайып көріністерін VI ғасырда араб саяхатшысы Әл - Идриси өз қолжазбаларында суреттеген. Ұлытау жөнінде қазақ халқының ертегісі «Ер Төстікте» де айтылады. Әйгілі Асанқайғы Сарыарқаның көптеген түкпірін аралап, елге құт жерұйық іздегенде, көзіне Ұлытау түскен. Ұлытау даласын Қазақстанның қазынасы атаған. Өйткені, Менделеев кестесі элементтерінің көбі Ұлытау аймағының қойнауынан табылған. Ғасырдың заманалық мәні бар оқиғасы – адамның ғарышқа ұшуы да Ұлытаумен – ғарыш аймағы Байқоңырмен байланысты.

Асылдың асылындай, ар-ожданнан ардақты дауысындай Ұлытауды ұлықтап сөйлетіп, үйрету біздің өңіріміздің барлық өскелең ұрпағына таныту біздің міндетіміз. Күнделікті оқыту процесінде



оқушыларға Ұлытаудың тарихын таныстыру, оның маңызын сезіндіру, өңірге деген сүйіспеншілік пен махаббат сезімін ояту жүзеге асырылса, ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтарға қол жеткізер едік.

«Ұлытау аймағы аспан астындағы алып мұражай» деген ойды ашып жеткізу мақсатымен өзімнің жұмыс тәжірибемде балалармен жұмыс барысында түрлі бағыттағы ісшаралар жасап келемін. Мәселен, оқушыларға өңірдің тарихын басшылыққа ала отырып, жоба дайындады; туған жеріміздің көрікті, көрнекі жерлерін халыққа насихаттау жұмыстарын жоспарлады; Ұлытау өңірі бойынша туризмді жаңғырту мәселелерінің шешу жолдарын қарастырды; «Туған өлке келбеті» тақырыбында Ұлытау өңірінің бүгінгі келбеті жайлы және күтіп тұрған өзгерістерді болжады; Ұлытау өңірінің киелі жерлерінің маршруты жасады; Өңірдің белгілі тұлғалары жайында зерттеу жұмысын жасап, таныстырылым дайындады; туристерді өңірге қызықтыру үшін «Жас экскурсияшылар» тобының бағдарламасын дайындады; «Қазақстан және әлем» тақырыбында өзіміздің өңірімізге туристерді тарта отырып, әлемге таныта алатын ұлттық кодымыз туралы ой толғау жазды.

«Қазақ халқының бесігі», «көшпелі халық мәдениетінің, дала өркениетінің алтын кіндігі» аталған бұл өлкенің бүккен шежіресі көп. Сондықтан ел болашағы жастарға осы өлкені насихатту мен таныстырудың мағызы зор. Себебі, елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өз сөзінде: «Кешегі келеңсіз күндерде бабадан қалған сөзден жаңылып, бағзыдан қалған ізден адасып қала жаздаппыз. Талай-талай алқалы кеңес өткен атақты Күлтөбе баяғыда жыртылып кетіпті. Сайрам түбіндегі Мәртөбе күні кеше құртылып кетіпті. Қасиетті орындардан қалғаны – Ұлытау мен Ордабасы. Бауырында бабалардан түскен із әлі сайрап жатыр. Басында бабалар дауысы әлі саңқылдап тұр. Енді сөзден жаңылып, ізден адасар ретіміз жоқ» деген болатын. Адаспай, бар құнлығымызды бағалайтын сәт туды.

Ұлытау – қазақ үшін Отан ұғымының шығар шыңы. Қазақ жерінің кіндігі болғандықтан, бүгінде аңызға айналған талай оқиғаның дені осы жерден өткен. Сонау 1992 жылы әлем қазақтарының бірінші Құрылтайына барша қазақ де осы Ұлытауға тағзым етіп еді. Бұл да жер бетіне тарыдай шашылған барша қазақтың түп қазығының осында екендігінің белгісі.

Әдебиеттер:

1. «Ұлытау», «Фолиант» баспасы. Астана, 2006. 78-бет
2. «Ұлытау жыршысы», Тарихи-танымдық жазбалар, мақалалар, естеліктер мен арнау-лебіздер, 2016
3. «Ұлытау» энциклопедиясы, Қарағанды, 2017
4. Орал өңірінің ән-күй жинағы. «Қиладар» (Мұхит) Фархат Оразов
5. Қарсақбай ауданының күйі. «Жаңа мектеп» журналы, 1927, №5-6

ӨЛКЕТАНУ - ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ

Муканова Г.Б.

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
А.Асылбеков атындағы ЖОББ мектебі,
Нұра ауданы, Егінді ауылы*

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында еліміз бен жерімізді, тарихи мол мұраларымызды сақтап қана қоймай, келешек ұрпақ кәдесіне жарату, сонымен бірге бүкіл әлемге таныту мақсатында «Туған жер» бағдарламасын қолға алу қажеттігін ұсынды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деген болатын. [3]

Осы орайда мақаламды Майоровка ауылының шығу төркініне арнадым.

Германиядан қоныс аударып, Еділ жерінде тұрып жатқан неміс халқы ауыл шаруашылығы алқаптарының жеткіліксіз болуына байланысты, жерді шаруаларға ұл балаларының есебінен ғана берген. 1906-1910 жылғы Столыпин аграрлық реформасына сәйкес Орта Азияда да, тек ұлдары ғана



емес, сонымен қатар қыздарға да жер үлестерін алуға болды. Бұл 1908 жылы Саратовтан, Куйбышевтен шыққан көптеген неміс отбасы Еділден жолға жылжуына себеп болды. 1909 жылы Талдысай мекеніне Саратов пен Самара губернияларынан қоныс аударып келген шаруалар іргесін қалаған.

Қыста темір жол арқылы Петропавл қаласына дейін жетіп, шананы сатып алып, аттарды әрі қарай жолға шығарды. 500 шақырымды еңсере отырып, Акмола қаласына дейін жетті. Бұлар келгенге дейін Рождественка және Романовка ауылдарында неміс қоныстары бар болған. Қоныстанушылар 1909 жылдың көктемінде қазіргі Майоровка ауылының орнына жетті. Бірінші қоныс аударушылар Карл Яковлевич Майор, Фридрих Шмунк, Адам Лоц, Иван Бельш, Кукгаузен, Гертер және т.б. отбасылары болды. Патша үкіметі сол кезде келген барлық қоныстанушыларға жер учаскелерін берді, барлығына 7646 ондаған жер бөлінді. Алғашқы күндері адамдар шалаштарда, шатырларда, қазылған жертөледе, арбалардың астында, ал кім ашық аспан астында тұрды.

Қажетті құрал-саймандар алынып, жерді бұқа мен жылқылармен өңдей бастады. Біршама жағдайлары жақсара бастаған соң үй салынып, көшелер бой түзеді, бірақ екі көше салынған кезде ғана ауылға атау беру керек болғанын ескеріп жиналысқа жинады, төрағасы К.Я. Майор сайланып, оның құрметіне ауыл "Майоровка" деп аталды. "Акмоленские уездные ведомости" газетінде 1909 жылы 27 қарашада "үлкен Талдысай" учаскесінде "Майоровское" ауылы құрылғаны туралы хабарланған, осылайша қоныстың дербестігі ресми түрде танылды. 1911 жылы ауыл тұрғындарының жалпы саны 765 адамға жетті.

1918 жылдың ақпан айының соңында ауылда кеңес өкіметі құрылып, 1918 жылдың 3 маусымынан 1919 жылдың қарашасына дейін ауыл Колчак билігінде болған. Оған төраға болып Иван Александрович Бельш, ал Кнауф хатшысы болып сайланды. 1920 жылы Майоровка ауылында ауылдық кеңес құрылып, 1922 жылдың 1 қаңтарына ауылда 1100 адам болды, оның ішінде Карл Гертердің май өңдейтін зауытында төрт қызметкер жұмыс жасаған. Үйлердің саны 158 болды, орта есеппен аулаға 7 адамнан келді, екі мұғалімнен құралған мектеп болды, олар 75 баланы оқытты. Мектеп төрт жылдық болып, оқыту неміс тілінде жүргізілді. Одан әрі оқуды Рождественка ауылында жалғастырды, онда 7 жылдық неміс мектебі болды.

1928 жылға дейін шаруалар жеке шаруашылықтармен тұрды, бірақ содан кейін ТОЗ-ларға бірікті (жерді бірлесіп өңдеу бойынша жолдастық қоғам).

1929 жылы Вегнер Александр Александровичтің басшылығымен екі артель құрылып, екі артельдің біреуін Вегнер Александр Александрович, екіншісін Майор Карл Яковлевичтің ұлы басқарды, осылардың негізінде 1930 жылы "Надежда" колхозы құрылды. 1933 жылы колхоз төрағасы болып Яков Генрихович Гердт, ауылдық кеңестің төрағасы болып Иван Иванович Бельш, хатшысы Фридрих Андреевич Буксбаум сайланды.

1934 жылы Нұра ауданының орталығы Киевка кентіне Майоровка ауылы ауыстырылды. 1935 жылдың көктемінде азаматтар жиынында С. М. Кировтың естелігіне колхоз атауы жарияланып, сол жылы астықты мөлшерден көп тапсырғаны үшін ең алғаш рет "бір жарым" жүк автомобилін, 1936 жылы мал тапсырғаны үшін екінші көлік пайда болды. Бірінші болып шофер тізгінінде Андрей Егорович Вебер болды.

30-шы жылдары бүкіл елді жаулап алған қатыгез қуғын-сүргін Майоровка ауылын да айналып кеткен жоқ. "Халық жауы" қатарына ер адамдар, тәжірибелі жұмысшылар, басшылар мен мұғалімдер кінәсіз кетті, тек 80-ші жылдардың соңында ғана кінәсіз адамдар ақталды.

1938 жылға дейін мектепте 7 жылдық оқытумен, оқу тек неміс тілінде жүргізіліп, 1938 жылы орыс тілі енгізілді, неміс шет тілі ретінде ғана қалды, 4 және 5 сыныптан бастап бір сабақтан аптасына бір рет.

Ауылда соғыстың басталуы туралы адамдар радио, газеттен білді. Ауыл халқының байырғы халқы немістерді майданға алған жоқ, олар үшін басқа әскер - еңбек лагері құрылды. Еңбек лагеріне 75 ауыл тұрғының 16-дан 50 жасқа дейінгі әйел немесе ер адам болсын алып кеткен. Олардың көпшілігі аурудан, суықтан, ауыр жұмыстардан қаза тауып, көптеген адамдар үйге қайтып келмеді. Соғыс жылдары ауылда Тула, Одессадан жер аударылған немістер өз қоныстарын тапты. Соғыс аяқталғаннан кейін еврейлердің бірнеше отбасы, армян ұлттарының бес отбасы, 1955-1956 комендатурасын алып тастағаннан кейін, шешен ұлттарының жиырмадан астам отбасы, 1942 жылдың мамыр айында ауылда қытайлықтардың бірнеше отбасы қоныстанды. Соғыс жылдарының тұсында



ауылдық колхоз кеңесінің төрағалары: Палеха Семен Васильевич және Пурик Тихон Федорович, Исаков және Булкилов, ал 50-ші жылдары колхоздың төрағасы Поликарп Савельевич Старчев, ауылдық кеңестің төрағасы Ержуманов Ақылбек болды. Тың игеру жылдары ауыл мен колхоздың жергілікті ауыл тұрғындары шеткері қалмай, көптеген алғаш келген тың игерушілерді баспанамен, азық-түлікпен шамалары келгенше қамтамасыз етті.

1961-1996 жылдары астық пен сүт өнімдерін өндіретін “Урожайный” кеңшарының орталығы болып келді. 1961 жылдың 30 наурызында колхоз Киров совхозы қайта құрылып, “Урожайный” деген атауын алды, 1980 жылдың сәуір айына дейін оның директоры болып Павел Устинович Беркун болды. Кеңшарға бөлімше ретінде Жамбыл, Кеңес, Өріксай, Қуаныш және Ақтөбе ауылдары қосылды. 1966-1971 ж.ж. осы ауылдардан адамдарды біртіндеп көшіріп, кейбіреулері “Урожайный” совхозына келіп, қалғандары қазақ ауылдарына кетті. 1967 жылы совхозда бір ғана телефон, 450 пәтердің 120-ы ғана радиоточкалары болған. 1969 жылдан бастап кеңшар табысты болып, 1971 жылы егін шаруашылығының жоғары мәдениеті атағы берілді, ауыл көркейтіліп, асфальтталып, терек, үйеңкі және кеңшардың көшелеріне алма ағаштары отырғызылды. Жалпы жер аумағы 37 мың гектарға жетіп, оның 18 мың гектарына дәнді дақылдар егілді. Совхозда 150 трактор, 80 комбайн, автокөліктер саны 100-ден асты, шаруашылықта 5 егіншілік бригадасы құрылды.

1980 жылдың сәуірінен 1997 жылға дейін совхоздың директоры Александр Павлович Применко болған, осы жылдары мал шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөлініп, ірі қара мал басының саны 3000 басқа жетіп, оның ішінде 1200 сауылатын сиыр, 3000-нан астам шошқа. Осы уақытта совхозда орта мектеп, оқушылар саны төрт жүз елуден астам оқушы, музыка мектебінің филиалы, бес дүкен, дәрігерлік амбулатория, аурухана, монша, балабақша, клуб, ауылдық кітапхана, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты болды. Ауылда 160 жеке автокөлік, 240 мотоцикл болды.

1981 жылы “Урожайный” ауылында жеті көше, бес жүзден астам аула болды, ауыл халқының санағына сәйкес 1900 адам, оның ішінде 1370 неміс ұлты, 250 орыс, 115 қазақ, халықтың қалған бөлігін украиндар, армяндар құрады. Литва, корей, қытай ұлтынан отбасы болды. Бала туу жылына 45 баланы құрады.

90-шы жылдардың басында ауыл халқының көп бөлігі тұрақты тұруға Германияға, Ресейге көшті. Қазір Германияда шамамен 1600 Майоровка тұрғындары тұрады. 90-шы жылдардың ортасында біздің кеңшар ауыр кезеңдерді бастан кешірді, ол алдымен “АҚ” болып, содан кейін “ЖШС” болып қайта құрылып, шаруа қожалықтары пайда болды.

2000 жылдың мәліметтері бойынша ауылда 1512 адам, 402 аула тұрды, оның 25-і бос қалды және 62 пәтер қирады. [4: 15]

2005 жылдан бастап Майоровка ауылындағы ауылдық өндіріс нысандарының көп бөлігі “Нұр-Астық-2005” ЖШС-не енгізілді, ол ауылдағы ең ірі кәсіпорын болып табылды. Ауыл аумағында 50 шаруа-фермер қожалығы, 6 фермерлік шаруашылық жұмыс істейді. Ауылдық клуб, кітапхана, дәрігерлік амбулатория, алты жеке дүкен, шаштараз, наубайхана жұмыс істейді. 1999 жылы ауыл тұрғындары Майоровка ауылының құрылғанына 100 жыл толуын атап өтті.

2014 жылы ауыл халқының саны 1270 адам, 306 аула құрады. Неміс халқының Германияға кетуіне байланысты, ауыл аумағында қазақ ұлтының өсуі ұлғайды. Ауылға Изенді, Кертінді совхоздарынан және басқа елді мекендерден Өзбекстан, Қытайдан отбасылар қоныс аударды. [2: 190-193]

Қазақ елінің Тәуелсіздік алып, өз тізгіні өзіне ие болғанына 27 жылдан асты. Осыған орай, ауыл мен көше атаулары өзгертіліп, ауқымды жұмыстар атқарылды. Топырағы құнарлы, суы мол, жазық далалы болып келетін аймақ ертеде түлік түрлерін мыңғыртуға қолайлы болса, бертінде егін шаруашылығын қалыптастырып дамыту бағытына ауылдың бұрынғы атауы «Урожайный» ауыл тұрғындарының ұсынысымен 2017 жылы «Егінді» болып қазақшаланып өзгертілді. Сондай-ақ ауданға қарасты ауылдардың көшелеріне ұлттық нақыштағы ат беріліп, ауылымызда 5 көшенің аты жаңарып, тұрғындар жасап қалды. Нақтырақ айтсақ, Майоровка –Тәуелсіздік, Октябрьский –Абай, К.Маркс – Ш.Уалиханов, Киров– Қ.Айнабеков, Ф.Энгельс - Сейфуллин, Советская-А.Асылбеков көшесі болып аталып келеді.

Астананың түбіндегі Егінді ауылынан басталып, Жаңаарқа, Ұлытау, Қорғалжынмен шектесіп жатқан аймақтың атақ-даңқы алысқа аян екенін айтуға болады. Бұл ретте «Ел ұлсыз болмас, жер гүлсіз болмас» дегендей, Абдолла Асылбеков, сынды қазақ халқының ардақты азаматы қатарындағы



есімдері мақтаныш тұтылады. 1972 жылдан бері болған Киров орта мектебі 2015 жылы Абдолла Асылбеков есімі беріліп, жалпы орта білім беретін мектебіне ауыстырылды. Мектепке Абдолла Асылбековтей қазақтың қайсар ұлының есімі берілуінің тәрбиелік мәні зор дейді аға буын өкілдері. Оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеп, Абдолла аталарындай ұлтжанды азамат етіп өсіруге ықпалы мол әрі жауапкершілігі де зор дейді мектеп мұғалімдері. Абдолла Асылбеков 1896 жылы Нұра ауданы Құндызды өзенінің бойындағы Кеңжық алқабындағы Қара су деген жерде дүниеге келген. 1914-1916 жылы Нұра ауданында мұғалім болып қызмет атқарды. [1:121]

Тағы да бір қуанышты хабар ресми түрде 2019 жылы тұңғыш мұражай А. Асылбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде ашылды. Музейдің салтанатты ашылу рәсіміне аудандық білім беру бөлімінен, сондай-ақ ата-аналар, ұлағатты ұстаздар мен қадірлі қонақтар қатысты. Бұл мұражай өлкетану мұражайы деп аталды. Жаңадан ашылған мұражайда ауылымыздың тарихы, ардақты азаматтарының портреттері, қайраткерлік кезеңдерін көрсететін құжаттық деректері бар арнайы стендтер, кітаптар, отбасылық фотосуреттер, құжаттар қойылған. Музей - патриоттық тәрбиенің бастауы барлық мектептерде болуы қажет дейді.

Нұра ауданының тумасы, халық ақыны Жолдыкей Нұрмағамбетұлының:

Құтты өзен айналайын – Нұра атыңнан,

Күркірей көк толқыны – көкке атылған.

Ақ төсін аймалаған анасындай,

Мың-мың мал су ішуге шұбатылған- деп жырлаған.

Әдебиеттер:

1. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998

2. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.

3. ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 2017ж

4. Нұра ауданының энциклопедиясы 2008ж

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ!

Сейдахова Н.К.

тарих пәні мұғалімі,

№ 132 жалпы орта білім беретін мектебі

Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты жаңадан жарық көрген еңбегі – ұлт тарихындағы жаңа бір ұлы белес, ерекше жаңалық. Бұл еңбекті оқып шыққанда қазақ халқының сан ғасырлық аңсаған арманы, неше түрлі қанды қырғындарды, аяусыз шайқастарды бастан кешіре жүріп, жетсем деген мақсат-үміті тізіліп көз алдымызға келгендей болады. Бүкіл қызметін қазақ халқының тәуелсіз ел, өркендеген ұлт болуына арнап, сол жолда құрбан болған Алаш қайраткерлерінің қайсар үні саңқылдап құлағымызға жеткен секілденеді. Қазақ елі қазір өркениетті елдерімен иық теңестіруге, дамудың жаңа сатысына көтерілуге талпынуда. Жаһандық өзгерістерге сай болу үшін алдымен ұлттық ерекшелігімізді сақтай білуіміз керек. Қазақ Елі дамудың барлық кезеңін бастан өткерді. Жаһандану дәуірінде тек өзімізге ғана тән ұлттық кодымыздың болуы керек. Яғни, дамудың жаңа кезеңінде алдымен ұлттық болмысымыз бен құндылығымыз, тарихымыз мен мәдениетіміз сақталуы қажет. Ұлттық рухани жаңғырудың келесі бір сатысы – туған жерге деген сүйіспеншілік. Елбасы: «Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», – дейді. [1]

Әрбір адамзат баласы өзінің туған жерін құрметтемей тұрмайды. Тіпті алыс сапарға шыққанда, адамның туған жерге сағынышы ерекше болады. Осындайда Алаш қайраткері Жүсіпбек



Аймауытовтың: «Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім біледі? Ыстық қой, шіркін туған жер!» деген сөзі ойға оралады. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тұнған тарих екенін Елбасы айқындап беріп отыр. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс деп ойлаймын. «Туған жер» бағдарламасы өз кезегінде еліміздің әрбір аймағында өткеннен сыр шертетін көне ғимараттар мен тарихи ескерткіштерді, мәдени нысандарды қалпына келтіруді, өңірлерде өлкетану, экологиялық тазарту жұмыстарын жүргізуді, ауыл-аймақты абаттандыруды басты мақсат етіп отыр.

Ал бағдарламаның мәні неде? «Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді». «Туған жер» деген кезде әрбір азаматтың, әрбір адамның жүрегінде тулаған шабыт пен сезім ұялайтыны анық. Себебі адам – өзінің туған жерінің төлі. Сол даланың, сол жердің, сол мекеннің меншігі. Туған жерге деген сезім мен махаббаттың өлшемі шектеулі болмайды. Ол шексіз. Бұл туған жерге, туған елге, Отанға деген – патриоттық сезім деп түсінемін. Патриотизм сезімін әрбір қазақ бойында қалыптастыру, дамыту мақсатында елбасымыз: «Туған жер – Тұнған – тарих!» атты бағдарламасын ұсынды. Жаңғыру баянды болашаққа жетелейді. Екі тарау мен алты тармаққа, алты тапсырмаға құрылған Елбасы бағдарламасы – рухани кеңістігіміздің жаңа жаңғыруының жарқын нышаны! Рухани жаңғыру – туған жер тұтастығы мен ел болашағының негізі. Өз тарихына терең бойлай алған ұрпақ қана Отанына адал, жауапкершілігі жоғары азамат болып өседі. Елбасының бастамасы менің жүрегімнің түкпіріндегі осы өлкеге деген махаббатымды, азаматтық жауапкершілігімді оятты. Шежіреге бай, сан ғасырдан сыр шертер қасиетті, киелі өңірдің бірі, әйгілі Сарыарқаның жуан ортасынан орын алған Жаңаарқа жері. Шұрайлы да шырайлы Жаңаарқа өлкесі сан даралар мен даналардың киелі ордасы, алтын бесігі, ата мекені. Бұл қасиетті топырақ сан ғасырды бойлап тарихтың талай құпиясын сақтаған, бүгінгі күндері даласы ән мен жырға айналған, берекелі еңбек өрбіткен өңір. Еліміз бен ұлтымыздың тарихына аты алтын әріппен жазылған талай-талай тарлан тұлғаларды, түлетіп ұшырған текті топырақ, қасиетті мекен Жаңаарқа өлкесінің тұмса тарихы сонау есте жоқ ескі замандардан тамыр тартып, ерте ғасырлардан бастау алады. Археологиялық ескерткіштерге келетін болсақ, атақты академик Ә. Марғұлан Жаңаарқа жеріндегі Атасу қонысын Орталық Қазақстандағы ең ірі ең ерте қоныстардың бірі деп есептеп, оның ерекшеліктерін ескере отырып, Атасу мәдениеті деген атау енгізді. Ауданымыздың аумағында орын тапқан тарихи ескерткіштері өңіріміздің көне заманғы тарихынан сыр тартады. [2] Ақтаудағы Атасу өзенінің аумағында дамыған және соңғы қола дәуірінің ескерткіштері көптеп саналады. Олар: Атасу I, Ақ Мұстафа, Мыржық қоныстары, Саңғыру I-II, Дарат, Өгізтау кен орындары т.б.

Елбасымыз тарихтың маңызы туралы «Өркениетті алға бастырар ғылым десек, соның бірден-бір саласы жас ұрпақты дәл тарихтай отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, әділдікке тәрбиелей алмайды»-дейді.

Отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу үшін Отан тарихын сапалы әрі тиімді оқыту қажет. Бүгінгі орта білім беру жүйесіндегі Отан тарихын оқытуды «өлкетану» пән арқылы бекітетін болсақ, оқушының тарихи санасының қалыптасуы мен патриоттық сана-сезімі анағұрлым арта түсер еді. Себебі, «өзгені тану үшін, алдымен өзіңді тани біл!» деген жалпыадамзаттық қағиданы басшылыққа ала отырып, Қазақстанның мектептерінде «Өлкетану» пәнін енгізіп оқыту – Отан тарихын өлке тарихы арқылы тануға негіз қалар еді. Мектепте өлкетану жұмыстарын жүргізу, жинаған материалдарды тарих сабақтарында пайдалану өте маңызды.

Қазақстанның барлық өңірлерінің өлке тарихы жазылған дайын оқу әдебиеттерінің жоқ екенін ескере отырып, «Өлкетану» сабағы оқушылардың өзіндік ғылыми негізді ізденістері мен шығармашылығына негізделуі қажет.

Білім беру жүйесіндегі бүгінгі күндегі өзгерістер Отандық тарихтан білім беруде оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеруді талап етеді. Туған жері мен елінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін оқытып үйрету оқушыларды азаматтық пен ұлтжандылыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, жеке тұлғаның дамуына септігін тигізеді. Осы мақсатта «Өлкетану»



курсы бойынша орта буын оқушыларына арналған үйірме бағдарламасы аудан тарихына арналып жасалды.

Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасының аясында № 132 ЖОББ мектебінде «Туған жерге тағзым» атты үйірме жұмыс жасайды. Үйірмені жүргізудегі мақсатым – оқушыларға туған жері мен елінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін оқытып үйрету. Туған өлкенің тарихын біліп зерделеу арқылы оқушылардың бойларына ұлтжандылық қасиеттерін сіңіру. Үйірме жоспары құрылып, біршама іс-шаралар атқарылуда. Жоспар бойынша ауданымыздағы ескерткіштерге аялдама жасап, жарыстар ұйымдастырдық. Мәдениет үйіне, кітапханаға, өнер мектебіне барып танымал ақын - әншілердің өнер жолымен танысып олардың жолын қуып келе жатқан жас өнерпаздардың өнеріне тәнті болдық. Жыл сайын сәуір айынан бастап туристік маршруттар жоспарлаймыз. Ең бірінші Ақтау өңіріне саяхатқа шықтық. Осы саяхаттан керемет әсер алдық. Ақтау орта мектебіндегі тарихи мұражайдың өзі сан ғасырлардың куәсін көз алдымызға әкелді. Ақтау орта мектебінің директоры, сонымен қатар тарих пәнінің мұғалімі Арунов Мақсат мырза сол өңірдегі тарихи-мәдени ескерткіш орындарымен таныстырып, болашақта тағы да осы өңірге саяхатқа шығамыз деп жоспарлады. Қола дәуірі кезеңіндегі ескерткіштерді, Атасу мәдениетіне жататын ең үлкен обаны, «Мұртты обаны» оқушылар өз көзімен көргенде бойларында туған жерге деген құрмет, оның тарихын біліп-тануға деген құлшыныс арта түсті. 2016 жылы археолог Арман Бейсенов бастаған экспедициялық топ Саңғыру-1 қорымын қалпына келтіріп, жөндеуден өткізген екен. Саңғыру – I қола дәуірінде тас қоршаулардан тұрғызылған обалар. Дарат тоғанының солтүстік-шығысына қарай 3 километр; 5,5 километр және солтүстік-батысында 4 километр жерде. Саңғырудан 250 оба табылып, оның 15-і зерттелді.3] Мұнда қырынан қойылған жалпақ тастардан қоршау жасалынып, оның ішінен төрт бұрышты жер қазылып, қабырғалары таспен қаланған. Өлген адамды сонда жерлеген. Жанына қыштан оюлап жасаған құмыралар, әшекей бұйымдар қойылған. Олардың өрнегі бір-біріне және қазіргі қазақ халқының кілем, тұскиіздеріне салатын геометриялық өрнектерге ұқсас. Сондай-ақ Саңғырудан табылған заттар Қазақстанның шығыс, батыс, солтүстік облыстарының қола дәуіріндегі заттарына да ұқсас екені анықталды. Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, Саңғыру жерін қола дәуірінің тайпалары біздің заманымыздан бұрын 11-10 ғасырларда мекендеген екен.4] Осы алған деректердің өзі ұлтымыздың өткен тарихының мәңгілік жаршысы екенінің дәлелі. Үйірме жоспарындағы «Жаңаарқа жеріндегі дара тұлғалар» бөлімі бойынша келесі саяхатымыз жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым, филология ғылымының докторы Ақселеу Сейдімбек және аты аңызға айналған көріпкел Балабақсы мазарына бағытталды. Ата дәстүріміз бойынша туған елдің қадірлі азаматтарына Құран бағышталып, дұға жасалып, тағзым еттік. Киелі жердің, қасиетті аталарымызға құран бағыштағанымызда табиғаттың өзі қоштағандай күн мейірленіп, самал жел маңдайымыздан өбіп, жусан иісі туған жердің құдіретін сездіргендей болды. Одан әрі Иманақ тауына бет алдық.

Мен келем тау ішінде түнделетіп,

Аймақты күңгірентіп елеңдетіп.

Астымда ақ боз атым сылаң қағып,

Жалтақтап құлақтарын елеңдетіп- деп Сәкен Сейфуллин ән салған тау сілемдері қай жерде десеніздер, ол бізде Жаңаарқада. Осы Иманақ тауы етегінде оқушылар асыр салып ойнап, таза ауасымен дем алып, тау басына шықтық. Сәкен атамyz жасырынған үңгірді де көрдік. Сонымен қатар туған жерінің тарихына қызығушылық танытып жүрген жоғары сынып оқушылары да зерттеулер жүргізіп, жобаларға қатысады. Қызығушылық танытып жүрген оқушылардың бірі Смакова Мадина Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетіндегі «Тұлғатану ғылыми-зерттеу орталығы» ұйымдастырған «Тарихи тұлға және рухани жаңғыру» атты Республикалық жас зерттеушілердің V Құрылтайына қатысып «Жаныңда жүр жақсы адам» тақырыбында жоба қорғап шықты. Осы жобаны зерттеуде сонау Ұлы Отан соғысы кезінде із-түссіз, хабарсыз кетекен майдангерді таптық деуге болады. Үйірме мүшелері Қарағанды облысының Білім Басқармасы ұйымдастырған «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы форумына қатысып, оқушылар «Туған өлке соқпақтары», бейнерепортаж «Аймақтың тарихи орындарына экскурсия», «Туризмдегі PR» бөлімдері бойынша жоба қорғап туған жердің тарихи орындарымен таныстырды. Команда «Туристік жеңіс шыңы» номинациясымен марапатталып, қатысқаны үшін «INTELLECTUM» кабинетін ашып, жабдықтауға Қарағанды облысы әкімдігінің 1 миллион теңгелік



сертификаты табысталды. Бұл жерде оқушылардың туған жеріне жасаған саяхатының аз ғана көрінісі айтылды. Алда туған жер тарихын біліп-тануда, зерттеуде талай жоспарлар бар.... Болашақта осы игі іс жалғасын таба бермек.

Әдебиеттер:

1. Орталық Қазақстан газеті
2. Жаңаарқа энциклопедиясы, Алматы, 2009
3. Қазақ энциклопедиясы, 7том
4. А.Жұмаділдин. Жаңаарқа, Алматы, 2003.
5. Қозыбаев М.Қ. Қазақстан тарихы, Атамұра, 2010.

ИСТОРИЯ МОЕГО СЕЛА В ИСТОРИИ МОЕЙ СТРАНЫ

Тумгоева Ф.С.

учитель географии,

заместитель директора школы по научно-исследовательской работе,

КГУ «Жаксынская средняя школа №2»,

С.Жаксы, Жаксынский район,

Акмолинская область.

Патриотизм начинается с любви к своей земле, к своему аулу, с любви к малой родине.

Поэтому я предлагаю программу "Туған жер", которая легко перейдет в более широкую установку – "Туған ел". "Туған жерін сүйе алмаған сүйе алар ма туған елін?" или "С чего начинается Родина?" Почему малая родина? Человек – существо не только рациональное, но и эмоциональное. Малая родина – это место, где ты родился и вырос, а порой и прожил всю жизнь.

(из программы "Рухани жаңғыру" Н.А. Назарбаева 15 сентября 2017 года)

Понятие «родной край» основывается на таких важнейших категориях, как **пространство – время – человек** и его деятельность. Это реально микро-, мезо- и макроокружение, в котором протекает наша жизнь.

Родной край является основным понятием раскрывающим краеведческий подход, а краеведение – это всегда краелюбие.

Важность изучения родного края определяется и тем, что территория, где проживает человек, побуждает ее познавать, оценивать окружающий мир, совершать конкретные практические дела, осваивать и принимать традиции. Изучение природных, социально – экономических, культурных особенностей родного края, связи с предшествующими поколениями воздействуют на все сферы создания: интеллектуальную, эмоционально-ценностную, волевую.

Тысячами невидимых нитей мы связаны со всем, что окружает нас в родном краю.

Здесь мы черпаем вдохновение и обретаем силу для своего творческого труда и самосовершенствования. Всем известно, сто изучение Родины начинается с познания родного края. Только познав свой край, по -настоящему будешь ценить все то, что тебя окружает. Замечательный писатель, поэт, сын родной земли Г. Мусрепов: «На земле нет края лучше того, где ты родился». Поэтому изучение своей малой родины является важнейшим фактором формирования системы общечеловеческих ценностей: бережного отношения к природе, истории и культуре народа, уважения к памяти предков, национальным традициям. Краеведение зародилось в глубокой древности. Об этом еще в 1924 году писал академик С. Ольденбург: «Люди интересовались местностью, где они жили, её природой, населением, историей одним словом, самыми разными сторонами жизни».



В Казахстане краеведение прочно вошло в систему работы школ. Концепция образования в школах Республики Казахстан ставит одну из основных задач: «Изучать родной край как часть всемирной географии, заложить, таким образом, объективную основу патриотизма и любви к родной местности и неразрывной связи интернационализмом, и широким взглядом на мир, чувство гордости к успехам родного края и сострадания к его проблемам». Эти положения Концепции перекликаются с материалами «Государственной программы патриотического воспитания граждан Республики Казахстан».

Исследовательская часть

История сельского населенного пункта. История создания.

Поселок Жаксы в недалеком прошлом.

До 1954 года поселка и станции Жаксы не было, а был разъезд Жаксы. Населения проживало мало, предприятий, организаций, учреждений никаких не было. Кроме железной дороги и небольшого учереждения заготзерно, которое располагало двумя деревянными складами и конторой. Заготзерно в то время находилось далеко на окраине.

Все службы железнодорожников располагались в трех зданиях (сохранившихся и в настоящее время). Это два деревянных дома: один на левой стороне, другой на правой стороне сразу от вокзала. В левом располагалась школа – средний подъезд, левый подъезд – медпункт и жилые комнаты, правый подъезд полностью жилой. В правом доме в левом подъезде располагался дежурный, в среднем подъезде жили рабочие, в правом контора, связь и жилые комнаты. Третий дом – путейцев, там же находилась кантора и жили рабочие пути, его называли «Белый дом».

Магазин был один железнодорожный, часто приходил «вагон-лавка».

Здания магазина уже нет, оно находилось раньше в районе нынешнего магазина. Чуть дальше к переезду, а рядом была пекарня.

До 1951 года в Жаксах имелась лишь начальная школа, директором ее был Е.А.Ахметов. С 1951 года школа была преобразована в семилетнюю, были русские и казахские классы. Именовалась она НС школа №60 станции Жаксы, т.е. была железнодорожной. Обучалось в ней тогда около 200 учащихся. Затем ее перевели в переоборудованную пекарню.

С 1957 года школа перешла в РайОНО и преобразована в среднюю. С этого же года поселок стал райцентром. Все постройки и жилые располагались около станции и магазина. Поэтому между станционными постройками и заготзерно была степь. После 1951 года здесь была бойня, которая находилась в районе расположения 24-квартирного дома, это было около 2 км. От станции, где в то время свободно бродили дикие животные, в том числе и волки.

Других государственных построек не было. Частные дома строились из земли (из пластов). А также сооружались землянки, которых в настоящее время уже почти нет. Был клуб, выстроенный рабочими в свободное от работы время.

Доска почета-известные граждане родного края

Айтпаева Сауле Муханбедиановна - первая и единственная женщина-генерал Республики Казахстан, выпускница Жаксынской средней школы 1977 года.

Наша школа стала кузницей руководящих кадров многих учреждений нашего района, директора агрофирмы ТНК Уалиева Б.Т. директора школ, ведущих специалистов и др, а также первой и единственной женщины-генерала Айтпаевой Сауле Муханбедиановны

Дата рождения: 22.05.1960

Место рождения: КазССР; Тургайская область; с. Жаксы

Семейное положение, родственные связи:

- Замужем
- Дети: двое

Владение языками:

- Казахский, русский





Образование, специальность (квалификация), лицензии:

- Свердловский юридический институт им. Р.Руденко (1979-1983)

Юрист по специальности «правоведение»

Трудовой стаж:

- Заведующая канцелярией Жаксынской районной прокуратуры Тургайской области (1977);
 - Машинистка Жаксынской райкома комсомола Тургайской области (1978);
 - Стажер прокуратуры Ленинского района Целиноградской областной прокуратуры (1983)
 - Следователь прокуратуры Ленинского района г.Целинограда (1984);
 - Прокурор отдела по надзору за следствием и дознанием в органах внутренних дел прокуратуры Акмолинской области (1985-1988);
 - Помощник прокурора по кадрам прокуратуры Акмолинской области (1988-1992);
 - Прокурор организационно-аналитического отдела прокуратуры Акмолинской области (1992-1996);
 - Старший помощник по организационно-инспекторской работе Целинной транспортной прокуратуры (1996);
 - Начальник отдела разработки и внедрения первичных учетных документов, форм отчетности и методологии ЦПСИИ при ГП РК (1997);
 - Заместитель начальника Ц(Д)ПСИИ -начальник управления статистики в г Астане (1998);
жатқандығын жергілікті ақсақалдардың ертеден білгендігі, енді шөпшектері іздеп келіп Құран оқып, ас бергені, басына құлпытас орнатқаны айтылған. Бүгін Ақмола облысында батырдың ұрпақтары орналасқан ауылдардың бірі Баубек батырдың есімімен аталады. Қазіргі кезде Астана қаласының маңындағы «Қосшы» ауылында бір көшеге батыр бабамыздың есімі берілді. Иә, Хан Кененің Бектауыл Бала Баубек батыры өзін халқының азаттығы үшін жанын пидә етіп еді, туған елі ұмытпас үшін саусағын шауып беріп кетіп еді. Құдай тілегін қабыл қылған екен. Сүйегі жай тапқан Түмен жеріндегі құлпытасынан да, саусағы жатқан Есіл Терісаққанның Кішкене түбегіндегі кесенесінен де батыр бабаның рухы туған елі мен жерін Арқаның ақ самалындай аялай бермек. Ендеше, әңгімеге арқау етіп отырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Республика көлемінде Қазақстанның киелі жерлеріне енген, Ел ардақтысы Баубек бабамызға арналған іс-шара жалғасын таба бермек. Біздің өзіміздің мектебімізде де «Легенда Великой степи-Баубек Батыр» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып, үлкен іс-шара өтті. Онда Ханкененің қолбасшысы Баубек батырдың өмірбаяны, елі-жері үшін күресіп кеткені жайлы деректерден мағлұмат берілді. Бұл бағытта оқушылар іздену жұмысымен айналысып жоба тақырыптарын да таңдап алды. Ал, биылғы жылы Астана қаласында № 79 лицейінің 5«А» сынып оқушысы Баубек бабаның тікелей жетінші ұрпағы Айдар Нұрбақ «Хан Кененің -Бала Баубегі» тақырыбында шығармашылық жобаны қорғап І-дәрежелі дипломға ие болды. 2017 жылдан бері көп жұмыстар игеріліп келеді. Атап – атап айтсақ М.Ғабдуллиннің музей қызметкерлері «Батырлар туған бақ мекен» жобасы аясында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасымен музей ұжымы, Жақсы аудандық білім бөлімінің бірлесе ұйымдастыруымен Ғұбайдолла Абдрахманов атындағы Қима орта мектебінде форум өткізілді. Форумға аудандық білім бөлімінің қызметкерлері, Қима елді мекеніндегі Лазавое, Ешім, Запарожье орта мектептерінің және Қабдеш Өскенбайұлы мен Ғұбайдолла Абдрахманов атындағы Қима орта мектептерінің мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Форумда музей директоры Қ.Мырзабек "Бүгінгі ұрпақ - ертеңгі болашақ" тақырыбында дәріс оқыды. Қалың қазақта мақтаныш болған батырларымыздың ерлігі мен өмірін насихаттау, батырлардың туған жерлеріне ғылыми-экспедициялық сапарлар ұйымдастыру барысында олардың өмірін, ерлігін, өшпес мұрасын зерделей отырып, музей қорын экспонаттармен, тарихи жәдігерлермен толықтыру мақсатында «Батырлар туған бақ мекен» атты инновациялық жобасы аясында музей қызметкерлері Баубек батырдың ұрпақтарымен кездесті. Экспедиция құрамы ұрпақтарымен Ешім совхозы, қазіргі Баубек ата ауылында тұрғызылған Баубек батыр кесенесіне барып батыр аруағына құран бағыштады. Сапар барысында Баубек батырдың ұрпақтары Ә.Исмагулов, Ж.Сейтахметов, Қ.Сейтахметов, А.Исмагуловалар айтқан естеліктер бейне-таспаға жазылып алынды. Іс-шара соңында музей және Жақсы аудандық білім бөлімінің басшылары осындай игі бастаманы әрі қарай жалғастыруға келісім жасасты. Маусым аралығында музей директоры Қ.Мырзабек пен ғылыми қызметкер М.Токсанбай «Батырлар туған бақ мекен» жобасы аясында ғылыми-зерттеу экспедициясымен Ресей Федерациясы Түмен және Омбы облыстарына барып қайтты. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру, қазақ хандығының соңғы ханы Кенесары және оның өкіл баласы Баубек батыр туралы тарихи деректер жинақтау және музей қорын толықтыру мақсатында ұйымдастырылған музей қызметкерлерінің экспедициялық сапары Баубек батыр жерленген Түмен облысы Ишим қаласына барып, батыр рухына тағзым етуден басталды [5].

Сондай-ақ, Баубек Бекмырзаұлы туралы жаңа тарихи деректер жинау үшін Омбы облысының губерниялық тарихи мұрағатында болып, екі күн аралығында жемісті еңбек етті. Архивтан табылған тарихи деректер музей қорын толықтыратын болады. Іс-сапар соңында архив директоры Л.А.Чекалина мен музей директоры Қ.Мырзабек бірлесіп жұмыс жасау үшін өзара ынтымақтастық туралы келісімге келді. Желтоқсанда «Өрлеу» педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Ұлы даланың батырлық рухы» атты кеш өтті. Іс-шараға зиялы қауым өкілдері, мәдениет мекемелерінің директорлары мен қызметкерлері, Кенесары ханның үзеңгілес серіктерінің бірі болған Баубек батырдың ұрпақтары, мектеп мұғалімдері және БАҚ өкілдері қатысты. Кеш модераторы музей директоры Құдайберлі Мырзабек болды. Кештің құрметті қонағы қоғам қайраткері, «Арқа ажары» газетінің директоры Жабал Ерғалиев жиналған қауымды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады. Кеш барысында «Батырлар туған бақ мекен» жобасы аясында өткен іс-шаралар мен экспедициялық сапарлардан жинақталған материалдар негізінде түсірілген «Баубек батыр» деректі фильмінің



тұсаукесері мен «Жақсының жақсысы Баубек батыр» атты кітаптың таныстырылымы өтті. «Батырлар туған бақ мекен» жобасының жылдық есебімен музейдің аға ғылыми қызметкері Аягөз Махметова таныстырды. Сондай-ақ, Ақмола облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғосман Төлегұл, Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-нің ұстазы ф.ғ.д., профессор Бердібай Шалабай, т.ғ.к., доцент, Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-нің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Аманай Сейтқасымовтар мен батырдың ұрпақтары сөз сөйлеп, «Баубек батыр» деректі фильміне оң бағасын берді. Кеш Фархад Сағымбаевтың орындауындағы Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен аяқталды [6].

Мәлік Ғабдуллин музейінің ұйымдастыруымен Атбасар аудандық Илияс Есенберлин музейінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының аясында «Салтымыз бен даңқымыз ұрпаққа жеткен алтын із» атты танымдық-тағылымдық кеш өтті [7].

Кешке ауданның зиялы қауым өкілдері, Жақсы ауданынан арнайы келген Баубек батырдың ұрпақтары, мұғалімдер мен оқушылар қатысты. Іс-шара барысында «Батырлар туған бақ мекен» жобасының есебі тыңдалып, көпшілік назарына «Баубек батыр» деректі фильмі көрсетілді. Кеш соңында «Қазақ тілі мен әдебиеті» ҚБ мүшесі, зейнеткер Сабыржан Нүркенұлы Мұсабеков пен жеке кәсіпкер Төлентай Рахымжанұлы Боранбаев сөз сөйлеп, музей ұжымына алғысын білдірді [8].

Бұл іс-шара Илияс Есенберлин әдеби музейінің туған күнімен тұспа-тұс келіп, Құдайберлі Мырзабек музей қызметкерлерін осынау айтулы күнмен құттықтады. 2018 жылдың 28-ші қыркүйегінде Жақсы ауданы, Ешім округінде Кенесары ханның қолбасшысы Баубек батырға арналған «Баубек батыр өнегесі: ақиқат пен аңыз» ғылыми конференция өтті. Іс-шараға белгілі ғалымдар, қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері, Ресей федерациясы Түмен және Ишим қалаларынан келген арнайы делегация, батырдың ұрпақтары, облыс пен ауданның құрметті тұрғындары мен қонақтары және БАҚ өкілдері қатысты. Конференцияда ф.ғ.к., Ш.Уәлиханов атындағы КМУ профессор м.а Сәбит Жәмбек, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы КМУ оқытушысы Ғалымтай Төлепбергенов, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының магистрі Асылбек Байтан баяндама жасаса, белгілі ақын Қорғанбек Аманжол Баубек батырға арнаған арнауын оқыды. Музей қызметкерлерінің еңбегімен жарыққа шыққан «Жақсының жақсысы Баубек батыр» атты кітаптың тұсаукесері өтіп, ауыл тұрғындары мен қонақтарына М.Ғабдуллин музейінің дайындаған Баубек батыр туралы театрландырылған қойылымы да өте сәтті шықты. Өткізілген бұл жиынға тұрғындарымыз тайлы-таяғы қалмай ат салысты. Астанадан, Көкшетаудан, Жарқайын, Атбасар аудандарынан қонақтар да болды [9]. Батырдың бармағы жатқан, осыдан 25-жыл бұрын орнатылған кесенесінен басталған іс-шарлар кешке дейін бір сәт толастамай, өте жоғары деңгейде өтті. Батырдың рухына арнап құран бағышталып, ұлан-асыр іс-шара «Баубек батыр өнегесі, ақиқатпен аңыз» конференцияда батырдың Кенесары көтерілісінің, басынан аяғына дейін қатысқаны, көтерілістен кейінгі тағдыры жан-жақты талқыланды. Конференцияға қатысқан тарихшылар, жазушылар тарихи деректер мен мағлұматтарды ортаға салды. Көтеріліске толықтай қатысқан Нысанбай жыраудың шығармашылығы, Сәбит Жәмбеттің баяндамасына арқау болды. Конференцияның түйінді резолюциясы оқылды. Айтып айтпай не керек, бұл ұлы жиын-той дүркіреп өтті. Бұл тойдың жақсы өтуіне батырдың аталас ағайындары мен ұрпақтары қомақты материалдық үлес қосты, басынан аяғына дейін иіліп, қызмет етті [10]. Іс-шара барысында балуандар күресі мен ат бәйгесі ұйымдастырылды. Ұлы бабамыз Баубек батырға арналатын жұмыстар мұнымен тоқталмайды. Алда бабаның 200- жылдығы тұр. Бабамыздың туған жеріне жоспарымыздағы үлкен ескерткіш кесенесін орнату мақсатында жұмыс та қолға алынды. «Өлі риза болмай, тірі байымайды», - деген ғой дана халқымыз. Әңгімімізге арқау болған тарихи тұлға, хан Кененің серіктерінің бірі, жаужүрек оғлан-Баубек батырдың өмірде жасаған ерліктері келер ұрпақ үшін үлкен өнеге дер едік. Еліміздің тәуелсіздігі жолында ерен еңбек сіңірген ерлерді ұмытпау-бүгінгілердің парызы деп білейік!

Әдебиеттер:

1. «Көшпенділер» И.Есенберлин, 6-бет
2. Қазақ тарихы Ермахан Бермаханов 1830-1840 ж, 6-бет
3. Бектауыл Баубек Батыр Ахметжан Байжан 1995 ж, 4-бет
4. Жақсының жақсысы Баубек Батыр М.Ғабдуллин музей 2018ж, 1-7 бет



ТВОИ ЛЮДИ, КАРГАЛЫ!

Жилжаксынова Г.Ж.

учитель русского языка и литературы,
Каргалинская специализированная гимназия
для одаренных детей с обучением на трех языках,
Алматинская область Жамбылский район

Мне очень близка и дорога тема краеведения и, тем более, идеи республиканской научно-практической конференции им.О.А.Байконурова: продвижение истории родного края, публикация ранее неизвестной информации о малой родине, популяризация граждан родного края.

История моего села глубоко древняя и очень интересная. Начнем с того случая как была найдена Каргалинская диадема. «1939 год. Конец. Лета. Каргалинская суконная фабрика. Четверо рабочих фабрики: я – Ёсипов Николай Сергеевич, прораб, Назаренко Аркадий – ткач, Сёмин – шеф-монтёр из Москвы, а четвертого не помню, в субботний вечер пошли в горы на охоту. В 30 км от посёлка, прямо по ущелью, остановились на ночлег под большим навесным камнем. Накапывал дождь. Развели костёр, готовили походный ужин.

Назаренко Аркадий палочкой ковырял камешки. Выскочила поясная бляха. Её кто-то выбросил к реке. Что-то сказали Аркадию, но он не унимался, продолжал ковырять. Обнаружились ещё предметы: колечко, браслет. Посмотрели, потёрли – похоже на золото.

Чуть рассвело. Все четверо стали копать, нашли ещё несколько пластинок, колец. Охота потеряла интерес, пошли домой, показали найденные вещи химику отделочного цеха тов.Аметову тот проверил и оказалось, что это золото. Тогда мы взяли лопаты и опять отправились к заветному камню. «Накопали» около 2-х с половиной кг золотых женских украшений. Это были кольца с изображением козлов, верблюдов и даже свиньи, диадема с изображением мифического сюжета, пластинки с архарами, орнаментом, около 300 пуговиц, мелких и покрупнее (ими, вероятно, было обшито платье). Кое-где видна была сетка ткани.

Всё это через Семина сдали в Центральный краеведческий музей в г.Алма-Аты. Через некоторое время к нам приехал из Ленинграда археолог. Фамилии его я не знаю, помню, что это был человек лет под 50, прихрамывал». (Это был Александр Натанович Бернштам - советский археолог и востоковед, доктор исторических наук, профессор Ленинградского университета). Этот рассказ со слов Ёсипова Николая Сергеевича 18 августа 1978 записала Яковенко П.А., тогда еще собиравшая материалы для историко-краеведческого музея при Каргалинском суконном комбинате.

Еще одной основой для продвижения истории моего села можно назвать **мечеть, построенную в 1886 году волостным Сат Ниязбекулы**. Ее можно поставить на ряду с Жаркентской мечетью. После революции в здании располагалась школа. В 1943-44 годах Сталин ослабил давление на религию. В это время великий Жамбыл поехал в Алма-Ату на прием к Жумабаю Шаяхметову и добился, чтобы мечеть открылась вновь. На ее открытии был Жамбыл, он стал часто бывать в ней, совершая жума-намаз. По рекомендации Жамбыла имамом стал Абдыкадыр Иминов. Это была первая религиозная община, официально зарегистрированная на территории Казахстана. Уже после зарегистрировались мечети Алма-Аты и Семипалатинска. Тогда на всей территории Казахстана действовало всего 7-8 мечетей.

С осени 1996 года мечеть села Каргалы носит имя Сата Ниязбекулы. Он был неординарным человеком. Несколько раз избирался волостным правителем. Прямых потомков не осталось, документальных сведений о нем нет. Когда он родился неизвестно. Вероятно, он ушел из жизни в 1922 году. Так как, по словам акына Асемхана Косбасарова, в 1923 году был ас (поминки), данный годовщине со дня кончины Сата Ниязбекулы. В 1996 году станет известно место погребения, где возведен мазар.



Иминов Абдыкадыр



Мечеть, построенная С. Ниязбекулы в 1886г.

Мало какое население может похвастаться тремя героями Социалистического Труда. Всего по Жамбылскому району было 13 Героев Социалистического Труда. Трое из них жили и работали именно в Каргалы.



Алибеков И.А.



Абсаметов К.А.



Токсеитова К.О.

Первый из них Алибеков Исака Алибекович. Родился 28 сентября 1908 года в селе Мукур Петропавловского уезда Акмолинской области. Окончил Алма-Атинский государственный медицинский институт им. В. М. Молотова в 1938 году. В 1943-1946 годах работал начальником эвакогоспиталей, бригадным врачом в советских войсках в Германии. В 1958-1973 гг. главный врач Каргалинской участковой больницы в посёлке Фабричном (ныне Каргалы) Джамбулского района Алма-Атинской области. Простым скальпелем Исака Алибекович спасал жизни сельчанам. Его помнят многие жители поселка. Звание Героя Социалистического Труда получил в 1969 году. Умер 10 мая 1991 года на 83-м году жизни. Одна из центральных улиц поселка носит его имя.

Имя второго Героя Социалистического Труда – Абсаметов Кудыс Абсаметович, которому в 2020 году 1 января исполнится 100 лет. Участник Великой Отечественной войны. Прошел трудовой путь от учителя до директора школы. По его инициативе были построены несколько средних школ и дом для учителей в посёлке Фабричный. В 1978 году удостоен звания Героя Социалистического Труда за выдающиеся трудовые достижения. **Каких трудовых достижений достиг наш Герой?** Приведем один пример. **Выпускники 1965 и 1966 гг. вошли в историю школы как «золотые».** В 1965 году было четыре выпускных класса. Из 100 выпускников 20 юношей и девушек окончили школу на золотую и серебряную медали (то есть каждый пятый). Почти 80 выпускников получили высшее образование. Вот пример подлинного качества образования в те годы! Из выпускников этого года вышли министры, крупные ученые, талантливые врачи и учителя. Каждый из этих выпускников (и не только отличники) был личностью, многие из них стали гордостью не только нашего поселка, но и всего Казахстана. Вкратце расскажу о некоторых из них. Бакыт Оспанов – был одним из тех, кто не смог поступить в институт или в техникум. Начинал рабочим в комбинате. Затем стал студентом



сельскохозяйственного института. После окончания трудится помощником бригадира, агрономом, председателем рабочкома, затем возглавляет парторганизацию, в 29 лет назначают директором опытного хозяйства, директором совхоза «Жетысу», председатель исполкома, первый секретарь райкома, а затем и обкома партии. В 2008 году переходит на дипломатическую работу, его назначают Чрезвычайным и Полномочным Послом в Кыргызской Республике.

Мурат Алибеков – сын Героя Социалистического Труда Алибекова Исаака Алибековича. Стал ученым-медиком, доктором медицинских наук, профессором. Много жизней спасет он за свою врачебную практику. Он всю жизнь был отличником, будучи студентом АГМИ являлся Ленинским стипендиантом, молодым защитит кандидатскую и докторскую диссертации.

Еркаш Абуов – выпускник строительного факультета КазПТИ. Всю жизнь занимался строительством: был мастером, прорабом, возглавлял в родном поселке ПМК-36. Многие годы руководил строительными организациями в Алма-Ате, Уральске, возводил поселок нефтяников, работал в министерстве автомобильных дорог.

Дина Джусубалиевна – выпускница химического факультета КазГУ, доктор педагогических наук, кандидат химических наук, професор. Являлась проректором КазГосЖенПИ, проректор Национального Аграрного университета, ректор Алматинского гуманитарного-технического университета.

Каренеева Кулсин Зауытбековна – своей любовью к профессии завоевала почет и уважение не только среди коллег, но и руководящих органов. Ее избрали депутатом Верховного Совета КазССР XI созыва. Замечательный человек, талантливый, честный, преданный своему делу, истинный патриот. Она и сейчас активно участвует в жизни поселка. Прививает любовь к труду у молодого поколения, пользуясь встречами, организованными в школах. Является участником ансамбля «Асыл әжелер».

Нургуль Нурсеитовна Талдыбаева – выпускница АГМИ. Трудилась в родном поселке врачом. Многие каргалинцы обязаны ей здоровьем и жизнью. Прекрасный врач, порядочный и трудолюбивый человек.

Еркебек Аргымбаев – выпускник медицинского института, главный врач туберкулезной больницы, главный врач участковой клиники в Дегересе, трудился в Министерстве здравоохранения КазССР, инструктор ЦК КПК, начальник Алматинского Облздрава, первый замминистра здравоохранения. С 1994 года возглавлял Общество Красного Креста и Полумесяца Казахстана, кавалер ордена Курмет.

Райхан Молдабековна Тойлыбаева – врач от Бога, 20 лет возглавляла терапевтическое отделение, 6 лет была замглавврача в Каргалинской районной больнице. Отличник здравоохранения СССР.

Туймебай Тергеубаев – выпускник Алматинского института физической культуры, многие годы работал учителем, директором Каргалинской спортивной школы, возглавлял отдел физкультуры и спорта Джамбульского райисполкома.



Выпускники 1966 года через 20 лет.



Выпускники 1966 года через 40 лет.

Я рассказала лишь о некоторых учениках этого «золотого» выпуска. В 2005 году мне посчастливилось присутствовать на торжестве по случаю 40-летия окончания школы. На торжество они пригласили своего классного руководителя Ханшаим Идрисовну и директора Абсаметова Кудыса Абсаметовича. В тот день они и их учителя были счастливы, как дети. Я радовалась за них:



прошло сорок лет, но они по-прежнему молоды, жизнерадостны, любят школу и свой родной поселок.

Выпуск 1966 года тоже был особенным. Школу оканчивали 247 учеников. Медалями были награждены 19 выпускников. Среди них Кенжебек Омарбаев и Толегетай Акбауов. Кенжебек Омарбаев – выпускник строительного факультета КазПИ. Многие годы трудился прорабом, начальником ПМК-36. Талантливый организатор был выдвинут на работу в райисполком, позже был первым зампредседателя исполкома Алматинской области, заместителем министра минеральных ресурсов РК, главным инспектором Администрации Президента РК. «Все годы учебы в школе я был отличником, но в выпускном классе на сочинении неожиданно при проверке письменной работы в министерстве, мне поставили по литературе «5», а по языку – «4» (где-то пропустил запятую). На выпускном вечере Кудыс Абсаматович мне первому вручил аттестат и серебряную медаль, хотя в школе были обладатели золотых медалей. Этот поступок директора до слез меня растрогал. Я благодарен судьбе, что в моей жизни был такой Учитель. Позже, когда я поступил в институт, Кудыс Абсаматович был счастлив, как ребенок. Рассказывали, что он, по казахскому обычаю, увидев коллегу, делился с ними радостью и просил «Суюнши».

Толегетай Кожахметович Акбауов – выпускник физико-математического факультета КазПИ, работал учителем математики, завучем, директором пионерского лагеря «Текстильщик», Каргалинской вспомогательной школы-интерната, Каргалинской средней школы №2. Награжден орденом Курмет, Почетный гражданин Алматинской области и Жамбылского района.

Кайрат Кабенович Ахмедьяров – выпускник 1967 года. Видный ученый-языковед, доктор филологических наук, профессор. Скромный, обаятельный ученый. Наверное, трудно найти человека, который так блестяще владел русским языком и боролся за его чистоту. Среди филологов Казахстана и России он пользовался особым авторитетом. Свою диссертацию он посвятил творчеству известного поэта, героя войны 1812 года Денису Давыдову.



Третий Герой Социалистического Труда – выпускница Каргалинской средней школы №1 – Токсеитова Кульдария Оспанбековна. Она коренная жительница нашего поселка, родилась в 1937 году. В 1954 году получила свидетельство об окончании семилетки. Начала трудовую деятельность на фабрике. Эта женщина была самой известной жительницей нашего поселка. В школе Кульдария Оспанбековна училась очень хорошо, но почему она не закончила десятилетку? В те годы не все могли позволить себе такую роскошь: многие уходили после седьмого класса, чтобы помочь своим родителям. За самоотверженный труд ткачихой на Каргалинском суконном комбинате она была награждена двумя орденами Ленина, двумя орденами Трудового Красного Знамени, а в 1981 году ей было присвоено звание Героя Социалистического Труда. Она была делегатом XXVI съезда КПСС. Ныне одна из улиц поселка носит ее имя. А для меня Кульдария Оспанбековна была добрым, скромным, жизнерадостным человеком. Хочется подчеркнуть, что на фабрике доблестно трудилось немало рабочих разных национальностей, а красивая и веселая Кульдария Оспанбековна была самой яркой из них.



Меня очень заинтересовала эта фотография. На снимке девять человек, слева – аксакал, на его груди четко виднеется орден Ленина. Ему где-то под шестьдесят. Мужчина одет в гимнастерку военного образца, из кармана которой выглядывает ручка. **«Кто этот учитель, награжденный самой высокой наградой СССР?»** Обращаюсь с этим вопросом и фотографией к моей уважаемой Буранкуловой Назире Хасановне, ветерану труда, всю жизнь проработавшей в сфере дошкольного воспитания. Она отвечает мне с удивлением: «Где вы взяли эту

фотографию?» Оказалось, что на фотографии ее отец – Балтабаев Хасан. Родился в 1892 году. Преподавал казахский язык и литературу. Народный учитель, известный агитатор, пропагандист, считал своим прямым долгом не только воспитывать детей, но и нести знания в широкие массы трудящихся, повседневно участвовать в общественной жизни. Кропотливо, на протяжении 35 лет педагогической деятельности прививал детям любовь к знаниям, формируя их характер. Был человеком знающим свое дело. Его отличало интеллигентство, благородство, высокая требовательность к себе, принципиальность, порядочность. Его ученик Салават Бейсеуов говорит: «Он был одним из моих любимых учителей, был очень красноречив. Мне нравились уроки литературы. Никогда не забуду его рассказы о С.Сейфуллине, С.Торайгырове, С.Донентаеве, Хаджи-Мукане Мунайпасове. Он был с ними знаком, общался».

В соответствии с Указом Президиума Верховного Совета СССР от 12 февраля 1948 года за выслугу лет и безупречную работу учитель средней школы №1 при Каргалинском суконном комбинате был награжден Орденом Ленина. В школьном краеведческом музее есть статья «Ауыл мұғалімі» Амангелды Мусабаева (отца Талгата Мусабаева) о Балтабаеве Хасане.



Буранкулова Назира Хасановна – дочь Балтабаева Хасана, пошла по стопам отца. Родилась в 1945 году. Трудовую жизнь начала в детском саду Каргалинского суконного комбината в 1964 году. Затем поднимала методическую работу во всех детских садах поселка. Во всех пяти детских садах она вела методическую работу и заведование детским садом. Она была, как отец, очень трудолюбива. Прекрасный методист и справедливый заведующий и сейчас передает свой опыт, встречаясь с молодым поколением.

О людях, работавших в Каргалинском суконном комбинате, можно говорить очень долго, писать - не хватит страниц. Приведем строки из воспоминаний ветерана войны и труда Нурсейта Талдыбаева, проработавшего на фабрике 37 лет, сына одного из первых рабочих Акимжана Талдыбаева: «Первыми пришли работать на фабрику мои сородичи Жаманкоры из рода Айкым. Их считали самыми бедными среди местных казахов. Но уже через несколько лет мы расстались с нищетой и стали неплохо жить. Ежедневно рабочим фабрики, кроме небольшой зарплаты, давали по булке хлеба. Это помогло нам пережить тяжелые годы». Еще один из первых рабочих Кенжетай Бейсеуов рассказывал: «Полная неграмотность, незнание русского языка и привычки скотовода затрудняли изучение «секретов» фабричного дела. Но мы проявили терпение и настойчивость, под руководством русских и татарских мастеров постепенно освоили производство». Каргалинская суконная фабрика, имеющая 100-летнюю историю высоко ценила труд своих рабочих, врачей, учителей. Приводим статистические данные о наградах рабочих (сюда входят и награды учителей, врачей):

Орден Ленина	6 человек
Орден Октябрьской Революции	3 человек
Орден Трудового Красного Знамени	25 человек
Орден «Дружбы Народов»	5 человек
Орден «Знак почёта»	36 человек
Орден «Трудовая слава» III степени	17 человек
Орден Великой Отечественной войны	1 человек
Герой Социалистического Труда	3 человек



Медалью «За трудовую доблесть» с 1967 по 1986 год были награждены 21 человек.



Всего по Каргалинскому суконному комбинату медалью «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945гг» было награждено 527 человек. Год награждения – 6 ноября 1946г.



Медалью «За трудовое отличие» с 1967 по 1986 год были награждены 26 человек.

Как жаль, что я не могу писать больше. Здесь надо закончить рассказ о моей малой Родине, о её людях. В более чем вековой истории поселка здесь родились, выросли и ушли в большую жизнь замечательные, простые, трудолюбивые и порядочные люди. Уверена, что и сейчас растут, учатся в школах дети, которые через несколько десятилетий станут гордостью села Каргалы, как Асет Бейсеуов, Талгат Мусабаев, будут достойными гражданами независимого Казахстана.

Литература:

1. С.Жакупбеков. Первая фабрика Казахстана. Алматы, 1989 г.
2. А.Иминов. Первая Каргалинская. Алматы, 2017 г.
3. Г.Сланов. Буйное русло. Алматы, «Жазушы», 1971 г.
4. Материалы школьного краеведческого музея.

ӨЗ ӨЛКЕНДІ ТАҢУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ДАҢҒЫЛЫ

Ибраева Н.Н.

Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының
тарих пәні мұғалімі,

Өтеубай Қ.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат болып саналады. Бұл мақаланың өзектілігі - сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеруі. Онда тұңғыш Президент Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». [1]

Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім.



Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Елбасы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялады. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу ұсынды.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол **ұлттық құндылықтарды** сақтай білу. Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.

Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы **Латын әліпбиіне көшу** болса, **«Туған жер»** бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ. Сондай-ақ, **«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»** жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. **«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет»** жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады. **«Қазақстандағы 100 жаңа есім»** жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Бұл тапсырмалар мемлекеттің және азаматтық қоғамның барлық идеологиялық жұмысының орта мерзімді перспективадағы негізі болады. Назарбаев айтқандай: «Болашақтың негізі, білім ордаларының аудиторияларында қаланады». **«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»** жобасын жүзеге асырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жаңа деңгейіне қол жеткізуді көздейді.

«Рухани жаңғыру» мақаласы аясында республикада тұңғыш болып «Рухани жаңғыру» орталығы Қызылорда облысында құрылды. Қызылорданың сол жағалауында салынған **«Рухани жаңғыру»** орталығының алаш баласы үшін орны ерек болғалы тұр. Өйткені кешен бұрынғы Қазақ орталық атқару комитеті ғимаратының негізінде салынған. Бұл ғимараттың бір жағында «Рухани жаңғыру» орталығы, бір жағында музей орналасқан. [2]

Тарих қойнауынан сыр шертетін Қызылорда облысы үшін «Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы және «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының маңызы зор. «Қазақстанның киелі жерлері» жобасына облыс бойынша 12 нысан, 2017 жылы жарыққа шыққан «Жалпыұлттық қасиетті нысандар» және «Өңірлік қасиетті нысандар» кітаптарына 35 нысан енгізілді. [3]

«ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұраларының алдын ала тізіміне облыс аумағындағы Сығанақ, Жанкент, Кескен күйік, Шірік Рабат, Бәбіш мола, Жент, Баланды қалашықтары, Жетіасар мәдениеті ескерткіштері мен Сауысқандық петроглифтері бойынша 9 ескерткіш енгізілді», - деді сұхбат барысында «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Нұрлыбек Мыңжас. [4]

«Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы және «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» аясында Қызылорда облысы тарихи-мәдени мұрасының 3D-форматты интерактивті картасы жасақталды. Ол республикалық және жергілікті маңызы бар 150 ескерткішті қамтыды.

Өлкетану туған елмен жердің тарихын зерттеуден басталады. Мұндай зерттеуге туған өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи және мәдени дамуы, сондай-ақ, оның табиғи сипаты нысан болады. Өлкетануды бейнелі түрде - кіші Отанды зерттеу пәні деуге болады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінде, оқу-тәрбие ісінде практикалық жағына көңіл бөлуді, соның ішінде «Өлкетану» сияқты пәнді мектептерді оқыту көкейкесті екенін атап өткен болатын. [5] Соның негізінде Қызылорда облысының қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын 5-7 сыныптарға арналған «Өлкетану» оқулығы әзірленді. Онда Сыр өңірінің тарихы, киелі жерлері жайлы аңыздар, тарихи деректер, тарихи тұлғалар, ұлттық қолөнер, туристік маршруттар басқа да қажетті мәліметтер жинақталған.

Облысымыздағы тағы бір жаңалық Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Рухани жаңғыру» кафедрасы ашылып, «Мәңгілік Ел және ұлттық дәстүр» және «Өркениеттің негіздері» атты арнайы пәндер оқытылуда. [6]



1918 жылы іргетасы қаланған, 100 жылдық тарихы бар Қызылорда қаласындағы №1 мектеп-гимназиясында да осы бағдарлама аясында игі жұмыстар жүргізілуде. 2018 жылы мектебіміздің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында мектеп мұражайының ашылуы мектеп тарихын әрбір оқушының танып-білуіне зор ықпал етеді.

Сондай-ақ «Рухани жаңғыру» кабинеті ашылып, ұлттық аспаптар оркестрі құрылды.

«Сыр елі – жыр елі» дейтіндей болашақта облыс орталығында заманауи деңгейде жарақталған жыраулар мектебі «Қазақ дәстүрлі өнер академиясын» ашып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде жыршылық дәстүрді насихаттайтын, ел көлеміндегі барлық талантты жастарды тартылады. Сондай-ақ алдағы күндері облыстың тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін фотоальбом жарық көрмек. Бұл жинаққа АҚШ пен Еуропа елдері архивтерінен алынған Сыр өңірінің тарихына қатысты тың деректер тұңғыш рет жарияланбақ. [7]

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жобасы аясында оқушылармен жасалып жатқан жұмысын жинақтау мақсатында мектебімізде «Атамекен» клубы құрылды. Клубымыздың мақсаты: тарихи - архитектуралық ескерткіштерін аралап, жинаған мәліметтерін жинақтап, зерделеп өз арамызда талқылап зерттеулер жүргізу.


Жоспарға сай клуб «Өз өлкенді таны» атты өлкетану-танымдық зерттеу жұмыстарын жүргізіліп келеді. Өткен жылы облыстық өлкетану мұражайымен бірігіп, оқушыларымыз Арыстанбаб кесенесі, Түркістан, Сығанақ қалаларына туристік сапарға барып қайтты. Бұл сапардың тиімділігі тарихымызды танып-білуге, туған жерге деген ыстық ықыластарын қалыптастырып, елін, жерін құрметтей алатын білімді азамат болуға ықпал етеді деген ойдамын.

Мектебімізде «Туған жеріңді таны» атты дөңгелек үстел болып өтті. Дөңгелек үстел барысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің археология және этнография ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжекеев бүгінге дейін ғалымдар сақтардың астанасы санап келген Шірік-Рабат қаласы туралы тың деректі алға артты. Осыған дейін тайпалар орталығы саналып келген кешеннің қала орны болмай шыққанын естідік. Жергілікті археолог енді бұл тұжырымды Шірік Рабат экспедициясының жетекшісі, белгілі ғалым Жолдасбек Құрманқұловпен бірлесіп ғылыми айналымға енгізуді көздеп отырғанын айтты.

Сыр өңіріндегі киелі жерлердің тарихын оқушыларға үйретудегі өз сабағымдағы тәжірибеммен бөліскім келіп отыр. Қазіргі уақытта жаңартылған білім бойынша сабақ беру процесінде оқушылар өз бетінше ізденімен қатар сыни ойлау дағдылары да қалыптасады.

Мысалы, «Сыр өңіріндегі тарихи орындар» сабағында **«Иллюстрация әдісі»** оқушыларға үй тапсырмасын пысықтау ретінде Сығанақ қаласының орны, бастапқы ынталандырушы материал ретінде Қорқыт Ата кесенесі ұсынылып, ой қозғау мақсатында жеңілден күрделіге қарай сұрақтар қою арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдысын қалыптастыру үшін **«Ақпарат»** арқылы саралау жүргізіледі.

Оқушыларға картамен жұмыс барысында нұсқаулық беріледі. Картадан орта ғасырлық сәулет өнерінің туындылары Қорқыт ата кесенесі, Сығанақ, Жанкент, Жент, Шірік –Рабат, Бұхарбай батыр, Бегім ана кесенелері, Бәбіш молда, Жетіасар мәдениеті ескерткіштерінің орналасқан жерлерін көрсету.



Картадан дағдысы төмен оқушылар кесенелердің атауын айтып шығады, дағдысы орташа оқушылар кесенелердің орналасқан аумағын көрсетеді.

«Венн диаграммасы» арқылы дағдысы жоғары оқушы дағдысы төмен оқушыға **«Диалог»** арқылы қолдау көрсетеді.

Ерте және орта ғасырлық тарихи орындар Қазіргі замандағы сәулет өнері



Нәтижесінде тарихи орындардың ерекшеліктерінің айырмашылығын анықтайды. Қазіргі замандағы сәулет өнері ескерткіштері ерекшеліктерінің айырмашылығын анықтайды. Ерте және орта ғасырдағы тарихи орындар мен қазіргі замандағы тарихи сәулет өнері ескерткіштерінің ұқсастықтарын анықтайды.

«Жүйелік органиайзер» әдісі арқылы облысымыздағы тарихи кесенелердің түрлеріне сипаттама жазу, сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктеріне тоқталып, тарихи дерек көзі ретіндегі құндылығына баға беру нұсқаулығы беріледі. Оқушылардың барлығы кесенелердің, мұнаралардың, мешіттердің атауын, уақытын, орналасқан жерлерін анықтаса, дағдысы жоғары оқушылар кесенелердің тарихи құндылығын жазады.

Кесенелер	Уақыты	Орналасқан жері	Ерекшеліктері	Құндылығы

Облыс деңгейінде өткізіліп жатқан іс-шараларға да мектеп ұстаздары мен оқушылары белсенді қатысуда. Соның бір дәлелі облыстық «Менің кіші Отаным» жас тарихшылар интеллектуальдық байқауы, «Мектеп мұражайы: жаңа мүмкіндіктер» сайыстарында жүлделі орындар иеленді. **«Қазақстанның киелі жерлері» жобасына енген облыс бойынша 12 нысан туралы мына видеороликтен тамашалай аласыздар.**

Оқушылармен дәріс барысында айтылған ұсыныстар бойынша келешекте осы «Атамекен» клубымен жаңа ғылыми жұмыс жасауды жоспарлап отырмыз. Тек қана Қызылорда облысына саяхат жасамай, бүкіл Қазақстанның тарихи ескерткіштерін аралағымыз келеді. Жамбыл облысындағы «Айша бибі», «Бабаджа қатын», Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Отырар қаласы», Ақтаудағы «Бекет ата» немесе Астана қаласы маңындағы «Репрессия құрбандары» сияқты тарихи ескерткіштерге саяхаттап барып тарихымызбен жақын танысып, өзіміз үшін жаңа жаңалықтар ашып, ары қарай тарихымызды жаңғыртсақ деген үмітіміз бар.

Міне, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында тұмса тарихымыз дәріптеліп, жас ұрпақтың санасына біршама азық болды. Осындай көмбе тарихтың куәсі болып көміліп жатқан қалаларды қалпына келтіру арқылы біз екі бағытты дамыта аламыз. Бірі – ұрпақ санасын, ұлт руханиятын жаңғырту болса, екіншісі – туризм саласына тың серпіліс әкелу.

Өз өлкеміздің тарихын тереңінен тану мақсатында ұсынатын ұсынымдарым:

- Жаңа туристік маршруттар жасақтау және сол жасақталған маршруттар бойынша жорықтар ұйымдастырып, жорық есебін тапсыру арқылы мектеп оқушылары мен жастарды спорттық туризмге тарту, педагогтардың шеберлігін арттыру;

- «Туған өлкенің көрікті жерлерінен Қазақстанның қасиетті орындарына дейін» туристік-экскурсиялық марафон шеңберінде ауданның, облыстың, республиканың көрікті жерлеріне экскурсиялар ұйымдастыру;

- Білім мекемелерінің туристік-өлкетану бағыты бойынша материалдық-техникалық базасын нығайту;

- «Әр білім мекемесінде – музей» акциясы шеңберінде мектеп музейлерін жаңарту, ашу;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы аясында туристік – өлкетану және экологиялық бағыттағы үйірмелер санын көбейту;

- «Менің Отаным – Қазақстан» туристік – өлкетану экспедициясы шеңберінде экспедициялық отрядтар жасақтау;

- Ғылыми тәжірибелік, зерттеу конференциясын өткізуін қамтамасыз ету.



Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы // «Егемен Қазақстан» газеті, 12 сәуір, 2017 жыл - №70 (29051)
2. <https://zhanaqorgan-tynysy.kz> сайты
3. <https://www.inform.kz/kz> сайты.

СЫР ӨңІРІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІН ҚАСТЕРЛЕУ ӨЛКЕТАНУ ПӘНІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Сайлауова Ж.Қ.

Үш тілде оқытатын мамандандырылған
сыныптары бар дарынды балаларға арналған
“Мұрагер” мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,
Қызылорда қаласы

Жаһандану заманында әрбір ұлттың өзін-өзі тануға ұмтылуы – заңдылық. Осы ретте, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы рухани сілкініске жол сілтеуші бағдар болмақ[1:2]. Сыр өңірі – рухани бай мұраларымызды сақтау, оларды кеңінен насихаттау мақсатындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырып келе жатқан бірден-бір аймақ.

Талай тарихтын куәсі болған, Алаштың – анасы атанған Сыр өңірі адамзат тарихы мен өркениет дамуында үлкен орын алатын киелі мекен. Евразия құрылығының кіндігінде орналасқан бұл аймақ мыңдаған жылдар бойы Батыс пен Шығысты жалғастырып, этникалық-саяси, экономикалық байланыстарда аса зор маңызға ие болды. Ұлы ойшыл Қорқыт ата дүниеге келген, ежелгі шығыс өркениетінің орталығы, түркі мәдениетінің алтын көмбесі болған, адамзаттың Айға ұшар арманы орындалған өміршең өлке. Тарих-тағлымы ғажап осы өлкеде ғасырлар шеруінде Қазақ елінің 3 астанасы бой көтереді. Оғыз мемлекетінің бас қаласы Жанкент, Қазақ хандығының орталығы – Сығанақ ұлттық тарихымыздың қасиетті құндылықтары, 1925-1929 жылдардағы Қазақ КСР-нің астанасы болған Қызылорда қаласы- біздің өлкенің бүгінгі мақтанышы.

Қызылорда облысында мыңдаған тарихи-мәдени ескерткіштердің бар екенін ескерсек, олардың әрқайсысының тарихы, өзіндік ерекшелігі мен құндылықтары бар. Елбасы киелі жерлердің картасы туризмге де жұмыс жасау керектігін айтты. Сол себепті, киелі жерлердің ең белгілісін және болашақта туристік нысандар мен маршруттарға айналатын ескерткіштерді қамту керек.

Сонымен қатар, өлкеміздің киелі орындарын көрсеткенде табиғи байлығымыздың ерекшеліктерін атап өту маңызды. Мысалға, Қаратау сілемдері, Сырдария өзені мен олардың көне сағалары, Қызылқұм құмды массиві, Қамбаш көлі және аты әлемге мәлім Арал теңізі және т.б. киелі нысандарымыз қасиетті жерде орналасқандығы баршамызға мәлім [2].

Біздің аймақ шығыстан батысқа қарай созыла орналасқандықтан, киелі орындарды тақырыптық топтарға бөліп бірнеше картасын жасауға болады. Оларды аралауда «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолы үлкен маңызға ие. Бұл болашақта өлкеміздің туризм саласының дамуына әсерін тигізері сөзсіз.

Мектептегі өлкетану, жалпы өлкетанудың бір бағыты болғандықтан, оқушының адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды.



Сыр өңірінде «SACRAL TUR»
бағдарламасы аясында ұйымдастырылған
туристік маршруттар

**Қызылорда облысының шығыс
бөлігіне ұйымдастырылған
тарихи-танымдық экскурсия
бағыты:**

- Оқша Ата мазараты (Оқшы ата, Есабыз, Асан қайғы, Ғайып ата, Қыш ата, Досбол би, Кітап ата кесенелері);
- Ортағасырлық Сығанақ қалашығы;
- Ортағасырлық Сауран қалашығы;
- Арыстан баба кесенесі (Түркістан қаласы);
- Әзірет Сұлтан тарихи-мәдени қорық мұражайы: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі (Түркістан қаласы)

**Қызылорда облысының батыс
бөлігіне ұйымдастырылған
тарихи-танымдық экскурсия
бағыты:**

- Қалжан ахун мешіт-медресесі;
- Марал ишан кесенесі;
- Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейі;
- Ортағасырлық Сортөбе қалашығы;
- Қорқыт ата кешені: Қорқыт ата мемориалды музейі.

Осы ретте өзім жұмыс атқаратын Қызылорда қаласындағы, Үш тілде оқытатын мамандандырылған сыныптары бар дарынды балаларға арналған “Мұрагер” мектебінде «Өлкетану» пәнін оқыту барысындағы жеке тәжірибие жұмысыма тоқталар болсам. Өлкетану пәні кіріктірілген сабақ болғандықтан 5-7 сыныптар аралығында оқытылатындығы мәлім, сондықтан әр сыныптың өзіндік деңгейіне орай бағдарламалық жұмыстар жасалынды.

7-сыныптың «Туристік маршруттар» тақырыбы бойынша Қызылорда Облыстық тарихи-өлкетану музейімен байланыс орнатып, «SACRAL TUR» бағдарламасы аясында оқушыларға экскурсиялық сабақ өтілді. Оқушыларға 2 бағыт бойынша туристік маршруттар жасалынып, тарихи-танымдық саяхат сабағы ұйымдастырылды.

Экскурсиялық сабақ барысында оқушыларға Қызылорда облысының картасы ұсынылып, әр жүйе өздеріне берілген «туристік маршрут» бағыты бойынша жұмыс жасап, киелі жерлер мен аңыз әңгімелерді жинақтайды.

Тарихи-танымдық сабақ оқушылар үшін тек саяхат негізінде емес, сонымен қатар оқушыларға топтық, жүйе, жеке жұмыстар жасалынып, оқушылардың ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Сабақ нәтижелеріне саралау жасалды: саяхат барысында оқушыларға «Пилот және Штурман» әдісі бойынша жүйе тапсырмалар берілді. Дағдысы төмен және орташа оқушылар бірлесе картамен жұмыс жасап, экскурсия бағыттарын сызбаға түсірді. Ал дағдысы жоғары оқушы әр бағыттың географиялық орнын анықтаумен қатар, тарихи-мәдени ерекшеліктеріне сипаттама жасайды. Экскурсиялық сабақ аяқталғаннан кейін осы сабақтың негізінде оқушылар жүйесімен презентация, жүйелік органиайзер т.б арқылы жинақтаған жұмыстарын қорғайды.

Туристік маршруттар негізінде өткізілген тарихи-танымдық сабақ «SACRAL TUR» жобасы бойынша жасалғандықтан Қызылорда Облыстық тарихи-өлкетану музейінің бағдарламасының 2 бағыты бойынша өткізілді. Бірақта өлкемізді тануда бұл бағыттар жеткіліксіз. Сондықтан туристік маршруттардың бағытын кеңейтіп, оқушыларды өлке тарихы мен мәдениетін зерттеуге дағдыландыру керек. Сыр өңіріндегі киелі жерлер мен рухани мұраларды «Өлкетану» пәні аясында «Туристік маршруттар» жүргізудің 4 бағытын ұсынғым келеді:

I – бағыт: Қызылорда-Қаратау

Қызылорда – Бәйгекұм ауылы – Оқшы ата қорымы – Шиелі – Көккесене – Төменарық – Жаңақорған – Қырқеңсе ауылы – Төлегатай-Қылышты ата кесенесі – Қорасан баба қорымы – Сунақ ата ауылы – Сығанақ кешені – Еңбекші ауылы – Сауыскандық жартас суреттері.

II – бағыт: Қызылорда-Қызылқұм



Қызылорда – Байқоңыр ғарыш айлағы, Қармақшы ауданы, Көмекбаев ауылы – Бәбіш-мола қалашығы – Шірік-Рабат қала-қорымы – Сеңгіртам қорымы – Баланды кешені – Ұйғарақ қорымы – Оңтүстік Түгіскен қорымы – Солтүстік Түгіскен кесенесі – Жент қалашығы.

III – бағыт: Қызылорда-Жеті Асар-Қорқыт ата

Қызылорда – Тереңөзек – Қалжан ахун мешіт-медресесі – Жалағаш – Қармақшы ауданы, Тұрмағанбет ауылы – Жалпақ-асар – Қурайлы асар – Кіші Қос-асар – Үлкен Қос-асар – Томпақ-асар – Алтын-асар – Бұзық-асар – Ордазы (Сортөбе) – Қорқыт ата кешені – Қармақшы ата қорымы – Марал ишан кесенесі және Қалқай ишан кесенесі.

IV – бағыт: Қызылорда- Арал теңізі

Қызылорда – Қазалы ауданы Жанкент қалашығы, Әйтеке би кенті – Өркендеу ауылы – Қамбаш көлі – Бегім ана мұнарасы – Ұзынтам мұнарасы – Көкарал платинасы – Арал-асар қонысы – Кердері кесенесі – Барсакелмес қорығы. Киелі орындардың бағыттары жасалған туристік маршруттар картасы Сыр өлкесіндегі «Өлкетану» пәні аясында мектеп бағдарламасына эскурсиялық жұмыстар жүргізуге қолайлы. Сыр өңірінің киелі жерлері туарлы құнды ақпараттар беретін өлкетанулық бағдарламалар аясында киелі нысандарымызды дәріптеп, өлке тарихымен мәдениетіне қатысты аңыздар мен хикаяттарды жинақтау үшін аудандарға экспедициялар ұйымдастыру қажет.

Сыр бойының ежелден «Сыр елі – Жыр елі» атағы қалыптасып, жырау, жыршы – термешілік өнері бүгінгі күнге дейін атадан – балаға, ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып сақталып келетіндігі айқын. 6 сыныпта оқытылатын өлкетану пәнінің «Өлкенің тарихи тұлғалары» тақырыбы аясында өңіріміздің мемлекет және қоғам қайраткерлері: М.Шоқай, Т.Жүргенов, И.Токтыбаев, Қ.Қожықов, С.Есқараев, С.Лапин, Ғ.Мұратбаев т.б. Ақын-жазушылар: А.Токмағанбетов, Ә.Нұрпейсов, М.Қаратаев, Қ.Мұхамеджанов, Ә.Тәжібаев, І.Тұрмағамбетов т.б. Өнер қайраткерлері: Р.Бағланова, С.Майқанова, Н.Бекежанов, Б.Шокенов және басқа тарихи тұлғалардың өнегелі дәстүрлерін орта буын, жас буын ұрпақтары бойына сіңіреді.

Көнеден жеткен жәдігерлерді жинақтап, ұрпаққа көздің қарашығындай жеткізіп, өлке тарихы мен дәстүрді ұштастыруда мұражайдың маңызы зор. Сондықтан «Өлкетану» пәні аясында әрбір өлкетанушы музеймен байланыс орнатуға міндетті. Осы ретте жас ұрпаққа өңір тарихы мен мәдениетін дарыту барысында Қызылорда Облыстық тарихи-өлкетану музеймен бірлесе отырып өз іс-тәжірбиемде «SACRAL TUR», «Болашақ экспонат», «Village life» жобалары аясында жұмыс жасалды.

Жасалған жұмыстар нәтижесінде оқушылар Сыр өңірінің киелі жерлері мен тарихи тұлғалары туралы мол мағлұматтар жинақтап, рухани құндылықтарды бойына дарытады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, ата тарихымыз тереңінен зерттеліп, жаңаша зерделене бастады. Отандық тарихты зерттеудің жаңа әдістері, методологиясы жасалынып, «Өлкетану» тарихына ерекше мән берілуде. Сыр өңірінің тарихы нақты мұрағат құжаттары негізінде деректер бағытында тарихи тұрғыдан жан-жақты баяндалатын алғашы еңбек белгілі ғалымдар А.Айдосов, М.Кереев, Ы.Қалиевтің бастамасымен «Сыр өңірінің тарихы» кітабы шықты [3: 288]. Сыр өңірінің ежелгі кезеңнен осы кезеңге дейінгі тарихы нақты мұрағат құжаттары негізінде зерттелген 2015 жылы жарияланған Б.Карбозұлы, М.Аңсатова, У.Ибраев авторлығымен шыққан «Қызылорда» энциклопедиясының өңір тарихын тануда маңызы зор [4: 304].

Қазіргі таңда Сыр өңірінің әрбір аудандарының тарихымен республиканың оқырмандары таныса алады және бұл кітаптармен танысқан адам өзінің елі, жері мен халқы үшін мақтаныш сезімде болады деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, Сыр өңірінің тарихы туралы көптеген еңбектер жарияланған. Дегенмен, өлке тарихының барлық бедерлі белестері түбегейлі зерттелді деуге әлі ерте. Өйткені әлі де өлке тарихының келелі мәселелері туралы зерттеуді және жаңа концептуальды тұжырымдарды қажет ететін толық қанды ашылмаған ақтандақ беттері баршылық. «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқытуда көрінісін тапса игі деген» Елбасы сөзі туған жер тарихын білу ұлт тарихын білудің бастауы екенін түсіндіреді. «Туған жер» бағдарламасының жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатынын айтады. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әр өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс»[1: 2].



Сыр өңірінің тарихын зерттеудің және жаңаша зерделеудің құндылығын айта отырып, алдағы уақытта ерекше мән беріп, көңіл аударатын зерттеу мәселелері туралы мынадай ұсыныстар айтқым келеді.

Біріншіден, Сыр өңірі тарихы мен рухани құндылықтары мен киелі жерлерін қастерлеу жүйелі әрі кешенді тарихын зерттеу үшін мұрағат қорларындағы ғылыми айналымға енген өз кезегін күтіп жатқан мыңдаған тарихи құжаттарды жинақтау арқылы әр кезеңнің тарихына арналған деректері мен құжаттар жинақтарының топтамасын жарыққа шығарылуы тиіс.

Екіншіден, әр дәуірде Сыр өңірінен шыққан ақын, жырау, әнші, күйші, қаламгер, шежіреші тұлғалардың өмірі мен шығармаларын зерттеп, олардың артында қалдырған мұраларын жүйелеп жас ұрпақтың бойына дарыту қажет.

Үшіншіден, Сыр өңіріндегі киелі жерлер мен рухани мұраларды «Өлкетану» пәні аясында «Туристік маршруттар» жүргізудің 4 бағыты – Қызылорда-Қаратау бағыты, Қызылорда-Қызылқұм немесе «Құм басқан өркениеттер» бағыты, Қызылорда-Жетіасар-Қорқыт ата, Қызылорда-Арал теңізі бағыттары арқылы өңіріміздегі тарихи-мәдени ескерткіштердің құндылығын дәріптеу қажет.

Төртіншіден, «Ауылында қарт болса, жазулы тұрған хатпен тең. Үй жаңында төбең болса ерттеулі тұрған атпен тең» - дегендей әрбір қазақ баласының, әсіресе қалалық жерде өскен, жас ұрпақтың тәрбиесі мен тәлімін ауылдық өмірдің қыр сырына, көне көз қарияларымыздың тәрбиесіне баулу үшін «Өлкетану» пәні аясында оқушы жастарға облысымыздағы ауылдық мекендерге экскурсиялық бағдарламаларды көбірек ұйымдастырылу керек.

Бесіншіден, «Туған жер» бағдарламасының аясында туған өлкесі үшін, өзінің кіндік қаны тамған жеріне қамқорлығын танытқысы келетін демеуші білдіретін азаматтарымыз көбейсе, «этноауылын» жаңғытуға үлес қосып, ауылдық музейлер мен мәдениет ошақтарын жандандыруға бағытталған жаңа бастамалар белең алуы керек.

Осы ұсыныстарды болашақ еншісіне қалдырмай, ескеру керектігін басты назарда ұстап, отансүйгіштік пен ұлтжандылықтың бастау бұлағы – туған жерге деген сүйіспеншілікте, оның тарихы мен мәдени құндылықтарын қастерлей білу керектігін жас ұрпақтың бойына дарыту қажет.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.// Егеменді Қазақстан, 2017. 12 сәуір.
2. Тәжекеев Ә. Сыр өңірі қасиетті жерлерінің географиясы.// Сыр бойы газеті, 2018. 19 сәуір.
3. Сыр өңірінің тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – Алматы: Атамұра, 1998. - 288б
4. Карбозұлы Б., Аңсатова М., Ибраев У. Қызылорда – Астана: Фолиант, 2015. - 304

ҚАРҚАРАЛЫ – БАЛҚАНТАУ Өңіріндегі боқты көтерілісі

Акимбеков С.Т.

тарих пәнінің мұғалімі,

Мәди Бәпиұлы атындағы №44

жалпы орта білім беретін мектебінің базасындағы

тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ

Қарағанды облысы Қарқаралы қаласы

ғылыми жетекші, тарих ғылымдарының Ph.D доторанты

Смағұлов Н.Б.

Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру 1928 жылы бай-кулактарды тәркілеуден басталды. Бұл науқанның республика экономикасы мен жергілікті тұрғындардың, колхоздардағы шаруалардың әлеуметтік жағдайы мен құрамына үлкен зардабын тигізгені белгілі. Ауыл шаруашылығындағы барлық малдың басым көпшілігі осы байлар мен орта шаруалардың қолында шоғырланғандықтан, кеңес өкіметінің жүргізген оларды тап ретінде жою саясаты мал шаруашылығында орасан зор шығындарға әкелді. Қазақтардың көпшілігі мал-мүлкімен босқынға ұшырады, енді бірі наразылық шарасы ретінде қасақана әрекетпен малдарын қырып салды. Сонымен қатар ет дайындау науқаны бойынша негізгі салмақ тұрғындары көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын аудандарға түсті. Қазақ АКСР-інің үлес салмағы Одақ бойынша етке даярланатын бар



малдың 7-16 пайызын құрайтын. Ал республика ішінде бұл жоспардың негізгі салмағы өздері ашаршылыққа ұшырап жатқан көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға түсті. Шет ауданында үй басы 150-250-ге дейін мал беретіндей салық салынды. Шұбартау ауданы 1931-1932 жылдары етке бар малының 80 пайызын берді. Қу ауданы (Қарағанды облысы) 1930-1932 жылы қолда бар малдың 28 пайызын етке өткізді [4, 66 б]

Осы саясат салдарынан елдің ғасырлар бойғы қалыптасқан тұрмыс ерекшеліктері, салт-дәстүрі, өмір сүрудің өзегі болған мал шаруашылығына нұқсан келіп, елдің берекеесі кетті. 1927 жылдың қараша айында Қазақстанның VI партия конференциясы байларды тәркілеу мәселесін талқылап, ірі байларды мал-мүлкі мен жер-суынан айыруға, айдатып, жер аударуға жол ашты. Елге түрлі салықтар салынып, онсыз да күйі кеткен ауылдарды қатты күйзелтті. 1927–1931 жылдардағы Кеңес өкіметінің сынаржақ саясатынан туындаған орынсыз талап пен шексіз қиянатынан зардап шеккен халық барлық өңірлерде ірілі-ұсақты көтерілістерге, наразылықтарға шықты. Сол жылдары Кеңес саясатына қарсы 372 халық наразылығы болып, оған 80 мыңнан астам адам қатысқан деген деректер бар. Сондай көтерілістердің бірқатары 1930 жылдары Семей өңірінде орын алды. Олардың қатарында Өскемен және Зырян көтерілістері, Шұбартау, Абыралы, Шыңғыстау көтерілістері және тарихы әлі толық зерттелмеген Боқты көтерілісі бар. Бұл көтеріліс Қарқаралы-Балқантау өлкесіне жататын, бұрынғы Қарқаралы уезі, Ақсары болысына қарасты №1 ауылында (1928 жылдан Қу ауд. №10 а.) болған. [1, 128б]

Қарқаралы аймағында 1929 жылдан бастап наразы шаруалар жекелеген топқа біргіп өкіметтің адам түсінбейтін әкімшілік бассыздығына қарсылық көрсетті. Малды жасыру және айдап әкету, белсенділерді соққыға жығу мен басқа да әрекеттер ауылдардағы қалыпты жағдайға айналды. Әсіресе 1930 жылдың қысы мен көктеміндегі мал дайындау шарасына байланысты тұрғындардың қарсылығы ұйымдасқан сипатқа ие болды. аймақтың округтік бөлігіндегі шаруалар, Қу, Абыралы және Қоңырат аудандарына таяу ауылдардың тұрғындары жаппай қарсылық көрсетті. Сондықтан аудандық басшылық ОГПУ – дің Семейде орналасқан 66 - гвардиялық дивизиясының қарулы отрядын шақыруға мәжбүр болды. Осы отрядтың жазалау жорығының нәтижесінде «Томар», «Кедей», «Бақты» ауылдарынан 150 адамнан астамы тұтқындалды. Олардың 23 адамы сол жылдың жазында-ақ ату жазасына кесілді. [6, 480 б]

Боқты көтерілісін Серікбайдың балалары Әшкер мен Әбді дайындап, тікелей басшылық жасаған. Екеуі де беделді, ержүрек, қайсар сауатты азаматтар болған. Бұлардың інілері, балалары көтерілісті ұйымдастыруда әкелеріне көмектесіп, олардың тапсырмаларын орындады. Атап айтқанда Мұқаш, Ыбырай, Өкеш, Әлденбек көршілес ауылдарға барып, отрядтар ұйымдастырған, мінетін аттарды, қару-жаракты, азық-түлікті дайындаған. Боқты көтерілісін ұйымдастыруға Семей қаласында тұратын Шыңғыстау, Абыралы, Шұбартау, Балқаштағы көтерілісшілердің басшыларымен байланыста бар, елдегі жалпы саяси жағдайды білетін Алаш партиясының сауатты азаматтары тікелей басшылық жасап, көмектесіп отырған. Атап айтқанда, Семейдің Қызылтау ауданының азаматы Мәкет (Махмет) Нұрсұлтанов тұз өндіретін кәсіпорында істеген, «Батпақбұлақ» ұжымшарында басқарма болған. Боқты тауының құншығысындағы Шолжан төренің ауылына орналасып, көтерілісшілердің басшылары Әшкер, Әбдімен кездесіп, көтерілісті дайындауға тікелей басшылық жасаған, олардың мақсаттарын үйлестіріп отырған. Мәкеттің баласы Көктай Абыралы мен Шыңғыстаудағы көтерілісшілермен, Семей қаласымен үнемі байланыс жасап, қажетті ақпараттар жеткізіп отырған. Қу болысының азаматы мұғалім Жақашанұлы Әміре 1921 жылы Ақаев Қасен байды жақтады деген айыппен партиялық тазалауда партия қатарынан шығарылып, мұғалімдіктен босатылған. Бұл да Семей қаласында Мәкет төремен танысып, Боқтыдағы Әшкер ауылына Семейде шығып тұратын «Алаш» газетін әкеліп, басқа жердегі көтерілісшілердің іс-әрекеттерімен таныстырып, Кеңес өкіметін құлатуды жоспарлаған. Мыржық болысының №5 ауылының сауатты азаматы Мұстайұлы Шайқы да Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізгені үшін жер аударылған. Кейін мерзімін өтегеннен кейін Қарқаралыға келіп, «Балықтыкөл» кеңшарының «Скотовод» бөлімшесіне қарасты Қадыр қыстағында жұмыс істеген. Осы жерде жүріп, көтерілісшілермен байланыс жасап, отряд құруға қатысқан. Ақмола лагерінде Жақашанның Әміресімен бірге болған, сотталған И.И.Похомиков, В.С.Власов, В.А.Шведцов деген орыс азаматтары да лагерьден қашып шығып, Боқты тауындағы көтерілісшілерге қосылған. Олар көтерілісшілерге мылтық атып, ұрыс жүргізуге үйреткен. Сондықтан Боқты көтерілісі бірнеше адам ұйымдастырған кездейсоқ оқиға емес, жүздеген



адамдардың қатысуымен дайындалған, алдына арнаулы мақсат қойған, ұйымдасқан күш деп бағалауға лайық маңызды оқиға. Көтерілісшілер өкіметті құлатып, Алаш үкіметін орнатуды саяси мақсат қылып, саяси ұрандары: «Жасасын, Алаш!», өздерінің Ай мен Жұлдыз салған ақ тулары болған.

Көтерілісшілер өздеріне қажетті бірсыпыра қару-жарақ та жинаған. 1921 жылы атаман Дутовтың есаул Токарев бастаған отряды Қытайға қашқанда осы Боқты тауының баурайымен Аягөзге өткені белгілі. Сол кезде Әбді, Әшкерлер ондаған винтовка, граната қолға түсіріп алған. Ал қару-жарақты сақтап жөндеуде Абыз қыстағында тұрған шебер ұста Абылайдың ұлы Асқар Әшкерге тікелей көмек жасаған. 1931 жылдың ақпан айында фельдшер Дүтбаев, Рязанцевтердің Қарқаралыға үш мың патрон, бірнеше винтовка апара жатқанын Мәкет төренің баласы Көктай хабарлаған.

Көтерілісшілердің отряд басшылары Әлденбек, Қайдар олардың жолын тосып, Бекетші деген жерде тонап, әкеле жатқан қаруларын тартып алған. Ал негізінен көтеріліске қатысқан шаруалардың көпшілігінің қарулары сойыл, шоқпар, найза, балта болған, бірлі-жарымында ғана шиті мылтық болған. Дайындық жұмыстары біраз жүргізілгеннен кейін Жұматайдың Уақасы деген байдың ауылында 1931 жылғы 2 наурыз күні ақсақалдардың, бай-билердің, көтеріліс басшыларының съезі өткен. Съезде Жақаманов Әміре, Нұрсұлтанов Мәкет Шұбартау, Абыралы аудандарындағы көтерілістердің барысы туралы хабарлама жасаған. Съезде Қарқаралы, Қу аудандарында Кеңес өкіметін құлату мақсаты қойылған, көтерілісті басқару Серікқұлдары Әбді мен Әшкерге жүктелген. Сол 2 наурыз күні түнде Дүйсенжанның Шамшорасы деген байдың үйінде көтеріліс басшыларының жасырын кеңесі өтіп, Әбдіге көтерілісті 7-8 наурыз күндері бастауға ресми рұқсат берілген. Көтерілісшілер бірнеше отрядқа бөлініп, 7-8 наурыз күндері қарулы қимылды бастап, Кедейтеңдік, Батпақбұлақ ұжымшарларын, Қадыр қыстағындағы кеңшардың мал семіртетін қорасын, Майдан қыстағындағы Скотовод бөлімшесін, ондаған кооперативті басып алған. Жарыққұдық деген жердегі №10 Бүркітті ауылдық кеңесін және басқа да ауылдың басқарушы адамдарын, партия, кеңес қызметкерлерін тұтқынға алып, оларды Боқты тауының бауырындағы Исабай деген қыстақта бірнеше күн қамауда ұстаған. Барлығы 14 адам. [3, 187 б]

Кезінде Қарқаралы ауданының «Комсомол шыңы» колхозының председателі болған Құлшарып Ахметов былай деген еді: ...Маған осы адамдарды тұтқыннан босату тапсырылды. Түн жамылып, мен тұтқындағы 14 адамды түрмеден шығардым. Ішінде «Скотоводтың» директоры Ғабду Шорабаев та болды. Екі жақтан да шығын болды. [2, 53б]

Көтерілісшілер үлкен күшке айналып бара жатқан соң Қу аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Хасен Рахымов, ОГПУ бастығы Несіпбай Тақыровтардың шақыруымен Қарқаралыдан 60-70 адамы бар 2 отряд, Баянауылдан 30 адамы бар 1 отряд келген. Наурыздың 14-і күні аудан орталығы Егіндібұлақты алу үшін Әбді Серікұлы мен Мәкет Нұрсұлтанов бастаған 150 адамдық көтерілісші отряд жолға шығады. Олар Қу ауданында ұйымдастырылған 100 адамдық өкімет әскерімен Байқожа тауының сыртындағы «Саршоқы» деген жерде кездескен. Бірақ екі жақ соғысқа бармай, түнге қарай көтерілісшілер шегініп кеткен. Көтеріліс басшылары сабырға келіп, ағайынның өзара қырғынға ұшырауын тоқтатқан. Көтерілісшілер шағын шабуыл, қоқан-лоққы жасап, текетіреспен жүргенде Семейден жедел хабармен А.Чупиннің 2 пулеметі бар, қару-жарағы сайлы 22 солдаттан тұратын жазалаушы отряды жетіп үлгерген. Сол кезде Шыңғыстау, Абыралы, Шұбартау көтерілісшілерін асқан қатыгездікпен басқан әскери айла-тәсілі мол Чупиннің жасағына қарапайым ауыл шаруаларынан құралған, қару-жарағы да мардымсыз көтерілісшілер төтеп бере алмады. Жазалаушылар көтерілісшілердің ауылда қалған қарттары мен әйел-балаларын алдарына қалқан етіп айдап, шабуылға шыққан. Амалы таусылған көтерілісшілер қаруларын тастауға мәжбүр болған. Кеңес өкіметінің жергілікті билігі көтеріліске қатысушыларды аяусыз жазалады. 69 адам жауапқа тартылып, белсенді басшылары саналған 19 адам ату жазасына бұйырылды. Елдің жүрегін шайлықтыру үшін көтеріліске қатысқандардың көптеген отбасы мүшелерін «Астау тас» деген жерге апарып атып тастаған. [1. 129б]

Олардың ішінде: Серікұлы Әбді, оның баласы Хамза, Ахметов, Бекбаев, У.Жұматаев, Ж.Елеусізов, Ә.Қасымбеков, Ыбырай, Сәмекин Ахмедия, Шәріп, С.Сәлменов және тағы басқалар бар. Пахомиков, Власов, Шведцовтар бес жылға сотталды. Сотталған 69 адамның көпшілігі көтеріліске тікелей қатыспаған. Біразы байлардың балалары болғаны үшін көтерілісшілерге ақыл-кеңес берді, соларға жанашыр болды деген сылтаумен сотталған. Көтерілісшілердің балалары, туған-туыстары



қуғынға ұшырады. Көтеріліске тікелей қатысқан 42 адамның әйелдері, балаларымен Қу ауданының орталығына айдалып әкеліп, бірнеше күн киіз үйлерде ұсталған. Олар Қарқаралыға жеткізіліп одан әрі Балқашқа жер аударылған. Көпшілігі Балқашқа жетпей қырылып қалған. КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 1988 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде және 1990 жылғы 29 сәуірдегі Қарағанды облыстық прокурорының қаулысымен 1931 жылғы Бокты оқиғасына байланысты сотталған, айыпталған азаматтар толық ақталды. [3, 188 б]

Сонымен, Бокты көтерілісі дегеніміз не? Оның мәртебесі қандай болмақ? Шаруалар көтерілісі ме? Ең алдымен, бұлар сай-саладан, қырдан-ойдан жиналған тобыр емес. Бір аймақтың, болмаса, өңірдің тұрғындары. Демек, бұлар бір-бірімен туыс жандар. Қан туыстығы – қандай көтерілістің болсын, ішкі қуатын арттыратын факторлардың бірі. Шаруалар көтерілісі дейін десек, көтеріліс басшыларының барлығы да сол кездегі сауатты, көзі ашық, ел тізгінін ұстаған бақуатты азаматтар. Оның үстіне шиті мылтық, бердеңке, винтовка, гранаталары болған. Өздерінде жоқ қаруды өзгелерден тартып алған. Демек, осы бас көтерулеріне алдын ала дайындалған. Көтерілісшілер сапына советтік қызыл аппаратта қызметте болған, кейін сенімсіздік көрсетіліп жұмыстарынан тайдырылған партоқраттар да тартылған. Түрлі себептермен қазақ даласына жер аударылған орыс қашқындары да осы топты тапқан. Олар көтерілісшілерді соғыс тактикасына дағдыландырған, қару соғуға қатысқан. Және айнымай аяғына дейін тұрған.

1931 жылғы 8 - майда ашылған № 02157 істің айыптау қорытындысында былай деп жазылған: *«1931 жылы наурыздың ортасында мүлкінен айрылған ағайынды байлар Серіков Әбді, Әшкер, Мұқаш, Ыбырай және олардың балалары ауылда коллективтендіру тәртібін саяси шаруашылық науқанын жүргізу, тап ретінде байлар мен кулақтарды жою кезінде Қазақстанда Кеңес үкіметі құлайды деген өсек таратып, Қу және Қарқаралы аудандарының территориясында құрамында 500 - 600 адамы бар контрреволюциялық банды ұйымдастырған. Олар біраз ауыл кеңестерін, колхоздарды, коммунистерді, қару-жарақты басып алып, Кеңес үкіметін құлатып, байлардың үкіметін құруды мақсат еткен».*

Бұл көтеріліс басқа өңірлермен байланыс орнатып, жаушы ұстаған. Ол аз десек, көтерілісшілердің штабы болған. Көтерілісшілердің құрылтайы шақырылып, оның мақсаты, жоспары дәйектелген. Демек, бұл шаруалар көтерілісі емес. Көтеріліс бір күнде бірнеше жерден бас көтерген. Оның құпиялығы сонша, советтік жаншу аппараты алғаш бетте дәрменсіздік танытқан. Көрші аудандардың чекистерінен көмек сұрауға мәжбүр болған. Олай болса бұл көтеріліс – халықтық көтеріліс!

Қызыл кепеу, милиция өздерінің дәрменсіздігін бүркемелеу мақсатымен бұларға қарақшылар деп қара таңба басқан. Дұрысы, қызыл таңба! Өйткені, оларды қалың бұқараға бөжекей етіп көрсетіп, банды деген! Кісі өлтіруші, тонаушы, зорлықшы топ ретінде тергеусіз, сотсыз атып тастап отырған. Көтерілісті басуға Семей губерниясының үш ауданының әскери отрядтары тартылған. В.Михайлов «Ұлы жұт жылнамасы» кітабында былай дейді: *«В городе около 300 человек заключенных последние дни абсолютно ничего не получают и живут на передачах, если кому носят. В домзаке цинга, обострение туберкулеза, цинга в детдомах».*

Бұл 1931-1932 жылдардағы Қарқаралыдағы жағдай. Өздері нан тауып жей алмай отырып, осыншама адамды қамақта ұстаулары қалай? Бұлар кісі өлтіруші, болмаса ұрықары емес, бұлар банды-бүлікшілер еді. Бүлікшілердің атылғандары атылып, аман қалғандары еді бұлар. Бұл үштіктің үкімі шыққанымен, жергілікті үкімет сол үкімдерін өздері орындай алмай жатқан түрі болатын.

Белгілі өлкетанушы Ю.Попов өзінің «Бахтинские страницы» зерттеуінде қарқаралылық чекист Никита Зиновьевич Червоппен кездесуінде былай деп жазады: *«Был дан приказ: с бандитами вести переговоры, предлагать прекратить борьбу и сдаться местным властям. Как правило, уговоры не действовали. Все заканчивалось перестрелками. Помню, погиб в одной из них земляк Алексей Бедрин. Для доставки оружия выбрали площадку под самолёт. Прилетел У-2 и нагнал страх на противника, который действовал отчаянно и дерзко. Были попытки прорваться в город, на окраинах постреливали. Потом, собрав солидные силы, мы начали наступление на Бокты».* Ең қызығы, сол айырыланды «Қараның қолмергендері атып түсірген көрінеді».

Бокты көтерілісіне қатысушыларды бандалар деп қоймай, басмашылар деп те қаралаған. Бұл деректің де өмір сүру құқы бар. Көтеріліс басылған соң жаншу операциясының қатыгездікпен өткені белгілі. Көтерілісшілердің әйелдерін жаяу-жалпылап Балқашқа айдаған. Солардың көбісі барар



жеріне жетпеген. Көтерілісшілердің бір тобы чекистердің құрығынан сытылып кеткені белгілі. Бір тобы Ресейге бет түзесе, енді бір тобы Балқаш арқылы Ферғана жазығына шыққан. Басмашы деп жүргеніміз осылар.

Байқасақ, жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы көтеріліс орталығының бірі Қарқаралы болғанын көреміз. Ел білетін Шұбартау, Абыралы, Боқты көтерілістеріне Тоқырауын, Шет қырғынын қосыңыз. Сол кездегі Қарқаралы дуанының аумағы Еуропаның үш-төрт мемлекетін өзіне сыйдыра алатын. Мұнда үш жыл бойы халық толқуы үздіксіз жүрді. Қызыл әскермен соғысты. Бір-екі күн емес, апталап, айлап соғысты. Соғысқа пулеметті айтпағанның өзінде айырплан қатысқан... Жан алып, жан беріскен шайқастар жүрді. Сонда бұл толқуды не деуіміз керек? Шаруалар көтерілісі ме? Сол көтерілістердің бәрі де жеңілді. Неге? Қызыл әскердің мықтылығынан ба? Жоқ! Тағы да жоқ! Жоқ! Бүлікшілер қылша мойындарын қылыш астына өздері төседі. Өйткені, оларға қарсы қызыл өкімет топтап айдап қазақтарды салды, ауылдастарын салды, руластарын салды, бала-шағасын салды...

Боқты көтерілісі кейбір тарихшыларымыз айтып жүргендей, тобырлардың көтерілісі емес, бұл – кәдімгідей барынша құпия ұйымдастырылып, басқасын айтпағанда, орыс-қазағы араласып, қолдарына қару алып, саяси талаптар қойған халық наразылығы, халық көтерілісі. [5, №36, 46]

Уақыт өткен сайын ел жадынан өшіп бара жатқан осындай көтерілістер, наразылықтар қазақ елінің азаттық жолындағы күрестерінің бір беті болып тарихта қалды. [1, 1296]

Әдебиеттер:

1. Әбдіхалықұлы Ә, Наушабай Д. Қазақ көтерілістері. Боқты көтерілісі.-Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 2015;
2. Бактыбаев Ә. Қарқаралыда осылай болған. Қарқаралы журналы. №2 (23), 2004;
3. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006;
4. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. - Алматы: «Қазақ университеті», 1992;
5. Майбас Т. Боқты көтерілісі: қарақшылары қайсы, басмашылары қайсы?-Орталық Қазақстан газеті. №36, 6-сәуір 2019;
6. Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні.-Алматы: Эверо, 2004.

КӨНЕ ТАРИХТЫҢ КУӘСІ – МАЛАЙСАРЫ ПЕТРОГЛИФТЕРІ

Ершыбулова Ж.Д.

тарих және қоғамдық пәндер мұғалімі,
№20 Дарынды балаларға арналған арнаулы лицей,
Талдықорған қ.

Өз өлкенді тану – рухани жаңғырудың даңғыл жолы. Туған жерді жеті қазынаның басы ретінде қастерлеумен қатар үлкен міндет тұр. Ол міндет – жерімізді қорғаумен қатар тиімді пайдалану және оны көркейтумен тікелей байланысты. Батырлар мен ақындар бірі найзамен, бірі жырмен қорғап қалған ұлан байтақ даланың қазіргі иесі ретінде әрбір Қазақстан азаматы өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқару керек. Ол міндетті қазақ жерінің азаматы ретінде орындау үшін Ұлы даланың әр өзен-көлін, жер-суын, тау-тасын, оның тынысын сезе білу керек. Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Қазақстан – қазақ баласы үшін шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені. Туған жерді, оның мәдениеті мен салт-дәстүрін айрықша іңкәрлікпен танып-білу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Мемлекет басшысы ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейтінін айтқан болатын. Туған өлкенің сай-саласы, тау мен тасы – тарихтың тұнған баға жетпес байлығы.

Аманаттың салмағын, парыздың қасиетін, борыштың сұрауын ұрпақтың бойына дарыту, үрдісті үзбей, дәстүрді бұзбай жеткізу – аға буынның міндеті. Бұл міндетті сезініп-ұғыну үшін байлығы мол туған жердің қасиетін, оның қыр-сырын білу керек. 313 өлең жолдарынан тұратын Тоныкөк жазбасында – «...түнде – ұйқы көрмедім, күндіз – күлкі көрмедім; қызыл қаным төгілді, қара




терім сөгілді; күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі елім үшін!» - деген екен. Осындай жүрекке патриоттық сезім, жанға рух, жігер беретін ата-бабалардың сөзі – жас ұрпаққа, мына біздерге әлемді сыни тұрғыдан емес, оның жұмбақ сыры мен ашылмаған құпияларын тарих беттеріне өшірілместей бейнелеп жазу деп білемін.

Петроглифтердің біздің тарихымыз үшін алатын орны ерекше екені анық. Десек те бұл аңыз болып табылатын құнды естеліктер – әлі де толыққанды зерттелмей жатқаны белгілі. Соңғы жылдары Құлжабасы, Қаратау тауларынан тарихи маңызы жағынан құнды ірі ескерткіштер табылды. Солардың қатарында осыған дейін еш жерде аталмаған, ешқандай дереккөзінде атауы кездеспеген Алматы облысындағы Архарлы тауынан табылған жартастағы суреттер де бар.

Осыған орай, оқушыларымның назарын ата-бабаларымыздан мұра болып қалған қазақ даласының үлкен тарихи сыры бар Малайсары-Арқарлы тауларының петроглифтеріне аударуды жөн көрдім. Жұмбақ қырымен ерекшеленетін аңызға толы жартастағы суреттер біздің арнайы барып зерттеп, ғылыми жоба тақырыбына негіз етіп алуыма түрткі болды.

Бұл археологиялық ескерткіштер Талдықорған қаласынан 113 шақырым жерде, дәлірек айтар болсақ, Алматы облысы Кербұлақ ауданы Малайсары ауылынан бірнеше шақырым қашықтықта табылған. Біздің пайымдауымызша, бұған дейін олардың саны әлдеқайда көп болған. Өкінішке орай, сол маңайда орналасқан тас өндіру карьерінің іс-әрекеттерінің нәтижесінде Малайсары тауы шатқалының көп бөлігі талқандалған.



1-сурет. Алматы облысының картасы

XX ғасырдағы Кеңес археологтары А.Г.Максимова, А.С.Ермолаева, А.Н.Марьяшев секілді тұлғалар Қазақстан территориясындағы түркі петроглифтерін зерттеу жаңа басталып келе жатқаны туралы айта келіп, көп жағдайда өз зерттеулерінде Тамғалы алқабындағы тас бейнелер жайлы ғана жазған. Ең алғаш алпыс жыл бұрын бұл өңірге табаны тиген белгілі археолог, альпинист, Кеңес және Қазақстан тарих ғылымдарының докторы Алексей Николаевич Марьяшев. 25 жасында Таңбалы тастар тұрған орынға барып шағын зерттеу жүргізген. Бірақ ол Малайсары-Арқарлы жартастарының петроглифтерін таппай кеткендігін айтады. Малайсары ауылының тумасы, Талдықорған қаласы Жегісу телеканалының директорының орынбасары Серік Әбікенұлының туған жерге деген ыстық махабатының және жеріміздегі құнды ескерткіштерді сақтап қалу мақсатында археологтарға осы жартастарда петроглифтер бар екендігін айтты. Марьяшевтің бастамасымен шағын зерттеу экспедиция тобы құрылып, нәтижесінде Арқарлы мен Малайсары сілемдерінде 20-ға жуық осындай тастың барын анықтаған, алайда көп ұзамай атақты археолог өмірден озды.

Марьяшевтың пайымдауынша, тастағы суреттер қола және темір дәуіріне жатады. Қола дәуіріндегі петроглифтер екі түрлі дәстүр арқылы көрініс береді. Біріншісі – тас ғасырынан жалғасқан аңдар мен адамдар болса, екіншісі – біздің заманымызға дейінгі II мыңжылдықтың екінші жартысына қатысты әскери күймелер бейнелері бар көріністер. Бірінші дәстүр бойынша, аңдардың суретін




салуды жалғастырумен қатар, адам бейнесі антропоморфтық кейіпте болып келеді. Оның дәлелдері – Қазақстан жеріндегі Саймалы-таш, Тамғалы, Ешкіөлмес аңғарлары және Қойбағар, Арпаүзен атыраптары. Ал бейнелік атаулары өзімізге мәлім: күн басты адам, бұқа үстіндегі күн басты адам бейнесі. Малайсары ауылының тұрғындары күн басты адам бейнесінің де жартастарда болғандығы туралы айтты. Өкінішке орай, қазір де бұл жәдігерден көз жазып қалған жайымыз бар. Дегенмен, аталған ескерткіштер орнында ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілсе әлі де талай тың дүниелер табылары хақ.

Бүгінгі таңда Сарыбастау ауылдық округінде 16 археологиялық ескерткіш бар, ал Малайсары петроглифтері алдағы жоспар бойынша 17-ші болып тіркелмек. Бұл тарихи аймақ мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынбаса төл тарихымызға жасалған қиянат болар еді.

Қола, сақ-ғұн дәуірлеріндегі адамдар ойлаудың аңыздық (мифологиялық) сатысында болғаны белгілі. Олар көктемдегі күн теңелуден соң жер жырттып, егін егіп, мал төлдетіп, күзде өнімдерін жинап алып, қыс қамына кіріскен. Табиғаттағы жылдан-жылға қайталанып отыратын ырғақшы құбылыстардың үйлесімділігін бұзбай сақтау үшін жылдың әр бір маусымдарында көзден таса биік жартасты тау шатқалдарында немесе басқа орындарда от жағып, құрбандық шалып, өздерінің тұрмыс-тіршілігін табиғат жөніндегі танымдық түсініктерін қасиетті саналатын орындардың маңындағы жартастарға бейнелеп отырған.

Талдықорған – Малайсары бағытында болған экспедицияда тау шатқалдарында тау ешкі, атқа жегілген екі дөңгелекті арба, жыртқыш аңдардың суреттері салынған жартас бар. Ұсақ кристалды биік жартастың жылтыр бетіне салынған суреттердің негізгі бөлігін садақ пен аң атып тұрған аңшылардың, ірі қараның, тауешкілердің, қола дәуірінің екі дөңгелекті атқа жегілген әскери арбасының, демалып жатқан құлжаның, жыртқыш аңдардың арпалысының бейнелері құрайды. Археолог-ғалымдардың пікіріне сүйенсек әскери арба қазақ даласында алғаш рет біздің жыл санауымыздан 2500-3000 жыл бұрынғы қола дәірінде дүниеге келген.

Жартастағы бұғылардың кескініне қарап ислам дініне дейін қазақ даласында әр тайпаның өзіндік тотемі болған тәңіршілдік кезеңінің белгілерін аңғаруға болады. Петроглифтерге қатысты дәуірлердің қай-қайсысын алсақ та хайуанаттармен байланысты келеді. Аңдарды тас бетіне бедерлеп, оймыштап салудың маңызы қаншалықты күрделі?! Біріншіден, адамдардың аңдар мен жануарлар бейнелерін салуды алғашқы кезде тіршілік көзі үшін оларды аулау болса, екіншіден, уақыт өте өз айналасындағы тіршілік иелеріне көңіл бөліп, олардың қасиеттеріне қарай пір тұтты. Үшіншіден, жануарларды өз қажеттеріне пайдалана бастады. Төртіншіден, қоршаған ортадағы аңдарды ауызекі әңгіме түрінде аңыз, миф арқылы ғаламдық түсініктеріне арқау етті. Тасқа қашалынып салынған бұғы мен таутеке суреттері көп кездеседі. Өлі де зерттеуді қажет ететін «қасиетті орын» (святителище) – Малайсары-Арқарлы жартастарындағы маңызы тереңде жатқан ерекше құнды жәдігер болып есептеледі.



2-сурет. Арқар бейнесі.



3-сурет. Бұғы суреттері.



4-сурет. Жартастағы жануарлар бейнесі.

Петроглифтерді оқып-үйрену барысында оқушылар жартастағы аң бейнелі суреттердің салыну мақамы мен осы өңірдің көне дәуірдегі шаруашылығын, халықтың тұрмыс мен тыныс тіршілігінен сыр шертетін жартастағы суреттердің бірнеше түрін анықтадық. Жорық барысында жиналған деректерді талдай отырып төмендегі кестеде көрсетілген топқа бөлдік.

1-кесте. Малайсары тауларындағы жартастағы суреттерді топтастыру

Қола – сақ кезеңдерінің жартастағы суреттері			
Жұп тұяқты ұсақ жануарлар мен жыртқыштардың суреттері	Жұп тұяқты ірі жануарларының суреттері	Үй жануарларының суреттері	Антроморфты суреттер
Тау ешкінің қозғалыстағы бейнелері	Тұрған және қозғалыс үстіндегі бұғының кескіні	Жылқының бедерлі бейнесі	Садақ атқан адамның бейнесі
Құлжа мен арқардың бедерлі бейнелері		Екі дөңгелекті арба жегілген аттың бейнесі	Ат мінген адамның бейнесі
		өгіздің, түйенің бедерлі бейнесі	
Салыну тәсілдері: тастың бетіне қашап салған кескіндер, сызып салынған бедерлі бейнелер, екі әдісті қатар қолданып салынған суреттер			

Мифологиялық өнерге жақын болғандықтан алыстан қарағанда петроглифтердегі бейнелер түкке тұрғысыз болғанымен суреттердің салынғана мақамы мен мазмұнына терең үңіліп қарағанда қозғалыс үстіндегі аңдар мен үй жануарларының бейнелерінен Жетісу өңірінде мекендеген тайпалардың арасындағы талас-тартысты көрсететінін аңғаруға болады. Малайсары тауларындағы андезитті дайқаларда, ұсақ кристаллды базальтты жартастарда жер жырттып жатқан өгіздің, жусап жатқан құлжаның бейнелері жиі кездеседі. Өйткені бағзы замандағы адамдардың дүние танымына сай өгіз алып күштің, құнарлықтың символы болған.



5,6-суреттер. №20 ДБАЛ оқушылары зерттеу жұмыстары үстінде

Малайсары тауларындағы бейнелер үш түрлі әдіспен салынған. Олардың біріншісі тесемен ұрып салынған. Сан ғасыр өтсе де олардың іздері әлі де өшпей айқын сақталған. Екіншісі тастың бетіне қашап сызып, салған кескіндер. Үшіншісі жоғарыдағы екі әдісті қатар қолдану тәсілімен салынған суреттер.

Жетісу өңірінде жиі кездесетін тастағы суреттердің мән-мағынасы мен салынған уақыты жөнінде жан-жақты тарихи ақпараттар берудің маңызы зор

Алматы облысында 2349 тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Оның ішінде 1250 археологиялық ескерткіш. Осы археологиялық ескерткіштің 4 ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енген. Атап айтсақ, Жамбыл ауданы Қарабастау ауылындағы Таңбалы тас – тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық мұражайы, Талғар ауданындағы ортағасырлық Талхиз, Балқаш ауданындағы Қарамерген және Сарқан ауданындағы ортағасырлық Қойлық қалашықтары. Енді міне жеріміздегі сыры тереңде жатқан байлығының бірі – Малайсары ескерткіштері мемлекет тізіміне алынып жан-жақты зерттелетін болса, өлке тарихына қосылған зор үлес болар еді.

Әлі де зерттеуді қажет ететін, тынысы ашыла алмай тұрған, өткенімізден сыр шертетін аңыз орын – Малайсары-Арқарлы петроглифтерін бүгінгі күні Жетісудың ерекше ескерткіштерінің бірі екендігін бірінші болып жобамда қорғағаным – мен үшін үлкен мәртебе!

Әдебиеттер:

1. Жетісу өлкесінің тарихы мен археологиялық деректері: Мақалар мен жариялынымдар жинағы. – 6 шығ. Алматы, 2019. – 242 б.
2. Ә.Марғұлан, – «Ежелгі мәдениет куәлары», 5 бет. – Алматы, – 1965 жыл.
3. П.В.Агапов, М.К.Қадырбаев, – «Сокровище древнего Казахстана», 133 бет. – Алматы, – Жалын, - 1979 жыл.
4. Марьяшев А.Н., Рогожинский А.Е. Көксу өзені аңғарындағы жартасқа салынған суреттер. А., 1990.

ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДІҢ ТАРИХИ -- МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Есенгулова Т.С.

«Ғ.Әбдірахманұлы атындағы Қима орта мектебі» КММ
Ақмола облысы, Жақсы ауданы

*Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал,
жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында.*

Н.Ә.Назарбаев.

Ұлттық мәдениет – халықтың ежелден жалғасып келе жатқан өзіне тән өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы есебінде қалыптасып, жетіліп отырады. Рухани-мәдени мұраларымызды танып білуде дәрменсіздік көрсету – қоғамымызда мәдени сабақтастық пен тұтастықтың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сол себепті, жастардың бойына ата-бабаларымыздан жеткен тарихи-мәдени мұраларға



деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының бірінші президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында 10 басым бағытты атап көрсеткен. Бұл жолдаудың негізгі мазмұны қазіргі жаһандық жағдайда әлем елдерінің көшінен қалмай, ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін ғылыми-техникалық, ақпараттық-технологиялық салаларды дамыту және адами капитал - жаңғыру негізі екендігін атаған болатын. Сонымен қатар елімізде ұлттық мәдени мұраларды және Отандық тарихымызды тануға, зерттеуге көңіл аударыла бастадық. Тарих бетіне ел тарихында өзіндік орны бар есімдер қайта оралды. Тарихи зерттеулердің әдіснамалық негізі түбегейлі өзгерді. Ендігі кезек халықтың мәдениеті мен құнды жәдігерлерді жастар бойына сіңіру. Сондықтан жергілікті жердің мәдени-тарихи құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың инициативасы бойынша әзірленді. Бағдарлама тарихи-мәдени дәстүрлерді қайта жаңғырту мен дамыту сабақтастығын, еліміздің мәдени мұрасын насихаттау, қолдану, сақтау және зерделеумен байланысты негізгі аспектілерді анықтайды, мәдени мұраны зерделеудің тұтас жүйесін жасауды, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениет, фольклор, салт-дәстүрлер, жазба және ұлттық әдебиеттің ғасырлар бойғы тәжірибесін жинақтау, ғылыми және көркем сериялар құру бойынша, сондай-ақ тарихи-мәдени ескерткіштерді реставрациялау, консервациялау және мұражайландыру, мәдени мұра мәселелерін топтастыратын материалдық-техникалық, ғылыми-зерттеулерді дамыту мен нығайтуды қарастырады.

Сайып келгенде, осының бәрі мемлекет болып қалыптасуымыз үшін, ұлт болып топтасуымыз үшін қажет жағдай. Әлемдік ғылым мен мәдениеттің озық жетістіктерін бойымызға сіңіре отырып, қазақстандықтардың рухани кемелденуі, өркениет көшінен кейін қалмауы ең негізгі мақсат етілді. Ал рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде патриоттық сезім, отаншылдық рух қалыптасатыны белгілі. Әсіресе бүгінгі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу – мемлекеттік идеологияның темірқазығы болуы тиіс.

Бүкіл адамзат тарихының дамуымен біздің тарихымыздың тығыз және ажырамайтын байланысы және өзара қатынасының нәтижесі болып табылатын материалдық мәдениет ескерткіштерін сақтауға бәріміз борыштымыз.

Мәдениеті жоғары, тарихи танымы орнықты, ойы сергек елдің рухы да биік. Рухы биік халықтың іргесі де берік, әлеуметі де қуатты, ынтымағы да жарасты болмақ деп есептеймін. Біз бүгінде дербес, жаңа тұрпатты мемлекет құрудың келесі кезеңіне қадам бастық. Бұл кезеңде Қазақстан халқы ұлттық даму мүддесінің аясына шоғырланып, тарихи мұраларымыз ел тұтастығының символына айналуы тиіс деп білем.

Бұл жұмыс бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – Қазақстанның, соның ішінде Ақмола облысы Жақсы ауданындағы Қима ауылының тарихи-мәдени мұра құндылықтары тақырыбына арналып, олардың мәдени мұра етіліп алғынған әндері мен тарихи тұлғаларын, мұражайын рухани дамыту және сақтау мақсатында жұмыс жасамақпыз. Қазіргі кезде жаһандану жағдайында Қима халқының тарихи-мәдени мұрасын оның дамуының негізі мен кепілі ретінде сақтап қалудың маңыздылығын атап көрсетеміз. Сондықтан алдымызға мақсат қою арқылы жүзеге асырамыз. «Өлкетану-ұлттық жаңғыру» бағдарламасы аясында жастардың және оқушылардың өзінің отанына, еліне, жеріне сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Жергілікті жердің тарихи-мәдени құндылықтары» тақырыбында курстық бағдарламасымен биылғы жылы жұмыс жасаймын.

Мақсаты:

1. Оқушыларға өз елінің өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, жаңа даму тарихы туралы танымын, патриоттық және азаматтық сана-сезімдерін қалыптастыру.

2. Өңірдің тарихы мен мәдениетіне ерекше маңызы бар рухани және білім салаларын дамыту, мәдени мұраның сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету.

3. Мектеп мүмкіндігіне қарай ғылым негіздеріне тереңдеп оқыту.

«Өлкетану» курсы бағдарламасының міндеттері:

1. Жас ұрпақты әлеуметтік белсенділікке, туған өлкесінің мәдениеті мен тарихына, табиғатына деген сүйіспеншілікке, қоғамның мәдени, әлеуметтік өміріне белсенді қатысуына үйрету;

2. жас ұрпаққа өзі мекен еткен табиғи ортаның қадір-қасиетін жете түсінуге баулу;



3. әсемдігін, мөлдірлігін көре, түсіне, сезіне, сүйе білуге, тұнық ауасын бұзбауға, үйлесімдігін сақтауға, мейірімділікпен, жанашырлықпен, қамқорлықпен, сезімталдықпен қатынас жасауға үйрету;
4. оқушыларды өздік жұмыс атқаруына ықпал жасау;
5. ғылыми – зерттеу жұмыстарының жобасына дайындау;
6. археологтар мен тарихшылардың шығармашылығымен таныстыру;
7. оқушы санасына туған халқына, жеріне, табиғатына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру.

«Өлкетану» бағдарламасында тарихи-мәдени құндылықтарды оқушыларға оқыту әдістері мен тәсілдері:

1. Өлкетану бағдарламасында оқытудың интерактивті әдісін және ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы.
2. Мектеп мұражайындағы тарихи-мәдени құндылықтарға саяхат жасау арқылы.
3. Ауыл кітапханасы мен мектеп кітапханасынан тарихи тұлғалар өмірімен шығармашылығымен танысу арқылы.
4. Зерттеу мен шығармашылық жұмыстарын жазу арқылы оқыту әдістерін қолдану.

Еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, айрықша маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру жөнінде ауқымды жұмыс атқарылды. Сонымен қатар оқушыларға тәрбиелік мәнін дамыту мақсатында ауылымыздың тарихи тұлғалары мен Қима өңіріне арналып жазылған әндердің тарихи-мәдени құндылықтарының дамыту ролін қалыптастыру. Оқушылардың патриоттық сезімін, дарындылығы мен тапқырлығын, батырлығы мен пәктігін, жомарттығы мен парасаттылығын көрсете алатын өз ұлтының азаматтық тұлғасына сай қоғамға қажетті рухы биік тұлға дайындау. Бүгінгі күні мектеп мұражайында 200 астам мәдени құндылықтарын сақтауда.

Келер ұрпақ халқымыздың арғы-бергі тарихына, мәдени құндылықтарынан мағлұмат беретін дәлелді дәйектерді өз дәрежесінде оқу үшін өлкетану жұмысына байланысты барлық шараларды жандандыру қажет. Қазақ халқы – ұлы халық, қазақ тарихы – ұлы тарих. Ата тарихын жинау қажет. Сондықтан оқушыларға ауылымыздың тарихи-мәдени құндылықтарын таныстыру, өз еліне деген сүйіспеншілікке, туған ата-анасын, тілін құрметтеуге тәрбиелейміз. Бұл тақырыпты алуымның себебі, ауыл тарихын оқушыларға оқыту және тарихын зерттеуге баулу. Сонымен қатар Д. З. Қазыбаеваның Елтану курс бағдарламасына сүйене отырып, өз ауылымыздың тарихын оқыту барысында курс жоспарын құрдым. Осы бағдарлама бойынша тарихи-мәдени құндылықтарымызды рухани дамыту және оны сақтауға көп көмегі тиеді деген оймен алдарыңызға ой тастадым.

Өлкетану курс бағдарламасы бойынша оқушылардың еліне, жеріне деген махаббатын, адамгершілік қасиеттерін, сонымен қатар өз елінің тарихын құрметтейтін тарихи тұлғаны қалыптастыру. Осы бағдарлама бойынша оқушылар аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат оқиды.

I Бөлім

Өлкетану тарихымен танысу (8 сағат)

Оқушыларға Қима ауылының неліктен осылай аталуын, ауылдың әсем табиғаты мен көркем көріністерін, аудан орталығымен таныстыру.

II Бөлім

Оқушыларды мектеп мұражайымен таныстыру, мәдени-тарихи құндылықтарды дамыту мен сақтау туралы, Қазақ халқының өткені мен бүгінін салыстыратын заттар мен қолжазбалар туралы мағлұматтар.

III Бөлім

Ауылдың танымал тұлғалары (8 сағат)

Қима ауылының танымал тұлғаларының өмірі мен еңбек жолдарымен танысу, тың игерушілер мен Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен сұхбаттасу, олардан үлгі-өнеге өсиеттерін оқушыларға жадына сақтауына бейімдеу.

IV Бөлім

Сыныптан тыс іс-шаралар (10 сағат)

Қима ауылына арналған өлеңдерді жинастыру. Ол әндердің шығу тегімен таныстыру. Сонымен қатар әндер байқауын ұйымдастыру арқылы оқушылардың әнге деген қызығушылықтарын арттыру.



Пәнаралық байланысы: тарих, әдебиет, география, музыка пәндерімен бірге кітапхананың жұмысын жүргізе отырып, оқушылардың танымын кеңейту.

Мектебіміздегі мұражайдан Қима өңірінен шыққан тұлғалар және тарихи-мәдени құндылықтарды, өлең-жырлар жайлы деректер мен мәліметтерді өлкетану бағдарламасында қолдана отырып, оқушыларға еліміздің тарихын, әдебиетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын қалыптастыру мақсатында оқыту және пайдалану.

Атаулы мектеп мұражайының ашылуына үлес қосқан алғаш жетекшісі Рахимова Бикен Рахимқызы мен қазіргі кездегі жетекшісі Үсембаева Майра Әбілқызы туралы мәліметтер беру.

Оқытудың әдіс-тәсілдерінің тиімділігі.

Оқушыларға оқытудың интерактивті әдісін және ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданып отырамын. Бұл технология оқушыны өз бетінше ой қорытып, жауап табуға және өз бетімен ізденуге ұмтылтады. Ой-пікірін нық сеніммен айтып, дәлелдеуге, компьютерлік білімін арттыруға көмектеседі.

Осы әдіс-тәсілдерді қолдана бастаған алғашқы сабақтардан бастап, оқушылармен қарым-қатынас өзгеріп, ұйымдастырудың тиімділігін арттырудың қуатты құралына айналды.

Интерактивті тақта үш бағытта жұмыс жасайды.

1. Электронды оқулықтарын үлкен экран арқылы көрсету.
2. “StarBoard” бағдарламасы арқылы жұмыс атқарады, керекті суреттер мен бейне қорларды және дайындаған материалдарды пайдалану.
3. Жай тақта ретінде қолдану.

Интерактивті тақтамен слайд арқылы ауылымыздың тарихын, тарихи тұлғаларын, тарихи-мәдени құндылықтарын, ауылдың тұрған жерінің сұлбасын сызу тақырыбында сабақтар өткіздім. Осы тақырыптарда ауылдың танымал тұлғаларын, ауылымызға арналған өлең-жырларын оқушыларға таныстыра отырып, сол кісілердің шығарған өлеңдерін аудио таспадан тыңдатып, мағынасы түсіндірілді. Мектеп мұражайына және ауыл кітапханаларына саяхат жасау арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арттып, интеллектуалдық, шығармашылық белсенділігін, дарындылығын дамыту факторларының бірі болып табылса, ұстаз үшін шеберлік пен сауаттылығын арттыра отырып, даму бағытына сәйкес іздемпаздыққа үйрету құралы болып табылады. Ал, біздің мақсатымыз да осы, яғни баланы білімді ету. Осы мақсатта оқушыларымның жеткен жетістіктері мынадай:

1. Оқушылар бір-бірінің пікірін тыңдады, орта деңгейдегі оқушылардың сабаққа белсенділігі артты;
2. Тарихи-мәдени құндылықтарды рухани дамыту және сақтау туралы өлкетану бағдарламасында өз білімдерін кеңейтті және білімдерін шыңдады;
3. Оқушылардың географиялық білімін жетілдіру барысында тарихи және өмірден алған деректерді өз бетінше ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы білімдерін толықтырып отырды.
4. Оқушылар бойынан өз ауылының тарихына шолу жасау арқылы еліне деген сүйіспеншілігі арттады.
5. Өз ауылынан шыққан танымал тұлғалар мен танысып, сол кісілерден тәлім-тәрбиені, үлгі-өнегені өз бойына сіңіреді.
6. Тарихи-мәдени құндылықтарын рухани дамыту және оны сақтау мақсатында оқушыларға өлкетану курс бағдарламасы бойынша тарихи тұлғалар мен мектеп мұражай тарихының, ауылымызға арналған өлең-жырлардың маңыздылығынан оқушылардың өз шығармашылығының артта түсуіне маңызы зор.

Осылайша қазіргі сабақтарымда оқушылардың шығармашылық мүмкіндігі кеңейді. Сонымен қатар технологияның тиімділігі сондай, мұғалім бағыт-бағдар беруі арқылы өз бетімен ізденіп, жаңа мәліметтер алып, еңбектену арқылы игереді.

Нәтижесінде: өзіндік ізденіс жұмыстарын жүргізеді; оларға талдау жасайды; түйін жасауға дағдыланады; өзіне қажеттіні біліп алуға ұмтылады.

Өлкетану бағдарламасының адам өміріндегі шынайы фактілерді пайдалану бағдарлама шеңберінде ғана емес, оқулықты, кейде толық курсты да қамтып кетуі мүмкін, ол туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін оятумен қатар, өз ата-бабаларын мақтан етуге, яғни адамгершілік сезімін де оятып, Отанға деген махаббат сезімін қалыптастырады.



Тарихи оқиғалардың дұрыс-бұрысын замана қателіктері мен жетістіктерін бағалауға үйретуде жергілікті жер материалдарының маңызы зор.

Өлкетану бағдарламасының тарих пәні, әдебиет саласына, сонымен қатар мәдениет саласының тарихы құндылықтарын дамытуда үлкен рол атқарады.

Сонымен қатар осы жұмыстарымен оқушылар аудандық, мектепшілік іс-шараларға қатысады. Курсты меңгеру барысында оқушылар шығармашылық, өзіндік және тәжірибелік жұмыстар орындайды: топ серуендер, саяхаттар, ақпарат пен әдебиетпен жұмыс, интервью алу, микрозерттеулер, өлең, аңыз жазу, слайд фильмдерін жасауды үйренеді.

Әдебиеттер:

1. Пәнаралық байланыс негізінде // Қазақстан мектебі. Алматы, 2004. 42-44 бб.
2. Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал. 2006. №3
3. Ғ.Әбдірахманұлы атындағы Қима орта мектебінің мұражайы. Пайдаланған құжаттар.
4. Ақмола облысының тарихи және мәдени мұрасы. Ескерткіштер жиынтығы – Алматы: «Қаз қалпына келтіру» РМҚ ҒЗЖФ, 2008.
5. Оқушылар шығармашылық жұмысы.
6. Қазыбаева Д.З., «Елтану». Көкшетау: Келешек – 2030, 2009.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӨЛКЕТАНУ ЖОБАЛАРЫ

Жұмағұлова Т.Т.

тарих пәні мұғалімі, тарих ғылымдарының магистрі,
Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Сәтбай Т.Я.

Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясы, Қызылорда қ.

Қазіргі білім саласында жүргізіліп жатқан өзгерістердің басты мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның тірегі жас өскелең ұрпақтан ой-өрісі дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп шығару. Оның басты алғышарты ретінде әрбір мектеп оқушысына туған жері мен тарихын, табиғатын, шыққан ортасын тереңдетіп оқыту, адамдарын ардақтауға, тану, зерттеу, жариялауға үйрету арқылы жаңа ғасырдың парасатты, білімді, іскер азаматы болуға негіз қалыптастыру қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласындағы «Туған жер» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасының «Тарихи сананы жаңғырту» тарауын жүзеге асыру мақсатында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясы қауымдасқан негізде іске асырылатын «Sacral тур» атты тарихи-танымдық экскурсия және «Village life», жобалары жасалынды. Танымдық экскурсия еліміздің өңірлері бойынша жаппай мектеп туризмінен жаңғырту мақсатында Қызылорда облысындағы жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне енген тарихи-мәдени ескерткіштерге тарихи-танымдық саяхат ұйымдастырылды.

«Сын тұрғысынан ойлауды, әдетте, білім берудің негізгі кезеңдерімен – орта мектептің жоғары сыныптары мен жоғары оқу орындарында оқушылармен байланыстырады. Алайда, сын тұрғысынан ойлаудың негіздерін кішкентай балалармен жұмыс барысында, қажетті дағдыларды дамыту мақсатында білім берудің ерте кезеңінен дамытуға болады. Бұл жолдағы ең оңтайлы тәсіл – балаларды өз тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру. Бізде балалардың қызығушылығын оятып, олардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін қолдануға болатын, әлемнің түрлі бөліктеріндегі және тарихтың түрлі кезеңдеріндегі тұрмыс салты туралы мысалдар жеткілікті»[1:44]

Оқушыларды дәстүрлі түрде бір бағытта сыныпта оқытып қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастыра отырып, экскурсия немесе көру арқылы ақпаратпен танысып, бір-бірімен ой бөлісіп жұмыс жасау өсіп келе жатқан ұрпаққа көбірек тиімді. Осы мақсатта «Sacral тур» жобасы шеңберінде «Қазақстанның киелі жерлеріне саяхат» атты тарихи-танымдық экскурсиялар ұйымдастырылды. Экскурсия: Сығанақ қалашығы (X-XVІІІғ.ғ) Сауран қалашығы (XІІІ-XVІІғ.ғ)



Арыстан Баб кесенесі (ХІҮ-ХҮғ.ғ) - «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы (ХХғасыр) облыстың шығыс бағыттарында жүргізілді. Тарихи негіздерге сүйенсек:

Сығанақ, Сунақ Ақ Орданың астанасы болған ортағасырлық мықты бекіністі қала. Қызылорда облысы Төменарық темір жол стансасының солт.-батысынан 10 км жерде орналасқан. Ғасырлар бойы қыпшақ ұлысының мәдениет пен сауда орталығы болған қалаларының бірі – Сығанақ. Қаланы бірінші тарихқа белгілі еткен араб географы Әл-Максиди. Ол ғалым Жетісу мен Сыр бойы қалаларын атай келіп, өзінің атақты кітабында «Тараз, Сығанақ» деп жазады. Сол заманнан бері қарай Сығанақ қыпшақ ұлысының астанасы болып келді. 12 ғасырдан бастап ислам дінін қабылдады [2:38-43].

Сауран. Ортағасырлық Сауран қаласы-Жаңақорған ауданы, Талап ауылынан 15 шақырым оңтүстікке, Түркістан қаласының солт.-батысына қарай 35 шақырым жердегі темір жол бойында орналасқан. Сауран қаласы жөнінде алғашқы мәліметтер 10 ғасырдың бірінші жартысында Истархи әл-Максиди, Натанзи, Рузбихан, Васифи т.б. еңбектерінде кездеседі. Сауран қаласы орта ғасырларда оғыз-қыпшақ, 13 ғасырда шекаралық қала болып 16 ғасырда Ақ Орданың астанасы және ірі қаласы ретінде танылды. Сауран дала мен орта ғасыр қала мәдениеттерінің тоғысқан, Ұлы Жібек жолындағы сауда тірегі болған, Орта Азия мен Қазақстан жерінде өз сыртқы бейнесі сақталған ертедегі қалалардың бірі [3:51-52].

Арыстан Баб кесенесі (ХІҮ-ХҮғ.ғ) – кесене ХІІ ғ ғ өмір сүрген діни көріпкел арыстан баб мазарының үстіне салынған. Кесененің бірінші құрылысы ХІҮ-ХҮғасырға жатады. Сол құрылыстан кесілген айқын тізбектері қалған. ХҮІІІ ғасырда көне мазардың орнында жер сілкінісінен кейін екі кесілген ағаш тізбекке тірелген екі күмбезді құрылыс орнатылды. ХҮІІІғасырда құрылыс қиратылып, фриз жазбалары бойынша 1909жылы қайта салынды.1971жылы жоғары деңгейдегі грунт сулары салдарынан мешіт құлатылып, қайта орнатылды. Құрылыс алебастр ерітіндісінде күйдірілген кірпіштен қабырғаның сырт жағына салынды. Қазіргі кезде бұл кесене Орталық азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады[4].

«Әзірет Сұлтан» қорық мұражайы(ХХғасыр) - «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы –тарихи архитектуралық кешен. Қожа ахмет Яссауи архитектуралық кешені ЮНЕСКО-ның Қызыл кітабына енгізілді.

Ақын, ислам дінінің көрнекті жаршысы, «Түркістан пірі» атанған ғұлама Қожа Ахмет Иасауи(Әзірет Сұлтан) құрметіне арнап Әмір Темір салдырған кесене негізінде Түркістан қаласында 1991жылы ашылған. Бұл түркі жұртының, мұсылман қауымының қадір тұтатын киелі орны.Кесене төңірегінде Жолбарыс хан, есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Қасым хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр,т.б. белгілі адамдар жерленген [5].

«Sacral тур» жобасы шеңберінде «Қазақстанның киелі жерлеріне саяхат» тарихи-танымдық ұйымдастырылған экскурсияға бағыт алған оқушыларды алдын-ала оқушыларға мақсат-міндеттер және қандай нәтижеге қол жеткізетіндігіміз туралы ақпараттандырылып, толық жеткізілді. Мақсатты түсінген оқушылар ерікті түрде: «Жас археолог», «Жас биолог», «Жас журналист», «Жас өлкетанушы» болып төрт топқа бөлінді.

«Жас өлкетанушылар» тобы өлкенің тарихын аңыз –әп санасын, сыр өлкесіндегі тарихи – мәдени орындардың қазіргі таңдағы мазмұны мен маңызын зерттесе, «Жас археолог» тобы оқушылар туының сокрал тур жобасы бойынша бағыт алған ортағасырлық Сығанақ және Сауран қалашықтарының архитектурасына қызығушылық танытып, әрбір мәдени қабатын және онда табылған тарихи артефактарды қолымен ұстап, маңыздылығына көз жеткізді. Ал, «Жас биолог» тобы шөлді және шөлейт аймақтарда орналасқан Қызылорда облысының флора мен фаунасын зерттеу мақсатында жоба аясында арнайы құрылды. Жас биолог тобы Сыр өңірінде кездесетін қызғалдақтар мен сарғалдақтар, дала көкнәрі, құм акациясы мен жыңғылдар, «Қызыл кітапқа» енген ақ сексеуілді және тарихи-танымдық тур барысында далалық аймақта кездескен тасбақа, кесіртке, жыландарды көзбен көріп, фотообъективке алды. «Жас журналист» тобы жоғарыда аталған үш топтың мүшелерінен экскурсия барысында сұқбат алып, журналистік ізденістер жүргізіп, қойын дәптерлеріне керекті мәліметтерді түртіп алды. Экскурсия соңында жобаға қатысушы оқушылар Сокрал тур тарихи-танымдық экскурсиядан алған әсерлерін қағаз беттеріне түсіріп, эссе жазды. Үздік эссе қабырға газетіне шығарылды. Бұл сабақ соңында жүргізілетін рефлексия көрінісі еді.



Бұл жобаның басты ұраны 100 естігеннен бір көрген артық. «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есімде сақтаймын, есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң үйренемін»[6]. –деп Конфуций көрсеткендей, оқушыларды тек айтып

Оқушылар бір мезет ежелгі және ортағасыр уақытына оралып, сан ғасыр бұрын өмір сүрген халықтың табанының ізі жатқан жерде тұрып, қолдарының табы қалған бұйымдарды ұстап, ерекше әсерде қайтты. Жастар бір сәт археолог, өлкетанушы, биолог, журналист ретінде өздерін сезініп сол мамандықтың қыр-сырын меңгерді. Оқушыларын мамандық таңдауында бағыт –бағдар беріліп, болашақ маман болудың мүмкіндіктерін пайдалана білді. Ішкі және сыртқы туризм дамиды.

Жалпы, «Қазақстанның киелі жерлеріне саяхат» тарихи-танымдық ұйымдастырылған экскурсияның өсіп келе жатқан ұрпақ үшін тарихи маңызы зор кіріктірілген, қызықты сабақтардың бірі бола білді. Алдағы уақытта облыстың батыс бөлігіне бару жоспарлануда.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «НЗМ»ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2016ж
2. «Жаңарған Жаңақорған» А., 1998ж. 38-43б.
3. 1. Т.Мәми «Кейінгі орта ғасырлардағы Арал өңірінің қалалары (13-18ғ.)» Қ. Принт баспасы, 2007 ж. 51-52 бб.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8
5. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2

ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ – ҰРПАҚА ҮЛГІ

Аманбекова А.М.

бастауыш сынып мұғалімі,

Ж.Ақылбаев атындағы эксперименталдық мектеп-гимназиясы,
Ақсу-Аюлы ауылы, Шет ауданы, Қарағанды облысы.

Әр өлкенің адамы, табиғаты және рухани мәдениеті арасында көзге көрінбейтін нәзік жіп сияқты байланыс бар. Ол – ата-бабадан қалған тарихи-мәдени мұра. Оны зерттеп, танып білмей болашаққа қадам басу мүмкін емес.

Қасиетті Сарыарқаның төсінде, шығысында өр Қызылтау, батысында әйгілі Бұғылы – Тағылы, оңтүстігінде көкке шаншылған Толағайы бар, киелі қара Нұраның бастауы болған Шет өңірі - ақындар дауылдатқан, батырлар дабылдатқан қайнарлы өлке. Осы ұлы, шежірелі өлкенің тумасы, өзінің көркем туындыларымен қалың жұртшылыққа кеңінен таныс болған ақын, әуесқой сазгер, күйші ағамыздың бірі – Зәрубай Сүйіндікұлы.

Зәрубай Сүйіндікұлы – 1947 жылы киелі Нұра топырағында дүниеге келген. Еңбек жолын Ы.Алтынсарин орта мектебінде ауыл ұстазынан бастап, аудандық білім бөлімінде жетекшілік қызметтерге дейін көтерілген. 40 жылға жуық басшылық қызметінде болған, мектеп директоры, мәдениет бөлімінде, аудандық білім бөлімдерін ұзақ жылдар басқарды. Осынау өмірімен бірге өрілген сан алуан қиындыққа толы істерді атқара жүріп, өз бойындағы табиғи дарынына да шектеу қойған жоқ. Қаншама жауапты қызметтер атқарса да, өнерден қол үзбеген. Ақындығын ұштап, әсем әндер жазып, киелі қара домбырасын қолтығынан тастамай жүруі, қажымас қайратының, жігерінің арқасы деп ойлаймын. Осындай қарбаласқа толы кезеңнің өзінде ол дүниеге бірнеше әндер мен күйлерін, өлеңдерін әкелді. Туған елге, жерге деген ерекше махаббаты оның шығармашылығында айшықталып тұрады. Соларды жинақтап «Баспагер» баспасынан «Өмір толғауы» атты жинағын жарыққа шығарды. Бұл жинағында топтасқан жырлары өзіндік өрнек, толғаныс иірімдері – оның сұлулыққа құштар жүрек лүпілі тәрізді. Артық бояу, әсірелеусіз, қаз қалпында ақ қағазға жыр болып төгілген өлең жолдары табиғи таза қалпымен өзіне баурап алады. Зәрубай ағамыз 60 – қа жуық ән мен ондаған күйдің авторы. Сонау 70 – ші жылдардың соңында аудан халқы өздерінің жаңадан құрылған «Ақсу - Аюлы» ансамблінің ыстық ықыласпен қабылдап, оның әрбір концертіне тайлы – таяғына дейін барып тамашалап қайтатын. Атақты композитор Әсет Бейсеуов пен ақын Саттар Сейтқазин ағаларымыз «Ақсу-Аюлы» ән- би ансамблінің ұжымын жасақтап, репертуарын айқындап берген соң,



солармен қоян – қолтық еңбектеніп, кейін сол ансамбльмен Қазақстанның түпкір – түпкірін аралап өнерлерін тамашалатып қайтқан. Аз уақыттың ішінде көрермендердің көзайымына айналып үлгерген ансамбль репертуары да жаңарып, жаңғырып отырды. Ансамбль шын мағынасында әр ауылдың асыға күтер сүйіктісіне айналды. «Ақсу-Аюлы» ән-би ансамблін Республикаға танымал етуде еңбегі ерекше болды. Алматыға бастап апарды. Кейін Министрліктен рұқсат алып, Семей облысын аралап, ауданымыздың өнерін паш етті. Болмысындағы биязы мінезі мен сыпайылық қасиетімен, ерекше ізденіспен тер төгуінің арқасында халық театрын ұйымдастырып, ән-би ансамблі мен оның репертуарын байыта отырып, ерекше ізденіспен тер төккені елге аян. Осы кезеңдерде ансамбльдің репертуарына «Ақсу-Аюлы – жыр мекен» атты ән енгізілді. Ол әннің авторы аудан өнерінің тарихына есімі алтын әріппен жазылуға лайық, ерекше дарынды, он саусағынан өнер тамған музыкант, марқұм Ыбыжан Төлегенов еді. Майталман сазгер Ы.Төлегенов екеуі бірігіп жазған «Ақсу-Аюлы – жыр мекенім» әні бүгінде аудандық гимнге айналған. Бірақ сол әннің мәтінінің кімдікі екені бертінде дейін айтылмады. Оны жазған Зәрубай Сүйіндікұлы екені кейіннен мәлім болды. Себебі, алғашқыда Зәрубай аға болмысындағы сыпайылықпен авторлығын жария етпеген екен.

Зәрубай аға бұл әннің шығу тарихы туралы былай дейді. Бір күні Ыбекеңді шақырып алып: «Әзірге құпия ұстайық, мен Ақсу-Аюлы – жер мекен» деген әннің сөзін жаздым, көптен бері ойда жүр еді, осыған ән жазайық» – деп ұсыныс жасадым. Ыбекең алғашқыда шоршып түсті. – Біз әзірге ешкімге айтпаймыз, сен дайындалып көр, – дедім. Іс-сапар, жиналыстан қол тие бермейді. Бір жарты айдай өткен соң, Ыбекең созылмалау ән нұсқасының жобасын көрсетті. Ұнамады «Ән вальс темпінде болу керек» дедім. Ыбекең бір күні келіп отыр, Татьяна (жолдасы) «Ты что пиликаешь, перестань» деп ренжіпті. – Жарайды, үйде дайындамай-ақ қой, сағат 6-дан кейін Аюлы жақта дайындаймыз – дедім. Ол кезде қай бір көлік бар, тыңдаушыға Нұрмұқан марқұмға айттым. Сонымен не керек, аэропортта істейтін Қуаныш Сабыров деген азаматтың мотоцикілі бар үш аяқты, сонымен кешке қарай Ыбекеңді тауға алдырамыз. Айға жуық уақыт бойы бір мәмілеге келе алмай қойдық. Біресе домбыраға саламыз. – Ыбеке «Даланың дарханы аруы арқаның» деген қайырманы домбыраға көтере орындап, сен бүкіл әнді осыны негізге ала отырып, құрып көрші» – дедім. Сонымен бір ай көлемінде ән жобасы келді. «Ел күле ме? деп ойлап қоямын» сонымен ән жаман емес сияқты. Ақырындап айттыра бастадық, бұл «не ән?»- деп сұрап қояды елдер. Елдің құлағы біртіндеп үйренді. Ән сахнада алғашқы кезде орындалғанда авторлар туралы ешнәрсе айтылмай жүрді. Келе-келе ел әнді жақсы қабылдаған соң ғана жария етіле басталды. Негізгі оқиғасы осы екен. Міне, содан кейін «Туған жер», «Балдәурен», «Шет жастарының әні», «Ақсу-Аюлы – арманым», «Ақсу-Аюлы – аңсарым», «Аюлым-ақ биігім» әні мен сөзін жазған әндер дүниеге келді.

Әйгілі «Ұлытау» ән – би ансамбліне жетекші болып, Грузия Республикасының 60 жылдығына қазақ елінің өнерін паш етуге қатысқан. «Ән мен әнші» бағдарламасында патриоттық әндер конкурсын өткізуге ұсыныс жасаған да осы Зәрубай ағамыз еді. «Мектебім - көктемім», «Қарағанды көктемім», «Махаббат» әндері үшін лауреат, дипломант атанды. «Жас қанат» байқауында Ақтоғай ауданының «Тоқырауын толқындары» ансамблінің орындауында «Домбыра» әні бірінші орынды жеңіп алды. Аудандық халық театры М.Әуезовтың «Қаракөз» драмасын сахнаға шығарып, республикалық конкурста жүлделі орын алды. Қашанда туған ел, туған жерге деген перзенттік ыстық ықыласы суымайтын ағамыздың шығармашылығы да тұтастай осы елге, осы жерге осы елдің тарихи тұлғалары мен қасиетті қара Нұраның топырағында туған өнерпаз ұл – қыздарына арналады, солар деп тебіренеді, солар деп жырлайды.

Бақыт деген байлық емес ұғымым,

Жыр боп шашыл, күй боп төгіл ғұмырым.

Бұлағыңнан бастау алдым бұлқынған,

Қасиетті туған жерім – тұғырым – деп жырлаған акын осы төрт жолға өмірлік мұратын жайып салғандай. Зәрубай ағаның шоқ жырларын, қай әнін алсаң да туған жерге, елге ыстық жүрек лүпілінен ұлы махаббаттың лебі еседі.

Әлихан Бөкейханұлының 150 жылдық мерейтойына арнап «Әлихан» әнін жазды. Бұл ән осы кісіге арналған Қазақстандағы жалғыз ән. Арнайы мерейтойға шақырылып, Ә.Бөкейханұлының құйма бедерін сыйға тартып, шапан кигізген. Деріпсалы батыр бабамыздың 300 жылдық мерейтойына арнап, «Алмас қылыш», «Дербісалы батыр» жыр жолдары, «Алатау», «Толағай және Орал», «Балықты бұлақ» жырлары да өмірге келді. Сонымен қатар «Ит туралы баллада», «Құс жолында



қалықтаған қайран күн» атты өлеңдері де бар. Ұлттық спортымызға, ұлттық үрдістерімізге бей – жай қарамайтынын, ит жүгіртіп, құс салу, аңшылықпен айналысу табиғат анамен тығыз байланыста болуы басты ұстанымы екенін көруге болады. Әр жылдары, әр түрлі көңіл күйі әсерінен туындаған өміршең өлеңдері – бір төбе.

Қазақтың дарынды ақындары Несіпбек Айтұлымен, Серік Ақсұңқарұлымен, күйші Дәулетбек Садуақасов, Саян Ақмолда, Сержан Шәкірат, Қайролла Дәулетбекұлы сынды өнерпаздармен тығыз байланыста болып, шертпе күйдің ордасы болған Шет ауданы Күй керуенінің келуін дәстүрге айналдыруға ықпалды үлес қосты. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында ауданымызда Республикалық «Күй - керуен» байқауын ұйымдастырушылардың бірі болды. Қыздарбек, Әбди, Сембек, Аққыз, Әбікен, Бегімсал, Дәулетбек күйшілердің күй мұраларын жинақтап, аудандық мұражайға «Күй - ғұмыр» атты тұрақты көрменің ұйымдастырылуына ұйытқы болды. Оларды еске алуға арналған шығармашылық кештер ұйымдастыру жұмыстарына да зор еңбек сіңірді.

Шет ауданының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан азаматтың мерейлі 70 жас тойында ақынның «Сарыадырдың самалы» атты кітабының тұсауы салтанатты түрде кесілді. Зәрубай ағамыздың туған елге, туған жерге деген кіршіксіз, ерекше махаббаты өлеңдері мен әндерінде өзіндік ой – өрнектерімен ерекшеленіп туындаған «Сарыадырдың самалы» атты жаңа кітабында арналған. Ағамыздың санаулы жинақтарының қай – қайсысы болмасын жүрегінді дір еткізер сағыныш мұны еседі. Ғұмырының соңына дейін шығармашылықтан аластамай, қолынан қаламы мен қазақтың қара өлеңінің құдіреті мен сырына молынан қаныққан ақын – сазгердің «Жыр боп шашыл, күй боп төгіл ғұмырым» жинағы, «Ақсу-Аюлы- аңсарым» әні халыққа ерекше ұнап, облыс көлемін шарлап кетті. Оған клип жазылды. Ән 2018 жылы аталып өткен ауданымыздың 90 жылдық мерейтойының гимні болды. Артына мүмкіндігінше өлмес мұрасын қалдырып, ұрпақ игілігіне аманат етті.

Зәрубай Сүйіндікұлы өз елінің өрелі де өнерлі тұлғаларын құрметтеп, өмірде жоғының әруағын қадірлеп, көзі тірілермен қанаттанса, қатарласа еңбектеніп келе жатса, оның өзін елі қадірлейді, өнеріне сүйсінеді, табысына қуанып, шабысына шаттанады. Ұзақ жылдар бойы туған өлкенің мәдениетімен білім беру саласында сіңірген еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Үкімет орындары мен елі үлгі етіп, тиісінше бағалады. «Қазақстан Республикасы білім беру ісінң үздігі», «ҚР – Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» төсбелгілерінің иегері. 2011 жылдың қорытындысы бойынша облыстық мәдениет басқармасының «Үздік композитор», аудан әкімінің «Жыл адамы» аталымдарын жеңіп алды. Жетістікке толы еңбегі аудан әкімі мен облыстық білім басқармасының, ҚР Білім Министрінің марапаттарынан бірнеше мәрте атап өтілді. Азаматтың бағасын биліктен алған марапаттары емес, жетістікке толы еңбегін елден алған алғысы айқындайды. Сондықтан да бұл кісінің ел алдындағы жүзі жарқын деп айтуға болады. Біз Зәрубай Сүйіндікұлымен мақтанамыз. Оның еңбек жолы, қалдырған ізі жас ұрпаққа өнеге болып қала бермек. Шыны керек, оның әндері мен өлеңдері толықтай патриоттық туындылар. Үлкенге - құрмет, кішіге – ізет еткен ақын, күйші – композитор ағамыздың туған ел, туған жер дейтін киелі ұғымға шексіз махаббат пен құрметін айшықтайтын шұрайлы жыр жолдары, асқақтаған әсем әндері құзыр шыңнан құлаған мөлдір бұлақтай сарқылмай келешек жас ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Шет ауданы энциклопедия – Алматы: 2011ж
2. Орталық Қазақстан 05.10, 13.10 . 2017 ж
3. Сарыадырдың самалы. 2017 ж
4. Шет шұғыласы 23.05.2019 ж



БОЛЬ И ГОРЕЧЬ МИНУВШИХ ЛЕТ

Ахметова С.Ж.

учитель начальных классов
школы-гимназии имени Ж.Акылбаева с.Аксу-Аюлы,
Шетского района, Карагандинской области

История - это память народа, дающая знание того, что было. А было разное... Было то, чем по праву гордимся, бережно храним, поклоняемся, было и то, о чем предпочитаем молчать.

Памятники... Что они могут сказать и рассказать? Из истории страниц мы знаем, что после окончания гражданской войны 1919-1920 годов, репрессии продолжались в течение двух десятилетий в массовом порядке, а фактически еще дольше. Как считают историки, за годы советской власти в той или иной степени подверглись репрессиям около 40 миллионов человек. В Казахстане с 1921 года по 1954 год, согласно статистике, было осуждено около 100 тысяч человек, при этом более 20 тысяч человек были расстреляны. Также тысячи были приговорены к заключению с формулировкой "без права переписки", что, по многим свидетельствам, означало ту же смертную казнь.

Для казахского народа период массовых репрессий обошелся очень дорого. Наиболее активных деятелей Алаш Орды, в том числе Ахмет Байтұрсынов, Алихан Бөкейханов, Мыржақып Дулатов, Мухамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ільяс Жансұғұров, Беймбет Майлин, Санжар Асфендияров, Султанбек Ходжанов, Турар Рыскулов, Смағұл Садвақасов, Абдрахман Байдиылдин и другие. Часть этих деятелей была расстреляна, другие умерли в лагерях. Многие из выживших были позднее, в 1937 году, обвинены повторно и расстреляны. Некоторых сослали в другие республики СССР.



Репрессированные обвинялись в национализме, вредительстве, саботаже и шпионаже в пользу иностранных государств. Частыми были обвинения в антисоветской агитации и пропаганде, которые нередко исходили от других граждан - соседей, сослуживцев и просто знакомых. Как выяснилось позднее, почти все эти дела были сфабрикованы и, на самом деле, преследованиям подвергались те, кто пытался отстаивать интересы казахского народа, выступал против так называемых перегибов и злоупотреблений со стороны представителей власти, в том числе против форсированного проведения коллективизации, приведшего к гибели миллионов казахов от голода. Поэтому, после смерти Сталина был начат пересмотр таких дел, многие были освобождены из мест заключения, а те, кто был расстрелян или умер, были реабилитированы посмертно. Эта работа была продолжена после обретения Казахстаном независимости. Известно, что в те годы проводилось много открытых, показательных судебных процессов над "врагами народа". Но основная часть репрессированных осуждалась тайно. На территории Казахстана находилось множество учреждений системы Главного управления лагерей и мест заключения, которое сокращенно называли ГУЛаг. В числе этих мест заключения АЛЖИР - Акмолинский лагерь жен изменников Родины, где сейчас устроен музей, а также Степлаг (Степной лагерь), Карлаг (Карагандинский исправительно-трудовой лагерь). Наше поколение – поколение технического прогресса, которым не удалось увидеть и услышать боль и страдания минувших лет и ту горечь, которая постигла наших предков в годы репрессии. Администрация школы организовала поездку в Карлаг, которая находится в п.Долинка г.Караганды. Об этом свидетельствуют снимки.



В казахстанские лагеря было отправлено более 5 миллионов человек. Также Казахстан стал местом для принудительного переселения множества представителей народов Кавказа, немцев, корейцев, турок, иранцев, крымских татар, поляков и других. Это было связано с обвинениями этих народов в пособничестве немецким оккупантам во время Великой Отечественной войны. Многие из этих переселенцев смогли выжить в трудное время только благодаря помощи и

поддержке со стороны казахского населения.

Повествованием этому служит рассказ Гертруды Платайс. В далеком 1990 году в Казахстан прибыла Гертруда Платайс - бывшая заключенная Акмолинского лагеря жен «изменников» родины. Тогда она впервые поведала сотрудникам музея «АЛЖИР», как в первый раз увидела местных казахов и как они отнеслись к заключенным женщинам. Дело было в одно бурное зимнее утро. Женщины-узницы под усиленным надзором конвоя собирали камыш на берегу озера Жаланаш для постройки бараков. У каждой заключенной была своя норма и для ее выполнения приходилось работать по 17-20 часов в сутки. Измученные женщины буквально валились с ног, когда из зарослей камыша выскочили старики и дети - местные жители соседнего казахского села Жанашу. Старшие дали команду, и дети стали забрасывать камнями женщин. Конвоиры начали громко и жестоко смеяться: мол, видите, вас не только в Москве, вас и здесь, в ауле, даже дети не любят. «Было очень больно и обидно и, в первую очередь, морально» - вспоминает Гертруда Платайс. Такие "избиения" повторялись в течение нескольких дней. По лицам оскорбленных узниц текли слезы. Они тихо зывали к судьбе и роптали на несправедливость задурманенных и озлобленных сталинской пропагандой казахов... Но однажды обессилев от летевших в нее камней, Гертруда споткнулась и упала лицом на эти самые камни. Секунду спустя до нее донесся запах творога. Камни, от которых она так старалась укрыться, пахли сыром и молоком. Она подняла один из них с земли и положила в рот – он оказался очень вкусным. Она собрала камешки и отнесла в барак, где находились заключенные, среди которых были и женщины-казашки. Они рассказали, что это курт, соленые и высушенные на солнце плотные комочки творога. Оказалось, чтобы хоть как-то помочь пленным женщинами, местные казахи нашли единственный способ, который не привлекал внимания надзирателей, ибо был сокрыт под маской жестокого пренебрежения к пленным. Казахи пережили голодные 1930-е годы, но даже страх потерять своих детей не останавливал их. Втайне они прятали в кустах кусочки вареного мяса, лепешки, курт и толокно. Благодарность на всю жизнь сохранилась в сердцах выживших. «Все лагеря плохие, - рассказывают женщины – но именно в казахстанских выживали многие и, в первую очередь, благодаря казахам. Они на себе испытали голод, холод, лишения».



Эти трагические годы коснулись и жителей моего селения. История Шетского района начинается с 17 января 1928 года. Из архивных данных известно, что нынешний райцентр ранее назывался селом Четское. Местный аксакал, член Союза писателей РК, почетный гражданин региона Кәмел Жүністегі рассказал множество историй и сказаний о былых временах.

Из его уст я услышала, что сорок восемь тысяч людей нашего селения заживо застреляны за сопкой. Эта сопка носит название «Канды кара төбе», что в переводе означает «Кровавая сопка». Этот период еще называют «годами сталинских репрессии».

Кровавой строкой вписаны в историю Шетского района 30-е годы прошлого века. Период, называемый казахами “зұлмат



жылдары”, унес жизни тысяч сельчан. В результате раскулачивания, голода и репрессий всего за несколько лет местное население сократилось почти в 10 раз. И если в 1926 году в районе проживало 48311 казахов, то к середине 30-х годов их осталось всего 5021. Под колеса карательной машины НКВД попали лучшие сыны здешних аулов.

Оклеветанными и повязанными оказались передовые деятели культуры и просвещения. Почти каждый, кто проявлял четкость жизненных установок или хоть как-то был связан с уже осужденными, получал страшное клеймо - “враг народа”. Жертвами доносов стали люди, стоявшие у истоков формирования района: А.Тохтаров, К. Бекболатов, первый учитель района А.Абдраимов, председатель райисполкома Р.Жексенбаев, первый редактор местной газеты Б.Рсаев, педагог К.Жексенбин, народные судьи С.Жақынов, О.Жандыгулов и многие другие. Официальный список репрессированных жителей Шетска сегодня включает 106 фамилий. Реальное количество увезенных из округов печально известными «тройками» потомки не узнают, наверное, уже никогда. Согласно свидетельствам очевидцев тех страшных событий, приговоренных расстреливали и сбрасывали в ямы в непосредственной близости от нынешних поселений.

Монумент, который воздвигнут в память жертвам политических репрессий, окружен железными заборами. Кәмел Жүністегі рассказал композиционное значение этого монумента. Эта композиция в виде человека в цепях, держащего в руках сломанный шанырак, а позади него виднеется остов юрты. Он не просто символизирует то страшное время, но и каждую минуту напоминает сегодняшнему поколению о трагедии, пережитой их дедами и прадедами. О селе Аксу-Аюлы имеющем 90-летнюю историю, можно говорить без конца. Это земля, которая родила множество великих личностей, оставивших свой значимый след в истории. Люди этого края всегда мечтали о свободе и независимости. Наверное, поэтому здесь большое значение придают Дню памяти жертв политических репрессий и голода.

Каждый год 31 мая безо всякого указа или принуждения сельчане приходят к импровизированному месту памяти жертв по печально известной 58-ой статье. Это дань и уважение к людям, которые стали жертвами несправедливости, защищая честь и свободу своего народа и села.

Здесь каждый делится своей болью о прошлом.

Долгие годы местная власть не могла никак определиться с памятником жертвам политических репрессий и голода. И вот наконец в 2014 году было принято решение о воздвижении памятника. На данный момент население нашего села вместе с жителями приграничных отделений составляет всего лишь пять тысяч человек.

Историческая ценность данного памятника состоит в том, чтобы настоящее и будущее поколение не забывало о жертвах политических репрессий. По моему мнению – это дань уважения людям, которые стали жертвами несправедливой жизни, защищая честь и свободу своего народа.



Как мы знаем в 1993 году в Казахстане принят закон "О реабилитации жертв массовых политических репрессий". Цель его принятия - восстановление справедливости и возмещение понесенного пострадавшими ущерба. В 2012 году в Астане в день памяти жертв политических репрессий открыли памятник. Монументальная скульптура

увековечивает страдания народа в тяжелые годы. Комплекс представляет собой "Стену скорби" в форме части юрты "Кереге" и скульптурную группу, состоящую из фигур женщины и ребенка. "Коллективизация оказалась жестоким экспериментом, она разрушила вековой уклад жизни аула, были подорваны тысячелетние устои кочевой цивилизации на нашей земле. Все это привело к



страданиям миллионов людей. Голод и его ужасные последствия стали крупной гуманитарной катастрофой советского периода", - сказал Первый Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев на открытии памятника. А в Акмолинской области сейчас действует мемориальный комплекс, посетители которого могут ознакомиться с историями тысяч погибших узниц лагеря. Таким образом, памятники истории они немые свидетели истории, символы её славных страниц. Изучение истории своего народа, края это возрождение традиции и достижения предшествующих поколений. Тем самым, мы воспитываем уважение и дань к истории своей Малой Родины, чувство ответственности каждого гражданина за судьбу и безопасность своей Родины.



Литература:

1. Қ.Жүністегі, «Темір астау» А.: -2014 г.
2. Қ.Жүністегі, «Зұлмат» А.:2012 г.
3. // Қ.Жүністегі, «Көшің қайда барады», Шет шұғыласы -2013 г.,№19
4. // Қ.Жүністегі, «Ойранды 31 және оның жалғасы», Шет шұғыласы- 2014 г.,№18

ҰЛЫТАУ: КРЕАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСТАН-ТУРИЗМДІ ДАМУ

Баймағамбетова Б.А.
Биология пәні мұғалімі
Сәтбаев қаласы
«№27 ЖОББМ» КММ

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез-келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы

Н.Назарбаев

Өзектілігі: Адами капитал сапасын жақсарту – елдің инновациялық дамуының басты факторы екенін баса айтуы мемлекет басшысының дүйім елді жалт қаратқан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде жарияланды.

Жалпы жұрттың санасы бір демде сілкінуіне себепкер болған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – Ұлт Көшбасшысының елдік ұстаным тамырларын мейлінше тереңдете түсуге қатысты әр кезде жалықпай айтып жүрген мазмұны көшелі әрі көрегенділік сипаттағы ой-пікірлерінің бір арнаға жүйелі негізде тоғысуының көрінісі.

Рухани жаңғыру- сана – сезімдегі соны серпіліс, түбі тоқырауға жетелеуі бек мүмкін таптаурын түсініктерден арылу. Ұлттық құндылықтардың қадірі мен қасиетін терең бағамдауға бет бұру. Елбасы ертеңгі күндері ел болып жұмыла атқаруға кірісетін әрекеттердің маңызы мен мәнін «...Біздің санамыз ісімізден озып жүруі яғни, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» деп баршаға түсінікті түрде дәйектеп берді. Сындарлы шақта бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, жаңаша білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы секілді рухани жаңғыру бағытындағы басты қажеттіліктерді жіпке тізгендей даралап көрсеткен.

Мақсаты: Туған жердің байлығын сақтап, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту арқылы экологиялық және экономикалық жағынан өте тиімді, өнімділігі жоғары жаңа технологияларды жетілдіру

Міндеті:



-өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиені ұйымдастыруда озық педагогикалық тәжірибені және инновациялық идеяларды насихаттау;

- экологиялық және экономикалық жағынан өте тиімді, өнімділігі жоғары жаңа технологияларды жетілдіру үшін идеялар қосу;

- Қасиетті Ұлытау аймағында реакрациялық ресурстан туризмді дамыту алғышарттарын іске асыру;

Күтілетін нәтиже:

-өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиені ұйымдастыруда озық педагогикалық тәжірибені және инновациялық идеяларды насихаттайды;

- экологиялық және экономикалық жағынан өте тиімді, өнімділігі жоғары жаңа технологияларды жетілдіру үшін идеялар толықтырады;

- Қасиетті Ұлытау аймағында реакрациялық ресурстан туризмді дамыту алғышарттарын жүзеге асырылады.

Болашақ Ұлытау туризм орталығының бағыттары

Туризм экономиканың тиімді саласы. Еліміздегі ірі туристік орталыққа айналуы ықтималдығы басым әрі туристік тиімділігі жоғары Қазақстанның аймақтарының бірі бай туристік әлуетке Орталық Қазақстандағы Ұлытау өңірі.Бұл өңірдің табиғи-туристік ресурстары, тарихи – танымдық, ғылыми- археологиялық, этникалық, экзотикалық, туризм түрлерін дамытудың қолайлы жағдайлар жасалды.

Ұлытаудың қазіргі уақыттағы реакрациялық ресурстары

№	формалары	түрлері	мерзімі	себептері
1	Курорттық-санаторлық емделу орталығы	спелеотерапия,рогейн, «Бұлақ пен денсаулық» бұлақ суымен емделу	2018ж	қасиетті үңгірлер, лабиринттер мен бұлақтардың көп болуы
2	Экскурсиялық көрмелер	хайкинг, трекинг,топтық серуендеу	2018ж	атақты Едіге шоқысы, қазақтың ұсақ шоқылары,әсем табиғат көрінісі
3	Спорттық демалыс	жаяу жүргіншілер,велосипед пен мотоцикл, авто көлік	2018ж	ұлан-ғайыр қазақтың даласы
4	Аграрлық туризм	агро-экотуризм бизнесі	2019ж	Аймақтық табиғи жерлерді қорғау
5	Далалық экологиялық жорықтар	Көне тарихи ескерткіштерге саяхат	2018ж	Алашахан, Домбауыл, Жошыхан тарихи орындары
6	Қонақжайлылық туризмі	Маркетинг қонақжайлылық туризмі	2020ж	Ұлттық құндылықтар салт-дәстүрі
7	Туристік индустрия	Инвестициялық курорттық жылжымайтын мүлік	2020-2030ж	Жұмыс орындары, кәсіпкерлік

Ұлытаудың туристік әлеуетін толығымен тексеріп, тарихи ескерткіштердің жағдайын толық зерделеп туристік инфрақұрылым орталығына айналдыру кезек күттірмейтін мәселе яғни, Қасиетті Ұлытау-еліміздің рухани орталығына айналу керек. Ол үшін жақында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі шаралар жасауға ниеттенуі қуантарлық жағдай. Туристік ұйымдар мен «ҚазАвтожол» компаниясымен бірлесе отырып, Ұлытауды аралауға қанша уақыт кететінін,жолдардың жағдайы қандай, туристердің жүріп тұруына нендей шаралардың қажеттілігін анықтады.

Шешімін табатын күндер де алыс емес. Сайып келгенде , тарихқа бай өңірдің туристік орталыққа айналуына арналған алғышарттар жасалуда. Олай болуы заңды да. Сайын дала төсінде бабалар өткен жолданбелгі бергендей болып бой көтеріп тұрған балбал тастар, күмбезді мазарлар, тастағы таңбалар кім-кімді болса да өзіне шақырып тұрғандай. Өткенді білгісі келген, тарихпен танысқысы келген жан алдымен Ұлытауға келсе, ұлт туралы ұғымы кеңейіп, ой –өрісі өркендей түсеріне күмәніңіз болмасын. Демек, қарт Ұлытау қайта жасарып келеді десек, қателеспейміз. Ұлтымыздың тарихи астанасы атанған Ұлытаудың атына заты сай асқақ тұрғаны қай-қайсымыз үшін



де қымбат емес пе? Сондықтан, жаһандану үдерістері дендей енген қазіргі қазіргі күндері Ұлт бесігі-Ұлытау өзінің тарихи миссиясын жаңаша сипатта атұарып, елдің рухани жаңғыруына селкеусіз себесін болары күмәнсіз. Өйткені, ол- ұлт ұлағатының ұстанымы.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2 қыркүйек 2019 жыл Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі
2. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 2018 ж 10 қаңтар
3. С.Кенжеахметов. «Қазақ халқының біз білмейтін 400 салт-дәстүрлері»
4. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы 2017 ж.13 сәуір
5. «Ана тілі» газеті .2011 ж .19 қаңтар
6. Қаз ақпарат.2017 ж 11 ақпан

АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ИГІЛІК-ҚОРҚЫТ МҰРАСЫ

Әбсамтаров Ж.Ә.

дене шынықтыру пәнінің мұғалімі;

Бодаш Е.М.

физика, математика пәндерінің мұғалімі

Ғылыми жетекші,

Құдайбергелұлы Б.

тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Уәлиханов атындағы тарих,

археология және этнология институты

«Қапшағай көпсалалық колледжі» МКҚК, Қапшағай қаласы

Қорқыт ата деген кім? Негізі өмірде болған адам ба? Немесе адамдардың наным сенімінен құралған аңыз адам ба? Қорқыт ата жайлы деректерге сүйенсек: Қорқыт ата VII ғасырда Сырдария өзенінің бойындағы бұрынғы Жанкент қаласында өмір сүрген. Кемеңгер тұлға дүниеге келмес бұрын анасы оны құрсағында үш жыл көтерген деген аңыз әңгіме бар. Анасын жылына бір рет толғақ қысып отырады екен. Қорқыт ата дүниеге келерде табиғат анамыз да ерекше құбылысқа ие болған. Жер-дүниені қараңғылық басып, жұртты үрейге бөлеген. Дүниеге келген сәби есімін осы табиғат құбылысымен байланыстыра отырып, Қорқыт деп атаған.

Ел аузында "Қорқыт айтты" деген мәтелдер жиі кездеседі. Мысалы: "Ескі мамық бөз болмас. Кәрі дұшпан дос болмас. Өлген кісі тірілмес, кәрі дұшпан дос болмас. Өткен қайтып келмес". "Шөлді жердің отын киік білер. Сулы жердің қадірін құлан білер, ұзақ жолдың сырын түйе білер. Шытырманды тау қойнауын түлкі білер". т.б. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда Қорқыт асқан күйші ғана емес, қазақ музыкасының, ән-күй өнерінің атасы. Оның шын мәніндегі күйші-композитор болғандығын ел ішінде сақталған, "Қорқыт күйі", "Қорқыт сарыны" атты музыкалық шығармалары дәлелдейді. Қорқыттың әдеби-музыкалық мұрасы тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтарға ортақ асыл қазына.[1]

Қорқыт дүниеге келгеннен соң да өмірі ерекше болып өрбіген. Ол тау-таспен тілдесіп, табиғатпен сырлас болып өскен. Қорқыт бұғанасы қатқан соң, түсінде әулие қарт аян береді. "Уа,Қорқыт, тұр! – дейді әулие. Сен бір аспап жаса. Аспабың алты жасар нар атанның жілігіндей болсын, шанағы қара бақырдай болсын, көні аруананың бауыр терісінен болсын, тиегі ор текенің мүйізінен болсын, ішегі бесті айғырдың құйрығынан болсын. Аспабыңның аты қобыз болсын. Сол қобыз қиялыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар дейді!"[2]

Қорқыт оянса, көкірегі жырға толып, көмейінен сөз төгілгендей күйге енген екен. Әулие атаның барлық шарттарын орындап,қобыз аспабын жасап шығарады. Қобыздың ішегіне қолы тигенде, көкірегін кернеген күй тіл біткендей болып, қобыз ішегінен күй саулай, төгіле жөнеледі. Бүкіл адамзат, табиғат Қорқыт күйін ұйып тыңдаған екен.

Қорқыт ата жайындағы аңыздардан оның үш түрлі өнерді бойына дарытқан дара тұлға екені сипатталады. Біріншіден, ол оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз. Екіншіден – күйші,



қобыз сарынын алғаш туындатқан өнерпаз. Үшіншіден әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра. Қорқыт ата-мұрасы-бүкіл түркі әлемінде кездесетін ортақ құндылық, байлық деп айтсақ қателеспейміз. Түркі өркениеті мен әлемінің ортақ құндылықтарында Қорқыт атамның еңбегі ерекше. Қорқыт атаның өзіне тән қасиеті арқасында әр кезеңде тарихи жаңғырып отыратын ұлы тұлға екенін аңғармау мүмкін емес.

Қорқыт атаның негізгі мұрасы, Түркі өркениетіне қосқан үлесі-қобыз. Қобыздың қос ішекті болуы да тегін емес. Оның бір өмірді жырласа, екіншісі оған қарсы жауап ретінде өлімді жырлап тұрғандай. Қобыздың ащы, мұңлы үнін тебіренбей тыңдамау мүмкін емес.

Қорқыт атаның Түркі өркениетіне қосқан екінші үлесі – *Қорқыт Ата кітабы*. Қорқыт Ата кітабы-қаһармандық эпос үлгісі, оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы. Ғылымда оның он екі нұсқасы мәлім: Дрезденде (12 нұсқа) және Ватиканда (6 нұсқа) сақталған. Қорқыт Ата кітабы 12 жырдың қосындысы десек, онда он шақты ғасыр ішінде өмір сүрген, он шақты ру, тайпаларының өткен дәуіріндегі оқиғалар суреттеледі.

Қорқыт ата жайлы аңыздарда түркі халықтарының өмір мен өлім мәселесі көрініс тапқан. Аңыз бойынша, Қорқыт ата ұйықтап жатқанда "егер өлімді есіңе алмасаң, мәңгі өмір сүресің" деген аян алады. Біраз күн өткесін баспағын қуып жүріп, жете алмағасын "Өлсем де, жетемін!" дейді. Сол-ақ екен, Әзірейіл келіп, "Сен өлімді еске алдың, енді өлесің!" дейді. Аңыз бойынша Қорқыт Ата өзінің желмаясына мініп, өлім жоқ жерді іздеп аттанады. Ыдырай бастаған жұртының ынтымақты тірлігі жоқтығын көріп, күйінген Қорқыт Ата дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Қайда барса да, алдынан көр қазып жатқан адамдар кездеседі. "Кімнің көрі?" деген сауалына үнемі "Қорқыттың көрі" деген жауап алады. "Қайда барсаң да Қорқыттың көрі" деген сөз осыдан қалған. Міне, осыдан кейін Қорқыттың ажалмен арпалысы басталады. Осы жағдайлардың барлығын көріп, ести тұра, Қорқыт алғаш рет ағаштан алғаш қобызды ояды, оған ішектерін тартады да, оған бар өзінің жанымен беріліп, бүкіл мұңын осы қобызға шағады. Бұл шыққан дыбыс, оның ғажап әуені адамдардың жүректеріне жетеді. Ақыр аяғында жер кіндігін тапсаң тірі қаласың деген аян естіп, өзінің туған жері - Сыр өңіріне оралады. Содан кейін өлімді жеңетін тек өнер деп ойлап, қобыз аспабын шығарады. Қобызын дәріптеп, жұрттың санасын, ой-жүрегін осы күйлері арқылы елжіреткен.

Қорқыт жырлары Оғыз тайпасының ұлы тілінде жазылған Қорқыт ата кітабы («Китаб дадам Коркут ғали лисан тайфа оғузан») деген атпен бізге жетті. (Қорқыт ата кітабы: Алматы, 1986, 3 – б). Бұл кітап жер жүзі түрікологтарына мәлім. Ғалым Ә.Қоңыратбаевтың мәліметі бойынша ол жөнінде орыс тілінде 314, азербайжан, Анатолия түріктері, Батыс Европа және Шығыс елдері тілдерінде 462 зерттеу еңбек жазылған. (Қоңыратбаев Ә.Қорқыт ата хақында// Қорқыт ата. Энциклопедиялық жинақ. Алматы, 1999.460-б). Аз дүние емес. Бірақ, соған қарамастан, әлі де болса Қорқыттың шын мәнінде кім екені, қашан және қайда туғаны, сол сияқты қашан және қайда өлгені, қай халықтың перзенті екені толық анықталып, сараланған жоқ.[3]

Қобыздың көмейінен әуенмен бірге жыр да төгілген. Бұл жырлар арқылы біз Қорқыт бабаның асқан даналығын, қажыр-қайратын көреміз. Бабаның бойындағы асыл қасиеттерін, арман-мақсатын қобыз үні арқылы халқының жүрегінен жол тауып, жеткізе білген.

Қорқыт Ата кітабы ("Китаб-и дәдем Коркут ғали лисан таифа оғузан") - қаһармандық эпос үлгісі, оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы. Дед (дядя, дада) - көне сақтар сөзі, түріктер "ата" деп кеткен. Қорқыт ата мұрасы жайлы зерттеген ғалымдар өте көп. Соның ішінде академик В.Бартольдтың қосқан үлесін ерекше айтып кету керек. Ол Дрезден жазбасын немістерден түсіріп алып, 1922-1925 жылдар аралығында аударып шыққан. Сол аудармалар түзетіліп, жетілдіріліп, 1950 жылы Бакуден "Деде Коркут"; 1926 жылы Москвада "Книга моего деда Коркута" деген атпен орыс тілінде басылған. [4]

Қорқыттың әкесі Қарақожа. Ол Сырдария аумағын мекен еткен оғыз тайпасынан шыққан. Ал анасы Алтыншаш қыпшақтың қызы екенін атап өту керек. "Сондықтан да Қорқыт ата қыпшақтар мен сол кездегі Сырдария бойын мекен еткен оғыздар арасында да өзінің даналығымен екі жаққа бірдей ел ағасы атанған. Данышпан қарттың ұзақ жылдар бойы ел басқарғанын, оның өз өмірінде үш хан тұсында да уәзірлік қызмет атқарғанын дәлелдейтін тарихи деректер бар" дейді ғалым Немат Келімбетов "Ежелгі дәуір әдебиеті" атты еңбегінде. [5]

Қорқыт қолына қобызын ұстап, Желмаясына мініп, дүниенің төрт бұрышын кезген екен. Қай жерге барса елінің қамын ойлап, ақыл-ой кеңестерін айтады екен. Сонымен қатар Қорқыт атаның



болашақты болжайтын сәуегейлік қасиеті де болған. Елінің үнемі жаугершілікте жүргенін көріп, күйініп, елінің бақытты, қорқынышсыз өмір сүргенін қалайды. Осы бойындағы толғанысты қобызға түсіріп, толғаған екен:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені қараң болар!-
дейді екен.

Қорқыт Атаның күйлерін ұрпаққа жеткізген Қорқытты ұстаз тұтқан бақсылар. Сарындарын Қорқыт Ата күйімен өрнектеп, емшілікпен айналысқан қазақ бақсылары да жоғары деңгейдегі қобызшылар болған. Олар өздерін өлең жырларын бастар алдында Қорқыт атаның есімін ауызға алуды шарт деп білген:

Жыраудың үлкен пірі Қорқыт ата;
Бата алған барлық бақсы асқан ата.
Таң калып жұрттың бәрі тұрады екен,
Қобызбен Қорқыт ата күй тартқанда.

Ұсынылған іс-тәжірибенің өзектілігі: Түркі әлемінің рухани тәлімгерінің шығармаларын сақтап қана қоймай, ұрпаққа жеткізе отырып, баба мұрасын кеңінен насихаттау.

Негізгі мәселелер: Қорқыт ата кешенінің бүгінгі заманауи талапқа сай сәулеттік кесенесін әлемге таныту, оны әлемнің әр түкпірінен келген саяхатшыларға Түркі өркениетін кеңінен насихаттау.

Жұмыс тәжірибесі жайлы ақпараттар: Түркі әлеміне ортақ тұлғаның қазақ топырағында орналасқан кесенесіне жаһан жұрты қызығушылық танытып отыр. Қорқыт Атаның кесенесіне адамдар өздерінің наным-сенімдеріне байланысты келеді. Құран бағыштап, мал сойып, бабаның басында түнейтіндер де бар. Бұл жерде Ақсақ қыздың да бейіті бар. Дарияның төменгі жағында Қорқыт Бабаның жерленген жерінде түнейтіндер де жетерлік. Қонақ үй жоқ кезде сол жерде ескі үйде түнеген. Бала көтермей жүргендер, қандай да бір ауру-сырқаудан арылу мақсатында, жолын ашу себептерімен келушілер де жетерлік. 2014 жылы Қорқыт ата мемориалды кешеніне көркемдік деңгейі жоғары, архитектуралық шешімі заманауи талаптарға сай қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Қобыз шалу дәстүрі бақсылықпен жақын болғандықтан әлі де тереңдете зерттеуді қажет етеді. Бүгінге дейін Қорқыт және Қорқыт ата кітабы жайлы 800-ден астам зерттеулер жарық көрді. Осы тақырыпты зерттеп жүрген орыс және шетел оқымыстыларының саны 50-ден асып жығылады. Қорқыт ата кітабы бойынша зерттеулер толастамақ емес. Осы бағытта өз үлесімізді қосу мақсатында біз де өз зерттеу жұмысын жүргізіп көрдік. Осылайша Қызылорда облысында орналасқан Қорқыт ата мемориалды музейінің ғылыми қызметкері Әлиев Мағауия мырзадан сұхбат алдық. Сұхбат барысында соңғы үш жылдағы мұражайға келушілер санының көрсеткіші, әлемге танылу деңгейін бақылау мақсатында ұлт құрамы туралы мәліметтер алдық. Шет елдік саяхаттаушылармен де сұхбаттасып, мұражай туралы пікірлерін білдік.

Зерттеулердің нәтижесі: Қайта жаңғыртуға дейін кешенге келушілер саны 12-13 мың болса, 2014 жылдан бастап, 20 мыңға дейін жетіп отыр. Тарихи-әдеби мұраны көруге келетін шетел азаматтары толассыз көрінеді. Қорқыт ата кесенесінде қобыздың үні адамның жан-дүниесін тыныштыққа бөлеп, күнделікті күйбең тірліктен шаршаған адамдарға күш беріп, уақыттың құндылығын баяндап тұрғандай. Шет елден келген саяхатшылар әсіресе, қобыздың үніне ерекше көңіл аударады екен. Қорқыт ата мұрасы 2018 жылдың 1 желтоқсанынан бастап ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енді. Қазіргі кезде Қорқыттың күйлері Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жоғарғы оқу орындарында кәсіби мамандар арқылы шәкірттерге үйретіліп, орындалып жүр.

Ұсыныс: Сыр елінің ғана емес, барша түркі жұртының ұлы ойшылы, абыздың құрметіне арналған танымдық конференция шеңберін кеңейту. Қазіргі күні Қорқыт Бағамызға арналған арнайы мұражай тек облыс көлемінде ғана екені белгілі. Сондықтан болашақ ұрпақтың өз тарихын қадірлеп, ұлтымыздың салт-санасын оятатын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әлемге танылатын мұражай ашуды ұсынар едім.

Қорытынды: Қорқыт ата туралы ойымызды жинақтайтын болсақ, ол Түркі өркениетінің негізгі тіректерінің бірі. Бүгін қазақ «Қорқыт» десе қобызды еске алады. Ал Қобыздың Түрік-Ислам



өркениетіндегі жалғасы қос ішекті домбыра. Сол домбыраның арқасында қазақтар қаншама ассимиляциялық саясатқа душар болса да, өзінің ұлттық болмасын, **ұлттық санасын** сақтап қалған. Сондықтан біз түптеп келгенде Қорқыт атаға борыштармыз.

Әдебиеттер:

1. «Абай энциклопедиясы», Алматы, 1995 жыл, 364-б
2. «Бабалар сөзі», Астана, 2012 жыл, 141-б
3. Қойшығара Салғараұлы, «Ұлы дала», Астана, 2013 жыл, 505-б
4. «Қорқыт ата кітабы», Алматы, 1986 жыл, 3 – б
5. Н.Келімбетов, "Ежелгі дәуір әдебиеті"

ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ ҰЛЫТАУДА

Караева А.А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№16 орта мектебі, Сәтбаев қ.

Рухани жаңғыру-ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық құндылықтарды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс.

Біздің негізгі алға қойған мақсатымыз: Туған жердің тарихи-мәдени орталықтары мен архитектуралық ескерткіштері, табиғатымен танысып, зерттеулер жүргізу; білім, әдебиет саласының жетістіктерімен танысу.

Ұлытау. Атының өзі көп жайттан хабар беріп тұр емес пе? Бұл көп таулардың бірі емес. Бірегейі. Ірісі. Ағасы. Абызы. Ұлытау аспан астындағы мұражай іспеттес. Бұл жерде қазірдің өзінде белгілі болып отырғандай сегіз жүзге тарта тарихи, мәдени ескерткіш бар. Зерттеу жұмыстарын жалғастыра берсе әлі де бағалы мұралардың талайы табылуы мүмкін.

Ұлытау – қазақ ұлты үшін қастерлі мекен. Бұл таудың тарихы – қазақтың тарихы. Ұлытау – ұлтымыздың тарихи кіндігі. Бұған бір ғана дәлел – Сарысу өзенінің төменгі сағасындағы «Таңбалы тас». Тік жартастың бетінде барлық қазақ руларының дерлік таңбалары қашалған. Ел ішіндегі аңыз бойынша осы маңда Қазақ елінің шаңырағын көтерген алғашқы тарихи құрылтай болған. «Үш жүздің басын қосқан Ұлытау» деген бәрімізге белгілі, жанымызға жақын сөз де әлгіндей ұлы жиыннан кейін қалса керек. Ұлытау жерінде әйгілі Жошы ұлысы керегесін керді. Алтын орданың алғашқы астанасы осында орналасты. Дешті Қыпшақ мемлекеті мен Қазақ хандығы шаңырағын көтерді. Қазақ халқының ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаев: «Орыстарға Кремль қандай қадірменді болса, меніңше Қазақ елі үшін Ұлытау да соншалықты қастерлі» деп Ұлытаудың тарихи мән-маңызын ашып көрсетті [1].

Ұлытау ескерткіштері дегенде, ең алдымен Алаша хан мазары ауызға алынары анық. Мазар Ұлытау ауданына қарасты «Сарыкеңгір» ауылының түбінде, биік жотаның үстінде тұр. Ғалымдардың айтуы бойынша, ескерткіш оғыз-қыпшақ заманындағы (X-XIII ғғ.) сәулет өнерінің үлгілеріне жатады. Ескерткішке жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бірақ сонда да болса бастапқы қалпын сақтауға күш салынған. Сыртқы қабырғалары кәдімгі алашаға ұқсас. Кірпіштер солай өрілген. Мазарға кіргеннен кейін сол жақта баспалдақты тар қуыс бар. Сонымен жоғары көтеріліп, айналма екінші қабатқа, одан



кесене үстіне шығуға болады. Сол кезде төңірек алақандай көз алдыңызда тұрады. Кірпіштердің бетінде ру таңбалары, ою-өрнектер бейнеленген. Іштегі шағын терезелерден күн сәулесі түсіп тұрады.

Бағзы заманнан жеткен бұл сәулеттік үлгінің құрылысы таңдандырмай қоймайды. Осы уақытқа дейін шыдап келген кірпіштің мықтылығын айтсаңызшы! Жылқының қыл құйрығын турап, биенің сүтіне илеген екен дейді. Ол да мүмкін. Әйтпесе осы уақытқа дейін шыдас берер ме. Кесененің үстіндегі күмбез сырты көк түспен сырланған. Бабаларымыз көк тәңіріне табынғанындай көк түсті пір тұтқан-ау, сірә. Тәуелсіздікке жеткен бүгінгі уақытта туымыздың түсін көк қылып өте дұрыс жасаппыз. Бір қызығы, қазірдің өзінде Алаш есімі секілді Алаша ханға қатысты әртүрлі аңыз-әңгімелер жетерлік. Ол біресе дәулеті асқан байға, енді бірде алапес ұлға теңеледі. Кейін келе аты мәлім хан деңгейіне көтерілген. Енді бір аңызда Жошы хан Алашаның ұлы ретінде баяндалады. Осыған орай кезінде жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбеков былайша өз ойын білдірген еді: «Жалпы тарихи белгілі деректер бір ойға қалдырады. Көпшілікке белгілі, Жошы хан өлген соң арада төрт-бес ай өткенде Шыңғыс хан да дүние салған ғой. Жошының денесінің Ұлытау іргесіне жерленгені тарихи шындық. Ал Жошы өлгенде Шыңғыс ханның сол өңірді жайлап отырғаны да күмән тудырмайды. Ендеше, Шыңғыс ханның сүйегін мыңдаған шақырым жердегі Қарақорымнан немесе Қытай жерінен іздеудің қисыны қалай деген ой келді. Ал моңғол хандары міндетті түрде Қарақорымға жерленеді деудің қисыны тағы да жоқ. Бұл орайда Жошының Ұлытауға, Батудың Сарайшыққа жерленгенін айтса да болады». Бұл да көңіл аударуға тұрарлық пікір. Алаша хан деп жүргеніміз Шыңғыс ханның өзі болып шықпасын! [2]

Еңселі ескерткіштердің бірі – Жошы хан мазары. Жошы есімі – көпке мәлім. Шыңғыс ханның сенім артқан ұлдарының бірі. Ол расында да қабілетті болған. Талантты қолбасшы ретінде әйгілі. Шыңғыс ханның балаларының ішіндегі ең ержүрек, ең еркөңіл әрі адамгершілігі мол осы Жошы болған деседі. Мазардың бітімі ерек. Қараған сайын түрлі ойға қалдырады. Тілсіз, жансыз осы дүниенің өзінен дүлей күш белгісін, қату қабақты, ықтырып жіберер айбарды аңғаруға болар еді. Маңына тірі пендені жолатқысы келмейтіндей. Сұсты. Ызғарлы. Жер-әлемнің қожасы өзі секілді әсер қалдырады. Демек, мазар құрылысы атүсті салынбаған. Бұл ақылдасып атқарылған істің, терең ойдың жемісі [3].

Жошы мазарының дәл жанынан кезінде Алтын Орданың астанасы болған Орда-Базар қаласының орнын көрер едіңіз. Әр жердегі ақ төмпешіктер сол қаладан қалған жұрнақ.

Алғашқы кезде араларынан қыл өтпестей тату болған, кейінірек жауласып өткен Алтын Орда билеушілері Едіге мен Тоқтамыстың Ұлытаудың ұшар басында қатар жатуы да таңдандырмай қоймайды. Азияның арыстаны атанған атақты Ақсақ Темір де осы өңірге ат шалдырған. Ұлы қолбасшының тарихшысы Шарафадин Әли Иезди өзінің еңбегінде бұл туралы былай деп жазған: «Темір Ұлытауға келгенде алдымен сол таудың басына шығып, төңірегіндегі көк жасыл дала мен көксеңгір тауларға ұзақты күнге телміре қараумен болды. Содан соң әскерін жинап сол жерден үлкен құлпытас орнатуға бұйрық берді. Бармағы майысқан шеберлер осынау сәтті оқиғаның болған күнін тасқа қашап жазып, ұзақ жылдарға жететін мәңгілік ескерткіш қалдырды». Сол тастағы жазу мынау екен: «Тарихтың жеті жүз тоқсан екінші қой жылы. Жаздың ара айы. Тұранның сұлтаны Темір бек жүз мың әскерімен Тоқтамыс ханға соғыспаққа жүреді. Бұл жерден өтіп бара жатып, белгі болсын деп осы жазуды қалдырды. Тәңірі нәсіп берсін. Иншалла, Тәңірі бұл кісіге рақым қылып, барша адам есіне алып жүрсін». Осы тасты тапқан ұлтымыздың ардақты перзенті Қаныш Сәтбаев. Тас қазіргі күні Санкт-Петербургтегі Эрмитажда орын тепкен. Ұлытаудағы тас үйілген жер Алтыншоқы атауымен белгілі [4].

Қазіргі Ұлытау ауданының Аманкелді ауылына беттер тас жолдың оң жағында «Хан ордасы» аталатын тарихи орын бар. Қазақтың хандарына осы жерде құрмет көрсетілген. Қалың қауым болашақ ел басқарушыны ақ киізге көтеріп, хан тағына отырғызған. Ұлытауда ескерткіш белгілер көп. Жоғарыда келтіргеніміз өз алдына. Олардан басқа: Обалысай қонысы, Жаманайбат, Мүзбел, Бойсеңгір, Бөріойнақ тұрақтары, Басқамыр, Аяққамыр қалалары, Белең ана, Болғана ана, Жұбан ана мазарлары, «Теректі әулие» гранитті қырқалар кешені. Осылардың әрқайсысы тұнған тарих, сырлы шежіре.

Ұлытау жері хандарды ұлықтап, ел тағдырына қатысты алқалы басқосуларды өткізумен бірге ел үшін болған талай қырғын-шайқастарға да куә. Солардың бірі 1720 жылдардағы Бұланты-Білеуті шайқасы. Қазақ жасақтарының жоңғар басқыншыларына алғашқы шабуылы осы өңірде басталған-



тын. Бұланты шайқасына Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, басқа да билер, хандар, батырлар қатысты. Осы жерде жоңғар басқыншылары ойсырай жеңілді. Бұл жеңіс туралы Елбасының орыс ұлты мен мемлекетінің тағдыры үшін Полтава, Куликова, Бородино түбіндегі орыс жасақтарының жеңісі қандай маңызды болса, қазақ халқы мен мемлекеті үшін Бұланты-Білеуті бойындағы жеңіс сондай болды деп салмақ түсіре айтқаны бар. Ұлытаудың қасиеті туралы аз жазылып жүрген жоқ. Тіпті тарихтың атасы атанған Геродот жазбаларында да бұл жердің ескі атауы кездеседі. Осыдан үш ғасырға жуық Ұлытау төңірегінде болған швед ғалымы Старленберг: «Тұнып тұрған қандай тамаша тарих! Мұндай әсемдікті басқа өңірден табу қиын шығар» деп сүйсіне жазған [5].

Бұрындары қараусыз қалған Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл мазарларының маңы қоршалып, тазаланып ретке келтірілді. Ұлытау ауданының орталығында Қазақ хандарының аллеясы пайда болды. Осында қазақ хандарына ортақ ескерткіш орнатылған. Керей ханнан бастап Кенесары ханға дейінгі хандардың аты-жөндері жазылған. Кетбұқа ескерткіші де бой көтерді. «Дала философы» аңыз бойынша, Ұлытаудың шыңына жерленген Асан қайғы бабамыз да ұмыт қалмай, биік төбе басында ескерткіші орын тепті. Басқа да қолға алынған жұмыстар бар. Дегенмен, әлі де атқарар шаруа қомақты. Солардың бірқатарына тоқтала кетсек.

Ұлытау туризмге сұранып-ақ тұр. Жоғарыда біз тілге тиек еткен дүниежүзілік маңызы бар ескерткіштерді кімнің қызықтағысы келмейді дейсің. Табиғатының өзі қандай ғажап! Сыңсыған орман-тоғайлары, тұп-тұнық, мөлдіреген көлдерін айтсаңызшы. Таудағы су көздерінен Терісаққан, Ұлы Жыланшық, Құланөтпес, Кең өзендері бастау алады. Ең үлкен өзен – Қаракөңгір, ұзындығы – үш жүз елу шақырым. Терісаққан өзені Желдіадыр тауынан басталып көршілес Ақмола, Қостанай облыстарының аумағын қамтиды. Көлемі елу шаршы шақырымнан асатын Қарақойын мен Шұбар-Теңіз көлдері бар. Мұнан басқа Ащыкөл, Барақкөл, Дәнсары, Обалы, Қоскөл, Бозбайтал, Бұршақтыкөл және басқа көлдер де Ұлытау аумағында [6].

Географиялық-ботаникалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының анықталуы бойынша бұл өңірде мыңға жуық өсімдік түрі бар. Өзен аңғарларындағы тоғайларда итмұрын, тобылғы, долана, қарақат, қараған жиде өседі. Ұлытау аршасымен де ерекшеленеді. Еліміздің «Қызыл кітабына» енген қызғалдақ түрлері, бетпақдала сылдыршөбі, түйесіңір, торғай бұйырғыны да осы өңірде [7].

Ұлытаудың бүгіні мен ертеңі мемлекет назарында болуы тиіс. Үкіметіміз бұл жөнінде кешенді бағдарлама қабылдауы қажет. Үкімет қабылдаған шешімдерін тағы бір сараптан өткізіп, жетпей жатқан жерлерін жетілдірсе, кем-кетігін толтырса құба-құп. Маңызды құжатта біз айтылған ой-пікірлер мен ұсыныстар ескеріліп жатса, қанекей. Ұлытауға көңіл бөлу – бұл біздің ұлттық бірлігімізге, айналып келгенде елдігімізге құрмет.

Әдебиеттер:

1. Б. Қожахметов, «Орталық Қазақстан»// - Қарағанды, 2017- 16 қаңтар-2 б.
2. Б. Кәрібаев- «Егемен Қазақстан» //– Алматы, 2018- 28 мамыр-7-8б.
3. Альджапов О., Предания об Алаша-хане и об его сыне Джучи-хане, “Киргизская степная газета”, 1897, №13, 14, 18
4. Қазақ энциклопедиясы, 4 том, 196-199 б.
5. <http://akikat.kazgazeta.kz>
6. www.kazpravda.kz
Один из авторов проектной работы Курбатов С. выступал с данным проектом не только у нас в регионе, но и защищал свой проект на Областном слете туристско-краеведческих экспедиционных отрядов в составе команды «Фант» Шахтинского региона, а позднее- на Областном конкурсе научных проектов Центрально-Казахстанской Малой Академии наук юных исследователей.

Таким образом, кропотливая ежедневная краеведческая работа приносит свои плоды, воспитывая наших детей гражданами с активной жизненной позицией.

Следующим важным шагом должно стать создание школьного краеведческого музея, который еще больше привлечет учащихся к изучению родного края, будет способствовать укреплению их



гражданского сознания, чувства ответственности за свою малую родину, будет воспитывать истинных патриотов родной земли.

Изучение и пропаганда родного края помогает нашим ребятам понять, что история семьи, история школы, история малой Родины- это часть истории нашей страны, ее нужно беречь и сохранять, потому что без прошлого нет будущего.

И в завершение мне хотелось привести слова Первого Президента Н.А.Назарбаева: «Быть истинным патриотом – значит носить Казахстан в своем сердце». Такова важнейшая воспитательная задача сегодняшнего дня и мы ее должны решать через дальнейшее развитие краеведческой работы.

Литература:

1. Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан-2030». - Астана,1997.
2. Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Взгляд в будущее-модернизация общественного сознания»).- Казахстанская правда, 13 апреля 2017г. - С.3
3. Назарбаев Н.А. Обращение Главы Государства к участникам мероприятия, проведенного в центральном концертном зале «Казахстан» и посвященного премьере художественного фильма Сламбека Таукела «Жерұйық», посвященного депортации народов в Казахстан в годы репрессий.
4. Булаченко Т. История семьи Дембовских: все выдержать и все пережить // Человек в истории. Казахстан. XX век. Казахский конкурс исторических исследовательских работ старшеклассников. Сборник работ победителей.- Алматы,2003. – С. 147.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУДА ЭКСКУРСИЯНЫҢ РӨЛІ

Сатжанова Ф.І.

география пәні мұғалімі
Кенжебай-Самай НОМ,
Жаңаарқа ауданы

Оқу-тәрбие жұмысының көптеген формаларының ішінде қызықты және тиімдісі мектеп экскурсиялары болып табылады. Экскурсиялар – бұл қандай да бір объектілерге бару ғана емес, сонымен қатар білім алу әдісі. Осыған байланысты экскурсияның ерекше белгілерін көрсету қажет, оларға мыналар жатады: оқушылардың кеңістіктегі қозғалыс арқылы білімді тез меңгеруі (білімді белсенді-моторлы пысықтау түрі); көбінесе талдау арқылы әлемді синтетикалық зерттеу тәсілі; пәндік зерттеу тәсілі; эмоционалдық.

Экскурсия қызмет түрі ретінде бірнеше функцияларды орындайды, атап айтқанда ақпараттық-танымдық, өйткені тиісті тақырып бойынша толық, ғылыми негізделген және мұқият тексерілген ақпаратты және тәрбиелік ақпаратты қамтиды, бұл олардың білгендеріне қатысты көрінеді [1].

Экскурсиялар теорияның практикамен байланысының дидактикалық қағидатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, сонымен қатар оқу жұмысын ұйымдастырудың тиімді нысаны болып табылады және осыған қатысты бірқатар дидактикалық функцияларды орындайды:

* экскурсиялар көмегімен оқытудың көрнекілік принципі жүзеге асырылады, өйткені олардың процесінде оқушылар оқылатын заттармен және құбылыстармен тікелей танысады;

* экскурсиялар оқытудың ғылымилығын арттыруға және оның өмірмен, практикамен байланысын нығайтуға мүмкіндік береді;

* экскурсиялар политехникалық оқытуға ықпал етеді, өйткені оқушыларды әртүрлі қызмет салаларында ғылыми білімді қолдана отырып, өндіріспен таныстыруға мүмкіндік береді; оқушылардың кәсіби бағдарында маңызды рөл атқарады.

Белгілі болғандай, мақсаттар бойынша экскурсиялар мәдени-ағартушылық, ғылыми және оқу, соның ішінде оқу-өндірістік, кәсіби бағдар үшін бөлінеді. Егжей-тегжейлі тоқталайық. Бірнеше жыл бойы біздің мектептің мұғалімдер тобы оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына көмек көрсету туралы мәселе бойынша жұмыс істейді. Біз оқушыларға қалай көмектесеміз? Мысалы, «Менің кіші Отаным», «Кәсіптегі география» атты тақырыптық конференциялар өткіземіз, Қарағанды облысының мұражайларының өкілдерімен кездесулер ұйымдастырамыз. Бірақ ең тиімді шаралардың бірі



Қарағанды облысының киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін зерттеуге бағытталған әрі түрлі экскурсиялар болып табылады. Әрине, барлық экскурсиялар мақсатты, сондықтан оларды өткізу кезінде маңызды міндет-оқылатын мәселелерді терең ұғынуға және берік меңгеруге қол жеткізу.

Экскурсияның табысы оның дайындығымен анықталады: мұғалім алдын ала объектімен танысады, экскурсияны өткізу жоспарын жасайды, қатысушылар санын анықтайды, экскурсия барысында оқушылар үшін танымдық тапсырмаларды анықтай алады, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өткізеді. Осылайша, экскурсияны өткізу әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды:

1) дайындық оның мақсатын нақты анықтау:

➤ зерттеу объектісін таңдау;

➤ оқушылар алдында нақты сұрақтар қою;

➤ көрерменге экскурсия нысанына бару, экскурсовод ретінде кім қатысатыны туралы мәселені шешу-ол өзі немесе баратын объектінің өкілі. Онымен экскурсия мақсаты, оның мазмұны, түсіндіру әдістемесі туралы келіседі.

2) экскурсияның мазмұнды бөлігі. яғни, әңгіме, түсіндіру, әңгімелесу және демонстрация әдістерінің көмегімен оқылатын мәселелерді меңгеру бойынша оқу жұмысын ұйымдастыру.

3) қорытынды шығару, рефлексия [2].

Жоғарыда айтылғандай, гимназия оқушыларына экскурсия жүргізу үшін бірнеше факторлар болды. Сонымен қатар, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейімен бірлесе отырып, география пәнінің мұғалімі Ғ. Ш. Сатжановты атап өту керек. 9 сынып оқушылары арасында өлкетану туралы сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқандардың тоғызыншы сынып оқушыларының мәдени-тәрбиелік оқыту мүдделерін дамыту үшін қосымша (вариативті) білім алуын қалай көретіні туралы пікірін білу маңызды болды. Балалар мектепте өзгелерден басқа, қандай да бір салада азаматтық-патриоттық және рухани-адамгершілік оқытуды одан әрі дамытуға қызығушылық пен уәждеме дамыту мақсатында әртүрлі экскурсиялар ұйымдастыру қажет деп санайды, бұл тағы да оқушылар үшін экскурсиялардың маңыздылығын растады.

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы Қарағанды облысының ең ірі мұражайларының бірі болып табылады. Өлкетану мұражайы бірегей көрмелер арқылы барлық келушілердің туған өлкенің табиғаты мен тарихын тануға тұрақты қызығушылығын қалыптастырады. Біздің мектеп оқушыларының мәдени және білім деңгейін арттыруда маңызды рөл атқаратын, патриоттыққа тәрбиелейтін, өткеннің мәдени тарихи мұрасына назар аударатын, тарихқа қызығушылығын оятатын Қарағанды өлкетану музейімен тығыз байланыс орнатылған.

Қарағанды қаласының өлкетану мұражайында барлығы 16 көрме залы бар, олардың жалпы ауданы шамамен 1800 шаршы метрге тең (Мұражайдың жалпы ауданы шамамен 2000 шаршы метр), ал мұражай қоры 134 мыңнан астам экспонаттан тұрады. Мұражайдың барлық залдары бес ғылыми-зерттеу бөлімшесіне бөлінеді: археология және этнография бөлімі, жалпы және қазіргі тарих бөлімі, экскурсиялық-бұқаралық жұмыс залы, ғылыми-әдістемелік бөлім және қор бөлімі. Мұражай экспозициясы өлке тарихын Ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейін баяндайды.





Экскурсия кезінде оқушыларды бақылау өте қызықты, олар тек қана әуестеніп қана қоймай, патриоттық деңгейде айтуға болады. Экскурсия оқушылардың тек қана тыңдау, бақылау ғана емес, сонымен қатар талдау, сезіну, қиял құрастыру, өз эрудициясын көрсету қабілеттерін дамытады. Оқушылардың эмоционалдық жағдайы өте маңызды, өйткені, әдетте, экскурсиялар оң эмоциялар тудырады, көңіл-күйді көтереді, нәтижесінде белгілі бір пәндерді оқуға деген уәждемені арттыруға ықпал етеді.

Оқу-тәрбие үрдісінің формасы ретінде экскурсиялар бұрыннан бар және өз өзектілігін жоғалтпайды және соның ішінде кәсіби тұрғыда көмек ретінде қазіргі уақытта бұл қажет деген ойға жетелейді.

Менің ойымша, мұражай рухани өмірдің еңсерілмейтін факторына, тарихи-мәдени мұраны іріктеу, атрибуциялау, сақтау және экспонаттау орталығына, тарихи сана мен адамгершілік-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру институтына айналды.

Әдебиеттер:

1. <http://aneks.spb.ru> Экскурсия қызмет түрі ретінде.
2. <https://works.doklad.ru>. Экскурсия оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру формасы ретінде.

ТЫЛСЫМЫ ТЕРЕҢ ТУҒАН ЖЕРІМДІ ҰҒЫНУДЫ МЕКТЕПТЕН БАСТАЙМЫН

Нығмет К.Д.

тарих пәні мұғалімі

Ғылыми жетекшісі, тарих магистрі

Әуезов Ғ.Ш.

«№12 Ақтас жалпы орта білім беретін негізгі мектебі»КММ

Ұлытау ауданы, Ақтас ауылы

«Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында Президент: «Біздің басты мақсатымыз - 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру» деп нақты талап қойды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Осы стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары - белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы секілді функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

2016 жылдың 5 маусымында Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ҚР Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен қазақтың ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық кеңейтілген отырыста Елбасының ұсынысымен «Тарих толқынындағы халық» атты әзірленген **арнаулы бағдарламаның мақсаты** - қазақтың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру екенін айтты. Ол төл тарихымызды зерделеуде басты көңіл бөлетін жайттарға тоқталды. Осы ретте, Мемлекеттік хатшының: «Ұлттық тарихқа қызығушылық немесе немқұрайлылық – халық мәдениетінің айқын және нақты өлшемі. Өзінің өткенін ұмытатын қоғамды болашақ та ұмытады» деген сөзі тарихшы мұғалімдерге тікелей арналып тұр, өйткені, өзінің ата-бабасының кімдер болғанын, мынау тарих толқынында өзіміздің кім екенімізді білу және ұмытпау, ұмыттырмау пәнді жүргізетін мамандардың кәсіби біліміне тікелей байланысты. Сондықтан **тарихшының міндеті** – ұлттық тарихты қайдағы бір әмбебап заңдылықтардың қасаң қалыптарына салып жібермей, ұлттық тарихтың жанды, бөлекше ағзасының қалай дамитынын түсіну. [1:2]

Қазіргі таңда Қазақстан өте оңай емес тарихи кезеңді басынан өткеруде. Қазіргі таңдағы біздің қоғамымызға ең қауіпті жағдай экономиканың тұрақсыздығы немесе саяси жүйенің өзгеруінде емес, ең қауіптісі тұлғаның азғындалуы. Материалдық құндылықтар рухани құндылықтардан басым, сондықтан жасөспірімдерде мейірімділік, қайырымдылық, әділеттілік, азаматтылық және ұлтжандылық секілді ұғымдар мейлінше жойылып барады. Жасөспірімдерді эмоционалдық, ерік-жігерлік және рухани жетілмеуі ерекшелейді. Жасөспірімдер тарихи-тілдік білімдерінің болмауы,



Отанға деген ұлтжандылық және азаматшылдық қасиеттерінің жойылуына әкеледі. Бала кымысының өсуі қоғамдағы агрессия мен қатыгездіктің жалпыға бірдей өсуінен туындап отыр. [2:18]

«*Түрмесі болмаған, Тұран жазығы келмекке кеткен бе?!*» дей отыра ұсынылып отырған бағдарламаның өзектілігі: Қазіргі таңда мемлекетімізге, өз елі-жерінің салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпынан тағылым алған қазіргі жаһандану заманына сай жас ұрпақтың азғындалуына жол бермейтін, ата-бабасының құдыретті аталы сөзінен нәр алған және этнопсихологиялық мінезін көрсететін өзіндік **МЕН тұлғасын** өзін тану арқылы қалыптастыру қажет. Сондықтан халқымыздың «алтын ұя» саналатын **ауыл оқушыларынан** осындай **зиялы қауым** өкілдерін қалыптастыру үшін алдымен өз туған жерінің тарихын жетік білетін нағыз азаматтарды ауылдан шығаруды мектептің өлкетану бағдарламасының басты мақсаттарының бірі болып саналады.

№12 Ақтас негізгі мектебінің «**Тылсымы терең туған жерімді ұғынуды мектептен бастаймын**» жобасының мектепте туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастыру бағдарламасының оқу сатылық жүйесі төмендегідей:

2016-2017 оқу жылы дайындық-жоспарлау кезеңі;

2017-2018 оқу жылы зерттеу іс-әрекеттері кезеңі;

2018-2019 оқу жылы нәтиже мен жоба қорғау, нәтиже мен оқу үрдісін бағалау

Өлке тарихын танудағы оңды қадамдар: 2016-2017 оқу жылында «Мәңгілік Ел», «Үш тіл тұғыры» оқу кабинеттері ашылды.



2017-2018 оқу жылында мектепте өлкетану жобасы аясында мектеп жанынан өлкетану мұражайы ашылды. 9 сынып оқушысының өлке тарихы жөнінде «**Ақтас кентінің әлеуметтік-экономикалық дамуы және өндірістік болашағы**» атты ғылыми жобасы бірінше рет жобалар байқауында жоғары бағаға ие болды. Ауылдың ҰОС қатысқан соғыс және тыл ардагерлері туралы тың деректер жиналып, демеушілік көмекпен арнайы белгі тас орнатылды.

«Қазақ даласының әр төбесінің, әр тау-тасының тарихы бар. Ұрпақ санасына соңы сіңіру керек» деп Елбасы айтқандай [3:2], бұл жоба мұғалімдерге және оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруға арнайы бөлінген. **Зерттеудегі мұғалімнің іс-әрекеті:** Оқушылардың зерттеушілік жұмыстарына әдістемелік көмек көрсетеді, жанама бағыт береді. Қазіргі таңдағы «Критериалды бағалау» замануи технологиясына сәйкес шеберлік сыныптар көрсетеді. Зерттеудің барысын бақылау үшін маршруттық карта жасайды. Нәтижесінде ОӘК яғни мини-хрестоматия, анықтамалық кітаптар, деңгейленген тесттер, жұмыс дәптерлері құрастырылады.

Оқушының іс-әрекетін жандандыру үшін пайдаланатын әдіс-формалар экскурсиялық-экспедициялық зерттеулер, ізденушілік, факультативтік іс-әрекеттер, Ашық аспан астындағы эксперименттер жүргізу, Дебат технологиясы, СТО стратегияларын қолдану, атқарылған жұмыстарды және материалдарды (слайдтар, суреттер, фотоқұжаттар т.б.) ХХІ ғасыр Intel@ сайтындағы оқу жобасы портфолиосына барлық жұмыстарды жинақтап отыру. Оқушының басты іс-әрекеті жоба қорғау. Бағдарламадан күтілетін нәтиже: ел дамуының 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасының мақсатына сай «Қазақстандықтардың денсаулығы, білім алуы және игілігі» атты ұзақ мерзімді негізгі бағытын басшылыққа ала отырып, 2050 жылға қарай ауылдан шыққан болашақ өлкетанушы және танымдық ізденімпаздардың негізі қаланады.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи - танымдық, педагогикалық - психологиялық сауаттылық және ақпараттық сауаттылық талап етіледі. Ендеше кез келген мұғалімнің бойында ақпараттық құзыреттілік қалыптасуы тиіс. Ақпараттық құзыреттілік - ақпараттық мультимедиялық технологияларды пайдалана отырып, түрлі ақпаратпен теориялық білім мен тәжірибені ұштастыра отырып қолдана алу деген ұғымды білдіреді [4:12]. Әрине бағдарламаны



еңгізуде тек қана тарих пәні мұғалімнің рөлі басым болғанымен бақа да мұғалімдер бағдарламаны іске асыруда өз үлестерін қосады. Бірақ барлығында ақпараттық құзыреттілік қалыптасқанба? Ауыл мектебінің көпшілік дені орта немесе зейнет жасына таянғандар оларды түрлі технологияларды меңгертуде қиындықтыра көптеп туындайды. Сонымен қатар аталмыш жоба бағдарламаны іске асыру барысында басқа да қиындықтар жетіп артылады. Мәселен, кейбір проблемаларға тоқталсам оның ішінде ШЖМ жағдайындағы ауыл мектебі жағдайында: сабақта және сабақтан тыс факультативтік сабақтарда АКТ мүмкіндігін қолдана алмау, тарихи көркем әдебиет материалдарының қажетті мөлшерде болмауы, өлке тарихын насихаттайтын, үйрететін зиялық қауым өкілдерімен байланыстың болмауы, оқушыларды тарихи жобаларға, байқауларға қатыстырудағы жол-көлік қиындықтары мен ауылдың өркениеттен шалғайлығы, үш тілді меңгертуде жоғары педагог кадрлардың болмауы, практикалық жұмыстарды іске асыруда зертханалық-технологиялық құрылғыларды қолдана алмау т.б. секілді мәселелер жыл бойында туындап отырады.

Өлке тарихын оқытудағы негізгі компоненттері



Биылғы жаңа оқу жылында жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім беру деңгейінде 5-7 сыныптарға Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, география мен музыка пәндеріне «Өлкетану» курсы кіріктіріліп отыр. Бұл оқушылардың туған өлке тарихын білуде тарихи-географиялық, әдеби-музыкалық білімдері қалыптасатыны қуантарлық жағдай. Бұл курсқа қосымша еңгізілетін өлкетану оқулығы да ұсынылып отарған мектеп бағдарламасын іске асыруда септігін тигізетіні даусыз.

Б.Момышұлының сөзін келтірсем: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріштеп, азаматтықпен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы-тұл, келешегі-тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы - батыр халық»-деген [5:8].

Сондықтан ШЖМ жағдайындағы ауыл мектебіндегі оқушыларды өлке тарихын оқыту бұл ең алдымен патриотизмге және ерлік рухында тәрбиелеу құралы және кіндік кескен туған жерінің қадір-қасиетін түсінуге, өз ойын ғылыми тұрғыдан дамытуға, туған өлкенің тың тарихи деректерін жинауға, ғылым мен ізденіске баулу деп санаймын.



Әдебиеттер:

1. Астанадағы Еуразия ұлттық университетінде өтіп жатқан ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы барысында мемлекеттік хатшы Марат Тәжин жасаған баяндамасынан/
2. Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші/ Алматы, 2004.
3. Елбасы 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауынан
4. М.С.Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі»/Астана, 2008 ж.
5. Қазақ тарихы / 2003, №1.,2009-2012ж.

РАЗВИТИЕ РЕЧИ ЧЕРЕЗ КРАЕВЕДЕНИЕ

Жанкина З.А.

Бухаржырауский район,
ясли-сад «Балдаурен»

Все мы знаем, что развитие мелкой моторики рук непосредственно связано с совершенствованием координации движений, тренировкой зрения, памяти и что самое важное развитием речи. В нашем детском саду «Балдаурен» Бухаржырауского района уделяется большое внимание здоровьесберегающим технологиям. Поэтому при планировании своей работы, с детьми группы компенсирующей направленности, мною используется разнообразные формы и методы игры для развития мелкой моторики рук, среди которых ведущее место занимают двигательные упражнения нетрадиционным, использованием различных предметов. Игры и упражнения, которые хотела вам представить, логопеды и воспитатели могут использовать как на подгрупповых занятиях, в индивидуальной работе, так и вне занятий.

Хорошо развитая речь – важнейшее условие всестороннего полноценного развития детей. Чем богаче и правильнее у ребенка речь, тем легче ему высказывать свои мысли, тем шире его возможности в познании окружающей действительности, содержательнее и полноценнее отношения со сверстниками и взрослыми, тем активнее осуществляется его психическое развитие. Но в последнее время наблюдается рост числа детей, имеющих нарушения общей мелкой моторики и речевого развития. Поэтому я стала искать нестандартные методы и приемы в работе с детьми, имеющими нарушения в речи.

Одним из эффективных приемов нестандартного обучения, обеспечивающих развитие познавательной, эмоционально-волевой сферы ребенка является любовь к Родине.

Первые чувства патриотизма. Доступны ли они малышам? Исходя из опыта работы в данном направлении, можно дать утвердительный ответ: дошкольникам, особенно старшего возраста, доступно чувство любви к родному городу, родной природе, к своей малой Родине. Это и есть начало патриотизма, который рождается в познании, а формируется в процессе целенаправленного воспитания. Моя задача и логопедов в целом как можно раньше пробудить в растущем человеке любовь к родной земле, с первых шагов формировать у детей черты характера. Которые помогут ему стать человеком, гражданином общества. Воспитывать любовь и уважение к родному дому, детскому саду, родной улицы, поселку. Развивать интерес к доступным ребёнку явлениям общественной жизни.

Нами разработана программа «Семь граней Великой степи» для детей в возрасте от 3 до 6 лет. Мы разработали перспективное планирование. Оно представляет систему, охватывающую развитие познавательных интересов ребёнка, его музыкально-эстетическое и трудовое воспитание, краеведения и экологии для детей, позволяющую знакомить ребёнка с родным краем. Любовь к малой Родине начинается с добрых чувств к Бухаржыраускому району. Важно, чтобы Ботакара предстала перед ребёнком как самое дорогое, красивое, неповторимое. Становление человека как гражданина должно начинаться с истории его малой Родины - родного района, поселка. Старинная мудрость напоминает нам: «Человек, не знающий своего прошлого, не знает ничего». Без знания



своих корней, традиций своего народа нельзя воспитать полноценного человека, любящего своих родителей, свой дом, свою страну, с уважением относящего к другим народам. Поэтому особое место в нашей работе мы отводим знакомству с родным краем.

На современном этапе актуален коррекционно-развивающий процесс у дошкольников речевыми нарушениями, который состоит:

- коррекция произношения (автоматизация и дифференциация звуков);
- совершенствование лексико-грамматических категорий;
- совершенствование навыков пространственной ориентации;
- упражнения для развития общей и мелкой моторики.

Один из приемов **словестного метода**: ребенок повторяет слова и выполняет действия с шариком в соответствии с текстом. Это могут быть потешки, прибаутки, стихи, вопросы, сказки, загадки.

Упражнение «Один - много». Воспитатель катит «чудо-шарик» по столу ребенку, называя предмет в единственном числе. Ребенок, поймав ладонью шарик, оказывает его назад, называя существительные во множественном числе. Аналогично проводятся упражнения «Скажи наоборот», «Назови ласково».

Пальчиковая игра «Ёжик»

Описание: упражнение выполняется сначала на правой руке, затем на левой.

Ёжик, ёжик, хитрый ёж, на клубочек ты похож.

(дети катают шарик между ладонями)

На спине иголки

(массажные движения большого пальца)

очень-очень колкие.

(массажные движения указательного пальца)

Хоть и ростом ёжик мал,

(массажные движения среднего пальца)

нам колючки показал,

(массажные движения безымянного пальца)

А колючки тоже

(массажные движения мизинца)

на ежа похожи.

(дети катают шарик между ладонями).

Наглядные методы. В индивидуальной работе используем схемы, видеоматериалы, иллюстрации. Мы изготовили карточки с различными сюжетами. Дети отправляются в путешествие по Ботакаре вместе с ежиком, колобком по дорожкам определенного цвета. На пути они встречаются с разнообразными героями, узнают уголки родного поселка.

Игровые методы. Ребёнок поочередно надевает массажные кольца на каждый палец, проговаривая стихотворение пальчиковой гимнастики. Это могут быть занятие-игра, игровые упражнения, взаимодействие со сказочным персонажем. Ребёнку предлагаем поиграть в сказку, например, сказка «Сапожник и хан» *Один хан задумал проверить, как народ исполняет его повеления. Он приказал своим визирям объявить, чтоб его подданные ничего не делали и не зажигали по ночам огней.*

Практические методы. Массаж кистей, пальцев. Есть и другое применение массажным шарикам. Их можно использовать не только для развития мелкой моторики, но и для развития цветовосприятия. Например, игра «Сделай разноцветные шарики и назови их» (сине-красный, жёлто-зелёный); дидактическая игра «Разложи шарики по цвету» (при этом предлагаем раскрашенную различными цветами карту Бухаржырауского района).

Поскольку на ладони находится множество биологически активных точек, эффективным





способом их стимуляции является массаж специальным шариком. Прокатывая шарик между ладонками, ребёнок массирует мышцы рук. В каждом шарике есть «волшебное» эластичное кольцо, которое помогает стимулировать работу внутренних органов. Дети поочередно примеряют колечки на пальчики, всё это сопровождается стишками, потешками.

Пальчиковая игра «Мальчик-пальчик»

Описание: упражнение выполняется сначала на правой руке, затем на левой.

- Мальчик-пальчик,

Где ты был?

(надеваем кольцо на большой палец)

- С этим братцем в лес ходил,

(надеваем кольцо на указательный палец)

- С этим братцем щи варил,

(надеваем кольцо на средний палец)

- С этим братцем кашу ел,

(надеваем кольцо на безымянный палец)

- С этим братцем песни пел

(надеваем кольцо на мизинец).

На логопедических занятиях используем различные формы работы с использованием кисти пальцев:

1. Катать шарик круговыми движениями ладоней.

2. Прямыми движениями ладоней.

3. Прокатывать кольцо по каждому пальцу.

4. Сжимать шарик в кулачке.

За годы работы по данному направлению участниками воспитательно - образовательного процесса разработаны проекты: «По тропе шагаем, родной край изучаем».

В дошкольном возрасте ребёнок осваивает огромное информационное пространство, сориентироваться в котором ему помогаем мы, взрослые. Активная жизненная позиция нашла реализацию в том, чтобы воспитать детей в духе любви к малой Родине, почитание и уважение народных традиций и обычаев, ощущение своих корней, преемственности поколений.

Литература:

1. Аманбаева Э.К. Некоторые мысли о современном патриотическом воспитании дошкольников //Детский сад от А до Я. – 2010. - №3. – с.4 – 14.

2. Рыбалова И.Н. Ознакомление с родным городом как средство патриотического воспитания //Дошкольное воспитание. – 2013. - № 6. – с.45 – 55.

ТУҒАН ӨЛКЕ ТҰНЫП ТҰРҒАН ШЕЖІРЕ

Жәнібек А.С.

дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,

«М.Мыңқаев атындағы №10 Борсеңгір ЖОББМ»КММ

Ұлытау ауданы

Өз елдігің тарихыңды зерттеуіңнен басталады

Қ.Мырзалиев

Атамекен-туып өскен жерің, кіндік қаның тамған жер. Құтты қоныстың қасиетіне тәңірден табынып, бас иген бабаларымыздың ақынжанды болуы занды. Туған жердің кереметтілігін кез-келген адам өзінше пайымдайды. Ата-қоныстың ата-бабамызға тым қымбатқа түскенін әр кез қаперде ұстауымыз қажет. Тіршілікте бабаларымыз кіндік қаны тамған топырақты, қара қонысты кие тұтып, ақ дастархандай қастерлеген. Ұлы дала қойнауы-қазақтың қасиетті де қадірлі атамекені тұнып тұрған тарих. «Дала» деген ұғымды тек бір шөл деп ұғынуға болмайды. Әр өлкенің ерте заманнан бергі тарихы тұтаса келіп, бүгінге дейін талай жақсылықты да, қорлық пен қасіретті де бастан кешірді. Әр жердің өз тарихы бар. Жер-тарихы кешегінің бүгінге қалдырған, бүгіннің ертеңге енші болар



жылнамасы. Тарихты жоқ ете алмайсың. Жер атауы белгілі бір ортаның ерекшелігіне, табиғатына, оның климат ерекшелігіне байланысты қойылады.

Бүгінгі ғылыми жобамда қойнауы тарихқа толы туып өскен ауылым Борсеңгірдің тарихи-мәдени ескерткіштері туралы айтпақпын. **Борсеңгір селосы - 1961 жылдан** бері Жетіқоңыр сохозының орталығы. Төрт түлігі жыл сайын өсіп дамыған сохоздың атағы облыс, республикаға дейін жетті. Осындай жақсы қырынан көрінген совхоз 1970 жылы КПСС XXIII-съезі атындағы шаруашылық болып аталды. 1982 жылы осы шаруашылықтан Жетіқоңыр сохозы бөлініп, өз алдына отау тікті. 1992 жылы КПСС XXIII съезі атындағы совхоз жекешеленіп, таратылғаннан кейін Аралтөбе бірлестігі болып құрылды. Кейін осы бірлестік те таратылып, Борсеңгір селолық аймағы деп аталды. Ауылымының атауы «борлы, биік» деген мағынаны білдіреді.

Қазірдің өзінде ауыл тұрғындары борлы төбеден ақ балшықты әкеліп, қора жайларды, үйлерді әктеуге пайдаланады. Осы борлы төбе алыстан аппақ болып көрініп жатады. Сондықтан Борсеңгір атауы бор сөзіне сенгір сөзі биік-биік төбе деген ұғым береді. [1]

1988 жылы Борсеңгір ауылына Алматыдан комиссия келіп, осы аймақтағы тарихи-мәдени ескерткіштердің қай жерде орналасқанын, олардың қазіргі жай-күйімен танысу мақсатымен келген екен.

Келген комиссияның құжаттарында тарихи-мәдени ескерткіштердің тізімі берілген. Онда: Кәрібайдың мавзолейі, Сағана, Қалманбайдың қызыл үйі, Сымтас, Байғон-Байсымақ қорымы, төрт оба, мыс қорытқан пеш бар деп көрсетілген. Осы тарихи-мәдени ескерткіштерден төрт оба, мыс қорытқан пеш туралы ешқандай мәлімет, дерек жоқ.

Енді ауылымның тарихи-мәдени ескерткіштері туралы айтайын.

Кәрібай мавзолейі. Кәрібайұлының өмірі туралы және оның кім екендігі жайында «Қазақ совет энциклопедиясының» бесінші томында жарық көрген, онда былай деп берілген: «Кәрібайұлы Данияр 1875 жыл Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы- қазақ сәулетшісі.

Өмірінің соңғы кезеңіне дейін Сарысу өзені бойындағы Аралтөбе (қазіргі Жетіқоңыр) колхозында ұста болып істеген. Кәрібайұлы Данияр күйдірген қызыл кірпіштен бірнеше сәулетті күмбездер, қызыл үйлер тұрғызған. Кәрібайұлы Данияр кірпіш күйдіру әдісін жетік білген. Ол кісінің өз қолымен жасаған кірпіш күйдіретін пештерінің іргесі Сарысу бойында осы күнге дейін сақталған.

Кәрібай атамыз 1831 жылдар шамасында өмірге келген. Ата қонысы Сарқамыс елді мекені болған. Алғашқы кездері киіз үймен қыстан шыққан. Айнала қалың қамыс, тіпті түйелі адам көрінбейтін ну болған.

Кенже баласы Данияр 12 жасынан бастап ұсталықпен айналысқан. Әкесі Кәрібай қайтыс болғанда, күмбезді там тұрғызған. Сол күмбезді мавзолей Сарқамыстың қыр жақ беткейіне орналасқан. Сол кезде бар материалды тиімді пайдаланып, саз балшықты илеп, қалыппен құйып кірпіш дайындаған.

Кәрібайұлы Даниярдың халық шебері екендігін айқындайтын тағы бір құжат –ол Алматы «Өнер» баспасынан 1986 жылы Әлкей Марғұланның авторлығымен шыққан «Казахское народное прикладное искусство» кітабының бірінші томдығы. Мұнда атамыздың суретімен қоса осы өңірдегі шеберлер туралы жан-жақты сөз етіледі.

Қызыл қыстаудың құрылысқа қараған бетінде (совхоздың алғашқы орталығы осылай аталған) ауыл шаруашылық машиналарын жөндейтін шеберхана ұйымдастырылады. Осында еңбек еткен Данияр ұста ат машиналардың, шөп шабатын басқа да құрал-жабдықтардың қосалқы бөліктерін қолдан жасаған. Арбаның дөңгелектерін құрсаулаған, жиі сына беретін жетекке қосымша темір пайдаланған.[2]

Яғни арбаның алдыңғы дөңгелегіндегі мұрындықтан тез бұрылу үшін жетекпен бірге жалғанатын жуан темірден жалғамалы иін жасаған. Бұл дегеніңіз, жетектің бұрылғанда, сынбауы әрі күш түспеуі үшін қажет. Кейде ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеуден қолы қалт еткенде, үй тұрмысына керекті кетпен, қалақ, самаурын тұрбасы, шымшуыр т.б. заттар істеген. Данияр атамыздың он саусағынан өнер тамған, сәулетші,ұста, зергер, іс тігудің шебер болғанын дәлелдейтін өзінің бел баласы Шамбыл мен туысы әрі замандасы Зүбайра Мырзабекұлының кешегі облыстық газет «Сарыарқадағы» 31 тамыз 1993 жылғы № 166 санында меншікті тілші журналист Болат Дәулетиярұлы берген сұхбаты жарыққа шықты.



Кәрібайұлы Даниярдың діни орта білімі болғандығы аян. Қолы бос кезінде Құран кәрімнен бас алмаған. Осындай ілімі бар болса да, молдалық құрмаған.

Борсеңгір селолық аймағындағы көптеген күмбезді тамдардан кірпіштерінің әр түрлі формада, пішінде құйылуы, кірпіштерінің сапасы, оның жоғарылығы, табанының көлемі үстіңгі жағынан жалпақ болуы, яғни күмбез салмағы табанға бірдей түссін деген оймен жасалғаны көрінеді.

Данияр шеберде алты түрлі қалып болғанға ұқсайды.

1. Кесененің бүйір қабырғаларына лайықталған.
2. Бұрыштық кірпіштерге арналған.
3. Дөдегелік кірпіштерге лайықталған.
4. Есік иіндеріне арналған.
5. Терезе иіндеріне лайықталған
6. Күмбез кірпіштеріне арналған.

Күмбез тамдардың, сол сияқты қызыл үйдің қабырғаларына әр түрлі әшекейлер-төртбұрыштар, ромбиктердің бейнесін келтірген, тіпті шидің айшықтары тәрізді өрнектердің бар екенін аңғаруға болады.

Данияр шебердің сол сияқты кірпіш күйдірудің толық технологиясын жетік меңгергендігін, қалау үшін пайдаланатын балшықтың құрамын да толық зерттеп, қайтсе жақсы байланысатынын, ұстайтындығын білген. Оған дәлел-Данияр әкеміздің қолынан шыққан еңбектердің ғасырдан астам уақыт өтсе де, өзінің сапасын жоғалтпауы, күні бүгінге дейін сақтаулы. Ауылымдағы тарихи ескерткіштің бірі- **Қызыл үй**- Қалманбайдың қыстауы. Сарысу өзенінің жағасына салынған. Қазір үйдің тек қабырғаларының төменгі бөлігі ғана сақталған. [3]

Негізінен үй саз балшықтан құйылған кірпіштен қаланған. Кейін қолдан құйылған қызыл кірпішпен көмкерілген. Кешегі 70-80 жылдарға дейін қабырғалары, терезе жақтауларын жарты кірпіш сыртқа шығара қалауы да шын шебердің қолынан шыққандығын аңғартқандай. Әсіресе шығыс халықтарының құрылыс салу, оның ішінде күмбезді пайдалану шеберлігін аңғару қиын емес. Бір сөзбен айтқанда, бұл үй тек қыстау ғана емес, халқымыздың үй салу өнерінің айрықша бір көрінісі екеніне дау жоқ.

Келесі бір құнды тарихи ескерткіштердің бірі- **Құлыбек ата сағанасы**. Құлыбек ата Алданазар ұлынан: Жандәулет, Байдәулет екеуі туады. Байдәулет Омбыға дейін барып оқыған. 19-20-лар шамасында оқуын аяқтай алмай ауырып ауылына қайтқанда бір шүршіт мәстүрді жалдап елге ала келсе керек.

Әуелі шабындық үшін Сарысу өзенін бөгеу керек болған. Мәстүрді басшы етіп үлкен тоғанды «Байдәулет тоғанын» салдырған. Кейін қатты су тасқыны болғанда бөгет «Байдәулет тоғанын» бұзып кеткен, содан Байдәулет салдырған мешітке ұстаған Халпені мешіт имамын бас қылып тоғанды, қайта бөгеген. Сол мәстүр тоғанды, 12 жанұялық қызыл үйді, Сағананы бес жыл ішінде салып бітірген. Сағананы салғанда Әбіш қажы Ұлытаудағы Тілеубаев Серіктің атасы бірге салысқан жас жігіттер екен. Кейіннен ол екеуі де атақты тамсалғыш атанған. Данияр осы екі кісінің шәкірті болса керек.

Бір күні Құлыбек ата тысқа шығып тұрса, Байдәулет кер жорғасымен келе жатқанын көріп:- «Әй, қу жалғыз» анау тобырың не тобыр деген. Сонда ол кісі 83 жаста екен. Байдәулет шөп шаптырайын деп бие байлатып жатырмын деген. Сонда Құлыбек ата- «Сен мені өледі деп там салдырып жатырсың ғой, оған менен бұрын өзің жатарсың»- деген екен. «Мың соққан Дуалы ауыз» атанған Аруақты атаның сөзі қате кетпеген деседі. Ақыры баласы екі күн ауырып үшінші күні Сағанаға бірінші болып қойылған. 1996 жылы Егемен Қазақстан газетінде,-қазақтың оқыған азаматтары деген тізімде Байдәулет Құлыбекұлы да тіркелген. Сөйтіп 25 жасар пысық, зерек орысша-қазақшаға бірдей оқымысты азамат дүниеден ерте қайтыпты.

Туған өлке тарихы мені ғылыми ізденіске жетелеп, өз жерімді, өз елімді, Отанымды сүюге тәрбиелейді. Өз өлкемнің тарихи ерекшелігін білуге жетелейді. «Отан», «туған жер», «атамекен», «елім», «ауылым»-жүрек тебіреніп, шаттық сезімді оятатын қасиетті сөздер.

Туған жердің тарихын, шежіресін білу- әрбір ұрпақтың азаматтық борышы. Тарих арқылы біз өткенді зерттеп, болашаққа мақсат қоямыз. Елін. Жерін [4] сүю үшін, ең алдымен оның тарихын жақсы білу қажет. «Ұлтарактай болса да, атақоныс жер қымбат. Ат төбеліндей болса да, туып-өскен



ел қымбат» деп ақын жырлағандай, осы ғылыми-зерттеу еңбегімде Борсеңгір ауылының өткені мен бүгінгі даму тарихы жатыр.

Ауылым-алтын қазынам демекші, әр адамның өз туған жері, өз мақтанышы. Сол сияқты мен де лүпілдей сокқан жүрегімнен шыққан сөздермен өзімнің туған ауылымның жер-су атаулары, шығу тарихы, ауылымыздың тумасы, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың досы болған Күзеубай ата туралы бабалар қалдырған мұрадан оқып-білгенімді, естігенімді айтқым келеді.

Борсеңгірден 35 шақырымдай жердегі Сымтас елді мекенінің аталу тарихын бірнеше ой-пікірлермен түсіндіруге болады. Аталарымыздың айтуынша, Сымтас елді мекенінің аталуы Сынтас екен дейді. Бұл дерекке қарап, елді мекенде бір кездерде ежелгі түркі жазулары сияқты ескерткіш тастар болмады ма екен деп топшылауға негіз бар. Ал тағы бір үлкен кісілер осы елді мекеннің шығу тарихын бір кездерде метеорит (аспан денесі) түсуімен байланыстырады. Осы аспан денесі тас алыстан байқағанда, көз ұшында сым тәрізді көрінген, сол себепті Сымтас атанған.

Енді ауылымның жер-су атауларына тоқталайын.

Борсеңгір селолық аймағындағы жер-су аттарын (топонимикалық) бірнеше топқа жіктеуге болады. Олар негізінен өсімдік атауына, жан-жануарлар аттарына, түске байланысты, кісі есімдеріне, сан ұғымдарына, т.б. байланысты болып бөлінеді.

Борсеңгір атауы борлы төбе деген ұғым береді. Қазірдің өзінде ауыл тұрғындары борлы төбеден ақ балшықты әкеліп, қора-жайларды, үйлерді әктеуге пайдаланады. Осы борлы төбе алыстан аппақ болып көрініп жатады. Сондықтан Борсеңгір атауы бор сөзіне сеңгір сөзі бірігуінен жасалған деуге негіз бар. Себебі сеңгір сөзі биік-биік төбе деген ұғым береді.

1. Өсімдік аттарына байланысты жер-су аттары мыналар: Тобылғылы, Жиделі, Қарағайлы құдық, Талды сай, Қарасора, Бозауыз, т.б. Енді осы ұғымдарға тоқталып өтейін.

Жетіқоңыр деген сөз жеті бөлек құмның атауына байланысты қойылған. Сол жеті құмның екеуі біздің елді мекенге қарасты. Біреуі батыстан шығысқа қарай созылып жатқан ұзындығы 30-40 шақырымдай Тобылғылы құмы, ал екіншісі өз алдына бөлек дөңгелек болып орналасқан, бар ұзындығы 27-28 шақырымдай Жиделі құмы, Борсеңгірден оңтүстік шығысқа қарай 80-90 шақырым.

Талдысай бастауын батыстағы Ақмая, Керегетастан алады. Көктемгі қар суында тасып, Борсеңгір арқылы Аяққұдыққа дейін барып, Сарысу өзеніне [5] қосылады. Ал Қарағайлы құдық осы сайдың бойында орналасқан. Ертеде қарағаймен шегендеген. Жезқазған-Қарағанды темір жолына жақын 5-6 шақырымдай жерде. Қарасора деп Сарысу өзенінің арғы бетіндегі Сәлденбек қыстағынан 10 шақырымдай өзекті атайды, бұл жерде сора өспегенмен, соған ұқсас шөп шығады, соны меңзеп қойған болу керек.

Борсеңгірден 12 шақырымдай жерде Талдысайдан Сымтасқа қарай, яғни шығысқа қарай екі қабының арасында мол боз, селеу өскен жер бар, аталарымыз осы шөптесін жерді Бозауыз деп атаған.

II. Жан-жануарларға байланысты жер-су аттары әр жерде кездесіп отырады. Дәуіт, Бөріойнақ, Таз бөріойнақ, Жыландықақ, т.б. жер-су аттарына қарап, осы аталған жерлерде бір кездерде дәуіт, бөрі (қасқыр), жылан көптен мекендегенін білуге болады.

Жоғарыда айтылған Жыландықақ деген жер Борсеңгір селосынан 7-8 шақырымдай. Нақ сол жерден 250-300 метрде биік бір төбе бар. Мал бағып жүрген адамдар талай байқаған болу керек, сол төбенің жақпар тастарының арасынан әр түрлі ұзынды-қысқалы жыландар қазір де бірі кіріп, бірі шығып жатады. Сірә осы төбені мекендеген жыландар шөлдеген уақытында жанындағы қар суынан жиналған қақтан су ішуі мүмкін. Сондықтан жыланның сол маңайда кездесуі әбден орынды сияқты.

Дәуіт, Бөріойнақ Сарысу өзенінің бойында орналасқан. Бөріойнақтан **Таз бөріойнақтың** бір айырмашылығы-төбенің тегістігі, әрі біріңғай жусан мен боздың өсуінен деп топшылауға болады.

III. Түске байланысты жер-су аттары мынадай болып келеді: Сарысу, Сарықамыс, Үшқызыл, Шұбарқұдық, Ақасық, Ақсиырдың саңы, Қарасу, Қарабұжыр, Қараой, Борсеңгір, Аққұдық, Қызыл үй, т.б.

Селолық аймақ жеріндегі ағып жатқан Сарысу өзені қар суымен қоректеніп, жауын-шашын түспеген жылдары бөлек-бөлек болып, суының түсі сарғайып кететін болған. Осы ерекшелікке байланысты қойылған ұғым. Жалпы бұл өзен су аяғы құрдымға кетіп, құмға сіңеді. **Сарықамыс** Сарысу елді мекенімен шекарада орналасқан, 40 шақырымдай жерде. Ну қамысына, күзде түсін өзгертуіне орай осылай аталған болу керек. **Үшқызыл** атауы, екі сөзден құралған, үш және қызыл.



Бұл атаудың қойылу себебі-үш бөлек қызыл төбеге байланысты. Үш төбе алыстан мұнартып, қызыл болып көрінеді. Борсеңгірден оңтүстік шығысқа қарай 25 километрдей жер.

Шұбарқұдық-шөбі бар, тобылғылы аңғарларды «Шұбар» деп атаған және сол жерлерден тұщы су қорын дәл анықтаған.

Сондықтан мұндай жерлерден қазылған құдықты Шұбарқұдық деп атауы шындыққа жанасады. [6]

Ақасық деген жер-Жамантаудың бергі сілемі. Алыстан қарағанда, бұл тұрған жеке төбе аппақ болып, алшысынан қойылған асықтың бейнесін көз алдына елестетеді.

Ақсиырдың саңы-Ащықұдыққа қарай бара жатқан жолдың сол жағындағы жер. Ұзыннан ұзақ созылып жатқан қырдың оңтүстік беті біріңғай сиыр малының оты боз болып келеді. Сірә, соны меңзеп, Ақсиырдың саңы деуі мүмкін.

Қарасу-қалың шабындықтың ортасындағы қыстау. Көктемгі су тасқынынан кейін бөлініп, осы жердегі сайда су көпке дейін сақталады. Терең сайдағы **Қарабұжыр**-Үшқызылдың солтүстік беткейіндегі баялыш сай-сала. Техника түгіл, аттылы адамның өзі әзер аяқ басып жүреді: әрі сай-сала, кедр-бұдыр болғандықтан, Қарабұжыр деп аталуы дұрыс сияқты.

Қараой-суы тұщы, малдың жазғы жайылымына таптырмайтын жер. Қалың тобылғылы болып келеді.

Аққұдық-Теректі станциясына бара жатқан жолдың оң жағындағы құдық. Қазылған құдықтың астыңғы жағынан бір қабат ақ балшық шығатынына сүйеніп, Аққұдық атанған болуы мүмкін.

IV. Сан ұғымдарына сәйкес жер-су атаулары да біраз сырды аңғартқандай. Борсеңгір елді мекенінен 9 шақырымдай жерді Жартытөбе деп атайды. Ащықұдыққа қарай шығыста бір биік төбе көрінеді, Зерделей қарасаңыз: сол төбенің жартысын әдейілеп алып тастағандай әсер етеді. Сол себепті **Жартытөбе** аталуы заңды сияқты.

Бір санына сәйкес **Жалғызтөбе** атауы бар. Сондай-ақ Бестөбе сырттай қарағанда, бес төбешіктің бір жерде орналасуынан шыққаны белгілі. Жалғызтөбе де, Бестөбе де Қараой деген жерде Жыланды елді мекеніне бара жатқан жолдың бойында орналасқан. Үшқызыл да үш төбенің атауы екені ақиқат. Мыңшоқы бірнеше жүздеген төбешіктердің тау сілемдерінің жиынтығы іспетті. Ол Қараоймен шектесіп жатыр.

Қосқақ деген жер атауынан екі санын аңғару қиын емес. Бөріойнақтың оңтүстік шығыс жазығындағы су тұратын ойпаң.

Борсеңгір селосының нақ орналасқан жерін Бесқауға дейді. Мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыз бес қауғамен тартса да суын тауыса алмаған құдықты осылай атаса керек-ті.

Бесбидайық-Кеңгір өзеніне қараған беттегі майқаралы жазық.

Бұл жерде ойдым-ойдым бидайық кездесіп отырады. Осыны негізге алып, атаған болуы керек. Осы жазықтың бір шеті Шұбарқұдықтың оңтүстіктен солтүстікке қарай созылып жатқан төбелерімен шектеседі. [7]

Тоғызқұдық-Тобылғылы құмының солтүстік беткейін алып жатқан аласа шағылды, бұйратты жазық. Бұл өңір- мал жылдың төрт мезгілінде жайылса да оты қашпайтын жер. Кейбір жер-су аттары жергілікті жердің географиялық ерекшеліктеріне жер бедеріне байланысты қойылған. Мысалы: Жамантау, Аралтөбе, Ашкөз, Үңгірлісаң, Бәйгетөбе, Маңдайқақ, Мұзбел, Тасқұдық, Аяққұдық, т.б. болып келеді.

Жамантау-Сарысу өзенінен 25-30 шақырымдай жердегі жықпыл-жартасты тау. Осындай ерекшелігіне орай «жаман» сөзін қосқан.

Аралтөбе-өзен табанындағы жайылымның ортасындағы төбе. Бұл-Күйген баздан Сәлденбекке қарай созылып жатқан қырат. Кәрітоғаннан шыққан су Күйгенбазға таянғанда, екіге бөлініп, бірі жаңағы төбенің шығыс жағын айналып, Сәлденбектің бергі алдымен Ашкөзге қарай асады, екіншісі Күйгенбаздың батысындағы өзекпен Қарасу, одан әрі Ескібазға қарай жайылады. Ашкөз ауылының аталуы-Сарысу өзенінің арғы бетін аласа қыр айнала қоршап жатыр. Соның су жайылған шабындыққа сұғына кірген, яғни таянған жерін **Ашкөз** деуі мүмкін.

Бәйгетөбе Борсеңгірден солтүстікке қарай 8-9 шақырымдай жерде тұр. Қазақ ауылы той-думансыз болған ба. Сондай уақытта ат бәйгесін өткізуге ұрымтал, жазық жерді таңдамай ма!? Бәйгенің қалай өткендігін көзбен көруге мүмкіндік жасайтын мұндай жерді қалай ғана Бәйгетөбе демесін!



Борсеңгірден оңтүстікке қарай 16 км жерде үлкен қақ бар. Адам маңдайындай жарқырап жататын, су түсетін жазықты **Маңдайқақ** деуі орынды сияқты. Сымтасқа шығар жолда үлкен асу бар. Қыс кезінде бұл жердің желі бір толастамай, ашық күндердің өзінде қар суаратын кезі жиі байқалады. Жүргіншілердің ары-бері өтуінде бейнет көретін жері де осы. Чоны негізге алып, Мұзбел деп атаған. Құдық суының тастан шығуына байланысты, **Тасқұдық** деп аталса, **Аяққұдық** талдысайдың бойындағы Сарысуға құяр сағасындағы ең соңғы құдық болғандықтан осылай аталған.

XVIII-XIX ғасырдағы тарихи ескерткіштер атымен аталған жер-су аттары да бар. Сағана деген жер соның айқын дәлелі.

Сағана қазіргі ұғымға байланысты күмбезді там, мавзолей деген мағына береді, әрі бір ру немесе тайпаның өлген адамдарын арулап қоятын жер болып есептелген. Жанында бүкіл жыл бойы суы тартылмайтын **Қарасуы** бар. Жалпы Борсеңгір селолық аймағындағы жер-су атауларындағы бір ерекшелік-Қазақстанның басқа өлкелеріндегідей жер-су аттарында басқа тілден енген атаулар жоққа тән. Мұның басты себебі-елді мекеннің Орталық Қазақстанда орналасуында. Біздегі жер-су атаулары бүкіл қазақ жеріндегі атаулардың жасалу жолдарымен ұқсас. [8]

Бабаларымыз көзінің қарашығындай қорғаған жерлерін біз де қорғауға міндеттіміз. Жер байлығы-ел байлығы демекші жеріміз бай болса онда біз де бай емеспіз бе?! Бұрынғы ата-бабаларымыздың ұрпақтары зерттеген ауылымыздың тарихын, жер атауларын зерттеумен келешекте де айналыссам деймін. Тек өз ауылымның жер атауларын ғана емес Қазақстанның да жер атауларын зерттесем деген ойым бар..

Әдебиеттер:

1. Егемен газеті 1996 жыл
2. Қазақ Совет энциклопедиясы, 5 том, 1974 жыл.
3. Ә.Марғұлан «Қазақ халқының қолданбалы өнері» кітабы, «Өнер» баспасы, 1980 жыл.
4. Сарыарқа газеті, 31 тамыз 1993 жыл № 166.

ӨЛКЕТАНУ АРҚЫЛЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ

Альжанова Ж.

бастауыш сынып мұғалімі,

№1 мектеп-гимназия,

Сәтбаев қаласы

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында туған жердің, өскен ортаның құндылықтарын ерекше атап өтті. «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады», - дей келе Нұрсұлтан Назарбаев әрбір қазақстандықты туған жерге сүйіспеншілікпен қарауға шақырды. Яғни, «Балаларға Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – ұстаздың аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» - деп ұстаздарға үлкен жауапкершілік артты. Өз ұлттық тарихымызды зерделеудің жастарды елжандылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде, ел ішіндегі ауызбіршілік пен ынтымақты, түсіністік пен болашаққа деген сенімді қалыптастырудағы қосар үлесі басым.

Әрбір отан тарихы – өлке тарихынан бастау алатыны сөзсіз. Өлке тарихы тереңінен зерттелмесе, еліміздің тұтас тарихы да жазылмайтыны белгілі. Отансүйгіштік пен ұлтжандылықтың қайнар бұлағы туған жерге деген сүйіспеншілікте, оның тарихы мен мәдени құндылықтарын қастерлей білуден басталатыны анық.

Қазақ халқында «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік сияқты құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен ұстаздың алар орны ерекше. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде, бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру ұйымы. Сондықтан, балаларға патриоттық тәрбие беруді бастауыш сыныптан бастасақ, еліміздің бейбітшілігі мен егемендігін сақтауға, экономикасын дамытуға ықпал ететін нағыз азаматты бүгіннен қалыптастыра аламыз.



Қарағанды облысындағы білім беру ұйымдарында кіріктірілген өлкетану курсын оқыту үшін «Өлкетану» оқулығы енгізілгені баршаға мәлім. Бұл оқулық 5-7 сыныптарға арналған. Оқу құралының бір бағыты туған өлке аумағында орналасқан археологиялық, архитектуралық және тарихи ескерткіштердің құпиясын ашады. Біздің Жезқазған өңірі тарихи орындарға бай өлке екендігі белгілі. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына да ата-аналар қауымдастығының қатысуымен экскурсиялар ұйымдастырып, тарихи, киелі орындарды көрсету үшін Жезқазған, Сәтбаев қалаларының картасы құру қажет деп ойлаймын. Қала мектептерімен бірлесе оқушылар үшін жыл бойы өңірдің қасиетті, киелі нысандары бойынша экскурсиялық жорықтар ұйымдастырылса нұр үстіне нұр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында: – Ұлытау барша қазақ қадір тұтатын қастерлі өлке. Ұлытау ұлтымыздың – алтын бесігі. Үш жүздің басын қосқан «Ұлытауда» бабаларымыз ұлттың келешегін ойлап, осында бірліктің туын желбіреткен. Қалың қауым осы киелі өлкеде ел билеген хандарды ақ киізге көтеріп, таққа отырғызған. Сондықтан біз Ұлытау жеріне – Хан ордасы, қазақ жерінің кіндігі деп, ерекше құрметпен қараймыз. Ұлытаудың тарихы мен тағылымын жастар тәрбиесі мен отаншылдық рухты дамытуға пайдалану керек, – деп атап көрсетті.

Себебі, бір ғана Ұлытау жерінің әр сайы мен қыры, тауы мен жотасы, даласы мен қаласы терең тарихтан сыр шертеді. Ұлытау – Қазақстанның тарихи және географиялық орталығы, Еуразия құрлығындағы мәдениет тарихында ерекше орын алатын аймақ. Ұлытау – қазақ халқының қасиет тұтқан, ұлы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларды еске салатын киелі мекен. Бұл жерде барлық қазақ хандарының ата-бабасы Жошы ханның және аты аңызға айналған қазақ жүздерінің негізін қалаушы Алашаханның мазарлары орналасқан. Ал ел жастары олардың әрбірінен хабардар болуы тиіс.

Қазақта *«Тәрбие – тал бесіктен»* деген қағидалы сөз бар. Расында, тал бесіктен берілген тәрбиенің тағылымы адам өмірінің рухани қуатты нәріне айналып, патриоттықтың да, отансүйгіштіктің де қазыналы қайнар бұлағы болары сөзсіз.

Өз тарихына терең бойлай алған ұрпақ қана Отанына адал, жауапкершілігі жоғары азамат болып өседі. Адамзат алдында тұратын ұлы міндет – өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Өлкеміздің тарихы мен өнерін жинақтап зерттеудің мол тәжірибесі негізінде болашақ ұрпақты тәрбиелеудің қажеттілігі арта түсуде. Әсіресе, туған жеріміздің саңлақтарымен өткізілген кештер мен кездесулер, танымдық сабақтар – туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін оятумен қатар, өз ата-бабаларын мақтан етуге шақырады. Отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу үшін Отан тарихын сапалы әрі тиімді оқыту қажет. Бүгінгі орта білім беру жүйесіндегі Отан тарихын оқытуды «Өлкетану» пәні арқылы бекітетін болсақ, оқушының тарихи санасының қалыптасуы мен патриоттық сана-сезімі анағұрлым арта түсер еді.

Оқушылар өз өлкесі жөніндегі білім қорын меңгеруді алғаш рет мектеп табалдырығын аттаудан бастайды. Бастауыш сыныптарда өлкетану өз туған жерін тани білумен басталады. Қоршаған орта, табиғатты көз көріп, араласып, табиғат өзгерістері туралы ұғым қалыптастырады. Ал 3-4 сыныптарда өлкетану жұмыстары барған сайын күрделене әрі кеңейе түседі, оқушылардың енді өз өлкесі жөніндегі экологиялық білім негіздері қорлана түседі. Оқушылар 3-4 сыныпта туған өлкесінің табиғаттың маусымға қарай өзгеруін, соған сәйкес адамдардың еңбектегі іс-әрекетінің өзгеруін бақылай алады.

Бастауыш сыныптардағы экология, өлкетану жұмысы дүниетану пәніне байланысты табысты шешіледі.

Төменгі сынып оқушыларында мұндай дағдыларды қалыптастыруда табиғат көріністерін бейнелейтін суреттерді пайдаланудың, олар бойынша жұмыс жүргізудің маңызы зор. Туған өлкені суреттей отырып, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, табиғатын аялай білуге баулиды. Бастауыш сыныптарда табиғат қорғау, табиғатты тани білу, ең алғаш өзінің көріп жүрген туған жерінен басталады.

Оқушыларды тәрбиелеудің қызықты түрінің бірі – жаяу саяхат, ол мектеп оқушысын халықтың ұлттық мәдени өмірімен, туған өлкенің табиғатының байлықтарымен, тарихи және табиғи ескерткіштермен таныстырады. Саяхаттың бұл түрі туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін



тәрбиелейді, төзімділікке, ұжым құрамында өзін ұстай білуге үйретеді, сондықтан саяхаттардың тәрбиелік мәні зор.

Бұл жөнінде Бауыржан Момышұлы «Жастарымыз отаншыл болсын. Ал отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырлармен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе сол адам патриот, отаншыл болады. Өйткені, өз әке-шешесін ардақтамаған – өзгенің ата-анасын құрметтемейді. Үйде бауырмал болмаған, түзде интернационалист болмайды. Өз ұлтын жақсы көрмеген – өзге ұлттарды ұнатпайды. Мұны ұлтшылдықпен шатастырмау керек», – деп үйретеді.

Қорыта келе, патриоттық тәрбие беру барысында жастардың бойында Отансүйгіштік және сонымен қатар тарихымыздың біртуар ұлдарының ерліктерін талдау, оған терең үңіліп, сүйсіну, талдау жасап қана қоймай, өз отанының жанашыры болуға талпынуға деген құлшыныс туары хақ деп ойлаймыз.

Ал елдің тарихын білу, жас ұрпақтың бойындағы туған жерге, елге сүйіспеншілік, патриоттық сезімді арттыруға жағдай жасайды. Өткен тарихтың ұрпақ тәрбиесіне тікелей қатысы бар. Сондықтан өлкеміздегі осындай баға жетпес тарихи-мәдени ескерткіштеріміздің болашақта жойылып кетуіне жол бермей, келешек ұрпақ зердесіне ой тастау, тарихи ескерткіштер арқылы ұлттық сана сезімді ояту, оларды тарихта мәңгілік қалдыру, тарихи мұралардың сыр-сипатын жете ұғындыру қажет.

«Өскен ел тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады» деген мақал бар. Туған жері мен елі туралы білімін жетілдіріп, сол арқылы Отанын сүйген азаматтық рухты қалыптастыра білсек, біздің еңбегіміздің жемісі сол болмақ.

ӨЛЕҢМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ӨМІР

(Тезекбай Амандықұлының өмірі мен шығармашылығы туралы)

Базылова А.Е.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы базасындағы

тірек мектебі(РО) Қарағанды облысы,

Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы

Кең байтақ көсіліп жатқан Арқа өңірінен, өзім туып, балалық шағым өтіп жатқан осы Шет ауданынан талай тамаша тарлан ақындардың шыққандығы белгілі. Олар өнер саласында өзіндік үндерімен танымал болған ақындар. Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны Арқадағы әдебиет пен өнердің төрі мен төңірегінде жүрген Тезекбай Амандықұлының "Шет шұғыласы" газетінде жарық көрген өлеңдері қызықтырып, осы бір мақаланы жазуыма тура келді.

Ақжелең ақын Тезекбай Амандықұлы 1950 жылы 1 қыркүйекте Арқа аймағындағы Шет ауданының Нұра (қазіргі Кеншоқы) ауылында туған. 1958-1966 жылдары сол ауылдағы Ордженикидзе атындағы сегізжылдық мектепте, 1966-1968 жылдары Ақсу-Аюлы ауылындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде оқып, орта білім алады. 1969 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, 1973 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады.

Тезекбай Амандықұлы мектепте оқып жүрген кезінде әдебиетке, поэзияға құштар болған екен. Өлең жазуды мектепте оқып жүргеннен бастаған. Оның алғашқы өлеңдері 7-сыныпта оқып жүргенде аудандық "Ильич туы" газетінде жарық көрген. Өлеңдері туған жерге арналған "Нұра", "Қызыл шоқы" т.б. сияқты тырнақалды туындылары еді.

Ақын одан кейін студенттік кезінде де өлең жазуды әдетке айналдырған. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында поэзияның киелі табалдырығынан имене аттағандардың бірі еді. Тезекеңнің жырлары аудандық, облыстық газеттерде үнемі жарияланып тұрады. Сонымен қатар, Жезқазған облысы ақындарының "Сарыарқа саздары"(1990), Шет ауданы ақындарының антологиясы (1995) жинақтарына бірнеше өлеңдері енген. 2000 жылы ақынның 50 жасқа толуына орай "Сәулелі мезет" атты өлеңдер жинағы басылып шықты. 2014 жылы "Ел іші-жұмақ мекенім" атты өлеңдер жинағы



поэзия сүйер қалың жұртшылыққа ұсынылды. Тезекен қазір де қаламы қолынан түспеген, өлеңді өзіне серік еткен, халықтың сүйікті азаматы әрі ақыны.

Ақынның екі кітабын кітапханадан алып, өлеңдерін оқып шықтым. Бізге белгілі ақынның **"Сәулелі мезет"** өлеңдер жинағы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі - **"Айттым сәлем"**, екінші бөлімі- **"Толғаныс тамшылары"**. Екінші кітабы- **"Ел іші- жұмақ мекенім"**. Бұл жинақты да ақын әр бөлімге бөлген. Бірінші бөлімі- **"Аруақ риза болмай..."**, екінші бөлімі- **"Көңілдегі көп ойлар көленкелі"**, үшінші бөлімін **"Арнаулар"** деп бөлген. Арнау-өлеңдері жеке адамдарға, өзінің балалары мен немерелеріне арналған.

Ақын өлеңдерінің негізі- туған жерге деген ыстық сезім, жастарды кішіпейілділік, адалдық, үлкенді құрметтеу, сыйлау, мансаптыққа берілмеу, табиғатпен сырласу болып табылады. Ақын өз жүрегінің лүпілі, жырлары арқылы жалпыға тән ой-сезімді білдірген.

Ақын шығармашылығының шынайы сезім тазалығы, шеберлігі -туған жер тақырыбына арнаған өлеңдерінен айқын көрінеді. Ол туған жерге деген, халқына деген махаббатын осы өлеңдерінде суреттейді.

Ақынның **"Аюлым- асылдар мекені"** атты өлеңін оқи отырып, өзіндік ой түйдім.

Аюлым- асылдар мекені

Туған өлке-алтын орда, үй осы,
Шырқалар ән, тартылатын күй осы.
Құрметтесек ел мен жердің тарихын
Ұрпағыңа үрдіс болар сый осы.
Болған талай тұлғалының тұрағы,
Өзек алып Иманжүсіп бір әні.
Куәсіндей тылсым тарих сырының
Қарт Аюлым қасқайып- ақ тұр әлі.
Өткен күннің бедерлері бұлдырап,
Уақыт судай сапырылған сылдырап.
Жағасында ат шалдырған бабалар
Нұра жатыр бірде күліп, бір жылап.
Елді тартып тұтастыққа көсемдер,
Қас дұшпанға жібермеген есенді ер.
Қол бастаса Жидебайдай батыры,
Сөз сомдаған Жанқұттыдай шешендер.
Бізді қорғап солардың ақ батасы,
Түрленді енді Аюлының жотасы.
Шежіресін туған елдің шертеді
Немересін алдына алған атасы.

Туып -өскен жерін жырға қоспайтын ақын жоқ шығар, сірә. Тезекен де өзінің туған, өскен жерін тебірене жырлайды. Үміт пен шаттану, туған жерге деген ыстық махаббат сезімі алаулап тұр. Өлеңнің құрылысына келсек, 3 бунақты, 4 тармақты, 11 буынды қара өлең ұйқасына жатады.

Тезекеннің **"Бір адамға"** атты өлеңін оқи отырып, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың **"Бір адамға"** өлеңімен салыстырдым. Сұлтанмахмұт **"Бір адамға"** өлеңінде ел ішінде байлығына масаттанған бір адамның басқаларға істеген қиянатын, озбырлығы мен жиіркенішті қылықтарын батыл әшкере етеді. Өлең ащы мысқыл, зілді кекесін түрінде берілген. Тезекеннің **"Бір адамға"** өлеңі де осы негізде жазылған.

Бір адамға

Ей, қамсыз пенде!
Бір күндік баққа мастанған,
Жағасы жайлау,
Мамықтан жастық жастанған.
Таразы -уақыт сабаңа ертең түсірер,
Шалқая берме түскендей боп аспаннан!
Қиянаттарың оралар бір күн өзіңе
Киесіз деме жазықсыз көзді жас тамған!



Нан пісіп, кеудең жарылардай боп ісінген,
Биікпін дейсің өмірде барлық кісіңнен.
Жасындай шындық шарт ете қалса төбеңде,
Жиылар есің,
Шошырсың жұмақ -түсіңнен.
Дәл осылай талай патша мен ханыңның
Найзағай сәттер
Тәубесін еске түсірген!

Бір күндік байлыққа мастанып, мақтанып, елді менсінбей кететін, кеудесіне нан пісіп, өзгелерге мысқылмен қарайтын адамдар бұл дүниеде баршылық. Сондықтан ақын менменсіген, пасық адамдарға тәубеңе кел, бір күні істеген қиянаттарың алдыңа келер деп, осы өлеңін тәубесі жоқ адамдарға арнайды.

"Аймағым- алтын бесігім" атты өлеңінде туған жеріміз Шет ауданына көз тіккен жат жұрттан елі мен жерін қорғай білген бабалар Абылайханның ту ұстаған батыры- Жидебай батыр, Жаңқұтты шешен, Кенесары ханның қолбасшысы- Ақжолтай Ағыбай батыр, қазақ әдебиеті тарихындағы тұлға- Шортанбай жырау, атақты Әбди, Сембек, Қыздарбек күйші, жыр ағызған Жапақтың Маясары осы біздің туған жерімізден шыққан асылдарымыз туралы ақын тебірене жырлайды.

Аймағым- алтын бесігім

Туған өлкем!
Бақытым-ай, Бағым-ай!
Кеңдігіңнен бұлдыраған сағым-ай
Тай атқанда сүргін салған дұшпанға
Алашымның ақжолтайы- Ағыбай!

Аймақ қой бұл әнге де бай, күйге бай,
пешенеме тағдыр берген сый талай.
Ақ найзамен қорғап қалған жер осы
Кешегі өткен Сеңкібай мен Жидебай!

Аюлыға арқа тіреп сан мықты
Қас дұшпанды қыр асырып, қаңғытты.
Бата берген Абайына қазақтың
Ботантайдың ділмар ұлы -Жанқұтты.

Шыңдарындай Толағайдың, Матақтың,
Шын дарындар туған сенде атақты.
Әбди, Сембек, Қыздарбектер күй төгіп,
Жыр ағызған Маясары Жапақтың.

Ақын Тезекбай Амандықұлы 1992 жылы Ақсу-Аюлының орталығында 32 жылғы аштық құрбандарының жаппай жерленген зираттарына ел тағзым етіп, белгі орнатқанда осы жырды арнаған екен.

Кеш айтылған жоқтау

Тағдырға қарсы қайыспай тұрғандарым-ай,
Қос қолдап құдай төбеден "ұрғандарым-ай",
Ажалынан бұрын жан пида еткен жас-кәрі
Қолдан жасалған нәубеттен құрығандарым-ай.
60 жылдан соң ұрпақтық жара-жүректен
Өздеріңе мен осынау жырды арнадым-ай.



Мұратқа жетпей шейіт боп қалғандарым-ай,
Өксітіп өтті-ау опасыз жалғандарың-ай
Үміті құрғыр үзіліп жалғанбады ма-ай?
Шіріген жіптей іріген замандарың-ай,
Шаттықтың оты жүзіңе қалған дарымай.

Тұрлаусыз тағдыр бәрінді тірі аунатты ма,
Сәбилер сыңсып, нан сұрап жылап жатты ма?
Аштық- сор атты қиянат төніп бәріңе,
Шек- қарындарды аяусыз бұрап жатты ма?
Етекте жиып, ел болып 60 жылдан соң
Аруақтарым-ай, ұрпағың бір аунатты ма?
Мезгілсіз кеткен бейкүнә құрбандарым-ай,
Кеш болса дағы осы жоқтау- жырды арнадым-ай деп ақын тебірене жырлайды.
Ақынның бұл өлеңі 3 бунақты, 6-8 тармақты, 13 буынды шұбыртпалы ұйқас.

Ақындықтың Тәңірі - көкте, тамыры-жерде дейді білетіндер. Жеті қат көк пен жұмыр жердің арасындағы кеңістік әлемі тылсым, әсері гүлсім ақындық шабыттың райы мен шырайына айналып, алтын арқау, жібек желі болып тартылып, жыр сүйер қауымның шөліркеген таңдайына көзмоншақтай өлең болып тамып жатса, ол ақынның ақындығына өлшем. Ақын өлеңдерінің басым көпшілігі рухани адамгершілік қағидаларға толы десем, артық айтпаған болар едім. Адамгершіліктің ақ туын жоғары ұстаған Тезекбай Амандықұлының елім деп емірене жырлаған, адамгершілік тақырыбындағы өлеңдері, тәлім – тәрбиесінің, ұстаған қағидаларының жас ұрпаққа берері мол.

Әдебиеттер:

1. «Шет шұғыласы» газеті 2010 жыл.
2. "Шет шұғыласы" газеті 2011 жыл.
- 2."Сәулелі мезет" Т.Амандықұлы
- 3."Ел іші- жұмақ мекенім" Т.Амандықұлы Қарағанды 2014 жыл.

ӨЛКЕТАНУ – ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ

Махаева Л.К.

Бастауыш сынып мұғалімі,
«Сәтпаев қаласы білім бөлімі» ММ
«№16 жалпы орта білім беретін мектебі КММ»

Мемлекеттілікті тұғырлы ету ұрпақтың Отан алдындағы басты парызы десек, мұны отансүйгіш ұрпақ қалыптастыру арқылы ғана қамтамасыз ете аламыз. Ал, ұрпақты отансүйгіш, патриот етіп тәрбиелейтін ұлттың тарихи санасы. Даналық тарихы – ұлтты тәрбиелейтін қуатты құрал десек, адам өмірінің мәні кейінгі толқынға өзіндік із қалдырумен өлшенеді

Тарихтың міндеті – өткен заман бейнесін, ондағы түрлі оқиғаларды шындық жүзімен кейінгі ұрпақтың санасына жеткізу. Тарихи фактілер осы мақсатқа қызмет ететіндігі сөзсіз. Ұлттың отаншылдық, ұлтжандылық санасын ояту тарихи таным арқылы жүзеге асырылады.

Ұлтымыздың тарихына үңілген сайын елдік пен ерліктің, даналық пен ізгіліктің, отаншылдықтың үлгілерін жиі кездестіреміз. Ұлттық рухы биік мемлекет, ұлттық мүддесін қорғай білген мемлекет өзгелерге өзін мойындатып, әлемдік өркениеттен өзіне тиісті орнын иеленеді. Ал, Отан тарихынан отаншылдықтың, ұлтжандылықтың, ұлттық рухтың лебі еседі. Жаңа мың жылдыққа Қазақстан тәуелсіз, дербес мемлекет болып қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық жүйе өзгерді.

Тарихымызды тереңнен тану, оны оқытуды дұрыс жолға қою мәселесінде алдымызда тұрған, атқарылуға тиісті мәселелер де ауқымды. Тәуелсіздікті құрметтеу, тәуелсіз елдің азаматы бола білу оның қадірі мен қасиетін түсінудің айқын жолы. Ол өз халқының жүріп өткен тарихын білуге, құрметтеуге барып тіреледі.



Халқымыздың тарихи астанасы саналатын Ұлытау жерінің қадыр-қасиетін, ұлт үшін мән-маңызын айтып жеткізу тіптен де мүмкін емес сияқты. Ұлытау десек, ұлтымыздың өткенін, тарихын көз алдымызға келтіреміз. Қазақ деген халықтың қашан да, қай уақытта болса да бас қосып, бірлік пен бәтуаға келіп, кеңесіп келелі мәселелер шешетін тұғырлы да, тұрақты орыны осы – Ұлытау болған деседі.


Ұлытау жайлы сонау ерте, бағзы замандардағы көне тарихтарда да тайға таңба басқандай айқын да, нақты берілген. Тарихтың атасы аталатын Геродоттың жазбаларында «Тұран ойпатындағы тау» деп аталатын дала төсіндегі алып тау да осы Ұлытау болып саналады.

Ұлытау – қазақ үшін Отан ұғымының шығар шыңы болса, Көкшетау жері – еліміздің қорғаны болған хандарымыздың киелі ордасы. Қазақ тарихының түйінді мәселелері шешілген Абылайдың ақ ордасы қонған Ақмола – Көкшетаудай шежірелі өлке тарихын жете зерттемейінше, қазіргі Қазақстанның толық тарихын жасау мүмкін емес.

Шынында да Ұлытау табиғаты таңғажайып. Содан да болар, Қарсақбай мыс зауытының іске қосылуына орай өндірісте еңбек ететіндердің тынығатын, демалатын орнын Ұлытаудан ашуды Қанекен жөн көріпті. Сол жылдары – өткен ғасырдың 20-30 жылдары арасында Ұлытау қосалқы шаруашылықтың орталығы болды. Ал, 1939 жылдың қараша айында өз алдына жеке Ұлытау ауданы болып құрылды. Иә, бұған дейін де Ұлытаудың басында түрлі әкімшілік-аумақтық билік орталығы болған. Бұған мысал ретінде 1843 жылы Ресей патшасы Ұлытау бекінісін салу туралы жарлыққа қол қойғанын айтуға болады. Осының негізінде 1846 жылы Ұлытау бекінісі орныққан. Осы деректі кейінгі кезде «Ұлытаудың іргесі сол жылдары қаланды» деп жаңсақтыққа бой ұрып жүргендер де кездеседі. Шындығына келгенде сол 1843 жылға дейін де осы Ұлытаудың басында ел орнығып, халық тірлік еткен. Оған бір дәлел, бүгінгі аудан орталығының басындағы «Әулие тау» аталып отырған қасиетті таудың басындағы жеті бейіттің ондаған ғасырлардан бүгінгіге белгі беріп жатуы дер едік. Демек, Ұлытаудың іргесі кейінгілер айтып жүргендей орыс патшасының бекініс салу туралы бұйрығынан кейін емес, қайта көне заманнан бұрында қаланғаны тарихи шындық. Ал, шындықты күн көзін қолмен басып тұра алмайтындай еш бүркемелей алмайсыз.

Аспан кеңістігіне тіке жол да осы Ұлытау өңірінен – Байқоңырдан бастау алғаны анық. Жерінің асты қазына, үсті ырысты құт қонған мекеннің бүгіні мен ертеңі жайлы кеңінен келістіріп айтуға болады.

Тарихы терең, табиғаты тамаша көрікті жерге келіп, демалып, бой сергітіп, ой жиып, тың деректермен танысқысы келетін туристерге, табиғат жанашырларына қолайлы жағдай жасауға жаңа бір мүмкіндік туғандай болғаны рас. Алашқа әйгілі анау Алашахан, Жошыхан мазарлары, Басқамыр, Аяққамыр ғимараттары, Болған ана мазары, Ақсақ Темірдің Алтыншоқысы, Хан ордасы, Едіге мен Тоқтамыстың мазары кім-кімді болса да қызықтырмай қоймайды. Ұлытаудың басындағы Әулиетау, Домбауыл бейіті талай сырды ұғындырғандай. Ал, оларды көру, қызықтау, тамашалау, ой түйу, өткен мен бүгіннің арасын болжау қандай ғанибет.



Ұлытау жерінде тарихи ескерткіштер осымен түгесілмейді. Жезқазған қаласынан оңтүстігінде, 40-45 шақырым жерде, Сарысу өзенінің жағасында биік төбенің басында Болған Ананың күмбезі тұр. Жанында тағы бірнеше күмбездер бар. Еңселісі де, үлкені де, осы күнге қирамай жеткені де Болған Ананың кесенесі. Ол кім? Неге ол кісіні жұрт әулие санайды?

Болған ананы әртүрлі аңыздар бірде Алаша ханның келіні, кейде Шыңғысханның немересі, Жошының қызы дейді.



Осындай қойнауы қазынаға толы, тасына тарих тұнған қазақ жері ел бастаған көсемдердің, сөз бастаған шешендердің, қол бастаған батырлардың құт мекені, бір сөзбен айтқанда, Тұранның тұрағы, ұлтымыздың ұраны болған жер.

Әдебиеттер:

1. Ұлытау «Фолиант» баспасы.
2. Астана, 2006 14 бет.
3. Ұлытау және ұлт ұясы №4, 2018ж, 62 бет.
4. Ұлытау және ұлт ұясы №5 2017ж, 67 бет.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ӨЛКЕТАНУ ДЕРЕКТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бекетов Ш.Д.
география пәні мұғалімі
№17 Байқоңыр мектебі
Ұлытау ауданы

Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Сондықтан білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізу экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді...

Н.Ә.Назарбаев

Әрбір адам өз білімін дамытып қана қоймай, балалық шақтың қымбат уақытын бағалап, ұрпақтардың рухани құндылықтарын дамытуы, мейірімділік пен жанашырлық істеріне тәрбиелеуі, жаңа таланттарды ашуы – болашақ, зиялы ұрпақ өсіруде игілікті істердің бірі болары сөзсіз. Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. Бірақ, мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.



Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Сол себепті мектептер өз елінің, жерінің рухани құндылықтарын дәріптейтін жобалармен жұмыс жүргізгені дұрыс. Біздің мектебімізде оқушылардың таным-дағдыларын дамытып, тарихи тұлғалардың ерліктерін ұлықтап, бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеу мақсатында келесі жобалар жүзеге асырылуда: «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Моя земля – мои корни», «Бабалар ізімен», «Туған өлкем – тұғырым». Осы зерттеу жұмыстары бойынша оқушылар республикалық, облыстық және қалалық жоба жарыстарына қатысып, нәтижелер көрсетіп отыр.

Мектеп оқушыларының жобалар аясында республикалық, облыстық және қалалық жоба жарыстарына қатысу МОНИТОРИНГІСІ

Деңгей	2018-2019 оқу жылы
Республикалық	2
Облыстық	5
Аудандық	7

Әр адамның санасында өз қара шаңырағы, отаны мен атамекені жарық дүниенің кіндігіндей сезіледі. Ұлттық мәдениет, халықтың әдет-ғұрпы содан бастау алады. Қазақтар үшін сондай ата-баба мекені – Ұлытау. «Ұлы» және «тау» - қазақтың төл ұғымдары. Ұлытаудың ұлылығы ұлт тарихындағы ірі оқиғалармен байланысында және соған сай тарихи құндылығында. Қазіргі таңда оқушылар Ұлытау өңірінің тарихына, табиғатына аса қызығушылық танытып, жобалар даярлап, зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізуде. Зерттеу барысында өңірдің тарихи тұлғалары, билері, ақындары, батырлары мен палуандары туралы және жері, өзені, көлі туралы үлкен мағлұматтар алынды. Оқушылар туған жерлеріне саяхат жасай отырып, өздерін тарихи тұлғалардың орнында елестетеді. Өздері сондай танымал тұлға болуға тырысады. Сонымен қатар оқушылар тарих тілінде жәдігерлер мен көрмелер «сөйлескен» «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайына саяхат жасап, өткенді жаңа тұсынан тануға мүмкіндік алады.

Оқушылардың зерттеу жұмыстарының көпшілігі қорық-мұражайының аумағында орналасқан «Алашахан», «Жошыхан», «Теректі әулие», «Байқоңыр», «Ханорда», «Бас қамыр» тәрізді тарихтың сырын ашатын нысандарды зерделеуге бағытталған.



Киелі Ұлытау жерінде тарихи ескерткіштердің саны үш жүзге жуық. Солардың ішінде Сәтпаев қаласының оңтүстік-шығысынан ары қарай 80 шақырым жерде орналасқан Алаша хан кесенесі бар. Ғалымдар бұл кесенені шамамен XV ғасырдың соңына қарай тұрғызылған дейді.

Мектебіміздегі «Өлкетану» оқулығын пәндермен кіріктіріп оқыту барысында «Туған өлкемдегі мен таниатын тұлғалар» және тағы да с.с. тақырыптар бойынша мақалалар жазу, публицистика жанрының өзіндік ерекшелігін ашатындай дәлелді пікірлер ұсыну, газет-журнал беттерінен туған өлкесі туралы мақала тауып, талдау жасауы тәрізді оқушыларға шығармашылық бағыттағы тапсырмалар да беріліп отырады. Әрине мұндай тапсырмалардың оқушыны жан-жақты дамытуда, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда маңызы өте зор.

Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.



Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегiнiң түбiнде әлдилеп өтпейтiн жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениетi мен салт-дәстүрлерiне айрықша iңкәрлiкпен атсалысу – шынайы патриотизмнiң маңызды көрiнiстерiнiң бiрi.

Туған жердi зерттеу – тек мағлұмат қана берiп қоймайды, ол экологияны жақсартуға, елдi мекендердi абаттандыруға баса көңiл бөледi, жергiлiктi деңгейдегi тарихи ескерткiштер мен мәдени нысандарды қалпына келтiрудi көздейдi. Туған жерлерiн ұмытпай, оған қамқорлық жасайтын зиялы қауым өкiлдерi мен жастарды тәрбиелейдi. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезiм, ол әркiмде болуы тиiс. Оған тыйым салмай, керiсiнше, ынталандыру керек.

Жаңа жағдайда жаңғыруға деген iшкi ұмтылыс – бiздiң дамуымыздың ең басты қағидасы.

Өмiр сүру үшiн өзгере бiлу керек!

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДҮНИЕТАНУ САБАҚТАРЫНДА

Сағимбекова Н.Ж.
Кенжебай-Самай НОМ
Жаңаарқа ауданы

Заманауи бiлiм беру сапасының негiзгi көрсеткiштерiнiң бiрi ретiнде ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру қажеттiлiгiне назар аударады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы құзыреттiлiк бiлiм берудiң басым мақсаттарының бiрi болып табылады. Оны қалыптастыру мүмкiндiгi оқушының ақпараттық компьютерлiк ортадағы белсендi қызметiмен тiкелей байланысты. Оқу үрдiсiнде АКТ-ны қолдану заманауи мектепте бiлiм берудiң өзектi мәселесi болып табылады [2, 9 Б.].

Егер ол таным процесiне қызығушылық танытпаса, баланы оқыту мүмкiн емес. Табысты оқудың кiлгi - оқушының сабақтағы белсендi жұмысы. Оқушылардың танымдық белсендiлiгi неғұрлым жоғары болса, олардың пәнге деген қызығушылығы күшейедi. Пәнге деген қызығушылықты дамытуда тек зерттелетiн материалдың мазмұнына ғана сенуге болмайды, оқушыларды таным процесiне қатыстыратын әдiстер де маңызды. Оқушылар визуалды-бейнелi ойлау қабiлетiне ие, сондықтан бiз көрудi ғана емес, естудi, эмоцияларды, қиялды жаңаны қабылдау процесiнде қатыстыра отырып, мүмкiндiгiнше жоғары сапалы иллюстрациялық материалдарды қолданамыз. Мiне, айтпақшы, бiзге компьютерлiк слайдтар мен анимациялардың жарықтығы мен ойын-сауықтары қажет [4, 13 Б.].

Бастауыш мектепте компьютерлiк технологияны қолдану оқу процесiн жаңа жолмен ұйымдастыруға, жандандыруға және әртараптандыруға, оны қызықты етуге көмектеседi және сiзге:

- оқу процесiн жандандыру және оңтайландыру;
- бiлiм беру әсерiн күшейту;
- материалды игеру сапасын жақсарту;
- оқуға әр түрлi деңгейдегi балаларға сараланған тәсiлдi енгiзу;
- дамытушылық бiлiм идеяларын жүзеге асыру: бiр уақытта әртүрлi қабiлеттерi мен мүмкiндiктерi бар балаларды ұйымдастырыңыз;
- оқушылардың бiлiмiн бақылау мен тексеруге уақытты қысқарту [32, 6.31].

Бiздiң мектепте АКТ сабақтарда, мұғалiм жұмысында оқытудың дидактикалық құралы ретiнде қолданылады: презентациялар құру, дайын компьютерлiк бағдарламаларды қолдану, СБР (сандық бiлiм беру ресурстары және Интернет-ресурстар).

Бастауыш мектепте «дүниетану» пәнi жан-жақты дамыған адамды қалыптастыру үшiн өте маңызды, сондай-ақ күрделi, көп ақпаратқа бай. Бiздiң негiзгi мiндетiмiз-еркiн зейiндi шоғырландыруды дамыту, ал бұл тек қана танымдық белсендiлiктi арттыру арқылы және АКТ пайдалану арқылы мүмкiн болады. АКТ дидактикалық материалы мазмұны мен формасы бойынша әртүрлi. Жиi қолданылатын: «Әлемнiң жетi кереметi» туралы бейнероликтер «Сүтқоректiлер туралы», «ҚР Қызыл кiтабы», белгiлi бiр тақырып бойынша презентациялар: «Шөл», «Су қоймалары», «Таулар», «Луга», жойылып бара жатқан жануарлар мен өсiмдiктердiң фотосуреттерi;



«Кирилл мен Мефодий» электронды энциклопедиясы, түрлі тапсырмалар, дамыту сипатындағы тесттер, стандартты емес және өте ерекше ойындар, кез келген сабақты дамытатын, оқушылардың оқуға деген позитивті көзқарасын қалыптастыратын тәжірибелер, оқушыларды оқытудың жеке қарқынын таңдауға мүмкіндік береді.

Әлемді тану сабақтарында оқу материалын дайындау мен ұсынудың ең сәтті формаларының бірі мультимедиялық презентациялар жасауды атауға болады. Олар оқу материалын тақырыптың ерекшелігіне қарай жинақтауға мүмкіндік береді, бұл сабақты барынша жоғары нәтижеге жету үшін құруға мүмкіндік береді [4, б.15]. Табиғат, жануарлар, теңіз, мұхиттар, табиғи аймақтар, су айналымы, тамақтану тізбектері барлығын слайдтарда көрсетуге болады. Білімді тексеру оңай: кроссвордтар, ребустар, тесттер – барлығы сабақты қызықты етеді, демек, есте қалады. Бұл жұмыс бізге уақыт өте төмен болған жағдайда оқыту тиімділігін арттыруға және балаларды оқытуда неғұрлым жоғары нәтиже алуға мүмкіндік береді. Сабақ тақырыбына, мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып, әр түрлі презентациялар жинағына ие бола отырып, презентация материалын түзетеміз. Сабақтарда компьютерлік презентацияларды қолдану бізге көрнекі материалды қажетті көлемде таңдауға мүмкіндік береді [2,б.39]. Power Point арқылы жасалған сабақтар ақпаратты тиімді және қызықты етеді.

Компьютер сонымен қатар балалардың шығармашылығына, оның ішінде ең әлсіз немесе сәбилерге арналған күшті ынталандыру болып табылады. Оның экраны назар аудартады, оған кейде біз сыныптың алдында жұмыс істей алмаймыз. Сабақтың барлық кезеңінде ақпараттық технологияны қолдануға болады: жаңа материалды түсіндіру, топтастыру, бақылау, сыныптан тыс жұмыстар мен жарыстар өткізу кезінде [2, б.40]. Мұндай сабақта бала шығармашылық, ізденімпаз, еңбекқор және жаңа білімге құштар болады.

Сыныптағы қабылдаудың жетекші түрлеріне диагноз қойып, мыналар анықталды:

4 кесте. Оқушылардың қабылдауының жетекші түрінің диагностикасы

Оқушылардың пайыздық бөлігі



Ақпаратты қабылдаудың әртүрлі арналары бар балалардың осы пайызы үшін білім беру процесін құру өте қиын. АКТ балаларға қабылдаудың барлық арналарын: есту, көру және кинестетикалық каналды қолдана отырып ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді.

Сабақтың соңындағы сауалнамалар арқылы АКТ-ны қолдана отырып, сабақты бағалауды бақылау келесі нәтижелерді көрсетті:

4-кесте. 4-сыныптағы АКТ-мен оқитын сабақтардың мониторингі



Дәстүрлі әдістер мен АКТ-ны қолдану арқылы өткізілетін сабақтардың салыстырмалы талдауы:



Сабақтың формасы	Қызметі	Тығыздық	% жинақтау рейтингтері
Дәстүрлі	51%	орташа	49%
АКТ қолдану	82%	жоғары	77%

Әлемді танып-білуге қатысты білім деңгейінің пайыздық мөлшерін бақылай келе, тұрақты оң динамика көрінеді. Ақпараттық технологияны қолдану дәстүрлі оқу пәндерін оқытуды түрлендіруге, балалар еңбегін жеңілдетуге, оқу материалын түсіну және есте сақтау процестерін оңтайландыруға көмектеседі, бұл басты мақсатқа - білім беру сапасын арттыруға, білім алуға қол жетімділікке, ақпараттық кеңістікте бағдарланған жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Ефимов В.Ф. Оқушыларды бастауыш білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. «Бастауыш мектеп». №2 2009 жыл
2. Избаева С.З. Бастауыш сыныптарда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы білімді қалыптастыру. «Қазақстанның бастауыш мектебі». №10-2011
3. Завьялова О.А. Бастауыш мектеп оқушыларының ақпараттық мәдениетінің құндылық негіздерін тәрбиелеу. «Бастауыш мектеп». 2008 жылғы № 11
4. Саржанова А.Н. Бастауыш сыныптарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. «Қазақстанның бастауыш мектебі», №1-2011.

ОРГАНИЗАЦИЯ КРАЕВЕДЧЕСКОЙ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Есмаханова Ж.Ш.

учитель русского языка и литературы,
КГКП я/с № «Балапан»
г.Сатпаев

Изучение краеведения воспитывает стремление быть полезным своему родному городу, месту, где родился и вырос, становится фундаментом, на котором можно воспитать гордость за свою страну, свой край и стремление активно участвовать в общественных процессах.

Кроме того, обращаясь к истокам местных традиций, изучая особенности народной культуры своего края, историю своей семьи, ребёнок получает неповторимый чувственный опыт позволяющий осуществлять личностное развитие и саморазвитие, воспитывается гражданственность, чувство собственной значимости.

В настоящее время возрос интерес детских садов к роли краеведения в нравственно – патриотическом воспитании, формировании основ гражданской культуры ребенка дошкольного возраста.

Что же такое краеведение? Это совокупность знаний об истории, экономике, природе, быту, культуре того или иного края. «Край» - понятие условное и зависит от того, кто и с какой целью его изучает. Это может быть и город или село, и район, и улица, т. е. то, что нас окружает. Для малыша это, прежде всего, родной дом, детский сад, улица, город, село. Это природа, люди, дома, окружающие их, которые они видят повседневно.

К основным задачам краеведческой работы в дошкольной организации можно отнести следующие:

1. Формирование представления о Родине как месте, где человек родился и страны, где он живет.
2. Воспитание чувства привязанности к своей малой родине, гордости за нее, восхищение ее красотой.
3. Развитие у дошкольников способности эмоционально-эстетического восприятия окружающего мира.
4. Воспитание потребности узнавать о культурных и природных ценностях родного края, беречь и охранять их.



5. Воспитание уважения к людям труда, знаменитым землякам.

6. Расширение кругозора детей на основе материала, доступного их пониманию.

В практике нашего ДО сложилась определенная система работы с дошкольниками по краеведению, которая включает *три основных направления*:

Экологическое: важным для дошкольников является природное краеведение – ознакомление с растительным и животным миром, который окружает его, парк и аллеи, участок детского сада и т.п. Формы работы в этом направлении разнообразны: экспериментирование, беседы, викторины, квест-прогулки, экскурсии, наблюдения.

Историческое: каждый регион, город, село неповторимы, различаются своим историческим прошлым, архитектурой. Задача педагогов и родителей знакомить детей с окружающей действительностью, опираясь на исторические события и факты. Следует рассказать ребенку, что его родной город славен своей историей, достопримечательностями, памятниками, великими людьми. Каждая улица, здание, каждый уголок родного города хранит в себе память событий. Невозможно их полюбить, оберегать, не зная их судьбы, исторического прошлого.

Культурное: знакомя детей с истоками народной культуры, мы приобщаем их к культурному богатству казахского народа. Знакомя детей с фольклором, обычаями и традициями народа, мы помогаем им усвоить опыт наших предков.

Знакомство дошкольников с культурными истоками малой Родины становится в настоящее время одним из приоритетных направлений.

В детские годы формируются основные качества человека. Особенно важно напитать восприимчивую душу ребёнка возвышенными человеческими ценностями, зародить интерес к малой Родине.

Учитывая национальный состав группы детей, с которыми работаю, ведущей педагогической идеей считаю – необходимость соблюдения интересов полиэтнического состава населения, развитие умений и навыков взаимодействия носителей разных культур на основе толерантности и взаимопонимания, не замыкая ребенка в культурных традициях одного народа. Особое внимание уделяю развитию любви к родному краю, познавательных способностей и потребностей посредством усвоения различных пластов народной культуры, формирую у детей интереса к народному искусству, обеспечиваю условия для воспитания детей в духе толерантности.

Все мы знаем пословицы «Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы», «Родина – мать народу, народ – мать джигиту». «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас». «Нет земли лучше Родины, нет людей лучше, чем на Родине». «Отанды сую – отбасынан басталады». «Любовь к Родине у семейного очага зарождается». «Отан – оттан да ыстық. Родины тепло – огня жарче». «Ел іші – алтын бесік». «Родная земля – золотая колыбель». Они были нравственным мерилем, образом жизни наших предков.

Я считаю, что решению задач по ознакомлению дошкольников с родным краем будут способствовать:

- создание в группе расширенного центра по краеведению с различными дидактическими и игровыми пособиями;

- раннее начало обучения дошкольников;

- включение элементов краеведения во все виды деятельности детей.

Развитие работы по краеведению должна осуществляться не периодически, а систематически и поэтапно.

В нашей групп созданы следующие условия:

1. Подбран разнообразный содержательный материал для детской деятельности.

2. Создана предметно - развивающая среда (центры развития ребенка).

3. Разработаны картотеки наблюдений, опытов, экспериментов, Квест-игр.

4. Система работы отражена в перспективном планировании и циклограмме.

Важным условием эффективной реализации краеведческого образования дошкольников является, на наш взгляд, тесная взаимосвязь с семьями воспитанников. Необходимо, чтобы процесс воспитания любви к малой родине был двусторонним. Ведь родители – это не только помощники детского сада, но и равноправные участники формирования личности ребенка.



У нас проходили совместные мероприятия с семьями воспитанников: цикл литературных гостинных, посвященных известным людям, выходцам с нашего города.

Семейные выставки рисунков, плакатов, коллажей «Мой дом», «Моя семья», «Мой город». Совместное проведение праздников «День защитников Отечества», «День матери», «Новогодний праздник», «Наурыз», фольклорные национальные праздники, где дети знакомятся с культурами и традициями народов нашего края. Экологические акции «Покорми птиц», где дети с родителями изготовили разнообразные кормушки, которые были развешаны, как на территории детского сада, в местах, доступным для кормления зимующих птиц. Экологическая акция «Чистый город», «Посади дерево», «Очисти район родника от мусора».

Уже сейчас можно отметить видимые результаты: все дети без особого труда называют название города, домашний адрес, знают достопримечательности города, где они расположены, могут узнать их по фотографиям, называют несколько улиц.

Мы уверены, что успех в патриотическом воспитании детей будет достигнут, только тогда, если сам воспитатель будет знать и любить историю своей страны, своего города. Он должен уметь отобрать те знания, которые будут доступны детям дошкольного возраста, то, что может вызвать у детей чувство восторга и гордости. А результатом работы можно считать возросший уровень знаний детей о своей стране, городу, его структуре, достопримечательностях, интерес к истории и культуре, чувство сопричастности к жизни своего города, своей малой родины.

Литература:

1. Закон РК «Об образовании»
2. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения. Приказ Министра образования и науки РК №604 от 31.10.2018 г.
3. Сборники научно-практических конференций «Байконуровские встречи» 2016-2018 гг.
4. В.Н. Матова «Краеведение в детском саду», сборник ООО «Издательство «Детство ПРЕСС» 2014 г.
5. Газета «Дошкольное образование – Первое сентября» 2010 г

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жумаканова А.Б.

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі,
«Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің
Сұлтан Баймағамбетов атындағы
Әуликөл мектеп-гимназия» ММ
Қостанай облысы Әуликөл ауданы

Қазақ елі өзінің сан ғасырлар бойы аңсаған арманына қолы жетіп, өз Тәуелсіздігін жеңіп алып, егемендігімізді алғаннан кейін есімізді жиып, өз еліміздің тарихына сын көзбен қарай бастадық. Кім-кімге болсадағы кіндік қаны тамып, шыр етіп дүниеге келген жері әрқашанда ыстық сезілетіні бесенеден белгілі ғой.

Пәндерді оқытуда өлке тарихының деректерін жинақтап, күнделікті сабақта, тәрбиелік шараларды пайдаланудағы мақсат-тәуелсіз еліміздің болашағы кейінгі жас жеткіншектердің туған елге, жерге деген перзенттік сезімдерін қалыптастыру, ел тарихындағы ұмытылмас тарихи оқиғаларды терең біліп өткені мен бүгінгісін байланыстыра отырып, өзінің саналы көзқарасын, үлесін қоса білуіне дағдыландыру, осы өлкеден түлеп ұшып қазірде республикамыздың түкпір-түкпірінде қызмет атқарып жүрген ағаларымыздың өмір жолдарын, әдебиет пен мәдениетке қосқан үлестерін және ел шежіресін насихаттау.

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігінің қазақ жұртына оралуы ел тарихына біршама өзгерістер әкелді. Осы мүмкіндіктер арқасында туған өлкеміздегі бізге беймәлім деректермен таныса бастадық. Жас ұрпаққа осы беймәлім деректерді айтып — үйрету, оқиғалармен хабардар ету — әр мұғалімнің міндеті деп білемін.



«Қазір біз ХХІ ғасырда өмір сүріп отырмыз. Болашақта өркениетті ел қатарына қосылатын көш бастайтын ұрпақ өсіреміз дейтін болсақ, Отан сүйгіш, өз елін, туған жерін сүйетін ұлтжанды, патриоттық интернационалдық сезімдерге бай, жан-жақты білімді, дені сау ұрпақ тәрбиелеуде еш уақытта естен шығармауымыз керек», — дейді Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев [1; 25].

Оқушыларға еліміздің аяқ асты пайда болған бір мемлекет емес, көне заманнан бері еркіндікке ұмтылған, ар намысы бар, ұшқыр ойлы жандардың сан ғасырлар бойы жасап келе жатқан мекен екенін елін, жерін қорғай алатын ұлдары бар «қазақ» — деген ер халықтың бүгінгі ұрпағы. «Қазақстан» деген еліміздің ұлы бабалар ісіне лайық ұлдары, бойына дәстүр-салтын сіңірген инабатты қыздары бар ұрпақ екенін қазақ тілі, әдебиет, тарих пәндері мұғалімдері аймақтық компонент арқылы жеткізе алады. [2;68]

Аймақтық компоненттердің бірі — ол Өлкетану. Өлкетану дегеніміз — туған өлкені жан-жақты зерттеп білу. Өлкетанудың басты міндеттері — өздерің туған, өскен өлкелеріңдегі тарихи ескерткіштерді аялап күту, қамқорлыққа алу, олардың сақталуын қадағалау. Тарихты білу — өзінің, отбасының, әулетінің, туып-өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Өзінің тегін, оның тарихын білмеген адам өз халқының тарихын білуге ұмтылмайды, оған қызықпайды. Ал мұндай адам басқа халықтарды, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтей де, сыйлай да алмайды. [3; 50].

Тарихи өлкетану ХVIII ғасырдан бастап жеке ғылым ретінде қалыптасқан. Орыс патшасы І Петр 1713 жылы қаулы шығарып, қандай да болмасын тарихи құндылығы бар заттарды мемлекетке тапсыру керек деп шешкен. Сонымен қатар олардың қай жерде, қандай жағдайда табылғандығын жазып алу міндеттелген. Өлкетану — археология, ономастика, мұрағаттану сияқты тарих ғылымының салаларымен тығыз байланысты. [4;47]

Жалпы білім беретін мектепке арналған тарих, әсіресе Қазақстан тарихы бағдарламаларында көлемді де маңызды тақырыптардан кейін «... жылдардағы біздің өлке» деген мәселелер ендірілген. Туған өлке материалы бағдарламадағы негізгі материалға қосымша болып есептелегенді, сондықтан ол еш уақытта бағдарламалық материалды ауыстыра алмайды, оның орнына да жүрмейді. Туған өлке материалы өтіліп жатқан материалды нақтылау үшін, оқушыларға таныс, жақын өмірден мысал келтіре отырып оларды тарихқа, тарих сабақтарына қызықтыру үшін қажет. Осыған қарамастан сабаққа қойылатын үш міндет: білімділік, тәрбиелік, дамытушылық туған өлке материалына да қойылады.

Өлке материалын сабақта пайдаланудың әдіс, тәсілдері көп. Мәселен, 30-жылдардағы сауатсыздықты жою туралы айтып тұрып мұғалім, өз ауылындағы ересек адамдардың сауат ашу мектебінің жұмысы туралы бір қызықты эпизодты өзі айтып берсе, енді бір сабақта оқушы жергілікті архив пен музейден алған материалға негізделген баяндама — хабарын оқыса (5-6 минут), белгілі бір тарихи кезеңдегі экономика мәселесін оқытқанда өлкенің шаруашылық дамуын кестелердегі цифр мәліметтері арқылы көрсетіп, түсіндірсе, тағы бір сабақта өлкедегі тарихи оқиға туралы көркем әдебиет үзіндісі оқылса немесе оқиға туралы оқушылар тарихи құжатпен өздігінше жұмыс істеп, соңынан мұғалім қойған сұрақтар бойынша құжатты бірлесіп талқыласа, сонда ғана жұмыс нәтижелі болады.

Оқу мен тәрбие егіз ұғым. Сондықтан да өлкеге қатысты қосымша тарихи деректерді тек қана сабақтарда қолданбай, сабақтан тыс шараларда және де курстарда да пайдаланамын. Оқушылар өз өлкеміздің еңбек ардагерлері туралы, мектеп тарихы, ұстаз ардагерлері туралы т.б. мәліметтер жинайды. Оқушыларға қосымша тапсырма беріп, нәтижесінде оқушылардың өз бетінше жұмыс істегенде қызығушылықпен ізденгенін байқадым.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім жүйесінің стратегиялық мақсаты — жүйелі дайындалып, берген білімді, дағдыларды меңгеретін, бәсекелестік қабілеті мол шығармашылық бағытта жұмыс істей алатын, тың жаңалықтар ашатын, ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Олай болса тарих сабақтарында өлкеге қатысты тарихи деректерді үнемі қолданып отыру керек. [5; 9]

Кемеңгер А.Байтұрсыновтың нақылына құлақ түрсек: «Біздің заманымыз — өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Ата тарихты жинау қажет». Жеке тұлға білімді, саналы, толыққанды азамат болып қалыптасуы үшін ең алдымен мектептегі берілетін білім мен ілімнің, тәлім-тәрбиенің оның болашағына тікелей қатыстылығын әрбір ұстаз есте сақтауы қажет. [6; 5]



«Әр ұрпақтың арқалар ауыр жүгі бар» дегендей әрбір азамат өз өлкесінің құрылу тарихы, географиялық жағдайын, табиғат ерекшелігін, шаруашылығын, әрбір кезеңнің дәлме-дәл уақыттарын білуге тиісті. Жас ұрпақтың ұлттық дәстүрге құштарлығын арттыруда үнемі есте сақтайтын мәселе – туған өлкенің тарихын насихаттайтын тың деректер жинақтау, хабардар етіп баланың қызығушылығын туғызу арқылы жеке шығармашылық жұмысқа баулу.[7; 14]

Тарихи өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру кезіндегі күтілетін нәтиже:

➤ Оқушының өлке тарихын зерттеуге құлшынысын артып, туған жерге деген құрмет сезімін ояту.

➤ Өзіндік ой-толғанысын еркін білдіре алатын, нәтижесінде шығармашылық жұмыстармен айналыса алатын оқушыны тәрбиелеу.

➤ Өзінің шығармашыл тұлға екендігін өзге оқушыларға дәлелдей алатын.

➤ Өзіндік ұстанымы, қағидасы қалыптасады.

➤ Тарихи әдебиеттермен, құжаттармен таныса отырып, өзінің қорытынды пікірін еркін айта алатын ой-өрісі биік, өзінің теориялық білімін практикамен ұштастыратын сауатты ұрпақ ретінде қалыптасуы.

Тарихи оқиғаны тарихи-шешендік тілмен еркін жеткізуге дағдысы жетіледі. Сонымен қатар тәуелсіздік туын желбіретіп елімізді өркениетке бастар жолдың бастауы мен патриоты болып қалыптасады деген сенімдемін.

Әдебиеттер:

1. Керейбаев Қ. «Қазыналы Қалба». Алматы, 2003 жыл.
2. Ышқалова А. Ауыл тарихы. // Қазақ тарих журналы, 2008 жыл № 4 82 бет.
3. Әпет Қ. Туған өлкеге, өскен ортаға – өмірлік құрмет. // Қазақстан тарихы журналы, 2007 жыл № 2 74 бет.
4. Қуатова Б. Тарих пәнін оқытуда мектеп мұражайының материалдарын пайдалану. // Қазақстан тарихы журналы, 2007 жыл №6 74 бет.
5. Аудан тарихына байланысты баспасөз материалдары.
6. Айдарова А. Өлкетану жұмыстарының әсері мол // Қазақстан мектебі, 2006 жыл №6 10-15 бет.
7. Ысқақов Е.С. Мектепте тарихи-өлкетану жұмысын ұйымдастыру // Қазақстан тарихы, 2006 жыл №8 55-56 бет.

АРҚАНЫҢ ЖАС ҚАЛАСЫ-АРҚАЛЫҚ

Сүндет Б.Х.

тарих пәні мұғалімі,

ғылыми жетекші, география магистры

Нұрханов М.Ә.

№57 орта мектеп,

Нұр-сұлтан қ.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын негізге ала отырып, туған жердің түтіні артық, жусаны ерекше екенін сезініп, сол даланың бір перзентінің бірмін деп, ел өңірінің тарихын зерделеп зерттеп отырмын. «Рухани жаңғыру» бағдары, тарих бетінде қалған шағын тарихымызды қайта көтеруге негіз болды. «Болар бала бесігінен» - деген дана халқымыз тарихын әрдайым ұмытпаған және дәріптеген. Сонымен жұмысыма арқау болып отырған Арқалық қаласының тарихы. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бұл ойыма түрткі болды. Өзінің өмір тарихында Арқалық қаласы қасиетті Торғай өлкесінің бас қаласы ретінде белгілі болды. Торғай тарихы елге мәлім болмаса да өзіндік орыны бар маңызды. Білім шамының алғашқы оты тұтанған Ы.Алтынсариннің ізі жатқан өлке, А.Байтұрсынов алғашқы қазақ әліпиінің ардагерінің асыл арманы, қазақ тілі білімінің негізі тұтанған жер, М.Дулатұлының «Оян қазағым» деп ұрандап, Алашорда әскерін құрған ел, Ұлт-азаттық қозғалыстың батырлар А.Иманов пен Ә.Жанкелдиннің, Кейкі батырдың өмірі өткен аймақ. Бұл далалда әйгілі батыр Орталық



Қазақстанды жоңғар шапқыншылығынан құтқарған, Еділ қалмақтарын қырғынға ұшыратқан Шақшақ Жәнібектің өзі мен ұрпағы өскен өлке. Бұл киелі топырықта тұнған тарихтың жатқанын, оны кейінгі ұрпаққа жеткізу басты мұраттым санаймын. Арқалық арқаның сұлу қалаларының бірі саналаған. Жаңадан соғылған, өндірістік қала болатын. Оны салудың өз тарихы бар. Кейінгі тарихында сонау 1990-99 жылдары құлдырауды бастан кешті, қала қирап қаңырап босапта қалды. Қаншама ұл-қызына дастан болған, қаншама ғарышкерді кең құшағын ашып қарсалы алған бұл өңір, әлі де зерттеуді қажет етеді. Жаңа заманда елордасы Нұр-Сұлтанға жақын орналасқан аймақ. Жерінің табиғаты мен өзен-көлінің тарихыда жетерлік. Мысалы: **Терісаққан** - Арқада өзендер шығыстан батысқа қарай ағады, сол өзендерден мінезі өзгеше, яғни кейін қарай, ылдидан өрге қарай аққан жалғыз өзен бар. Ол Терісаққан өзені. Терісаққан өзені батыстан шығысқа қарай, яғни теріс ағып жатыр. Өзен теріс аққандықтан өзеннің аты да «Терісаққан» аталған. Бұл өзен туралы Асан қайғы бабамыз Сарыарқаның тұздығы екен деп бағаласа, ақынымыз Серік Тұрғынбекұлы:

Қақ төрінен арқаның қоныс алып,
Қақты қанат толқының -толы шабыт.
Өзен біткен оңына ойысқанда,
Жалғыз өзің жатасың теріс ағып.
Өзің қожа, өзің би еркіндейсің,
Басқа өзенді маңыңа келтірмейсің.
Оң басталып, созылған солға қарай,
Арабтардың әдемі әрпіндейсің,-деп бейнелеген.

Терісаққан аталуында да үлкен оқиға өзегі, уақыт тезі бар екен. Терісаққан негізінен Ұлытау етегінен бергі Желдіадырдан бастау алады.

Арқалық өңіріне туризмді дамытуға барынша мүмкіншілік бар. Ондағы кесенелер: Шақшақ Жәнібек кесенесі, Кейкі батыр кесенесі, Екідіндегі дың ескерткіштері т.б. Атақты адамдарға арналған музей-мұражайлары: А.Байтұрсынов пен М.Дулатұлының мұражайы, Ы.Алтынсариннің тұңғыш мектеп мұражайы, Шақшақ Жәнібек музейі(Торғайда), А.Иманов пен Ә.Жанкелдиннің мұражайы. Осы ресурстарды пайдаланып әр өңірден оқушыларды апарып таныстырып көрсек. Елдің біраз өңірінде өлкені тану сабағы біршама жақсарар еді. Елін танымайтын ұрпақтан, ұлттық кодты дәріптеу шықпайды. Еліміздің орталығындағы осындай қалалардың тарихын таныстыру қазіргі ұстаз біз үшін мақсат болу керек. «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала»- деген дана халқым. Шет елдерде бақытын іздеп білім қууға дайындап жатқан шәкірттерді. Арқалық-Торғай жерлері секілді киелі жерлерді көрсетсек, бойына тарихын дарытсақ. Ол ұрпағымыз шетте жүрседе еліне деген сүйіспеншілігі жоғалмайды. Айтып жеткізген кәзір жай ғана жұмыс болып қалды, оны апарып көрсетіп, тарихымен таныстырған, қолымен ұстатқан, көімен көргені маңызды, әрі мәңгі өшпейді. Ұлттық дәстүр, ұлттық сана, ұлттық мақаныштар Қазақстанның әр жерінде шашылып жатыр. Оны қазақы дәстүрі бұзылмаған Торғай өңірі секілді жерлер ғана береді. Сондай өлкедеп туған жерімді айта аламын. Оның тарихымен мақтанамын. Арқаның жасқаласы Арқалықтың тарихын айтуды жөн санадым.

Өткен уақыттарда Арқалық қаласының тарихы «Қызылқозы» атымен белгілі. Арқалық қаласы- 1960 жылдан бастап Торғай облысының орталығы болды. 1996 жылы Торғай облысынан, Арқалық ауданы болып бөлініп кетті. Арқалық ауданы Қостанай облысына қарайды.

Сарыарқаның Торғай қолатына ұласып, солтүстік батыс бөлігінде Торғай салаларының бірі Ащытастыға құятын Ақжар өзенінің бойындағы жазық өңірге орналасқан. Арқалық ауданының жерінің көп бөлігі қырқалы, үстіртті, тек батыс бөлгі ғана жазық келеді. Жерінің көп бөлігі тың және тың жерлерді игеру жылдары жыртылған.

Жер қойнауының құрылымдық-геологиялық ерекшелігі мен маңызынан ашылған пайдалы қазбаларының түрлеріне қарай Арқалық атырабы Торғай металлургия аймағына жатады. Геологтарға құтты мекен болған Арқалықтың орнау тарихы былай басталады.

1931-1932 жылдары М. Быкова басқарған экспедиция Түлкісай өзенінің жағалауынан тұңғыш рет боксит түйіршіктерін тапты. Бір жылдан кейін геологтар барлау жұмыстарының көлемін бұрынғыдан да ұлғайта түсті. Сөйтіп, геологтардың осы аймақты картаға түсіріп, егжей-тегжейлі зерттеулері өзін-өзі ақтады да. 1937 жылы Қызылқозыдан мол кен көзі ашылды. Әйткенмен, кен



қорын игеру кейінге қалдырыла берді. Себебі, мұндағы бокситтің қоры қанша екенін ешкім дәл есептеп шығара алмады. Оның үстіне Ұлы Отан соғысы басталып кетті.

Содан 1947 жылы байырғы геолог А.Н.Волков Қарағанды орталық геологиялық басқармасында жинақталған документтермен таныса келе барлау жұмыстарын қайта қолға алу үшін қаржы бөлдіргенге дейін зерттеу ісі амалсыз тоқтап қалған еді. Бұл экспедиция әуелі Қарағандыдан, Атбасардан жұмысшыларды іздестірумен айналысады. Соларды ұйымдастырып Атбасардан жүктерді сақтайтын база, жөндеу шеберханасы, автогараж, химиялық лаборатория құрылысын жүргізеді. 1947 жылдың көктемінде қарамағында А.Тоқсамбаев, М.Лучагин, Х. Умершин барлығы 7 адам бар геологиялық партия самолетпен Қызылқозыға келеді. Сөйтіп А.Н.Волков басқарған барлау жұмысы жанданып, Арқалық кен іздеу бөлімі Ақжар сайы бойында өздерінің шатырларын тіккен еді. Қысқа қарай «Жер кене» поселкесі пайда болды.

Қазақстан Алюминий өндірісінің тұңғышы Арқалықтан ашылды. Жас қала өндіріс орындарының жаңа мекеніне айналды. Ригадан комсомолдардың ірі десанті келіп қала қарқынды салынды.

Арқалықтың ірге тасы 1956 жылдың мамыр айында қаланады. Бірте-бірте өркендеп 1960 жылы қалаға айналды. Бұрын ешқандай қоныс болмаған жапан далада қала орнату адам айтқысыз қиындыққа түсті. Қажетті құрылыс материалдарды темір жолдың жоқтығынан тіркемемен тасыды. Қыс кезінде құрылыс материалдарын трактор шанасымен тасылды. Орталықпен байланыс тек рация арқылы байланыс жасады. Кеншілер мен құрылысшыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету жайы да мәз болмады. Соған қарамастан қажырлы еңбектің, табанды іс әрекеттің нәтижесінде, жаңа қала бой көтерді.

Арқалықты кейде ғалымдар «Ғарыш гаваны» деп атайды. Өйткені мұнда ғарыштан оралған ғарышкерлердің көпшілігі, халықаралық экипаждардың мүшелері Арқалыққа жақын жерге келіп қонады. Ғарыштан оралған ғарышкерлерге Арқалықтың Құрметті азаматтары атағы беріледі. Арқалық қаласына талай Совет Одағының ғарышкерлері мен Қазақстанның ғарышкерлерінің ғарыштан оралып, қонған құтты мекен. Қазақ космонавты Тоқтар Әубәкіров алғаш ғарышқа ұшып келгенде Арқалық қаласының халқымен қауышады. Өткен жылы қала іргесіне 1916 жылығы революцияның қайраткері батыр, мерген А.Имановтың жорық серігі Кейкі батырдың Ресейден басы оралды. Әруақты бабаға арнап халық әсем кесене тұрғызып, батыр баба әруағын жер қойнына табыстады. Бұлда болса жаңа заманның жазылған бір тарихы. Былтырғы жылы Торғай қаласының 93 жылдығы тойланды, көптеген қоғам қайраткерлері, спортшылар келіп қатысып, өңірге оң кіріп қалды. Биыл Арқалық қаласына – 61 жыл толып отыр. Көне Торғайдың бір кездегі алтын бесігі болған Арқалықтың шежіресі қысқа болса да, дастанға айналып, кезінде талайлар табан тіреген, ақыл – ой кенішінің мекені. Арқалық қаласы жас та болса, кешегісі мен бүгінгісін ауыз толтырып, айтарлықтай тарихы бар қала. Арқалық қаласы талай тоқырауға ұшырап, шаңырағы шайқалса да, іргесі сөгілмеді.

Әдебиеттер:

1. Әділбек Нұрмағамбетұлы «Жер-судың аты-тарихтың хаты». Алматы «Балауса» баспасы, 1994. 9-бет.
2. Е. Қойшыбаев «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі». Алматы «Мектеп» баспасы. 30-бет, 28-бет, 232-бет.
3. Қазақ Совет энциклопедиясы 11 том Алматы 1987 жыл.
4. Қазақ Совет энциклопедиясы 7 том Алматы 381-бет 526-бет.
5. Қазақ СССР қысқаша энциклопедиясы 2 том-98 бет, 116, 474, 533 бет.
6. Музей Папка № 15 Природа № 16.
7. Сейіт Кенжеахметов «Хан Анасы – Алуа». Қостанай таңы. 1997 жыл 5 тамыз.
8. Ситников. Л. Торғай алыбының тынысы. «Қазақстан» баспасы, Алматы 1979 жыл 5 бет 3-14 беттер.
9. Тыныштықбай Байзақов «Мәуелі Жалғызтал». Арқалық 1993 жыл 7-10 бет.
10. Тәліп Әбішев «Торғай осылай жаңғырған». Торғай таңы. 1997 жыл 19 ақпан.
11. Өмірбек Жұмағалиевтің айтуы бойынша алынған мағлұматтар.



КРАЕВЕДЕНИЕ - НАЦИОНАЛЬНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ

Матвиевская Г.В.

учитель географии высшей категории
средней школы № 5 аула Акмол,
Целиноградский район, Акмолинская область

*Мир – безбрежный океан
Время – неутихающий ветер
Поколения подобны волнам,
Спешащим друг за другом,
И на смене держится целая жизнь.*

Абай «Слова назидания» Слово 37.

История – это судьба людей, жизнь многих поколений. Для человека всегда остается главным – край, именуемый землей отцов. В Послании первого Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания «большое внимание уделено формированию казахстанского патриотизма, национальной идентичности.

«Особое отношение к родной земле, ее культуре, обычаям, традициям – это важнейшая черта патриотизма. Это основа того культурно – генетического кода, который любую нацию делает нацией, а не собранием индивидов» Сегодня перед образованием ставится задача формирования личностных качеств, отвечающих требованиям информационного общества. В условиях обновленного образования востребован человек, свободно ориентирующийся в потоке информации, способный общаться, сотрудничать, решать учебные и познавательные задачи. Современная школа призвана сформировать универсальность умений и навыков обучающихся, работы с информацией, культуры сетевого общения. Краеведению придается огромное значение, так как возрастает его роль в современной школе. Сущность его заключается во всестороннем изучении учащимися родного края. Изучая свой край, ребята узнают историю своего села, района, области, а значит всей страны. Наша задача состоит в воспитании здоровой, поликультурной личности ребенка, свободно адаптируемой в условиях современного общества с принципами демократии и рыночной экономики. На современном этапе особенно важна роль школы в формировании толерантной личности, казахстанского патриотизма. Детство – это время, когда возможно подлинное погружение в историю и культуру своей страны, поэтому очень важно с раннего возраста всю воспитательную работу направить на возрождение национальных ценностей, воспитание любви к Родине через ознакомление с окружающим миром. Я работаю учителем географии уже 23 года. За эти годы с учащимися была проведена большая поисковая работа. Мы живем в селе с трагической историей. Именно здесь находился печально известный лагерь Алжир (Акмолинский лагерь жен изменников Родины). В школе долгие годы работает кружок «Юный журналист», ребята ведут переписку с родственниками бывших узниц лагеря, собирают материал для музея Алжир, участвуют во всех мероприятиях и конкурсах музея.

Так в 2012 году наши школьники участвовали в конкурсе научных проектов по тематике репрессий, где заняли призовые места. Группа детей в 2016 году выезжала в село Долинку, в музей Карлага. В 2018 году приняли участие в Международном конкурсе проектов «Лестница наук» (г.Москва), где ученица 7 класса Глушкова Арина получила диплом первой степени по теме «Историческая связь времен: Бутово и Алжир». Уже 19 лет в нашей школе работает научное общество учащихся «Перспектива», где ребята изучают историю, традиции и обряды народов села, знакомятся с топонимикой Целиноградского района, узнают о происхождении названий улиц, сел района. Велика в краеведческой работе роль детско – юношеского туризма. Детский туризм – это массовое движение подрастающего поколения с целью познания окружающего мира и самих себя средствами туристско – краеведческой деятельности. Ребята нашей школы много путешествуют по стране.

Наши школьники побывали в святых местах Шымкента, Туркестана, Отрара, где воочию увидели природу гор Каратау, пустыни Кызылкум, реки Сырдарья. Незабываемым для детей было путешествие на Каспийское море, реки Жайык, Атырау, знакомились с развалинами древнего



городища Сарайчик. Каждая поездка дает новый материал для исследования тайн и загадок истории нашей страны. Юнкоры школы описывали красоту Тянь – Шаня, достопримечательности Алматы. Знакомились с легендами Бурабая. С большим интересом ребята принимают участие в экологическом туризме. Традиционными стали экскурсии в Коргалжынский заповедник, учащиеся посещают визит – центр, выезжают на смотровые площадки, наблюдают за птицами и животными. В этом году приняли участие в Республиканском фестивале «Фламинго -2019», куда ребята отправили поделки из природного материала, экологические сказки, фотографии. Наше общество вступает в эпоху глубоких и стремительных изменений - технологических, экономических, социальных. Государство ставит перед собой новые массовые задачи по социальной модернизации путем духовного возрождения. Краеведческая работа должна красной линией проходить через все уроки: биологии, географии, литературы, истории, казахского языка.

Поколение, сидящее сегодня за партой, будет творить историю уже завтра, они должны не превратиться в манкуртов, не помнящих родства. Сегодняшние школьники – это те люди, которые станут проводниками принципов модернизации нашего общества – открытости, прагматизма, конкурентоспособности. Предложенная Елбасы программа Рухани Жанғыру – это уникальный документ, в котором представлены все направления формирования общенационального самосознания, духовной культуры казахстанцев. Каждый казахстанец должен знать исторические места своего края и всей страны. Уже создан проект «Сакральная география Казахстана». В нашей Акмолинской области создана своя сакральная карта, куда вошло 11 объектов. Эти проекты будут способствовать развитию внутреннего туризма, а также будут проведены мероприятия по сохранению этих уникальных памятников. Учащиеся нашей школы начали изучение сакральных мест Акмолинской области с посещения Астраханского района. Ребята посетили краеведческий музей, где работает клуб «Искра», которым руководит известный краевед Кирибаева Р.К. Затем увидели памятник 18 века «Бал махаббат». В нашем Целиноградском районе также есть сакральные места - это Мавзолей Кабанбай Батыра, а также в данное время рассматривается вопрос о внесении в список сакральных мест – музея Алжир, место, омытое горем и слезами тысяч женщин, невинно осужденных. За годы работы в нашей школе сложилась система краеведческой и поисковой работы, которую можно представить в виде следующей схемы:



Научное общество учащихся тесно сотрудничает с изостудией «Радуга», ребята рисуют, готовят поделки. Поисковая группа «Малиновка».

Задачи поисковой группы:


1. Сбор материалов по истории репрессий и депортации народов.



2. Публикация статей, стихотворений по этой теме.
3. Организация благотворительных акций «Помогаем пожилым».
4. Изучение летописи родного края.
5. Участие в конкурсах научных работ.
6. Работа в архивах и библиотеках.
7. Налаживание контактов и сотрудничество с другими поисковыми группами Казахстана и стран зарубежья.

Военно – патриотический клуб Кахарман организует встречи с воинами – интернационалистами, спортивные слеты, конкурсы. В рамках обновленного содержания образования я использую проблемные задания с элементами ролевой игры, например, веб – квест. Слово квест в переводе с английского означает «поиск». Веб – квест может охватывать отдельную проблему, предмет, тему, но могут быть и межпредметными. Веб-квест – современная технология, основанная на проектно-методическом обучении, предполагает поисковую деятельность детей с применением новых информационных средств. При работе с квестами развивается ряд компетенций: - использование информационных технологий для решения поисковых задач, самообучение и самоорганизация, работа в группах, нахождение рационального варианта.


Представим приемы краеведческой работы в нашей школе в виде схемы



Краеведческая работа помогает выбирать наиболее эффективные методы и приемы воспитания молодого поколения, формирует личность, помогает молодому поколению адаптироваться в нашем меняющемся мире, учит гражданственности, найти свое место в мире. Учащиеся нашей школы принимают активное участие в работе коворкинг – центров. Эти центры создаются при крупных библиотеках. Здесь проводятся краеведческие часы, выставки, встречи, организуются клубы по интересам, широко используются 3Д технологии. Благодаря системе краеведческой работе в нашей школе возросло количество успешных учащихся, которые после окончания школы поступают в университеты Казахстана, России.

Мониторинг успешности учащихся СШ№5

%





Мы живем в тревожное время, когда в мире идет борьба за идеологию, о воздействии чуждых идеологических влияний, мы можем им противостоять только своими национальными культурными ценностями. Это и будет наша национальная идентичность, конкурентоспособность культур, о чем и говорил Н.А.Назарбаев. «В новой реальности внутреннее стремление к обновлению - это ключевой принцип нашего развития. Чтобы выжить, надо измениться»

Литература:

- 1 «Библиотека школы», журнал ООО» Издательство «Основа», № 5-6 2018 г.
2. «Географическое краеведение в общеобразовательной школе» Сафиуллин А.З., Москва «Просвещение», 1989 г.
- 3.Абильмажинова Б.М «Рухани Жанғыру: курс на духовное возрождение», журнал «Книга. Библиотека» ТОО «Эврика – пресс», №2, 2019 г.
- 4.Мазбаев О.В. «О судьбе детско – юношеского туризма», журнал «География в школах и вузах Казахстана», №3, 2007 г.
- 5.Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

ӘЙІП БЕКЕНҰЛЫ - ҚАЗЫ, АҒАРТУШЫ

Хасанова Г.Б.

Тарих пәнінің мұғалімі


*«Облыстық Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясы»
дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар
мамандандырылған мектеп, Атырау қаласы.*

Нағымұлы Ш.

*ғылыми жетекші, Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университетінің профессоры*

Ағартушылық мәдениеттегі негізгі тетік-адам. Ал тарих сахнасында халқының болашағын ойлаған білім мен тәрбиенің нәрін сепкен тұлғалар аз болмаған. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының мәдениеті мен білімнің дамуына үлес қосқан бір топ діни ағартушылардың еңбегін атап өтуге тұрарлық.

Атырау өлкесінде Қазан төңкерісіне дейін халықты сауаттандыруда білім беруде мешіт жандарынан діни мектептер ашқан ағартушылар көп болған. Бірақ діни ағартушыларды Кеңес өкіметі білімділер қатарына қоспаған.



Көкмешіт

Еліміздің алғашқы зайырлы бағыттағы оқу орындарының қатарына: Бөкей Ордасындағы - Жәңгір хан, Орынбордағы -Хусайния, Торғайдағы- Ыбырай Алтынсарин, Жетісудағы- Мамания



мектептерін жатқызуға болады. Бұл қатарды біздің өлкеміздегі алғашқы жәдиттік мектеп ретінде Әйіп қажының «Көкмешіт» мектебінде қосуға болады.

Мешіт бүкіл батыс өңіріндегі ең алып, ең зәулім, ең сәулетті де көрікті архитектуралық ғимарат болған. Қыран ұшқан құлан түзде салынған мешіттің күмбез мұнарасы, оның жоғарғы жағындағы тот баспайтын темірден жасалған айы алыстан көрінген. XX ғасырдың басында Нарынның Жайық беткейіндегі құмда алғаш мешіт пен мектеп ашып, бала оқытқан діни ағартушы-Әйіп Бекенұлы.

Әйіп Бекенұлы 1838 жылы Толыбай елді мекенінде дүниеге келген. Еліне ақыл - парасатымен білім-білігімен танылған Әйіп Бекенұлын патша өкіметі 17 жасында Толыбай, Тума құмын жайлаған қазақ ауылдарына старшын етіп сайлайды. Әйіп қажы елді аузына қаратқан, сөзі дуалы адам болған деседі. Меккеге үш рет барып, «Үлкен қажы атанған».



Бұл мектеп 1940-41 оқу жылына дейін халыққа қызмет жасап, сан мыңдаған шәкірттер тәрбиелеп ұшырды, олардың арасынан бірнеше мемлекет қайраткерлері мен ғалымдар шықты.

Тарих пәнінің мұғалімі ретінде Кеңестік дәуірде мүлдем жабық болған тарихтың «ақтаңдақ» мәселелері мені қызықтырды. Осыған орай Атырау өлкесінде жұмыс жасап, халықты сауаттандырған, мұсылманша мектептер және ұстаздары туралы деректер жинау ісімен айналыса бастадым. Өлке тарихының белгілі зерттеушісі, профессор Ш.Нағымұлының 1999 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Атырау-білім өлкесі» атты еңбегінде осы мәселеге байланысты көптеген қызықты жайттарды кездестірдім. Атап айтқанда, өлкеде 70-тен астам мешіт-медреселер болған. Әсіресе, мені Толыбай елді мекенінде өз қаражатына әуелі мешіт - медресе ашып, кейін оны (1909 жылы) орыс тілінде білім беретін мектепке айналдырған аса көрнекті

ағартушы - Әйіп қажы Бекенұлының ел үшін жасаған ісі қатты қызықтырды. Өлке тарихының белгілі зерттеушісі Ш.Нағымұлымен кездесіп, осы тақырып төңірегінде пікірлестім. Бұл жөнінде зерттеу үшін кітаптарда, газет-журналдарда жарық көрген материалдарды зерделеумен қатар, Индер ауданында тұратын қажының ұрпақтарымен кездесіп, тың материалдар жинақтадым.



Әйіп қажы немересі Ғабдысамат Хамза атасы жайлы «Кемеңгер» атты кітабын жазған. Кітабында халықтың сауатын ашуда тек мұсылмандық ілім-білім мен араб әріптерін тану аздық ететін болғандықтан, жастарды орыс тілінде сауаттандыру ісін қолға алғанын, мешіт жанынан орыс тілін үйреткен Нарын құмы өңірінде тұңғыш оқу орынын ұйымдастырғандығы туралы айтады. Осы тақырыпты іздену барысында мен Әйіп қажының көрегендігіне таң қалдым. Ол өз заманында әлемдік мәдениетті меңгеруде тілдің қажеттілігін ұғынып, сол бағытта жұмыстанған. Әйіп қажының өз заманындағы сол пікірі бүгінгі күнмен нақты байланысып жатыр. Бірнеше тілді меңгерген жан-жақты білімді бәсекеге қабілетті, мәдениетті тұлға қалыптастыруды мақсат еткен үш тілділік бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналууда.



Туған өлкеміздің абыройын асқақтатар саналы ұрпақ тәрбиелеген, қыр еліне білімнің шапағат нұрын сепкен көреген де қырағы ұстаз Әйіп қажы Бекенұлының ағартушылық қайраткерлік тұлғасы құрметпен еске алуға тұрарлық. Әйіп Қажы бабамыздың есімі туған өлкесіндегі, Индер ауданындағы мешітке берілді.

Тарихымызда өшпестей ізін қалдырған ұлы тұлғалардың өмірін жастардың сана-сезіміне жеткізіп, тарихи-танымдық жетістіктерін бағалата білуге тәрбиелеу, тағылым алудың жалғыз жолы тарихты шынайы ғылыми тұрғыдан зерттеу, байып пен бағамдау бүгінгі біздің мойынымызға жүктелген парыз. Өлке тарихын оқып, танып білу мақсатында өлкетану сабағында оқушыларға өлкеміздің ағартушылары туралы мәліметтер жинақтауға тапсырмалар беріп жүрмін. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының тарихи сананы жаңғырту, ұлы даланың ұлы есімдері тарауына терең зейін қойсақ, саналы ғұмырын қарама-қарсы екі түрлі қоғамда өмір сүре



отырып, халқының тыныш өмір сүруіне, ұрпағының білімді болуына бар байлығы мен күш-қуатын, білгені мен түйгенін жұмсаған осынау ұлы ағартушы, қайраткер Әйіп қажы Бекенұлы туралы жазылған мағлұматтарды оқушыларға бере отырып, өлке тарихына деген қызығушылығын ояту, өзіндік ой мен пікірін қалыптастыру – менің жұмысымның бір бағыты деп есептеймін.

Әдебиеттер:

1. Ш. Нағымұлы Атырау - білім өлкесі А.« Ғылым», 1999.
2. Индер энциклопедиясы «Алматы кітап», 2018.
3. Ш. Нағымұлы Батыс өлке тарихының тағылымды беттері , «Ақтөбе», 2018.
4. Атырау энциклопедиясы «Атамұра», 2000.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ӨЛКЕТАНУ

Кайшыбаева Г.М.

Бұқаржырау ауданы,
«Балдәурен» бөбекжай бақшасы

Туған өлкеге, туған мәдениетке, туған қалаға, туған тілге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу-бірінші кезектегі маңызды міндет және мұны дәлелдеу қажет емес. Бірақ бұл туған өлкеге деген махаббатты қалай тәрбиелеу керек? Ол шағын — өзінің отбасына, өз үйіне деген сүйіспеншіліктен басталады. Бұл өлкеге деген көзқарас үнемі кеңейе отырып, бұл махаббат өз мемлекетіне, тарихына, өткеніне және болашағына деген сүйіспеншілікке ауысады.

Мектепке дейінгі жаста тұлғаның базистік негіздері қаланады, әлеуметтік-мәдени тәжірибе қалыптасады және қалыптастыру процесі басталады, адам «қалыптасады». Өлкетану патриоттық тәрбиенің негізі болып табылады және жан-жақты болуға, балалар іс-әрекетінің барлық түріне енуге, күнделікті өмірде және басқалармен танысу үшін өткізілуі керек. Бұл көп жағдайда ересек адамға баланың не қызықтыратынын, не туралы сұрайтынына байланысты. Сондықтан тәрбиешінің белсенді ұстанымы, оның мектепке дейінгі жастағы балалардың айналадағы адамдар мен табиғаттың мүдделері үшін істерге қатысуы қажеттілігін қалыптастыру мүмкіндігі, олардың өздерін Отандарының ажырамас бөлігі, Қазақстан азаматы ретінде сезінуіне көмектесуі өте маңызды. Бала кезінде адамның негізгі қасиеттері қалыптасады. Баланың сезімтал жанын адам құндылықтарымен сусындатып, Қазақстан тарихына деген қызығушылығын тудыру аса маңызды. Педагогикалық аспектіде патриоттық тәрбие деп өз Отанын сүйетін, өз халқының тарихи жетістіктерімен, оның мәдениеті мен дәстүрлерімен мақтан ететін саналы адамды қалыптастыру процесі түсініледі.



Ашық аспан астындағы қасиетті орындар, мұражайлар мектеп жасына дейінгі балаларға үлкен мүмкіндіктер ашады, олардың қызметін ұйымдастыруда білім мен тәжірибе береді. Олардың өз іс-әрекеттерін, басқа адамдардың мүдделеріне, мемлекеттік қоғамдық парызың талаптарына сәйкес басқару қабілетін дамытуға көмектеседі. Күн сайын балабақшадағы баланың ортасы қуанышқа, күлімсіреуге, жақсы достарға, көңілді ойындарға толы болуы керек. Шынында да, туған балабақшаға, туған көшеге, отбасына деген сүйіспеншілік сезімі қалыптаса отырып, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімнің негіз қалыптаса бастайды. Психологиялық әдебиеттерді талдау моральдық қасиеттер табиғи «жетілу» арқылы пайда бола алмайтындығын анықтауға мүмкіндік берді. Олардың дамуы мен қалыптасуы нақты фактілерді жинақтау және эмоционалды даму процесінде біртіндеп жүзеге асырылады, және бұл тәрбие құралдары мен әдістеріне, баланың өмір сүру жағдайларына байланысты.

Мәселенің өзектілігі қоғамдағы азаматтық бірегейліктің үнемі өсіп келе жатқан әлеуметтік маңыздылығына және білім беру процесінің тиімділігін арттырудың жеткілікті тиімді құралдарының болмауына байланысты. Осы бағытта бірнеше жыл жұмыс істей отырып, мен тек дәлелденген әдістерді ғана емес, сонымен қатар оларды іске асырудың жаңа тәсілдері мен құралдарын белсенді ізденіс үстіндемін.

Өз Отанымды сүюге тәрбиелеу мен үшін қиын, ұзақ мерзімді процесс деп санаймын, оны үнемі және үздіксіз жүргізіп отыру керек. Кез келген басқа сезім сияқты, патриотизмді жеке бастан кешіреді. Бұл адамның жеке рухани адамгершілігімен, оның тереңдігімен тікелей байланысты. Сондықтан, мұғалімнің өзі патриот болмай, кішкентайларға Отанға деген сүйіспеншілік сезімін оята алмайды. Өйткені патриотизм негізінде рухани өзін-өзі анықтау жатыр.

Баланың тұлғасына адамгершілік-патриоттық тәрбие беру мәселесі бойынша теориялық және диагностикалық материалдарды талдау осы тәжірибені шешуі тиіс келесі қайшылықтарды анықтады:

- қазіргі замандағы қоғамның жеке басына деген қажеттілік арасында
- олардың кішкентай Отандарына деген құндылық қатынасы және оның жеткіліксіздігі
- мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әлеуетін мектеп жасына дейінгі баланың патриотизмін қалыптастыруда пайдалану;

- мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде патриотизмді тәрбиелеу процесін қарқындалту қажеттілігі және ғылыми әзірлемелердің, педагогикалық технологиялардың, сондай-ақ осы мәселе бойынша практикалық жұмыс тәжірибесінің болмауы;

- педагогтердің мектепке дейінгі жастағы азаматтылық пен патриотизмнің негіздерін тәрбиелеуге ұмтылысы мен ата-аналардың осы проблема бойынша педагогикалық біліксіз болуы.

Қазіргі заманғы «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарттарында» тәрбиелеу мен оқыту жүйесі Отанға, туған өлкеге деген сүйіспеншілікті, ұлттық рәміздерге құрмет көрсетуді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар туралы түсініктерді қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған».

Азаматтық-патриоттық тәрбие принциптері:

➤ тұтастық – бір жағынан оқыту, тәрбиелеу және даму бірлігі және екінші жағынан жүйелілік;

➤ ізгілендіру-тәрбиеде тұлғалық-бағдарлы көзқарас, жас және жеке ерекшеліктерді, тілектестік және өзара түсіністік атмосферасын есепке алу;

➤ іс-әрекет тәсілі-кез келген білімді бала белсенді қызмет кезінде алады;

➤ интеграция – бұл принцип музыка, сурет және т. б. сияқты ғылыми және жалпыадамзаттық білімнің аспектілерін үйлестіруге мүмкіндік береді.

➤ аймақтық, ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарына негізделген мәдени-танымдық іс-шаралар балалар бірлестігіндегі қызметті ұйымдастырудың мәдени-орта тәсілі арқылы технологиялық түрде іске асырылады;

➤ балалардың субъективті тәжірибесі мен жасына сәйкес тақырыпты, жұмыс тәсілдерін таңдауды болжайтын жеке тәсілдеме;

➤ рационалдылық-әртүрлі қызмет түрлерінің ұтымды үйлесімі, жасына тән интеллектуалды, эмоционалды және қозғалыс жүктемелерінің теңгерімі.

Мектепке дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеуде бағдар: балалар ойыны, балалармен ересектердің жобалау-іздеу қызметі, көркем-әдеби шығармашылық, қарым-қатынас, шығармашылық-өнімді қызмет, театрландырылған қызмет. Патриоттық бағыттағы жұмысты жүзеге асыра отырып,



театрландырылған іс-әрекет элементтерін қолдана отырып, өз білімін жетілдіру бойынша «баланың ерекше және әдемі әлемі ретінде театрландырылған іс-әрекет» тақырыбымен жұмыс істеймін, театр элементтерін ойын-сауық пен мерекелерде, сабақтарда, ойындарда қолданамын.

Мен мектепке дейінгі балалардың бойында адамгершілік-патриоттық сезімдерді қалыптастыру бойынша сабақтар әзірледім, олардың барысында балалар тиісті білім мен дағды алады. Туған қаламен танысу бойынша көптеген сабақтар кіші Отанымыздың көрікті жерлеріне экскурсия түрінде өткіздім. Мен әр түрлі ескерткіштерге және қала мұражайларына экскурсиялар ұйымдастырдым.

Топта күнделікті еркін қол жеткізу жағдайында балалар туған өлкесі, қаласы туралы білімдерін толықтыратын азаматтық-патриоттық тәрбие жұмыстары жоспарланған. Балалармен жұмыс барысында біз өз қаламыздың түрлерімен безендірілген суреттердің кең спектрін, туған өлке пейзаждары бейнеленген картиналарды, халық кәсіпшілігінің иллюстрацияларын пайдаланамыз. Сабақ барысында халық ауыз әдебиетінің шығармалары, сондай-ақ туған қаланың және елдің символикасы («Менің елімнің рәміздері», «Біздің Ботақара», «Менің Отаным», «Үйді қалай тұрғызады») оқытылады.

Патриоттық тәрбиенің бір бағыты-балаларды Қазақстанның тарихи өткенімен таныстыру. Біздің күніміз бұрынғы ұрпақтың өмірі мен мәдени дәстүрлерімен тығыз байланысты. Халық мәдениеті-біздің көптеген іс-әрекеттеріміз, ойларымыз бен ниеттеріміз өтетін толық су өзені. Дәстүрлерді қайта жаңғырту бұрынғы моральдық ұстанымдарды қалпына келтірмей мүмкін емес деп айтамын. Қазіргі кезде бізді қоршап тұрған барлық нәрсенің тамыры өткенде қалыптасқан. Бұл біздің тарихымыз, мәдениетіміз. Біздің туған жеріміз бен облысымыз туралы білімді іріктеу және жүйелеу балалардың ақыл-ой қабілеттерін, ойлау сипатын, жалпылау қабілеттерін ескере отырып жүргізілді. Балалардың қызығушылығын оятып, қызығушылығын ояту үшін біз туған қаласы мен өңірі туралы материалдарды таңдауға тырыстық. (Көрме: «Туған жер», өлкетану мұражайына экскурсия, «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыптық күндерін өткізу, аудандық шыршаға серуен).

Патриоттық сезімді тәрбиелеуде балалардың қоғамдық өмірдегі оқиғалар мен құбылыстарға қызығушылығын оятып, олармен не қызықтыратыны туралы сөйлесу керек. Мұндай әңгімелер балалардың шағын топтарымен жақсы жасалады. Мұндай әңгімелерде баланың ересек адамның өзі сөйлейтін фактілерге, оқиғаларға қатынасын сезінуі маңызды. Балалар шынайылықты, қызығушылықты және кішкене жалғандықты, немқұрайдылықты бірдей сезінеді. Бірлескен іс-шараларда дидактикалық, мобильді, тақта, рөлдік және балалармен театрландырылған ойындар кеңінен қолданылады, олар іс-әрекеттің негізгі түрі - ойын негізінде мектепке дейінгі жастағы балалар арасында тиісті білім мен дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі. Біз туған қаласы, облыс қалалары, туған өлкенің жануарлары және т.б. туралы келіссөздер жүргіземіз. («Отбасы туралы әңгімелер», «Менің хоббиім», «Айналадағы әлем», «Қазақстанның флорасы мен фаунасы»).

Тәрбиеші мен мектеп жасына дейінгі балалардың бірлескен жұмысында балалар шығармашылығының көрмелері, тақырыптық альбомдар, суреттер, слайд-презентациялар («Туған жер табиғаты», «Ботақара - менің сүйікті жерім», «Менің балабақшам», «Қазақстан балалар көзімен», «Нұр- Сұлтан - армандар қаласы») ұйымдастырамыз.

Саябақта серуендеу кезінде біз балаларға қоршаған табиғаттың сұлулығын көруге, оған ұқыпты қарауды үйретеміз. Сондықтан біз мәселелерді тек ақпараттық қана емес, моральдық тұрғыдан да шешеміз. Балаға ең тиімді әсер - бұл эстетикалық тәрбие құралы, сондықтан көрнекілікке, әдеби және музыкалық шығармаларды тыңдауға үлкен орын беріледі. («В. Павленко» Менің Отаным », М. Әлімбаев» Кілем Алаша», А. Дүйсенбиев» Отаным »). Мектеп туралы, Отан туралы ерліктер, еңбек туралы, туған қаласы туралы әндер мен өлеңдерді тыңдау, мектеп жасына дейінгі балалар қуануы немесе қайғылы болуы, олардың қаһармандыққа деген қызығушылығын сезінуі мүмкін. Өнер қоршаған өмірде тікелей байқауға болмайтын нәрсені қабылдауға, сонымен қатар таныс нәрсені жаңаша ұсынуға көмектеседі; сезімдерін дамытады және тәрбиелейді. Біздің жұмысымыздың маңызды аспектісі - бейнелеу өнері, қол еңбегі және қолданбалы сабақтарда балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қолданбалы сабақтарда балалардың халық ою-өрнектері, үлгіні жасау әдістері, дәстүрлі элементтер тарихы туралы білімдері байытылады. («Мен Отанымды суретке саламын», «Сырмақ - бұл әдемі ұлттық кілем», «Менің сүйікті ойыншығым», «Қазақтың күнделікті өміріндегі заттар» (қазақтың ою элементтері), «Киіз үй тігу»).



Біздің Бұқар жырау өңірі халықтық өнер дәстүріне бай. Бұл байлықтың бір бөлігі - мақал-мәтелдер. Олардан сіз шындық пен жалғандыққа, өмір мен жұмысқа көзқарас таба аласыз. Олар халықтың поэтикалық тарихын бейнелеген. Жыл мезгілдерімен, қазақ халқының қонақжайлығымен, үлкендерге құрметпен, кішіге құрметпен, баланың дүниеге келуімен байланысты рәсімдер (Тұсау кесу, Бесікке бөлеу) бүгінгі күнге дейін сақталып келеді.

Олар аға ұрпақтан кішіге, ата-анадан балаға, атадан немереге дейін өтті. Балалардың сүйікті тақырыбы - ұлттық және салттық мерекелер. Оларға қосылу арқылы балалар руханият пен имандылық негізі ретінде ата-бабаларының өмірінің ерекшеліктерін білуге мүмкіндік алады. («Жарқын Наурыз мерекесі», «Бір отбасында»). Бұл халықтың өмір салты, мейірімділігі, жомарттығы, аталары мен аналарының құрметі. Балалар қазақ халқының мақал-мәтелдерін қуана-қуана үйреніп, содан кейін өз сөйлеуінде қолданып, оны жанды, эмоционалды етеді.

Балалардағы ең үлкен эмоционалды реакциялар мерекелер, ертеңгіліктер, көпшілік шараларға байланысты жүзеге асады. («Туған күніңмен» Жұлдызай «Отбасы күні», Шөлдегі аралдағы оқиғалар «Спорттық ойын-сауық»). Халықтық мәдениеттің компоненттерімен танысу халық ойынының құралдарын қолданған жөн. Халық ойындары - бұл педагогиканың дәстүрлі құралы. Олар ежелден-ақ адамдардың өмір салтын, олардың өмір жолын, еңбек жолын, негізін, намыс, батылдық, батылдық, күшті, ептілік, қатал, шапшаңдыққа деген құштарлығын бейнелеген. Ойын әрдайым бала өмірінің табиғи серігі, қуанышты эмоциялар көзі, үлкен тәрбиелік күшімен болды («Тақия», «Орамалтастамақ», «Арқан тарту», «Ұшты-ұшты»).

Халық ойындары балаларды тек халықтың ойын тәжірибесіне ғана емес, сонымен қатар жалпы халық мәдениетіне тартуға ықпал етеді. Ойын кезіндегі қуанышты қозғалыс рухани байытумен үйлеседі, балаларда туған елдің мәдениетіне деген көзқарас тұрақты, мүдделі, құрметпен қарауға қалыптасады, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасты қалыптастыру үшін азаматтық-патриоттық сезімдерді дамыту үшін эмоционалдық негіз құрылады.

Мен өз жұмысымда оқушылардың отбасыларымен белсенді жұмыс істеймін, ата-аналар балабақшаға көмекші болып қана қоймай, сонымен бірге баланың жеке басын қалыптастыруға тең қатысады («Отбасы», «Біртұтас отбасында», «Мұражайға экскурсия», «Алдаркөсе балаларға барады») Ата-аналарға арналған клуб «Ұлы даланың жеті қыры»).

Ата-аналардың ұстанымы - отбасылық тәрбиенің негізі. Бала ерте жастан бастап өз халқының өміріне араласуды сезінеді, өздерін тек ата-анасының ғана емес, бүкіл Отанның баласы сияқты сезінеді. Бұл сезім бала «Отан», «мемлекет», «қоғам» ұғымдарын білгенге дейін пайда болуы керек. Бұл ата-аналар жүргізілген іс-шаралар өмірдің, жұмысының, мемлекеттің балаларға деген қарым-қатынасының айқын, қол жетімді мысалдарымен балаға тек туыстары ғана емес, бүкіл қоғам, бүкіл ел оған үміт артатынын көрсетті. академик Д. С. Лихачев: «Патриотизм - асыл сезім. Бұл тіпті сезім емес - бұл жеке адамның да, әлеуметтік мәдениеттің де маңызды аспектісі». Басқаша айтқанда, мәдениет пен патриотизмнің арасында диалектикалық байланыс бар: патриот болып, біз мәдениетті тұлға қалыптастырамыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
2. «Зерек бала» оқу-жаттығу бағдарламасы.
3. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» Алматы 2004 ж. С. Кенжеахметұлы.



ТЕРІСАҚАН АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХИ ЖЕРЛЕРІНЕ ВИРТУАЛДЫ САЯХАТ

Досанова Е.А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

Базылбекова С.К.

информатика пәні мұғалімі,

Ғылыми жетекші, пед.ғылымының докторы Г.Б.Мамаева,

Терсақан негізгі мектебі, Жақсы ауданы, Ақмола облысы.

Қазақстан Республикасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында тарихи сананы жаңғырту бөлімінде «Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасында бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр делінген. Және де архив деректерін жинақтап қана қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру қажеттігіне баса назар аударған болатын. Осы орайда өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуға тиіс. Сондықтан мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңызды. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады. [1]

«Мемлекеттік идеологияның бізге аса қажет бір ірі бұтағы, қомақты тармағы – халықты, ұрпақты патриотизмге, отаншылдық, елжандылық рухқа елді, жерді сүйуге, қорғауға жұмылдыру» - деп айқын жол көрсеткен Тұңғыш Елбасымыздың сөзін басшылыққа ала отырып, осы бағытта ауыл ішіндегі тарихи тұлғаларға байланысты аңыз-әңгімелерді жинастырып, зерттеуді жөн көрдік. Себебі, «өзгені тану үшін, алдымен өзіңді тани біл!» деген жалпы адамзаттық қағиданы басшылыққа ала отырып, мектепте өлкетану жұмыстарын жүргізу, зерттеу нәтижесінде туған жер тарихы жайлы жинаған материалдарды сабақ барысында пайдалану өте маңызды.

Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын іске асыру жұмыстарын сандық технологиялар саласы өкілдерінің қызметінсіз көзге елестету еш мүмкін емес дер едік.

Мемлекет дамуы – ол өзіміздің заман ағымында өмір сүруімізді жетілдіру. Сондықтан мемлекетімізді дамытудың бірден – бір жолы технологиялардың көмегімен жүзеге асады. Қазіргі уақытта біз «виртуалдық» деген ұғымды жиі еститін болдық. Заман талабына сай біз түрлі виртуалдық өмірде сүріп жатырмыз. Біз мұны байқамаймыз, мысалы ұялы телефондағы өмірдің барлығы виртуалды болып келеді. Біз күніміздің жартысын сол құрылғы арқылы өткіземіз. Ал сол өткізген уақытты пайдалы өткізу үшін қазіргі таңда виртуалдылық кеңінен дамып келеді. Бұл мақалада жаңа технологиялар көмегімен осы бағытта ауыл ішіндегі тарихи мекендердің аңыз әңгімелерін жинастырып, ауыл ішіндегі тарихи жерлерді цифрландыру бағыты көрсетіледі. Яғни арнайы бағдарлама мен құрылғылар арқылы виртуалды түрде саяхат жасауға мүмкіндіктерді қарастырамыз.

Мақаланың негізгі мақсаты: тарихи мекендердің аңыз әңгімелерін жинақтай отырып, жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы цифрландыру, виртуалды саяхат жасау.

Қазіргі таңда мемлекеттік мұражайлар, киелі нысандар сфералық панорамалар арқылы цифрландырудан өтуде, яғни қолжетімді нұсқада болуы. Компьютердің, сайттардың көмегімен немесе басқа да құрылғылар арқылы шалғай ауылдарда орналасқан киелі нысандарды және де мұражайдағы экспонаттарды электронды немесе виртуалды түрде көруге мүмкіндік аламыз. Технологиялардың дамыған заманында цифрализацияның жұмыс аймағын кеңейтуге мүмкіндік аламыз.

Сондай-ақ заманауи технологиялар көмегімен мектебіміздегі Баубек батыр атындағы мұражайды цифрландыру бойынша оқушылармен ғылыми жобалар жүзеге асырылуда.



(Баубек батыр атындағы мұражай)

Себебі білім беру ошақтарындағы мұражайлар елжандылық пен азаматтықты тәрбиелеу орталығы, барлық халықтар үшін де «тарихи естелік кітабы» болып, оқу-тәрбие жұмысында маңызды орын алады. Оқушылар бойында тарихқа деген қызығушылық туғызып, бұрынғының естелігін сақтауға ұмтылдырады.

Терісаққан ауылының ата тарихы, әріден басталып келетін, қасиетті мекен. Терісаққан ауылынды небір тарихи тұлғалар мен талантты ұл – қыз өрбіткен бұл мекеннің тарихы мол. Ұлытаудан бастау алып, терістікке қарай жалғыз ағатын кәрі Терісаққанның бойы тұнған тарих қой, шіркін! Ажалы құланнан болған деп Жошының әкесі қаһарлы Шыңғыс хан қалың әскеріне «Құланөтпес» өзенін қолдан қаздырып, «Терісаққанды теріс ағызыпты» - дейді аңыз. Бірақ, бұл жай ғана аңыз ғой, ептеп, шын тарихына көз салсақ:

«Сары ханға берген антым бар, орысқа бағынбаймын» - деген Баубек батыр қалың Бағаналыны қақ жара мың үй Бектауылымен Сандықтаудан көшіп келіп Терісаққанның Есілге құятын жерін иемденіп, қоныстанады. Бұл көш 10 жылға созылады. Шамамен 1850 жылдары Терісаққан ауылының негізі қаланады.



(Қойнауы құт Терісаққан өзені)

Қазіргі кезде өлке тарихы ауыл ақсақалдары мен бірен – саранды жазбаларда ғана кездеседі. Ал осы еліміз жайлы сыр шертетін кітаптар жоқтың қасы. Сондықтан да ауыл маңайындағы киелі нысандарды жан-жақты зерттей отырып, тіл білімі жағынан ол нысандардың тарихы мен аңыз әңгімелерін жинастырсақ, технология жағынан сол нысандарды виртуалды түрде көруге мүмкіндік жасадық. Атап айтсақ, Терісаққан ауылы маңында «Қос бейіт» деп аталатын кесене бар.

Жазық далада алыстан көрінетін қос төбеден пайда болған кесененің былайша аталуының өзіндік тарихы бар. Осы туралы халықтың арасында көптеген аңыздар айтылады. Зерттеу барысында осы кесенені көріп, кесене тарихы туралы аңызды оқушыларға айтып бердік. Аңыз жергілікті өлкетанушы Тарғын Мақыжанның айтуы бойынша жазылған.

Ол аңыз былай басталады: «Қос бейіттің» маңайын өз заманында көпшілікке әмірі жүріп тұрған, бай адам жайлайтын болған екен. Байдың ай десе аузы, күн десе көзі бар бойжеткен қызы болған деседі. Байға үйір-үйір жылқысын барымташыларға бермей, ит-құсқа жем қылмай, қалған жылқышы біткенге бас-көз болып жүретін бір мықты жігіт жұмыс істеген екен. Сол жігіт байдың жан дегенде жалғыз қызына ғашық болады, қыз да жігітті ұнатып қалады.



Жігіт араға жеңгелерін салып, қызбен кездесіп сөз байласады. «Ел құлағы елу» дегендей бұл хабар қыздың әкесіне де жетеді. Содан не керек өз есігінде жалданып жүрген кедей жігітке қыз беруді өзіне ар санаған бай қолшоқпарларына бұйырып, жылқышы жігітті өлімші етіп сабап кетеді. Жігіт жақын бір жамағайының үйінде төсек тартып жатса да, қызды алып қашу жөніндегі ойынан айнамайды. Кейін есін жиған соң жігіт ат баптап, уәделескен уақытта бай қызын алып қашады. Сөйтсе, бай жігітті аңдытып қойған екен, сақ отырған бір топ адам екі жастың соңына түсіп қуады. Астарына мінген аттары қанша жүйрік болса да, жабыла туған көп адам олардың соңынан қалмай қояды. Бұл көктемнің қар еріп, Терісаққан өзенінің арнасынан тасып жатқан шағы. Қуғыншылар ұстауға таяп қалған соң, екі жас амалсыздан астындағы аттарымен өзенді кесіп өтпек болады. Былайғы кезде беті ғана жыбырлап, шым-шымдап ағатын Терісаққан көктем сала буырқана тулап, ашуына қатты мінетін болса керек, қос ғашықты ағызып ала жөнеледі. Қатты ызаға бой алдырып, қуып келе жатса да қызының ажал тырнағына ілінерін білген бай екі жасты құтқаруға қанша тырысқанымен долы өзен шыр айналдырып, тереңіне тартып әкетеді. Содан, ел-жұрт болып өзен бойын екі-үш күн бойы шарлап, жігіт пен қыздың мәйітін тауып алады. Жалғыз қызынан айырылған бай өзінің тым қатты кеткеніне өкініп, тірісінде қосылмаған екі жасты жер қойынына қатар жерлейді. Кейін осы жерге «Қос бейіт» кесенесі салынады.

Осы сияқты ауыл жанында «Қылышбай әулие бейіті», «Баубек батыр кесенесі», «Балталы-Бағаналы кесенесі», «Сары оба» атты киелі нысандар жетерлік.






Айта кетерлігі, бұл кесенелердің барлығы Ақмола облысы киелі нысандарының картасына еніп отыр. [3]


Әрбір кесененің тарихтан сыр шертетін аңызы бар. Ол аңыз әңгімелер жинақталып, кітапша ретінде шығарылды. Ал енді осындай нысандарды басқа елді мекендердің тұрғындарына қолжетімді ету мақсатында «Panovr» және «Google просмотр улиц» бағдарламасы арқылы 360 градустағы панорамалық фотосуреттерді түсіру» бағдарламасы арқылы жұмыстар жасалды. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру жолдарының түсіндірмесіне мысал ретінде мектебіміздегі Баубек батыр атындағы мұражайды алдық. Осы туралы шолу жасайтын болсақ:

Pano 2vr бағдарламасында 3д панорама жасау технологиясы, түрлі 3д ретінде жасалған панорамалар арқылы жүзеге асырылады. Алдымен панорама жасап алу керек. Ол үшін интернет желісінде қамтылып жатқан бағдарламалардың бірін қолданамыз, мысалға мен, 3д панорамик бағдарламасын қолдандым. Бұдан да басқа Gyuse бағдарламасы немесе гугл карта бағдарламалары арқылы жүзеге асыруға болады. Яғни жан-жақты түсірілім арқылы өзімізге керекті суреттік панораманы аламыз.




2-сурет. Дайын болған панорама күйі

Келесі қадам дайын болған панораманы Pano 2vr бағдарламасына жүктемес бұрын, Адобе фотошоп бағдарламасына салып, түрлі өзгертулер немесе әдемілік түрлерін енгіземіз. Кейін бағдарламамызға жүктейміз.




3-сурет. Pano 2vr бағдарламасындағы мұражай бейнесі

Келесі жасайтын қадам бұл салынған бағдарламаларға келесі панорамаға көшуді ұйымдастыру. Яғни бір көрсетілген белгіні басу арқылы келесі белгіленген панорамаға көшу. Бұл үшін арнайы құралдар тбатырмасынан көздеу белгісін, өзіміз қалаған жерге орналастырамыз. Кейін осы батырманы екі рет шерту арқылы келесі арналған панорамаға көшуді ұйымдастырамыз.




4-сурет. Келесі панорамаға көшу әрекеті.

Кейін бұл әрекетті барлық панорамаларға қолданамыз. Дайын болған панораманы экспорттау арқылы бағдарламаны флэш көру нұсқасында аламыз.



5-сурет. Панорамадан панорамаға ауысу әрекеттері.



6- сурет.Дайын болған бағдарламаның, яғни панорамалық көрінісі
(арнайы бағдарламада жасалған панорама презентацияда көрсетіледі)



Қазақстан Республикасының тарихи елді мекендерінің цифрландырудың басты мақсатында мұндай виртуалды саяхаттар тиімді, әрі қолжетімді болып келеді. Қазіргі таңда мұражайларды да цифрландыру қарқынды жүргізілуде. Сол себептен бағдарламалық көмектер арқылы цифрландырудың басты қадамын бастаймыз деп айтуға болады.

Қазіргі таңда виртуалды өмірді дамытуға көбісі қолдау көрсетіп жатыр, себебі ол өте қолжетімді болып келеді. Бұл мақалада цифрландыруды кеңінен қолданып, түрлі бағдарламаларды тоғыстырып виртуалды саяхатты панорамалар арқылы іске асырдық. Бұл панорамаларды веб-сайт беттерінде ашып және сайттарға жүктеуге мүмкіндігіміз бар. Яғни панорамаларды сайтқа жүктеп тікелей сілтеме арқылы бұл виртуалды саяхаттауға мүмкіндігіміз бар.

Болашақта өзіміздің елді мекендерімізде және республикамызда бұл жобамның іске асуын қамтамасыз етеміз деген ойдамыз. Еліміздің көркеюі технологияларға тікелей байланысты. Сол себептен технологиялармен бірге еліміздің дамуына үлес қосамыз.

Қорыта айтар болсақ, «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі.

Әдебиеттер:

1. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, Н.Ә.Назарбаев - 2018 жыл.
2. Ғылым және техника журналы, 2016 жыл, 17 бет.
3. <https://www.inform.kz/kz/kos-beyit-kesenesi>.
4. www.pano3d.ru ғаламтор желісі.
5. www.google.kartu.ru ғаламтор желісі.
6. https://kk.wikipedia.org/wiki/Adobe_Photoshop.

ВИДЕОРЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Абишева А.Т.

бастауыш сынып мұғалімі

«С.Сейфуллин атындағы гимназия»КММ

Сәтбаев қаласы

Бүгінгі күн талабына сай жан – жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – видеоресурстар арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту.

Анықтамалық саты. Қолданатын жұмыс тәсілінің алдағы уақыттағы оқуға және білім сапасын арттыруға тиімді, яғни «пайдалы» болғаны жөн. Сонымен қатар пайдаланып жүрген әдістерімізбен байланысты болғаны жұмысымызды жеңілдетеді. Сол себепті өз сабақтарымда интербелсенді тақтаны, ғаламторды, электронды оқулықтарды, мультимедияны қолдану арқылы оқушы тек тындаушы емес, белсенді қатысушы болуына көп көңіл бөлемін. Өзімнің іс-тәжірибемде функционалдық сауаттылықты басшылыққа ала отыра алдыма мынандай мақсат қойдым: видеоресурстар арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Мұғалім оқушыны тек қана мектептің бағдарламасымен шектеліп қалдырмай, теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен, өмірмен байланыстыра білуге үйрету керек. Осындай әдіс - тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланған мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренетіні анық.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті - мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Құзыретті-бағдарланған тапсырмалар (ҚБТ) дәстүрлі сабақты ұйымдастыруын өзгертеді. Олар білім мен икемділікке негізделеді, бірақ жинақталған білімдерді тәжірибелік іс-әрекетте қолдану икемділігін талап ететіні анық.

Дәлелдеу сатысы. ҚБТ пәндерді оқу уәждемесін жоғарылату тәсілдерінің бірі болып табылады:



- біріншіден – оларды жасай отырып оқушы тапсырманы орындау тәсілдемесін өзгертеді;
- екіншіден – тапсырмалар әрекетшілдіктің басқа тәсілдерін талап етеді;
- үшіншіден – оқылатын материалдың қосымша мүмкіндіктерін есепке алу арқылы әрекетшілдікті меңгеру мен қолдану үшін білім беретін жағдайларды үлгілеуге жол береді;
- төртіншіден – оқушылардың ойлау қабілетінің дамуына, материалды жақсы меңгеруге және пәнге деген көзқарасын өзгертуге жағдай жасайды. [1]

Интербелсенді тақта мүмкіндіктерін пайдалана отырып өткізген сабақтар мұғалімнің оқу үдерісінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудың негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен көруге мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдап, шығармашылық деңгейге жеткізетіндей технологияларды қолдану арқылы сабақты қызықты өткізуі керек.

Сабақ жоспарын құрғанда интербелсенді тақтаның төмендегідей мүмкіндіктерін қолданамын:

- * сандықша;
- * сиқырлы өшіргіш;
- * сиқырлы лупа;
- * флипчарттар, презентациялар, файлдар, бейнетаспа жасау және дыбыстарға сілтемелер қою

Шығармашылық саты. Интербелсенді тақтаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып түрлендіріп өткізген сабақтар арқасында мен көп жетістіктерге жеттім. Ең бастысы – оқушылардың шығармашылық жақтары мен сабаққа деген қызығушылығы артты.

Эвристикалық саты. Біз барлығымыз дәстүрлі сабақтардың қалай өтетінін білеміз. Мұғалім дайын білімді оқушыға береді, ал оқушы қабылдап алады. Жаңашыл мектептерде білім берудің жаңа тәсілдерін меңгерту керек деп ойлаймын. Шетелдік әріптестерімнің оқыту тәсілдерін оқып, біліп, қолдана отырып оқушыларымды белсенді, ізденімпаз, ойшыл, «Мен өзім!» дейтін деңгейге жеткізуге болатыны түсіндім. Соңғы он жылдың көлемінде білім беру әлемінде аралас оқыту технологиясы қолданылып келеді екен. Осы аралас оқыту технологиясында электронды оқыту әдісі кең етек алған. Аралас оқытуда «Перевернутый класс» әдісі жақсы танымал. Бұл әдісті ойлап тапқан американдық мұғалімдер Джонатан Бергман және Аарон Сэмс. Бұл технологияны қолданғанда оқыту әдісі өзгереді. Сабақ беру әдісі, үйге берілетін тапсырманы орындау тәсілі толығымен өзгеріске түседі. Сабақ үрдісінде қалай қолдануға болады? Мұғалім алдын ала видеолекция немесе видеотапсырма дайындайды. Оқушылар оны үйде, шағын топтарда көре алады. Онлайн кеңесу, талдау жүргізуге болады. Алғашқы уақыттарда балаларды терең дамыған, қалыптасқан, төселген біліктілік тұстарын қолданып, кейіннен басқа да шығармашыл, өзі ұсыныс жасай алатын қырларын дамытуға болады. Оқушы үй тапсырмасын бірнеше қайтара көріп, пайда болған сұрақтарын анықтай алады. Бұл сұрақтарды сыныпқа келген соң мұғаліммен бірлесіп отырып немесе топпен, ұжыммен орындайды.

Биіктік сатысы. 4-сыныпта өтілген Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» мәтінімен үй жағдайында танысты. Сабақ өтілер алдында фильмді көруді ұсындым. Бірнеше тапсырмалар бердім. Жаңа сабақ ұжыммен кластер құрудан басталды. GOOGLE көмегімен сөздік жұмысын жүргіздік. Фильмнен үзінді көрдік. Сабақ барысында топқа бөлініп отырып, түрлі тапсырмалар орындалды. Алғашқы кезеңінде әр оқушы жеке орындауға тырысты. Шамалы уақыттан соң балалар диалогке түсті. Топтық жұмыс кезінде бірлесіп ынтымақта жұмыс істеді. Бір-біріне көмектесті, түсіндірді, қолдау көрсетті. Бағалау кезінде әділ болды. Бір-біріне айтылған кемшіліктерге түсіністікпен қарады. Дұрыстауға тырысты. Келесі сабақта өткен сабақтың қателіктерін жібермеуге тырысты. Алдын ала дайындалды. Бұл сабақта оқушының бойында сенімсіздік, қорқыныш сияқты сезімдер мүлдем болмады. Сынып алдында ұятқа қаламын-ау деген ойдан арылады. Сабақ барысында мақал-мәтел, нақыл сөздерді табуда интербелсенді тақта қолданылды. GOOGLE-презентация жасалды. Бағалау, рефлексия үшін слайд дайындалды. Кестелерді GOOGLE-формаларда жасадық, сиқырлы қарындаш, сиқырлы өшіргішті, түстерді пайдаландық. Сабақтың соңында сабақ кезіндегі видеоларды, фотоларды компьютерге енгізіп, интербелсенді тақта арқылы тамашаладық.



Қайшылық сатысы. 1-кесте. Айырмашылығы

Дәстүрлі сабақ	Дәстүрлі емес сабақ
<p>Мұғалім тақырыпты сыныпта түсіндіреді.</p> <p>Оқушы үйге берілген тапсырманы орындау арқылы жаңа тақырыпты тиянақтайды.</p> <p>Кедергі: оқушы әрқашан мұқият тыңдай бермейді, әрі үйде көмектесетін адам жоқ. Оқушының бойында үрей мен өзіне деген сенімсіздік пайда болады. Сабақта жауап бергісі келмейді. Қателесемін деген қорқынышты жеңе алмауы мүмкін.</p>	<p>Мұғалім үй тапсырмасын дайын видео түрінде береді, алдын ала нұсқаулықпен таныстыра отырып. Оқушы үйінде бірнеше қайтара көріп, сыныпта жұмыс істеу үшін алдын ала тапсырманы орындайды.</p>

2-кесте. Артықшылығы мен кемшілігі тұстары

Артықшылығы	Кемшілігі
Оқушы тапсырманы түсінбесе бірнеше қайтара тыңдай алады. Кез келген тұсынан тоқтатып, қайта көре алады.	Оқушы сол сәтте пайда болған сұрағын мұғалімге қоя алмайды.
Видеотапсырма сабақта болмаған оқушыға да пайдалы, түсінікті	Барлық оқушы орындамауы мүмкін
Мұғалім оқушының жеке жұмысын бақылай алады	Фильмді көрмеген оқушыға сабақ барысында қызық болмауы мүмкін
Оқушы ұмытып қалған жағдайда, файлды ашып қарай алды	Ғаламтордың және компьютердің болмауы

Бұл әдісті қолданудың жағымды жақтары:

- Оқушылар тек қана оқулықпен шектелмей, тыңдауға үйренеді, сыныптасымен тығыз араласуға мүмкіндік алады;
- Дәстүрлі емес оқытудың бұл түрі оқушылардың бойында қарай не болады екен сынды қызығушылық оятады;
- Үй тапсырмасын орындау кезінде жеңілдіктер қамтылған. Ұзақ уақыт ақпарат іздеп компьютер алдында отырмайды. Бұл денсаулық сақтаудың негізі болып саналады.

Қорытындылай келе, «Перевернутый класс» әдісін қолдану мұғалімге оқу үрдісін жаңаша үлгіде ұсынудың тиімді тұсы деп санаймын. Ақпараттық коммуникациялық технологияны терең меңгереді, жаңа үлгіде тапсырмалар ұсынады. Өзінің ғылыми-әдістемелік дайындығының деңгейін жоғарылатады.

Әдебиеттер:

1. Луцевич Л.В. Смешанное обучение - тренд дидактической парадигмы SMART-образования/Л.В. Луцевич // Народная асвета.- 2015.- №;- с. 33-39.
- 2./ - Режим доступа: Электронный ресурс [Топ-10 правил при переводе класса на новую методику - перевёрнутое обучение <http://www.ed-today.ru>.



**БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІН ДАЙЫНДАУДЫҢ
МҮМКІНДІКТЕРІ**

Серикбаева Ш.А.

география пәнінің мұғалімі,
№10 жалпы орта білім беретін мектебі,
Жезқазған қаласы

*Біз шынымен де инновацияның ұрпағымыз.
Инновация әлемі керемет.*

Питер Меррилл

Қазіргі кезде кәсіпкерлік Қазақстан Республикасында өте кең таралған нысан. Нарықтық экономика жағдайында «Шағын бизнес отбасы дәстүріне айналуы тиіс» деген тапсырманы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бүгінгі күні барлық қазақстандықтарға жауапты міндет жүктеп отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа арнаған Жолдауында жеке кәсіпкерлердің белсенді өсуі және орта бизнес санатына ауысуы үшін жағдайлар мен алғышарттар жасау мақсатында кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру қажеттігіне аса назар аударған болатын. [1] Сол себепті бүгінде өз ісін ашып, жеке кәсіпкерлікпен айналысамын деген адамның әрбіріне жол ашық. Себебі мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектер ұшан-теңіз. Қазақстанда «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы сәтті іске асуда. Түрлі бағдарламалар мен гранттардың саны күннен-күнге көбеюде. Жеке шаруасын бастағандар мен бастаушыларға қолдау беретін бұл бағдарламаларды тиімді қолдана білген жандар ғана еңбегінің жемісін көріп, мүмкіндікті тиімді пайдалана алады. Қазақстандықтардың басым бөлігі оның тиімділігіне көз жеткізді. Жастардың мүмкіндігі үшін іскерлік белсенділікті іске асыру үшін база, «аяғында нық тұратын» топ, орта бизнесті қалыптастыру және кеңейту үшін негіз кәсіпкерліктің әлеуетінде жатыр. Атап айтқанда, жастар ғана шағын және орта бизнестің негізгі қозғалыс күші болып табылады, соның ішінде инновациялық және де әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуде басты рөл атқарады. Сондықтан жастарға бүгіннен бастап, бизнес пен кәсіпкерлік туралы бизнес- білімді меңгерту қажет.

Кез келген елде бәсекеге қабілетті кәсіпкерлікті дамытып, қолайлы бизнесті қалыптастыру нарықтың қатаң жағдайларында өсуге және өзін-өзі жетілдіруіне мемлекет тарапынан көмек болады. Кәсіпкерлік жаңа идеялар мен өнімдерді өндіруге байланысты ынталандыру мен оқытуды қажет ететін бизнеске тәуелді. Соның бірі біздің жастарымызға төмендегідей көмек көрсетіледі. (кесте №1)[2].

Кесте №1. Бизнеске бейім жастарға өкілетті органдар тарапынан болатын көмек.

Қолдау құралдары	Оқыту	Коучинг	Қаржыға жол салу	Ақпараттық қолдау
Әсері	Инновациялық Start-up	Перспективалы жоба	Жаңа жұмыс орындары	Жергілікті интеграцияны дамыту

Жоғарыда көрсетілген кестедегі қолдау құралдары мен әсері жастар тарапынан сұранысқа ие.

Кез келген іскер адамның мақсаты - уақыт пен күшті минималды деңгейде шығындап, тұрақты табыс әкелетін бизнес құру. Кәсіпкерлікке тән негізгі қасиет - іздену. Жезқазған қаласының №10 жалпы орта білім беретін мектебі «Оқу ортасы – технология жүйесі» парадигмасы арқылы жұмыс жасайтын білім ошағы болып табылады. Бизнес нарықтық экономиканың сегменті ретінде қарастырсақ, ол табысқа, экономикалық өрлеуге жетелейтін стратегиялық ресурс екендігі анық. 2016-2019 жылдарға арналған Мектептің Даму Стратегиясы аясында 8 жоба жұмыс жасады. Соның бірі «Қысқы бақ» атты жобасында оқушылардың бизнеске баулу мүмкіндіктерін жасауға негіз болды. Жалпы «Қысқы бақ» жобасының қорытынды кезеңінде мектеп ішінен «Қысқы бақ лабораториясы» шағын жылыжай ашылды. Бұл арнайы жылыжай туралы алғашқы идея Қарағанды облыстық жобалар сайысында 7 сынып оқушысы Әбілхасан И қорғап, жүлделі 2-орын иеленді. Бұл жобаның мақсаты - мектеп жанынан жылыжай аша отырып, мектеп әлеуетінің функционалдық сауаттылығын одан әрі арттыру және бизнеске баулудың алғашқы қадамдарын түсіндіру. Осы жобадан кейін оны іске асыру мақсатында мектеп ішінен шағын жылыжай ашылды. Бұл жылыжайда



қияр, қызанақ, аскөк, ақжелкен, гүлрайхан өсірілді. Бұл флораның көрсеткіштерін алу себебі- аталмыш өсімдіктер климатқа бейімделген.

Бұл өсімдіктерді мектеп маңына отырғызу жоспарланып, мектеп жанындағы гүлзарларға отырғызу жүргізілді. Осы жоба бойынша арнайы альбом басталған. (сурет-2)

Сурет 2. «Жылыжай ашу арқылы нарықтық сұранысқа енудің перспективасы» ғылыми жобасының макеті.



Соның нәтижесін одан әрі өмірде қолдану үшін мектепте ата-аналар мен бірлесе отырып, шағын зертханалық жылыжай ашылды. (сурет-3)

Сурет 3. «Қысқы бақ» зертханасының ашылу сәтінен көрініс.



Ол жылыжайдың негізгі мақсаты- флора көрсеткішін өсіре отырып, одан әрі серіктестік тарту арқылы өнімді тұтынушыға жеткізу, қаржылық сауаттылықты арттыру мүмкіндіктерін жасау. Аталмыш жылыжайға тіптен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Шамшидинова К.Н. (2019 жыл мамыр) арнайы Жезқазған қаласына іс-сапармен келіп, өз бағасын берген болатын. (сурет-4)

Бұл әрине оқушылар үшін ерекше жетістік болып табылады. Жылыжайда қияр, қызанақ, аскөк, ақжелкен, шырайгүл, салат жапырағы өсіріледі. Сонымен қатар бөлме өсімдіктерінің бірнеше түрлерін өсіру қолға алынған. Оқушылар жыл бойы жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша зертханалық жұмыстарын, ғылыми зерттеу жұмыстарын аталмыш шағын жылыжайда жасайды. Сонымен қатар бүгінгі күні бизнес жоба ретінде бұл жүйелі түрде қолға алынды. Оқушылардың білімін тек практикамен ғана ұштастырмай, бизнес әлемінің қыр-сырын меңгертуге де өз септігін тигізуде. Тіптен оқушылар аскөк пен ақжелкеннен коктейль жасап, оның адам ағзасы үшін маңыздылығын ғылыми негізде қорғап, зертханаға келген қонақтарға ұсынған болатын. Сонымен қатар зертханада өсетін флора көрсеткіштерін алғаш болып пайдаланған да осы жас зерттеушілер-оқушылар болды. Тіптен сол сәттерді аймақ тұрғындарына насихаттау мақсатында жергілікті бұқаралық ақпарат көздерімен әріптестік жұмыстар атқарылды.



Сурет 4. «Қысқы бақ» зертханасында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрі Шамшидинова К.Н. гүл отырғызу сәтінен көрініс.



«Қысқы бақ» жобасы - білім алушыларды қоршаған ортаға деген ықыласын арттыра отырып, жасыл әлем өнімдері арқылы бизнес көзін ашуға мүмкіндік беретін жоба болып саналады. Себебі, жас ізденушілер осы жоба барысында қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерумен қатар, осы жобаның өміршеңдігі үшін жұмыс жасады. Тіптен ғылыми жобамен айналысып жүрген жас зерттеуші-оқушылардан сауланама алынып, осы бизнес жобаның рөліне сараптама жасалып, аталмыш жобаның артықшылығы мен кемшілігін анықтауға мүмкіндік болды. (кесте-2).

Кесте №2. «Қысқы бақ» жобасы аясында кәсіпкерлікке баулу мүмкіндігі.

Артықшылығы	Кемшілігі
Икемді жұмыс уақытымен санасатын болу	Бақылауға кететін уақыттың тұрақсыздығы
Шағын зертхана- шағын жылыжайдың болуы	Табыс пен сәтсіздіктің болуы (эксперимент барысында)
Жаңалыққа толы өмір қызықты	
Белгілі бір идеяны жүзеге асыру үшін сынақтан өткізу	
Табысқа жету	

Сонымен жаһандану заманында сапалы білім беру үрдісін интеграцияландыру - бәсекелестіктен әріптестікке жетелейтін дәйекті жол. Бұл жаңа технологиясының басты субъектісі ретінде кеңесші немесе тәлімгер педагогтар болса, білім алушылар аймақтағы бизнесті дамыту мақсатында өз жобаларында инвестиция тарту көзін қарастырады. Ал инвестиция бизнестің негізгі критерийі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан–2050» стратегиясы–қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті–Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. П.Меррилл.Поколение инноваций.Москва, 2009.
3. <http://www.zarplata.ru/a-id-13782.html>.



ДЕРЕКТЕР ТІРКЕУШІ *EINSTEIN™ TABLET +2* ПЛАНШЕТТІН *MILAB*
БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ФИЗИКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ
ЖОЛДАРЫ

Бимбетова А.Н.

*Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді
гимназияның физика пәні мұғалімі
ШҚО Семей қаласы*

*Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар
ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды
жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру
– бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас
ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында*

Н. Ә. Назарбаев

Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін - өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Осы орайда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында пәнге қазіргі заман талабына сай өзгеріс енгізу мақсатында деректер тіркеуші *einstein™ Tablet +2* планшеттің *Milab* бағдарламасы арқылы физика сабағында пайдаланудың тиімді жолдарын көрсеткім келеді. Қазіргі сандық технологиялар заманында бұл таптырмас құрылғы деп санаймын.



Windows, OSX және Linux-та қарапайым компьютерлермен, сондай-ақ Android Және iOS-та планшеттік компьютерлермен жұмыс істей алатын толыққанды сандық жаратылыстану-ғылыми зертханаларға арналған. Мектеп ғимаратында және одан тыс жерлерде табиғи-ғылыми эксперименттер өткізуге, мультимедиялық проекторға қосылған барлық сыныптарда эксперимент көрсетуге мүмкіндік береді.

Планшетті тіркеуші деректер *einstein™ Tablet +2*, жинауды жүзеге асырады және тіркеуге келіп түсетін деректерді нақты уақыт режимінде 18 датчиктер (қабылдағыш) (пайдалана отырып, әр түрлі тәсілдері қосылыстар) талдау жүргізеді және деректерді өңдейді, орындау барысында бағдарламалық қамтамасыз етудің ғылыми-жаратылыстану эксперименттерін көрсетеді. Тіркеуші 100 000 дейінгі өзгерістерді 1 секунд ішінде қабылдауға қабілетті.

Einstein™ Tablet +2 көрсету үшін эксперимент бүкіл сыныпқа ғана қоса отырып тіркеуші – мультимедиялық тақта арқылы алынған шамаларды сыныпқа көрсете алады. Мұғалім тіркеушіні өз қызметінде қолдана алады, спектрін кеңейте отырып, нысандарын және әдістерін оқытудың әр түрлі қабылдағыштарды қолдану есебінен білім беру бойынша тұғырнамасы базасында Android OS және ұсынылатын материалдарды қосымшада үшін мектеп *einstein™ World*ты пайдалана отырып цифрлы технологияның мүмкіндіктерін кеңінен қолданады.



Қосу үшін сыртқы датчиктер (қабылдағыш) корпусында тіркеушінің *einstein™ Tablet +2* 4 порт бар. Сандық зертхана мүмкін жабдықталуы 60-тан астам әр түрлі мақсаттағы датчиктер (қабылдағыш) бар.

Ерекшеліктері: Android, карта үшін Слот Micro SD, Wi-Fi, Bluetooth, үйлесімділік проектормен, екі кірістірілген Web-камера, аккумуляторлы батареясы (8 сағ.), 8,9-дюймдік экран (IPS) 8-мегапиксельді камера сыртқы бейне көрсету.

Техникалық сипаттамалары

- Датчик жүрек ырғағының (Диапазоны: 40-тан 240 уд / мин)
- Ылғалдылық датчигі қоршаған ортаны (Диапазоны: 0-ден 100%)
- Жарық сенсоры (Диапазоны: 1-ден 128 000 люкс Спектрлік жауап: көзбен жарық)
- Ультракүлгін датчигі (қабылдағыш)
- Қысым датчигі (қабылдағыш) (Ауқымы: 260 1260 мбар)
- Датчик қоршаған ортаның температурасы (Диапазоны: -15 дейін 50° C - | 5-ден 122° F)
- Акселерометр (Диапазоны: ± 2 г)
- Микрофон (Диапазоны: 70-тен 20 000 Гц)
- Дыбыс (Диапазоны: 40-110 дБ)
- GPS
- *einstein™ Tablet +2* сыртқы датчиктері (қабылдағыш) бар.

Газ қысымының датчигі -pressure (0-700 кПа) DT015-1

Газ қысымының датчигі (0-700 кПа) DT015-1) абсолюттік қысым датчигі болып саналады. Ол әр түрлі түсірілген қысымдарды, сол кездегі қысым өзгерісін өлшеп көрсете алады. Өлшеу диапазоны датчик қысымы: 0-700 кПа (0-6.9 атм немесе 0-7,000 мбар). Жиынтықта датчикке пластикалық тұтқа қоса беріледі Люэра сабымен, лайықты эксперименттер үшін шағын ыдыстарда, шприцтер мен клапандарды қолдануға болады.

Кернеу датчигі (+/- 25 В) DT001


DT001 кернеуінің датчигі тұрақты және айнымалы тоқты өлшеуге қабілетті дифференциалды сенсор болып табылады. Екі қосқыш «банан» арқылы тізбекке оңай қосылуға мүмкіндік беретіді, сондай-ақ кернеудің сенсорларының кезкелген датчиктермен тізбекте қосыла алды, сан мәнін нақты көрсетеді.

Қолданылуы

Кернеу датчигі әртүрлі эксперименттерде қолданылады, мысалы, конденсаторды зарядтау және разарядтау, шамдар мен диодтардың кернеу сипаттамаларын, магниттік индукцияны өлшеуді, эмфді және өшетін тербелістерді зерттеу.

Диапазон	± 25 V
Нақтылығы	± 3 % барлық диапозонда
Рұқсат	12.5 мВ
Рұқсат етілген жиілік	20,000 секундына

Схемаға сәйкес электр тізбегін салу





Есептеуге қажетті анықтамалар:

Тізбек бөлігіндегі ток күші осы бөліктің ұштарындағы кернеуге тура пропорционал.

$I = U/R$ – Ом заңы $1 \text{ Ом} = 1 \text{ В}/1 \text{ А}$. $U = I \cdot R$

Халықаралық бірліктер жүйесінде кедергіні Оммен өрнектейді. Ом заңына сәйкес кедергіміз $R = U / I$, кернеуіміз мына шамаға тең: $U = I \cdot R$

Тұрақты температурада өткізгіштің кедергісі оның ұзындығына L тура пропорционал, S көлденең қимасының ауданына кері пропорционал және оның жасалған материалына тәуелді болатыны тағайындалды.

$R = \rho \cdot L / S$, меншікті кедергі $\rho = RS / L$ ом*мм²/м

Өткізгіштің материалын сипаттайтын шаманы меншікті кедергі деп аталады. Меншікті кедергі рәпмімен белгіленеді.

Кестеде кейбір заттардың меншікті кедергісінің ρ мәндері берілген. Мұндағы L -ұзындығы метрмен, көлденең қимасының ауданы S м² –мен, ал кедергі Оммен өлшенген.

Температура датчигі (-25 ден + 110 ° C дейін) INT029Nova

Тот баспайтын болат Фурье температурасының сенсоры қарапайым. Ол дәстүрлі шыны термометрлермен салыстырғанда әлдеқайда күшті болатын қорғаныш материалмен жабылған. Датчик стандартты мини-DIN кабелін пайдаланып, деректерді тіркеушіге тікелей қосылады.



Қолданылуы


Датчи -25 ° C-ден 110 ° C аралығында жұмыс істейтіндіктен, ол химия, физика, биология, география және қоршаған ортаны қорғау саласындағы эксперименттерде қолданылады. Бұл судың электрөткізгіштігі мен басқа химиялық ерітінділердегі температураны өлшеуге әсіресе пайдалы.

Ерекшеліктері

Жауап уақыты

Сұйықтық ішінде 20 секунд

Ауадағы 40-60 секунд




Қорытынды:

1. Жеке басын дамытуда

- ойланады
- эстетикалық тәрбиесін көтереді



- экспериментальды-зерттеу мүмкіндігін дамытады
 - ақпараттық мәдениетін қалыптастырады
2. Әлеуметтік тапсырысты орындауда
- пайдаланушының жалпы ақпараттық дайындығы («компьютерлік сауаттылық» деп аталатын)
 - белгілі бір мамандықтарға дайындалуы
3. Оқу- тәрбиелік үдерісте
- оқытудың тиімділігін және сапасын көтеру (оқу сапасының деңгейін көтереді)
 - танымдық әрекетін қамтамасыздандырады
 - ақпараттық және пән бойынша дайындықты интеграциялау арқасында пәнаралық байланысты тереңдетеді.



Қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез ақпараттандырылуы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласына төмендегідей міндеттерді қояды.

- Білім сапасын деңгейін көтеруді
- Әлемдік білім беру кеңістігіне енуді;
- Орта білімді ақпараттандыруды;
- Интернет жүйесін пайдалануды;
- Электрондық оқулықтарды пайдалануды;
- Қашықтықтан басқаруды:

Компьютерлік технологияны пайдалану мұғалімге оқушының оқу пәніне деген танымдық қызығушылығын дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Қазіргі оқушы:

Дүниетаным қабілеті жоғары;

Дарынды, өнерпаз; Іздемпаз, талапты;

Өз алдына мақсат қоя білу керек;

Осындай тұлғаны дамыту үшін оқытудың жаңа технологиясы қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

2. “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл.

3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

4. «Математика және Физика» журналы №4, 2007 жыл.

5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

6. «Технологии игры в обучении и развитии» М. 1996 Ж.С.Хайдаров. П.И.Пидка.



ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УСЛОВИЯХ СЕЛЬСКОЙ ШКОЛЫ

Мельник Д.В.

учитель информатики

КГУ «Школа – лицей им. Ю.А. Гагарина»

пос. Агадырь

В настоящее время в мире происходит четвертая технологическая революция: стремительные потоки информации, высокотехнологичные инновации и разработки преобразовывают все сферы нашей жизни. Меняются и запросы общества, интересы личности.

STEAM-образование является мостом, соединяющим учебу и практику. Его концепция готовит учащихся средней школы к технологически развитому миру. Для подготовки специалистов будущего, от учащегося требуются всесторонняя подготовка и знания из самых разных образовательных областей естественно-математических наук.

STEAM представляет собой интегрированный подход к обучению, в рамках которого изучаются в контекст реальной жизни. Цель такого подхода – создание устойчивых связей между школой, обществом, работой и окружающей средой в социальности, способствующих развитию STEM-грамотности и конкурентоспособности в мировой экономике.

На сегодняшний день в современном обществе важна не только практика, но и теория. То есть, обучаясь мы должны работать не только с готовыми продуктами, но и с самой реализацией. Таким образом учащиеся получают знания и сразу же учатся их использовать. Тем самым развивают такие ценные качества характера, как терпение, аккуратность, настойчивость и творческая мысль, проявленные при мотивации над проектом. Они способствуют уверенному созданию своего будущего.

Реализация данного проекта в КГУ «Школе – лицей им. Ю.А. Гагарина» началась с 2017 года. Работа с данным проектом позволяет соединять в себе междисциплинарный и проектный подход, основой для которого становится интеграция естественно-математических наук в технологии, инженерное творчество. С помощью практических занятий демонстрируется учащимся применение научно-технических знаний в реальной жизни. Реализация проекта позволяет развивать навыки критического мышления и разрешения проблем, необходимых для преодоления трудностей, с которыми учащиеся могут столкнуться в жизни. STEM технологии реализуются главным образом при проведении курсов «Робототехника» и «Инженеры будущего». Есть учащиеся, которые в течении 2 лет с особым интересом посещают курсы. Результатом является то, что за небольшой промежуток времени внедрения данного проекта в школе имеются достижения на соревнованиях как областного, республиканского, так и международного уровня.



IV Международный фестиваль
по робототехнике «Roboland 2018»
в категории «Линия» 2 место.



«Kazrobotics 2018» категория «Кегельринг
Квадро» 1 место
«Kazrobotics 2018» категория «Гонки по
линии» 2 место



«Чемпионат Казахстана по робототехнике» в категории «Траектория» 1 место, в общекомандном зачете 3 место



«KAZROBOTICS-projects 2019»
2 место
«ITEENS-2019»
3 место

Наша работа не ограничивается только развитием умений и навыков учащихся. Также мы делимся опытом с педагогами других школ. Например, на базе нашей школы в феврале текущего года был проведен областной мастер – класс в рамках реализации государственной программы «Цифровой Казахстан» совместно с УМЦ г. Караганды для педагогов с целью расширения IT компетенции и обмена опытом.



Яркими и увлекательными становятся проекты по робототехнике, объединяющие различные предметные области. Одними из доступных и универсальных являются наборы для STEM – экспериментов и робототехнических проектов ARDUINO.

В комплект набора входит плата Arduino Uno, MEGA – платформа для прототипирования с открытым исходным кодом на основе простых в использовании аппаратных средств и программного обеспечения. Значительная часть участников знает что платы Arduino умеют считывать входные коды и превращать их в выходной - запускать мотор, включать светодиод, публиковать что-то в Интернете. [1:15]

Один из таких проектов представлен на экране. Называется он «Умная школа». В данной работе учащиеся школы сделали систему автоматического освещения; включения звонка на урок; полива с замером влажности почвы, метеостанцию с измерением температуры, влажности, давления; автономный солнечный трекер. Детали корпуса были смоделированы в Creo Parametric, проводимых в рамках курса «Инженеры будущего» и распечатали на 3D принтере. Данная работа заняла третье место на V Международном фестивале ROBOLAND 2019.





Для учащихся 5 – 9 классов данное открытие является вдохновением, приносит чувство победы, адреналина и радости. После каждой такой победы они становятся все больше уверенными в своих силах. И в конечном итоге – это пробуждает в них как общее развитие кругозора так и интерес у учащихся применять теоритические знания на практике в естественнонаучных и технических дисциплинах.

Создавать будущее – сложная и ответственная задача. Каждый день становится открытием, если он приносит новые знания, которые затем могут быть превращены в продукты. Особенно это важно для тех, кто выбрал дорогу инженера и технического специалиста. [2:13] Учащиеся школы обучающиеся на курсах «Робототехники», «Инженеры будущего» в будущем видят себя специалистами-инженерами, IT программистами, сознательно готовятся к будущей своей профессии, специальности.

Литература:

1. Технические науки: проблемы и перспективы, Информатика и кибернетика, г. Санкт-Петербург, июль 2015г
2. Д. Эванс, Интернет вещей Как изменится вся наша жизнь на очередном витке развития Всемирной сети, Апрель 2011г

ПРОЕКТ «СОЗДАНИЕ ПРИШКОЛЬНОЙ КРУГЛОГОДИЧНОЙ ТЕПЛИЦЫ»

Балабанова О.Л.
учитель биологии,
школа-гимназия №14
г.Нур-Султан

Актуальность проекта.

Нашей школе нужна теплица, чтобы школьная столовая обеспечивала учеников полноценным и сбалансированным питанием. Мы ведь не знаем, что едим. Не знаем, какие продукты привозят в наши магазины. В каких условиях их выращивают. По этой причине мы считаем, что создание пришкольной теплицы позволит вырастить экологически чистые овощи.

Учащиеся смогут проследить за развитием теплицы и увидеть какую роль играет теплица, а так же что из нее можно получить. В связи с большим акцентом на развития малого и среднего бизнеса школа сможет показать, что на основании развития и функционирования теплицы со всеми просчетами мы можем получить прибыль.

Данная прибыль может быть реализована на помощь для поощрения лучших учеников, занимающих призовые места на олимпиадах, конкурсах и конференциях. Часть вырученных денег пойдет на проведение школьных мероприятий и праздников.

1.2 Цель проекта: создание рентабельной круглогодичной теплицы на территории школы для выращивания овощей, зелени для поставки в школьную столовую экологически чистых продуктов, для дальнейшего употребления их в пищу.

Задачи первого этапа работы:

- Создание инициативной группы по координации работы над проектом.
- Составить бизнес-план по реализации проекта
- Составление плана работы на пришкольном участке.

Задачи второго этапа работы:

- Приобретение теплицы, ящиков для рассады, земли, семян.
- Проведение посева семян и рассады в ящиках.
- Уход и полив рассады.
- Подготовка грядок для высадки рассады. Высадка рассады и семян.
- Создание оптимальных условий для хорошего роста, высаженных овощей и зелени.


Задачи третьего этапа работы:

- Результаты реализации проекта (фото и видео материалы)



1.3 Бизнес-план

Бизнес – план по созданию теплицы заключается в создании тепличного комплекса по выращиванию овощей. Проект предусматривает строительство современной теплицы с использованием энергосберегающих технологий для выращивания огурцов и других овощей. Изучив разные варианты теплиц из интернета, мы выбрали теплицу «Фермерская» 12м *3м – общая площадь 36 кв.м.



Характеристика теплицы «Фермерская»:

Каркас теплицы «Фермерская», 12 × 3 × 2 м, оцинкованный металл, профиль 20 × 20 мм

- Вес: 147150 г
- Ширина: 300
- Высота: 210
- Габариты товара: 1200 см х 300 см х 210 см
- Материал: Сталь
- Длина, м: 12
- Высота, м: 2
- Ширина, м: 3
- Укрывной материал: Поликарбонат 4мм
- Материал каркаса: Оцинкованная сталь
- Количество дверей: 2
- Толщина металла профиля, мм: 1
- Размер профиля, мм: 20 х 20
- Количество форточек: 2
- Шаг дуги, м: 1

Полезная площадь теплицы составляет - 30 кв.м

Теплица стоит весь год: демонтаж на зиму не требуется.

Гарантийный талон: 10 лет.

Стоимость теплицы- 203057 тенге

1.3.1. Планируемые выращиваемые культуры:

- огурцы – 10 кв.м;
- томаты-10 кв.м;
- зелень (укроп, петрушка, лук, салат) – 5 кв.м.

Годовой объем производства:

1) огурцы (сахарный малыш) – из 1 кв.м. – получает 22 кг, а из 10 кв.м. * 22 кг = 220кг. Средняя цена за 1 кг огурцов составляет 500 тенге, т.е. = 220кг*500тенге = 110 тыс.тенге.

Годовой объем огурцов при сроке созревания 45 дней составляет 5 урожаев и равен 220 кг.*5 = 1100кг. по цене 500тг за 1 кг., т.е. 1100кг*500 = 550000тг.;

2) томаты (золотая бусинка) из 1 кв.м - 8 кг, а из 10 кв.м*8 кг = 80 кг. Средняя цена за томаты составляет 600 тенге за 1 кг, т.е. = 80 кг*600 = 48000тг.

Годовой объем томатов при сроке созревания 95 дней составляет 4 урожая и равен 80 кг.*4 = 320кг. по цене 600тг за 1 кг., т.е. 320кг*600 = 192000тг.;

3) зелень(укроп петрушка, лук, салат) – 1кв.м-получаем 3 кг. Средняя цена за пучок зелени – 100 тг., за 1 кг. цена - 450тг. С 1 кв.м получаем 3 кг. зелени, с 5 кв.м соответственно 5кв.м*3кг = 15 кг. зелени, следовательно 15 кг*450 тг. = 6750 тг.

Годовой объем зелени при 3 урожаях составляет 15кг*3 = 45 кг.; 45кг* 450тг. = 20250тг.



Итого валовый сбор составил: 1100кг. (огурцов)+320кг. (томатов) + 45кг. (зелени) = 1460кг.
Годовая сумма за собранные урожаи составляет: 550000+192000+20250 = 762250тг.

1.3.2 Обогрев теплицы

Для обогрева теплицы будут использоваться потолочный инфракрасный обогреватель в количестве 1 штуки. Данный инфракрасный обогреватель рассчитан на 40 кв. м. **Площадь обогрева составляет- 36 кв. м** - внутри помещения будет + 18-20 градусов при минус 25 на улице.

Стоимость 1 инфракрасного обогревателя составляет- 47 250 тг. **Технические характеристики**
Номинальное напряжение сети: 380 В Мощность: 4,0 кВт

Затраты на электроэнергию составляют = 1 инфракрасная лампа с напряжением 4,0 кВт, стоимость 1 кВтч=14,54 тенге/кВтч.

Месяца	Стоимость электроэнергии для юридического лица	Итого сумма за потребляемую электроэнергию
С 1.09.2019-31.05.2020	14,54 тенге/кВтч.	33,993.96 тг.
С. 1.06.2020-31.08.2020	14,54 тенге/кВтч	2,672.36 тг.
Итого за 12 месяцев составляет		36,665.132 тг.

1. С 1.09.2019-31.05.2020

4 Вт*24 часа=88 Втч

80 Втч/1000Вт=8.8 кВтч

За 1 месяц (31день)=8.8кВтч*31 день=272.8 кВтч электроэнергии

За 273 дня=8.8 кВтч*273 дня=2,402.4 кВтч электроэнергии

За 1 кВтч=14,54 тг или 14,54 тг*2,402.4 кВт= 33,993.96 тг за 273 дня или 9 месяцев.

2. С. 1.06.2020-31.08.2020

4 Вт*5часа=20 Втч

20 Втч/1000Вт=2.0 кВтч

За 1 месяц (31день)=2.0кВтч*31 день=62 кВтч электроэнергии

За 92 дня=2 кВтч*92дня=184 кВтч электроэнергии

За 1 кВтч=14,54 тг или 14,54 тг*184кВт= 2,675.36 тг за 92 дня или 3 месяцев.

На сегодняшний день отопление с помощью инфракрасных обогревателей является самым современным и энергосберегающим способом отопления любых помещений. Наибольшую популярность сейчас приобретают потолочные инфракрасные обогреватели, их цена легко впишется в любой бюджет, а экономия электричества будет радовать Вас долгие годы. В отличие от устаревшего конвективного отопления потолочные инфракрасные обогреватели прогревают воздух более равномерно. При этом отсутствует перепад температур вверх и вниз помещения, за счет того, что подвесные потолочные инфракрасные обогреватели направляют лучи в низ помещения, а теплый воздух по физическим законам поднимается вверх, это обеспечивает равномерный прогрев.

Помимо инфракрасного обогревателя будем использовать биотопливо. Высокоэффективное топливо для парников можно заполучить практически бесплатно. Ценные энергоресурсы буквально лежат под ногами в виде мусора. Однако если знать об их внутренней силе и как ее можно применить на своем огороде – неприглядные на первый взгляд отходы превращаются в настоящее сокровище.

В качестве биотоплива будет выступать конский, коровий навоз, опавшая листва.

1.3.3 Биотопливо. Свойства компонентов биотоплива

Чтобы добиться необходимо эффекта, нужно знать, какие компоненты лучше сочетаются и как их правильно смешивать.

- конский навоз – оптимальная рыхлая основа для обогрева парника. Его мешают с опилками, подстилкой из соломы. Такой состав в состоянии разгореться за 7-10 дней то температуры +60...+70°C, поэтому его выгодно использовать на ранних сроках закладки. К тому же, он медленно остывает. За месяц температура снижается до +30°C;

- коровий навоз – имеет более плотную структуру по сравнению с конским, более влажный и хуже разогревается. Чтобы добиться необходимой рыхлости, его используют в паре с опилками, подсолнечной пылью или просеянной лузгой, древесными листьями и подобным сырьем в соотношениях 1:1. Температура горения не превышает +50°C и быстро снижается;



– свиной навоз – по своим свойствам схож с коровьим – он повышено влажный, немного выделяет тепла. Его также применяют вместе с разрыхляющими компонентами.

1.3.4 Полив рассады

Теплицу необходимо обеспечить регулярным поливом. В теплицы будет размещена бочка объемом 1 м³. Забор воды будет осуществляться из центральной системы водоснабжения школы в объеме 7м³ в неделю.

Затраты на полив составят: 1м³ воды =218,80 тенге.

расход воды в месяц =217м³ =217 м³ *218,80./месяц=47479,6 тг.

За год 365дней*218,80тенге=79862тг.

1.4 Ожидаемы результаты и рентабельность пришкольной теплицы

Покупка готовой конструкция теплицы -203057 тг.

Покупка потолочного инфракрасного обогревателя-47 250 тг.

Расходы на содержание теплицы составляют: 116527 тг. в год.

Вода-79862 тг.

Электроэнергия -36665тг

Годовая сумма за собранные урожаи составляет: 762250 тг.

Годовая чистая прибыль составляет -231639 тг.

Учащиеся расширят свои знания в области растениеводства. На уроках биологии, познании мира, технологии будут проводиться практические занятия по разделу «Растения». Учащиеся научатся выращивать овощи в теплице. Теплица обеспечит школьников экологически чистыми овощами. Если сделать выводы по чистой прибыли, то можно сказать что создание круглогодичной теплицы будет рентабельной и можно будет расширить площадь теплицы и произвести посадку цветов для пришкольного участка, а также разводить цветы для озеленения внутри школы.

Употребление в пищу экологически чистых продуктов будут способствовать укреплению здоровья школьников.

1.5. Заключение

В ходе работы над проектом, мы поняли, что земля дает человеку все, и нужно уметь этим грамотно воспользоваться. У нас есть все возможности для того, чтобы воплощать свои мечты в жизнь, нужно только желание, трудолюбие. Мы надеемся, что начатая нами работа будет продолжена и в будущем. На примере школьной теплицы мы сможем создать свое собственное дело, свой бизнес. На сегодняшний день наша страна заинтересована в частном фермерстве и развитии малого предпринимательства, для этого предоставляются субсидии и гранты для открытия своего дела.

Литература:

1. <https://7dach.ru/Alensel/kak-postroit-teplicu-svoimi-rukami-za-odni-vyhodnye-3144.html>.
2. <https://business.gov.kz/ru/business-support-programs/detail.php?ID=32639>.

SOCRATIVE – БАҒАЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Сембет А.Қ.

тарих пәнінің мұғалімі,
«№ 19 мектеп - лицей» КММ
Қарағанды обл., Сәтбаев қ.


Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.



Батыс елдерінде бұл үдеріс әлде қайда дамып кеткен. Қазір ғаламторға кіріп қарасаң білім беру саласына қатысты бағдарламалар өте көп. Олардың қолдану аясы әр түрлі. Өзімнің «Оқытудың жаңа ақпараттық - коммуникациялық технологияларын білу – қазіргі заман талабы» атты мақаламда осындай бағдарламалардың біренешуіне тоқтала кеткем. Соның ішінде «Socrative» бағдарламасын ерекше атап өтуге болады. Қазіргі кезде жаңартылған білім мазмұнында бұл бағдарлама мұғалімдер үшін ең қолайлы болады деген ойдамын. Оның тиімділігі неде екенін түсіндіру үшін, бірінші бұл бағдарламамен толықтай таныстырғаным жөн.

Қосымша 1



Socrative – бұл оқу процесі кезінде немесе қашықтықтан әр түрлі тест тапсырмаларын өткізу үшін арналған бағдарлама. Бағдарламаның басқалардан ерекшелігі ол ұялы телефон, планшет, ноутбук сияқты құрылғыларда қолданылуы. Сонымен қоса оны қолдану үшін оқушыға тіркелудің қажеті жоқ. Ол үшін мұғалім бағдарламаның ресми сайтына кіріп, индивидуалды код құрады, яғни аккаунт құру арқылы тіркеледі. Оқушылар сол код арқылы сайтқа немесе бағдарламаға кіріп тест жұмыстарын тапсыра алады [Қосымша 1].

Бағдарламада тестілеудің 3 түрі бар [Қосымша 2]. Олар:


- **Instant feedback** – бұл тестілеу түрінде ретімен қойылған сұрақтарға жауап береді және де сұрақты жауап бермей өтіп кете алмайды. Сонымен қоса жауабын өзгерте алмайды.
- **Open navigation** – оқушы сұрақтарға кез-келген реттілікпен тапсыра алады және де күмән келтірген жауаптарын өзгертуге мүмкіндігі бар.
- **Teacher paced** – бұл түрінде мұғалім қай келесі болатынын өзі шешеді және де сұрақтарды қайталап қоюға мүмкіндігі бар.

Мұғалімнің тест барысын бақылауға мүмкіндігі бар. Яғни компьютер экранынан немесе смартфон арқылы қай оқушының қалай жауап бергенін онлайн түрде бірден жауап көріп отырасыз. Тест біткеннен кейін мұғалім нәтижесін PDF форматында Google дискқа немесе өзінің электронды почтасына жіберіп сақтай алады [Қосымша 3].




АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН ДАМУ МҮМКІНДІГІ

Қосымша 3



Қосымша 2



Қорытындылай келе Socrative қолданылуы оңай әрі қарапайым бағдарлама. Кез келген мұғалім және оқушы қолдана алады. Бір кемшілігі бағдарлама батыс елінде жасалғаннан кейін таза ағылшын тілінде. Енді басында қозғалған мәселеге оралайық. Бағдарламаның тиімділігі неде?

Қосымша 4

Ержанқызы Әйгерім
SEMBET

12/05/2018

History 5 class Skiff
80% (16/20)

✓ 1. Сақ тайпаларына жатпайды

(A) Сарматтар

(B) Усұндар

(C) Аримаспылар

(D) Аргипейлер

(E) Тиграхауда

✓ 2. Исседондардың оңтүстік-шығыстағы көршілері

(A) Сарматтар

(B) Дайлар

(C) Аргипейлер

(D) Тиграхауда

(E) Парадарая

2017-2018 оқу жылында білім беру саласында түбегейлі өзгерістер болды. Ол айтылып тұрған әріне жаңартылған білім мазмұны. Жаңартылған білім мазмұнының аясында сабақ өткізілу формасы және бағалау өзгерді. Бұрынғыдай дәстүрлі бағалау жойылды. Оның орнына қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалау келді. Бұл жаңашылдық өз басыма да тигеннен кейін көптеген қиыншылықтар туындады. Ол әсіресе жиынтық бағалау кезінде. Жиынтық бағалау кезінде мұғалімдер қағаз астында көміліп жататыны ол рас. Мысалға алатын болсақ, бес сыныпқа сабақ берсем, әр сыныптан екі сабақтан жиынтық бағалау аламын. Себебі менің пәнім тарих болғандықтан, Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихынан бөлек аламын. Бір сыныпта орташа есеппен 24 бала. Жиынтық бағалау жұмысы орта есеппен алғанда 3 бетті құрайды. Енді өзіңіз ойлай беріңіз, жиынтық



бағалау кезінде мұғалім қаншама парактың астында қалады. Оны жай ғана жинап қоймай, тексеруі де бар екенін ұмытпайық. Былтыр бұл мәселенің шешу жолын іздей отырып, биылғы оқу жылына жаңа идеямен келдім. Ол әрине басында таныстырып өткен Socrative бағдарламасы. Бұл бағдарламаның жиынтық бағалауға не қатысы бар деп ойлап отырған шығарсыздар. Енді өз тәжірибемде Socrative бағдарламасын *Жаңартылған білім мазмұнының аясында* қалай қолданып жүргенімді бөлісе кетейін.

Барлық мұғалімдерге жиынтық бағалау жұмыстары дайын түрде келеді. Біз оны тек қағазға шығарып оқушыларға ұсынамыз. Ал мен биыл өз тәжірибемде эксперимент ретінде жиынтық бағалау жұмыстарын Socrative бағдарламасына енгізіп онлайн түрінде алдым. Нәтижесі қуантарлық. Оқушылар үшін және маған да өте ыңғайлы болды. Себебі оқушылар уақыт үнемдесе, маған жиынтық бағалау нәтижесін Socrative жасап берді [Қосымша 4].

Қорытындылай келе Socrative бағдарламасын *жаңартылған білім мазмұнының аясында* қолдану өз тәжірибемде тиімділігін көрсетті. Болашақта барлық бағалау түрлері осындай онлайн түрде жүріп отырса, мұғалімдер үшін өте ыңғайлы болатын еді. Бәлкім өзімізде алдағы уақытта арнайы бағалау үшін бағдарламалар ойлап табылар...

Әдебиеттер:

1. www.socrative.com
2. <http://internet-for-teacher.blogspot.com>

РОБОТОТЕХНИКА - БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

Оспанова А.М.

информатика пәнінің мұғалімі,

№119 мектеп-лицей

Алматы қаласы

Қазіргі уақытта робототехника жылдам қарқынмен дамып келеді. Қазақстан дамыған елдер қатарына қосылу мақсатында ғылыми-техникалық прогресстің осы бір маңызды бағытынан құр қалмауда. Осыған сәйкес Елбасы жолдауында: «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек.

Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты», деп нақты бағдар беруіне байланысты робототехника пәндері мектептерде оқытыла бастады. Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы өскелең ұрпақты жоғарғы білікті техникалық сала мамандары ретінде даярлауды талап етеді.

Робототехника – аса маңызды пән, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттері жетіліп қана қоймай, математикалық, алгоритмдік қабілеттері артып, өзіне сенімділікпен жұмыс істеу, топпен жұмыс жасау секілді басқа да зерттеушілік біліктіліктерін дамытады. Робототехникаға деген қызығушылықтың артуы осы саладағы мамандарға жоғары сұранысты тудырады. Сондықтан бүгінгі күні мектепте робототехника сабақтарын ұйымдастыру аса маңызды болып отыр. Өмірде, оқу үдерісінде, ғылыми жобаларда, денсаулық сақтауда, әскери салада және өнеркәсіпте роботтарды енгізудің маңызы зор. «Жобаларды әзірлеу, робот жасау, ғылыми-зерттеу тәжірибелерін жүргізу, бірлескен немесе топтық тапсырмаларды орындау балаларға командада қалай жұмыс істеу керектігін үйренуге, тапсырмаларды тұжырымдауына, шешімдерінің орындалуына бақылау жасауға, статистиканы және есептерді, жобалық жұмыстарды және презентацияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда барлық мектептерде робототехника жеке пән ретінде жүргізілгенін қалаймын. Ол соған лайық. 1980-90 жылдарда информатика пәні осыған ұқсас кезеңді бастан өткерді: «мектептерде балаларға информатика не үшін керек? Инженерлер компьютер жасасын деген сияқты». Бірақ қазір бұл мәселе көтерілмейді, информатика өз ұстанымын қорғап, жеке пән ретінде жүргізіліп келеді. Болашақта робототехникада жеке пән болады деген ойдамын. Робототехниканың ең маңызды ерекшелігі - бұл пән балалардың математика, физика, информатика және басқа пәндерден алатын ақпараттарына негізделген.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты былтырғы Жолдауында «балаларға арналған технопарктері желісін» қалыптастыру арқылы әлемнің озық ғылымында бәсекелестікті арттыру қажеттілігін тапсырған болатын. Осы бағыт-бағдарда оқушылардың интеллектісін дамытып, ой-өрісін кеңейту мақсатында мектебімізде «Нұр Отан» партиясының қолдауымен инновациялық робототехника үйірмесі ашылды:

5-6 сыныптар – Робототехника және бағдаламалау (Elementary)

7-8 сыныптар – Робототехника Және бағдарламалау (Junior)

Курс мақсаты:

робототехника құрал-жабдықтар көмегімен пайдалы дағдылар мен ғылыми-техникалық бағыттағы креативті шығармашылық ойлауды, сонымен қатар стандартты емес шешімдерді табу үшін ынталандыру және мотивациялық потенциалды жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- оқушылардың танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- өз бетінше бағдарлама компоненттерін қолдануға және оның мазмұны арқылы өз білімдерін жақсарту;
- оқушылардың сыни ойлау дағдыларын арттыру;
- мәселені тапқырлықпен шешу дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың ғылыми логикасы мен ғылыми базасын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- түрлі мақсаттағы міндеттерді жүзеге асыру үшін роботтарды жобалайды,
- арнайы бағдарламалар арқылы қарапайым роботтарды басқаруды үйренеді,
- LEGO® MINDSTORMS® Education EV3 және LEGO® Digital Designer бағдарламаларында жұмыс жасай алады үйренеді,
- құрастыру, модельдеу және бағдарламалау дағдыларын пайдалану, адамның түрлі салалардағы қызметін жеңілдету және жақсартуға қажетті құрал-жабдықтар жасауға және тың ойларды пайдалануға мүмкіндік алады,
- құрастырғыштың ұсақ бөлшектерін қолдану арқылы балалардың саусақтарының ұсақ қимылдарын дамытады.

Біз курсты STEM білімімен байланыстырдық. STEM- білу мен істеу ғана емес, сонымен қатар зерттеу және ойлап шығару. Алдымен оқушылар Lego дизайнерімен танысады, оның негізгі бөлшектерімен жұмыс жасайды. Қарапайым механизмдерді зерттей отырып, балалар қолдарымен жұмыс істеуге үйренеді (кішкентай және дәл қимылдарды дамыту), қарапайым дизайн ойлауын, қиялын дамытады және көптеген тетіктердің жұмыс принциптерін зерттейді. Содан кейін бағдарламалық жасақтама көмегімен өз модельдеріне қарапайым бағдарламалар құруға тырысады. Мұнда алғашқы техникалық жобалау, ұсақ моториканы дамыту, дизайн ұғымдарын және оның негізгі қасиеттерін (қаттылық, беріктік, тұрақтылық), топта өзара әрекеттесу дағдыларын игеру орын алады. Осы мақсаттар арқылы мектеп оқушылары өздігінен білім алып, кәсіби бағдар алуына қолайлы жағдай жасайды және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады. Зерттеу жұмысы - оқушылардың ақыл-ой әрекетін белсендіре отырып, жеке қасиеттерін және эмоционалды саланың дамуын ашуға көмектеседі. Биылғы оқу жылында заман талабына сай жаңашылық енгізе отырып, оқушыларға еркіндік берілу жобасы жасалды. Жобаны жүзеге асыру мақсатында мектебімізде робототехника кабинеті жұмыс жүргізеді және мектеп дәліздерінде жобалау құрастыру, қайта қалпына келтіру программасы ерікті түрде жүзеге асырылды. Атап айтар болсақ, 5-6 сынып оқушылары өз жұмыстарын мектеп оқушыларына насихаттап көрме ұйымдастырды. Ең жақсы жасалған жоба түрін анықтау мақсатында оқушыларға танысу, зерттеу, көру, бағалау еркіндіктері берілді. Көп дауыс беру нәтижесінде 6 «Б» сынып оқушысы Тоқтарбай Әділет танк –сумо роботы үздік деп танылды. Жобаны жасау үшін 87 деталді қолданды. Роботтың мақсаты: қарсы тұрған роботты шеңбер алаңынан итеріп шығару. Тапсырма: робот моделін құрастыру, төбелесу алаңының радиусын есептеу, максималды арақашықтығын анықтау, двигательдің айналу күшін таңдау. Тек мектепте емес оқушыларымыз робототехникадан жарыстарға қатыса отырып жетістіктерге де қол жеткізуде. Атап айтсақ, 2019 оқу жылы Алматы қаласында өткен «IT-сыныптарға арналған бағдарламалау және робот техникасы бойынша мектептік жоба олимпиадасына» оқушыларымыз қатысты. Олимпиада



тапсырмасы 3 робот құрастыру (сумо, кең сызық бойымен, тар сызық бойымен қозғалу). Бұл олимпиада мектебіміздің оқушылары үздік нәтиже көрсетіп, Қалалық білім басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.



«Жаңартылған білім беру бағдарламасы» тақырыбы аясында қалалық семинарда оқушыларымыз робототехникадан алған білімдерін шыңдап, конструктор көмегімен өздігінен қозғалатын роботтар құрастырды. Олар гимнастика-1 минут ішінде турникке 60 рет тартылу, танк-алдағы кедергілерге қарамай, уақытылы берілген жерге жету, кран-қорапты көтеріп, басқа орынға қою т.с.с. Бұл оқушыларымыздың жетістігінің алғашқы сатысы және үлкен болашаққа бастар жолы деп ойлаймын. Қазан айынан бастап Алматы қаласының таңдаулы мектептер ішінен ашылған «Жас сарбаз» құрамасына кірдік. «Жас Елбасы Н. Ә. Назарбаев: “Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым – білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек...”», - деген сөзін ойымызға түйіп, біз де ғылым саласына, яғни робототехникаға өз үлесімізді қосудамыз.

Әдебиеттер:

1. Роботты техника үйірмесі, [электронды қор ресурсы]//<http://lego.rkc-74.ru/index.php/-lego-74.ru/index.php/2009-04-03-08-35-17>, Пермь, 2011 ж.
2. В.А. Козлова, Білім берудегі роботты техника [электронды қор] // <http://lego.rkc-74.ru/index.php/2009-04-03-08-35-17>, Пермь, 2011 ж.
3. Веб-ресурсы <http://www.lego.com/education> (өтініш жасаған күн 25.02.2016)
4. <http://tainy.net/53508-razvitie-sovremennoj-robototekhniki.html>
5. nis.robotics.edu.kz
6. Айзек Азимов. «Я – робот». 2005 год
7. Вязовов С.М, Калягина О.Ю, Слезин К.А.Әдістемелік құралдар. «Жарысқыш роботты техника»: EV3 ортасында бағдарламалау тәсілдері». - 132 б.
8. Филиппов С.А. «Балаларға және ата-аналарға арналған роботты техника». 2010. - 195 б.
9. Юревич К.И. «Роботты техника негіздері», Баспа: БХВ-Петербург. – 2005. – 416 б.



ҰЛЫ ДАЛА МӘДЕНИЕТІ (РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗДІ ТАНЫТУ)

Шалғынбаева А.С.

Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы,
«Жамбыл Жабаев атындағы №15
Қарсақбай ЖОББ мектебі базасындағы
Тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ-нің
тарих пәнінің мұғалімі

Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінетіні белгілі.

Біріншісі – рухани мәдениет, екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күнкөрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды.

Мәдениет тарихында күні кешеге дейін еуропалықтар Батыс дүниесінің ғана мәдениетін мойындап келді. Бірақ Шығыс өркениетін жасаған мәдени мұралардың ғажайып үлгілері оларды өздерінің қисындарынан бас тартуға мәжбүр етті.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті ешкімнен кем емес. Мысалы, эпос жанрын алайық. Айтатынымыз да, мақтан ететіміз де – осы эпостарымыз. Кең қарымды, кең құлашты, қазіргіше айтқанда – поэмаларымыз. Әлемде эпос тудырған халықтар саусақпен санарлық. Батысымызда байырғы гректер «Иллиада» мен «Одессеяны» тудырса, Шығысымызда үнділер «Махабхарата» мен «Рамаянаны» тудырған, одан кейін Шығыс Европада «Үлкен Этта», «Кіші Этта», «Каллевалла» сияқты құранды эпостар туған. Эпостық жырлары бар елдер осылар ғана. Мүйізі қарағайдай «ұлы орыс» халқының «Игорь жорығы туралы жыры» бар болғаны 8-ақ бет болса, мен қарасөзге айналдырған «Алпамыс батыр» эпосы 800 бетті құрады. Мінеки, эпос деген осы.

Аталған бес ғасыр поэзиясы - тәңір тектес асқақ, сөз өнеріміздің ұлы құдіретті сипаты.

Екінші, дәстүрлі мәдениетімізді, яғни қолөнеріміз жайлы ауыз толтырып айта аламыз. Қолөнер мәдениетіміз өте тереңнен бастау алады. Скифтің алтынмен апталған, күміспен күптелген дүние мүліктерінен бастап, өзіміздің күні кешеге дейін әке-шешеміз тіккен киіз үй – қолөнердің ең ұлы шыңы. Киіз үйдегі сүйектен, ағаштан, киізден, шиден т.б. жасалған қажетті заттардың бәрінен құрастырылған ғажайыпты ақыл-ойдың нәтижесі, табысы деп қабылдауға болады. Бұл ретте көшпелілер өзінің тұтынатын қолөнер заттарын өнер деңгейіне жеткізген. Мен бала кезімде шешей қымыз сапырып отыратын мүйіз ожауды ұстап ойнаудан жалықпайтынмын. Кейін тура сондай мүйіз ожауды Орталық мемлекеттік музейден көргенде көзіме жас үйірілді. Қандай сұлулық! Неткен әдемілік! Демек, көшпелілер өнер деңгейінде өмір сүрген. Тұтынған заттарының барлығы өнер деңгейінде болған. Ол тозса, қайтадан одан да жақсы қылып жаңасын жасайтын болған. Қолөнердің ұлы туындысы – киіз үй.

Үшіншісі, музыкалық мәдениеті. Музыкалық мәдениетіне мен екі-үш ақ мысал келтірейін: сіздер ол мәдениеттің тектілігін, терең асыл екендігін пайымдайсыздар. Қазақ халқы қазақ атауын иемденбей тұрған кездің өзінде-ақ осы далада домбыра тартылып, күй жанры туған.

Исі 40-тан астам түркі халқының ішінде Қорқыт бабамыздың күйін сақтап қалған жалғыз халық – қазақ. Қорқыттан бізге жиырмаға тарта күй жеткен. Олар әлі күнге дейін үлкен сахналарымызда тартылады. Күйді алғаш рет М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында істеп жүрген кезімде естідім. Кетбұғадан кейін сары Салтық, одан бері қарай Байжігіт, кешегі Абылай хан кезіндегі атақты күйшілер, XIX ғасырдағы Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Тәттімбет сияқты ондаған-жүздеген классикалық күйшілер өткен. Демек, қазақтың рухани мәдениетінің осы үш саласы күні бүгінге дейін ұлтымызға айрықша қызмет етіп келе жатыр.

«Мәдениет ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты» деп дана халқымыз тек айтпаса керек. Қарап отырсақ, жер бетіндегі өркениетті елдер ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанып, тек өздерінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылып жатады. Осындай халықтардың қатарына өзімізді яғни, қазақ халқында жатқыза аламыз. Олай дейтінім, үш мың жылдық дала өркениетінің ұйтқысы болған халқымыз Алтайдан Дунайға дейінгі алып сахараның мәдениеті мен өркениетінің кең қанат жаюына өз үлесін қосқаны ықылым заманнан белгілі.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың соңғы екі жылда Қазақстандықтарға жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары көптің көкейінен шығып, халықтың рухани жан-дүниесін тағы бір серпілтіп тастағаны анық.

Міне, тұңғыш Президентіміздің осы аталған мақалалары бізге ұлт дамуының басты бағдарламаларын айқындап берді деп ойлаймын. Әрі осы бағдарламалар арқылы Елбасы біздің бірегей ұлт екенімізді төрткүл дүниеге айқындап берді деуге толық негіз бар.

Әрине, халқымыздың осындай мәдени жетістіктерін айта берсек бір мақалаға сыйдыра алмасымыз анық.

«Тұңғыш Президентіміз «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Қазақстан - Ұлы дала өркениетінің занды мұрагері» деген ойды алға тартып отыр. Осыған орай, еліміздің тарихына жаңадан шолу жасап, оны зерделеп, оған басқа көзқараспен қарау керектігін көріп отырмыз. Негізінде ұлттық тарих - азаматтардың санасын қалыптастыратын маңызды құралдың бірі және ол мемлекеттің ұстанып отырған саясатына үлкен демеу болмақ. Сондықтан да, қай елдің болмасын айбынын асқақтататын, ұрпаққа мұра болып қалатын, өткеннен тағылым алып, келешекті түсінуге жол ашатын - осы тарих», - деді ол.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы тарихқа терең үңіліп, сол арқылы түп-тамырымызды тануға мүмкіндік береді. «Қазақстан әлем сахнасында құрылған жас мемлекет болғанымен, оның төл тарихы сонау ежелгі замандағы көне сақтардан, ғұндардан, байырғы түріктерден бастау алып мыңдаған жылдарға созылады.

Ұлы дала елі мәдениеттің және өркениеттің бесігі, адамзаттың дамуына үлкен үлес қосқан көптеген тарихи процестердің шоғырланған орны болған. Ата-бабаларымыз ең алғаш жылқыны құрықтап, атқа міну мәдениетінің негізін қалаған. Осының арқасында Еуразия құрлығының Шығысы мен Батысын, Солтүстігі мен Оңтүстігін байланыстырып, Жібек Жолының пайда болуына өз септігін тигізген», - деді Ж.Дүйсебаев. Оның пайымынша, қазіргі киім және етік үлгілерінің базалық компоненттерін және металл өндірудің амал-тәсілдерін ойлап табу, бәрі де Ұлы даланы мекендеген көшпенді халықтың еншісінде. Оған қоса, халқымыз әл-Фараби, Яссауи, Күлтегін, Бейбарыс, Абай сынды талай тарихи тұлғаларды дүниеге әкелген текті халық екенімізді тағы да бір дәлелдеп отыр. «Ендігі міндет - Ұлы даланың тарихи жолдарын қоғамға, өсіп келе жатқан ұрпаққа терең түсіндіріп жеткізу. Осыған орай, өткеніміз бен келешекті байланыстыру арқылы халқымыздың тарихи санасын жаңғырту мақсатына, бірлескен күшпен жете алатынымызға сенім мол», - деді халық қалаулысы. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Ұлы Дала елінің жеті қыры» атты мақаласын тебіреніспен оқыдық. Бабаларымыздың өз заманында өркениетке қосқан үлестері мақалада көрсетілгендей батыс пен шығысқа, күнгей мен теріскейге таралды. Соңғы жылдары табылған археологиялық деректер мен өзге елдердің архивтеріндегі шаң басып жатқан мұрағаттарды толықтай зерттеуге бетбұрыс жасау керектігін замана талабы тудырып отырғанын айта келе:

«Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» - деп Елбасының ой түйіндеуі өте қисынды.

Халықаралық қоғамдастықта біздің елімізді мекен ететін және біртұтас Қазақстан халқын құрайтын барлық ұлт өкілдерінің толеранттылығын, конфессияаралық және мәдениаралық келісімін қамтамасыз етуге бағытталған дәйекті саясатымыз қазірдің өзінде кеңінен танылып отыр. Елбасының саралы да салиқалы саясатының арқасында халқымыз осы заманғы және бәсекеге қабілетті зайырлы мемлекетті белсене орнатып жатыр.

Еліміз тәуелсіздік алғалы қол артқан қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жетістік пен мемлекеттілікті баянды етпекке тек материалдық игілікті ғана мансұқ ету жеткіліксіз.

Бүгінде өз тамыры мен өткеніне, ана тіліне, дініне, діліне әлемнің біраз мемлекеті бет бұра бастады. Оның жолын әркім өзінше танып, өзінше бағамдауда. Солардың қатарында әлемдік қауымдастықтың назарына ілігіп, бірқатар беделді халықаралық ұйымдарға мүше болып үлгерген Қазақстан Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтып өткен ұлттық стратегиялық «Мәдени мұра» жобасы арқылы талпынуда.

Жаратылысында - шығыстық, бітімінде азиялық болғанымен, қазақ халқы, шын мәнінде, осы екі құбылыстан да оқшаулау, табиғаттың бір бөлшегіндей, даланың төл перзенті.

Соның бір дәлеліндей ұлттың рухани байлығы мен тарихын танытуды қолға алған «Мәдени мұраның» түзілісі бөлек, мақсаты - ерек, аясы – ауқымды болды. Мәдениеттанушылар мен ғалымдар



бұл жобаны еліміздің кешегісі мен келешегін хаттап, әншейін тізбелеп қоя салар кезекті шара емес, ғаламдық маңызы зор, демек, қазақ мәдениетінің әлемдік өркениетте таласы бар екендігін танытатын құбылыс болатындығы туралы салмақты пікір айтты.

Мәдениеттің, ғылымның, философияның, әдебиеттің ең үздік үлгілерінің қазақ тілінде жарық көруі мен халқымыздың бай мұрасы мен жетістіктерін басқа тілдерге аудару - ұлтымыздың рухани мұрасын бірге-бірге әлем жұртшылығына таныту болып табылады. Бұл Елбасының төл мәдениетіміздің әлемдік мәдени кеңістікке кірігу мақсатындағы тек мамандарға ғана емес, бүкіл еліміздің алдына «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қойған міндеті.

Әрбір мемлекеттің өркениеттілігін оның тарихи-мәдени мұраға деген көзқарасына қарай танып, бағамдауға болатыны анық. Демек, Қазақстанның мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатына екі түрлі міндет жүктеледі:

бірі - өзіндік этникалық мәдениетті дамыту мен қолдауға бағытталған шаралар кешенін нығайту;

екіншісі - төл мәдениетті оңтайлы өрістетіп отырып, әлемдік мәдени кеңістікке ену үшін тиімді жағдай жасау.

Елбасының мақалада «Біздің түп - тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам». Жауынгердің алтынмен апталған киімдері, ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуатымен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті.» - деуі өте лайықты баға.

Бабаларымыздың жаһандық өркениетке қосқан қомақты үлес салмағы, ал, аң стилін қолдану арқылы тектілігін дәріптегендігі аңыз ғана емес нақты дәлелдермен айғақталған дүние екендігі баршаны еріксіз мойындатады.

Қазақ халқының ғасырдан ғасыр асырған құнды ескерткіштері мен тарихи мұрағаттары - тек қазақ ұлтының ғана емес, әлем мәдениетіне үлес қосушы жәдігерлер. Соның дәлеліндей, қазақ халқының іргелі тарихи ескерткіштері халықаралық деңгейде танылып келеді. Мәселен, Қожа Ахмет Иассауи кесенесі мен Тамғалы петроглифтері ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енгізілген. Бұл олардың Қазақстан мен Орталық Азия аймағы үшін ғана емес, бүкіл әлем қауымдастығы үшін маңызы зор мәдени-тарихи нысан екендігінің бірден-бір айғағы.

Төрткүл дүниеге елдің оң имиджін қалыптастыру үшін және әлемдік мәдени кеңістікке кірігу мақсатында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын жүзеге асыру үшін халықаралық деңгейдегі мәдени іс-шаралар өткізілуде. Биыл «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық-музейі Түркия мемлекетінің үш қаласында, Грецияның «Салоники», Ресейдің «Сочи» қалаларында өткізілген халықаралық көрмелерге қатысты.

Мақалада облыс орталығы Түркістан қаласының мәртебеге лайық рухани астанаға айналуы да назардан тыс қалмаған. Ұлы даланың Ұлы есімдерін ұлықтау, оқу-ағарту энциклопедиялық саябақ ашу, өнердің бар саласында насихат жұмыстарын жүргізу, бұл – үлкен міндетті жүктейтін мақаланың негізгі өзегі.

Халықаралық дәрежеде өміршең маңызды рухани мәселелерді шешуде басқа елдермен ынтымақтаса отырып, біз халықаралық қауымдастықтың жауапты мүшесі ретінде өзіміздің рөліміз бен беделімізді алдағы уақытта да нығайта беретін боламыз және алдымызға Елбасы қойып отырған биік мақсаттарға жету үшін аянбай еңбек етуге дайынбыз.

Қайсыбір халықтың тарихына көз жүгіртіп қарар болсақ, ең алдымен тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарына үңілетініміз анық. Оның дәлелі Елбасы өзінің бағдарламалық мақаласында «Біз әлемдегі өркениетті елдерге мәдениетімізбен, ұлттық рухани құндылықтарымыз арқылы таңылуымыз қажет» деп айтқан болатын. Бұл жерде көреген басшымыз руханиятты қадірлейтін қоғамның ғана болашағы бар, әрі жарқын болатындығын сөзге тиек етіп отыр.

Міне біздер енді, осы өнегелі сөзді арқау ете отырып, бабалардың біздерге мирас етіп қалдырған рухани бай мұрасы мен құндылықтарын жас өскелең ұрпақтарға насихаттап, мәдениет ұлттың мәйегі екенін дәлелдеп, елдік рухани мүддемізді әлемдік деңгейде жаңғырта аламыз.

Ендеше озық ойлы еліміздің рухани өсуі мен өркендеуі баянды болсын. Азат еліміздің бағындырар биігі әлі алда.

**Әдебиеттер:**

1. Адам және қоғам. Қ. М. Жүкешев. Алматы. 2003 ж. 2. Адам және қоғам. Н.Күнқожаев. «Мектеп» 2002 ж.
2. Азаматтану. Алматы. Р. Әділбекова. А. Шоталискава. 1998 ж.
3. Дүниетану даналығы. С.Зейнолла. Алматы. 1994 ж.
4. Основы обществоведения. А.Нысанбаев и др. Алматы. «Мектеп» 2006 ж.

**ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҰЛЫ ДАЛА МӘДЕНИЕТІН БІЛУІ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ОЯНУЫ,
САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ****Бралина Р.С.**

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
«№19 мектеп-лицейі» КММ,
Сәтбаев қ.

Жаңартылған білім беру мазмұнымен қатар жаңартылған оқулықтардың ішкі мазмұнына үңілсек, ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізге терең үңіліп, түп-тамырымызды жете танытатын, ұлыдалалықтардың өмір сүру дағдысын, тұрмысын, салт-дәстүрін сөз ететін, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты болатын, өмірмен байланыстырылған алуан лексикалық тақырыптар бар. 7-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығындағы «Көшпенділер мәдениеті» бөліміндегі көшпенділердің атбегілік өнері, қолөнері, киім кию мәдениеті, тек қана баспанасы емес, көшпенділердің сәулет, құрылыс, сурет сияқты бірнеше өнерінің басын құрайтын – киіз үйі, музыкалық мәдениеті, көшпенділер тіршілігінің негізін құраған – төрт түлік малы, көшпенділердің уақыт пен өлшемді анықтау белгілері жайлы берілген тақырыптарды оқытып қана қоймай, жаһандану кезеңінде, ұлтымыздың тарихын, мәдениеті мен аса қымбат құндылықтарын білгізу, насихаттау – өзімнің парызым деп түсіндім.

Сан жылдар, сан ғасырлар бойы төл тарихымызды еуропалық таным-түсінікте жазылған деректер бойынша оқып келген, өмірлік танымымыз еуропалық таныммен алмастырылып келген сананы қайткенде, жаңғыртуға болады деген ой келді. Осыған байланысты жаңартылған білім беру мазмұнындағы жаңашыл әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдану, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды орындату арқылы білім алушылар халқымыздың өткенін танып, бүгінгі өмірлік тәжірибесімен байланыстырып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік алды. Білім алушылар «Көшпенділер мәдениеті» бөліміндегі әр тақырыптарды оқу барысында ұлыдалалықтардың ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық екенін, ғасырлар бойы қалыптасқан бай тәжірибесі бар олар мал өрісін, тіршілік табиғатын, қадір-қасиетін әбден танып, білгендігіне көз жеткізді. Біліп қана қоймай өздерінің талдау жұмыстарында қасиетті төрт түлікке қатысты ұлтымыздың ұғымдарына түсіндірме жазып, жадында сақтады. Төмендегі кестеде берілген оқушылардың жұмыстарына назар аударайық. «Қос жазба күнделігі» арқылы «Төрт құбыла – төрт түлік» мәтініндегі негізгі ұғымдарға түсіндірме жазды.

Мәтіннен үзінді	Оқушы түсіндірмесі (комментарий)
Төрт түлік мал қазақтың ішсе – асы, кесе – киімі, мінсе – көлігі, тұтынса – бұйымы, берсе – сыйы, дауласа – құны болған.	Қазақ халқы төрт түлік малдың етін жеп, сүтін ішкен, малдың жүнінен, терісінен киім тіккен, әр түрлі бұйымдар жасаған, көлік қылып мінген, сыйлы қонағына сый ғып тартқан, дау туған жағдайда құн етіп төлеген.
Қазақтар түйені салтанат санаса, жылқыны мақтан еткен, қойды байлыққа баласа, сиырды қанағат еткен, ұсақ мал ешкіні өлместің күніне теңеген.	Тәжірибелі, малсақ халқымыз малдың қадір-қасиетіне қарап, оларды жоғары бағалап, әр малдың жақсы өсуіне ерекше мән берген.

Көшпенділердің мәдениетімен, өмір сүру салтымен жете танысып, олардың бүкіл адамзатқа қажет нәрселерді ойлап тапқанын, жасаған бұйымдары, айналысқан кәсібінің қоғамның әлеуметтік дамуына зор әсер еткенін, жаңа қарым-қатынастар, мәдениет, өркениет, өнер, қолөнер, ой-сананың



қалыптасуына әкелгенін білді. Кең-байтақ жерге иелік еткен қазақтардың ежелгі заманнан мал жайылымы ыңғайына орай көшпелі тұрмыс кешкенін, қазақ көшінде көптеген рәміздік мәні бар ырым-жоралғылар, тәрбиелік салт-дәстүрлердің болғандығын біліп қана қоймай, оларға өзіндік талдау жасап, көшпелі халықтың әрекетіне, мінезіне баға беріп, ол талдауларын «Кейіпкер» тәсіліне салып, бір-біріне түсіндірді.

Мәтіннің атауы	Кейіпкері	Қасиеттері қалай суреттелген?	Кейіпкерге берілетін баға	Ой-тұжырым
Көшпенділер мәдениеті	Көшпенді халық, біздің ата-бабамыз	Үлкенді сыйлайтын, шыдамды, икемді, кеңпейіл, қайсар, ержүрек, ұқыпты, еңбекқор, төзімді, қонақжай	Көшпелі халық өмір тәжірибесінде барлық жақсылық пен кемшілікті бойына сіңірген Ұлы Даланың перзенті.	Көшпенді халықтың мәдениетін оқығаннан кейін шексіз-шетсіз далада өмір сүрген қазақ халқы өзін бақытты да еркін сезінген, қыстың қарлы боранына, жаздың аптап ыстығына төзе білген шыдамды халық екенін білдім.

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы Зиябек Қабылдинов: «Ұлттың жаны – домбыра, ұлттық музыкалық аспаптар мен күй өнері де – ұлттық кодтың ажырамас бөліктері.» дейді. Айтса айтқандай, көшпенділердің музыка мәдениеті туралы берілген мәтіннен білім алушылар билеп жүрген адамдардың суреттерінің жартастарда бейнеленуінен ұлыдалалықтардың музыка мәдениетінің тамыры өте тереңде жатқандығын білді. Сараптамалық жұмыс жасауда бүгінгі күні өздерінің бірінғай даңғаза, батыстық, жат үлгідегі музыканы тыңдап жүрулерінің ағаттық екенін, оның құр еліктеушілік, мұндай музыканың ұлттық болмысымыз бен мүддемізге зақым келтірмеу керек екендігін жадында мәңгі сақтады. Назарларыңызға «Екі түрлі күнделік» тәсіліне салынып жасалған балалардың жұмысын ұсынамын.

Көшпенділердің музыка өнері	Батыс үлгісіндегі музыка өнері
Ұрмалы даңғыра, үрмелі сыбызғы, ілмелі-шертпелі қобыз, домбыра, адырна, уілдек, т.б. Ұлттық болмысымыз, мүддеміз, рухани байлығымыз, киелі де қасиетті ата-баба үні, қазақы жан дүниеміз т.б.	Даңғыр-дұңғыр, жат үлгіде, болашағы жоқ, т.б.

Елбасымыз Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында әрбір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен басталатын рухани коды болатынын, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу екендігін атап өтті. Олай болса, ұлттық кодымыз – біздің ана тіліміз, әдебиетіміз, тарихымыз бен салт-дәстүріміз екендігін еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін есте шығармаған жөн. Есте сақтап қана қоймай, өмір тәжірибесінде оны жас ұрпаққа үйретіп, құйма құлаққа құйып отырған дұрыс.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз», - дейді. «Ана тілдің айбары», «Ғасыр саңлағы» марапатының иегері Ахмет атамыздың сөзін жандандыруда мен де өз тарапымнан оқушыларымыздың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңірудемін.

Әдебиеттер:

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қ., 2018 ж. 10 қаңтар).

2. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары – Алматы, 2010.



3. К.М. Байпақов, З.Е. Қабылдинов, ... Өлкетану – Алматы, 2019.
4. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық – Алматы, 2010.
5. Т.Н. Ермакова, Н.Ә. Ильясова, Г.Б. Тоқтыбаева. Қазақ тілі. 7-сынып – «Арман –ПВ» баспасы

ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Пірімова Ә.Ә.

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
ғылыми жетекші, филология ғылымдарының
докторы, профессор

Қосымова Г.С.

Абай атындағы №138 орта мектебі,
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы


Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын халыққа жолдауында «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» деп атап көрсеткен болатын [10,1].

Сонымен, этномәдени түсінікті қалыптастыру үшін өз тәжірибемде тілдік білім беруді былайша жүзеге асырып келемін:

- Қысқа мерзімді жоспарлаудағы тілдік мақсат бөліміне арнайы енгізу;
- Этнографиялық ұғымдар мен көнерген сөздерді мәнмәтінде оқыту;
- Сөздік жұмысын жүргізу;
- Өмірмен байланыстыру;
- Этнографиялық мәтіндер негізінде шығармашылық жұмыстар жүргізу;
- Оқушыларды өзіндік ізденіс жұмыстарға баулу;
- Сыныптан тыс жұмыстар жүргізу;

Қысқа мерзімді жоспар құрылымындағы «Тілдік мақсат» деп аталатын бөлімінде оқушылардың нені ұғынуы, қолдануы керектігі туралы ақпарат енгізіледі. Оқушылардың сабақта қандай нәтижеге қол жеткізетінін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына байланысты. Тілдік мақсат өз ішінен мынадай бөліктерге бөлінеді: 1) пәнге тән арнайы лексика және терминология. Мұнда көнерген сөздердің, этнографизмдердің, табу сөздердің, мақал-мәтел, фразеологизмдердің мағынасын ашу, қолданыс аясын анықтау жұмыстары жүзеге асырылады. 2) диалог/ жазылымға арналған пайдалы сөз тіркестері. Бұл бөлімде тыңдаған немесе оқыған мәтіндері бойынша өз ойын жеткізу үшін, жазба жұмыстарында қолданылатын тақырып бойынша негізгі тірек сөздер мен сөз тіркестері жазылады. Осы айтылғандар сабақ барысында түрлі тапсырмалар арқылы жүзеге асады.

Мәселен, 7-сыныпта «Қазақ әдебиеті» сабағында «Қыз Жібек» жырында кездесетін алдымен «Білемін. Білгім келеді. Үйренгенім» әдісімен берілген сөздердің ұғымын қаншалықты білетінін байқау үшін сауалнама жүргіздім. Сыныптағы 20 оқушы берілген 6 сөзде бейнеленген заттық ұғымның екеуін мүлдем білмейтіндіктерін жеткізді (1-сурет). Содан кейін мағынасын, сипатын білмейтін сөздерді білу үшін сөздік жұмысына белсене кірісті. Белгілі педагог А.Қыраубаеваның «Баланы таңғалдыруды ұмытпа: Даналыққа ұмтылу таңғалудан басталады» деген сөзі – осының дәлелі.



7-сыныптың «Қазақ әдебиетінде» «Қыз Жібек» лиро-эпостық жырын оқытуға 5 сағат бөлінген. Осы аралықта оқушылар 26 көнерген сөз, этнографизмдердің, 13 салт-дәстүрдің мағынасын жырдан мысал келтіру арқылы тауып түсіндірді. «Екі жақты күнделік» әдісімен бүгінгі өмірмен байланыстырды. Демек, фольклорлық шығармаларды оқыту арқылы қазақ халқының тұрмыстық, рухани мәдениетін, өмірлік тәжірибесі мен қолөнерін зерделеуге болады. Әдебиеттанушы ғалым А.Байтұрсынұлы нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнерін сөз өнері деп атап: «Қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын – сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», - деп сөз өнерінің қызметін дәл тауып айтқан болатын [3, 7]. Демек, сөздік жұмысын жүргізу ұғымның мағынасын ғана емес, оның бейнелілік сипатын да оқушының көз алдына елестетеді.

«Қыз Жібек» жырындағы:

Шытырма көйлек етінде,

Нұр сәулесі бетінде,- [11,38] деп келетін өлең жолдары қазақ қыздарының киімінен ақпарат береді.

Мұндағы *шытырма* «шытыра» сөзінен шыққан. Шытыра - баскиім мен аяккиімге қадайтын, омырауға түймелікке қадайтын, ағаш бұйымның бетіне, ер-тоқымға шабылатын, асыл тасты яки асыл тассыз алтын не күміс әшекей; шеттіктің үлкендеу түрі [5, 608]. Бұл жерде әртүрлі асыл тастары бар матадан тігілген көйлек деген мағына береді. Демек, сабақта сөздік жұмысын тұрақты жүргізу нәтижесінде білім алушының ұлттық танымы тереңдей түседі.

Қысқа мерзімді жоспар құрылымындағы «Құндылықтарға баулу» бөліміне топтық, жұптық, жеке жұмыс формасында этномәдени тақырыптағы тапсырмалармен жұмыс жүргізу «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» құндылығына баулуға бағытталады. Қазақ халқының өмір құбылыстарына жасаған тұжырымдары мен байламдары оқушының қызығушылығы мен танымын арттырып, тұлғалық құзыреттілігін дамытады.

Ы.Алтынсариннің «Бай мен жарлы баласы» әңгімесіндегі мына үзіндіге назар аударайық. «Балалар енді қай жаққа жүрерін білмей дағдарып тұрды. Сөйтіп, жан-жағына қарап тұрса, ілгергі алдында бір биік қыр үстінде, үлкен **мола** көрінді. Сонда Үсеннің ойына әкесінің сөзі түсті: далада жүріп адассан, *молалы жерде су болады, сулы жерде ел болады* дейді екен. Сол ақыл бойынша Үсен Асанды ертіп, молаға қарай жүрді. Молаға жақындап келгенде, қаңқылдаған қаздың даусы шықты. Үсен енді білді жақын жерде көл бар екенін, оның үшін қаз сусыз жерді мекен етпейді. Келіп екеуі енді молалы қырға шықты, қараса, қырдың жығылар асты үлкен көл екен, көлдің айналасы да, іші де жыңылдаған мал; жағасындағы жібектей жапырылған көкорай қора-қора қой мен жылқы, жылқының бір парасы көл ішіне кіріп, белінен құраққа кіріп тұр, енді бір жақ жағасындағы сортаңда бір топ түйе жатыр. Бұларды көріп, балалар қырдан түсіп, жүгіріп малға келді. Келсе өз ауылдарының малы екен [2. 87].

Балалардың моланы көргенде қуануына себеп болған Үсеннің әкесінің баласына айтқан ақылы еді. Бұл эпизодтан Үсеннің мола сөзінің ұғымын өмірде қолдана алу қабілетін байқаймыз. МОЛА з а



т. Өлген адамның сүйегі жерленген жерге тұрғызылған жай, бейіт [6, 269]. Демек, Үсен әкесінің айтқан сөзін есіне түсіру арқылы, көшкен елін таба білсе, білім мазмұнының жаңартылған бағдарламасында «Қазақ тілі» пәнінен тілдік дағдылар, ал «Қазақ әдебиеті» пәнінен «Түсіну және жауап беру», «Анализ және интерпретация», «Бағалау және салыстыру» әрекеттері арқылы жүзеге асады. Мәселен, 10-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығында берілген Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінде ұлттық мәдениет пен тілдің сабақтастығын детальдарды тапқызу арқылы жүзеге асырамын. Бала Қаныштың халықтық наным-сенімді жан-тәнімен ұғынғанын мына эпизодқа оқушы назарын аудару олардың ұлттық танымын арттыра түседі.

- *Қане, қасқырды орысша қалай айтасың?*
- *Білсем де айтпаймын! – деп шәкірт теріс айналады.*
- *Сөйтсе де, Қанышжан, мысал үшін айтып көрсейші. Қане не дер едің? – деп түсін суыта,*

үнін де қатайта қайыра сұрайды. Қасқыр сияқты жыртықшы аңның атын атауға болмайтынын білмейтін ұстазына Қаныш томсырая қарап:

- *Отец, саврасого жеребенка не съел хищник, потому что... потому что он далеко укакал, - дейді [1, 52].* Бұл үзіндіден Қаныштың халықтың өмірлік тәжірибеден қалыптасқан тұжырымын терең сезінгеніне, орысшаның өзінде қасқырдың атын тура атамағанына тәнті боласың. Бүгінде табу сөздердің ішінде келіннің ата-енесінің, үлкен адамдардың атын тура атамай, қайын сіңлі, қайын інісіне ат қою дәстүрі, кейбір ауруларды атымен атамай, «жаман ауру» деп атау құбылысы кездесетінін оқушы өзі-ақ өмірмен байланыстырып айтып береді. Оқушыны осылай жаттықтыра білсеңіз, оқушы да біртіндеп сізге шығармашылықпен жауап береді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша сабақта тыңдалым алды, оқылым алды тапсырмада сөздердің мағынасын ашу, сөздікпен жұмыс жүргізу тыңдалым, оқылым мәтінін түсінуді жеңілдетеді.

Тілдік деректердің этнолингвистикалық негіздерін ашу тыңдалым, оқылым тапсырмасында жүзеге асырылады. Оқылым тапсырмасында «Күлің шашылмасын!» мәтінін талдағанда, оқушыларда қазақ халқының дәстүріне деген ерекше таңданыс туындады. І.Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» *Күлің шашылмасын, түндігің ашылмасын, төңірегің жанышылмасын* тізбегінде беріп: «қарғыс. Балаң болмасын, малың болмасын» деген мағынада деп көрсетеді [8, 290].

Мәтінде «күлің шашылмасын» тұрақты тіркесінің астарындағы халық дәстүрі кеңінен көрініс табады. Жайлау, күзеуден көшерде аналарымыз қамыр илеп, жер ошақтағы қоламтаға тастап кететін болған. «Осы жерде бір үй бар еді» деп талыққан бір жолаушы өзегін жалғауға бұрылады. Ондайда есті кісі ең алдымен жер ошаққа барады. Күлшені соған бола тастайды. Күлге көмген ештеңе жоқ болса «көргенсіздің ауылы екен» деп күлді шашып кетуі мүмкін. Міне, «күлің шашылмасын» тіркесінің астарында осындай тарихи шындық, ұлттық таным жатыр. Бұдан біз қазақ халқының қонақжайлылығын, көшпелі өмір салтын, даналығын көреміз. Шетелдік бір саяхатшының: «Әлемнің барлық жерінде қазақ болса дүниені бір тиын жұмсамай тегін аралап шығуға болады екен» дейтін сөзі ұлы дала мәдениетін айшықтайды. Қазіргі уақытта шетелдік туристер еліміздің әсем табиғат, көрікті жерлеріне саяхаттаумен қатар, ұлттық мәдениетті білуге ден қояды. Қазақстанды сол арқылы да танығысы келеді.

Осы сөзге байланысты мына оқушылар ізденіс жұмыстарын жүргізгенде, тағы бір тарихи дерек арқылы танымын тереңдетті.

...Бірде қалмақтың тұтқынынан босанған Абылай еліне қайтпақ болып жатқанда, қалмақтың Абылай өлтірген Жорыш деген ханзадасының шешесі:

Күлің шашылмасын, Абылай!

Отың басылмасын, Абылай!

Өзің білме,

Білгеннің тілін алма!

-деп, топырақ шашып қарғаған екен. Сонда Абылай артына қарап: «Күлің шашылмасын!» дегенін, қалмақ, бала-шаға болмасын дегенін ғой, қазағым аман болса, қазақтың бар баласы – менің балам. «Отың басылмасын!» дегенін, қалмақ, малың болмасын дегенін ғой, қазағым аман болса, қазақтың бар малы – менің малым. Бірақ «Өзің білме, білгеннің тілін алма!» деген қарғысын қатты екен. Сөзінді ұмытпаспын, қазағыма айта барамын, бабын табармын» деп артына қарап, «тфу» деп түкіріп кеткен екен [7,54]. Қазақта «Күл шашарың бар ма?» деп сұрауы – балаң бар ма деген мағынаны мегзейді.



Әдебиеттің қайнар бұлағына айналған фольклорлық шығармаларды жаттау, сөз табиғатына терең үңілу, оның мәнін ұғыну сөздік қорды байытып, тіл мәдениетін қалыптастырады. Оқыту мен оқу үдерісінде оқушылармен бірге осындай тұрақты тіркестердің мағынасын ашу жұмыстарына тарту оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, халық мәдениетімен терең танысуға мүмкіндік береді. Мысалы: «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» мақалының астарындағы тәлімді ой сынағы, тәрбие көзі тіпті қызық. *«Жазда болатын ас-тойлардың бір қызығы бәйге. Жүйрік аттары жорғаларын, сәйгүліктерін баптап жарататын. Аты бәйгеден келген қазақтың қуанғаннан төбесі көкке жеткендей болады. Ондағы бәйгеге келген жұлде емес (кейбір астарда бірінші бәйгеге жүз қараға дейін, кейде одан да көп жұлде тігілетін) - атағы. Жұлдеден ат иесі өзіне ырымға деп бірдеңе алып қалғаны болмаса, негізі оны ауылдастары, туған-туысқандары, жолдас-жораларына бөліп беретін. Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тойы озсын»* деген мақалдың шығуына осы дәстүр де себеп болуы мүмкін. Бұл - қазақтың ұлттық мінезінің бір көрінісі» [7, 104]. Бұл мақал ауылдасқа, көршіге, дос-жаранға деген тілектестік ниетті білдіру, байқату үшін айтылады. Сабақта осы мақалды қатыстырып, мәтін құрау тапсырылғанда, оқушылар жағдаятқа орай халық даналығын орынды қолдана білді.

Күнделікті қолданып жүрген *«Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар»* мақалының мағынасын мәтіннен негізгі ақпаратты анықтау тапсырмасында оқушылар сәтті орындады. Мәтін мазмұнын түсініп, қарттың немересіне берген жауабын негізгі ақпарат ретінде ұсынуымен қатар, тағы бір этномәдени ақпарат алғанын қызыға баяндады. Мұндағы «Балам, өзің көрдің, менің алдыма екі түрлі, екі ниетті жолаушы келді. Біріншісінің сөзінен өзін ғана ойлайтын, өзгенің көңіліне пысқырмайтын, көршілеріне сыймай келген адамды байқап, бетін қайтардым. Ол бәрібір бізге де сыймайтын еді. Ал екіншісінің сөзінен жылы шуақ, күндей нұр төгіліп тұрды. Жақсылық жасаймын деген адам үшін барлық орта өгей емес, адамгершілігі мол адамға қашанда бір кісілік орын табылады» деген сөз бүгінгі оқушының қарым-қатынас жасау қабілетін шындауға ықпал етеді. Міне, қазақ тілінің ұлылығы халық даналығын, мәдениетін, болмысын бойына сақтап, танытуында, келер ұрпаққа жеткізуінде жатыр.

Қорыта келгенде, мұндай этнографиялық этюдтер, мәдени лексика оқушыға лингвистикалық әсер туғызып қана қоймай, өз елінің өткен тарихына, ата-бабалардың әдебиеті, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді.

Сонымен қатар, тілдік, ұлттық танымын дамыту үшін **«Сөзмерген»** сайысын өткіземін. Мұнда әр кезеңнің айдарына ұлттық ойын атауларын қоямын. Мәселен, **«Теңге ілу»** кезеңінде оқушылар берілген сөздің мағынасын ашады. **«Жамбы ату»** кезеңінде ұсынылған этнографиялық этюдтердің атауын табады. **«Көкпар»** бөлімінде тақырыпқа, жағдаятқа байланысты фразеологизмдер, мақал-мәтелдер айтып жарысады. **«Алтын асық»** бөлімінде салт-дәстүрлерді түсіндіреді. Мұндай сыныптан тыс жұмыстар оқушының танымдық қабілетін тереңдетіп, қазақ халқының ұлттық болмысын, құндылықтарын зерделеуге үлкен мүмкіндік береді.

Педагогикалық тәжірибені жүзеге асыру арқылы оқушыларымның туған тілге, мәдениетке, әдебиетке деген қызығушылығы мен құрметі артып, алған білімін сыныпта, сыныптан тыс жағдайда қолдана алуға дағдыланатынына көз жеткіздім. Бұл жұмысымның тағы бір ұтымды тұсы – жас ұрпақтың рухани кемелдікке ұмтылуында деп білемін.

Ұсынымдар:

- Көнерген сөздер мен этнографизмдердің, этнографиялық этюдтердің мағынасын ашуға оқушыларды тарту жұмыстарын ұйымдастыру;
- Оқырман күнделігін жүргізу;
- Оқу сауаттылығына, күнделікті сабақта ұлттық мәдени сипаттағы мәтіндерді ұсынып, сол бойынша тапсырмалар орындату;
- Қалалық, облыстық деңгейде “Сөзмерген” теледодасын ұйымдастыру.

Әдебиеттер:

1. Ақтанова А.С. т.б. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытымен оқитын 10-сынып оқушыларына арналған оқулық/ А.С. Ақтанова, а.Қ. Жүндібаева, Л.К. Жүмекенова. – Алматы: Атамұра, 2019. – 160 бет.

2. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық. Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: «Атамұра», 2006. – 168 бет.



3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.

4. Керімбекова Б., Қуанышбекова Ә. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: мектеп, 2017. – 160 б., сур.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ЖАСАҒАН БҰЙЫМДАРЫН КӘСІПКЕ АЙНАЛДЫРУҒА АРНАЛҒАН «MY FIRST BUSINESS» МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАСЫ

Сырлыбайқызы Р.Ж.

технология пәнінің мұғалімі,

Ғылыми жетекшісі т.ғ.к.

Байдильдаевна Б.С.

Б.К. Мергенбаев атындағы №226 гимназиясы,

Қызылорда обл, Қазалы ауд,

Әйтеке би кенті.

Кәсіпкерлік қызмет ЖЭС (жаңа экономикалық саясат) кезіне біршама дамиды. Алайда рыноктық қатынастардың қысқартылуы кәсіпкерлік қызметтің өтімділігіне де кері әсер етті. Жоспарлы экономикада да коммерция өте кең тараған құбылыс деген пікір бар. Оның өзіне тән ерекше формалары Қазақстанда “кәсіпкерлік” заңды негізде тек 90-шы жылдары ғана енгізілген. Шағын кәсіпкерлікті талдау жасау экономиканың жеке секторындағы субъектілер саны жылдан-жылға көбейіп келе жатқандығын және 2002 жылдың басында 360 мың кәсіпкерлік болғандығы белгілі. Яғни, 1 млн астам адам жұмыспен қамтылған. Шағын кәсіпкерлікте барлығы 1,6 млн адам немесе экономикалық белсенді халықтың 21% жұмыс істейді. Қазіргі қызмет етіп жатқан шағын кәсіпорындардың 40%-дан астамы 1992-1993 жылдары, шағын кәсіпкерлікке салықтық жеңілдіктер көрсетілген кезде құрылған. Қазіргі кезеңде Қазақстанда экономикасына шағын бизнестің қосар үлесі айтарлықтай. Бірақ кәсіпкерліктің одан ары дамуына кедергілер туындататын жағдайлар да бар.

Технология пәні бойынша оқушыларды кәсіпкерлікке баулу мақсатында осы жобаны қолға алдым.

Біз ұсынатын бұйымдар бағдыдан келе жатқан салт-дәстүрімізді жандандырып өскелен ұрпақтың бойына сіңіру. Кәсіпкерлікке қадам басқалы отырғасын біз технология пәнін байланыстыра отырып бір бағытқа тоқталдық. Біз жасау және қыз жасауын сонымен қатарқол өнер бұйымдарын ұсынатын боламыз. Бұл арқылы мектеп оқушылары технология пәніне деген өздерінің қызығушылықтарын ақша көзі ретінде қарастыра алады. Кәсіпкерлікпен айналысқан кәсіпкердің жұмысы өзіне ұнайтын жұмысын жасау арқылы пайда табу болып табылады. Біз мектепте технология пәнінде міндетті бұйымдарды жасаймыз, ол бұйымдар көрмелерден басқа жерге барып жатқан жоқ немесе өзімізде қалады. Міне сол бұйымдарды бизнеске айналдырмасқа деген ой келді және оны жүзеге асырудың жолы осы. Әр мектеп өзінің бөлімінде жасаған бұйымдарын жүктей алады яғни, сатылымға шығарады сол арқылы сатып алушы өзіне ұнаған бұйымға тапсырыс бере алады. Статистика бойынша жалпы тойға шамамен 3 млн теңге кетеді екен соның 1,5 млн теңгесі салт-жоралғыларға кететіні дәлелденген. Осыны ескере отырып біздің мобильдік бағдарлама арқылы 30% -ға дейін салт-жоралғыға кетер шығынның азайтуға болатынын нақты айта аламыз

Технология және кәсіпкерлік сабақтарын біріктіре отырып, оқушылардың алғашқы кәсібіне бастау болатын мобильді қосымша ұсынғалы отырмын.





Атауы: «My first Business» қысқаша «MFB».

Мобильдік қосымшаның мақсаты: Технология пәнінің мәртебесін көтере отырып, мектеп оқушыларын мектеп қабарғасынан өз кәсібін ашуға мүмкіндік беру. Осы мүмкіндік арқылы өзінің алғашқы пайдасын яғни, табысын мектеп қабарғасынан табуға жол ашу. Технология пәніне деген қызығушылықты ояту. Қазақтың бағдыдан келе жатқан салт-дәстүрлерін дамыту, өскелең ұрпаққа жеткізу. Қазақстандағы той шығынын азайту. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің 5 қазан 2018 жылғы және де «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес жаңа цифрлы технологияға үлес қосу.

5-6 сынып оқушылары	Көркем еңбексабағында танымдық үрдіс бастаумен айналасады. Қолөнер бұйымдарын ең үздіктері ғана дайындайды.
7-8 сынып оқушылары	Қырақ көрпе тігу, орамал кестелеу, жастық тігу негізгі жұмысты атқаратын сыныптар.
9 сынып оқушылары	«My first Business» мобильді қосымшасының бизнес классификациясын дайындау. Сұраныс пен ұсынысқа жауап беру.
10 сынып оқушылары	«My first Business» мобильдік қосымшасының бухгалтерлік бөлімімен айналасады. Келкен шығын мен түсер пайдаға жауап беретін және оқушылардың тапқан табысын бөліп беру және «My first Business» мобильді қосымшасының жұмысына жауап береді жүктелуін, бұйымдарға тапсырыс қабылдау, оны жеткізу «Жазпощта» немесе басқада жеткізу түрлерін қолдану.

Мобильді қосымшаның жұмысы: Бұл сызбада 5 және 9 аралығындағы сыныптарға жүктелетін міндеттемені көріп тұрмыз және осы жүктелген міндеттеме бойынша «My first Business» мобильді қосымшасы жұмыс істейді. 10 сынып оқушыларына ең маңызды жүк артылмақ, дайын тауарларды жеткізу және олардың суреттерін мобильді қосымшаға жүктеу. Осы мобильді қосымшаның жүріп жатқан жұмысына арнайы міндеттеме жүктелген мұғалімдер қарауында болады, мысалы технология пән мұғалімдері. (10 сынып таңдалып алыну себебі бұл сыныпта кәсіпкерлікті пән ретінде

қарастырады).

Бұл жерде бәсеке болады. Бұл бәсеке мына сызбамен жұмыс атқарады. Көрсетілген сызба бойынша ҚР-ның мектептері арасында кәсіпкерлікпен айналысу жағынан көрсеткіш рейтингі бәсекелестікке алып келеді. Оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай мұғалімдерге деген құрметін арттырып алғашқы табысын мектеп қабырғасында жүріп табуына мүмкіндік береді.

«My first Business» мобильді қосымшасының жұмыс істеу функциясы:

1. Тауарды фотоға немесе видеоға түсіру.
2. Тауардың фото немес видео нұсқасын мобильді қосымшаға жүктеу. Тауар туралы толық ақпарат беру қандай заттар қолданылғаны және бағасы жазылады.

3. Сатып алушы немесе қызығушылығын өзінің пікірін немесе лайк түрінде қалдыра алады.
4. Сатып алушы өзінің сауда-саттық қоржынына ұнаған тауарларды жүктейді.
5. Сатып алушы өзінің сауда-саттық қоржынындағы ұнаған, жүктелген тауарларына тапсырыс береді. Онда мекен-жайы, телефон нөмірі және АТЖ және ЖСН нөмерін жазу арқылы тапсырыс беру парағын толтырады. Тауардың құнын төлейді.
6. Құны төленген тауарды берілген мекен-жайға жеткізу.

Технология және кәсіпкерлік пәндерінің мәртебесін көтере отырып, мектеп оқушыларын мектеп қабырғасынан өз кәсібін ашуға мүмкіндік беру. Осы мүмкіндік арқылы өзінің алғашқы пайдасын яғни, табысын мектеп қабырғасынан табуға жол ашу. Технология пәніне деген қызығушылықты ояту. Қазақтың баяғыдан келе жатқан салт-дәстүрлерін дамыту, өскелең ұрпаққа жеткізу. Қазақстандағы той шығынын азайту. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің 5 қазан 2018 жылғы және де «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес жаңа цифрлы технологияға үлес қосу арқылы мәселені шешу мақсаты болатын, сол мақсатыма осы «My first Business» мобильдік қосымшасы арқылы жетуге болатыны көрсетілді.





Әдебиеттер:

1. Бақытжан Бұхарбай «Күміс кітап». Алматы 2016.
2. Генри Форд «Менің өмірім, менің жетістігім» (Моя жизнь, мои достижения). Манн, Иванов және Фербер 2013 ж.
3. Ли Якокка «Менеджердің мансабы» (Карьера менеджера). Bantam Books 1984ж.
4. 2018 жыл 10 қаңтар күнгі ҚР-ның президентінің халыққа жолдауы.
5. 2018 жыл 5 қазан күнгі ҚР-ның президентінің халыққа жолдауы.

ТАСМОЛА МӘДЕНИЕТІ

Мақыш Қ.С.

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,

Сайрамова А.М.

тарих мұғалімі

КММ «№4 ЖОББМ Жезқазған қаласы»

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында Жезқазған өңірінің тарихымен таныстыру негізделді.

Жезқазған өңірінің тарихи ескерткіштерге толы Ұлытау тарихын зерттей отырып, өскелең ұрпақ пен өңір қонақтарына ішкі туризмды насихаттап, дамытуды қолға ала отырып анықтамалық жинақ шығару көзделген.

Біз тек қана зерттеп қана қоймай, сол жерді абаттандырып, туристерге дем алатын орын жасауды ұсынамыз. Туризмді дамыту, яғни тарихи ескерткіштерді таныстыру мақсатында, тасмола қорғанының макетін жасадық, Қорғанға барар жолда туристерге арналған орындықтар орнаттық. Қорған маңын көк өсіріп аббаттандырдық. Жолдың екі жағына қорғанның кескін суреті ілінген стендтар қойдық. Стендтердің үстіне күн батареяларын орналастырдық. Ол күн батареяларынан алынған жарық кешке қорған маңындағы шамдарға жарық беріп тұрады.

Неліктен біз бұл тақырыпты таңдадық? Тарихи ескерткіштерді зерттей отырып, бұл ескерткіштердің Орталық Қазақстанға тиесілі екенін, Мұртты қорған Ұлытау ауылының маңында екенін білдік. Бұл біздің ауданның тарихын зерттеуге деген қызығушылығымызды арттырды.

Орталық Қазақстан аумағында бұл дәуір Тасмола археологиялық мәдениетінің ескерткіштерімен бейнеленген. Белгілі қазақстандық археолог М.К. Қадырбаев б.з.д. VII-III ғасырлардың хронологиялық шеңберін анықтап, оның дамуының екі кезеңін атап өтті. Тасмола мәдениетінің ескерткіштерінің тән түрі «мұртты» қорғандар болып табылады. Бұл тастан жасалған күрделі жерлеу-мемориалдық кешендер. Олар әдетте үш бөліктен тұрады: үлкен қорғандар, кіші қорғандар және ұзындығы 60 - 200 м ұзындықты доғалар түріндегі тас жолдар («мұртты»). Бұл «мұртты» қорғандарға жақын орналасқан және әрқашан шығысқа қарайды. Тереңдігі екі метрдей шұңқырдағы үлкен қорғанның астында адамды жерлеу болып табылады. Шағын қорғандарда, әдетте, жылқы қалдықтары - қаңқалар немесе олардың бөліктері, сазды ыдыстар бар. Кейде оттың іздері тек көмір мен күйген топырақ түрінде болады.

Тасмола мәдениетінің өзіндік белгісі «мұртты обалар» деп аталатын ерекше ескерткіштер болып табылады. Мұртты обалардың түрлері көп, бірақ олардың барлығы дерлік біртұтас сәулет өнері кешеніне кіреді. Үйілген топырақ астында өлікті жерлеу үшін қазылған терең сопақша шұңқыры бар үлкен оба оның негізін құрайды. Үлкен үйіндіге жақын, әдетте шығыс жағынан, кіші оба салынатын болған. Оның астына, сол заманғы жердің бетіне, жанына қыш ыдыс қойылып, ат жерленген. Сонан соң кіші обадан шығысқа қарай бағытталып, шет жақтарында дөңгелек тас құрылыстары бар, доға тәрізді ені 1,5-2 м, ұзындығы 20-200 м тас тізбектері қаланған. Сөйтіп, «мұртты» обалар үш құрылыстан тұрады: адам жерленген үлкен оба, әдетте жылқы мен қыш ыдыс қойылған кіші оба және тас тізбегінің қатары. Негізгі обаға мүрде мен сан алуан заттар қойылады. Кіші обада қабір шұңқыры жоқ. Оның үйіндісінің астынан, сол кездегі жер бетінен (материктен) әдетте жылқы қаңқасы немесе оның жекелеген сүйектері (бас сүйек, құйымшақ), ал шығыс жағына бір (екеуін қою өте сирек) қыш ыдыс шығады. Жоғарыда сипатталған «мұртты» оба түрі кеңінен таралған, дегенмен оның өзге де нұсқалары кездеседі. Мысалы, кіші оба шығыста емес, үлкен обаның



оңтүстік жағында орналасқан қосарланған (қатарланған) обалар. Бұл ретте олар, әдетте, бір көлемде болады. Тек бір ретте ғана кіші обаның үлкен оба үстіне тұрғызылғандығы кездескен, алайда барлық кезде кешеннің үш құрамы да ұшырасады.

Хронологиялық жағынан тасмола мәдениетінің ескерткіштері екі кезеңге бөлінеді: б.з.б. VII-VI ғасырлар және б.з.б. V-III ғасырлар. Мәдениеттің бірінші кезеңі жерлеу саймандарының белгілі бір жиынтығымен сипатталады. Олар – қола жебе ұштары (төлкесі шығыңқы қос қанатты және үш қалақты), сабының жоғарғы ұшы кесек және көбелек тәріздес қаптамасы бар қанжар (ақинақ), қола ауыздығы бар жүген (сулық), қола айналар.

Бұл мәдениетті Ә.Х.Марғұланнан кейін зерттеулерін жалғастырған М.Қ.Қадырбаев бөліп көрсеткен. Қазіргі таңда тасмола мәдениетінің ескерткіштерін А.З.Бейсенов зерттеп жатыр.

Мәдениеттің екінші кезеңіне төлкелі үш қырлы жебе ұштары, «шығыршықты ауыздық», қола айналар тән.

Бірінші кезең ескерткіштерінің жарқын көрінісі Тасмола-1 қорымындағы 19-обаның бейіті деуге болады. Оның диаметрі 8 м, биіктігі 0,3 м тас үйіндісі болды. Солтүстік тас қатарының ұзындығы 52 м, ені 1,5 м болатын оңтүстік қатары – 46 м. Ескерткіш бір үйіндіде негізгі және кіші обалар мәні біріктірілген қосарланған обалар нұсқасы болып табылады. Сондықтан обаның оңтүстік-шығыс жағынан екі қыш ыдыс сынығы, ал орталық бөлігінен мола табылған. Ол тастармен бекітілген және ұзындығы 1,8 м, ені 0,8 м, тереңдігі 1,5 м тікбұрышты құрылыс түрінде келген. Түбінен шалқасынан жатқан, басы солтүстікке қаратылған әйел адам қаңқасы аршылған. Оның астында қамыс төсеніші болған. Мүрденің оң жақ жамбасынан диаметрі 19 см дөңгелек қола айна, табан сүйектері астынан екі қойдың бас сүйектері табылған. Қаңқаның сол жағынан тікбұрышты пішінді қайрақтас жатқан, оның үстіне пышақ қойылған. Сол аяғын бойлай жылқының бас сүйегі мен жауырыны орналасқан. Жылқының тістерінде үзеңгі тәріздес үш тесікті қола ауыздық (сулық) «қысылып» тұр. Сонымен қатар жүгеннің белбеулерінің қалдықтары мен қола моншақтар, және де оларды сәндеп тұрған тоғалар табылған.

Тасмола мәдениетіндегі ат әбзелдері түрлі пішіндегі жүген мен сулықтардан тұрады. Үзеңгі секілді аяқталатын және қосымша тесіктерден тұратын, кейде ондай тесіктері болмайтын, сонымен қатар тік бұрышты үзеңгі секілді келген, шығыршықты сулықтар тасмола мәдениетіне тән болып келеді. Жүгендер де пішіні жағынан әркелкі: үш тесікті мүйізді және сүйекті; екі тесікті ілмек секілді; қоладан, темірден жасалған және алтын көмкерілген үш тесікті; үш ілгек тәрізді. Сулықтар мен жүгендердің шығу тегін Кавказдың сыртқы жағынан, Алдыңғы Азиядан іздестірген жөн сияқты, өйткені мұнда осы әбзелдердің сан алуан түрлері б.з.б. II-мыңжылдық соңы мен б.з.б. I-мыңжылдық бас кезінде кеңінен таралған болатын. Олардың ең ерте кездеріндегілері сүйектен жасалып, біртұтас затты құрады.

Әдебиеттер:

1. К.М. Байпаков, Ж.К. Таймагамбетов - «Археология Казахстана».
2. «Иллюстрированная история Казахстана» том первый - материалы ученых М.К. Козыбаева, К.М. Байпакова, Ж. Таймагамбетов.
3. Қадырбаев М.К. О некоторых памятниках ранних кочевников Центрального Казахстана.
4. Қадырбаев М.К. Памятники ранних кочевников Центрального Казахстана.
5. Қадырбаев М.К. Памятники Тасмолинской культуры. /Древняя культура Центрального Казахстана.



ЭТНОАУЫЛ СТАНЦИЯСЫ

Жоланова Қ.Б.

Нұр-Сұлтан қ. Райымбек батыр атындағы
№50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің
информатика пән мұғалімі

Кешегі қазақтың ежелгі мекені Ұлы Дала, қазіргі Мәңгілік ел – Қазақстан елі. Алтайдан Каспийге дейін созылап жатқан Ұлы даланың жері де Ұлы, тылсымы терең тарихы да Ұлы, өскелең ұрпаққа деген ұлағаты да Ұлы.

Түп-тамыры түркіден тарайтын ортақ Дала өркениетінің ұланғайыр кеңістігінде ежелден бастап-ақ гүлдене қанат жайған бұл мәдени үрдіс.

Өзектілігі: Қазақстан - өркениеттің дала бесігі «Біз Қазақстан жерінде ежелгі өркениетті мақтанышпен және шынайы таңданумен бастадық», бұл сөздер Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кең көлемді еңбегінде атап өткен. Елімізде этноауыл станцияларын дамуына үлес қосу. [1]

Мақсаты: Күрделі семантикалық мағынасы бар түркі-моңғол тайпаларының мәдени даму деңгейін және олардың күрделі идеологиясын көрсететін киіз үйді қазіргі заманауи технологиялар арқылы жабдықтау және автоматтандыру.

Міндеттері: Оқушылардың бойына ұлы дала мәдениетін қалыптастыру

Заманауи технологияларды қолдана отырып этноауыл мәдениетін дамыту

Жаңалығы: Ұлан байтақ жерімізде ұлы дала мәдениетін дамыту мақсатында оқушылар демалатын орындарды (лагерлерді), өлкетану бойынша сапарға шыққан оқушылар үшін тоқтап дем алатын орындарды (станцияларды) тағы да басқа жобалар бойынша жолға шыққан оқушылар үшін этноауыл қалыптастыру.

Этноауыл жобасында киіз үй мен ауылда электр станциялары, жел энергиясымен қамтамасыз етіледі. Ауылда көлік қатынасы болмайды, көліктердің жұмысын күймелер атқарады. Ауылға келген адамдар 20 шақырым аралықта орналасқан автотұраққа көліктерін орналастырып өздері этноауылда қалыптастырылған көліктерді пайдаланады. Этноауыл ұлы дала мәдениетін дамыту мақсатын алты бақан, тоғызқұмалақ, садақ ату, қыш құмыра жасау, ат белгі, құс белгі, киіз басу, шит тоқу, тайқазан мен жабдықталған. Оқушылардың демалуына арналған теннис, бассейн, футбол алаңдары бар.



1-сурет Этноауыл көрінісі



Киіз үйлерді микроконтроллер арқылы автоматтандыру яғни шаңырақтың күн сәулесі түскен кезде ашылады, ал кеш түссе өздігінен жабылады. Киіз үйдің есігі және жарық көздеріне автоматтандырылады, яғни заманауи технологияларды пайдалана отырып еш бір ғимараттардан кем емес үй етіп жабдықталады. Киіз үйдің іші адамдарға қажетті барлық технологиялармен жабдықталып, оқушылардың алаңсыз демалуына жағдай жасалады. Оқушылардың интернет желісіз демалысына жағдай жасалады. Мұндағы энергия көздері күн энергия станциясынан алынады солтүстікте ұзағымен 138 күн ашық күнді болады сондықтан жел энергия станциясы бірге жұмыс жасайды.



2-сурет Күн электр станциясы

Нұрсұлтан Назарбаев «Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады» атты сөзіне сүйене отырып мәдениетімізді дамытуды оқушылардың бойына дарыта отырып дамытуды қолға алғанымыз дұрыс. Себебі өскелең жас ұрпаққа үйрету арқылы ұлы дала мәдениетін толықтай қалыптастыра аламыз.[2]

Әдебиеттер:

1. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/basty-zha-aly-tar/item/275746-elbasy-ma-alasy>
2. **Ұлы дала ұлағаты/Абат Кенжеғали. - Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2018. -216 бет.**
3. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/basty-zha-aly-tar/item/275746-elbasy-ma-alasy>

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫ – БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Достиярова Ж.С.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
«№ 9 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Сәтбаев қаласы

Қолөнер – дәстүрдің жалғасы, сөнбестің айғағы. Қолөнер арқылы ұлттық құндылықтарымызды ертеңге жеткізуге болады. Қолөнерді дамыту әрбір адамның міндеті. Қазақ қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады.

Бұл тақырыпты таңдауыма 7, 8-сыныптағы «Киелі киіз үй» тақырыбы түрткі болды. Киіз үй, оның жабдықтары, қолданылатын заттарының бәрі де тұнып тұрған қолөнер емес пе?! Балалар киіз үйді тек Наурыз мерекесінде, көрмеде көретіндерін ғана айтып шектеледі. Оқулықтағы киіз үй туралы мәлімет пен суретін ғана көріп отырған баладан туырлық, бақан, күлдіреуіш деген не? деген сұрағыма жауап алу қиынға соғатыны сөзсіз. Көрмеген, қолымен ұстамаған баланы кіналаудан



аулақпын. Жаттанды заттарды ғана айта алады. Оның өзінде де қазіргі киіз үйлер жасанды материалдардан екені белгілі. Ішіндегі жабдықтары заманауи жабдықталған, желбау, басқұрлары, шиі жоқ. Әрине, адамзат қоғамы алға жылжыған сайын қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің бірқатары жаңа түрге ие болып, кейбірі күнделікті тұрмысқа қажет болмай қалғаны да ақиқат. Бүгінгі күнде фарфордан, тот баспайтын металдан, эмаль жалатылған темірден, пластмассада жасалған сәнді жиһаз, табиғи талшықтармен қатар жасанды талшықтардан жасалған бұйымдар өте көп. Халқымыз ғасырлар бойы тұтынып келген, көптеген мүліктердің түрлері мен сапасы да үсті-үстіне жаңартылған. Бірақ, қазақ қолөнері мұнымен халық тұрмысында өзінің ежелгі маңызын жоғалтып отырған жоқ. Олай болса, қазақ халқы қолөнердің бай мұраларына қазіргі заманға сай жаңаша сипат бере отырып, оларды жетілдірудің техникалық жүйесін қалыптастыруы қажет-ақ.

Киіз үй бөліктеріне қатысы бар бата-тілектер де бар екендігі бәрімізге аян. Оқушыларымыздың көбі жаңа ауданда тұрады, кейбіреуі үйлерін кеңейтіп, қоныстарын жаңартып жатыр. Неліктен екі бөлмелі үйден үш немесе төрт бөлмелі үйге көштіңдер деген сұрағыма, ағам үйленеді. Өздеріне жеке бөлме керектігін және т.б. себептерін айтты. Өздерінің айтқан себептері арқылы жазып келген бата-тілектерін түсінді. Керегесі кең, терезесі тең болсын! Шаңырағың шалқи берсін, Түндігің түтінді болсын! Босағаң берік болсын! т.б.

Мектептегі жазғы сауықтыру лагерінде баланың танымдық қызметінің дамуына әсер ететіндей демалу орны мектеп алаңына тігілген киіз үйде өтсе деп ойлаймын. Сауықтыру лагерінің ашылу салтанатында балалар киіз үйді ата-аналары, ұстаздарымен бірге тігіп, киіз үйдің сүйектерін қолымен ұстап, көзімен көріп, демалыс аяқталған уақытта үйдің жығуын көрсе, естерінде қалар еді деген ойым бар.

Өзім ауылда тумасам да жазда әжеммен жазғы демалыс кезінде үш ай жайлауда үшінші сыныптан бастап жоғары оқу орнына түскенге дейін болдым. Киіз үйді тіккенін, жыққанын, туырлықтарды көктемде жамап, көшуге дайындалғанын, әжемнің басқұр, алаша, желбау тоқып, киіз басып, ши тоқығанын, ешкінің қылынан керегенің көзінен өткізіп арқан ескенін, әжемнің уық иіп, керегені көктегенін көріп өстім. Ауылдағы еңбек тұнып тұрған қолөнер, дала еңбек шеберханасы десек те болады. Қаладағыдай арнайы жиһаз жасайтындай, киім тігетіндей шеберхана болмаса да әркімнің өз үйі – шеберхана. Тамыз айында қозыны қыркып, жүнін түтіп, сабап текемет басуға дайындау да ауылдағы үйлердің қыздарының арасында жарыспен өтетін. Киіз үйдің көлеңкесінде жүн түтіп отырған қыздарды көріп, атамыз қуанып, жарыстыратын: «Түткен жүндерің маңдайларыңа дейін жетсе, моншақ түседі», - дейтін. Өсе келе түсіндік, бұл да еңбекке баулудың бір түрі екен ғой. Қозыны қырыққанға дейін қойдың жабағы жүнін сұрыптап бояп, түтіп текеметтің түрін салуға және шиді тоқуға дайындап қоятын. Созылып иіруге келетін жүнді иіріп шұлық, ешкінің түбітінен қолғап тоқып, қысқа қамдалып қайтатынбыз. Балалар оқуға кеткенге дейін асар жасап ауыл әйелдері текемет басатын. Әркімнің өз міндеті болатын, түрін салатын, жүнді сабайтын, ыстық су себелейтін, көктейтін, ер балаларды күштерің бар деп білектенге шақыратын, қазанға су қайнатушы т.б. Ауылдың қолөнер шеберханасын көріп өскеніме, өміріме пайдасының зор екеніне ризамын. Әрине, мұның бәрі қазіргі қала балаларына айтсаң ертегі сияқты.

Жеке мал шаруашылығымен айналысатын ауылдарға барғанда тау – тау болып күйеге жем болып үйіліп жатқан жүн, теріні көргенде іштей қынжыласың. Ауыл-ауылды аралап арнайы машинамен жүнді, теріні өңдейтін зауыттарға жинап әкететін, бірақ әжелерімізден де артылмаушы да еді. Ірі қара малдың терісін арнайы жүн сабауға алып қалатын, ол тулақ деп аталатын және кереге көктеуге де теріні пайдаланатын. Табиғи материалдардың бірі – жүн. Жүнді пайдалану арқылы қолөнер бұйымдары: киіз басу, сырмақ сыру, текемет, алаша және ұлттық киімдер мен кілем тоқу сияқты күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан сондай дәстүрлі қолөнер үлгілерін жаңаша әдіс – тәсілдерін үйрету – оқушыны еңбексүйгіштікке, әсемдікке талпындырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық қолөнер өзінің тарихы терең, мазмұны сан қилы ерекшеліктерімен болашақ жастарға рухани, эстетикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түсері сөзсіз.

Қай халықтың болмасын ұлттық мұрасы, халықтың қазынасы – қолөнері болып табылған. Ұлттық педагогиканы насихаттауға қай пәннің болса да ыңғайы мен мүмкіншіліктері мол. Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап, егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, салт – дәстүрімізді, рухани сән – салтанатымызды, ырым – наным, әдет –



ғұрып, тұрмыс - тіршілік болмысымызды қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте - бірте тамаша үлгілерімен еніп, оқушыларға жан - жақты білім мен тәрбие беруге, жаңаша еңбек етуге талпындырып отыр. Әрине бұл халықтық педагогика негізі болып табылады. Қайта жаңғырып, жастар тәрбиесіне арқау болып отырған халықтық педагогика – бұл кезде педагогтар қауымына ғана емес, бүкіл қауымға ортақ әлеуметтік қозғалыс. Халықтық педагогика кешегі ойшылдар мен сал - серілерден, шешен - билерден, ақын - жыраулардан мирас болып қалған құнды тәрбие құралы. Ұлттық педагогика жаңалық емес, ол ежелден халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан тәлім - тәрбие мектебі. Қолөнерге үйреткенде белгілі шеберлердің туындыларына талдау жасап, мүмкіндігі болса еңбектерін көрсетіп, мұражайларды аралатып немесе шеберлердің жеке көрмелеріне апарып, оқушылардың қызығушылығы мен ой - өрісін ояту қажет деп санаймын. Оқушыларға тәрбиелік мәні бар халықтық мұралар аз емес. Қазақ халқының өнерін, іскерлігін, өнер шеберлерінің қолынан шыққан алуан түрлі заттар мен бұйымдарды айтып, бұрынғысы мен бүгінгісін салыстыра отырып, ұлттық енерді сүюге, құрметтеуге баулу, бүгінгі шәкірттерді ертеңгі еңбекқор, жан - жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу, оқушылардың жүрегіне жол тауып, олардың бойында еліне, жеріне, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, пәнді оқып үйренуге деген ынтасын, құштарлығын арттыру, қазақ қолөнерін жас жеткіншектердің санасына жеткізудің құралы. Қолөнерді игеру арқылы кез келген істі төзіммен аяқтауға жаттығамыз және еңбек етуге үйреніп, ою - өрнекке мән беруге үйрену арқылы астарлы ойлау қабілеті қалыптасады.

Халық шеберлері ұлттық қолөнер бұйымдарын жасау арқылы сол халықтың этикалық және мәдени ұлттық дәстүрін көрсете білген. Зерттеліп отырған жұмыста халқымыздың қолөнерінің бір ғана қырын ала отырып, қазақ қолөнерінің ұлттық ерекшелігімен сол қолөнердің заман ағымымен дамып келе жатқандығы негізгі арқау болды.

Әдебиеттер:

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987. 113 б. 2. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987. 121-бет.
3. Қасиманов С. «Қазақтың қолөнері» - Алматы: Қазақстан 1995. -7 бет.
4. «Қазақтың бата-тілектері» Алматы «Ана тілі» ЖШС 2009

АТ ӘБЗЕЛДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ЫРЫМДАР МЕН ТЫЙЫМДАР

Шамаева Н.Н.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

№132 ЖОББМ

Жаңаарқа ауданы

Мақсаты: Ат әбзелдеріне қатысты ырымдар мен тыйымдардың мағынасын ашу.

Міндеттері:

- ✓ ат әбзелдері туралы түсінік алу;
- ✓ ат әбзелдерінің атқаратын қызметін анықтау және ырымдар мен тыйымдардың мағынасын ашу.

Өзектілігі: Телеарнада «Ашығын айтқанда» ток-шоуында жүргізушінің бүгінгі жастар арасындағы бұзақылық, жүгенсіздікті қалай ауыздықтаймыз деп қоғам зиялыларына айтқан сөзі түрткі болды.

Бүгінгі қоғамдағы осы бір үлкен проблемада ат әбзелдері, яғни ауыздық және жүген үлкен рөл атқарып тұрғандықтан, қызығушылығымды тудырды.

Болжам: Ат әбзелдеріне қатысты ырымдар мен тыйым сөздердің мағынасын ашу арқылы, ұмыт болып бара жатқан ат әбзелдерімен танысады.

Зерттеу кезеңдері:

- тақырыпқа сай ғылыми және теориялық еңбектерді қарастыру;
- библиография жасау, картотека әзірлеу;
- материалдар бойынша жұмыс жоспарын жасап, жүйеге келтіру;
- тақырып бойынша тарауды жазып шығу.

Кіріспе



Есен-саулығын «мал-жан аман ба» деп бастайтын қазақ үшін төрт түліктің орны бөлек. Төрт құбыласы сай болғанын қалайтын әр қазақтың тұрмысы ежелден-ақ төрт түлікпен тығыз байланысты болған. Соның ішінде қазақ үшін қасиетті жануар – жылқы. Жылқы десек, әрине, ең алдымен қазы мен қымыз көз алдымызға келетін болса керек. Өйткені қазы мен қымыздың дәмділігі тіл үйіреді.

Адам баласының жылқыны ауыздықтап мінуі және ер-тұрманды ойлап табуы, шын мәнінде, ұлы жаңалық еді. Бір ғажабы, ұлы көшпенділер үш-төрт жасынан атқа мініп үйренген, олар үшін аттың құлағында ойнау, ат үйрету, ат ерттеу еш қиындық тудырмаған.

Біз сөз еткелі отырған ат әбзелдеріне қатысты ырымдар мен тыйымдар, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер қазақтың деген әр адамның өміріне қажет. Қазіргі кезде кейбір балалар ата-ана тәрбиесінен тысқары қалып, жүгенсіз кетуде. Кешегі есті де текті алтын заманда Атам қазақ: «Қызым саған айтамын, ал келінім сен тыңда» дей отырып, қызды қырық үйден тыйып отырған. Ал жүгенсіз кетудің соңы құрыққа ілініп жататыны сөзсіз. Сондықтан **жүгенсіздікті ауыздықтау** үшін ең алдымен, жанұядағы тәрбиеге көңіл бөлген жөн. Ұяда не көрсек, ұшқанда соны ілетінімізді естен шығармағанымыз абзал.

Бүгінгі аузын айға білеген алпауыт мемлекеттермен иық тірестіру үшін ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау басты міндет. Ендеше ауыздықпен алысқан, құйысқанымыз берік, айылымыз мықты ел болуда салт-дәстүрімізді сақтап, жаңғырта білейік.

Жылқыны қолға үйрету, оның құрал-жабдықтарын жасау үшін адамзат ғасырлар бойы ұзақ та әрқилы жолдардан өтті. Енді сол «кейінгі ер-тұрмандардың қандай ерекшеліктері болған» деген сөз төркініне тоқталайық.

Ер тоқым - салт атқа мініп жүруге лайықталған жабдықтардың бір түрі [2]. Ер тоқымды көне заман көшпелілерінің дамытқан өнер туындысының бірі деуге болады. Өйткені көшпелі тұрмыс, жорық, шабуыл – ат үстіндегі қимылдың барлығы ер-тоқым, тұрман-жабдықтарын тамаша толықтырған. Бұл жабдықтар екі жаққа да (атқа да, адамға да) қолайлылық тудыру мақсатында жасалған. Әсіресе, атқа жайлы болу жағы басты шарт болған. Қазақ халқы осы тұрғыда, «Атыңа батса алтын ер, атып ұр да, отқа жақ», «Аттан айрылсаң да, ер тоқымыңнан айрылма», «Ер тоқымы жаман деп ерді мазақ қылмаңыз. Еккен егін жаман деп, жерді мазақ қылмаңыз...» деген мақалды қолданған.

Ер тоқымды аударып қойма.

Ер тоқымды теріс салма – деген ырымдар да ат әбзелдерінің қасиетін аша түскендей.

Қамшы – ер жабдықтарының ажырамас бөлігі.

Ежелден ырымшыл да текті халқымыз қамшыда әлдебір қасиет барын білген болғандықтан да сүндетке отырғызылған балаға төрт тұтам тобылғы сапты «сүндет қамшыны» сыйға тартуды өзінің ата дәстүрі етіп қалыптастырып кетті. Қамшыға серт байлау да сол қамшының киесін танығандық еді. Мысалы, есті шабандоз бәйгеге әуелі «шаба алмасам маған серт, шаба алмаса астымдағы атыма серт, шаптыра алмаса қолымдағы қамшыма серт!» деп «бәйге қамшыға» серт байлап, серттесіп барып қана шабатын болған. Өздері соғып алған даланың көкжал қасқырын көкпар қылып тартқан сол көкжал жігіттердің өздері де «атыма – айбат, тақымыма – қуат, қамшыма – жігер бер» деп «көкпар қамшыға» сыйынған дейді. Ел шегіне тиген жауға қарсы шапқан жаужүрек ер жігіттердің де қолдарындағы ауырлығы қорғасындай, мықтылығы емендей «Дойыр қамшыны» сес көріп, «білек күшіме қуат қос, жауым әрдайым құлап жатсын, халқым жеңіске жете берсін!» деп қолындағы сол қамшысына ел тілек қосатын үрдіс болған екен.

Бесіктегі сәби бала шошымасын деген оймен оның бас жағына немесе жастығының астына қамшы қойып отыру әлі де бар. Бұл орайда бабаларымыз қамшыны баланың жастығының астына бүктеп қоймаған, «балаға қамшы тиеді» деп қамшының өрімін жастықтың астынан жерге салбыратып қояды екен. «Ырымға жаман», – деп аталарымыз қамшыны ешқашан сүйретпеген және де қамшымен жер сабамаған да, сабатпаған да.

Қазақта Жиренше шешенге Әз Жәнібек хан әйелі Қарашаштың өлгенін естіртуге барғанда: - Қатыны өлген қалай болады? – дейді.

— Ah!.. Менің Қарашашым өлген екен ғой? – депті Жиренше. Ол күйініп қамшысын таянғанда, қамшының сабы ортасынан шарт сынып кетіпті. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды» деген сөз содан қалған екен. [1.85] Бұл сөздің мәні мен төркініне тереңдей қарасақ, бұл сөз таныған және де көкейінді тесіп, айта білген дана қазақтың бір үйдегі бір әйелдің қазасын «ер-азаматтың қатыны өліп,



қамшысының сабы сынып» басы қаңғырып отырған шарасыз күйін дөп танып, асқан бір кемеңгерлікпен айтқандығы деп ұғынғанымыз жөн болар. Бір үйдегі бір әйелдің өлімі ауыр қаза, жан күйзелтер қайғы. «Қатыны өліп, қамшысының сабы сынғандық» ер-азаматтың сағының сынғаны, күлкісі мен қызығының азайғаны, дәулетінің шашылып, ырысының ортайғаны, жаны күйзеліп мұқалғаны, жағасы кірлеп, жүдегені, басындағы бағы мен шаңырағының бір қасиетінің қайтқаны мен бір киесінің кемігендігі болса керек. Осы бір жан күйзелтер ауыр қайғы мен қасіретті халқымыз қолындағы қамшысының сабымен ұғындыра білген ғой!

Жолаушы келе жатып, атының сауырынан ұрмайды немесе қамшы салмайды. Себебі, жапанда жалғыз өзі келе жатқан жолаушыны қолдап, жебеген Қызыр пайғамбар аттың сауырында отырады деп жориды.

Тоқым – ердің ат арқасына батпауы үшін салынатын төсеніштің бірі [2]. Ол көбінесе киізден сырып жасалады. Кейде киіз тоқымның жиегін шұға не барқыт сияқты маталармен көмкеріп, сыртын түгелдей қалың былғарымен қаптайды. Сырма тоқым мен көмкерілген тоқымдарды көбінесе әйелдер жасайтын да, ал былғары тоқымдарды шебер ершілер ғана жасайды. Тоқымның көлемі де, пішілу үлгісі де әр түрлі болады. Әйелдерге арналған көн тоқымдар үлкен, әшекейі көп, ал еркектердің тоқымдары шағын болады.

Ертеде «Абылай хан соңғы соғыстарының бірінде көп қолмен Қалба тауына келгенде, елдің етекке түскен шағы еді. Торғауыттың Тарбағатайдың солтүстік Ласты Шор бойында қалмақ руларының Тарбағатайдың оңтүстігі Үржар, Емілде отырғандығынан хабар алыпты. Қай шеттен тиіп, қай жақтан шабу керек деп игі жақсылармен кеңес құрғанда, әскербасыларынан Қабанбай мен Бөгенбай екеуі екі түрлі пікір айтыпты. Сонда Абылай хан Бұқар жыраудан төрелеген сұрайды. Сонда Бұқар жырау Қабанбайдың ұсынысын қуаттап, былайша жырлапты:

– Сен Қанжығалы Бөгенбай,
Тоқымың кеппес ұры едің.
Түн қатып және жүр едің.
Қабанбайдан бұрын найзаңды,
Қашан сен жауға тіредің? [3]

Мұндағы «тоқымы кеппеу» тұрақты тіркесі үнемі ат үстінен түспей жорықта, барымтада жүретінін меңзейді.

Тоқым қағар - жас адам жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу

Бұл – сапарға шыққан жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін деген жақсы тілек білдірудің белгісі.

Тебінгі – ердің қос қапталындағы үзенгі бауды басып тұратын жұқа жабылғы. Оны жұмсақ теріден немесе былғарыдан жасайды. Ол тоқым мен үзенгі бауды терден сақтайды.

Махамбет Өтемісұлының жырында:

«...тебінгі терге шірімей, терлігі майдай ерімей...»

«...тебінгі теріс тағынбай, темір қазық жастанбай...» - өлең жолданыдағы тебінгі ерлікке, батырлыққа қатысты жігерлендіру мақсатында айтылған [3].

«Пейілі тар аспанды алақандай, жерді тебінгідей көреді» мақалы сараңдық, көре алмаушылықты меңзейді.

“Темір телпек тебінгідей болғанда” – ертегі кейіпкерінің жапанды жалғыз кезіп, азып-тозуы.

Таралғы немесе **үзенгі бау** – ердің қапталындағы ойыққа өткізіліп, үзенгіге бекітілген қайыс бауды айтады [2]. Бауды иленген қайыстан екі немесе үш елі етіп тіліп жасайды. Жайшылықта үзенгі бау бір қабат болса, жаугершілік кезінде сарбаздар үзенгі бауды бірнеше қабаттайтын болған. Ат үсітінде тұрып садақ тарту немесе найзаласу кезінде негізгі күш үзенгі бауға түседі. Сондықтан да үзенгі бау немесе таралғының сайыс кезінде маңызы өте зор болған. Қазақтың ауызекі сөзіндегі «үзенгі бауы сегіз қабат, ас үстінде шіреніп...» деген тіркесі тегін айтылмаса керек.

Үзенгі – атқа мінуге, сол сияқты ердің үстінде екі аяқты тіреп, нық отыруға, тебінуге мүмкіндік беретін құрал [2]. Үзенгі негізінен темірден жасалады, әрі оның түрі көп. Қыздар мен әйелдің үзенгісі жеңіл әрі оюлы әшекейімен көз тартса, ер адамдар үзенгісі берік қалың темірден жасалған.

Қазақта «үзенгі қағыстыру» деген тіркес бар, бұл ерде қос үзенгі болатыны сияқты адамдар арасындағы жолдастық, құрдастық, бірге жүру деген мағынаны білдіреді.

Жүген – аттың басына кигізілетін, атты иесі ырқына бағындыруға көмектесетін әбзел [2]. Ауыздық – жүгеннің ат ауызы ішіндегі тұратын бөлігі. Ауыздық екі бөлшек саусақтай жұмыр



темірден жасалып, бір-біріне шығыршықты, үзбелі, қозғалмалы етіп түйістіріледі. Екеуі біріккенде бір сүйемдей болады. Ауыздықтың екі басы екі сулыққа бекітілген. Мұның бәрі де қозғалмалы бөлшектер. Ер-тоқым, айыл-тұрман жабдықтары ішінде ең керекті бөлігі жүген болса, ал жүгеннің барлық абырой, атағы ауыздыққа байланысты. Асау, тарпанды ырқына көндіру ауыздықтау арқылы жүзеге асады. «Ауыздықтау» сөзін ырқына көндіру, тәртіпке келтіру мақсатымен адамға да қатысты айтылады.

Сондай-ақ, ауыздыққа байланысты ырымның бірі адам езуіне ауыздық шықса жылқының ауызына салынған жүгеннің ауыздығымен емдейді, яғни үш рет ауызға салып тістейді.

Мініс атын сатқанда, немесе ағайын-туысына сыйлағанда ноктасы мен жүгенін алып қалады. Себебі, малдың құты, бағы басында тұрады деп жориды, басына пайдаланған, байлаған жүген мен ноктада құттың демі бар деп **ырымдайды**. Алып қалған нокта мен жүгенді үнемі майлап баптап ұстайды.

«Ер басына күн туса, етігімен су кешер, ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер» деген мақал киын-қыстау кезеңге байланысты айтылған.

Құйысқан – аттың үстіндегі ер тоқымы қия жерде мойнына қарай сырғып кетпес үшін, аттың түп құйрығынан өткізіп, ердің артқы қанжығалығына бекітетін қайыстан жасалатын құрал [4]. Құйысқанның екі жақтауы және жаңбырлық-салпыншақ атты жылқының сауырын жапқан үзбелері болады. Құйысқан аттың тезек тастайтын тышпасына көлденең тұрғандықтан, кейбір кездерде жылқының тезегі құйысқанға қыстырылып қалып, аттың еркін қимылына кедергі келтіреді. Мұндайды біздің қазақ жақтырмай «құйысқанға қыстырылған тезек сияқты» деп айтады. Сондай-ақ, «Қамшы — қанат, құйысқан — қуат» - деген мақал беріктік пен мықтылықты меңзейді.

Айыл – аттың үстіндегі ер-тұрманды нық ұстап тұратын, жалпақтығы екі елі қайыс құрал [4]. Айыл ердің қамшылар жағына бекітіліп, аттың бауырынан өткізіліп, жырымға қосылады. Айылдың міндетіне қарай – төс айыл және шап айыл деп бөледі. Кейде алдыңғы айыл немесе артқы айыл деп те атай береді. Шап айыл төс айылға қарағанда ұзын болады. Әдетте төс айылды қатты тартып, шап айылды аттың қарнын қиып кетпеу үшін босаң тартады. Халық аузында «Төс айылдың батқанын иесі білмес ат білер, Ағайынның қадірін жақыны білмес жат білер» деген мәтел мен "Артқы айылым берік болса атым тулап не етерсің? Ағайында бірлік болса жатым маған не етерсің?" мақал болмысы біздің сөзімізді толықтырып тұрғандай.

Сондай-ақ, «айылын жимау» тіркесі - жасқанбау, сескенбеу деген мағынаны білдіреді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қазақ халқы ат әбзелдерін – тұрмыстық, сәндік, жауынгерлік мақсатқа орай әртүрлі пайдаланған. Ат әбзелдеріне қатысты ырымдар мен тыйымдар және қанатты сөздер арқылы ат әбзелдерінің киелі екенін, онда да қасиет барын аңғарамыз. Әрбір тыйым бекер айтылмаған, әрқайсысының тәрбиелік мәні бар, біздер, өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін ереже болып табылады. Сондықтан жүгенсіздігімізді ауыздықтап, ауыздықпен алысқандарды құрықтап, «атыма – айбат, тақымыма – қуат, қамшыма – жігер бер» - деп ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелейік.

Әдебиеттер:

1. «Бес ғасыр жырлайды» Алматы Жазушы, 1989ж
2. «Жылқы жабдықтары: Ер – ТОҚЫМ» <http://www.namys.kz> электронды журналы
3. «Ердің көмекшісі – өмілдірік пен құйысқан» <http://el.kz> сайты
4. Г.К.Килыбаева, Г.Макшиева «Шешендік сөздердің ерекшеліктері және оны оқытудың тиімділігі» <http://iskernews.kz> сайты



МЕКТЕПТЕ ӨЛКЕ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Насыритдинова Г.Н.

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

№17 Байқоңыр мектебі

Ұлытау ауданы

Қазіргі таңдағы қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуындағы жаңару процестері өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды қайта қарауды, рухани құндылықтарымызды саралап, оны мектептің оқу-тәрбие процесіне ендіру арқылы оқушылардың әдеби өлкелік мәдениетін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Шығармашылық тұлға, рухани мәдениетіміз әдебиетті оқыту арқылы жан-дүниесі бай, адамгершілік қасиеттері қалыптасқан, саналы тұлғаны қалыптастыруда өлкетану жұмыстарының мүмкіндіктері мол.

Әдеби өлкетану курстары оқушылардың жергілікті рухани мәдениетіміз фольклордан бастап, жергілікті ақын-жазушыларымыз туралы, олардың шығармашылықтары туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектесіп, өмірге деген қызығушылықтарын арттырады. Әдеби өлкетану материалдары оқушыларға бағдарламада қамтылған немесе басқа да қосымша материалдар арқылы сол өлкемізден шыққан ақын-жазушылармыздың шығармашылығымен тереңірек танысуға мүмкіндік береді.

Әдеби өлкетану материалдарын оқытуда пән аралық байланыс негізінде туған өлке табиғатымен, тарихымен, мәдени, қоғамдық саяси өмірімен, жергілікті жердің халқы мен шаруашылық түрлерімен байланыстыра оқыту маңызды болмақ. *Мысалы*, бір әдеби шығармашылық тұлғаның тарихтағы орны, оның шығармашылығындағы жергілікті табиғат туралы толғаныстары т.б. ерекше зер сала отырып оқыту. Оқу-тәрбие процесінде әдеби өлкетану жұмысында оқушыларды тек нақты білім мен ұғымды меңгеріп қана қоймай, дүниенің біртұтастығы мен әртүрлілігі, дамудың үздіксіздігі, өзара байланыс пен әрекеттестіктен тұратындығын танып, олардың дүниетанымдық көзқарастарын кеңейтеді. Өскелең ұрпақтың әдеби өлкелік мәдениетін қалыптастыра отырып, жаңа заманның көкірегі ояу, ұлттық сана-сезімі жоғары саналы азаматын тәрбиелеу ұзақ әрі күрделі процес болып табылады. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі таңда өткір қойылып, өз шешімін табуы қажет деп есептейміз.

Оқушыларды Ұлытау өңірінің бай әдебиетінің әр түрлі жанрдағы асыл сөз үлгілерімен, сөз өнерінің даму тарихымен, жеке өкілдерінің өмірі және шығармашылығымен таныстыру бағытында факультативтік курстың рөлі ерекше. Өлке әдебиетін танытуда «Өлке әдебиеті» факультативтік курс бағдарламаларының, хрестоматияларының маңызы зор. Мектебімізде Ұлытау өңірінің әдебиетін тереңнен зерттеп талдау мақсатында вариативтік компонент негізінен «Өлке әдебиеті» факультативі оқытылады.

Алайда, бүгінгі күн талабына сай өлке тарихы мен мәдениетін, географиясы мен табиғатын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін таныту білім беру мәселелерінің бір қыры болып отыр. Оқушы бойында азаматтық, адамгершілік, салауаттылық қасиеттермен бірге елжандылықты сіңіруде өлке тарихын жан-жақты таныту мақсатында өлке әдебиетін оқытудың рөлі зор екені түсінікті.

5-7 сыныптарға арналған «Өлкетану» оқулығында жергілікті әуесқой композитор Жақсыкелді Сейіловтың «Жезкиік» әні берілген. Бұл әннің сөзін Кәкімбек Салықов жазған. Композитор Ж.Сейілов «Жез киік» әнін орындағанда Бетпақдаладағы киіктің халін оқушыларға керемет шеберлікпен жеткізе білді. Оқушыларым осы әнді тебірене тыңдап, сыныпта талдап қорытындылады. Осы әннің мазмұнын негізге алып, осы бағыттағы тақырып бойынша оқушыларға қосымша мәліметтер жинастыру тапсырмасы берілді.

2018 жылы шілде айында Ұлытау жерінде «Жезкиік» атты I Халықаралық музыка фестивалі аясында Болатсай мекенінде фольклорлық музыка фестивалі өтсе, Жезқазғанда Кеңгір су қоймасының жағалауының бойымен этномызыка фестивалі қатысушыларының шеруі және гала-концерт өткені жөнінде ойларымен бөлісті. Бұл жерде 10 елден келген өнерпаздар өнерлерін көрсеткенін мақтаныш сезіммен айтып, зерттеу жұмыстарының тақырыптарын анықтап, ізденушілік жұмыспен айналысудың жоспарын жасады. Себебі, келешекте өлкемізге келген қонақтарға өз өлкеміздің әдебиеті, тарихы жайлы айту үшін зерттеу жұмысының маңызы зор. Ізденушілік-зерттеушілік жұмыстарымен «Өлке әдебиеті» факультативі аясында айналысамыз.



Жалпы «Өлке әдебиеті» факультативін оқытуда келесі бірнеше бағытты қамту қажет.

1) Өңірлік фольклорлық-этнографиялық мұраларымен таныстыру.

2) Ұлытау өңірінде туған ақын-жазушылардың шығармашылығымен тереңнен танысып, зерттеу жұмыстарын жүргізу.

3) Өлкемізге қатысты тарихи кезеңдерді қамтитын туындыларды оқыту.

Мектебімізде «Өлке әдебиеті» факультативін оқыту үш бағытта қарастырылады:

1-бағыт: оқушылардың оқу барысы;

2-бағыт: оқушылардың сыныптан тыс уақыты;

3- бағыт: оқушылардың мектептен тыс уақыты.

1-бағыт. Оқушылардың оқу барысы. Бұл бағытта сабақтың әр түрлі кезеңдерінде, сонымен бірге әдебиет сабақтарының шығармашылық тұлғаларын өтуде қолдануға болады. Мысалы: шығарма, мазмұндама, баяндама, реферат жазу және тағы басқалар.

2-бағыт. Оқушылардың сыныптан тыс уақыты. Олар: сыныптан тыс оқу, сыныптан тыс сағаттар, конференциялар, ақын-жазушылармен, белгілі өнер адамдарымен кездесу. Іздену-зерттеу жұмыстары. Бұл жұмыстардың нәтижесі оқушылардың ғылыми жұмыстары болуы мүмкін.

3-бағыт. Оқушылардың мектептен тыс жұмысы. Олар: үйірме жұмыстары, көрмеге, мұражайға саяхат. Олимпиадаларға, байқауға қатысу. Оған мысал ретінде дәстүрлі «Махамбет оқулары», «Абай оқулары» сынды тағы басқа байқауларды айтуға болады.

«Өлке әдебиеті» факультативі пәннің мазмұнын толықтырып, жаңартуға мүмкіндік береді. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар бойынша сабақта және сабақтан тыс уақыттарда өлкелік әдеби материалдарды қолдануда қосымша жұмыстар жүргізіледі. Әдебиеттерді жинақтауда ғылымилығына, тиімділігіне, мазмұнына, өзекті мәселеге, оқушылардың жас ерекшелігін ескеруге баса назар аударамын.

Вариативтік компонент есебінен бөлінген «Өлке әдебиеті» факультативін оқыту барысында сыныпта немесе сыныптан тыс шараларда түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың әдеби өлке материалдарын тереңірек меңгеруіне жағдай туғызу аса қажет. Зерттеу жұмыстары көбінесе назарымыздан тыс қалып жататыны анық. Әрбір оқушы, өзі туып өскен елін, жерін құрметтеуге тиісті. «Отан отбасынан басталады» десек, туған отбасымыз, қала, ауылымыздың әдебиеті мен мәдениетін, тарихын, өнегелі адамдардың өмір жолымен танысып, зерттеп, осы бағытта жобалық-ізденушілік, зерттеушілік жұмыстар жүргізудің маңызы зор. Ойымды қорыта келе түйгенім, әрі ұсынысым өлке әдебиетін оқытуды жүйелі жоспарлы түрде жүргізіп отырса, өскелең ұрпаққа берері мол.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҮШ АРЫСЫ - КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Ғабдысаттар М.Ғ.

қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

№14 ЖББОМ, Сәтпаев қаласы

Ғасырға бергісіз 28 жыл. Күллі қазақтың арман-тілегін аспандатқан, бабаларымыз бен әкелеріміздің аңсаған арманы орындалған кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Егер біз еліміздің тарихына көз жіберсек, біздің халық әрқашан азаттық үшін күрескен. Сондықтан біз ғасырлар бойы аңсаған азаттық дейміз. Қазақ елі бұл күнге талай рет ұйтқи соққан замана желінің қатал да, қатыгез екпініне шыдас беруі арқылы «мың өліп, мың тіріліп жүріп» жетті. Соның бірі ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы азаттық үшін күресте ел бастаған қазақтың нағыз даналары – қазақ халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин.

Олар қазақ әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосты. Олардың қаламынан шыққан жырларда Қазақстанның дархан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс-әрекеттері, өмірге деген құштарлықтары, болашаққа үміт-сенімдері кеңінен көрінеді.

«Үш бәйтерек» ұлттық сөз өнерін азаматтық бейне, беделімен де, қайраткер, қаламгерлігімен де биік белеске көтерді. Ұлт руханиятын даңқты туындыларымен, тақырып байлығымен, жанрлық



қырларымен, көркемдік әлемімен байытты. Әдебиеттің «Үш бәйтерегі» өмірдегі өрнекті өнегелерімен халық жүрегінде мәңгілік жол тапты.

«Ұлылардың мұрасы да, мұраты да, атақ-данқы да, мерейтойы да – кейінгіге үлгі. Ал үлгіге қарап ұрпақ өседі», – деген Тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев. Бүгінгі ұрпаққа сондай ірі тұлғалардың мерейтойын тойлау бақыты бұйырып отыр. Әр дәуірдің, әр заманның мыңнан бір туар тұлғаларын уақыт жасары хақ.

Биылғы жылы Қазақстан халқы үш бәйтерегінің 125 жылдық мерейтойын атап өтті. Жақында ғана Ақорданың баспасөз қызметі Нұр-Сұлтан қаласының бел ортасында Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров және Бейімбет Майлиннің құрметіне қола ескерткіш орнатылатынын хабарлады. Бұл – барлығымыз үшін қуанышты хабар, шын мақтаныш. Жас буынның тәрбиесінде отансүйгіш, қайсар авторлардың шығармалары ерекше орын алатыны сөзсіз.



Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Алаш қозғалысының XX ғасырдың басындағы қазақ қауымының саяси-әлеуметтік құқықтарын қорғау, ұлттық бірегейлігін сақтап қалу жолындағы күресі елге қызмет етудің жарқын көріністерінің бірі болып табылады. Сол кездегі ұлт зиялылары арман еткен мемлекет тәуелсіздігі мен ұлт бостандығына бүгінгі ұрпақ қол жеткізді. Мен «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаламда тағылымы мол тарихымызды зерделеуге, төл тума мәдениетімізді қолдауға қатысты нақты міндеттерді атап көрсеттім. Біздің қоғамдық сананы қазіргі заманның талабына сай жаңғырту арқылы еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді мақсат етіп отырмыз» деп атап айтты.

Қазақтың ірілері, Абайдың інілері: Сәкен, Ілияс, Бейімбет... Қазақ зиялылары, ұлттық әдебиеттің үш бәйтерегі аталған ақын-жазушылары кеңес үкіметі тұсында «Алашордашыл - ұлтшылдар» атанды. XX ғасырдың отызыншы жылдар ойранында жазықсыз, жолсыз жазаға кез келді. Құғын-сүргінге ұшырап, атылды. Қазақ әдебиетіндегі үш бәйтерек – Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин өмірлері қысқа, тағдырлары ауыр болғанымен шығармашылық ғұмыр баяндары ғибратты да мәнді еді.

Сәкен, Бейімбет, Ілияс! Үшеуінің де жөргегі – ұланғайыр бір даланың топырағы. Біреуі – соның кіндік ортасында, біреуі теріскей, біреуі – күнгей шалғайында бір жыл туыпты. Үшеуі де бір жаздың майсасынан алғаш нәр татып, бір қыстың ызғарынан алғаш қар басыпты.

Үш бәйтерек.... Үшеуінің туысы қандай бірдей болса, тұрысы қандай әр бөлек. Біреуі – дәйім биікке талпынып, алға ұмтылған өр халықтың асыл арманындай асқақ, біреуі – талайды бастан кешіп, тауқыметке төзіп өскен қауымның сарқылмас сабырынан жаратылғандай сом, мығым. Біреуі – көпті көріп, көпті сүйген халықтың парасат – парқын, арман – аңсарын, мұқалмас жігерін кең қамтып, кемел сіңіргендей қуатты да нәрлі. Үшеуі де – халқы мен заманның ауыздарынан түсе қалғандай адал ұл.

Қараңғылық, дәрменсіздік, қос үрей, қорқақтық құрсауында талмаусыраған қалың бұқараны азаттандыру, еркін де жарық әлемге шығару, озық жұрттар санатына қосу, өнер-біліммен қаруландырып, бақытты өмір жасардай дәрежеге жеткеру – олардың аңсаған арманы, көздеген нысанасы еді.

Олардың даңқты туындылары әлі күнге дейін көкейтестілігін жоғалтқан емес. Сондықтан да болар, олардың шығармашылығы оқушыларға терең ой салғызып, қиялдарына қанат бітіреді. Біз әрдайым балаларға нағыз азаматтық, рухани тәрбие беру жолында ақындардың өмірі мен шығармашылығы туралы ақпарат беріп, топтық жұмыс ұйымдастырамыз.

Басты мақсат – туған ел тарихымен таныстыру, айтулы тұлғалардың шығармаларын талқылап, ой бөлісу.



Кез келген сабаққа кіріспе ретінде психологиялық тренингтер ұйымдастырылады. Ұстаздың кіріспе сөзінен кейін, оқушылар топтарға бөлініп, үш арыс жайында жинағандарын ортаға салады. Хронологиялық кесте, постер, сұрақтар құрастыру кезеңінде барлық қатысушылармен байланыс орнатуды қамтамасыз етеміз.

Қорытынды ретінде айтылған ақпарат қаншалықты ұғымды болғанын тексеру үшін сауалнама әдісін қолдану тиімді. Жаңа технологиялармен байланыс ретінде, интерактивті тақтаны қолдануға болады. Сұрақтар алдын-ала арнайы «Kahoot!» сайтына енгізіледі. Оқушылар өз телефондары арқылы оларға жауап беріп, ұпай жинақтайды. Жалпы алғанда, бұл оқу мотивациясын жоғарылатып, сабақтың тиімділігін қамтамасыз ететін қызықты әдістердің бір түрі. Өткен тарихты зерделеуде жаңа технологияның тиімді түрлері көп. Себебі, жастар жаңа заман ағымынан қалыс қалмауы керек.



Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі. Сондықтан ұлттық санамызды серпілтіп, саяси ой-өрісімізді өрлеу жолына түсіріп, болашақ ұрпаққа біздің кім екенімізді, ата-бабамыздың қандай болғанын, кең байтақ өлкені қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап, қалай қастерлегенін ұғындыруымыз қажет. Ал ұстаздар қауымының алдына қойылған міндет – тегіміздің мызғымас мықты екенін ұрпаққа ұғындырып, Алаш арыстарын ұлықтау, олардың мұраларын зерттеуді жүйелеп, жас ұрпақты патриоттық рухқа тәрбиелеу ісін Алаш мұраттарымен сабақтастыру. Біздің халқымыз жазықсыз жапа шеккен қайраткерлерді, олардың рухтарын құрметтеуді ешқашан естен шығармайды, мәңгілік есінде сақтайды.

ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖОЛЫ-ҰРПАҚ БОЙЫНДАҒЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ

Джанасбаева А.Б.

тарих пәнінің мұғалімі

«№19 мектеп-лицейі» КММ, Сәтбаев қ.

«Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ білуі тиіс» - деп тұңғыш президент Н.Ә Назарбаев Ұлы даладағы ұлттық жаңғырудың жолын қайдан бастау қажеттігін нақ көрсеткендей [1].

Тарих сабағында және сыныптан тыс жұмыстарда өлке тарихын насихаттаудың ыңғайы мен мүмкіндігі мол. Әсіресе факультативті сабақтар мен үйірмелік жұмыстарда теория мен практиканы ұштастыру арқылы, Ұлы Даланың тарихымен сусындатып ұлттық құндылықтарды бойына сіңіртіп, жаһандық өзгерістерге бейімдеп, туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеудің ықпалы көп. Н.Ә. Назарбаевтың «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» - деген бір ұлағатты сөзі бар. Олай болса, басты мақсат жас ұрпақты игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу болмақ.

Осы орайда мектебімізде оқушыларға қасиетті жеріміздің насихатын толық танытып, ұрпақ санасына сіңіру үдерісі жақсы жолға қойылып, іске асуда. 2017-2018 оқу жылынан бері мектебімізде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған «Туған жер» бағдарламасы аясында оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып ұлттық сананы жаңғыртуды мақсат еткен «Туған өлке» факультативтік курс бағдарламасын жасап бірқатар іс-шаралады атқарудамын. Жас ұрпақ өзінің кіші Отаны туған аймағында тарихтан қалған жәдігерлерінің мән мағынасын жете білгенде ғана олардың туған өлке тарихын білуге, құрметтеуге деген сезімі оянары анық. Осы аталмыш курс бағдарламасы арқылы тарихи нысандарды зерттеп-зерделеуде, түсіндіріп-насихаттауда жоспарлы жұмыстар жасалуда.



Атап айтар болсам мектебіміздегі тарих пәні мұғалімдерін ұйымдастырып жоспарға сәйкес қала мұражайларына, өлкеміздің тарихи маңызы бар нысаналарына тарихи-танымдық экскурсияларға шығу қалыптасқан дәстүрге айналды. Соның бірі курс бағдарламасының жоспарында көрсетілген «Күмбір-күмбір күмбездер» бөлімі негізінде ұлт ұясы-Ұлытаудың баурайындағы тарих пен шежіреге толы Ұлытау өңірінің сонау он бесінші ғасырларға тән исі қазақтың ары мен бары болған барлық қазақ хандарының ата-бабасы Жошы ханның, аты аңызға айналған қазақ жүздерінің негізін қалаушы Алаша ханның және қылышының жүзін жерге қайраған батыр Домбауыл аталарымыздың мазарларын көзбен көріп, санамен сезінген мазмұнды саяхатты айтуға болады. [2]. Тарихи нысандарды аралау барысында бойында мың кісілік рухы бар бабаларымыздың әруағына құран бағышталды және кесенелердің тарихынан бөлек оқушыларға туған жердің, рухани жаңғырудың маңыздылығы түсіндірілді. Оқушылар жергілікті халық аузынан тараған көне аңыздарды тыңдап, тың мәліметтер алып туған жерге деген қызығушылықтары мен сүйіспеншілігі артып Рухани жан дүниесін байытып қайтты. Бұл саяхаттар оқушының өлке тарихын кітаптан оқумен қатар көзбен көріп, қолмен ұстау арқылы тарихи білімін тереңдетіп, туған өлкесін тануға, танымдық көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді. Әрбір жас өзінің туған аймағында тарихтан қалған қандай жәдігер барын, олардың мән – маңызын білгенде ғана туған өлке тарихын құрметтеуге деген сенімі оянатыны анық. Мұндай экскурсия қала мектептерінің ішінде ең алғаш рет мектептебімізде қолға алынды.

Ұлттық кодты ашу тәсілдерінің бірі – тарихи жадыны жаңғырту. Бейнелі, рәміздік түрде айтқанда, халқымыздың тарихының әрбір кезеңінде «өмір сүру», сол кеңістік пен уақыт аясында «болып қайту», сонда ғана сол заманның шынайы келбеті ашылады. Осы орайда «Туған өлке» факультативтік курс бағдарламасының жоспарына сай «Жер–судың аты-тарихын хаты» бөлімі негізінде 8-9 сыныптар арасында 50 оқушыдан құрылған саяхатшылар тобы Хан Ордасы, Ұлт Бірлігі мен мемлекет тұтастығы монументі, «Күмісбұлақ», «Ембұлақ», «Тасбұлақ» секілді ұлт тарихы мен бүгінгі қоғамда өзіне тән маңызы бар орындарға және Теректі әулие жеріне барып қайтты. Бұл экскурсия өз кезегінде жас ұрпаққа тарихи орындарды көзбен көріп, ұлтжандылық қасиеттерді жаңғыртуда үлкен септігін тигізді. [3]

Тарихи мәдени құндылықтарымызды қалпында сақтап, халқымыздың ғасырлардан тамыр тартатын өткенін кейінгі ұрпаққа насихаттауда мұражайлардың алатын маңызы зор екені бәрімізге мәлім. Көп естігеннен бір көрген артық деген қағиданы ұстанып, бағдарламаның «Ұлытаудың археологиялық ескерткіштері» бөліміндегі жоспарға сәйкес 5-8 сыныптар арасында 40 оқушыдан құралған саяхат тобымен «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайында, Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінде көрме залдарындағы жауһар жәдігерлермен таныстық. Ондағы сақ дәуіріндегі тас мүсіндер, жартаста салынған петроглифтер, көне отарба, түрлі минералдар мен тастар, метал өндіруге арналған көне құрал саймандар оқулықтан алған білімдерін шындай түсуге ықпалын тигізді. [4]

Ұлы даладағы ұлттық жаңғырудың жолы ретінде 2018-2019 оқу жылында мектебімізде ашылған «Ұлытау ұлағаты» танымдық залы өлке тарихын насихаттауда үлкен көмегін тигізуде. Залда тарихы бай, тұлғалары ұлы, киелі жер – Ұлытаудың біртуар азаматтары, әділ билерінің деректері жазылған стендтер мен Ұлытау жайындағы жинақталған кітаптар оқушыларға өлке тарихынан мол ақпараттар беруде. Залда орналастырылған өлкеміздегі тарихи көне кесенелердің макеттері мен қабырғаға ойып салынған Ұлытаудың көрінісі өлке тарихының өткенін көз алдына әкеліп, қасиетті орындар мен қорымдарды сезінуге мүмкіндік береді. Осы залда тарихи-танымдық кештер, танымдық сабақтарды дәріс пен тәжірибені ұштастырып өткізу оқушылардың ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастыруда үлесін қосуда.

Осындай өлке тарихын насихаттауға бағытталған іс-шараның бірі Тәуелсіздік күні қарсаңында «Ұлытау ұлағаты» танымдық залында 2-10 сыныптар арасында Ұлытау өңіріндегі ескерткіштердің макетін қорғау сайысы. Бұл шараға оқушылармен қатар ата-аналар да бірлесіп ат салысты. Оқушылар өлкеміздегі тарихи ескерткіштер мен киелі жерлері зерттей отырып өз қолдарымен жасаған макет үлгісін көпшілік назарына ұсынды және өз бойларынан өткізген бұл шығармашылық ізденісті жан дүниесімен сезіне білгендігін көрсетті.

Өз тәжірибемде осындай сыныптан тыс жұмыстармен қатар Қазақстан тарихы пәнін оқытуда Отандық тарихты өлке тарихымен байланыстырып өткізуге ерекше көңіл бөлемін. Саналы тарихи ойдың нағыз таза бұлағы-өлке тарихы. Онымен сусындаған азаматтың санасы ешқашан уланбайды, жаман мен жақсыны, ақиқат пен аңызды, бөтен мен жатты ажырата біледі. Қазақстан тарихы пәнінде



өлкеміздің мол мұрасының тарихына қатысты мәліметтер өте аз жазылған. Өзім сабақ беретін сыныптарға өңір тарихымен байланысқан қосымша материалдарды тиімді ұсынып, ізденуге бағыттар берудемін. Әрбір тақырыпты өлке тарихымен сабақтастырып тың ақпараттармен қамту өлке тарихын оқытудың тиімділігін арттырады. Өлкесінің тарихын, оның танымал тұлғаларын жақсы білген оқушыда елін сүю, құрметтеу сезімдері тезірек қалыптасады.

Сондай-ақ жаңартылған білім мазмұнына сәйкес 5-7 сыныптарда Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнына «Өлкетану» материалдарын кіріктіріп оқытудың енгізілуі Ұлы Дала кеңістігінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды танып білуге көп мүмкіндік беруде.

Мектебімізде өлкеміздің тарихын насихаттауға бағытталған жұмыстардың нәтижесінде оқушылар:

- Ұлытау өңірінің тарихы дүние жүзілік тарихтың бір бөлшегі, ажырамас құрамдас бөлігі екеніне көздерін жеткізді;
- Әлемдік тарихтың маңызды құндылығы болып табылатын тарихи мәдени ескерткіштерді бағалауға дағдыланды;
- Жер-су атауларының тарихына үніле отырып, оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігі тереңдей түсті.

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе туған кент. Бұл өз кезегінде ұлттық-рухани тамырдың беріктігінің кепілі туған жерден нәр алудың қажет екендігін меңзейді. Жас ұрпақты тарихи орындармен таныстыруда аталмыш жұмыстар алдағы уақытта да жалғастырылмақ. Мектебімізде Ұлы даланың ұлттық жаңғыруының жолы-ұрпақ бойындағы ұлтжандылық қасиеттерді осылайша сіңіруде.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 2017.
2. Қуаныш Ахметов, «Ұлытау» 2006
3. Амангелді Айталы «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи тамыры, «Егеменді Қазақстан» газеті, 2014.

ҰЛЫ ДАЛА МӘДЕНИЕТІ

Ериков К.З.

тарих пәнінің мұғалімі,

Ғ. Әбдірахманұлы атындағы Қима орта мектебі,
Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Жаңа Қима ауылы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев ағымдағы жылдың 21 қарашасында тарихи сананы одан әрі жетілдірудің заманауи үлгісін ұсынып, «Ұлы даланың жеті қыры» атты еліміздің болашаққа бой сермейтін, бағдарын айқындайтын, халықтың сенімділігін арттырып тарихи санасын жаңғыртуға жаңаша жол ашатын тың бастамалар негізіндегі мақаласын жариялады. Бұл мақала «Қазақстан – 2050», «Мәдени мұра», «Мәңгілік Ел», «Халық тарих толқынында» және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегияларымен үндесетін тарихи-мәдени серпілістің айқын көрінісі, отандық патриотизмді, ұлттық сананы жандандыратын, халқымызға рух беретін құжат деуімізге болады.

Сан ғасырларды кері шегіндірген, тарихы тереңде жатқан қазақ халқының мәдени мұрасы, таным-тіршілігі, дәстүр мұрағаты ұрпаққа қазына. Жолсызбен жол кешіп, тар бағыт пен тайғақ ғұмырдың куәсі болған еліміздің ертеңі қараңғы шақта, тарих тоғысында түрлі маңызды шешімдер мен ел болашағының бағыты үшін қаншама қан кешулердің болғанын білеміз. Ақ найзаның ұшымен қорғалған ақ ордамыздың тамыры тереңге бойлап, тәуелсіздігі нық бекіді, бүгінде. Ендігі жастарға қойылар талап, қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын заманда өмір сүріп жатып ел тарихын білу, өткенімен таныс болу, дәстүрін дәріптеу, мұрағатын жандандыру. Бұл жастарға артылған талап деп түсінеміз. Міржақып атамыздай «Қалғанша жарты қаңқам мен сенікі, Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш» деп жүрген әр азамат ұлттың «ұлысы» атануға міндетті.

Бұқара халықтың дәстүрінен сыр шертетін қазақы ойындардың түр-түсін ажырата алу, үлкен жауаптылықты талап етеді және екіншісі бірі бұған келгенде кем ауыз, қысқа тіл болып қалатыны бар.



Асық ойындары. Асық ойындарына қой, арқардың асықтары жарайды. Бізге беймәлім асық ойындарын талдасақ.

Оңқаны асығы көп бозбалалар ойнайды. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызып, дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өз асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асықты мұртынан оңқа тұрғызады. Егер кімде-кім оңқаға тигізсе бүкіл асық жеңімпаздың қалтасында кетеді.

Хан. Әрбір ойыншы бестен оннан асық тігеді. Асық арасындағы ең ерекшесі «хан» деп аталады. Ойынның шарты бойынша, «ханмен» асықты атқан кезде басқа асықтарды қозғамау керек. Сөйтіп, ойынның шартын бұзғанша не болмаса «ханмен» ататын асық қалмай қалғанша атып, асығын ала береді.

«Кетсін бір» асық ойынында ойыншылар саны екіден аспау керек. Бірінші ойыншы асықты шамасы келген жерге дейін лақтырады. Ол табан өлшемі арқылы өлшенеді. Кімнің асығы алысқа ұшқан болса сол жеңімпаз атанады.

«Атбақыл» ойынында тек сиырдың асығы болуы керек. Ойыншы қарсыласының сақасын алысқа атады. Кімдікі алыс болса, ойын басталған жерден бастап жеңілуші жеңімпазды арқалап жүруге міндетті.

Бірі білсе, бірі білмек түгіл жетесіне жете алмайтын ойындардың сапында «Тауқырайдан» атты ойын бар. Ойнаушылар бірінің қолы бірінің басына жетерліктей мөлшерде дөңгеленіп отырады. Ойын бастаушыдан басқасы жалаң бас болуы керек. Ойын бастаушы:

– Тауқырайдан-тауқырайдан, – деп қайталап айта түседі де, өз басындағы тақияны оң жағындағы көршісінің басына кигізе қояды. Көрші де сол сөзді қайталап, оң жақ көршісіне кигізеді. Осылай жалғасып кете береді. Бір мезетте ойын бастаушы көзін жұмып отырады да:

– Тау-тау деп, басын өзі қолымен баса қояды. Тақия кімнің басында қалса, соған айып салынады.

Қимақ. Бұл ойында жіп керіп, сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта сан алуан заттар байлап қояды. Ойын шарты бойынша: бір адамның көзін байлап, ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, осы заттан «бар да қалағаныңды қиып ал», – дейді. Ол адам қиған затын алады. Егер бірінші ретте қия алмаса, екінші мәрте әрекеттенуіне болмайды.

«Шұқыма» ойында әр ойыншының қолдарында таяқтары көп болуы керек. Жерді белгілейтін ойыншылар білінер-білінбестей етіп жерді шұқып қана белгі салып кетеді. Содан шұқыған белгіні қай топ бұрын тапса, сол топтың ойыншылары ұтқан болып есептелінеді.

«Жаяу тартыс» ойыныда халықтың қорында шаң басқан ойын үлгілерінің бірі. Бұл ойынға бойы жағынан шамалас кез келген ойыншы қатыса алады. Екі ойыншы бір-біріне арұасын тіреп, түзу сызықтың екі жағына тұрады. Екі ұшы байланған арқанды түйінін ортасына келтіріп, екі ойыншы да иық арқылы қолтықтың астынан өткізіп алады.

Бір...

Екі...

Үш!

«Үш» деген кезде екі ойыншы да теңдей арқанды өз жағына тартады. Қарсыласын сызықтан асырғанша тарта алған ойыншы жеңеді.

Елдің тұрмысын толықтырар болсам, қазақ халқының да көшпелі өмір кезеңдеріне орайлас туған календары болған, бірақ бұлар қағаз бетіне түсіп, зерттелмей келеді. Осы тұста М. Исқақовтың «Халық календары» атты кітабының мәні зор.

Қазақ календарының әу баста халқымыздың мал бағу кәсібі мен диқаншылық өміріне байланысты туғанын көреміз. Әсіресе, жыл мерзімдерін белгілеу мен ауа-райының болашағын болжау қоғам тіршілігіне тікелей қатысты болды. Соған сәйкес күзем қырқу, шүйгін жайылым тауып, малды жұттан аман алып шығу тәрізді өмірлік мәселелерді шешу аса қажет еді.

Аспан әлемін де талдай білген қазақ « Жеті қарақшыны таныған жеті қараңғы түнде де адаспайды»- дейді. Халық аңызында «Жеті қарақшы» «Үркердің» қызын (екі жұлдыздың да аты осы аңыздан кейін туған) ұрламақшы болыпты, бұлар түнімен бірте-бірте «Үркерге» жақындап қоян-қолтық келгенмен, бау тағарда таң атып, жұлдыз біткен көзден ғайып болады екен, сөйтіп «Жеті қарақшы» қанша жымысқы оймен әрекеттенсе де еңбегі еш кететін көрінеді. Аңызда қаншалықты терең пәлсапа жатқанын осыдан да аңғарамыз.



«Үркердің» халық шаруашылығына тікелей қатысы бар. Ал «Темір қазық» қаққан қазықтай орнынан тапжылмайды. Ол арқылы оңтүстікпен солтүстікті, батыс пен шығысты тауып алу оңайға соғады.

Ел дәстүріндегі болжамдардан бір дерек білесіз бе?! Тоғыс кезінде Үркер мен Ай бір-бірінен алыс болса, халық тәжірибесінде «бұл екеуі бір-бірімен қырбай болған, қырсығы мал мен жанға тимесе игі еді» деп қауып ететін болған. Егер Үркер мен Ай жақын орналасса, шаруақор қазақ: «Екеуі жараса қалған екен, мал мен жанның жағдайы жаман бола қоймас» деп жақсылыққа жорыған.

Егер қыста түйе ернін жыбырлатса, жылқы оқырынып жұтынар болса, онда кешікпей-ақ түйе мен жылқы қар суын ішеді. Яғни, көктем ерте шығады деген сөз. Ал егер қой тұяғымен қарын қасыса қар қалың түседі деген мысал бар. Шопан атаның түлігі тісін қайраса, кешікпей –ақ боран күтсеңіздер болады.

Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяз болады. Күн құлақтанып бататын болса, ауа-райы жылынуға тиісті. Қазақтың «Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан» деп келетін мақалы сөзімізге дәлел.

Қазақ тұрмысында жыл басы Наурыз айынан басталғаны бәрімізге белгілі. Және ай атауларының жанама аттары да болған. Олар: Наурыз-Жамал, Сәуір-Көкек, Мамыр-Зауза, Маусым-Саратан, Шілде-Әсет, Тамыз-Сүмбіле, Қыркүйек-Мизан, Қазан-Ақырап, Қараша-Қауыс, Желтоқсан-Жади, Қаңтар-Дәлу, Ақпан айы Үт деп аталған. Тарих тоңысынан өткен жыл атаулары ескіріп, қолданыстан шығып кеткенімен, әдеби шығармалар мен әңгімелерде көптеп көрініс табады.

Тойды тойға ұластырған еліміз «отыз күн ойын, қырық күн тойын» жасап, қуаныш артынан қуаныш ілестіре білген.

«Айт, келін, енді айт, келін!

Атыңның басын тарт, келін!»-деп келетін осынау ежелгі жыр жолдарын еске алғанда, алдымен ағындай шапқан жыршы-ақынның аққу мойын домбырасын желдірте ойнатып, желпіне түскен шабытты күйі, қос ішектің күмбірлеген үнімен күйлі жырын нөсерлете төгіп жібергенде жандары кіріп жадырап сала берер жұрттың жарқын жүздері, қызыққа кенеліп қаумаласқан қауымның, бала-шағаның теңіздей толқып тебіреніп, қуаныштан мерейі асып-тасыған, көңілі өсіп шалқыған шат-шадыман сәті елестейді.

Атын атап, түсін түстеп реттеуді қажет етпейтін, елдің етіне сіңген шілдехана, тұсау кесер, сүндет той, тілашар, күміс той, алтын той, сабантой, наурыз тойы, айт мерекесі ел ортасында орны ойсырамас мерекелі де берекелі, мән-мағынаға ие той-жиындар.

Халық құрамы «Сүйінші», «Шашу», «Көрімдік» сияқты дәстүр түрін де назардан шет қалдырмаған.

Сүйінші-әдетте аса мәнді жақсылық хабарды жеткізген адамның аузынан шығады.

Шашу – той-жиындағы халықтың ағынан жарылып, байлығын ортаға тосуы.

Көрімдік – бір атым насыбайға қалатын көңілге жебеу болатын сый сыйлау.

Ерулік – жайлауда мал баққан халықтың ішінде қатарға ең соңғы болып қосылған малшыға алдын қоныстанып үлгерген қонсыларының тамақ беруін осылай атаймыз.

Сірге жияр – күзге қарай шөп буыны қатқан кезде, бие ағытылып, бұзаудан сірге алынар шақта жайылар дастарқан дәмін айтады. Дәстүрдің дені - көп, қатары жиі болғандықтан бәрін сараптап-саптап жазуымыз тиімсіз.

Ұызқағанақ. Көктемгі мал төлдету науқанының, әсіресе қой қоздайтын кездің қат-қабат қарбаласы көп. Қойдың арқасынан күн өтеді, аузы көкке тиеді. Осы кезде отардағы төлден қой зарлай мағырап, ауылда қалған төліне қарай маңырап қашса, әлі тқлдемегендері көк қуалап, ол өз бетінше шашырай жайылады. Бұл аз дегендей өрісте қағанағын жайып, төлдеп қалатын қойлар өз алдына әртүрлі қамқорлықты қажет етіп жатады.

Қойын бағып, қойыртпағын ішіп жүрген қараша халықта ескерусіз шаң басқан салт-жоралғыларының тағы бірі – «өтіл». Өзді-өзімнің көпіртпе сөзіммен көпсітпей, дәл ме дәл жазған тиімдірек пе деп білемін. «Әдетте, қымызда «өтіл» деген болады ғой, онысы қымыз толтырған аяқты ұстап, қатар отырған адамдар өз аяғының қымызын тартпастан бұрын, екі жағындағы адамға өтіліп, көршілері бұйырыңыз дегенде ғана іше бастайды» - деп дәстүрді дәріптейді С. Мұқанов «Мөлдір махаббатында».

«Қалмады баста бөрік, белде белбеу,



Жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай» - деген өлең жолдары салт бас, сабау қамшы бойдақ жігіттердің арасында кеңінен таралған. Халық «Қыз тұзағы-жеңге» дейді. Болашақ күйеу баланың қалтасын қуратқанша, жеңге шіркін жай тапсын ба?! Осы тұста жеңгелер жаңа келін болып түскен сәттен өзінің қайын іні, қайын сіңлілеріне есім қойып, айдар тағады. Мұндайды қазақта «Табу сөз» деп атайды.

Қазақта тағы бар ерекше түсіндірілетін, сараптап-сапталатын, мән-мағыналы тіршіліктің көрінісі ретінде қарастырылатын «мүшел жас» деген болады. Адам баласы туғаннан бастап, өсіп-жетілу кезеңінде қатерлі жылдар болатындығын айтып келеді. Оны мүшел жас деп атайды.

Алғашқы мүшел он үш жас – бұл адамның балалық шақтан, ересектік шаққа дейінгі кезеңі.

Келесі жиырма бес жас. Бұл жаста садақ беріп, келесі мүшелге ниет етіледі.

Отыз жеті жас – адам өміріндегі ең басты мүшел. Ол қырықтың қырқасында жүрген болып есептелінеді.

Қырық тоғыз жас-адамның даналыққа аяқ басар кезі.

Келесі ретгі жалғастырушы жастар - алпыс бір жас, жетпіс төрт жас, сексен жеті жас болып саналады.

Бесік табы арқасынан, емшек табы ауызынан кетпеген сәби кезден ересек тартып, ата сақал ауызға түскен шаққа дейінгі той жоралғылар, салт-дәстүрлер ешқашан өшпек емес. Аталған ойындар, дәстүрлерден бөлек, қазақта 5 мың күй, 12 мың ән бар екен. Атадан қалған асыл мұраларды мәңгілік сақтау біздегі борыш пен міндеттің қайсарлығы мен батылдығына тікелей байланысты деп білемін. «Атадан мал қалғанша тал қалсын» деп ғұмыр кешетін қазақ елінің мұралары сарқылса кемтігі толып, кетігі бітпейді. Бұл айтқаным «Жел екпіндеп соққан мен, таң бозарып атпайдының» кері.

«Қойдың бойында арқардың қаны болмаса, тастан ырғымас еді» дейді қазақ. Ендеше, дастан болған көне жыр мен сырды сақталған сәтінен ары қарай алтындай аялауымыз, баба қалдырған мұраны қорғауға тиіспіз.

Әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасы.
2. Интернет желілері.

ҰЛЫ ДАЛА МӘДЕНИЕТІ: ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Абдраймов Д.Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
ғылыми жетекші, филология ғылымының кандидаты, доцент

Абасилов А.

Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясы,
Қызылорда қ.

Келешек ұрпақтың бойына отан сүйгіштік қасиетті қалыптастыру, өз халқының тұрмыс-тіршілігіне, тарихына көңіл аударудан басталады. Өз өлкеміздің, туған жеріміздің тарихын жас ұрпақтарға ұғындыру, оның маңызын түсіндіру ұстаздың шәкірт алдындағы басты парыздарының бірі.

Қай заманда болса да, адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы өз ісін, өмірін жалғастыра білетін, салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешекте қоғам иелерінің жан-жақты жетілген, асыл-парасатты, таным-түсінігі мол, мәдени ғылыми өрісі озық, өз отанын сүйетін адамзат тәрбиелеу білім қызметкерлерінің басты борышы. Сондықтан басты мақсат жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу керек.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясында арнайы бірнеше жоба жұмыстары жүргізілді. Әрбір адамның кіндік қаны тамған жер ол ерекше өйткені, ол – Туған жер. Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру. Туған жер – адам өмірінде киелі орын. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланыстырады. Мақсаты: білім беру үдерісінде өлкетану мәліметтерін ауқымды қамту,



«Туған жер» бағдарламасын ұлттық патриотизмнің негізіне айналдыру. Оқыту үдерісінде мазмұндық бағыттары: әдебиет, тарих, география, биология пәндерін басшылыққа алдық. Осы пәндер бойынша тарих саласына тоқталар болсам:

I. Үлгілік оқу бағдарламалары 6-9 сынып бойынша «Тарихи таным» атты факультатив сабақтарға негізделген. («Сырдария ауданының өлке тарихы», «Сырдың тарихи ескерткіштері», «Қазақ хандығының құрылу тарихы, «Сыр өңірі және Тәуелсіз Қазақстан») 7-сыныпқа арналған «Сырдың тарихи ескерткіштері» атты факультатив сабақ 34 сағаттан, 4 тараудан тұрады.

I-тарау. Сыр бойы ерте, ортағасырлық қалалар (12 сағат)

II-тарау. Тарихи-мәдени, археологиялық ескерткіштер (15 сағат)

III-тарау. Өңірдің тарихи тұлғалары: батырлар, ишандар, билер (7 сағат)

тарихымен байланыстыра отырып жазылып, ол білім алушылардың, зияткерлік қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Факультатив бағдарламасының мақсаты:

➤ Сыр өңірінің ежелгі заманнан бүгінге дейінгі тарихының елеулі кезеңдері маңызды тарихи-мәдени мәліметтерді оқып меңгереді;

➤ Сыр халқының мәдени және тарихи мұрасының құндылығы мен ерекшелігін түсіну, қазақстан тарихы пәнінің базалық негізіне енетін тақырыптар мазмұнын тереңінен меңгеріп, ғылыми тұрғыда зерттеп, түрлі олимпиадалар мен ғылыми жоба жеңімпаздарын дайындау;

➤ Сабақта оқушылардың «тарихи ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдіс-тәсілдерді (зерттеу, жоба әдістер) қолдану, «Тарихи ойлау» өткен заманның кез-келген құбылысын бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көру, анықтау, бағалау, талдау қабілеттерін қалыптастыру;

Оқушылар, көрсетілген тараулар бойынша Қызылорда облысының территориясындағы архитектуралық, археологиялық, монументалдық ескерткіштер сақталғандығын біліп, мағлұматтар алды. Қызылорда облысы жерінде антика заманы мен орта ғасырдан қалған 45 асар, көптеген морттық кешен, 40-50 қала-қамалдар, 500-ден астам мәдени ескерткіштер біздің дәуірімізге жеткен. Жамбасқала, Аязқала, Бүркітқала, Құмқала, Диюқала, Қырыққыз, Жанкент, Жент, Күйік кешені, Баршынкент, Сығанақ, Сунақ қалалары сақталған. Баршынкенттің батысында 200 м жерде, құм басында, сырты кілем нақышымен қапталған, есігі құбылаға емес, шығысқа қараған тұрымтайдай сұлу мазар бар. Бұл бірінші Сырлытам. Екінші Сырлытам Баршындарияның аяғында, ол құлаған. Бірінші сақталған Сырлытамды, Баршынкыз мазары деуге болады. Ішінде басы теріскейге қараған 8 қыздың бейігі бар. Бұлар Алпамыс батырдың (Бәміш) әйелі (Банушешек) пен 7 қарындасы жатыр. Сырлытам-2 мазары Қармақшы ауданының Көмекбаев ауылының маңайында. Ал Қызылорда қаласынан 450 км қашықтықта, Жаңадария арнасы бойында қалың сексеуіл арасында биік-биік мазарлар орналасқан [1:69].

Бағдарламалардың міндеттері

➤ Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, сипаттап айтады;

➤ Белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер еткенін ашып көрсетеді;

➤ Оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру;

➤ Оқушыларға адамзат жинаған әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибесін меңгерту;

➤ Басты назарды туған өлкеміздің тарихына, адамдардың өмір тіршілігі мен қызметіне, халқының тағдыры мен мұрасының құндылықтарын түсіндіру;

➤ Оқушылар өзіндік жұмыс істеуге бейімдеу және тарихи оқиғаларды дұрыс талдауға үйрету;

➤ Тарихи тұлғалардың ерен еңбегіне қарай талдау;

➤ Оқу процесін қосымша білім беру үрдісіндегі кең тараған еркін таңдау ұстанымдарына негізделу;

Бағдарламалардың жаңашылдығы:

➤ Қазақ хандығының тарихы бойынша толыққанды, жүйелі білімге негізделген;

➤ Оқу мақсаттарын айқындай отырып, оқыту мақсатына сәйкес материалдарды саралау мен бағалау енгізілген.

➤ Тарихи ойлау дағдыларын тарихи процестер мен құбылыстарды зерттеп, талдау, түсіну және түсіндіруге бағытталған.



➤ Берілген тақырып пен бөлімге арналған дидактикалық материалдар, мұғалімге арналған әдістемелік, жиынтық бағалау құрастырылған.

Осы аталған жұмыстардың барлығын міндетті түрде кері байланыс жасап, рефлексия жасап отыру тиімді екені айқын көрінеді. Оны Қытай философы Конфуций рефлексияның маңыздылығын мойындай келе, оны даналықты зерттеудің «ақыл тәсілі» деп сипаттаған [2:140].

II. «Болашақ экспонат» Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласындағы «Туған жер» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасының «Тарихи сананы жаңғырту» тарауын жүзеге асыру мақсатында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясы қауымдасқан негізде іске асырылатын «Болашақ экспонат» жобасы жасалынды.

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасының «Тарихи сананы жаңғырту» тарауы бойынша және 2019 жыл - Жастар жылы аясында мектеп оқушыларының қатысуымен қазіргі таңда құнды және қолданыстан шықпаған заттарға (материалдық не материалдық емес) жастардың көзімен қарап, сипаттамасы мен тарихын оқушылардың өзіне түсіндірту мақсатында облыстық музейдің «Youtube» видеохостингісінде ұйымдастырылды.

Жоба мақсаты:

➤ Оқушыларға «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» тармағындағы ұлы дала мұраларын насихаттау, Сыр елінің тарихи және мәдени мұрасын көрсету;

➤ Өткен күн мен бүгінгі күннің байланысын түсіндіру;

➤ Болашақта қазіргі қолданыстағы дүниенің жәдігер болатынын сезіндіру.

«Байқау шарты бойынша құнды және қолданыстан шықпаған дүниелерге жастар өзіндік көзқараспен қарап, бүгінгі дүниенің ертеңгі жәдігер екенін ұғынып, сипаттамасы мен тарихын жастардың өздері түсіндіруі тиіс. Жастар болашақ экспонаттың ерекшелігі мен құндылығын өзіндік деңгейде саралап, орнын басқан дүниелермен салыстыра отырып, халыққа жеткізеді. Облыстық музей оқушыны арнайы видеоға түсіріп, облыстық музейдің «Youtube» желісіне жүктейді. Байқау жеңімпаздары ашық дауыспен, яғни «like» санына қарай анықталады. Биыл әр тоқсан сайын жеңімпаздар жарияланып, дипломдармен марапатталады. Осы жылдың II тоқсанында Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының оқушысы А.Нұрмаханова мен жетекшісі А.Жақсылыққызы I орын иегері атанды.

Жоба аясында «Болашақ экспонат» жобасы арқылы оқушылардың ораторлық қабілеттері ашылып, дамыды.

III. «Ғасыр мектебі» Қызылорда қалалық білім бөлімінің Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясы 100 жылдық тарихына байланысты «Туған жер» бағдарламасы аясында жасалынған жоба.

Жоба мазмұны 4 негізге бөлініп жасалынды.

1. Ғылыми – танымдық бағыт
2. Саяси – ақпараттандыру бағыт
3. Мәдени бағыт - тәрбие, білім бағыт
4. Сараптау – мониторинг

Осы мазмұндар бірнеше бағыттарға бөлініп, ұлттық код - туған жер тарихын оқушыларға айқындап көрсете алды. Бағыттардың бірнеше бөлімдеріне тоқталып өтсем:

1.Ғылыми бағыт: ашық, оқу сабақтары, ғылыми жобалар, түрлі көрмелер,дөңгелек үстелдер,семинар,олимпиадаларды қамтыса,

2-бағыт саяси-ақпараттандыру бағытына : саяси ақпараттар, түрлі саяси зал, музей ашылып, мәдени бағытына тәрбиелік іс-шаралар,үйірме, түрлі оқулар мен жырлар сайысы, ақындар мүшәйресі, патриоттық әндер енгізілді. Ал, төртінші бөліміне: түрлі формадағы отырыстар мен кеңестер, кездесулерді енгіздік. Жоба мазмұны аясындағы 4 бағыттар бойынша мектепшілік, қалалық, облыстық іс-шаралар жүзеге асты.

Жоғарыда көрсетілген жобаларды дәстүрлі жалғастыру жұмыстары бойынша мектепке 100 жыл толуына орай, «100 жылдық мектепке - 100 экспонат» атты интеграциялық жобаны 2019-2020 оқу жылына арнап, жұмыс жасалынуда. 2020 жыл - волонтерлар жылы аясында іске асырылатын «100 жылдық мектепке - 100 экспонат» жобасы мектеп қабырғасында оқушылардан "Музей жанашырлары" еріктілер тобын құрады. Жоба аясында мектеп құрылғалы бері оқу ордасында білім берген ардагер ұстаздардың тұтынған заттары, киімдері, құжаттары мен фотолары және



оқушылардың қолында бар ескі тарихи дүниелер оқушылардың ізденісі арқылы жинақталады, зерттеледі. Осы үдерістің нәтижесінде мектеп музейі қоры толығыады, экспозициясы жаңарып отырады.

Мақсаты: жәдігерді зерттеп - зерделеуге үйретіп, жәдігер иелерімен сөйлестіру арқылы коммуникативтік қабілеттерін ашу, құндылығын ұғындыру.

«Мұғалім сұхбатты бақылап маңызды сұрақтар қойып, оқушылардың жауаптарын қайталап және мадақтап отыратын сыныптағы қалыпты әңгіме стилі оқушылардың ойлау деңгейлерін де, сөйлеу дағдыларын да дамытпайды. Әрине, құр сөйлесудің өзі жеткіліксіз. Оқушылардың әңгімесі білім алушылық мақсатта жүргізілуі керек және мұғалім тарапынан тиісті деңгейде ынталандыруды қажет етеді» [3:4]

Сондықтан да оқушылармен түрлі формада шаралық жұмыстар жүргізіп, әрбір ерекше мұғалім мен ерекше оқушыларды көбейту үшін түрлі жобалық жұмыстар жүргізілгені абзал. Оқушыларды қазіргі таңда қолда бар, қолданыста жүрген дүниелердің қадір-қасиетін түсіндіру, ертеңгі күнде сол дүниелердің қайталанбас тарихи экспонатқа айналатынын ұғындыруды мақсат еткен жоба қазіргі таңда өзекті болып отыр. Мектеп аясында ашылған музейдің қорын толықтыру, ұлттық кодты, тарихи сананы, жаңғырту жолында қайталанбас құнды жәдігерлерді пайдалану жобаның бір бағыты болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Т.Мәмиев «Кейінгі орта ғасырдағы Арал өңірінің қалалары (12-18ғғ.)» Қызылорда принт баспасы 2007 ж. 69-70б.
2. Педагогикалық диалог, №42014,140-б
3. Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар,2015,4-б

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІМІЗДІ ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕ ЖАҢҒЫРТУ

Жумабекова А.Ж.

көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Сәтбаев қаласы «№19 мектеп-лицейі» КММ

Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап, егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, рухани сән-салтанатымызды, ырым-нанымы, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте-бірте тамаша үлгілермен жан-жақты қолданысқа енуде. Адам өмірі үшін қажетті білім беретін пәндердің бірі -көркем еңбек. Олай болса, көркем еңбек пәні бойынша оқушыларды қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа сақтап келген ұлы дала мәдениетін дәріптеп, жаңа үлгіде түрлендіріп, безендіріп, қолөнерге бейімдеу – қазіргі заман ұстаздарының шеберлігінде болып отыр.

Ата-бабаларымыздың тұрмысының қалай өткенін, кәсіби шаруашылықтың түрлерін, мәдени тарихының даму іздерін, бізге жеткен мәдени мұраларын тарих пәнімен байланыстыра отырып, айшықты қолөнері мен ұлттық бұйымдарын зерделеіп, талқылаймыз. Пәнді жаңа технологиямен меңгерту барысында алдына қоятын мақсатымыз – оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру. Адам өмірі үшін қажетті сәндік қолөнерге үйреткенде, белгілі шеберлердің туындыларына талдау жасап, мүмкіндігі болса еңбектерін көрсетіп, жаңа үлгіде жасалу жолдарын, ойлау қабілеттерін дамытып, оқушылардың қызығушылығы мен ой-өрісін оятуға тырысамын.

Оқушының адамгершілік, ізгілік, елжандылық қасиеттерін жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы қалыптастыра отырып, қолданбалы өнер негізінде көркем еңбек сабағында ұлттық тәрбие беруді тереңдете беруіміз керек. Ол үшін оқушылардың көркем шығармашылыққа деген белсенділігін арттырып, көркем еңбек сабағында халықтық қолданбалы өнерінің шығу тарихын, жасалу технологиясын, әсемдеу, безендіру жұмыстарын талдау барысында, қолөнер бұйымдарының, әшекейлердің өрнек ерекшелігін, ондағы қолданған бояудың түрлеріне назар аудартып, жаңа жобадан жасалатын бұйымды ойластырып аламыз. Мысалы, қазақ оюында қарама-қарсы түстерді сәйкестендірсе, көздің жауын алатындай түстер гаммасы пайда болатынын естен шығармау керек.



Осы бағытты ескере отырып, көнере бастаған қолөнерді бүгінгі күнде өз кәдемізге жаратып, жаңа үлгіде қолданудың маңызы өте зор. 8-сыныптың өзінде ою-өрнекпен жұмыс бағдарламаға енгізілгендіктен, ою-өрнектің жаңаша сипатын үйрету өте маңызды. Өрнекті стилизациялау әдісін де оқушыларға үйрету қолға алынды. Сондықтан жалпы білім беру жүйесін қайта құру кезеңінің қазіргі сатысында мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беруге, оларды халықтық көркемөнер мәдениетіне тартуға баса назар аударылып отыр.

Жаңа жан-жақты дамыған адам тәрбиесінде қуатты құралдардың бірі-сәндік қолөнері. Қолөнер - ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тамырын тереңге жайып келе жатқан халық мұрасы. Сол мұраларымыздың қазіргі заманға сай түрлерін жаңа стильде дамытып, оны халық назарына ұсыну үшін көрмелерге қою ғана емес, ұлттық құндылықтарымызды шет елдерге танытып, сатылымға ұсыну арқылы ел экономикасының дамуына өз үлесімізді қосуымыз керек. Оқушыларды қолөнерге баулу арқылы ұлттық құндылықтарымыздың жоғалмауына атсалысуымыз қажет.

Өз тәжірибемде, «Сәндік өнер» үйірмесінде де оқушыларды ұсақ моншақтардан сувенирлік заттар, ұлттық нақыштағы әшекей бұйымдар мен әшекей түйреуіштер, аксессуарлар, қалдық қалған терілерді қайта өңдеп, үй интерьеріне панно, картиналар, тұмаршалар жасауға үйретемін. Оқушылар өздерінің жасаған сәндік бұйымдарын көрмеге ғана емес, аналарының мерекесіне, туған күндерге сыйға береді.





Мал шаруашылығы жақсы дами алатын елімізде оның жүнін іске асыруымыз қажет. Жүннен жасалған бұйымдар жылы, денсаулыққа қолайлы, табиғат аясына алып жүруге ыңғайлы, жеңіл және оған қарақұрт жоламайды. Сондықтан жүннен жасалатын бұйымдардың түрлерін көбейтіп, оны көрмелерге қоюға ғана емес, тұрмыста пайдаланатындай етуіміз қажет. Оқушыларымызға жүнді сақтау, оны өңдеу, бояу, түту және шиге орау жолдарын үйрете отырып, жаңа үлгідегі кілемше, гобелен, сәндік бұйымдар (түйреуіштер, шолпы, омыраулықтар) дайындаймыз. Осындай практикалық жұмыстардың оқу бағдарламасына енуі оқушылар ғана емес, ата-аналардың да қызығушылығын оятуда.

Жаңа үлгідегі жүннен киіз кілемше жасаудың нұсқау картасы:

а) Жасалу технологиясының дымқыл әдісі

	Жұмыстың барысы	Құрал-жабдықтар	Жасалу технологиясы
1	Шиді төсейміз, ақ жүнді жиегінен бастап көлденеңнен тізбектеп, шаршы етіп толтырамыз.	Ақ жүн, ши	
2	Екінші қабатына тігінен тағыда шаршыны толтырамыз	Ақ жүн, ши	
3	Осы әдісті төрт рет қайталаймыз	Ақ жүн, ши	




4	Бетіне капрон жауып, сабынды су сеуіп, қолымызбен талшықтары бекігенше илеп, бетіндегі капронды аламыз.	ақ жүн,ши,сабынды су		
5	Шиге орап илейміз: қолдың күшімен алға-артқа домалатамыз.	Ақ жүн,ши,сабынды су		
6	Дайын болған киізді ысқылап отырып жуамыз	Шара,ақ жүн,ши,сабынды су		
7	Киіз жақсы ширау үшін үтікпен басып, жиектерін өрнектеп қиып аламыз.	киіз		



Бисерден жасалған ағаш Бисерден жасалған түйреуіштер




Жүннен жасалған әшекей бұйымдар Ұлттық нақыштағы бас киімдер





ә) Гүл шоғын жасаудың жаңа технологиясының құрғақ әдісі

	Жұмыстың барысы	Құрал-жабдықтар	Жасалу технологиясы
1	Гүлдің күлтелерін дайындау үшін, қызғылт түсті жүннің талшықтарын суырып аламыз.	Киіз, қызғылт жүн.	
2	Гүл күлтелеріне рең беру үшін үстіне жұкалап сары және қара түсті талшықтарын қосамыз.	Қызғылт, қара, сары жүн.	
3	Гүл күлтесін поролонға сала отырып піспектеп, арнайы пішінге келтіреміз.	Поролон, қызғылт, сары, қара жүн, ине.	
4	Дайын болған күлтені киізге піспектейміз. 1 гүлге 5 күлтені толтыра отырып, өзегін орналастырамыз.	Киіз, ине, жүн түрлері	
5	Енді гүлдің жапырақтарын жасауға кірісеміз. Жасыл жүннен жапырақтың күлтелерін келтіру үшін талшықтарды суыру арқылы жапырақтың бейнесіне келтіреміз.	Киіз, жасыл жүн.	
6	Жинақталған жүнді поролонға сала отырып, піспектеп, арнайы қалыпқа келтіреміз.	Поролон, киіз, жасыл жүн талшықтары.	
7	Дайын болған жапырақтарды гүлдердің жан-жағына әсемдеп, киізге піспектейміз.	Жасыл жүн, ине, киіз	
8	Жүннен гүлшоғын жасаудың жаңа технологиясы	Жасыл жүн, ине, киіз.	

Ең жақсы жұмыстарын қалалық, облыстық көрмелерге жібереміз. Кейбір жұмыстар республикалық, халықаралық көлемде ұйымдастырылған қолөнер байқауларына да жіберілді. Жіберілген жұмыстардың барлығы бас жүлде, 1-орындарға ие болды. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, мына оқушыларым жүлделі орындарға ие болды: облыстық байқауда 1-орын



Кенжебай Дильназ, Жумабекова Фариза, Қасқырбек Сара, Елгінді Ботакөз, Амантай Аружан, Жақыпбекова Дильназ, Сәрсенбек Қуаныш; «Сарыарқа дарыны» 1-орын: Бұланбаева Әйгерім, Мұхит Гүлжан т.б. Сонымен қатар, республикалық байқауда бас жүлде Жұматова Аружан, Асқарова Ақжүніс 1-орын; Каденова Камила, Кенжебай Дильназ, Мұхит Гүлжан, Мұханбетшина Нақия; халықаралық деңгейде 1-орын Мұқанбетова Қарлығаш, Кенжебай Дильназ, Хамитова Диана, Кенчимова Ақмарал, Рахымова Назерке, Нысанбай Асел деген оқушылар өздерінің ізденушілік ой жемісі бойынша айрықша бұйымдар жасау және халқымыздың қолөнерін насихаттау мақсатында ғылыми жоба қорғады. Д.Менделеев «Мұғалімнің басты мақтанышы- шәкірттерінде, өзі шашқан ұрықтарының өсіп-өнуінде» деген сөзін шәкірттерім дәлелдей түскендей.

«Ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деген Елбасының сөзі рухани жаңғырудың бірнеше бағыттарын атап көрсету барысында нақты айтылған болатын. Ұлттық мәдениетімізді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, рухани жаңғыруға үлестерін қосуға үнемі бағыттап отыруымыз керек.

Әдебиеттер:

1. Оқушыларға халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беру Б.Ж. Жиентаева Жезқазған 2005;
2. Технология (қыз балаларға арналған) Е.В. Ермилова, И.А.Товченик Алматы 2013
3. Көркем еңбек (қыз балаларға арналған нұсқа) Р.Ш. Алимсаева, Е.Е. Велькер Келешек 2030 баспасы

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ ЕТКЕН ТҮЛҒАНЫҢ АЗАМАТТЫҚ БЕЙНЕСІ

Кытшақбаева А.О.

биология пәні мұғалімі

«№5Пионер ЖОББНМ»КММ, Ұлытау ауданы

Білім беру-бұл тәрбие мен оқытудың біртұтас жүйесі,бұл екі құрамдас бөлікті бөлуге болмайды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Ұлы дала мұрагерлері» тәрбиелік азаматтық патриоттық жобасын жүзеге асыру ұсынылады. Қазақстандық қоғамға және ұлтқа адалдық, болашаққа деген берік сенімділік, туып –өскен жерге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру бұл жобаның бастымақсаты болып табылады. Ауқымды жобаның аясында келесі үш ішкі жоба: «Туған елге тағзым» жалпы республикалық экспедициясы, «Тарих тағлымы» және «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобалары жүзеге асырылады.

Соның ішінде «Тарих тағлымы» әлеуметтік жобасы қалалардың, ауылдар мен көшелердің, сонымен қатар мемлекеттің аймақтың, спорттың, мәдениеттің, білімнің дамуына үлес қосқан тұлғалардың тарихын зерделеуге мүмкүндік береді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев әрқашан біздерді Қазақстандықтарды өз тарихын есте сақтауға шақырады. Ал, тарихты жаңғыртатын жариялайтын болашақ ұрпақ, оның іргетасын қалаған азаматтарды кейде білсек кейде біле бермейміз. Сондай тұлғаның бірі өз Отаны Қазақстанға белгілі мемлекет және қоғам қайраткері үш мәрте Қызыл Ту орденінің, Құрмет білгісі орденінің және бірнеше медальдардың иесі, экономика ғылымдарының кандидаты 30 дан астам ғылыми еңбектің авторы Оразай Батырбеков.

Оның өмірі мыңдаған ауыл балаларының өміріне ұқсас, көпбалалы отбасынан шыққан және соғыстан кейінгі қиын уақыттардың дәмін татқан.

Оразай Батырбеков 1927 жылы 23 сәуірде Қарағанды облысы Жезқазған қаласының қазіргі Пионер ауылының маңындағы №9 ауылда дүниеге келді. Ата-анасының ең кенже алтыншы баласы болатын..

Оразай 3 жасқа келгенде анасынан ,14 жасқа келгенде әкесінен айрылды. Сол уақытқа дейін Пионер ауылы маңындағы қазіргі «ШКОЛ» қыстағындағы мектепте оқыған. Әкесі қайтыс болғаннан кейін үлкен тәтесі Катирә Аканова Алматыға өз отбасына тәрбиелеуге алады. Катирә сол жылдары Қазақ драма театрында әртіс және Қазақ радиосында диктор болып жұмыс істеді.



Оразай алтыншы сынып бітіргенде тәтесі «Социалистік Қазақстан» газетінде жеткізуші етіп жұмысқа орналастырады. Көп уақыт өтпей жұмысқа ыңғайлы жасөспірімді редакция басшылығы байқап, корректорға көмекші етіп қызметін ауыстырады. Сол кездері Оразай оқуды жұмыспен біріктіріп алып жүрді. Ондағы ойы бауырларына көмектесу болатын. 1944 жылы ҚазМУ-нің тарих факультетіне оқуға түседі. 1951 жылы университетті бітіргенде студенттердің комсомол жастар бөлімін басқарады. Өте талантты ұйымдастырушы және жастар арасында сыйлы тұлға болатын.

1961-1971 жылдарда Қазақстан компартия аппаратында партия қызметін ұйымдастыру бөлімінің орынбасары қызметінде, 1971-1977 жылдары Партия басқару бөлімі бастығы.

1977-1990 жылдар аралығында 13 жыл бойы Алматы Жоғары Партия мектебінің Ректоры қызметін атқарды. Екі рет Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты бес рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Түпкі атасы Бағаналы елінің Бабас руынан шыққан Жансүгір баласы Баржақсы өзі туған елінің салт-сана, тарих, дін тағылымдарын меңгерумен қатар айналадағы шығыс, орыс өрістерін де игерген, өзіне де өзгеге де биік талаппен қарайтын, сауатты, кішіпейіл, өрісі биік адам болған. Егде тартқан кезінде имандылықпен ол дүниеге аттануды ойлап, қасына бірнеше адам ертіп, Ұлытаудан Түркістанға жол тартады. Біраз уақыттан кейін сол жақта қайтыс болып, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі маңайына жерленген.

Біздің әңгімемізге арқау болып отырған Оразай Батырбековтың жары еліміздің ғұлама ғалымы Қаныш Имантайұлы Сатпаевтың қызы әдебиеттанушы ғалым Шамшиябану Қанышқызы Сатпаева. 1956 жылы Оразай ағамызбен отау құрған. Қаныш Имантайұлы Оразайды өз баласындай жақсы көрген. Оразай Батырбеков пен Шамшиябану Сатпаеваның тұңғышы дүниеге келгенде Қаныш Имантайұлы осы немересіне қатты қуанып, өзінің жанындай жақсы көрген ағасы Ғазиздың атын қойды. Өнегелі әулеттің ұрпақтары да білімділігімен елге танылған.

Ғазиз Оразайұлы Батырбеков тарих ғылымының докторы, Райхан Оразайқызы Батырбекова – филология ғылымдарының кандидаты, Еркеш Оразайұлы Батырбеков – химия ғылымдарының докторы. Кенже баласы Ержанға нағашы атасының фамилиясын берген Ержан Оразайұлы Сатпаев та жоғары білімді Алматы мемлекеттік педагогикалық университетін бітірген. 2002 жылы Оразай аға сүйікті жары Шамшиябану Сатпаевадан айрылды. Одан кейін қызы Райхан, кейін Ғазиз бен Ержаннан айрылып тағдырдың ауыр соққысын көтерді. Қаныш Имантайұлының Халықаралық қоры істерімен белсенді айналысқан Батырбеков Оразай ағамыз 2015 жылы 88 жасқа қараған шағында өмірден озды. Ұлытау ауданы Пионер ауылының маңындағы Қараүңгір жеріне ата - басының қорымына әкеліп жерленді.

2017 жылы 9 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты «Мәңгілік Ел» қайраткерлері жобасы аясында Қазақстанның Мемлекет және қоғам қайраткері ҚР Президенті Мұрағат қорын құрушы Батырбеков Оразай Батырбекұлының 90 жасқа толуына орай «Дөңгелек стол» өтті. Бұл іс-шара барысында Оразай Батырбековтың жеке қорынан алынған құжаттар қойылған тарихи-құжаттар көрмесі ашылды. Бұл көрмеде хаттар, фотосуреттер, статьялар т.б. Сатпаевтар мен Батырбековтер әулеті тарихынан сыр шертетін бағалы, тағылымы мол құжаттар болды.

ҚР Президенті Мұрағат қорының басшысы Ұлы Отан соғысының ардагері Ш.Ж.Жаныбеков Оразай Батырбеков туралы былай деді: «Оразай Батырбековпен көп жылдан бері таныс болып, 1990 жылдан бері тығыз байланыста болдық. Көптеген мәселелерді бірге шештік, шетелдегі қазақтармен байланыс орнаттық. Оразай Батырбеков өте білімді, іскер басшы болатын».

2004 жылы қоғам қайраткері Оразай Батырбеков өзі оқыған мектебіне «Баржақсы атаның Батырбегі ұрпағының «Пионер» мектебіне сыйлаған кітаптары» деген мәтінмен жалпы саны 56 тұратын кітаптар жинағын әкеліп тапсырды. Оның ішінде Кәкімбек Салықовтың, Медеу Сәрсекенің Қ.И.Сатпаев жайлы жазылған деректер, көрнекті әдебиеттанушы ғалым Шамшиябану Қанышқызы Сатпаеваның еңбектері, сияқты құнды дүниелері бар.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өскелең ұрпақ қандай болса, еліміздің болашағы сондай болмақ, яғни біздің білім беріп отырған білім алушыларымыз еліміздің негізін, Қазақ елінің негізін қалаушылар. Өнегелі өлкенің азаматы Оразай Батырбековтың өмірі келешек ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор деп есептеймін. Ұлылар жүрген жол адастырмайды.

Әдебиеттер:

1. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал.
2. Ш.Сатпаева 2003 ж «Ұрпақ сыры».
3. О.Батырбеков 2006 ж «Сағынамын сендерді».



ТУҒАН ӨЛКЕМІЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІМІЗДІ ДӘРІПТЕУ

Елібаева К.А.«№6 Жезді ЖОББМ базасындағы Тірек мектебі
(РО)» КММ химия пәні мұғалімі

Күні кеше ғана Ақордада Елбасының қатысуымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында ұлт болашағы тұрғысында киелі де көңіл толқытар әңгіме «Мәдени мұра» қай жағынан алғанда да халқымыздың рухани серпілісін тудырғанын қоғамның әрбір мүшесі сезініп отыр. Тарихта (белгілі бір өңір тарихына емес) ата - бабаларымыз ғасырларға жеткізген өркениетке, оны танып-білуге ұлы даланың жеті қырын бойларына сіңіру болашақ біздердің міндетіміз.

Металды игеру адамзат өркениетіне төңкеріс әкелді. Осынау ұлы жетістіктің құпиясы қарапайым тас ошақта ашылған еді. Түсті металға бай кен тастарынан қаланған ошақта оттың қызуынан тас балқып, қызыл қошқыл балқымалар аққанын аңғарған неолит адамы өзінің ең алғашқы металлург екенінен бейхабар еді. Мыс ең алғашында ашық ошақтарда балқытылып, кейін арнайы көрік-пештер өмірге келді. Бұл металды игерудің қыр сыры сонау тарихымызда Талдысай ежелгі шеберлер қонысы табылған пештеміз Милыбұлақ, Атасу пештерінің табылғандығы дәлел болады.

Талдысай – ежелгі шеберлер қонысы. Жезқазған, Ұлытау аймағында бірегей өркениет деңгейіне дейін жеткен ежелгі металлургия орталықтары жөнінде ертедегі дерек көздерінен бастап қазіргі ғалымдардың еңбектерінде жеткілікті материалдар жинақталған. Сол деректердің барлығында дерлік қазіргі Ұлытау аумағында қолөнер кәсібі, әсіресе кен қорыту ісі негізгі кәсіп ретінде біздің заманымыздан екі жарым-үш мың жыл бұрын қалыптасқандығы дәйектеледі. Табиғатта кездесетін түрлі минералдардың табиғатын танып, металл балқыту және оны өңдеу тәсілдерін меңгеру сөз жоқ адамзат дамуындағы бетбұрысты оқиға және ақыл-ойдың жетістігі болды. Осының барлығы өз кезегінде адам баласының тұрмысы мен мәдениетіне елеулі өзгеріс әкелді. Белгілі геолог С.Х.Боллдың Жезқазған аймағының ежелгі кеніштерін зерттеу барысында жасаған тұжырымын ғұлама археолог Ә.Х.Марғұлан, академик Қ.И.Сатбаев өз зерттеулерінде дәлелдей түсті. Яғни, бұл аймақта біздің дәуірімізге дейінгі кезеңдердің өзінде миллион тоннадан астам кен өндірілген.

Бүгінгі таңда Ұлытау-Жезқазған аймағында сақталып қалған ежелгі кеншілер қоныстарының бірі – Талдысай елді мекені. Бұл қоныстың біздің заманымызға дейін сақталуының негізгі себебі - халық аз шоғырланған жерде және Жезқазған кенді өндіріс (шахты, карьер, т.с.с.) алаңынан алшақ орналасқандығы болып отыр.


Ежелгі қоныс пен қорымдар Жезқазған қаласынан 80 км қашықтықтағы Талдысай елді мекенінің батыс бөлігіндегі Жезді, Талдысай (Бала Жезді) өзендерінің бойында орналасқан. Бұл ежелгі металлургиялық қоныстың табылуы кездейсоқ болды. Көктем сайын қар сулары өзен бойымен жылдам ағып жыл сайын арналарынан ауытқып тұрады. 90-шы жылдары осындай қар сулары жаңа арна түзегеннен кейін ежелгі қоныстың шығыс бөлігі шайылып керамикалық және т.б. бұйымдар мен тас қоршау бөліктері ашылды. Бұл Талдысай ежелгі металлургиялық қонысы тіршілік қабатының алғашқы байқалуы еді. Міне сол кездерден бастап Талдысай – Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының негізгі зерттеу объектілерінің бірі.

Талдысай

Қорғасын кеніші белгілі болғаннан кейін 1815 жылы патша үкіметінің арнайы тапсырмасымен Орынбор экспедициясы өте көп құрамда екінші рет Ұлытауға аттанды. Оған жүктелген негізгі тапсырма: Қорғасынтау қорғасын кен орнын тиянақты зерттеу; оған апаратын барлық жолдарды зерттеп, географиялық карта түзу; экспедиция шығынын жабу үшін 6000 пуд қорғасын жеткізіп Миасс зауытында қорыту. Байқап отырғанымыздай экспедиция Ұлытау етегіндегі қорғасын, мыс кен орындарын зерттеу мақсатын ғана көздеп аттанған. Оның құрамы және жабдықталуы жөніндегі деректер ерекше атап өтуді қажет етеді. Қорғасынтауға беттеген экспедиция құрамы 1617 адамды қамтыған үш корпусан тұрды. Маркшейдер Герман



жетекшілік еткен тау-кен корпусы 31 шен-шекпендіден тұрды; инженер штабс-капитан Генс қарамағындағы инженерлік корпус 7 адамнан құралды; мұның сыртында 1550 адам әскери қауіпсіздікті (1416 – атты әскер, 111 – жаяу әскер) қамтамасыз етті; ат айдаушылар, жалшылар мен аудармашы, жолбасшылар – 29 адам. Экспедицияға Троицк қамалының коменданты И.Фиофилатьев жетекшілік жасады, 4 айға жететін азық-түлікпен жабдықталды. Барлық жабдық 549 арбаға (күймелі) тиеліп, 2987 ат көлігі пайдаланылған. Орынбор экспедициясы жайлы кейін, 1830 жылдары географ Ф.И.Левшин мынадай қорытынды жасайды: «екі кен желісі зерттеліп, одан Троицке 6086 пұт қорғасын жеткізілді. Оның ішінде салмағы 15 пұт тартатын таза галенит кесектері де болған. Барлық кеннен 2500 пұт таза қорғасын қорытылды. Қорғасынтау өз атауына шын мәнінде сәйкес келеді» (Е.Б.Бекмухамбетов. «Цветная металлургия... Казахстана». 308 бет).



Қорғасын зауыты

Байқоңыр кеніші Байқоңыр өзенінің бойында, Қарсақбайдан 47 шақырым, Жезқазғаннан батысқа қарай 120 шақырым қашықтықта орналасқан. Революцияға дейін 1911-1917 жылдар аралығында кеніш ағылшын концессионерлерінің қол астында болды. Барлау жұмыстары барысында 2 үлкен көмір қатпары анықталды. Ағылшын инженерлері тездетіп шахта салу жұмысына кірісті. Қ.И.Сәтбаевтың «Избранные статьи» еңбегінде «Байқоңыр кенішінде ағылшындар жалпы ұзындығы 12000м болатын штректер салып, кішігірім 12 шахта ашты. Осы кезде ағылшындарда жалпы ауданы 23 шаршы шақырым болатын 20 кен иеліктері болды. 1918 жылдың 1 қаңтарына барланған көмір қоры – 714840 тн. Егер жылына 56500 тн көмір өндірсек, онда олар зауыт кәсіпорындарын 12 жыл көмірмен қамтамасыз етеді. Ағылшындар Байқоңырда көмірдің жер бетіне жақын жатқанын пайдаланып және таяз шахталардың көлемі ықшамды болғандықтан барынша арзан қол тегін жұмысшы күшін пайдаланып отырды. Шахталардан 179000 көмір қазылды. «Байқоңыр, Жезқазған шахталарында ол кездегі кеншілердің күндік жалақысы 30 тиын мен 1 сом 25 тиын аралығында ғана болатын еді», - деп жазды сол кезде Байқоңыр кен басқарма кеңесінде қызмет істеген Прохор Иванович Холмецкий, ал қазақ жұмысшылары сол күндік жалақының жартысын ғана алатын. Шахта үстіндегі ғимараттары саманнан, копер ағаштан салынып, жүк тартқыштар қол күшімен жүзеге асырылды. Кен өндіру құралдары қайла, кетпен болды. Қиын да және ауыр жұмыстарға қазақтарды тегін жалдап отырды.

Жезді марганец кеніші. Жезді марганец кенішінің тарихы сұрапыл соғыс жылдарында басталған еді..

1942 жылдың наурыз айының басында Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің төрағасы И.В.Сталиннен Республика Орталық партия

Комитетіне Қазақстанда марганецті геологиялық барлау жұмыстарын қысқа мерзімде жүргізіп, оны өндірістік игеруді пысықтау туралы жеделхат келеді.

Бұл кезде Қаныш Сәтбаевтың жетекшілік етуімен Жезқазған геологиялық барлау партиясының инженерлері В.Штифанов, И.Богданчиков, С.Сейфуллин Жезді қыраттарында барлау жұмыстарымен тынымсыз шұғылдануда еді. Нәтижесінде Жезді өзенінің бойынан марганецтің бай қоры ашылды. Барлау қорытындысын қара металлургия Халық Комиссариатына мәлімдегеннен кейін 1942 жылдың 23 сәуірінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Жезді кенішінің құрылысы» жөніндегі №554 қаулысы шықты. Қ.И.Сәтбаев Жезді марганец кен орнын геологиялық барлауды оны игерумен және кеніш құрылысымен бір мезгілде бастау керек деген ұсыныс айтты. Мамандар Қаныш Сәтбаевты қолдады. Соғыс кезеңінің қиындықтарына қарамастан жергілікті халықтың ерлік еңбегі нәтижесінде, рекордты қысқа мерзім, небары 38 күн ішінде кеніш ашылып, 1942 жылы 12 маусымда Орал зауытына өте бай марганец кені жөнелтіле бастады.



Ұсталық өнер туралы.Ертеректе ұстаны «**темірші**», «**темір ұстасы**» деп атаған.Белгілі этнограф этнодизайнер,өнертанушы,профессор Дәркенбай Шакирұлы зерттеулерінде «ұста» сөзін иранның «*оста*»-ұста, шебер мағынасында және парсының «*остад*», «*устад*», «*ұстаз*» сөздерімен байланыстырылады. Мағналық жағынан бұл екі мағна да «*ұста*» этомимін бейнелей алады. Көне дәуірлерде ұсталарды «**қара ұста**», «**ақ ұста**» деп екі топқа бөлген екен.

Қара ұста-темір, жез, мыс, т.б. металдарды өңдеп, бұйым жасаушы.

Ақ ұста- кара металдарды да, оның үстене бағалы металдарды да меңгерген және асыл тастарды өңдеушілер.Ұсталарды бұлайша екіге бөлу алтай қазақында осы уақытқа дейін сақталған. Буряттар мен моңғолдар ұстаны «дархан (тархан)» дейді. «Дархан» көсем, ру басы деген ұғымдарды да білдіреді. «Дархан» ұғымы тәңіріне жақындастырылады.Қазақстан мен Орта Азияда ұсталардың пірі «**Дәуіт баба**» деп есептейд

Қожасов Хасен Құсайынұлы 1927 жылы Ұлытау ауданы Байқоңыр кеңшарында дүниеге келген. Әкесі Құсайын Қожасов Ұлы Отан соғысынан оралмаған.

Жастайынан еңбекке араласып, ерте есейіп, он алты жасынан Байқоңыр көмір шахтасында еңбек еткен. 1952-56 жылдар аралығында Рудник шахтасында еңбек еткен. Денсаулығына байланысты 1956 жылдан Қарсақбай мыс зауытында, содан кейін мектепте еңбек сабағынан сабақ берген.

Еңбек ете жүріп, ата-баба кәсібін өзіне серік етіп, он саусағынан өнер тамған жас өрен 17-18 жасында қайыстан камшы өріп ағаш пен темірден түйін түйген. Өзінің шеберлік өнері арқасында «Ұста Хасен» атанып елге танылған. Оның қолынан шыққан зергерлік, әшекей бұйымдары өте әдемі көркемділігімен ерекшеленген. Зергерлік бұйымдарындағы ұлттық ою-өрнектер де асқан шеберлікпен нақышталған. Сонымен қатар шебер сиыр мүйізінен шаштарақтар, қурайдан сыбызғы жасаған, әрі сыбызғыда өзі өте шебер ойнаған. Бұл кісінің қандай бұйымдары болмасын ел арасында үлкен сұранысқа ие болған.

Хасен Қожасов ақындық өнерлен де құралақан болмаған. Көп өлең-жырларын өзі ортасында өскен нағашы жұрты Бөгет бойында (қазіргі Пионер бөлімшесі) Ақтаз-Бабас еліне арнаған.

Нағашы саусыздар ма – шыққан жұртым,

Жиендік ерке назды ұққан жұртым,

Қаншама өткір тілмен түйресем де,

Бұзбаған жайдарылық ата ғұрпын.

Ұстаның өлеңдері кезінде «Октябрь туы», «Жезқазған туы» газеттерінде жарияланған. Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайында Хасен ұстаның қолынан шыққан зергерлік бұйымдар және сүйектен тарақ жасайтын қондырғысы қор бөлімінде сақталған.

Бәрменбай Қорғанбаев – Қарсақбай, Ұлытау, Жезді өңірін айтпағанда атағы Есіл, Атбасар, Ақмола, Көкшетау жұртшылығына мәлім шебер. Бәрменбай ұстаның өнеріне тәнті ел ол кісіні қалап алып кетіп отырған. Бәрменбай Қорғанбаев 1885 жылы Ұлытау ауданы, Лениншіл колхозында туған. 88 жасқа қараған шағында Жезді кентінде дүниеден өткен. 1973 жылы Қазақстанның 50 жылдық тойына орай Қарағанды қаласында өткен зергерлер мен қолданбалы өнер шеберлерінің көрмесіне қатысып, II дәрежелі Дипломмен марапатталған.

Өлкемізге белгілі зергерді артында қалған құнды жәдігерлерлі-құрал-саймандарын келіні Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының қорына өткізген.

Кенжесары анамыз атақты шебердің саймандарын 18 жыл бойы тірі жанның қолына ұстатпай сақтап, тарих үшін өлшеусіз жанашырлық жан.

Бәрменбай ұстаның қызы-Нүрәсила - аймағымызға белгілі ақын-ана, ұлы Хамит Қайдауылов-Ұлы Отан соғысының ардагері. Халық қаһарманы С.Нұрмағанбетов құрамасында Берлинге дейін барып, есімі орта мектептердің тарих оқулығында қалған даңқты жерлесіміз.

Бектепбергеннің көрігі. Ата баба дәстүрімен тас ошақта металл балқытып,көрік басу шеберлігіментанымал тағы бір ұста-Бектепберген Үдербайұлы. Ол халық батыры Амангелді Имановтың ағасы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезеңдерінде сарбаздарға қару-жарак қарапайым берденке мылтық соғумен айналысқан ұстаханалар болған. Олардың басты-бастылары Батпақарада Дулығалы мешітінде. Байқоңырда орналасып сарбаздардың қару-жарак қажетін өтеп тұрған. Дулығалы мешітіндегі ұстахана іргесі осы күнге дейін сақталып қалған. Шағын ұстаханалар кішігірім ауылдарда күндіз-түні көрік басып, әскерге қарудан тапшылық көрсетпеген.



«Бектепбергеннің айналасында жиналған ұсталардың арасында болат, темірді саз-балшыққа илеген, соққан қылышының жүзі ұстарадай небір небір кәнігі шеберлер болған.

Айбалта, найза, қылыш шоқпар, тіпті пілтелі мылтыққа дейін соққан».

Бектепберген Үдербайұлы бас штабтағы 12 ұстаның бірі болған. Амангелді батыр пайдаланған «ақберен» мылтықты Бектепберген ұста өз қолымен соғып берген.

Музей қорында Бектепберген ұстаның сол жылдары пайдаланған көрігі сақтаулы. Бұл көрік негізінен Дулығалыдағы ұстаханада беріге дейін жұмыс істеп келген. Сонымен қатар ұстаның темір соғатын төсі мен ұзын қысқашы да музейде. Бұл бағалы жәдігерлер Құлмұханбет Арыстанбайұлы ишанның арасындағы тарихи ауыр кезеңдерде Бектепбергеннің де басында ауыр күндер болған. Бектепберген Үдербайұлы Дулығалыдағы Құлмұханбет ишан қорымында, ишан ұрпақтарымен қатар жерленген.

Кәрібайұлы Ыбырайке. Ұлы отан соғысының ардагері Қорғасын, Терісаққан өңірін мекен етен көрік ұстаған ел аузында жүрген темірден түйі түйген ұсталардың бірі. Қорғасын, Желдіадыр, Терісаққан бойында бірнеше ұстаханалары бар. Қазіргі таңда өзінен қалған екі қызы бар. Атаның көрігі өзінің бейіт басында сақталған.

Қорыта келе бұндай ғасырлар ғасырларға ұласып, Ұлы далада өркениеттер алмасып жатты. Бірақ ата-бабадан қалған кәсіп – металл балқыту өзгеріссіз бізге жетті. Бұл тарихты танып-білу – адамзатты табиғатпен байланыстыратын рухани желінің бірі. Атадан балаға мирас болған ұсталарымыздың өнерін. Металл қорыту, теміршілік дәстүр, зергерлік өнерімізді бойында елім деген қазақ балаларымызға дәріптеп оны өмірлік тәжірибе ретінде қолдана білулеріне оны дәріптей білу міздің міндетіміз.

Әдебиеттер:

1. Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., Төлеуов Т.С. Ұлытау Нұра өңірлерінің тарихи-мәдени ескерткіштері Қарағанды 2000.
2. Әбілқасен Әмірәлин Арқада туған алып Алматы «Қазақстан» 1981.
3. Мәкен Төрегелдин Мәңгілік мұра Қарағанды 1998.
4. Мемлекеттік «МӘДЕНИ МҰРА» бағдарламасы бойынша 2005 жылғы Археологиялық зерттеулер жайлы есеп Алматы 2005.
5. Ш.Рахметов. Кен өндірісінің қаһармандары Алматы 2008.

ЖЕЗДІ ӨЗЕНІ АҢҒАРЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТ

Касмедина Р.М.

«№6 Жезді жалпы орта білім беретін мектеп базасындағы
Тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ

Біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды. Үшіншіден, кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұланғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді. Сол тарихтың ізі, Жезді өзені аңғарындағы ежелгі өркениет. Жезді (үлкен Жезді) өзені-Сарысу алқабына жататын өзен. Ұлытаудың оңтүстігінен бастау алып, Жезқазған қаласының маңынан Қаракөңгір өзеніне құяды. Жалпы ұзындығы -108км. Жездінің кішігірім 16 саласы бар. Негізгі салалары-Күнкүйген, Үлкенсай, Қарабұлақ, Сағымсай, Нарсай өзендері. Ұзындықтары шамамен 10км. Жезді-Талдысай кешені-Жездіден 18км. Мұнда қола дәуірінің қонысы мен қорымы, ерте темір



дәуірі мұртты обасы, ортағасырлық басқамыр қаласы, Есқұла қыратындағы қарауыл мұнарасы бар. Қоныс оңтүстік пен солтүстік тайпаларының Сарысу, Жезді бойындағы керуен жолының ортасында.

Ә. Марғұлан түсініктемесі: «Жез» деген ұғымның өзі түрік тілдерінде санскритте, көне грек, латын, гот тілдерінде «мыс» деген мағынаны береді. Тек 3-4 ғасырларда римдіктер мысты кепрум деп атай бастаған. «Жез» сөзі тас дәуірінен бұрында қолданыста болған. Жезді өзені аңғарларында мыс өндіру осыдан 6-мың жыл бұрын жүріп жатты. «Жез» сөзінің кең таралуының өзі мыстың мәдени, экономикалық мәнін Еуропа мен Азия халықтарына басты сауда бұйымы болғанын дәлелдейді. Жезқазған қаласынан 83 шақырым, Жезді өзенінің сол жақ жағалауындағы «Талдысай» тарихи-ескерткіштер кешені бірнеше жылдар бойы зерттелуде. 1,5 шақырым жерде ежелгі адамдар үнгірлері, ежелгі металлургиялық мыс қорыту пеші, неолит дәуірінің тұрағы, қола дәуірінің сағанасы және мекені, ортағасырлық көктас ықшамдалып орналасқан. IX-X ғасырлармен белгіленіп Қала-Ордаларға жататын «Басқамыр» атты ортағасырлық қала ерекше назар аудартады. Қалашық кішкентай жазық белестерімен қоршалған жерінде «Талдысай» мен Жезді өзені қиылысында орналасқан. Сарыбұлақтан басталатын арық жүйесі қалашықпен байланысқан. Қалашық ішінде тұрғындарды сумен қамтамасыз ететін ой жасалған. Батыс жағында өзен ағысымен біріккен шығырлы ой. Қалашық ор және жалдары, ортасында трапеция тәрізді кіші бекінісі бар шаршы тәріздес болып келеді. Қалашықтың төрт бұрышы дүниенің төрт жағына қаратылған. Болжау бойынша қалашық ортағасырлық феодалдың бекінісі болып саналады. Бірнеше жыл бойы археологтардың зерттеу объектісі Талдысай жеріндегі ежелгі металлургиялық мекені болды.

Қазба жұмыстары өте құнды материал жинақтап, оның талдауы осы жерде адамдардың біздің эрамызға дейінгі екінші мыңжылдығында мекендегенін дәлелдейді. Заттай дәлелдемелер «Біздің эрамызға дейінгі екінші мыңжылдықтың екінші жартысында Орталық Қазақстан Еуразия континентінің маңызды орталықтарының бірі болды» деген Орталық Қазақстанның тау ісі және металлургиясының зерттеген академик Ә.Марғұланның ғылыми қортындысын негіздейді. Талдысайда қажетті шикізат ресурстар табиғи мыс, мыс рудасының қоры және тас жыныстары түрінде жеткілікті. Басқа металлургиялық ескерткіштерде Талдысайдағы пеш құрылысы кездеспегендіктен, оны зерттеу өте маңызды болып келіп, келешекте ежелгі металлургия зерттеуіне жаңалықтар әкеледі. Басқамыр - ортағасырларда Орталық Қазақстанда болған қалалар ішіндегі сәулет өнерінің ең күрделілерінің бірі. Оның орнын Ә.Марғұлан зерттеген. Одан кейін бұл қаланың жұртына археологтар С.Жолдасбаев, Ж.Смайыловтар кең көлемде, жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Басқамырдағы сарайдың ішінен қыш ыдыстардың сынықтары, тастан, ағаштан және металдан (мыс, қола, темір) жасалған бұйымдар көп табылды.

Олардан орта ғасырлардағы оғыз тайпалары мәдениетінің озық үлгілерін анық аңғаруға болады. Көне дерктерде Қиян (Хиям) қаласы оғыздардың бас қаласы ретінде аталған екен. Идрис картасында ол Сарысуға (Руза) құятын Кеңгір (Магра) өзенінің жағында, Ертағы (Ұлытау) тауының шығыс бетінде тұр. Оның орналасқан жері біз Басқамыр атап жүрген ежелгі қаланың жұртына дәл келеді. Аяққамыр кесенесінің құрлысы IX-X ғасырларда өркендей бастаған сәулет өнерінің үлгісіне келеді. Ол – Орталық Қазақстандағы маңызды ескерткіштердің бірі. Іргетасы жалпақ тастардан бір метр биіктікке дейін қаланған. Оның үстіне 8,10 X 9,84 м көлемде тік бұрышты сапалы қызыл кірпіштен тұрғызылған қабырғалары өріліп шығарылған. А.И.Шренк пен Ш.Уалихановтардың жазбаларында бұл ескерткішті бұрын ел Қамыр ханның күмбезі деп атаған. Алайда ондай кісінің аты әзірге тарихтан кездескен жоқ. Әр этностың дамуымен генезисі жөніндегі барлық ғылым саласындағы ашылымдармен, деректер. ҰҒА академигі әлем таныған антрополог О.Смағұлов өз зерттеуінде қазақ атамекені тұрғындарының ғасырлар бойы қалыптасқан этно-мәдени, тектік –зәулеттік дамуында алты бірдей тіршілік ерекшелігінің шешуші рөл атқарғандығын атап көрсетеді. Соның ең негізгісі – неолит, энеолит және қола дәуірлерінде қазіргі қазақ жерінде металл балқыту, тау-кен кәсіпшілігінің өте жоғарғы деңгейде дамуы. Металл қай дәуірде де байлық пен бақаттылықтың негізі болды. Оны меңгерген халықтың экономикалық әлеуеті басқалардан әлдеқайда ілгері, озық болатыны сөзсіз. Қола дәуірінде Еуразиядағы маңызды металлургиялық провинция Орталық Қазақстан, Жезқазған тұрғындарының тұрмыс дәрежесі басқа өңірлермен салыстырғанда жоғары болды. Ұлытау, Жезқазған аймағында бұған дейін ашылған, әлі де зерттеу объектісіне айналып отырған көне металлургия орындары ата-бабаларымыздың негізгі кәсібі жөнінде деректер бере алады. Академик Қ.Сәтбаев пен ғұлама археолог Ә.Марғұлан еңбектерінде Милықұдық, Атасу секілді оннан астам тұрақтар аталады. Олар да толық зерттелмеген, ғалымға беймәлімдері қаншама. Осы аймақты әр



ғасырда мекендеген сақтар қауымдастығы, Түрік қағанаты, одан кейінгі оғыздар мен қыпшақ, қаңлылардың негізгі кәсібі – мыс, темір өндіру, қолөнершілік болды. Кен өндіру орта ғасырларға дейін белсенді түрде жүргізілді. Жошы ұлысының осы мекенге табан тіреп, орда тігуінде де металдың стратегиялық рөл атқарғаны анық. Шексіз ақыл мен даналықтың иесі Афрасиябтың (Тоң Алып) мақал-мәтелдерінің ішінде мынадай біреуі бар екен: «Түрік шанақ ішіндегі теңіз маржаны секілді, өз жайында жатқанда ол тіпті құнсыз нәрсе, бірақ ол теңіз шанағынан шықса болғаны баға-құны артып, патша тәждерімен мен қалыңдықтардың мойыны мен құлағының әшекей-көркі болып шыға келеді». Әбілғазы деректері бойынша Ұлытаулағы мыс кеніші VIII-X ғ.ғ. оғыз-қыпшақтардың Ыстықкөл, Алмалық, Сайрам, Қаратау (Қарашаның жотасы) секілді мекендерімен қатар әйгілі болған. Араб географы Аль-Идрисидің айтуы бойынша «Оғыздар жерінде тазартылмаған күмістің төрттен бірі өндіріледі. Шаштың саудагерлері оған айырбасқа заттардан апарады, мыс, күміс тиелген көп түйе сатып алып, оны аяқ жететін барлық жерлерге шығарды».

Шаштың (Ташкент) солтүстігіндегі керуенмен 18 күндік жер, қыпшақтар елі – қазіргі Жезқазған кен орны. Алтын Орда дәуірінің тағы бір ой маржаны: «Бек алдында иіліп, көкірегін басқан қолдан, темір илеген білек мың есе артық». (С.Сараи) Бұл сөздің құдіреті Сүлейман патша бір күні тағын босатып берген темір ұстасының қадірімен пара-пар. Металды игеру адамзат өркениетіне төңкеріс әкелді. Жезқазған кенінің тарихы тым әріден, тіпті сонау қола дәуірінен басталатынын байқайсыз. Өйткені бұл аймақтың кенін игеруге сол тұста басталса керек. Оған дәлел-археологиялық қазбалар кезінде сол дәуірге тән металл қорыту пешінің орны, мыс үгінділері, шлак және түрлі құрал-саймандар табылған. Ал, одан бертінгі деректерді ақтарсақ, 1627 жылы жарық көрген «Үлкен кітап сызығы» деп аталатын карта бар. Міне, сол картада Ұлытау тұсынан ерекше белгі соғылып, «мұнда қалайы бар», деп жазылған екен. Сосында болар, Жезқазған аймағының кені ел назарына өте ерте-ақ ілінген. Алуан-алуан арнаулы экспедициялар да, жекелеген саяхатшы-зерттеушілер де бұл өңірге талай келіпті. Соның бірі жайлы академик Қаныш Сәтбаев былай деп жазады: Он сегізінші ғасырдың орта кезінде Троицкіден шыққан бір экспедиция Бағаналы тауының батысы бетке алып жүріп бара жатып сонау ерте кезде қазылған көне шахтыларға кезігеді. Тексере келе шахталардан тас көмір мен мыс қазып алынғанын байқайды.

Бұл жәйт көп ұзамай баспасөзде баян етіледі. Міне, сол хабар құлағына тиген Ушаков деген көпес дереу жолға шығады. Ол көп ұзамай осында, Бағаналы руының сол кездегі шонжары Батыр Бақаншимен, осы рудың биі Шиан Таңсыбергеновпен шарт жасайды. 1847 жылғы 10 қарашада жасалған бұл шарт бойынша небәрі 400 сом күміс ақшаға күллі қазыналы Жезқазғанды сатып алады. Кейін ол бұл жерді Рязановқа қалдырады ал, ол ағылшындарға сатады. Ағылшындар, Ақжалды (Жезқазғанды) ерте алғанымен мыс кенін игеруге кейін кіріседі. Алғашқы жылдары тек зерттеу жұмысымен шұғылданады. Қажетті техниканы алыстағы қазақ даласына түгел жеткізе алмаған олар ешнәрсе өндіріп мандыта алмайды». Ол жайлы Қанекен бір еңбегінде: «ағылшындардың тапқан кені қазір совет инженерінің тапқан кенін жүзден біріндей-ақ еді,-дейді. Техника тіпті жоқ. Ағылшын шахталарындағы адам төзгісіз ауыр қол жұмысын жергілікті кедей қазақтар атқарды. Ағылшындар кенді Жезқазғаннан алыс сонау Сарысу бойындағы байыту фабрикасына апарып, майдалайтын. Ал, ол транспорты жоқ кез үшін өте қиын-ақ еді. Сосын да болар, ағылшындар небәрі 1124 пұт руда өндіріпті. Қысқасы, ағылшындар Жезқазғанның мол кен-байлығының мұртын да сындыра алмады. Совет өкіметі бұл өңірге бақыт әкелді. Құла дүз, құба жон Жезқазған өңіріне сәулетті қалалар орнады. Қарсақбай, Жезді, Никольск сияқты өнеркәсіп орталықтары бой көтерді. Милықұдық тұрғаның өзі 10 га аумақты алып жатыр. 1930 жылы Қ.И. Сатбаев басқарған геология бөлімі Жезқазған маңайынан 400-ден астам кен аршылған орындарды картаға түсірген. Неолит металлургия кенді аршу, өндірумен қатар, сумен байыту, алғашқы өртеу, тигельдерде қорыту, қалыптарға құюға дейінгі күрделі процесті өте шебер меңгерген.

Отын дайындаудың өзі өте көп қол күшін қажет етті. 1 тонна ағаш отын 15кг мыс балқытуға ғана жеткен. Милықұдық (Жезқазған) қонысында қазба жұмыстары барысында ұнтақталып, балқытуға дайындалған кен қорын сақтайтын ұра-қоймалар да көптеп табылған. Археолог Н.В.Валукинский 1949 жылы Ә.Х.Марғұланға жазған бір хатында «Тәжірибелі контролердің есебі бойынша қазба жұмысы кезінде табылған кен бір шахтаның бір айлық өнімін беріп отыр» деп жазады. Ежелгі орталықтарда кен барлау жұмыстары да жақсы жолға қойылды. Мәліметтер мен қосымша құжаттар музей қорынан алынды. М.Төрегелдин тау-кен ісінің тарихына арналған музей ашуды қолға алғанда кем дегенде алдағы 50 жылдың тамырын басып, ұлтымыздың мәдени мұрасы



мен тарихын зерделеуде сілкініс боларын сезгендей. 1990 жылдардың өзінде Жезді-Қарсақбай-Байқоңыр – Білеуті – Бұланты, Жезді-Талдысай-Ұлытау-Алтыншоқы бағытында саяхат бағыттарын жоспарлап, Қарағанды облысының туристік агенттіктерімен, жоғары оқу орындарымен келісімдер жүргізуді қолға алды. Бүгінде бұл – аймағымызға келетін саяхатшылар үшін ең танымал бағыттар. Ал кеше ғана Тұңғыш Президент Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында ежелгі металлургияның қазақ жерінде дамып, өркендеуі біздің тарихты әлемдік деңгейге көтеретінін атап көрсетті. Елбасы бұл тұжырымды 1994 жылы 3 қарашада Жезді музейінде болған сапарында нақты дәлелдеп, ежелгі Жезқазғанның көрік-пешінде бабалар әдісімен металл балқытып, тарихты жаңғыртты.

Н.Назарбаев музейде қалдырған қолтаңбасында «Қазақ елінің өндіріс атасы болып саналатын Жезді өңірінің тарихы келер ұрпақтың есінде сақталуы өте қажет... Қазіргі егемен еліміздің мақтанышы металдар болып саналады. Осы өндірісті өркендете беру біздерге міндет» деп атап көрсетті. Өлке тарихын оқытуда оқушыларға дәстүрлі шаруашылық пен ата кәсібіміздің мәңгілік мұра екенін бойларына сіңіру қажет. Ата-бабаларымыздың жасап кеткен құнды мұралары, тарих оқулығында көрініс табуға тиіс. Мысалы, айрықша бір археологиялық мұраның табылған жерімен хронологиялық анықтамалары бар, бірақ дәл осы жәдігер қазақ халқының дүниесі, ата-бабамыздың «көз-құлағы»-деп нақты айтылмайды. Мектеп бағдарламасындағы тарих пәнінде қола дәуіріндегі өркениетке жалпылама сипаттамалар беріледі. Ғылымдағы, оқулықтардағы бұл кемшілікті атрополог О.Смағұлда өз еңбектерінде де батыл айтып жүр. Ұлытау аймағы оның ішінде Жезді, Кеңгір өзендерінің алқабындағы ежелгі дәуір тайпаларының өмір тіршілігі, кәсібі басқада өркениеттерімен қатынасы мәдени деңгейі жөнінде, біз Жездідегі Мәкен Төрегелдин музейіне саяхат сабақтар барысында көп мағұлматтар аламыз. «Қола дәуіріне саяхат». «Ежелгі Жезқазған шеберханалары», «қола дәуірі ескерткіштері», «Ұста таққа отырған күн» 10-9 сыныптардың театырландырылған қойылымы шеберлер күніне арналды. Ұстаның еңбегін бағалай отырып, өңірдегі ежелгі ұсталар, Молдаахметұлы Ыбырай ұста туралы қызықты деректер аңыздар айтылды, «Таста қалған тарих» «Минералдар әлеміне саяхат», «Ұлы даланың жеті қыры» жолдауы аясында, Атқа міну мәдениеті мен ат әбзелдері тақырыбы бойынша, «Алтын адам аңызы» танымдық сабақтар 5-6 сыныптармен өтті. Зерттеу жұмыстары бойынша «Ұлағаты мол асыл мұра» музей бойынша, «Гибратты ғұмыр туған» өлке қайраткері туралы, «Тарихи тұлға-қазыналы құт мекенім» тақырыбында оқушылар жоба қорғап, облыс деңгейінде бірінші орындарды иеленді. Музеймен-педагогикалық бағдарламалар тікелей оқушылардың қатысуымен жүргізіледі. Оқушылар тарих сабақтарында, қосымша зерттеу жұмыстарымен айналысады.

Ғылыми жобаларға қатысады. Танымдық және ақпараттық әсері өте жоғары. Сонымен қатар туристік маршрут бағыттары бойынша оқушылармен Талдысай, Аққамыр, Басқамыр ескерткіштеріне экскурсиялар жүргізіліп отырады. Бұл іс-шаралардың оқушыларға, ата-баба кәсібін дәріптеп қана қоймай, келешекте қолөнердің дамып жалғасын табуға, туған өлке тарихына мақтанышпен қарауға, өлкеге деген патриоттық сезімін арттыруға әсері зор. Мәкен Төрегелдин атындағы музей жалпы аумағы 4 га табиғат ландшафтын құрайтын бірегей мәдени-тарихы кешен. Экспозиция концепциясы жалпы тарихы дәуірлер шеңберінде халқымыздың ата кәсіптерінің бірі саналатын – металл қорыту ісінің пайда болып, бүгінгі замандарға дейінгі даму сабақтастығын көрсетуге негізделген. 18 мыңнан астам экспонат қоры тақырыпқа сәйкес жүйеленіп, 7 экспозициялық зал мен ашық аспан астындағы алаңдарда көрмеленді. Музей құндылығы болып табылатын бұл алаңдардың жалпы көлемі 3 га аумақты қамтиды. Музейде жыл сайын Сатпаев оқулары болып тұрады. Конференцияға қатысушылар өздерінің тың жаңалықтарымен музей қорын толықтыруда. Туған жердің тарихын, ата-бабаларымыздың әлемдік мәдениетке қосқан үлесін жаңғырту, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру біздің қасиетті борышымыз деп санаймын.

Әдебиеттер:

1. Смағұлов О. Қазақ халқының антропологиялық тарихы. А. 2011ж. (Л.Гумилев. Көне түріктер. А. 1989 ж.)
2. Ә.Марғұлан. II том. А. 2002 ж.
3. Комплекс памятников в урочище Талдысай том I Алматы 2013 ж.
4. Гибратты ғұмыр. Авторы: Қазанбаева З.
5. Жезқазған және Қаныш Сатбаев. Авторы: Сүтемген Бүкіров.
6. Музей мұрағаты деректері.



АЛАША ХАН КЕСЕНЕСІ

Бөлтірік Ш.Т.тарих пәнінің мұғалімі,
ғылыми жетекші, тарих пәнінің мұғалімі**Кенжегозина С.Б.**№1 мектеп-гимназиясы
Сәтбаев қаласы**1.Алаша хан турасында****1.1.Алаша хан жайлы аңызбен ақиқат**

Алаша хан кесенесі көптеген аңыздармен сәйкес келеді. Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Түрік, Қырғыз, Қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде былайша баяндалады: Өз Жәнібек қазақты Қашғардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң, сол кезде қазақты һәм көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жәнеке, шын аты Махмұджеген Ташкентте үлкен хан болыпты. Сонда Ахметхан қалмақтармен соғысу үшін қазақ жігіттерінен әскер құрап, оларды ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп атапты. Қалмақтар Ахметханға Алашы деп ат қойыпты. Мағынасы «Жан алғыш» дегені, мұны естіген Ахметхан: «Қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда «алашылап шабындар» деген соң, қазақтар «Алашы» деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш-алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық», - деп қазақтың мақтанатұғыны осы» [8:22]. Осы үзіндіден Шәкәрімнің өз зерттеулерінде халық аңыздарына, фольклорға сүйенгені көрінеді.

Халқымыздың қайнар бастауы Алаша хан билік еткен тұста қиын-қыстау заман болған. Сол себепті мәліметтер бірде аңыз ретінде, келесі ретте тарихпенен сабақтаса отырып, бізге дейін жеткен. Қалай болғандада Алаша хан қазақ жүздерінің негізін қалаушы, темірдей тәртіп орнатқан билеуші ретінде ұлтымыздың дінгегі болып табылады. Ал Алаша ханның кім болғандығын анықтау біздің басты міндетіміз.

1.2. Алаша хан кесенесінде кім жерленген ?

Кесененің салыну мерзімі жайлы алғашқы деректердің бірін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жазған: «Алаша хан есімімен XVI ғасырда қазақ даласын билеген Хақназар ханмен байланыстырады, Хақназар хан тұсында қазақтар көрші мемлекеттерге сәтті жорықтар жасады...» [7:30].



Сурет-1

1998 жылғы Ж.Е.Смаиловпен А.О.Исмагулованың бастаған археологиялық және антропологиялық экспедициясының барысында Алаша хан кесенесінде жерленген дене тек бүлінген қалпында ғана емес, сонымен қатар жамбас және т.б. сүйектер жетіспейді екен. Хақназар хан денесі Ұлытау өңірінде лақтырылып, жабайы құстар мен аңдардың бүлдіруінен кейбір сүйектерінің жетіспеу себебі жоғарыда айтылған деректермен дәлме-дәл сәйкес келеді [6:83].

Кесененің бүйір қабырғаларын, алдыңғы жақтауларын қайта қалпына келтіру жұмыстары кезінде таңбалар табылды. Таңбалар кірпіштердің кейбірінде арнайы белгілермен белгіленген. Тарақ



секілді таңбалар табылған, кейінгі зерттеу барысында таңбалар шыңғыс тұқымдарына жататындығы анықталған [Сурет-1].

Алаша хан кесенесінде Хақназар хан жерленуі мүмкін екеніне жоғарыда көптеген деректер алып келдім. Кесененің археологиялық құрылысы өте ерекше. Сол үшін де Алаша хан кесенесінде жатқан әр адамның рухы құдды бір қасиетті күшпен үнемі едәуір биікте тұрады.

2. Алаша хан кесенесінің архитектуралық негіздемесі


2.1. Алаша хан кесенесінің сәулет-құрылыстық ерекшеліктері



Рис. 1. Мавзолей Алаша-хан. XVI в. Общий вид с юго-запада. Фото Е. Харин. 2007 г.

сурет -2

Алаша хан кесенесі Қарағанды облысының, Жезқазған қаласынан солтүстікке қарай 90 км жерде, Қаракеңгір өзенінің оң жағалауында орналасқан. Кесене ұсақ шоқыда тұрғызылған, жанында XVIII ғасырмен XX ғасырда салынған мазарлар бар. Малшыбай ауылынан 2,5 шақырым жерде орналасқан. Жолды Жезқазған, Сәтбаев тас жолдары жалғап жатыр. Мазар күйдірілген кірпіштен салынып, 16-қырлы баранға отырғызылған. Кесене порталды, тең қабырғалы [Сурет -2]. Кесененің сыртқы өлшемдері 9,8х 12 м, жерден қабырғаларының биіктігі – 6.9 м, күмбезге дейінгі биіктігі - 10,4 м. Порталдың алдыңғы жақтары сақталмаған [6:92].



сурет-3



сурет-4

Шмидтің 1894 жылы жазған дерегі өте құнды. Шмид «күмбездің төрт жағынан кішігірім мұнаралар бар екендігін. Қабырғаларының қызыл кірпіштен жасалып, ақ оюлармен безендірілгенің, соңымен қоса күмбез көк түсті кірпіштен құралғандығын көрген». Автор өз жазбасында «Шағын төбешікте жылқы бастарымен, ағаштарды, жылқы құйрықтары үйілген» деп жазған [9:12]. Осы жазбалардан көретініміз, кесенеде тек бір ғана адам жерленіп, ол кірпіштен немесе тастан жасалынған қабірден тұрмаған.

1945-1946 жылдары М.Б.Левинсон экспедициясы кезінде Алаша хан кесенесінің өлшемдерін жазып, суретке түсіргенде кесенені XIV-XV ғасырлар деп көрсеткен [сурет-3]. Левинсон жазбаларында «кесенені салғанда қойдың майы қосылды деген ауызша дерек жазылып алынды, қымызбен айранды сылақ сылауға қолданылды делінген. Ал ол үшін көптеп малдарды арнайы осы аймаққа өрістетіп отырған». Кесененің құрылыстық материалдарының сапасына қарай Левинсон бұл ақпараттарды кесене бөліктерінде казейн болғандықтан шындыққа жақын деп жазған. Ал кесененің алғашқы нұсқасы жоғалтылғандығы жазылып, оған дәлел ретінде осы аймақтағы Дүзен Сандыбайұлының (XIX ғасыр) [сурет-4] кесенесі Алаша хан кесенесінің көшірмеші болып табылады деп жазған .

1946 жылғы Ә.Х.Марғұланнның зерттеулері барысында мазардан солтүстік батысқа 3 шақырым жерде, Қанды-Аралда, Кеңгір өзенінің құрғап қалған арнасынан кесененің еденінің кірпіштерінің қалдықтары табылды [6:81]. Бұл археологиялық жәдігерлер, кесененің құрылыстық бөлшектері жергілікті жерден шыққан, және де Кеңгір өзенінің жағасында жасалынған деуге мүмкіндік береді.



Кесене 16-қырлы баранға отырғызылған. Дәл осы әдіс Жошы хан мазарында да қолданылған. Барабан ішкі сегіз бұрышқа отырғызылып салынған. Кесене порталды, тең қабырғалы. Зерттеушілердің басым көпшілігі Алаша хан кесенесінің ерекшеліктеріне оның көлемдік-композициялық құрылысына назар аударады. Ғылыми тұрғыда «кубтағы сегіз бұрыш»-деп атайды. Негізгі қабырғаларында алты терезе орналасқан. Ішкі жағынан есептегенде терезе 45 градуста салынған. Айналаны бақылауға, оқ атуға өте ыңғайлы. Кубтың әр бұрышында жарты алма тәріздес орындар қаланған. Адам отыруға өте ыңғайлы. Ішкі сегіз бұрышта кішігірім екі терезе орналасқан. Олардың мақсаттары белгісіз.

Осы уақыт аралығында Г.И.Пацаев бастаған зерттеушілер қазба жұмыстарын жүргізгенде, қабірдегі ер адам 50 жас шамасында, оның денесі бөлшектеліп қалған қалпында табылған еді. Оның денесін құлап қалған кесене басып қалған болатын. Ә.Х.Марғұлан кесенені моңғолдық кезеңге дейінгі сәулет –құрылысына жатқызады, яғни XII ғасырға. Шмид өз жазбасында «Шағын төбешікте жылқы бастарымен, ағаштары үйілген» деп жазған. Ертеде Мөңке қаған билік еткен тұста Марко Поло, Рубрук сынды тарихи тұлғалар моңғол мемлекетін түпкілікті зерттеген. Шамандық рәсімге сай өлген малдың терісін ағашқа қадап іліп қоятын болған. Кесенеде ағаштардың шығып тұруы, композициясын бұзып тұру себебі осында. Ғалымдар бұл дәстүрді шаманизм белгілері деп атаған. Ә.Х.Марғұлан бұл деректерді пайдалана отырып, кесенені XII ғ. жатқызады. Марғұланмен келіспеген Герасимов кесенені XIII ғасырдың екінші жартысына жатқызады [6:253]. Зерттеушілердің басым көпшілігі Алаша хан кесенесінің ерекшеліктеріне оның көлемдік-композициялық құрылысына назар аударады. Ғылыми тұрғыда «кубтағы сегіз бұрыш»-деп атайды. Айналмалы дәліздердің болуы таңғалдырады. Зерттеушілер бір ортақ көзқарасты, яғни Алаша хан кесенесіне тең келетін, орталық Азияда ескерткіштер жоқ. Ендеше оның салыну уақытын анықтау өте күрделі мәселе.

Орталық Қазақстандағы ескерткіштердің ешқайсысы Алаша хан кесенесіндегідей құрылымы күрделі, айналмалы дәліздермен сатылармен салынбаған. Рашид-ад-Дин Жошы ұлысындағы Хан көтеруді былай деп баяндайды: “Ханды ақ киізге отырғызады да, үш рет көтереді. Содан кейін оны шатырды айналдыра алып жүреді”. Осы ретте айналмалы дәлізді осы дәстүрге сүйене отырып салды деген пікір туындайды. Кенесары ханның 1841 жылы хан көтеру рәсімі осы аймақта өткенің негізге алсақ. Бір қызығы кесенедегі жоғарғы қабаттағы дәліздер моңғолдық кезеңнен кейін қарқынды дамыды, оған мысал ретінде: Олджайлау мазары (Иран сұлтандығы 1315-1325 жылдары)- XIV ғасырда салынған [Сурет-5].




Рис. 3. Михайлов Олександр. Нечко XIV в. Суттаниа, Иран. Общий вид



Рис. 4. Михайлов Олександр. Нечко XIV в. Суттаниа, Иран. Фрагмент интерьера. Астана

Алаша хан кесенесінің тағы бір құрылыстық ерекшелігіне Орталық Азияда бұрын соңды қолданбаған оның бүйір қабырғаларында бір түсті емес (монохромды), екі түсті бояуды қолдану болып табылады. Оның суреттік көркемдігі қызыл кірпішпен үстіңгі ақ жақтаулармен ерекшеленеді. Шмидтің айтуынша «күмбездің төрт жағында кішігірім мұнаралар бар. Қабырғалары қызыл кірпіштен жасалып, ақ оюлармен безендірілген, сонымен қоса күмбез көк түсті кірпіштен құралған» деп есептейді.

Сурет-5

Кесене барлық жағынан оюланған. Кесененің бүйір қабырғаларын қалағанда «Алаша ою» әдісін қолданған. Атақты Сығанақ бойындағы Көккесене (XV ғасыр) де дәл осы әдіспен салынған екен (сурет-6). Алаша хан кесенесінің бүйір қабырғаларында бір түсті емес, екі түсті бояуды қолданған. Оның суреттік көркемдігі қызыл кірпішпен үстіңгі көк жақтаулармен ерекшеленеді. Ал Кесенеден 25 шақырым жерде орналасқан Алаша ханның көшірмесі болып табылатын Дүзен мазарының жақтаулары ақ түспен боялған. Айта кету қажет кесенені қайта қалпына келтіру кезеңінде қабырғалардан шыңғыс тұқымының таңбалары табылған [6:256]. Қабырғаларының бірегейлігі, орналасуы мен көркемдік үйлесуі айнымастай.



Рис. 8. Мавзолей Кок-Кесене. XV в.
Рисунок начала XX в.

Сурет-6

Кесенені қайта қалпына келтіру кезеңінде қабырғалардан шыңғыс тұқымының таңбалары табылған. Олардың ішінде (сурет-1) үш таңбалы таңба. Кірпіштегі таңба, кірпіш күйдірілгенше ойылып, басылған. Архив құжаттарындағы деректер бойынша бұл таңбалар Жошы ұрпақтарының таңбалары. 1850 жылғы Қыдырғали Өзбекалиевтің таңбасына өте ұқсас (сурет-1). Ол Нұралы ханның немересі, Әбілқайыр ханның шөбересі болып келеді. Сұлтанның шежіресі Жәнібек ханға барып тіреледі. №2 таңба (сурет-1) кесененің әр бөлігінде кездеседі. Бұл таңба орта жүздегі арғын руына жататындығы дәлелденген [6:225].

Жоғарыдағы деректердің барлығы Қ.И.Сәтбаевтың дерегінде көрсетілгендей Алаша хан есімін Хақназар ханмен сәйкес келетіндігін жазады. Хақназар жүздерді біріктіруші, тұтас мемлекет құрушы тұлға ретінде сипатталады [6:225]. Бұлардың барлығы анығында Хақназар мен Алаша хан байланысы бар екендігін көрсетеді. Біздің көзқарас бойынша бұлардың барлығы, Хақназармен байланысты екендігін дәлелдейді. Халық ауызындағы әңгімелердің өзіндік шығу тарихы бар, шындықпенен астасып жатады. Қорытындылай келе Алаша хан кесенесі Қазақстан территориясындағы архитектураның, құрылыстың дамуына байланысты сұрақтарға ғана емес, қазақ халқының мемлекеттілігіне, ұлттық тарихына байланысты мол ақпарат береді.

Жоғарыдағы мәселелер түйіткілді болғанымен, қалай деген де Алаша хан кесенесі өзінің сәулет – құрылыстық ерекшеліктеріне бай Орталық Азия көлеміндегі монументальды құрылыстар қатарына жататын кесене. Ол біздер үшін мол ақпарат мәйегі және де Ұлтымыздың төл тарихының үлкен нышаны.

Бұл зерттеу еңбегі Орталық Қазақстанда орналасқан Алаша хан кесенесін кешенді түрде зерттеу мақсатында жүргізілді. Тақырыпқа қатысты зерттеушілердің тұжырымдамалық ой-пікірлерін жүйелей отырып, тарихи деректерді талдау арқылы зерттеу жұмысында төмендегідей қорытындыға қол жеткіздік.

Алаша хан кесенесі Ұлытау аймағындағы орналасқан сәулет құрылыстық ерекшеліктері өте жоғары ескерткіш. Оған: оның Ұлытау төңірегінде орналасқан ескерткіштерге қарағанда, яғни Жошы хан кесенесімен салыстырғанда жаңа, биік жерде орналасуы, композициялық, ғимараттық белгілерінің өзі біраз затты аңғартады. Алаша хан кесенесі біздің тарихымыз үшін орны ерекше, ол тек ескерткіш ретінде ғана емес көптеген деректерді ашып, жинақтауға мүмкіндік беретін тарихи қазына. Ұлт болып қалыптасудағы Алаша хан тұлғасының, оған арналған ескерткіштің мәнісі зор. Ал Алаша ханға арналған бұл кесенені зерттеу көптеген дүниелерге көз жеткізуге мүмкіндік береді. Кесенені кешенді түрде зерттеу, басқа аймақтардағы ескерткіштермен салыстыру, архитектуралық ерекшеліктерін көрсету, нумизматикалық, этнографиялық, жаңа технологиялар негізінде зерттеулер кесененің салыну, құрылыстық ерекшеліктерін нақтылы анықтауға мүмкіндік берері анық. Ұлытау және де басқа да аймақтардағы ескерткіштердің мерзімдері шамамен алынғандықтан, Қазақстанның орта ғасырдағы архитектурасынан мағлұматтар бергенімен, нақтылы нүктені қоюға мүмкіндік бермейді. Кешенді зерттеулер арқылы Қазақстанның архитектурасының дамуын көрсете аламыз. Алаша хан кесенесі Орталық Қазақстанда бұрын соңды болмаған сәулет-құрылыстық ерекшеліктері басым, монументальды құрылыс.

Жоба аясында біздер 3 D турмен (Сурет-7) Алаша хан кесенесінің макетін жасап шықтық (Сурет-8). Зерттеу жұмысы тек теориялық бағытта ғана емес, тәжірбиелік тұрғыда жасалынды, Алаша хан кесенесінің өте жоғары деңгейде тұрғызылған құрылыс екендігі анық. Зерттеу жұмысын мұғалімдер сабақтарда пайдалануға болады. 3 D саяхаттар арқылы оқушылардың бойында ұлттық тарихқа деген сүйіспеншілікпен, Отанға деген құрметті тәрбиелеуге көп септігін тигізеді. Алаша хан кесенесі Қазақстан аумағындағы хәм бірегей, теңдесі жоқ құрылыс.



сурет-7



сурет-8

Әдебиеттер:

- 1.Альджанов О. Предания об Алаша-хане и об его сыне Джочи-хане // Киргизская степная газета. 6 апреля 1897 г. № 14.
- 2.Валиханов Ч. Ч [О Баян-Аульском округе] // Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. 2. Алма-Ата. 1985. С. 30
3. И.Я. Златкин История Джунгарского ханства. 41-б.
4. Красовский [Н. И.] Область сибирских киргизов / Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Ч. III. СПб., 1868. С. 259.
5. Роль кочевников в формировании культурного наследия Казахстана / Алматы, 2010-544с.
6. Сарыарка-колыбель степной цивилизации, Жамбыл Артыкбаев/ Алматы, 1999-31с
7. Сатпаев К. И. Доисторические памятники в Джезказганском районе // Народное хозяйство Казахстана. 1941. № 1. С. 71
8. Шәкәрім Құдайбердіұлы . Түрік, Қырғыз, Қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы, 1990. 22-23 б.
9. Шмидт Ю. Очерк Киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела в Акмолинской области //Записки ЗСОИРГО. 1894. Т. 17. Вып. 1--2. С. 12.

ӨРКЕНИЕТ КӨШІНІҢ ӨШПЕЙТІН ӨНЕРІ

Жағыпашев М.Б.

Сурет және дизайн кафедрасының мұғалімі

Сапарова Ж.

экология магистрі, биология пәні мұғалімі

«Облыстық Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясы»

дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар

мамандандырылған мектеп

Атырау қаласы

Жаһандану дәуірінде әлемге елімізді мұнай ресурстары және саяси бастамаларымен ғана емес ұлттық құндылығымызды ұлықтай отырып, бұқара халықтың дәстүрінен сыр шертетін қазақ даласының мәдениетін дәріптеу басты міндетіміз. Тарихы тереңде жатқан ұлы даламыздың асыл мұрасы, таным тіршілігі, дәстүр мұрағаты ұрпаққа қазына.

Ұлы даланың мақтан тұтарлық төл тарихы, мәдениеті мен өнегелі өнері бар. Өз шежіремізді терең ұғынып, ұлттық құндылықтарымыздың шынайы бағасын білгенде ғана болашағымыз жарқын және мәңгілік болмақ. Бүгінгі дамыған заманның өрлеу дәуірінде ұлтты сақтап қалатын асыл мұрасы – рухани мәдениеті. Ұлы дала мәдениеті – тұтас бір жүйе. Оған халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, ұлттық мүддеміз, қолөнеріміз, қылқалам туындыларымыз, тарихи архитектурамыз, сәнді зергерлік өнеріміз, жол- жоралғыларымыз дағды көз қарасымыз жатады. Тамыры тереңге бойлаған бұл атаудың тәуелсіз еліміздің түрткіл дүниеге таныла түсуіне, ұлттық имиджіміздің өркендеуіне орасан ықпал етпек. Ұлттық мүддеміздің ғалам мәдениеті мен өркениетінде өзіндік орыны бар екені анық. Өткеніміздің мұрасы бен болашақты үйлестіріп байланыстыруда заманауи жаңа үлгідегі озық цифрлы технологияның элементтерін қолдана отырып жаңаша форматта насихаттау заман талабы.

Ұлы дала мәдениетін насихаттауда Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының мүшесі, Республикамызда өнер мен білімді қатар меңгертетін дара білім ордасы Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясының қосар үлесі зор. Мұнда оқитын оқушылар орта



білім алумен қатар, 17 мамандық бойынша қабілеттерін дамытады: би, музыка, фортепиано, баян, қобыз, халық әні, домбыра, жеке ән айту, өндірістік графика және дизайн, сурет және майлы бояу, қолданбалы өнер, актерлік шеберлік, киім пішіп тігу және модельдеу, ақын-айтыс, журналистика. Өнер мен білімнің қос қанатында қалықтаған біздің академия оқушылары ұлттық өнерімізді насихаттап әлемге елімізді танытуда. Аталған өнер салаларына тоқталсақ:

Би өнері ұлттық салт- дәстүрімізді танытатын өнер саласы. Би өнерін насихаттау – бұл тарихымызды, салт-дәстүрімізді, ұлттық сазымызды таныта отырып тәрбиелеу. Қазіргі таңда академия шаңырағында «Қазына» және «Айжан- қыз» би ансамбілдері қазақ елінің салт – дәстүрін би өнері арқылы дәріптеуде. Тек әдемі қимыл ғана емес, сонымен қатар, ұлттық нақыштағы киім үлгілерінің өзі, нағыз қазақы қыздарымыздың болмысын суреттейді.

Ұлттық музыка халқымыздың баға жетпес құндылығы. Ежелден бері атадан балаға мұра болып, сан ғасырлық тарих қойнауынан өтіп, бүгінде жоғалмай, осы күнге жеткен асыл қазынамызды, біз де ары қарай өсіп келе жатқан ұрпаққа мұра ғып жеткізуіміз керек. Бұл біздің жер бетінде қазақта елдің өмір сүретінінің айқын дәлелі. «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек», – бұл Ұлт Көшбасшының Қазақстан халқына Жолдауында айтқан сөзі болатын. Осы ұлы өнерді жаңғырту жолында Нұрғиса фольклорлық оркесторы көненің көзіндей болған аспаптарды қолдана келе ұлы өнерді жас буынның бойына сіңіріп келеді.

Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясының өнерлі өрендері тек облыс, республика көлемінде ғана емес, дүние жүзіне танымал болып халықаралық сайыстардың жүлдегері атанды. Италия, Франция, Испания, Эстония, Словакия, Австрия, Түркия, Чехия, Германия мемлекеттерінде өткен фестиваль-конкурстарына қатысып, бірнеше рет бас жүлдені иеленіп қайтты. Италия мемлекетіндегі Флоренция қаласының Микеланджело институты ұстаздарынан Академияның жас суретшілері шеберлік сабақтарын алып, Италияның сурет құдіретімен танысып, Флоренциядағы тарихи ғимараттарының жанында және Римдегі Колизейдің жанында плэнер өткізілді. Өнер ошағындағы сурет мамандығын кәсіби тұрғыдан шыңдау және мәдени мұраны дамыту мақсатында Франция мемлекетіндегі атақты Лувр көрмесі мен Германиядағы Дрезден көрмесінен біліктіліктерін дамытып келді.

Сурет – бейнелеу өнеріне қажет ең маңызды қабілет пен дағдыларды қалыптастыратын бастауыш мектеп секілді. Сурет салу барысында адам қоршаған ортаны бақылауға, көргендерін ойша талдауға дағдыланып, заттарды, құбылысты терең сезініп қабылдай бастайды. Бейнелеу шеберлігін меңгеру, көркемдік көру қабілеті мен оны өз суреттері арқылы бере білу де суреттен басталады. Нұрғиса Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясының сурет бөлімінің меңгерушілері мектеп қабырғасындағы тарыдай бүлдіршіндерді сурет өнеріне баулып, таудай қылқаламның шебері етіп шығаруда. Осы өнер саласының майталман шебері Жантасов Әділқайыр тек қана бір жанр мен стиль шеңберіне сыймайтын суретшілер қатарынан. 2015 жылы аймақаралық суретшілер байқауында қазақ күйлерін картинаға түсірген. Атап айтсақ, Күй атасы - Құрманғазының шедеврі « Адай» күйі ел батырларының намысотын оятатын, жігерін қайрайтын ұран болған. Адай күйінің философиялық болмысын қылқаламның сырымен, қанық бояулар арқылы күй мен майлы бояу жанрын үндестіре білді. [1]

Қазақтың дәстүрлі музыкасының шыңында тұрған, ұлттық өнерімізді әлемге танытқан, ұлы күйшінің туған жеріне, қазақтың кең даласына деген махаббатынан туған Сарыарқа күйі. Құрманғазының «Сарыарқасы» бүкіл қазақ халқының еркіндікке, азаттыққа деген құлшынысын көрсетсе, осы күй өнерінің тарихын қылқалам шебері көркемдеп суреттей білді.

Қылқалам шебері күйді құлақпен сіңіріп, жүрекпен тартатын домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» күйін тарихын тасқа таңбалап суреттеген. Осы күйді бейнелеу арқылы Махамбет заманындағы отты дәуірді, халықтың мұң мұқтажын дәріптеген.

Белгілі күйші сазгер Секен Тұрысбековтың көптің көңілінен жол тапқан «Көңіл толқыны» туындысы адамның тұла бойын еріксіз толқытады. Күйге берілген күйші эмоциясын қылқаламның ұшымен картинаға суреттеген.

Шетелде төл туындыларымен танылып жүрген әріптестерім мұнайлы астана Атырау қаласы жергілікті халықты рухтандыратын және шетел қонақтардың назарын аудартатын әудем жерден көз тартатын әсем суреттермен безендіруде. Осы өңірден шыққан атақты тұлғаларды келешек ұрпаққа ұмыт қалдырмау мақсатында: Қазақтың өр рухты ақыны, жалынды жыршысы, көшпенділер



арасындағы көсем тұлға Махамбет батырдың, төкпе күйдің тарланы қазақ даласын асқақ та жігерлі күйлерімен тербеген ұлы күйші композитор Құрманғазының бейнелерін биік ғимараттар қабырғасына бейнелеген. [3] Күйші-композитор, қазақ музыка мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, Қазақ КСР Халық артисі Дина Нұрпейісованың және Египетті билеген төртінші сұлтан Бейбарыстың сұлтанның портреттері салыну жоспарлануда. Жас суретшілер классика мен заманауи үлгіні байланыстыра отырып, неоклассика жанырындағы туындыларымен бекзат өнердің бедерін айшықтап, өнер әлемінің асылдарын насихаттауда.

Ата-бабамыздан қалған көне дүниелерді қазіргі заманауи үлгіге лайықты қылып және қолданыста еркін тағуға ғана арналған дүниелер жасап жүрген жерлесіміз Қайрат Шапабаев. Жас зергер ұлттық мұраны заманға сай жаңғыртып жүр. Зергер қазақ даласынан табылған тарихи таңбаларды бұйым бетіне бедерлеп, күмістен құяды.

Тастың өзін теңдессіз әшекейге айналдырған зергер – ұлттық нақышты ұлықтап келеді. Жас зергердің әр бұйымы өзінше ерекше. Әшекейлердің көп бөлігі дерлік Батыс өңірі стилінде жасалған. Зергердің қоржынында XIX ғасырдағы көне туындалардың топтамасы бар. [2]

Қорыта келе, Тәуелсіз еліміздің болашақ ұлдарына ұлттыққұндылықтар мен тәрбиені сіңіре отырып, ұрпақтан – ұрпаққа мирас боған өркениетті еліміздің өшпейтін өнерін дарыту.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан кескіндемесі 30.09.2016ж, 211-б.
2. Атырау қаласы. Ақжайық газеті 28.02.2018. ж.
3. Қазақ ұлттық энциклопедиясы 2001/ББК 92, 2,234- 235 б.

ЖАҒАНДЫҚ ӘЛЕМДЕГІ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ

Жайдаркүл Ж.

тарих пәні мұғалімі,
№16 ЖОББМ

Сәтбаев қаласы, Қарағанды облысы

Мәдениет жасау үшін сол ұлттың бабадан келе жатқан дәстүрі мен ғұрпы болуы керек. Мәдениет қалыптасу үшін халықтың өзі болуы және өмір сүру маңызды. Тіл арқылы, сөйлесу, қарым-қатынас орнату арқылы мәдениеттің бірлігі мен тұтастығы сабақтасады.

Қазақ елінің бүгіні мен кешесін салыстыруға болмайды. Қанша ма шайқастарды, соғысты, бодандық қамытын көрген қазақ халқы үшін бүгінгі таңда өз күшін көрсетіп, экономикалық жақтан, саяси тұсынан, мәдениеті турасынан ортадан жарып шығып ту тігуі ерлік. Елбасының жыл сайын жастарға, халыққа арнайы жолдау жолдап, мәдениеттің қалыптасу жолдары туралы сөз етуі, көреген көзбен әлемдік бәсекелестің тек қана технология саласында емес, рухани құндылықты меңгеру керектігі хақында болып отыр.

Қазақ мәдениеті – сан ғасырлық тарихы мен шежіресі бар, қаймағы бұзылмаған көшпелі дала заңына сай қалыптасқан, өзіндік сипаты және қасиеті бар ұғым.

Қазақ мәдениетінің алғашқы бастауы қазақ халқының хандық дәуірге дейінгі және кейінгі болып қалыптасады. Көшпелі халықтың негізгі мәдениеті дала заңына сәйкес туындайды. Оның негізі төрт түлік малға, табиғаттағы табиғи құбылыстарға байланысты туындайды. Мәселен отырықшы елдердің мәдениеті ерте дамып, қалыптасып кетсе оған басты себеп тұрақтылық пен отырықшы мәдениеттің ұзақ сақталуы. Ал көшпелі дала заңының мәдениеті түрлі өзгерістерге, көшпелі-қону кезінде ескіріп-жаңарып отыруына тікелей негізделеді.

Қазақ мәдениетінің хандық дәуірден кейін өрлеу алып, дамуына себеп болуы, отырықшы өмірге айнала бастаған өзгеріс. Бодан жылдардың өзін есептемеген кезде қазақ үшін дәстүр, салт-сана, ғұрып, тек ұғымдары үлкен мәдени байланысқа тән рөл алған. Яғни моральдық тәрбиелеу арқылы адам бойына мәдениетті қалыптастыру, сіндіру қызметі жасалған.

Ал енді тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы қазақ мәдениетінің дамуы және өрге жүзуі мүлде басқа бағыт. Себебі жағандық бәсекеге қабілетті дамыған елдердің дамуы үшін тек қана экономикалық-стратегиялық қызметтер ғана емес, мәдени байланыс пен мәдениаралық культтің болуы. Бұл негізден келген кезде Қазақстанның мәдениеті үлкен рөл ойнайды.



Оған басты себептер:

Көшпелі дала заңымен қалыптасқан мәдениетті әлі сақтаушы ел ретінде белгілі;

Ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр және атадан балаға жеткен аманатты жеткізуші мемлекет ретінде танылған;

Орта Азиядағы географиялық орналасу жағынан да мәдениеті ортасы болып табылады;

Қазіргі қазақ мәдениеті соның ішінде күй, музыка, ән, табиғи болмыс, ұлттық нақыштағы қасиеттермен қатар ұлттық тағамдардың да орны мәдениеттіліктің бір жемісі ретінде белгілі;

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыр» мақаласының да ерекшелігі осы мәдениеттің қалыптасуы және оның жүзеге асырылуы. Мақаланы қарап отырып түрлі атаулардағы қолға алынатын жобалар тізбегін көресіз. Атап айтқан кезде «100 жаңа есім», «Туған жер» сынды одан қала берді мәдениетті көрсететін әдеби шығармаларды өзге тілге аудару арқылы қазақ халқының кешесі мен бүгінін әлемге паш ету.

Қазіргі қазақ мәдениетінің бірі – музыка.

Қазақ мәдениетіндегі музыканың алатын орны ерекше. Бізде Қазақстанда түрлі мектептер бар. Мәселен «Арқа мектебі», «Батыс мектебі», «Оңтүстік» деген сынды мектептер қалыптасқан. Бұл сол аймақтағы халықтың тұрмыс тіршілігіне байланысты туған музыканың дамуы және өркендеуі. Қоңыр дауыспен айтылатын әндер, термелер қазақ мәдениетіне тән ерекшелік. Мәдениеттің өзі алдымен сол ұлттық табиғатына бағынады. Себебі біздің ұлттық кодтағы мәдениеттің ошағы осы қоңыр әуенде.

Терме мен айтыс өнерін алып қаралық. Қазіргі кезде Еуразия кіндігінде айтыс өнері мен термен мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, заманауи үлгіде эстрадалық жанрға бағыттап отыр.

Қазақ мәдениетінің музыка өнеріндегі үлкен жетістіктерінің бірі ретінде халықаралық деңгейдегі жобаларда топ жүріп жүрген азаматтарымызды, әншілерімізді айта аламыз. Мәселен жас та болса қазақ даласында тек қоңыр әуенді бір тонды нотадағы өнердің қалыптаспағанын, еуропалық үлгідегі ұлттық негізге негізделген ерекше дауысты паш еткен Димаш Құдайберген мемлекеттің мерейін көтерді. Бұл бір.

Екінші «Ұлытау» тобы. Аталған топты бүкіл еуропа таниды және біледі. Олардың насихаттап жүрген күй өнері қазіргі кезде қазақты танытуға арналған үлкен мәдени жоба. Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей сынды қазақ даласындағы күйшілердің барын, тұлғалардың өмір сүруін бейнелейтін күйлер арқылы қазақ мәдениетінен сыр шертеді.

Күй – қазақтың жаны. Қадыр ақын айтқандай: «нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра». Қос ішек, біра шанақтың күдіретін сездіріп, қазақ даласының мәдениеті жайында күй арқылы сыр шерту үлкен өнер. Рок стилінде заманауи өркениетке икемдеп, күйдің болмысын сақтап, өнер арқылы жеткізу және оны әлемге көрсету – жетістік.

Қобыз. Әлемдегі ең мұңлы және қасірет күйін жекізуге арналған бірден-бір аспап. Қазақ даласында өмір сүрген Қорқыт туралы аңыз әлем кітапханаларында сақтаулы тұр. Себебі Қорқыттың қобызы қазақ даласының, көшпелі жұрттың тұрмыс-тіршілігінен хабар береді. Қобыздың тарихын, Қорқыттың аңызын оқып, әлем қазақ мәдениетімен таныс болады.

Жіпке тізіп шықса музыка өнері арқылы да қазақ мәдениеті танылады және әлем оны мойындайды.

Қазақ халқының тағы бір ерекшеленетін мәдениеті қонақжайлығы мен салт-дәстүрді берік ұстануы.

Елімізге келетін шет елдік туристердің ең бірінші таңдай қағып, тамсанатын жері қазақтың қонақжай мәдениеті. Қонақ күту кәдесі, шығарып салу ырымы бәрі де әлі күнге дейін сақталған және заманынан қарай қарыштап өсіп отырған.

Салт-дәстүрге келген кезде, қазақтың бәсі алға шығады. Тұрмыстық санаға, жерге, халықтың шоғырлануына қарай түрлі дәстүр мен тұрмыс-салт қағидалары бар. Әр жерде әртүрлі сақталғандықтан олардың өзіндік ерекшелігі мен қасиеті бар.

Қазіргі қазақ мәдениетінің даму үрдісімен шет елдік сарапшылар мен ғалымдар, жиһангерлер негізінен биыл елімізде өткен ЕКСПО-2017 халықаралық көрмесі кезінде жақсы танысты деуге болады. Ұлттық ойындар ойнатылып, ұлттық тағамдар дайындалып, қонақжай халықтың мәдениетін сіңірді деуге болады.

Қазақ мәдениетінің шоқтығы биік, өзгелерден оқ бойы озып тұратын жері тек пен жеті аты ұғымы.



Қазақ халқы әлемдегі қаны таза ең бай халық ретінде белгілі. Жеті атадан асып қыз алмау дәстүрі, жеті атасын білу мәдениеті халықтың қанына сіңген ұлы қасиет. Тек мәселесіне келген кезде, бұл сөздің астарында мәдениет те, тәрбие де, ұлттық таным негізі жатыр. Сондықтан қазақ мәдениетінің кешесі мен бүгінін бөлек ажыратып айту тағы да теріс пікір.

Өткеннен қалған аманаттарды сақтай отырып, бүгінгі мәдениетті қалыптастырып отырған қазақ халқы турасында әлем тарихшылары, зерттеушілері де талай қалам термеп, жылнамалар мен естеліктерде көрсетіп кеткен. Мәселен қазақ халқының ең бірінші болып жылқыны қолға үйретуі туралы, қонақжай халық екендігі хақында жазылған еңбектерден-ақ мәдениет ошағының әлі өшпегінін аңғарамыз.

Жалпы қазақ мәдениеті жайында айтқан кезде Мағжан Жұмабаевтың тегінде айтып кеткен еңбегін бір шолып өткен жөн.

«Қазақтың дәстүрлі мәдениеті, құдайға шүкір, ешкімнен кем емес. Мысалы, эпос жанрын алайық. Айтатынымыз да, мақтан ететіміз де – осы эпостарымыз. Кең қарымды, кең құлашты, қазіргіше айтқанда – поэмаларымыз. Әлемде эпос тудырған халықтар саусақпен санарлық. Батысымызда байырғы гректер «Иллиада» мен «Одессеяны» тудырса, Шығысымызда үнділер «Махабхарата» мен «Рамаянаны» тудырған, одан кейін Шығыс Европада «Үлкен Этта», «Кіші Этта», «Каллевала» сияқты құранды эпостар туған. Эпостық жырлары бар елдер осылар ғана. Мүйізі қарағайдай «ұлы орыс» халқының «Игорь жорығы туралы жыры» бар болғаны 8-ақ бет болса, мен қарасөзге айналдырған «Алпамыс батыр» эпосы 800 бетті құрады. Мінеки, эпос деген осы.

Эпостардың туу себебіне қатысты үлкен-үлкен өте жақсы ғылыми зерттеу еңбектер жазылған. Эпос – соны тудырған елдің этникалық қарымының нәтижесі. Демек, Евразияның ұлы даласындағы бабаларымыздың сөз өнерінің асқақ биігін туындатқанын байқаймыз. Тіпті, Европа әдебиетінің тарихына қарасаңыз, бірінші ауыз әдебиеті, содан кейін жазба әдебиеті дейді. Ал, бізде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасында бес ғасыр жыраулар поэзиясы жатыр. Аталған бес ғасыр поэзиясы – тәңір тектес асқақ, сөз өнеріміздің ұлы құдіретті сипаты.

Екінші, дәстүрлі мәдениетімізді, яғни қолөнеріміз жайлы ауыз толтырып айта аламыз. Қолөнер мәдениетіміз өте тереңнен бастау алады. Скифтің алтынмен апталған, күміспен күптелген дүние мүліктерінен бастап, өзіміздің күні кешеге дейін әке-шешеміз тіккен киіз үй – қолөнердің ең ұлы шыңы. Киіз үйдегі сүйектен, ағаштан, киізден, шиден т.б. жасалған қажетті заттардың бәрінен құрастырылған ғажайыпты ақыл-ойдың нәтижесі, табысы деп қабылдауға болады. Бұл ретте көшпелілер өзінің тұтынатын қолөнер заттарын өнер деңгейіне жеткізген. Мен бала кезімде шешей қымыз сапырып отыратын мүйіз ожауды ұстап ойнаудан жалықпайтынмын. Кейін тура сондай мүйіз ожауды Орталық мемлекеттік музейден көргенде көзіме жас үйірілді. Қандай сұлулық! Неткен әдемілік! Демек, көшпелілер өнер деңгейінде өмір сүрген. Тұтынған заттарының барлығы өнер деңгейінде болған. Ол тозса, қайтадан одан да жақсы қылып жаңасын жасайтын болған. Қолөнердің ұлы туындысы – киіз үй.

Үшіншісі, музыкалық мәдениеті. Музыкалық мәдениетіне мен екі-үш ақ мысал келтірейін: сіздер ол мәдениеттің тектілігін, терең асыл екендігін пайымдайсыздар. Қазақ халқы қазақ атауын иемденбей тұрған кездің өзінде-ақ осы далада домбыра тартылып, күй жанры туған. Күні бүгінге дейін орыс, татар сияқты өзіміздің бұрынғы Кеңес одағының аясындағы елдерді алсақ, осылардың дәстүрлі музыкасында күй жанры, яғни аспапты музыка жанры жоқ. Орыстар балалайканы қолға алып, жерді бір теуіп, частушка айтады, бар музыкасы осы ғана. Ал, күй деген – музыкадан сөзсіз бөлініп шыққан дыбыс, музыкалық жанрдың дүниеге келуі. Бұл бейнелеп айтқанда сөз өнерінде роман, эпопея жанрының дүниеге келгені сияқты. Ал енді осы күй өнерін туындатқан авторлы музыканың өзіне осы далада 1200 жыл.

Мәдениет сөз болған уақытта біз ешуақытта бүгінгі аумақтық, яғни территориялық шеңберімізбен шектеліп қалмауымыз керек. Өйткені, қазақ дейтін халықты құрсағында тербеткен ұлы даланың аумағы қазіргі шекарадан әлдеқайда кең болатын. Біз отаршылдықтың қақпанына түскен кездегі жеріміздің үштен бір бөлігінен айырылып, тәуелсіздік алдық. Осы орайда, шекара сыртында жатқан мынадай мәдени 5 түрлі рухани асылдарымызға біз ұдайы назар аударып жүруіміз керек. Бірінші – атамекен жұрттарымыз, екінші – сол жұрттарда сүйегі қалған ата-баба әруақтары, үшінші – шекара сыртында жатқан жалпы мұралар, төртінші – шекара сыртында аналарымыздың, аталарымыздың қолымен жасалған материалдық мәдениеттер, бесінші – шекара сыртында әлемнің қырықтан астам елінде бас сауғалап жүрген қандас бауырларымыздың қолынан туған өнер



туындылары. Осының барлығы біздің төл тарихымыздың, төл мәдениетіміздің құрамдас бөлігі болып табылады».

Дәл осы сақталған дәстүр бүгінгі қазақ елінің жаһандық бәсекедегі ұлттық руханиятын сақтап тұрған мәдениеті. Қазіргі таңдағы мәдениеттің тағы бір жетістігі Астана, Алматы сынды үлкен мегаполис қалалардағы ұлттық нақыштағы бедерленген сәулет өнері. Көз тартатын зәулім ғимараттар мен кесенелер, қоғамдық орындар осы қатарға жатады.

Тәуелсіздік алғалы 25 жылдан астам уақыт ішінде осындай үлкен жетістікке жету мемлекеттің мәдениетінің өсуі.

Әлем бізді тек мұнай өндіретін ел ретінде ғана емес, мәдениетімізбен де тануы керек. Себебі мәдениеті бай, дәстүрі мен салты жоғалмаған ұлтты ұлт деп санауға болады. Ал бұл критерилерге қазақ халқының бүгінгі мәдениеті сайма-сай келеді.

Алыс-жақын шет елдермен орнатқан мәдениаралық қатынастар, мәдениетаралық ұйымдастырылатын халықаралық деңгейдегі шаралар елдің жемісті қызмет атқарып жатқандығын көрсетеді.

Кешегі Абай салған дара жол, Мұхтар Әуезовтер жалғаған қазақ мәдениетінің бір беті әдебиет парағында парақталып жатыр десек те қателеспейміз. Мәдениет арқылы танылу тез. Мәселен әлем әдебиеті дейтін ұғым арқылы бүкіл халық өз тіліне аударылған шет ел акын-жазушыларымен етене жақын таныс болады. Олардың шығармалары арқылы сол елдің мәдениетін, өмір сүру салтын ұғынады. Кешегі Лев Толстойдың «Соғыс және өмір», Пушкиннің «Анна Каренинасы», Мопассендер мен Бальзактардың шығармалары арқылы біз әлемді таныдық. Дәл сол секілді біздің де әдебиет арқылы әлемге танылуға үлкен мүмкіндігіміз бар.

Алдыңғы сара жолды салған Абайдың философиясын, даналығын бүкіл әлем мойындайды. Кейінгі буындардан келе жатқан жазушылардың еңбектері көптеген тілдерге аударылып, әлем оқып жатыр. Бұл қазақ елі үшін, қазақ елінің мәдениеті үшін үлкен жетістік деуге болмайды десек қателесеміз. Бұл үлкен мүмкіндік.

Қорытынды

Көшпелі дала мәдениетінің отырықшы елдердің мәдениетіне қарағанда көмескі тартқан дәстүр секілді көрінгенімен, оның қарыштап дамуы және әлемдік аренаға шығып, өз бойын көрсетуі әлі-ақ. Себебі табиғатпен етене байланысқа түскен ұлттың ұрпағы да, одан кейінгі ұрпағы да мәдениетпен ген арқылы өмір сүреді.

Қазақ елін мәдениетпен әлемгі паш ететін музыкасы, спорты, өнері, әдебиеті бар. Ендеше ұтылған ештеңе жоқ. Еңбек пен дарын бар жерде талант өлмейді. Ал талантты тудыратын табиғат болса, табиғатқа бағынатын мәдениет. Осы бір ұғымдар арасындағы байланыс бір елдің бар болмысын көрсетуге қауқарлы.

Елдің ертеңі де, болашағы да, өткені де, бүгінгі де мәдениетпен тікелей байланысты. Сондықтан жұтаң сандармен ғана әлемді жаулап алу бүгінгі дамыған замандағы ең үлкен қателік. Әлем қазір мәдениет арқылы өмір сүруге бет алды. Ал оның ішіне біз жоғарыда айтып кеткен жүздеген қасиеттер мен қабілеттер, құбылыстар жатады.

Біздің қазіргі кезде елдің ішкі және сыртқы нарығын көрсету үшін, ұлттық бұйымдарымыздан жасалған өнімдерді экспорттау мәселесі алдыңғы орынға шығу керек. Ою-өрнекпен өрнектелген ұлттық бұйымдар арқылы қазақты әлемге танытуға болады. Қазірдің өзінде бұл үрдіс бастау алып, жалғасын тауып келеді.

Өз елінің мәдениетін бойына сіңірген адам, сол елдің болашағы үшін жұмыс жасайды. Өз елінің мәдениетін пайдаланып, еліне үлес қосқан адамды әлем таниды. Ал әлем таныған адам арқылы, әлем таныған ұлт арқылы, адамзат сол мемлекет туралы сөз етеді. Ал бұл қазақ халқының, қазақстанның зор жетістігі болып қала береді.



ҰЛТ МӘДЕНИЕТІ - ҰЛЫЛЫҚ НЫШАНЫ

Жумабаева Б.Н.

директордың әдістемелік қызмет жөніндегі орынбасары
«№7 ЖОББМ» КММ,
Сәтбаев қаласы

Мәдениет!..

Адамзат болмысының айқын бедері осы мәдениетте екендігі белгілі. Иә, сан ғасырлық тарихы бар адамзат баласының даму деңгейін де осы мәдениет арқылы саралайтынымыз анық. Мәдениет - барлық адами игіліктің бастауы, қоғам тұтқасы. Мәдениет ұғымында адамдық ақыл-ой, парасат, ізгілік пен мейірім тоғысқан.

Иә, кез келген адамды мәдениет деңгейіне қарап бағалайтындығымыз белгілі. Әлгі «киіміне қарап қарсы алады, біліміне қарап шығарып салады» деген пәлсапаның астарында да осы мәдениетіңіз «бұғып» жатыр. Олай деуіме себеп, адамға мәдениет деген ұғымның білім арқылы келетіндігінде дер едім.

Ең алдымен біз «Мәдениет дегеніміз не?» – деген сауалымызға жауап табу үшін бұл күрделі ұғымды білдіретін сөздің шығу тегіне зер салу үшін ғаламторға «жүгініп» көрейікші.

«Қазақ тіліне бұл термин арабтың «маданият»- қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл орта ғасырдағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты».

Жөні бар сөз. Себебі, «мәдениет» деген ұғымның өзі халық көп орналасқан жерде өсіп-өркендейді, дамиды емес пе?..

Енді ұлттық мәдениетімізге қарай ат басын бұрсақ.

Әңгімеміздің әлқиссасын Тұңғыш Елбасымыздың сөзімен бастайық.

«Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі - мәдениеті. Мәдениет - ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады», - деген болатын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бір сөзінде.[1]

Иә, егемендік алып, етек жауып, Тәуелсіздіктің тұғырын бекіте түскенімізге бұл күні ешкім де шәк келтіре алмас. Ал, ұлттық мәдениетіміз ше? Өз деңгейінде дами алды ма?

Жалпы ұлттық мәдениетімізге тіліміз, діліміз, салт-дәстүріміз, тарихымыз, музыкамыз, қолөнеріміз, әдебиетіміз, тағы да басқа құндылықтарымыз жататындығы белгілі. Дегенмен де ұлтты ұлт ретінде ұйыстыратын басты қазынамыз - ана тіліміз екендігі белгілі. Сөзіміздің басында айтып өткеніміздей, «киіміне қарап қарсы алады, біліміне қарап шығарып салады» деген қанатты сөз осы тіл мәселесімен ұштасып жатыр.[2]

Қазақта «Білім кілті - тіл» деген мақал бар. Бұл дегеніңіз тіліміз әдебиетті, ғылым-білімді, мәдениетті өркендетеді деген ұғым екендігі белгілі.

Өкінішке орай, қазіргі таңда ана тіліміз өз деңгейінде салтанат құрып отырған жоқ. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алғанына біршама жылдың жүзі болды. Соған қарамастан қазақтың тілін екінші деңгейдегі тіл ретінде қараушылар азаймай отырғанға ұқсайды. Біздің елімізде мемлекеттік тілге деген талап күшті емес. Сосын да шаруа осылай болады.

Қазіргі жастардың қолында әке-шешелерінің де қолына түсе бермейтін қымбат ұялы телефондары бар. Олардың санасы сол телефонға тәуелді. Оларға тамақ бермесең берме, бірақ телефонына тиісе көрме! Сұрайтыны осы. Ал, сол телефоны түскір әлпештеп отырған баламыздың болашағына балта шабуда! Өйткені қазіргі таңда ұялы телефонда ана тілімізді аяққа басу процесі өте қарқынды жүруде. Бір-біріне хабарлама жазу кезінде қазіргі жастар қателік дегенге пысықырып та қарамайды, бастысы бір-бірінің ойын түсінсе болғаны.

Қазіргі күні көп айтылатын «Математика - ғылымдар патшасы» деген қанатты сөзді сіз де естіген боларсыз. Мен айтар едім, «Тіл - ғылымдар патшасы» деп. Өйткені адам өмірге келген кезде алдымен сөйледі, яғни тілді үйренеді емес пе?! Сосын барып басқа ғылым салаларын меңгереді.



Әр отбасының тірегі ата-аналар балаларының әр ісінен көңіл бөліп, күнделікті тіршілікте ана тіліміздің қаймағын бұзбай сөйлесе, бәрі орнына келер еді. Өйткені балаға тәрбие негізі өз отбасында беріледі.

Сонымен қатар мектепте сабақ барысында қазіргі уақытта көп қолданылмайтын сөздерге байланысты қызықты тапсырмалар орындатудың да оқушының ана тіліне деген қызығушылығын арттыра түсетіндігі сөзсіз.

Қазіргі кезде біздің қоғамда тіл мәселесіне тек қана қазақ тілі мұғалімі ғана жауап беруі керек деген қасаң пікірдің бар екендігі шындық. Кез келген мамандық иесі ана тіліміздің кәусар бұлағынан сусындап жүргендіктен, тіл тазалығын сақтау бәріміздің де міндетіміз деген ойдамын.

Енді өз тәжірибеммен бөлісе кетейін.

Сабақ барысында қазір қолданыстан шығып бара жатқан сөздердің мағынасын табу туралы тапсырмалар берсеңіз, оқушылардың қызыға орындайтындығына күмәнім жоқ.

Әне шал бар өмірі құлдықта өткен,

Үстінде *шидем шекпен*, қолда кетпен. (шидем - түйе жүнінен тоқылған киім)

Табасындар тек музейден,

Шабатаны қырық жыл бұрын киілген. (шабата - жазғы аяқ киім)

Ат құйрығын шарт түйген,

Көк *кіреуке* киінген. (кіреуке - соғысқа киетін сауыт)

Осындай көп қолданылмайтын сөздердің мағынасын алғашқы болып табуға қай оқушының да тырысары анық, осыдан келіп ана тіліміз еңсесін тіктей бермей ме?..

Тағы бір қатер - салт-дәстүріміздің ұмытылып бара жатқандығы. Ұлттық құндылықтарымызды тек қана 22-наурыз күні көретін болдық. Сол күні көшеге киіп шыққан шапанымызды қаттап буып, қайтадан сандыққа салып қоямыз.

Шіркін, - деймін кейде. Ұлттық киімімізді күнделікті киіп, ұлттық құндылықтарымызды күнделікті ұлықтасақ, дәл осындай дүбәра күйге түсер ме едік? Әлгі «көзден кетсе, көңілден де кетеді» деген қанатты сөздің астарында қаншама шындық жатыр десеңізші? Осынау ұлттық жәдігерлерімізді күнделікті қолданып жүрсек, барлық мәселе оңай шешілер еді. Қазақтың қабырғалы ақыны Қасымхан Бегмановтың тілімен айтсақ: «Қазақ халқының ұлттық дәстүрі – ұлттық рухтың тайқазаны. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жеке адам емес, бүкіл қоғам бірлесіп жасайды. Халық ұлт болып өмір сүруі үшін оның әдет-ғұрып, салт-сана түріндегі ұлттық дәстүрлері болуы қажет. Жер бетінде қазақ деген ұлт болып кеңінен танылуымыз үшін, ұлттық сана-сезімімізді оятып, ұмыт болуға таяған салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртуды міндетін деп біліп, қолға алуымыз керек». [3]

Иә, бабалар салып кеткен дара жолмен, ата салтымызбен өмір сүру – ұлттығымыздың басты міндеті. Дегенмен, сол заманға сай өмір сүру деген түсініктің бар екендігі де белгілі. Дәстүрімізге сай өмір сүру, оның кейбір тұстарын заман талабына сай жаңғырта, бейімдей отырып қолдану – өнершілдіктің белгісі.[4]

Мысал үшін, қазіргі үстімізге іліп жүрген киімдерге ұлттық нақыштарды, ою-өрнегімізді салудың қаншалықты қиындығы бар? Тігін фабрикаларын ашқан қалталы аға-апаларымыз, керісінше, әлемдік брендтердің атауын өздері шығарып жатқан киімдерге тықпалап әлек. Сонда кім не ұтты? Түсініксіз.

Ел алдында жүрген ардақты азаматтарымыз, сонымен бірге хит әншілеріміз ұлттық құндылықтарымызға - тілімізге, ділімізге, салт-дәстүрімізге, тіпті иінімізге іліп жүрген киімімізге бір сәт назар салып, ел алдында жарқыратып көрсетер болса, біраз дүние қалпына келері анық.

Ұлт мәдениеті - ұлылық нышаны. Ендеше, ұлттық руханият бастауы - мәдениетімізді ұлықтауды бүгіннен бастайық, замандас!..

Әдебиеттер:

1. Ғаламтор материалдары.
2. Т.Ғабитов «Мәдениеттану».
3. Қ. Затов «Мәдениеттану» А-2002 ж.
4. Т. Ғабитов «Қазақ мәдениетінің типологиясы».



АУЫЛЫМ- АЛТЫН БЕСІГІМ

Назипарова Р.М.

тарих пәнінің мұғалімі,
«№14 Алғабас ЖОББМ» КММ,
Ұлытау ауданы

Әрбір қазақтың, әрбір дала баласының жүрегінде бойтұмардай жатталған қасиетті ұғым бар: ол – ауыл.

«Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы, Одан артық әңгіме табылмайды», – деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлаған ауыл жайлы әңгіме айту, кез келген далалықтың парызы.

Ауыл деген шіркін, тіршілік бейнетіменде тұғырлы деп ойлаймын. Қым-қуыт тірлік, әрине, апа-жеңгелеріміздің таңмен бірге таласып оянуымен басталады.

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елі мен өткенімен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін отан ошақ басынан басталады [1: 17].

Ауыл – қазақтың түп қазығы, рухының қайнар көзі. Ауылдан қол ұзу қазақ үшін түп тамырынан ажыраумен бірдей. Қазақтың телегей теңіз тарихы, дәстүрі дала өмірінде қалыптасқан. Біз мұны қашанда ескеруіміз керек. Дала бізге небір даналарды берді. Біле білсек, бәрі де даладан, ауылдан бастау алады. Қазақ баласы үшін «Ұлы дала» дегеніміз – туған жер, туған ауыл. Демек, Мемлекеттің тірегі, іргетасы да – осы ауылда, тамырымыз – ауылда. Ауыл қазақ үшін барлық құндылықтарды жинақтаған қасиетті ұғым.

Ауылды әнге қосқан, әңгімеге арқау еткен танымал жазушыларымыз көп. Біз жас буынның қаламынан ауылға арналған толғау, ауылдағы өзекті мәселелерді көтерген повесть, әңгімелердің, ауылдың бүгінгі тұрмыс тіршілігін суреттеген драма, пьесалардың туғанын, көбейгенін ұстаз ретінде мақсат тұттым.

Менің ойымша қазақ мәдениеті - біздің ұлттық бірлігімізді сақтаудың негізгі тетігі.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі, түп төркіні десек, қателеспеген болар едік. Аттың құлағында асыр салып ойнаған халқымыз кең-байтақ, дархан даламыздың ауыл – анамыздың перзенті. Ауыл ананың аялы алақанынан талай ұлы ғалымдар, ақындар мен жазушылар, көптеген қоғам қайраткерлері түлеп ұшқан жоқ па? Кіндік қаны тамып, кірін жуған ауылына ақындар жыр жолдарын, жазушылар сөз қорларын аяды ма? Алайда уақыт өтіп, жылдар жылжи келе алдымыздағы бұрынғы жалындаған жастардың қатары сиреп барады. Біреулер қалаға білім іздеп кетсе, енді біреулер екі қолға бір күрек тауып жұмыс істеу үшін кетеді.

Ай жаныңда тыныштық сыйлап, анда-санда әрлі-берлі сипап өтіп, қытырыңа тиетін, барары мен келер жері беймәлім ерке жел еркіндікке үйретсе, сыңғыр күлкісі еріксіз еліктіретін бұрымды өзен – ару бір байыппен сылдырап ағып, сабырлық пен байыптылыққа баулыды.

Ауылым – алтын бесігім

Жүрегім, жырым сенікі,

Кенесті далам, кең далам.

Тудым, өстім, есейдім,

Ең далам – анам, мен [2: 128] - балаң деп ақын атамыз жырлағандай, менің ең далам, тұғырым - Қазақ елі. Туған өлкемнің тұныптұрған әсем көрінісі бойыма еріксіз мақтаныш сезімін құяды. Тау етегіндегі қуыстарды қуалай өскен буталы орманы, тау суын сарқырата кең далаға алып қашқан өзендері, дән теңізіне шалынған жазық даласы, төрт түлік малға төсін ашқан құтты жайлау қырлары, көк жасыл желекке бөленген ауыл үйлері, зәулім ғимаратты үлкен, көрікті қалалары бойыңа еріксіз күш, қайрат, елге деген махаббат сезіміне бөлейді.

Қасиетті, туған жер! Бойымдағы бар жақсы қасиеттерім үшін мен саған қарызармын, қажырлық пен қайсарлықты, құзды шынды тауың мен асау желің үйретсе, жомарттық пен ақ пейіндікті мына жатқан жеміс талы сай-самаңнан үйрендім. Шыдамдылық пен байсалдықты шетсіз де шексіз далаңнан үйрендім. Осынша сұлулыққа бөленуіне қандай себеп, әсер етуші қандай күш деп толғанамын, ойлана келіп тау қуысындағы әрбір бұтаның, өзенге күлер әрбір бұлақ көзінің теңіздей тербелген егістегі дән сабағының, жайлауыңдағы әрбір шалдың, ауылдағы әрбір жеміс ағашының



бойында адамның жұмсаған күкі-жігерін, төгелгентері – еңбектен жазылған шежіресі барлығын ұғамын.

Туған жерім – алтын бесігім деп туған елді көркейтуде аянбай тер төккен еліміздің перзенттерінің еңбегіне сүйеніп, өзің де солардың қатарында болғың келеді. Осынау күн сәулеулі нұрын шашқан кең байтақ даламда жүзден астам ұлт өкілдері тұрады. Халқымның ерлігі – еңбекте, арманы – әнінде, қуанышы – күйінде, бақыты – бауырмандығында, жасампаздығы – жарқын істерінде дептүсінемін.

Еліміздің тарихында бұрын соңды блмаған саясы, әлеуметтік, мәдени-тарихи жетістіктердің бірінен соң біріне қолжеткізіп жатыр. Қазақ елін бүкіл әлем таниды. Ол дүние жүзінің көптеген елдері мен достық байланыс орнатты. ТМД, БҰҰ ұғымдарына мүше болып, дүниежүзілік қауымдастықтан өз орын алды. Еліміз үшін жиырмасыншы ғасырдың маңызы зор. Себебі еліміз тәуелсіздік алып, сол тәуелсіздіктің белгілеріне ие болдық. Өзіміздің ұлттық бейнемізді, болмысымызды, тарихимызды көрсететін рәміздерімізді белгіледік. Еліміздің елдігін танытатын белгілерінің ішінде – Мемлекеттік Тудың, Елтаңбаның, Әнұраның жөні бөлек.

1998 жылы 10 масымда жаңа Астана, қазіргі Нұр-Сұлтан дүние жүзіне таныстырылды. Бүгін де әлем назарын өзіне аударып, келешегін қызықтырып отырған Қазақстанның әр күні, айы, жылы жағымды жаңалыққа толы. Дәл қазіргі уақытта бейбіт өмір сүріп жатқан қазақстандықтар Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанған саясатын толық қолдайды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші бізде ол кісінің жүргізіп жатқан ісін қуаттаймыз [3: 16]. Біздер жастар, қазақ елінің ертеңіміз Бірінші ұланғайыр жұмыстарды біз жалғастыратын боламыз. Сондықтан да менің құрбыларымөте жақсы оқып, білімді болып ер жетуі тиіс. Мен осы Қазақстанымның болашағы зор екеніне сенемін, өйткені біздің елімізде татулық та, достық та, байлық та бар. Адам асқар арманына халқын, тілін, Отанынтуған жерін шынайы сүйсе ғана қолын жеткізе алады. Қазақ жастары алаңсыз өмір сүруі үшін ең керегі – бейбітшілік.

Бұл – біздің туған ел алдындағы перзенттік борышымыз. Көгілдір аспанымызды соғыстың бұлты торламай, осыдан жарты ғасыр бұрын адамзат баласына жасалған қатыгездік қайталанбай халқымыз азат, еркін, бейбіт өмір келсе екен. Көрші елдердегі ел басына түскен ауыртпашылық, соғыс зардабы ұрпақтарымызға келмесе екен. Біздің қазақ елі аяғынан тік тұрып, гүлденіп көркейтіп, біз сенілді жастар елінің кекркіне жарап, кірпіш болып қаланса деп екен.

Төбесі көкті тіліп бұлтпен сырласқан маңғаз таулардан рухани биіктікті, жайқалған жасыл желігінен өмірге сүйіспеншілікті, жылы жүзділікті қыбыр-жыбыры таусылмас жәндігінен еңбекқоршылықты үйрендім. Қарап тұрсақ адамдықтың өзін еңбегінің өтеуін сұрамайтын аңғал даладан үйренеді екенбіз. Туған жер төсінен жырақта жүріп, сағынып келіп құшағына ден қойғанда еріксіз елжіреп, тұла бойыңның шымырлайтындықтан да туған топырағыңды аңсағаннан ғана емес оның көкейіңе салған адамдақ ұстанымын да сағынғандықтан болар.

Халықтың тарихы мен мәдениетін есепке алмай, этностық дамудың түп-тамырын, қазақы мәдениеттің рухани, адамгершілік басым құндылықтарын түсінбей бүгінгі Қазақстанның өркендеуі мүмкін емес.

Егер біздің бойымызда адамгершілік пен имандылықтың бір белгісі болса, ол – қарапайым қазақ ауылының өнегесі, берген тәрбиесі. Қысқасы, ауыл бізге қарыз емес. Ендігі жерде ауылға біз қарызбыз.

Көпшілігіміз ата сақалымыз аузымызға түскенше, сол қарызды ұмытып кеткен сияқтымыз. Ендеше, бел шешіп, білек сыбанып ауылға көмек қылар кез келді. Қарызымызды қайтаратын, парызымызды өтейтін уақыт туды. Ұстаз ретінде оқушыларымды Отансүйгіш ұрпақ ретінде тәрбиелеуді мен осы жолда өзіме мақсат етіп қойдым.

Қортындылай келсем, үш жүздің басы қосылған қасиетті Ұлытаудың топырағына аунап жүріп, туған дала төсіне жүгіріп шығып, о шеті мен бұл шетіне көз жүгіртіп, айналаңа көз салсаң, ақиық ақын М. Мақатаев атамызша «Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!»-демеске еш шараң қалмайтындай көрінеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы. 5 томдық-II том. Асылбеков М.Х., Алдажұманов Қ.С., Байпақов Қ.М., Қозыбаев М.Қ., т.б. ред. Алматы, 1998.
2. Қазақ ауылының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы кітап – 2017.
3. М.Мағауин, Естеліктер кітабы. Алматы, 1996.



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ: ҰЛТ ПЕН ҰРПАҚ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Оразбаев Е.Х.

тәрбие ісінің меңгерушісі,
«№14 Алғабас ЖОББМ» КММ,
Ұлытау ауданы.

Әр халықтың сан ғасырлық тарихы бар. Ал еліміздің тарихы тіпті тереңде жатыр. ХХІ ғасырға қандай дәрежеде аяқ басқанымызды білу әрбір қазақстандықтың міндеті. Әлемдегі әр мемлекет өз мәдениетін, салт-санасын жоғарғы дәрежеге қояды. Қазіргі таңдағы жеткен жетістіктеріміз ата – бабаларымыздың ерең еңбегі мен қажымас қайратының арқасында. ертеңгі Алтын Орданың 750 жылдығы мен кешегі, Жезқазған қаласының 65 жылдығын дүркіретіп атап өткеніміз осыған дәлел.

Түрлі нәубетті басынан өткізген халқымыз бүгінгі күні өз тәуелсіздігін алып, дамыған елдердің қатарында болашаққа қадам басып келеді. Бұл күнге жетуіміздің басты себебі- ата-бабаларымыздың өз елі үшін аянбай қан мен терін төгуінің арқасында. Біз осынау бақытты заманға кімнің арқасында жеткенімізді ұмытпауымыз керек және өз еліміздің тарихын терең біліп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білуге тиіспіз.

Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті. Айшықты айқындама, дәйекті түсініктеме. Расында, ширек ғасырдан аса азаттығы бар ел әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамып, тұрмысын түзеп алды. Тіпті, шет мемлекеттермен тығыз байланыс орнатып, терезесі тең дәрежеге жетті. Жаһан жұрты қазақ елін қойнауы қазынаға толы байлығы бар екенімен емес, бұл Ұлы дала елі екенін, түрлі өнердің, құндылықтардың түп-төркіні осында екенін білуі тиіс. Дүниенің таңғажайыптарын дарынымен ұғынып білген қазақ даналары төрткүл дүниеге танылуы қажет. Қазақ деген ұлы елді әлем жұрты жан-жақты жақсы қырынан білгендері дұрыс. Міне, осылар «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының басты мүддесі.

Стратегиялық сипатқа ие бұл мақала көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдауға шақырады. Яғни, әлемдік өркениетке қосқан үлесіміз бен жаһандық даму үрдісіне тигізген зор септігімізді қайтадан зерделеп, дүниежүзіне жаңаша дәріптеуге үндейді. Шын мәнінде, біздің Ұлы даламыздың ғалам мәдениеті мен өркениетінде өзіндік орны бар. Оған ешкімнің таласы болмауы тиіс.

Жалпы, мақала бүгінгі жаһандану жағдайында ел бірлігін сақтау барысында халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тарихын танып әрі әлі ашылмаған қырларын зерттеуге шақырады. Егер ұлт рухани және материалдық дүниетанымдарын меңгермесе, ол бірегейлігінен айрылады. Сондықтан бұл мақала біртұтас халық болып қалыптасудың маңызды механизмі саналады.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы мен дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, өлең-жырлары, ұлттық ойындары, музыкалық мұрасы, аспаптары баға жетпес асыл қазынасы. Ал мақалада айтылған атқа міну мәдениеті, Ұлы даладағы ежелгі металлургия, Алтын адам, Түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек Жолы, Қазақстан – Алма мен Қызғалдақтың отаны секілді Ұлы даланың жеті қыры шартарапта қазақ деген дана халықтың ерекшелігін айқындайтын құнды дүниелер. Сол тарихи әрі рухани байлықты сақтап, әрі қарай дамыту міндеті мақалада көрсетілген. Бұл тұрғыда Ұлт Лидері «Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз», [1: 2] – деді. Яғни, кеңістіктегі қазақтың рөлі, ұлт ретіндегі өзіндік жолы бөлек екенін дәлелдеу тұжырымы бар.

Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың айтуы бойынша: «Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» [2:4]. Қазақ халқымыз бай халықтардың бірі. Кең байтақ жеріміздің жеті қырын айтып өту өте маңызды. Тарихтың сонау терең сахынасына үңілсек, халқымыздың киелі саналатын төрт түліктің бірі жылқының адам үшін атқаратын қызметі жоғары бағаланады. Бұл түлік адманың жан серігі айырылмас досы. Атқа міну салтын да негізін қалаған біздің халық.

Атаулы мақала ұлттық ұстанымға әрі санаға қатысты тың серпін беретін міндеттерді қамтып отыр. Өкінішке қарай, біраз буын бойы біз өзіміздің тарихымызды, өткен ғасырларды тек қайғылы



жағынан ғана есте сақтап, осындай көзқарасты қалыптастырдық. Мұның тарихи себептері де аз емес. Осы орайда халқымыз ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, соғыс ауыртпалығы секілді нәубетті кезеңдерді басынан өткерді.

Елбасы мақаласында бізге тарихи позитивизмге жол көрсетіп отыр, яғни ата-бабаларымыз адамзаттың дамуына елеулі ықпал еткендігіне назар аударды, - деді мәжіліс депутаты Азат Перуашев айтқандай біздің тарихымыз – Қазақстан халқын біріктіретін қуатты күш, барлық азаматтарды жігерлендіру көзі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Ұлы даланың жеті қыры атты жүйелі мақаласында аса көрегендікпен халықты тарихқа құрметпен қарауға және зерделеуге, өткеннен сабақ үйренуге шақырады, себебі, әр халықтың шежіресі қаһармандыққа, жеңістерге толы, оны сол күйінде қабылдаған абзал.

Бұл мақаласында Ұлт көшбасшысы тарихи сананы жаңғырту қажеттігін тағы да алға тарта келе, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін Архив – 2025 жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет деген ұсынысын жеткізді.

Ұлы дала Әл-Фараби мен Яссауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.

Н.Ә.Назарбаевтың айтуы бойынша: Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз. Қазақ халқымыз бай халықтардың бірі. Кең байтақ жеріміздің жеті қырын айтып өту өте маңызды. Тарихтың сонау терең сахнасына үңілсек, халқымыздың киелі саналатын төрт түліктің бірі жылқының адам үшін атқаратын қызметі жоғары бағаланады. Бұл түлік адманың жан серігі айырылмас досы. Атқа міну салтын да негізін қалаған біздің халық [3:2].

Байырғы ұлттың өкілі болмасам да, Қазақстан тарихы - тағдыр талқысымен көп жапа шеккен осынау ұланғайыр жердің бөлшегіне айналған менің тарихым, менің отбасымның тарихы екендігін айтқым келеді дейді Нұр Отан партиясының хатшысы Илья Тереченко ел табысының кепілі - бұл өткен бай тарихқа деген мақтаныш, қазіргі заманға прагматикалық баға беру және болашаққа деген позитивті көзқарас екендігіне назар аудартады.

Мемлекет басшысы нақты айқындап берген Ұлы даланың әрбір жеті қыры барлық қазақстандықтың айрықша мақтаныш сезімін туғызады [4:7], - деу арқылы Рухани жаңғыру жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік беретіндігін айтқысы келді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы деп ойлаймын.

Этнографиямызға шолу жасасақ халқымыздың қаншалықты бай екенін анық байқай аламыз. Салт дәстүріміздің ерекшелігін, ұлттық аспабымыз домбыра, қобыз үнін естігенде тебіренбейтін жан жоқ, сірә!? Халқымыздың тілі өте бай. Оның бірден бір дәлелі: М. Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясы. Ұлы жазушы бұл туындысында бір сөзді екінші рет қайталамай жазуының өзі тіліміздің бай екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, бұл туындыда халқымыздың әдет- ғұрпы, салт- дәстүрі айқын көрсетілген. Сан алуан халық өз әлемінің кереметімен мақтан тұтады, ал мен үшін әлемдегі ең бай халықтардың бірі- қазақ халқы. Елбасымыз: Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы,- деп атап өткендей, тарихымызды ұмытпайық, өткеніміз бен бүгінімізді бағалай білейік! Болашағымыз сонда ғана жарқын болатыны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев: Ұлы даланың жеті қыры. Egemen Qazaqstan, 21 қараша, 2018 ж.
2. Айтаханов Е. Тарихи тамырымызбен мақтанамыз : [Н. Ә. Назарбаевтың "Ұлы даланың жеті қыры" мақаласы туралы] / Е. Айтаханов // Егемен Қазақстан. - 2018. - 27 желтоқсан . - 4 б.
3. Бірманов Қ. Бағзыдан бастау алған бай шежіре / Қ. Бірманов // Ана тілі. - 2019. - 17-23 қаңтар. - 2 б.



4. Көмеков Б. Ауыз әдебиеті халқымыздың жадын айрықша шынықтырды: [тарих ғылымдарының докторы, академик Болат Көмековпен Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы туралы сұхбат] / Б. Көмеков ; әңгімелескен Б. Қайратұлы // Егемен Қазақстан. - 2018. - 29 қараша. - 7 б.

БҰЛАНТЫ ШАЙҚАСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ

Жамантаева Г.Т.

тарих пәнінің мұғалімі,

ғылыми жетекші, тарих ғылымының кандидаты

Алланиязов Т.К.

№10 жалпы орта білім беретін мектебі

Жезқазған қаласы

Әр халықтың, мемлекеттің тарихында тұтас тарихтың барысына әсер етіп, олардың одан арғы тағдырын айқындаған оқиғалар бар. Бұл, мәселен, Саламин іргесіндегі шайқас, Ватерлоо түбіндегі шайқас, Шанаққаладағы ұрыс, Сталинград үшін болған қанды қасап және өзге де көптеген осы тектес оқиғалар. Қазақ халқы үшін Бұланты шайқасы (1727 жыл) осындай оқиғалардың бірі болып табылады. Онда халықтың тағдыры таразыға түсті – тойтарыс беру немесе жоңғарлардың басқыншылығына мойынұсыну, ерікті халық ретінде қалу немесе құлдық қамытын кию. Жоңғарлардың бетін қайтарған дәл осы жеңіс халықтың көңілінде өз мемлекетінің болашағына деген селкеусіз сенімді ұялатып, одан кейінгі 1730 жылғы Аңырақай шайқасында қас дұшпанды тас-талқан етуге жол ашып берді.

«Қазақстан тарихы» жинағының 3-томында көрсетілген тарихи деректер айғақтағандай, жоңғарлардың басқыншылығы нәтижесінде қазақтар мен жоңғарлардың арасындағы жобалап алғандағы шекара Ұлытау таулары, Балқаш көлі мен Шу және Талас өзендері аралығындағы жер алқабы болды. Жоңғарлардың тегеурінді тепкісінен бас сауғалаған босқындар батысқа қоныс аударды – Ұлы жүздің қазақтары мен Орта жүздің бір бөлігі Ходжентке көшті. Орта жүз руларының басым дені Самарқан мен Бұқараға ығысты, ал, Кіші жүз Хиуаның аумағына ауысты. Қазақ мемлекеті жойылып кетуге шақ тұрды. Түрлі дерек көздерінің мәліметтері бойынша жоңғар басқыншылары дендеп енген кезде әскери қақтығыстан, ойран салудан, өлтіруден, тонаудан, аштық пен қатері мол көшіп қонудан қазақтардың үштен екіге жуығы қаза тапқан екен. Бұл жылдар Ұлы қайғы кезеңі болды. [4,7]

Бүкіл қазақ даласын тұтасымен қамтыған қайғы-шер басқыншыға қарсы бас біріктіріп, қарсы тұру қажеттілігін туындатты. Осы ретте Ұлытау үшін болған шайқас 1723-1730 жылдар кезеңіндегі Отан соғысы барысында мейілінше маңызды ұрыстардың біріне айналды. Бұланты ұрысындағы жеңіс, шынайы тұрғыда, жоңғарлардың басынан бағы тайғанын көрсетіп, қазақ мемлекетінің алдағы тағдырын айқындап берді.

Бүгінгі күні өкінішке орай қазақстандықтардың көпшілігі Бұланты шайқасы мен оның маңызы хақында мүлдем ештеңе білмейтіні туралы айтуға тура келеді. Біздің бабаларымыздың көне күндердегі қаһармандығы мен ерлігі, сөздің шынайы мағынасында, ел санасында көмескі тарта бастаған. Осы кезеңдегі қазақ жасақтарының әскери шеберлігі қандай еді, бастауын сонау сақтар мен ғұндардан, бері айтқанда түркілерден алатын қазақ әскери жасағы неге «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» душар болды және Бұланты шайқасында қазақ қолының жеңіске жетуінің себебі неде еді деген сияқты сұрақтар осы төңірегінде қолда бар деректерге сүйеніп зерттеу жүргізуіме арқау болды.

XVIII ғасырдың 20 жж. Жоңғар шапқыншылығы қазақ халқы үшін зор қасірет әкелді және көптеген Орта Азияның түркі тілдес халықтарының тағдырына әсерін тигізді. Соңғы жылдары отандық және шетелдік зерттеушілер бұл тақырыпқа зор қызығушылық танытып отыр. Алайда «Ақтабан шұбырынды» және «Қазақ реконкистасы» жылдарындағы қазақ-жоңғар әскерлерінің қақтығыстары толық зерттеліп бітпеген тақырып болып қалды. XVIII-XIX ғғ. қазақ жасақтарының әскери өнері К.С. Ахметжанов, Т.К.Алланиязов, А.К.Кушкумбаев, И.В.Ерофеева, Р.Темірғалиев сияқты тарихшылардың зерттеу тақырыбына айналды. Заттай және жазбаша деректерге кешенді



зерттеу жүргізе отырып дамыған ортағасырлар мен жаңа замандағы қазақ халқының әскери өнері ілгері жылжығанын көруге болады. Айталық Кенесары ханның кезіндегі қазақ жасақтарын Жәңгір немесе Әбілқайыр хан тұсындағы жасақтармен салыстыруға болмайды. Жоңғар шапқыншылығы қарсаңында қазақ халқы әлемдегі саны жағынан ең көп көшпелілер қатарына жататын. XVIII ғасырда қазақтың үш жүзі бірлескенде 100-280 мыңға дейін әскер шақыруға күш қуаты болды және бұл сан жоңғарлардан әлдеқайда көп еді. [4, 85] Деректерге сүйенсек, қазақ қолбасшылары 5-8 мыңнан артық қол жинай алмаған. Тек беделді хандар ғана одан артық қол жасақтай алған. Мысалы, 1723-1724 жж. Әбілқайыр Еділ қалмақтарына қарсы 10-15 мың әскер жинаған.[2,4] 1717ж. Әбілқайыр, 1733 ж. Сәмеке 10 мыңдық атты әскермен шабуылдаған. 1719 ж. Жайық бекінісінің маңында болған шайқаста Әбілқайыр 20 мың әскерді басқарды. [3, 152,281] Ең көп әскерді 1717 жылы Қайып ханның көмегімен тағы да сол Әбілқайыр жинаған. Ол 30 мыңнан астам болды. XVIII ғ. Жоңғарларға қарсы күрескен қазақ жасақтарының жалпы саны 20-40 мыңның аралығында болған. Ал жекелеген ұрыс кезінде қазақ жасақтарының саны басқаша. Мысалы И.В.Ерофееваның есебі бойынша Аңырақай шайқасындағы қазақ жасақтарының саны 2,5-3,3 мың.[1,6] Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ жасағының санының салыстырмалы түрде аз болуының себебі қазақ қоғамы мен қарулы күштер құрылымының ерекшеліктеріне байланысты еді. XVIII ғ. Қазақ қарулы күштері негізі үш құрылымнан тұрған: хан және сұлтан жасақтары, рудың жасақтары, бағынышты және одақтас халықтардан құралған жасақтар. Саны жағынан ең азы төленгіттерден құралған жасақ. Осы кезеңде басқа ұлт өкілдерінен, яғни қарақалпақ, башқұрт, өзбек, тәжіктерден құралған отрядтар саны жағынан қазақ жасағының әлдеқайда басым бөлігін құраған. Қазақ жасағының негізгі құраушысы - бұл рулық құрамалар. Қазақ жасақтарының жоңғарлардан ерекшеліктерінің бірі - Жоңғарларда әскер қатарына алу жоғарғы әскери қолбасшының құзырында болды және ол міндетті сипатта жүрді, ал қазақ жасақтарының жиналуы тек белгілі бір ұрысқа байланысты болды және оны шақыру құзіреттілігі әр ру басшысының қолында болған. Нәтижесінде ұрысқа қазақ руларының кейбір бөлігі ғана қатысқан, кейбір рулар ұрыстың өздеріне қатысы жоқ деп шешкен. Осы фактор қазақ жасағының саны мен әскери дайындығына да әсерін тигізген. Сол оқиғалардың замандасы И.К.Кириллов былай деп жазған: «Все киргиз-кайсацкия орды с зенгорскими калмыками в непристойной войне и могли б тех калмык одолеть; ежели б обще согласились, а у них один хан с войною войдет, а другой оставляет, и так свое владение у калмык теряют» .[4,86]

Әдетте қазақ жасақтарын ерлігімен көзге түскен хан, сұлтан немесе батырлар басқарған. Әр жүзден жиналған бөлімшелер бас қолбасшыға бағынғандығымен де өзіндік дербестігін сақтай отырып, әскери қимылдарға байланысты шешімдерге араласу құқы болған. Мысалы, Әбілқайыр хан 40 мың әскерге бас қолбасшы болса да жеке дара билеуші бола алмады. Бұйрық беру құқына тек хан ғана емес сонымен қатар ру ақсақалдары да құқылы болған. Бұндай әскердің осал жері кез-келген уақытта әр ру немесе жүз өз әскерін ұрыс алаңынан алып кетуге құқы болған және бұл әскердің күшін азайтты. Жеңіліс тапқан жағдайда қайта қол жинау өте қиын еді.

Қазақ жасағының мықты жағы бұл – батырлар институты. Қазақ қоғамындағы батырлар тек батыр емес сонымен қатар би, шешен, ұлыс, ру билеушісі болған. Зерттеуші Қалиолла Ахметжан батырлар институтын төмендегідей талдап береді. 1) Тек әскери кәсіппен айналысу. Батырлар елді басқыншылардан құтқаруды, жау қолынан қаза тапқан ата-баба кегін қайтаруды өмірлік мақсат тұтынған. 2) Батырлар әулетінде туған бала жастайынан әскери кәсіппен айналысуға міндетті болды. Тұқым қуалаған батырлар «шынжырлы тұқым» деп аталған. Батырлық жырлардағы Ер Қосай, Едіге, Ер Тарғын, XVIII-XIX ғасырлардағы Райымбек, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлар, ұлт-азаттық көтерілістердің көсемдері Исатай, Жанқожа, Амангелді батырлар бәрі де ата-бабасынан ұрпағына дейін батыр болғандар. Ата кәсіптің батырлар әулетінде ұрпағына жалғасуын «шынжыры үзілмеу» деп атаған. Батырлар ұрпағы үшін ата кәсібін жалғастырмау - масқаралық саналды. Әскери әулеттен болғандықтан батырлар алғашқы ерлік жолын көбіне соғыста өлген әкесінің, туысының кегін алудан бастаған. Әке кегін қумау - батыр үшін ұят. Артында ұл болмаса, кек алу қызына да міндет болған. Батырлар ата кегін қууды кең ұғымда, жалпы халықтың, елдің кегін қуу мағынасында да түсінген. .[5]

Жоңғар жасағында арнайы жаттығулар мен әскери дайындықты шыңдауға бағытталған іс-шаралар жүйесі қалыптасты (тіпті кейіннен еуропалық үлгіде дайындаған). Қазақ жасақтарының бірлескен және жеке дайындықтары негізінен аңшылық, барымта және спорттық ойындар барысында шыңдалған. Қаумалап аң аулау көшпелілер қоғамында әскери-әлеуметтік шаруашылық аңшылық-



институты бола отырып, әскери жүйелер қалыптасты. Сөзіміз дәлелді болу үшін төмендегідей мысалдар келтірейік:

1. Аңшылыққа көп адам қатысады. 2. Аңшылықтың қағидасы — негізден әскери негізге ауысуға мүмкіндік береді. Аңшының мақсаты – басып алу, тірі жібермеу, көзін жою. Осы аңшылық ұжымдық – ұйымдастыру формасы ХХ ғасырдың 20-жылдарына дейін сақталған.

XVIII ғасырдың 20 жж. Қазақ жасағының маңызды бөлшегі - отты қару. Бұндай қаруды жаппай қолдану туралы алғашқы мәліметтер XVI ғасырда Дешті Қыпшаққа қатысты айтылса, одан кейінгі жылдарда отты қару қазақ жасағының әскери тәжірибесінде жетекші орынды иеленді. Қару жарактың басым бөлігін қазақтар Орта Азияның сауда орталықтарынан алса, пілте мылтықтар қазақ ауылдарында жасалған. Еуропалық саяхатшылар қазақтар жасаған оқ-дәрінің (порох) сапасы жоғары болғандығын атап өтеді. Ағылшын Д.Кэстль қазақ жігіттері «селитрадан тамаша оқ-дәрі жасаған, селитра елде жеткілікті болған» деп жазады. Кэстльға дейін бірнеше жыл бұрын А.И.Тевкелеев: «А сами про себя (казахи Младшего жуза – Л.Б.) объявляют, что их с 80 тысяч быть имеет, а ружья киргис казаки сами не делают, а получают из Хивы и Бухары, меняя на бараны и лошадей, но порох и селитру делают из них всяк про себя и ружье употребляют фитильное, а притом немногие имеют и луки». [4,89]

Сонымен XVIII ғасырдың 20 жж. қазақтардың негізгі отты қаруының түрі пілтелі мылтықтар болған. Бұндай қаруды негізінен күрғақ күндері қолданған. Оларда ойық оқпанның болуына байланысты алыстан ату мүмкіндігі жоғары. Көздеген нысанаға дәл тигізу үшін жерге қадап қоюға арналған аяқтары болған. Сол кездің замандастары қазақ жауынгерлерінің мергендігін атап өткен. Унтер-офицер былайдеп баяндаған: выстрелы разбойников были очень меткими, так как они стреляли лежа на земле. Их ружья имели кремневые запалы и могли стрелять очень далеко, потому что стволы у них длинные, в 2-3 аршина... [4,89]

Көшпенділердің әскери тактикасының негізгі қағидасының бірі — тұтқиылдан шешімді шабуылға шығу. Бұл шабуылды негізінде түнде немесе таң ата қарсыластың күтпеген уақытында жасаған. «Казахи старались нападать на противника ночью или на рассвете, т.е. в такое время, когда они не ожидали атаки» (Н.Рязанов, 1924 жыл). Бұл шабуыл сақтар заманында «тұлғама» (айналдыра қоршау, қарату), жоңғарлармен соғыс кезінде «Ай қорған» және «Қоян қашты» деп аталды. Мұндай ұсақ шабуылдар жау әскерлерін үнемі үрейлендіріп отырған және өздері ұстатпай тез арада ұрыс даласынан кетіп қалатын. Г.Семенов: «Возможно поэтому казахи-кочевники наиболее эффективно действовали хорошо организованными отрядами. Особенностью казахской военной тактики были быстрота и внезапность атаки, стремительный, короткий бой» деп сипаттайды. Қазақтар ұрысқа шыққанда күндіз-түні өздері арнайы парольдар қолданған, аңның, құстың дыбыстарын салған. Түнде арнайы төбелерге от жағу арқылы жау туралы хабар таратқан. Отты көрген адам ауылға хабарлап, ауыл тез қауіпсіз жерге көшкен, оны қазақтар «ұран от» деп атаған. Сонымен қатар, тактика-психикалық әдістерге айқай, шудан басқа жаудың мысын басатын және рухтандыру мақсатында әр батырдың айқайлап қолданатын, күш алатын ұраны болған. Мысалы, қыпшақтар «Ойбос» (Қобыланды ұрпағы), наймандар «Қаптағаш», Абылай хан (Әбілмәнсұр) Абылай бабасын ұран еткен. Қазақта жау басқанда, қауіп төнген кезде әскерін көтеретін дабылдары болған. Соның ішінде ең көп қолданатыны «Аттан» дабылы. «Крик «Ат-тан» — дейді Фон Герн, — действует на казаха магически. Всякий казах считает себя обязанным немедленно схватить оружие, какое попадает под руку, сесть на коня, всегда находящегося около юрты, и скакать по направлению крика...». Жоңғар-қазақ соғысы кезінде Абылай ханның Туын Олжабай батыр ұстаған. Бұл жөнінде Түріктер асарлап аулаған Жауды қоршап, иіріп жаулаған. Ту етіп бөрілі байрақ көтерген «Бөрі басы ұраным – бөрілі менің байрағым», – деп, Сүйінбай жырлаған. Жоғарыда көрсетілген иіріп, қаумалап, қоршау тәсілін қолданған қазақтар көптеген жеңіске жеткен. Мысалы, 1643 жылы қыста Жәңгір хан 600 сарбазын Жоңғар қонтайшысы Батураның 50000 әскеріне қарсы бағыттаған. Қашып келіп тау ішіне кіргізіп алып, қоршауға түскен жоңғар әскері шығынға ұшырып, қашып құтылған. Бұл тарихи оқиға «Орбұлақ шайқасы» деген атпен белгілі.

XVIII ғасырда қазақ жасақтары «жанды қамал» деп аталатын әскери тактиканы қолданған. Қорғаныс үшін өлген жануарлардың денесі қолданылған. Мысалы 1726 жылы 20 мыңдық қалмақтың атты әскері қазақтың барымташыларын қуып жеткенде қазақтар олардың сан жағынан басым екендігін көріп ор қазып түйелерін, жылқылары мен ірі қараны бауыздап, өлген жануарлардың денесінен қоршау жасаған. Бұндай «жанды қамалды» бұзу өте қиын. Себебі «жанды қамалдың»



ортасындағы қазақтарды ату үшін алдымен 100-200 метр оқ жауып тұрған кеңістікті өту керек, одан кейін 100 деген малдың өліктерінен құралған қоршауды кесіп өтіп барып қана мықты қаруланған жауынгермен қоян-қолтық ұрысқа түсу мүмкін еді.

Қорғаныс саласы қай заманда да маңызын жоғалтқан жоқ. Жаугерлік заманда күн кешкен халқымыздың дәстүрлі әскерінің өзіндік құрылымы мен әскери шеберлігі қалыптасқан. Қазақтың әскери тарихы тым әріден бастау алады. Қазақ әскерінің қалыптасуына сақ, ғұн, бергісі түркі бабаларымыздың соғысу өнері негізінде қалыптасқан. Атамыз қазақ ұлан-ғайыр жерді найзаның ұшымен, білектің күшімен сақтап қалды. Қазақ жасағының түрлі әскери тактикасы да, «бес қаруы» да сай болған. Алайда XVIII ғасырдың 20 жылдарындағы жоңғарлардың қазақ жеріне басып кіруі қазақ қорғанысының осал тұстарының да болғандығын көрсетеді. Қазақта тұрақты әскер болмаған. Олар жорыққа шығар алдында ғана жиналған. Қарастырылып отырған кезеңде қазақтарда бір орталықтанған биліктің болмауы, әр жүздің өзіне қатысы болмаса ұрысқа араласпауы жоңғарлармен күресте кедергі келтірді. Алайда үш жүздің басы біріккен Бұланты шайқасы кезінде қазақтар жеңіске жетті. Бірақ қазақ хандарының таққа таласы әскери күштің қайта бөлінуіне әкеліп, ары қарай қазақ жерін жоңғарлардан толық азат етуде кедергісін тигізді. «Өткенді білмей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес» деген ғұлама ғалым Әл-Фараби. Тарихтан белгілі қателіктерімізді қайталамай, қандай сын заман туса да бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға дайын болу керекпіз. Қашанда күшіміздің бірлікте екенін келер ұрпақтың санасына сіңіру ұстаздар біздің міндетіміз деп білемін.

Әдебиеттер:

1. Алланиязов Т.К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. Алматы: Фонд «XXI век», 1996
2. Бобров Л.А. «415 ушей в подарок губернатору». Битва в урочище Узени (1724): предпосылки, ход, результаты // Батыр. Традиционная военная ультура народов Евразии, №2(3), 2011.
3. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
4. Қожахметов Б.С., Усманова Э.Р., Плетникова Л.Н., Сембинова Л.А. редакциясымен. Бұланты шайқасы: зерттеулер тарихы. Ұлытау, 2015.
5. Құбаш Сағидоллаұлы Abai.kz

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫ ЖӘНЕ КИНОГЕР КАМАЛ СМАЙЫЛОВ

Тусупова Т.Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімі,
Жезқазған қаласы №1 ЖОББМ

Зерттеу жұмысымның тақырыбы: «Бүгінгі қазақ телевизиясы және киногер Камал Смайылов»

Бұл тақырыпты таңдап алуыма Тұңғыш мемлекет басшысының 21 қараша 2018 жылы жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы түрткі болды. Себебі, Жезқазған өңірі тарихи орындарға, әсіресе тарихи ескерткіш, тасты қорғандарға, би-шешендер мен жыраулар, жазушылар, ақындар, күйшілер мұрасына толы.

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» екінші бөлімінде көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты. Бұл жұмысты бірнеше ірі жобалар арқылы бастауға болады деп ойлаймын.

2. Ұлы даланың ұлы есімдері

Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін әрқашан мақтан тұтады.

Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелгені тарихтан белгілі.

Сондықтан біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашу керектігін көрсетті.



Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар *бейнесінің маңызды галереясын* жасауды қолға алу қажеттігін айтты.

Сондай-ақ бұл жерде классикалық қалыптан тыс, баламалы жастар өнерінің креативті әлеуетін де пайдаланудың мәні ерекше. Осыған орай, бұл іске тек отандық қана емес, сонымен бірге, шетелдік шеберлер мен шығармашылық ұжымдарды да тартқан жөн болмақ.

Үшіншіден, еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажеттігін де көрсетті.

Бұл бағытта қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік мамандар да тартылатын халықаралық көпбейінді ұжым құруға болатынын жеткізді. Нәтижесінде, біздің қаһармандарымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ шет елдегілер де білетін болады»-деп атап өткен болатын. Бүгінде осы бағытта елімізде көптеген іс-шаралар өтіп жатыр.


Зерттеу жұмысының мақсаты: Жезқазған өңіріндегі қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар *бейнесінің маңызды галереясын* жасай отырып, әсіресе, Ұлытаудың тумасы жазушы, публицист, өнертану ғылымында өшпес қолтаңбасын қалдырған ғалым, киногер Камал Смайыловтың елге сіңірген еңбектері мен мәдени мұралары жайлы зерттеп, зерделеп, заманауи тұрғыда жаңғырту.

Нәтижесі : Егер осы жобам жүзеге асатын болса, еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік сериялары шығарылып, тарату жұмыстарын жүйелендіруде жинақталып, заманауи үлгіде кеңінен насихатталатын болады. Сондай-ақ, Ұлытаудың тумасы жазушы, публицист, өнертану ғылымында өшпес қолтаңбасын қалдырған ғалым, киногер Камал Смайыловтың қазақ телевизиясына сіңірген еңбегі ұрпақтан –ұрпаққа жалғасын таба бермек.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін көшпенділердің бай мұрасын ың заманға қажеттілігін айқындауда «Ұлы Дала тұлғалары» оның ішінде Ұлытаудың тумасы жазушы, публицист, өнертану ғылымында өшпес қолтаңбасын қалдырған ғалым, киногер Камал Смайыловтың қазақ телевизиясына сіңірген еңбегі заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиістігін қолдау.

Зерттеудің тәсілдері:

Зерттеуде бірнеше тәсілдер қолданылады: қолдану, талдау, салыстыру, жинақтау тәсілі.





Жоба құрылымы:

Бағдарлама әрекетінің басым бағыттары :

Бағдарлама аясында :

1. Камал Смайыловтың Ұлытаудың тумасы, тұлға екенін біледі
2. Камал Смайыловтың қазақ телевизиясына сіңірген еңбегін бағалайды
3. Қаламгерлігін таниды
4. Шығармаларын зерделейді
5. «Ұлы даланың ұлы есімі» деп заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» жұмыстар жасалынады

Оқушының жобалық әрекеті

Мақсаты: «Ұлы Дала тұлғалары» оның ішінде Ұлытаудың тумасы жазушы, публицист, өнертану ғылымында өшпес қолтаңбасын қалдырған ғалым, киногер Камал Смайыловтың қазақ телевизиясына сіңірген еңбегі заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиістігін қолдау.

Зерттеу жобалары	Шығармашылық жобалары
Камал Смайылов - жазушы	«Сенің бақытың» (1960) «Жолданбаған 27 хат» (1992) «Елім саған айтам, ел басы, сен тыңда!» (1998) «Жеті қыр бір сыр» (2000) Үш томдық шығармалар жинағы (2003 - 2004) оқиды, презентация, роликтер,
Камал Смайылов -публицист	Қаламынан туған 15 публицистік-танымдық кітабын зерделейді 350-ден астам көркем очерктері мен мақалалары электронды журналдар
Камал Смайылов - киногер	Қазақстан киноөнерінің алтын қазынасына айналған “Қыз Жібек”, “Атаманның ақыры” кинофильмдерін түсіруге бірден-бір жебеуші болды. Смайылов басқарған тұста Қазақфильм киностудиясы “Әкелер жері”, “Өн қанатында”, “Артымызда Москва”, “Тақиялы періште”, “Қараш-қараш оқиғасы”, “Мәншүк туралы ән”, “Шок пен шер”, “Көксерек”, “Транссібір экспресі”, т.б. көркем фильмдері түсіріліп, тұңғыш қазақ мультфильмі жарыққа шықты. Видео-роликтер дайындау, анимациялық туындылар ,аудио жазбалар
Камал Смайылов шығармашылығын зерттеушілер	Бағдарламалық презентация
Шерхан мен Камал	Хаттарынаудио жазбаға түсіру

Қорыта келгенде, Камал Смайыловтың әдебиет, өнер, кино саласына сіңірген еңбегін айта келе ,қазаққа қажет біртуар биік болған тұлға дейміз. Жалпы, Әлихан Бөкейханұлының «ұлтқа, жұртқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деуі рас екен. Камал Смайылов қай салада қызмет етіп, нендей тірлік жасаса да, ең бірінші ұлттың мүддесін ойлады. Қазағының жоғын жоқтап, барын түгендеуге күш салды. Қазаққа ғарыштың қажеттігін айту керек болса, Камал Смайылов – ғарышкер, қазаққа қазба байлығы туралы айту керек болса – геолог, әлеуметтің жағдайын жақсарту туралы айту керек болғанда – экономист бола білді. Қай кезде де әлеуметтің күйіп тұрған мәселелерін көтерді.

Әдебиеттер:

1. Жеті қыр бір сыр» (2000).
2. Үш томдық шығармалар жинағы (2003 – 2004.)
3. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1736>.
4. «Қазақтар және әлемдік деңгей» мақаласы 1993 ж.



ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Оспанова Б.Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
№3 орта мектебі, Жезқазған қ.

Ертегінің мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен қатар эстетикалық ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық әдеби қазына. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы берілген екі сипатынан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек, ертегі шындыққа бағытталмайды, ал ертектің әңгімесін өмірде болған деп дәлелдеуге тырыспайды. Ертегінің композициясы бас қаһарманды дәріптеуге бағындырылады, сөйтіп, ол белгілі бір сұлба бойынша құрылады. Мұның бәрі ертегіге идеялық, мазмұндық және көркемдік тұтастық береді. Ертегіде қиял мақсатты түрде пайдаланылады, сондықтан ол әсіреленіп, ғажайыпқа айналады және біршама өзінше дамып отырады, ертегідегі ғажайып қиял адамның күнделікті көріп жүрген заттары мен құбылыстарын саналы түрде басқаша етіп көрсетеді, өйткені бұл жанрда ғажайыптың көркем бейнелеуіш құрал ретінде қолданылады. Өмірдегі шынайы нәрсенің өзін әдейі өзгертіп көрсету – ертегінің өзіндік қасиеті болғандықтан, ертектің де оның мазмұнын барынша әсірелеуге, ғажайыпты етуге күш салады. Осы аталған қасиеттер қазақ ертегілерінде мол көрініс тапқан. Ертегілер жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ертегілер іштей бірнеше жанрға бөлінеді: 1) жануарлар туралы ертегілер; 2) қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер; 3) хикаялық ертегілер, сатиралық ертегілер. Басты кейіпкері мен мазмұны, қиял әдістердің қаншалықты пайдаланылуына қарай бұл салалардың әрқайсысы тағы бірнеше топқа бөлінеді. Бұлардың ішінде: хикая, өсиет, мысқыл, батырлық туралы ертегілер болады. Жалпы қазақ ертегілерінің тілі өте бай, әсіресе біз талдайық деп отырған «Ер Төстік», «Керкұла атты Кендебай» ертегілері ұлттық құндылықтарымызға толы екендігімен ерекшеленеді.

Осыған орай, оқушылармен жұмыстың негізгі мақсаты ретінде қазақ ертегілеріндегі ұлттық болмысты танытатын сөздерге талдау жасай отырып, әдеби қорымызға қосар үлесін пайымдау көзделді.

Оқушылармен жұмысты ұйымдастыруда зерттеу әдісін қолдану барысында, проблемасы, мақсаты, ғылыми болжамы сияқты төмендегідей міндеттерді анықтап аламыз:

- ✓ ертегідегі ұлттық болмысты танытатын тіркестерді іздестіру, теріп жазу. Түсіндірме сөздік арқылы мағынасын ашу.
- ✓ ертегідегі ұлттық болмысты танытатын сөйлемдерді тақырып жағынан жүйелеу. Алынған ақпараттар мен мәліметтерді жүйелеп, кесте арқылы жазып шығу.
- ✓ егер ертегілердегі ұлттық сипаттағы тіркестердің мән-мағынасын тани алсақ, онда әдеби тіліміздің дамуы арқылы ұлттық мұрамыздың маңыздылығын танимыз.

«Ер Төстік», «Керкұла атты Кендебай» ертегілері ұлттық болмысты танытатын сөздерге аса бай. Ата-бабаларымыз төрт түлікке ерекше көңіл бөлген. Ас-ауқаты, киімі, көлігі, қымызы – ем, жекжат-жұрағатымен жасайтын алыс-берісінің көзі, байлығы болғандықтан, қазақ үшін осы төрт түлік мал аса қымбат дүние болғаны белгілі. Қайда болмасын, бірін-бірі танысын-танымасын, кездесе қалған жағдайда қазақ «мал-жан аман ба?» деп амандық-саулық сұрасқан. Қазақтар малды тек пайдаланып қана қоймаған, олардың бабын тауып, бағып-күтудің де жай-жапсарын, қасиетін, ерекшелігін жақсы білген, сынаған. Ертегіде кездесетін төрт түлік мал атаулары.



Төрт түлік мал атаулары

Мысал	Ұлттық болмысты танытатын сөздер	Түсініктеме
«Түйеден <u>бура</u> , жылқыдан <u>айғыр</u> мен <u>ту</u> бие қойдан <u>қошқар</u> мен <u>құнан</u> қой сойып, қымызын көлдей, етін таудай қылып үйеді» (Ер Төстік); «Арыстай еркек құлын екен. Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты»; Таң біліне берген кезде, бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады. (Керкұла атты Кендебай)	Түйе Бура Жылқы Қой Құнан Қошқар Ту бие Құлын Ат	Бір я екі өркешті күйіс қайыратын ірі мал Түйенің еркегі Төрт түлік малдың бірі Уақ мал Үш жасқа аяқ басқан еркек жылқы Күйекке түсетін еркек қой, азбан Жылқының құлындайтын ұрғашысы Жылқы малының төлі Бойдақ еркек жылқы

Киелі сандар. Сандар ұғымы өте ерте заманда туған. Бұл ұғым ғасырлар бойы кеңейтіліп әрі жалпылана түскен. Қазақ халқы киеге үлкен мән берген. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлеген. Сондай-ақ қазақ халқының өмірінде түрлі мәнге ерекше сипат бере отырып, жиі қолданылатын сандар тізбегі көп. Ертегіден «7, 9, 12, 40» сандар тізбегін анық көре аламыз.

Мысал	Ұлттық болмысты танытатын сөздер	Түсініктеме
Өз белін <u>12</u> құлаш торғын орамалмен тартады.	Он екі	Киелі сан
Сөйтіп Ерназар <u>тоғыз</u> қызға құда түсіп қайтады. (Ер Төстік); тоғыз ай, тоғыз күн болғанда (Керкұла атты Кендебай)	Тоғыз	Киелі сан
Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасады.	Отыз , қырық	Ұлттық той, мейрам
Осылай ерсілі-қарсылы жеті өтіп, жеті рет соққанда жеті басы бірдей ұшып, дәу омақаса құлайды. (Керкұла атты Кендебай)	жеті	Киелі сан

Ұлттық бұйымдар

Мысал	Ұлттық бұйым	Түсініктеме
<u>Өрмек</u> тоқып отырған кемпірді көрді.	Өрмек	Тоқыма құрал
Бір күні кешке кемпірі <u>түндігін</u> ашады.	Түндік	Күн түсірмейтін төрт бұрышты шағын киіз
<u>Шаңырақтың</u> күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі	Шаңырақ, күлдіреуіш	Киіз үйдің төбесіндегі дөңгелек шеңбер
<u>Қосқа</u> кірсе, асулы <u>мосы</u> , ілулі <u>бақыр</u> тұр.	Қос, бақыр мосы,	Қос-уақытша баспана Бақыр -тамақ пісіруге арналған арнайы ыдыс. Мосы-астынан от жағуға ыңғайлы етіп темірден жасалған ас пісіруге арналған құрал.



Төстік баланың <u>бесігінің</u> астын қазып, астында жасырынып жатады.	Бесік	Баланы бөлеп ұйықтатын орын.
<u>Жасаудан</u> ақ сырмалы сауытты берсін	Жасау, сауыт	Жасау-ұзатылатын қызға берілетін дүние-мүлік Сауыт-батыр киетін қорғаныш киім.

Салт-дәстүрлер. Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Ертегіде төмендегідей салт-дәстүріміздің түрлері кездеседі.

Мысалдар	Ұлттық болмыс	Түсініктеме
<u>Табақшылар</u> бір жерде: «Ерназардың сегізіне тарт!» деп шуылдасып жүр екен.	Табақ тарту	Табақ тарту-қонақ күту дәстүрі
Төстіктің келген жері <u>ас беріп</u> жатқан ел екен.	Ас беру	Ас беру- о дүниелік болған адамның құрметіне берілетін дәм.
Кемпір, <u>сүйінші!</u>	Сүйінші	Сүйінші-қуанышты хабар айтуда айтылатын сөз.
Сөйтіп Ерназар тоғыз қызға <u>құда түсіп барады.</u>	Құда түсіп қайту	<u>Құда түсу</u> -басқа үйдің қыздарын айттыру, үйлендіру.
Той тарқағаннан кейін Ерназар тоғыз ұлын <u>аяқтандыру</u> қамына кіріседі.	Аяқтандыру	<u>Аяқтандыру</u> - баланы үйлендіру салты.
Бапы ханға <u>ұзатпақ</u> болады	Ұзату	Ұзату-қызды тұрмысқа беру
<u>Отыз күн ойын, қырық күн тойын</u> істетіп, келіндері алып, қайтпақшы болды.	Отыз күн ойын, қырық күн тойын	Қазақтардың ұлттық тойы, мейрамы
Бір жеті өткен соң, <u>бәйге</u> аттары қайтады	Бәйге	Қазақ халқының дәстүрлі ат жарысы
«Аспанмен тірескен анау бәйтеректің басында самұрық құстың ұясы бар»	Бәйтерек, самұрық құс	Самұрық-қазақ мифологиясындағы қыран тәрізді алып құс. Самұрық құс әлемдік ағаштың (Бәйтерек) шыңында тұрады. Өлгенде де, тірілгенде де от болып жанады.
«Хан тағы да таңғалып отырғанда, Кендебай есіктен кіріп келіп: -Дат, тақсыр!-дейді. -Датың болса, айт!-дейді хан ақырып»	Дат	Көне сөз. Тіленіш, өтініш айту мағынасын білдіретін қаратпа сөз

Адамға қатысты ұлттық атаулар

Мысалдар	Ұлттық болмыс	Түсініктеме
«Апа, апа <u>бидайдың</u> піскенін көріп берші!» дейді.	Апа	Апа-шеше деген ұғымды білдіреді, бұрынғы кезде шешесін апа деп атаған.
«Атам бұл құдыққа қонбасын, ырымы жаман жер» деп айтқызады	Ата	Ата-әкесінің әкесі, бұл жерде Төстіктің атасы Кенжекейге ата болады.
Біраз жүрген соң жылан <u>Бапы ханның</u> ортасына келеміз.; «Хан Кендебайды төрге отырғызып, оның аты-жөнін сұрайды»	Хан	Ел билеуші адам.



Бір күні Төстік <u>жеңгелерін</u> салып, отауына кіреді.	Жеңге	Ағасының әйелі
Ер Төстігім-ең <u>кенжем</u>	Кенже	Үйдің ең кішкене баласы, қазақта «шаңырақтың иесі» деген ұғымды білдіреді.
Үйдің <u>бәйбішесі</u> Ерناзардан: -Неге жыладыңыз?-деп сұрады.	Бәйбіше	<u>Бәйбіше</u> -көп әйелдің ішінде біріншісі
Жәдігөй кемпірдің қыз болып қарсы алатынын,оның ордасына кірген кісі кері шықпайтынын Керқұла ат айтқан болатын	Жәдігөй кемпір	<u>Жәдігөй</u> - көзбояушы, <u>сиқыршы</u> , <u>азғырушы</u> , <u>әзәзіл</u> .
«Бұдан бірнеше жыл бұрын сіздің жорықшыларыңыз елімізді шауып, малымызды айдап, қолға түскен батырымызды байлап алып кетіпті»	жорықшы	<u>Жорыққа аттанушы</u> , <u>сапарға шығушы</u>

Ұлттық ойындар

Мысал	Ұлттық болмыс	Түсініктеме
Тағы бір күні Төстік <u>асық ойнап</u> жүріп, әлгі кемпірдің жалғыз баласын жұдырығымен қойып жіберсе, бала өліп қалады.	Асық ойнау	Асық ойнау-балалар ойнайтын ұлттық ойын.
Темір хан мен Кеңе хан <u>балуан және ат бәйгесінен</u> жеңіліп, сасады.	Балуан және бәйге жарысы	Қазақтың ұлттық ойын атаулары.

Ұлттық тағамдар

Мысал	Ұлттық болмыс	Түсініктеме
Көбікті <u>саумал</u> іше кет.	Саумал	Саумал-ұлттық сусын, биенің әлі ашымаған сүті.
Керулі кер биенің <u>төстігі</u> майлы екен.	Төстік	Мал мүшесінің атауы.
Төстік <u>бидайды</u> қуырып отырады.	Бидай	Дақылдың түрі, нан тағамдарын жасайды.
Түйеден бура, жылқыдан алғыр мен ту бие, қойдан қошқар мен құнан қой сойып, <u>қымызын</u> көлдей, етін таудай қылып үйеді	Қымыз,ет	Қымыз –биенің сүтінен жасалатын ұлттық сусын. Малдың еті адамға қорек болады.

Ертегіде қолданылған ұлттық болмысқа жататын, жамандық шақыратын сөз-қарғыс. Бірақ өмірде бұндай сөздерді қолданудан аулақ болғанымыз жөн.

Мысал	Түсініктеме
Кемпір Төстікті бұрынғыдан да жаман қарғап-сілейді: -қыршыныңнан қиылғыр, Төстік!	«Қыршыныңнан қиылғыр» қарғыс сөзі- «өмірден ерте кету» ниетін білдіретін сөз.

Қорытындылай келе, «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай» ертегілері -тұнып тұрған ұлттық нақыштарға толы ертегі. Осындай ертегіні оқыған біздер, жас өрендер:

- ✓ өз ұлты туралы мақтаныш сезіміне бөленеді;
- ✓ өз халқының ұлттық құндылықтары жайлы мол мәлімет алады;
- ✓ жақсы қасиеттерге (бауырмалдық, ізгілік. елжандылық т.б.) тәрбиеленеді.
- ✓ ақпараттарды тауып, ізденушілік қабілеттері дамиды.
- ✓ осындай қасиеттерге ие болу үшін айтар ұсынысымыз:



Ұлттық нақышқа толы ертегілерді оқытып, мәнін түсіндіруді ерте балабақша кезінен бастау керек. Сондықтан, балабақшалар мен мектеп кітапханаларын

- ✓ әдемі безендірілген ертегі кітаптармен қамтамасыз ету қажет.
- ✓ ертегілер желісінде түсірілген қызықты мультфильмдер санын көбейту керек.

Бұндай шығармашылық жұмыстардан шығатын қорытынды, деңгейлік тапсырмаларда қамтылған мәтін талдау жұмыстары және әртүрлі жоба жұмыстары арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға қызығушылықтары оянып, зерттеушілік құзыреттілікке ие болу мүмкіндігі артады. Ал зерттеушілік құзыреттілік дегеніміз-оқушылардың тың ақпараттарын пайымдап, болжап, талдап, тануы үшін білім-білік дағдылардың жиынтығын меңгеруі.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 5-9-сыныптарына арналған оқулығы.
2. Интернет материалдары.Википедия.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Мерембаева Г.Т.

№44 НМ, Қарағанды қ.

Бүгінгі заман талабы мектеп пен мұғалімнің алдына әр оқушының білім деңгейін, қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып, озық технологияларды пайдалану қажеттілігін қояды.

Сынып деп аталатын абстрактілі топтарға емес, нақты әр балаға білім беру мұғалімнің міндеті болып табылады. Ал бұл мұғалімнен әр оқушының енжар түрде білім алушы емес, оқу үрдісіне белсенді қатысушы бола алатындай етіп өз жұмысын құруды талап етеді. Қазіргі дидактикада және мұғалімдердің тәжірибесінде мемлекеттік стандартта берілген оқу материалын меңгеру деңгейінің қабілетіне, даму деңгейін анықтауға негізделген ішкі дифференциация кеңінен тараған.

Оқушы қызметін белсендендіру негізінде қолданылатын технологиялардың бірі саралап оқыту технологиясы.

Саралап оқыту технологиясының мақсаты:

- әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етеді.
- саралап оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.
- саралап оқыту әр түрлі категориядағы балалармен деңгейлеп жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Саралап оқыту технологиясы тиімді нәтижелі болуы үшін жеке тұлға ерекшеліктеріне, психологиялық даму ерекшеліктеріне, пән бойынша білімді игеру деңгейіне, оқушының пәнге қызығушылығына көңіл бөлінуі керек.

Сабаққа дайындалу барысында мұғалім үш деңгейге сүйенеді.

А – базалық, жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар.

В – базалық тапсырмалардан жоғары деңгейде, оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайтын тапсырмалар.

С – тереңдетілген тапсырмалар, оқушы өздігінен ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап бере алатын тапсырмалар.

Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты 1-деңгейде орындайды. І деңгей тапсырмаларын орындау Мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. І деңгейді орындаған оқушы "3" деген бағамен бағаланады. Әрбір оқушы

1-деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Оқушы міндетті деңгейден кейін, басқа деңгейді орындау жауапкершілігін өзі шешеді. Бұл жерде мұғалімнің міндеті - оқушының дұрыс таңдау жасауына және табысқа жетуіне көмектесу.

Әр деңгейлік диагностика - білімнің толықтығы мен дұрыстығы ғана емес, оқушының білімін пайдалану белсенділігі, ішкі сұранысы, білім сапасы деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Мысалы: бірінші деңгейде жұмыс істейтін оқушылар бағдарлама материалын тақырып бойынша



негізгі түсініктерді түсінгенін, білімін көрсетеді. Екінші деңгейдің оқушылары түсінгенін баяндау, жағдаяттық тапсырмаларды, сәйкестікті табу сияқты тапсырмаларды орындайды, ал үшінші деңгейде жұмыс істейтін оқушылар берілген тақырыпқа әңгімелеу, өздері сөзжұмбақ құрау, қорытынды жасау, құрмалас сөйлем түрлерін пайдаланып, сөйлемдер құрау сияқты тапсырмаларды орындайды.

Бақылаудың әр түрлі формалары пайдаланылады: сөздік диктанттар, өзіндік жұмыстар, шығарма, ауызекі сұрау, т.б.

Әрбір оқушы тақырып бойынша нені міндетті түрде білуі керек екенін алдын ала білуі керек. Бұл оқушының өз мүмкіндігін шынайы бағалауына, пәнге деген қызығушылығын оятуға үйретеді. Оқушы бұл жағдайда бірте – бірте тек міндетті деңгейді ғана орындаумен шектелмей, бұдан да жоғарырақ деңгей тапсырмаларын орындауға көшеді. Әр деңгей дайындығындағы оқушылармен сабақ өткізу барысында топтық жұмыс түрін, топ ішінде бір-біріне өзара көмектесу сияқты жұмыс түрін де пайдалануға болады. Топта 2 оқушы А деңгейінде, 2 оқушы В деңгейінде және 1 оқушы С деңгейінде жұмыс істесе, С деңгейіндегі оқушы қалғандарына тапсырманы түсіндіріп, қатесін түзетіп, мұғалімге есебін береді. Есепті сол топтағы басқа да оқушы жасай алады, бұл оқушылар арасындағы демократиялылықты көрсетеді.

Деңгейлеп берілген тапсырманы сабақтың барлық кезеңінде де пайдалануға болады. Өз тәжірибемізден мысалдар келтіре кетейік.

Жаңа сабақты өту кезеңі.

Тақырыбы: құрмалас сөйлем. 9 сынып.

Материал барлық оқушылармен дәстүрлі сабақ түрінде түсіндіріледі. Қайталау кезінде міндетті теориялық материалға конспект түрінде ерекшеленіп көңіл аудартылады. Мұғалім түсіндіріп болған соң, барлық оқушыға сұрақ беріледі. Мақсат: жаңа сабақ барлығына түсінікті болды ма?

(А – міндетті деңгей)

- Қандай сөйлемдерді құрмалас сөйлемдер деп атаймыз?
- Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен қалай байланысады?
- Қандай сөйлемдер салалас құрмалас сөйлем деп аталады?
- Қандай сөйлемдер сабақтас құрмалас сөйлем деп аталады?

Міндетті деңгейде бекіту кезеңінде қарапайым тапсырма беруге болады, мысалы: берілген мәтіннен құрмалас сөйлемдерді табыңдар?

Көркем тілмен айтылған тапқыр ойдың, нақыл сөздердің жиынтығы шешендік сөздер деп аталады. Онда халықтың басынан кешкен оқиғалары, ақыл-ойы, арман-тілегі бейнеленеді, дүниеге көзқарасы көрінеді. Шешендік сөз ежелгі дәуірде жеке адамдардың сөйлеу шеберлігі арқасында дамыған. Атақты шешендер Демосфен, Цицерон сияқты қазақтың да белгілі жыраулары, ақындары мен шешендері болған. Олар халық алдында сөз сөйлеп, үлкен мәселелерді шешкен. Даулы жағдайларға араласып, айыптап немесе қорғап сөз сөйлеген. Олар халықты ерлікке, елдікке, бірлікке шақырып, түйінді, маңызды да мағыналы қорытындылар жасаған.

В. Орташа күрделіліктегі деңгейге келесі тапсырмалар беріледі:

Берілген ережеге алгоритм жаса және өз сызбаң бойынша ережені түсіндір. Бұл деңгейде сызба жасау үшін, тек ереже білу жеткіліксіз, сонымен қатар, ақыл-ой жұмысы, сызба жасай білу біліктілігі де керек.

С деңгейіндегі тапсырмалар.

Берілген сызбаға мысал келтіріңдер, грамматикалық негізді көрсетіңдер. Оқушыларға өздеріне таныс, өтіліп жатқан ережеге сәйкес сөйлемдері бар үзіндіні ұсынуға болады.

Құрмалас сөйлем

салалас құрмалас сабақтас құрмалас

Жалғаулықсыз жалғаулықты

Бекіту кезеңі.

Бекіту кезеңінде әр оқушы өз бетімен орындай алатын, әр сабақта табысқа жете алатындай тапсырмалар берілуі керек. Бекіту ең қарапайым тапсырмалардан басталғаны жөн. Алғашқыда барлық оқушы бірге, кейінірек тапсырманы өз бетімен орындай алу дәрежесіне қарай көшу керек. Міндетті деңгейді орындаған оқушыға келесі деңгейге көшуге болады.

Тақырыбы: зат есімнің жалғаулары. 6 сынып.

Зат есімнің септік жалғауларын өтіп болғаннан кейін бекіту кезеңінде келесі тапсырмаларды беруге болады.



А – міндетті деңгей. Оқушылар зат есімнің септіктерін, оның жалғауларын білуі және сөздің жалғауын ажырата алуы керек.

Берілген сөзді септе немесе берілген сөздердің жалғауларын ажырат.

В. Орташа күрделіліктегі деңгейге қосымша тапсырмалар беріледі: берілген сөздерге аталған септіктердің жалғауын жалғап жаз, үнді немесе ұяң дауыссыздардан кейін барыс септігінде қандай жалғау немесе тәуелдік жалғауынан кейін қандай жалғау жалғанады? – деген сияқты қосымша тапсырмалар беріледі.

С деңгейінің тапсырмасы: берілген ереже бойынша тест дайында. Тестіде теориялық және практикалық сипаттағы тапсырмалар бола береді.

Мәтінмен жұмыс.

Мәтін бойынша да деңгейлік тапсырмалар беруге болады.

А – мәтінді оқып, аудару. Мәтін бойынша диалог (сұрақ – жауап) құрастыру.

В – мәтінді оқып, өз сөзімен баяндау. Қосымша мәтінде кездесетін грамматикалық тапсырмаларды орындату.

С – мәтінге байланысты эссе жазу немесе алдыңғы сабақта өткен мәтін ұқсас болса (ақын-жазушылардың өмірі, қалалар туралы), жазу мен сызу арқылы сыни тұрғыдан ойлаудың Венн диаграммасын қолдану арқылы айырмашылығы мен ұқсастығын көрсету.

Қорытындылай келгенде, саралап оқытудың әдістерін тәжірибемізде пайдалану барысында байқаған тиімді жақтарын атап өткіміз келеді.

Біріншіден, тақырып бойынша деңгейлік тапсырма жүйесі дамыта оқыту жүйесін іске асырады, ал ол оқушының ойлауын, елестету мен еске сақтау белсенділігінің дамуын қамтамасыз етеді;

Екіншіден, сыныптағы барлық оқушы жұмыспен қамтамасыз етіледі, өз білімінің деңгейіне сәйкес жұмысты орындайды;

Үшіншіден, тапсырмаларды орындай отырып, оқушы өзін бағалай білуге үйренеді;

Төртіншіден, оқушының өздігінен жұмыс істеуіне, тиянақтылыққа, ұстамдылыққа тәрбиелеп, жауапкершілігін арттырады.

Әдебиеттер:

1. Ж.Ж.Қожамқұлова. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» Алматы, 2013 ж.
2. «Қазақстан мектебі» ғылыми әдістемелік журнал, 2004 № 3.
3. Баймаханова С. Деңгейлеп саралап оқыту.//Қазақстан мектебі. №10, 2004
4. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. «Қазіргі білім беру технологиялары». Алматы, 2006 ж.

БАЛАБАҚШАДА МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ ӘНДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Сейдахметова Н.М.

Музыка жетекшісі

№14 ЖББОМ

Сәтпаев қаласы

Мектеп жасына дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие берудің басты міндеттерінің бірі – баланың музыкаға деген қызығушылығын, қабілетін анықтап, ата-ана сұранысын зерделеп, эстетикалық көзқарасын, жалпы рухани-мәдени дамуына ықпал етуші музыка білімінің негізін қалыптастыру.

Ал, музыканы түсіне шығарма кейіпкерімен бірге жетіле, әсемдік пен әдемілікті сезіне өскен бала қоғамға тек пайдасын тигізетін, ұлттық қазынаны бағалай білетін, саналы да білімді, отансүйгіш, тәрбиелі, адал азамат болып өсері сөзсіз.

Балабақшаларда туған жер, туған өлке туралы ән үйреткенде ең алдымен оның мазмұны баланың қабылдауына ыңғайлы болуы керек. Білім көрсеткіші бойынша музыка жетекшісі жалпы музыка деген не, оның қандай бағыттары болады, музыканың тәрбие құралы ретіндегі рөлі, қазақ музыкасы және әлем халықтарының музыкасы туралы түсінігі, т.б. мәселелерді тәрбиеленушінің жас



ерекшелігіне қарай үйретуі қажет. Қарапайым мысалмен айтқанда, балаға тек ән жаттатумен шектелмеуі тиіс.

Музыканың біз баса назар аударатын бір ерекшелігі – оның адам өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ әсер ететіндігінде. Мысалы, жас нәрестеге құлаққа жағымды бесік жырын айта бастағанда тыныштала қалады. Ал енді сергектеу әуен ойналса, баланың жүзінде өзгеше нышан байқалып, қимыл жеңілдейді. Яғни, нәрестені ерте жастан музыкаға баулу қажет. Музыка бүлдіршіндерге тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етпек.

Мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие жұмысының практикасында балалардың ән айту мәдениетін қалыптастыруға баса назар аударылады, оның әсерлі бір түрі – әнді хормен орындау болып табылады. Балабақшадағы музыка сабағында балаларға ән айтуға, оны мәнерлеп орындауға, музыканы әсерлі білуге баулу қажет. Топ болып ән салу, билеу, ойнаудың көп ретте тәрбиелік маңызы зор. Ән айту қатысушылардың бәрінің бірдей күш салуын қажет етеді. Балалардың бәрі бірдей шаттанып, қуанышты түрде ән орындауы жүрексіз, батылсыз балаларды да қанаттандырып жібереді.

Балабақшаларда Тәуелсіздік күні, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Жаңа жыл мерекесі, Жеңіс күні, Наурыз мейрамы мен дайындық тобындағы балаларды мектепке шығарып салу күні жыл сайын аталып өтеді.

Ертеңгіліктерде музыка өнері ерекше рөл атқарады. Эмоционалдық ықпал етудегі үлкен күшке ие болған ол, балалардың бойында тиісінше салтанатты, көтеріңкі көңілді қалыптастырады. Әуелі жалпы сезімді көтеретін жағдай жасап, балалардың санасына мерекенің негізгі идеясын орнықтыру керек. Осы мақсатпен ертеңгіліктің бірінші бөліміне салтанатты марштар, мерекелік өлеңдер таңдалып алынады, ересектердің орындауында әндер де шырқалуы мүмкін.

Ойын барысында мерекенің музыкамен сүйемелденуі түрліше және ол келесі кезекте қойылатын ойынның мазмұнына байланысты болады. Көңілді марш саздары балаларды мерекелік шеруге дайындайды. Би әуенінің жігерлі сипаты немесе әннің жайымен басталуы балалардың эмоционалды сезімін қанағаттандырады. Музыка балаларды әннің мазмұнына қарай толғандырады, поэтикалық тексттің көркемдік образын тереңдете түседі.

Ертеңгіліктерде музыка қызметінің сан алуан түрі жетекші орын алады. Балалар өлең айтады, би билейді, музыкалық ойындар ойнайды, хоровод құрады, шағын ансамбль болып музыкалық аспаптарда ойнайды. Ертеңгіліктің сценарийі музыкалық-драмалық көріністі жиі қамтиды, балалар өздері ойлап тапқан билерді, ойындарды көрсетеді.

Әрбір ертеңгіліктерде пайдаланылатын музыка репертуарының мейлінше сан түрлі болуына баса назар аударған жөн. Музыка репертуарының мазмұны, ертеңгіліктің тақырыбына байланысты анықталады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған ертеңгілікте бүлдіршіндерді салтанатты марштар, әуенге ілесіп ұлттық ойындар ойнауға, туған еліміз, жеріміз туралы өлеңдер айтуға үйретудің маңызы зор.

Бірінші мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік ертеңгілікте әртүрлі халықтар балаларының достығы тақырыбы басты орын алады. Осының бәрі әртүрлі ұлттардың әндері мен билерінен көрініс табады. Балалар әр ұлт өкілдерінің әндерін салып, тамаша әуенге ілесе отырып вальс билеген кездегі жүздерінен қуанышты көргенде жүректі мақтаныш сезімі кернейді.

7 мамыр Отан қорғаушылар мерекесі қаһармандық-патриоттық бағытта өтеді. Әндер мен өлеңдерде әскердің сан алуан түрі (жаяу әскерлер, ұшқыштар, теңізшілер, шекарашылар және т. б.) болып киімдерін киіп, бейбітшілік жолындағы күрес жайында сыр шертеді. Осы кезде орындалған музыка жас бүлдіршіндердің бойында патриоттық сезімін қалыптастырып, қазақ халқы мен оның қаһарман әскеріне деген мақтаныш сезімі оянып, осындай ісшараларға белсенділікпен қатысады.

Бүгінде әрбір баланың алпыс екі тамырын идіретін музыканың күдіретін сезінтетін Қуандық Рахымның орындауындағы «Мен – қазақпын!» әні жоғары сұранысқа ие. Балалар ол әнді басын тік ұстап, кеуделерін кере мақтанышпен шырқайды. Тағы да Алмас Ахметбекұлының сөзіне жазылған Ермұрат Зейіпхаттың «Көк тудың желбірегені» әнінде де осындай рух жатыр. Шебер орындаушы ретінде осы әнді Ибрагим Ескендір халықтың, әсіресе жас бүлдіршіндердің жүрегіне жеткізе білді.

«Көк тудың желбірегені

–Қазақтың асқақ беделі...

Көк тудың желбірегені

–Жаныма қуат береді».



Осы бір өлең жолдарын тәрбиеленушілер жатқа айтады.

Музыка жетекшісі ретінде балаларды ән айтуға үйрету барысында әр баланың дауысын жеке тыңдап, оның бағыт-бағдарын байқап отырамын. Әнді жақсы айтушыларға тобымен өлең айтуды ұсынған жөн, ал ересектердің әніне жақсы «қосыла алуы» үшін өлеңнің реңін дәл келтіре алмайтындармен жеке жаттығулар жүргіземін.

Ұжым болып ән салуды қалыптастырғанда балаларды әнді бәрінің бірдей бастап, бірдей аяқтауына, ән айтып тұрғанда бір-бірінен қалып қоймауға және озып кетпеуге жаттықтыру, олардың назарын әнді ұйымдасқан түрде бірлесіп айтуға аудару қажет.

Жыл аяғында балалардың кейбір әндерді тәрбиешінің көмектесуімен, музыкалық сүйемелдеумен айта алатыны немесе айта алмайтынын анықтап, мониторинг жүргіземін. Талдаудың нәтижесінде келесі оқу жылына алдыма нақты мақсат қоямын.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ТУРИЗМНІҢ ТАРИХИ БАҒЫТЫН ДАМУЫ ІСІ

Какжанов А.А.

тарих пәні мұғалімі,
№ 74 мектеп-гимназиясы,
Нұр-Сұлтан қаласы

Кіріспе

Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан Республикасының орталығына айналғаннан бастап қала өмірінің барлық салалары даму жолына түсті.

1) Нұр-Сұлтан қаласы
1. тұрғындарының санының жылдам өсуі,
2. жан-жақты маңызының артып біртіндеп экономикалық орталыққа айнала бастауы,
3. қызмет көрсету саласының саны мен сапасының артуы,
4. халықаралық мәртебесінің өсуі,
5. мәдени қызметшілер мен мәдени объектілердің санының көбеюі
6. астананы көру, тамашалау үшін келетіндердің санының артуы бас қаламызда мәдени-танымдық туризмнің дамуына импульс беріп тұр.

Аталған маңызды көрсеткіштерді ескеріп Нұр-Сұлтан қаласын **зерттеу жобаның негізгі нысаны** қылып алдым

Келешекте Нұр-Сұлтан қаласы өркендеп дамыған сайын мәдени-танымдық туризмнің рөлі одан сайын арта түседі.

Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласында туризмнің шетелге саяхат бағыты басым болып тұр, себебі бұл бағыт қазіргі кезде нағыз тиімді және жеңіл түрі болғандықтан. Нұр-Сұлтан қаласындағы туризмнің шетелге саяхат бағытының туристік орталықтарға тағы бір пайдалы жағы-олар өз қызметі саласына аз қаржы жұмсап, аз шығындалады және баратын шет елдердегі туризм саласы жақсы дамыған.

Нұр-Сұлтан қаласында мәдени-танымдық туризмнің тарихи бағытын дамыту идеясының **жаңашылдығы** неде –

- 1) Елордада мәдени-танымдық туризмнің тарихи бағыты мүлде жоқ немесе өте кенже қалған бағыт, сондықтан осы бағытты жан-жақты дамыту қажет деп білем,
- 2) Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының және оның қонақтарының рухани мәдениетін көтеру,
- 3) Нұр-Сұлтан қаласында туристік кластердің сапалық дамуына жаңа дүмпу береді,
- 4) қала экономикасының өсуіне ықпал етеді.

Жоба неліктен **өзекті** – қазіргі кезде жас ұрпаққа тәрбиенің рухани бағыты басым болу керек, сондықтан қоғамдық сананы жаңғырту барысында халқымыздың дәстүрлі құндылықтарын өскелең ұрпақтың бойына дарытып рухани деңгейі жоғары, елжанды, туған жерін, атамекенін қастерлейтін тұлғалар тәрбиелеу қазіргі кезеңнің және болашақтың да өзекті мәселесі.

Өтпелі кезеңде біздің жас мемлекетімізге білімді болса да рухани дүниесі төмен тұлғалар көп қайшылықтар әкелуі мүмкін. Біз рухани мәдениетімізден мүлде қол үзбеуіміз керек.



Егер де біз ұлттық құндылықтарымыздан айырылсақ, онда келешекте ұлт, ел болып қалуымыз екіталай.

Сол себепті сонау сақ заманынан келе жатқан сананың еркіндігі, әділдік, бауырмалдық, адамсүйгіштік, қонақжайлық, сыйластық, мәрттік, қайсарлық, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқорлық, ұлтжандылық, елжандылық қасиеттерді жастардың бойына сіңіру керек.

Осы аталған қасиеттерді қабылдап, тәрбиеленген тұлға қоғамның толыққанды мүшесі болып мемлекетіміздің сенімді азаматы, келешек қорғаны бола алады деп ойлаймын.

Жобаның мақсаты: Нұр-Сұлтан қаласының қазақ халқының тарихына байланысты орнатылған сәулет туындыларын қала тұрғындарына, қала қонақтарына таныстыру арқылы мемлекеттің негізін қалаушы қазақ халқының тарихымен таныстыру, рухани мәдениетін көтеру, «Туған жер» бағдарламасын іске асыру арқылы өлкетану бағытын дамыту және Нұр-Сұлтан қаласын рухани орталықтардың біріне айналуына үлес қосу.

Міндеттері:

1. Нұр-Сұлтан қаласының халқымыздың тарихына арналған сәулет туындыларын анықтау;
2. Тарихи-танымдық экскурсиясының маршрутын белгілеу;
3. Маршрут бойынша туристік сервистің мүмкіндігін көрсету;
4. Мәдени-танымдық туризмнің тарихи бағытын дамыту тиімділігін дәлелдеу

Аталған міндеттерді шешу үшін «Өлкетану» материалдарын әр сыныпта кіріктіріп оқыту бойынша орта буын оқушыларынан тарихи-танымдық экскурсиялық топ құрдық, өзім жетекшілік жасадым. Топта сауалнама, жеке әңгімелесу жүргізу барысында оқушыларды қандай бағыт, объектілер қызықтыратыны анықталды. Келесі кезеңде біріншіден теориялық дайындық кезеңі. Нұр-Сұлтан қаласының қазақ халқының тарихына арналған сәулет өнерінің туындыларын ақпараттар арқылы ізденіп анықтадым. Ескерткіштердің тарихымен таныстым, олардың біздің бағытымызға сәйкестігін тексердім. Сәулет туындыларын тарихи кезеңдер бойынша саралап жүйеледім.

Менің келесі кезеңім – ескерткіш, мүсіндердің тарихи уақытымен орналасуы бойынша маршрутты құру болды.

Жаңа құрылған маршрут бойынша аталған топтың оқушыларымен тарихи-танымдық экскурсия ұйымдастырдым.

Тарихи-танымдық экскурсия барысында әрбір ескерткішті жалпы таныстырдым.

Экскурсия кезінде туған ел, туған жер тарихынан оқушылар көптеген қосымша мәліметтер алды, Нұр-Сұлтан қаласының халқымыздың тарихына байланысты мәдени ескерткіштерімен танысты.


Маршрут құрылғасын оның бойында және одан қашық емес жерлердегі туристік сервистің әлеуетін зерттедік. Осал тұстарын тауып, қай жерлерге қызмет көрсету нысаналары керек екенін анықтадық.

Аталған жұмыстарды орындап болғасын мәдени-танымдық туризмнің тарихи бағытын дамыту тиімділігін дәлелдедік.

Зерттеу жобасының аймағы – Нұр-Сұлтан қаласы.


Нұр-Сұлтан қаласына арналған ақпараттарды жан-жақты зерделеу барысында халқымыздың тарихына байланысты бас қаламызда орнатылған ескерткіштер мен мүсіндерді анықтадым. Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласында тарихымызға және Нұр-Сұлтан қаласы тарихына арналған **17 ескерткіш** бар екенін анықтадым.

Аталған ескерткіштер Кеңес заманында және Қазақстан тәуелсіздік алғасын тұрғызылған





Өткен тарихымызға арналған ескерткіштер **Қазақстанның 2,5 мыңжылдық тарихын қамтыған**, Томирис, яғни сақ заманынан қазіргі тәуелсіздік кезеңі аралығын.



Тәжірибелік кезең:

Тарихи-танымдық экскурсиялық топтың мүшелерімен келешек экскурсияның жүріп өтетін жолын талқылап, керекті бағыттарын түзеп нақты маршрут құрдық. Бұл экскурсиялық маршрут мені қызықтырды, себебі қаламыздағы халқымыздың тарихына арналған ескерткіштерді толық көргім келген және осы ескерткіштерді тарихи уақытына қарай жүйелесе ғой деген ой туындаған. Топ оқушыларының ата-аналарымен байланыс орнатып, топ мүшесінің ата-анасы өз көлігімен тарихи-танымдық экскурсияны жүргізуге көмек жасап жақсы көңіл-күймен атқарып берді.

Түсте сағат 12:00-де басталған экскурсия кешкі 19:00 аяқталды

Экскурсия арасында 1 сағат үзіліс жасап дем алдық

Далада бақылау жүргізу әдісі мен көзбен шолу (визуалды) әдісі арқылы біз қаланың ескерткіштерімен таныстық. Әр ескерткішпен мұқият танысып тұлғалардың және монументтердің тарихынан оқушыларға мағлұмат бердім.

Әр ескерткіш айналасында орналасқан мәдени-әлеуметтік кешендерді анықтап қосымша танымдық объектілер ретінде маршрутқа кіргіздік.

Өлкетану зерттеу жұмыстарын жүргізудегі маңызды құралдардың бірі-фотосуретке әр ескерткіштерді топ мүшелерімен бірге оңтайлы түсірді

Нұр-Сұлтан қаласының ұлттық тарихымызға арналған ескерткіштері Қазақ елі монументімен көшті бастап отыр.

Сонау сақ заманынан бастау алып «Тұмар ханым» ескерткішімен көшті жалғастырып отыр.

Келесі кезең Қазақ хандығы тарихына арналып, оның негізін қалаушы Керей мен Жәнібек сұлтандарға тұрғызылған.

Бар ғұмырын қазақ халқының қорғанышы болуға арнаған атақты Бөгенбай батыр ескерткіші қазақ халқының батырлығын паш етіп тұр

Қазақ халқы үшін өмірін жауға қарсы күреске арнап, елі үшін жанпида болған қайталанбас қайсар Кенесары хан мүсіні ерке Есіл жағасына орнықты.

Қазақтың рухани ішкі дүниесін өзінің әйгілі күйлерімен өрнектеген Құрманғазы мүсіні өзі жырлаған Сарыарқаның төрінен орын алды.

Халқымыздың рухани болмысын дәл айқындап жырлап кеткен әлемге әйгілі, адамзаттың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы халқына жоғарыдан назар салып тұр



Өлара кезеңде өмір сүріп, елін сүйсе де арманына жете алмай кеткен Сәкен Сейфуллин ескерткіші сол бір қилы заманнан хабар беріп тұрғандай.

20 ғ. 1-жартысы қазақ халқына орны толмас қасірет әкелді, екі қолын көкке көтерген Қазақ анасының мүсіні соның белгісі.

Ұлы Отан соғысына, оның батыр ұл-қыздарына арнап халқымыз Бауыржан Момышұлына, Рақымжан Қошқарбаевқа, Әлия Молдағұловаға, Отанын қорғаған барша жауынгерлерге арнап «Екі жауынгер» деген ескерткіштерді лайықты жерлерге қондырды.

Қазақстан тәуелсіздік алғасын дүниеге келген «Отан-Ана» монументі, «Халықтар достастығы» монументі, «Астана жұлдызы» стелласы.

Қазақ халқының арманын паш еткен «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасы қазақ халқының ұлттық мүддесімен, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясымен үндесіп жатыр.


Аталған ескерткіштер тәуелсіздіктің қысқа мерзімінде Нұр-Сұлтан қаласының ұлттық мәдениетті дамытуда, оның ішінде мүсіндеу саласына көп үлес қосқанын айқындап отыр.

Тарихи-танымдық экскурсиялық маршруттың ұзындығы 33км болды

Зерттеу жұмысының Статистикалық әдісі:

Қазақстанда 1998-2016 жылдар аралығындағы кезеңде Нұр-Сұлтанға жыл сайын келетін шетелдіктердің саны шамамен 50 есеге (5,5 мыңнан 273 мың адамға дейін), Қазақстан азаматтарының саны 43 есеге (12,8 мыңнан 558 мың адамға дейін) өскен.

Орналастыру орындары көрсеткен қызметтердің көлемі 91 есеге –200 млн-нан 18,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайған



Сыртқы және ішкі туризмге қызмет көрсету саласы сан есе өсті.


Welcometoastana.kz туристік интернет-порталы және Astana Guide ұялы қосымшасы іске қосылды, туристерге арналған ресми Z-карта мен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде Astana Official Guide жолсілтеме-журналдың алғашқы басылымы басып шығарылды.

Сондай-ақ, Hop-on/Hop-off жүйесімен Astana Sightseeing Tour жүйелі экскурсиялық автобустық бағыты іске қосылған.


Тарихи-танымдық туризмнің Нұр-Сұлтан қаласының дамуына серпін беретін бағыттары:



Нұр-Сұлтан қаласында тарихи-танымдық туризмнің дамуына ықпал жасап тұрған нысандар:



Қызмет көрсету саласы



Қызмет көрсету саласының сапасын жыл өткен сайын көтеріп отыру міндеттелу керек, себебі Нұр-Сұлтан қаласында туризм саласы сапасы жағынан ұдайы көтерілу үрдісінде болады.

Ойын-сауықтыру нысандарының саны да жыл өткен сайын өсуде.

Келешекте жабық аквапарк, отбасылық ойын-сауық орталығы, спорттық нысандар салынбақшы.


Нұр-Сұлтанда 106 мектеп бар, онда 175 мыңдай бала оқиды. Мәдени-танымдық туризмге 5-11 сыныптарды қатыстыруға болады. 5-11 сынып оқушылары жалпы оқушылар санының жартысын құрайды деп алғанның өзінде олардың саны 80-90 мыңды құрап отыр.


Нұр-Сұлтан қаласының 80-90 мың 5-11 сынып оқушыларының шамамен 25 % тарихи-танымдық туризмге тартсақ, онда 20 мыңдай оқушы тарихи-танымдық туризмге қатысады

Тарихи-танымдық туризмнің мезгілі: күзде-қыркүйек, қазан айының ортасы,

көктемде: сәуірдің ортасынан мамыр айының соңына дейін

Ұзақтығы: 3 ай





Бір автобустың 30 оқушы отырса 15000 теңге түседі.

Бұл сомаға бір автобусты 2-3 сағатқа жалдауға әбден болады.

Нұр-Сұлтан қаласында мәдени-танымдық туризмнің тарихи бағытына 80-90 мың 5-11 сынып оқушыларының шамамен 20 мыңдай оқушысы қатысса, қала экономикасына 60 млн теңге түседі екен.

Жаздың 3 айында қалаға Қазақстанның әр облыстарынан келген оқушылардың мәдени-танымдық туризмнің тарихи бағытына 5 мыңы қамытылса, қосымша қала экономикасына тағы 15 млн теңге түспекші.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша мәдени-танымдық туризмнің тарихи бағытына жалпы **25 мыңдай оқушы** қатысып рухани дүниесін байытса, қала экономикасына қысқа мерзімде **75 млн теңге** түсіп Елордамыздың дамуына өз үлестерін қосады.

р/с	Ескерткіштер, монументтер	Соларға барғанда қосымша тамашалайтын объектілер
1.	«Қазақ елі» монументі	Хазірет сұлтан мешіті, Бейбітшілік қабырғасы Монументі, Тәуелсіздік сарайы, Пирамида, Президент саябағы, Н.Назарбаев орталығы, Қазақстан тарихы мұражайы
2.	«Тұмар ханым» ескерткіші	ҚР Президентінің мәдени орталығы
3.	Керей сұлтан мен Жәнібек сұлтан монументі	ҚР тұңғыш Президенті мұражайы, Президенттің гүл бағы, «Астана» концерттік залы, ҚР қаржы министрлігі
4.	Бөгенбай батыр ескерткіші	
5.	Құрманғазы Сағырбайұлы ескерткіші	«Думан» қонақүй кешені, Оталық саябақ, «Атамекен-Қазақстан картасы» кешені
6.	Кенесары хан ескерткіші	Есіл жағалауы, өзен порты, жағалаудағы әсем ғимараттар
7.	Абай ақын ескерткіші	Қала әкімдігі, Мемлекеттік басқару академиясы



8.	Құрбандарды еске алу ескерткіші	
9.	С.Сейфуллин ескерткіші	Сәкен Сейфуллин мұражайы
10.	Алия Молдағұлова ескерткіші	Қазақ агротехникалық университеті
11.	«Екі жауынгер» ескерткіші	музыка Академиясы
12.	Б. Момышұлының ескерткіші	Бауыржан Момышұлы атындағы саябақ
13.	Р.Қошқарбаев ескерткіші	
14.	«Отан-Ана» монументі	Студенттік парк, христиан шіркеуі, еврей синагогасы
15.	Халықтар достастығы монументі	Жастар сарайы
16.	«Астана жұлдызы» стелласы	Астана Арена, Назарбаев Университеті, Қорғаныс ұлттық Университеті
17.	«Мәңгілік ел» салтанат қақпасы	Экспо-2017 көрме орталығы, Келешек энергия музейі, Ботаникалық бақ, Астана Балет ғимараты, хореография Академиясы

Қазақ халқы тәуелсіздік алысымен ұлттық жаңғыруды бастан кешсе, ширек ғасыр өтісімен рухани жаңғыруға бет бұрды. Соның бір мысалы Нұр-Сұлтан қаласы.

Нұр-Сұлтан қаласы қысқа мерзім ішінде халқымыздың орталығына айналып, еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік дамуына импульс берді.

Тәуелсіздік алған Қазақстан әлемдік аренаға шығып жан-жақты танылды. Елімізді әлемге танытуда Бас қаланың атқарып жатқан рөлі шексіз. Сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласы халқымыздың рухани орталығына да айналуға, оған дәлел халқымыздың мәдени құндылықтарының біртіндеп осында шоғырлануы.

Нұр-Сұлтан қаласы әлемге танымал болуының бір көрінісі-елордаға келген шетел туристерінің санының ұдайы түрде өсуі. Қазақстанда ішкі туризм де қарқынды дамуда, соның нәтижесінде елордаға келетін туристердің негізгі бөлігін құрап отыр.

Нұр-Сұлтан қаласының даму ерекшеліктерін зерттей келе елордамызда тарихи-танымдық туризмді дамыту өте тиімді.

Еліміздің Бас қаласында тарихи-танымдық туризмді дамытудың кейбір жеңіл жактары-1. қызмет көрсету саласының дамығаны, 2. тамақтандыру нысандарымен қамтамасыз етілгені, 3. көлік жүйесінің жақсы деңгейлігі, қонақ үйлердің жеткіліктілігі, тарихымызға арналған нысандар санының ұдайы өсуі, яғни туризм сервизының негізгі бөлігінің дайын болуы.

Нұр-Сұлтан қаласында тарихи-танымдық туризмді дамыту қала тұрғындарының мәдени-рухани деңгейін көтереді және қала экономикасының қуатын өсіреді

Тарихи-танымдық туризм қоғамның рухан жаңғыруына да ықпал етеді.

Атқаратын іс-шарамыз еліміздің стратегиялық мақсаттарымен де үндесіп жатыр.

Қорытындылай келе біздің ұсынып отырған қызмет түріміз мемлекеттік мүддені іске асырудың бір саласына жатады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы, Алматы «Мектеп» 2014 ж, 217 бет.
2. Қазақстан тарихы, 10 сынып. Алматы «Мектеп» 2019 ж, 234-240 беттер.

ҒЫЛЫМИ ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ: «КИІЗ ҮЙ -ӘЛЕМ МОДЕЛІ»

Абуова Ж.А.

Ақмола облысы Степногорск қаласы
Бестөбе кенті №1 орта мектеб

Қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы «Киіз үй – әлем моделі» жобасының әр қырынан ашып іске асыру және тамырларымызды одан әрі зерттеп, ұлан-ғайыр жеріміздің мәдениеті мен тарихын көрсету.

Зерттеу мақсаты: Көшпелі қазақ халқының баспанасы киіз үй-әлемнің моделіне айналғанын және оның тиімділігін көрсету.

Зерттеудің міндеттері: Осы мақсатқа жету үшін төмендегі *міндеттер* қойылады:

- Киіз үй түрлерін жан-жақты сипатына тоқталу;



- Киіз үйдің шығу тарихымен таныстыру;
- Киіз үйді шетел халықтары қалай пайдаланатынын баяндау;
- Баспана жоқ адамдарға тиімді екенін көрсету;

Зерттеудің өзектілігі:Ежелгі кезден бастап көшпелілердің негізгі баспанасы-Киіз үй екенін білеміз. Киіз үйдің құрылысын, құрылымын зерттей отырып және оның әлем моделіне айналғанын көріп, баспанасы жоқ адамдарға үш құрылыстан тұратын Киіз үйге ұқсас баспана тұрғызу. Әлеуметтік тұрғыдан және экономикалық жағынан тиімді екенін анықтау.

Болжам: Келешекте прогматизм идеясын ұстана отырып, киіз үй баспананың тамаша бір туындысы ретінде этноауыл ашуды қолға алу.

Зерттеу нәтижесі:

- Сұхбат
- Диаграмма құру
- Салыстыру
- Қорытындылау әдістерін қолдану

Қорытынды: Әлем мойындаған киіз үйді дәріптеу.

Киіз үйді -қазіргі кездегі басқа елдердің қолдану ерекшелігі

Құт қонған қазақ үйі- киіз үй қазіргі кезде әлем мойындаған өте тиімді үйлердің қатарына жатады. Сонымен қатар киіз үйді тек қана қазақтар ғана емес шет елдерде дамыған мемлекеттерде қолданып жүр.Оларға Жапония,Белгия,Швейцария және Америка Құрама Штаттары елдері жатады.Олар киіз үйді қолданудың себебі: олардың жер бедерінің тектоникалық тақтайшаларының қозғалуы және жер сілкінісінің, цунамидың көп болу салдарынан сол елдің адамдары киіз үйде тұруға мәжбүр болып отыр. Сонымен қатар шет ел адамдары табиғат аясында және таза ауада тұруды қош көреді. Олар жер сілкінісі болған кезде киіз үйде тұрса олар зақым алмайды және аман-сау қалады делінген. Кереге жерге нық тұрады екен. Олардың зақымданбаған -бауының себебі өйткені киіз үй сапалы ағаштардан,сапалы киізден жасалады. Қазақтың қасиетті киіз үйін әлемге паш ету және мойындау біз үшін мақтаныш.

Жалпы қазақтың киіз үйі-ерекше геометриялық есеппен,асқан тапқырлықпен жасалынған.

Киіз үйге ұқсас үйлер Жапония мемлекетінде өте көп кездеседі. Өйткені Жапония мемлекетінде жер сілкіну жиі болып тұрады. Қаңқасы пенапластан тұрғызылған. Киіз үйді көп жағдайларда қолдануға болады.

Қазақстандықтар жаппай тойларын қымбат мейрамханаларда өткізіп әлек болып жүргенде, Англия тұрғындары,керісінше қазақтардың қарапайым киіз үйінде тойларын өткізуді сәнге айналдырған. Киіз үй жас жұбайларға ерекше той жасауға мүмкіндік береді. «Тойға арналған киіз үйлер» бизнес жобасының авторы Лиззи. Сол компанияға жас жұбайлар барып киіз үйге тапсырыс берсе оларға қолайлы болады.Компания тапсырыс берушілерге киіз үйді өздері жеткізіп, бірнеше сағат ішінде құрып,толықтай дайын қылып береді. Англия тұрғындары еш алаңсыз дайын киіз үйде тойлатады.

Мемлекетімізде 18 миллионнан астам халық тұрады, статистикалық мәліметке сүйенетін болсақ соның ішінде 2800ден астам отбасында мүлдем баспана жоқ болып шықты.

Әрбір қазақстандық 10 соток тегін жер телімін алуға құқығы бар.2006 жылдың 1 тамызынан № 726 бұйрығы Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2 баптың 2 тармағында жарияланды.

Менің таңдауым бар ма қай жерден жер алуыма болады деген сауалнамаға:

Әрине болады. Өтінішке бұл жерге не салатыныңды жоспарыңды жазу керек

Қандай құжаттар керек:

Тек қана екі құжат қана керек: төл құжат және басыңда басқа жер телімі жоқ деген анықтама болуы керек.

Қай жерге тапсырамыз:

Құжатты толтырамыз да жергілікті әкімдікке тапсырамыз

Жалпы кенттің яғни жергілікті жердің әлеуметтік жағдайы

Кентте-6861 тұрғын бар

Шахтерлардың саны-1455 адам

Зейнеткерлер саны-580 адам

Жалпы жұмысшылар саны-3754 адам

Жұмыссыздар саны-420 адам



Жалпы кентте -1156 тұрғын үй бар

Мүлдем баспанасы жоқ отбасы-1 жанұя

Сондықтан баспанасы жоқ адамдарға мемлекет тарапынан беріп жатқан тегін жер телімін неге пайдаланбасқа. Ендеше жалданып тұрған баспанасы жоқ отбасылар киіз үйге ұқсас баспана неге салмасқа Ежелден киіз үй жасау ата кәсібіміз болған. Киіз үйді жасау мен құру өнерін ЮНЕСКО ұйымы мәдени мұралар тізіміне қосқан. – Қазақтың киіз үйіне қалай қызықпайсың, тұнып тұрған тәрбие, философия ғой.-Киіз үй жасау технологиясы мықты даналықпен ойластырылған Ал үй тіккенде ең алдымен қолайлы жер таңдап алу аса маңызды. Жыл санап, ұмыт қалған құнды жәдігерге сұраныс артуы керек.

Киелі киіз үйдің иесі кім?

Америкалықтар өз өнімдерін бір күннің ішінде тігілетін таза экологиялық баспана ретінде таныстырады. Үй ішіне электр жарығын тартып, пеш орнатып, жеке бөлмелерге бөліп қойған. Киіз үй сүйегінің қолдану мерзімі шексіз дейді олар. Ал қалған бөлігіне тұрғылықты жердің ауа райына қарай 8 жылдан 15 жылға дейін кепілдік береді. Үйлерді сату толықтай автоматтандырылып, бір жүйеге келтірілген. Киіз үйдің ішкі және сыртқы жабдықтарын қоспағанда негізгі үй 11000 долларға бағаланады. Қажеттілік пен қиялыңызды қанағаттандыру үшін қалтаңыз біраз жұқаруы мүмкін. Қалай болғанда да, бұл тұрғын үй бағасынан әлдеқайда арзан екені айдан анық. Америкалықтардың басым бөлігі үйді жалдамай, тұрақты мекеніне айналдырады екен.

Жатжұрттықтар басқа ұлттың құндылығын елеп, өз пайдасына жаратты. Ал бізге бұрышсыз үйіміздің киесін сақтап, иесін табатын кез келіп жеткен сияқты. Ол үшін төл өнерді қорғаштап жүретін қолөнершілерге қолдау білдіргеніміз жөн.

Үйренетін үрдіс

Жастар үйлену тойларын мейлінше ерекше атап өтуге құштар. Көпшіліктің тандауы кең мейрамханаға түседі. Ал Ұлыбританияда тіптен жаңа үрдіс пайда болды. Отау тіккен жас жұбайлар үйлену рәсімін киіз үйде жасап жүр. Жаз айларында өтетін тойды осылайша ұйымдастыру шетелдіктер үшін сәнге айналған. Бұл тек сән емес, біреулердің бизнесті дөңгелетіп әкетуіне жол ашқан көрінеді. Британиялық Лиззи мен оның серіктесі Джим – дизайнерлік киіз үй жобасының авторлары. Олар киіз үйдің дәстүрлі құрылымын сақтай отырып, ғажап дизайнерлік шешім ұсынады. Он екі, жиырма, отыз екі қанатты киіз үйлер емен ағаштан жасалған еденмен, шеберлердің қолынан шыққан жиһаздармен, алтын шамдар және хрустальді аспашамдармен безендіріледі. Сондай-ақ, үйдің ішін тапсырыс берушінің қалауын ескере отырып жасайды. Оған ең көп дегенде 90 қонақты күтуге болады. Агенттік киіз үйді тиісті жерге жеткізіп, құрып, дайындап береді. Салтанатты кешті қазақтың көне баспанасында жасауға ағылшындардың сұранысы жоғары. Ресми сайтты ашып қарасақ, биылғы жылға бос орын қалмаған болып шықты. Ал жалға алу төлемі 3 мың ағылшындық фунт стерлингінен басталады. Жоба авторлары бұл бастаманы жүзеге асыруға не себеп болғанын да айтты. «Біз киіз үйді жақсы көреміз. Ол кез келген жерде күйеу жігіт пен қалыңдыққа әрі кең, әрі әдумі той салтанатын жасауға қолайлы» деп түсіндірді.


Міне, осылайша әр жұптың өмірінде ерекше орын алатын күнді қайталанбастай етіп өткізуге болады




АҚШ-ғы киіз-үй бизнесі. Жапониядағы киіз үй-пішіндес үйлер



Шетелдіктердің қазақтардың киіз үйінде той жасауда
Менің болашақтағы мектеп жобам



Оқушылармен сауалнама жүргізілді:



Сауалнама сұрақтары:

1. Баспанасы жоқ адамдар киіз үйге ұқсас үй тұрғызуға бола ма?
2. Киіз үйді әлем мойындады деп ойлайсыздарма?

Сауалнамаға 9-10-11 сыныптардың оқушылары жауап берді

Қорытынды

Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты. Қазақстан-күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты.



Қоғам өзінің әлеуметтік құрылымы жағынан бірдей емес. Қоғам адамдарының арасында теңсіздік бар. Олар: табыстарының көлемі, білімдерінің деңгейі, мамандықтағы мәртебесі сонымен қатар жағдайы төмен отбасылар және көпбалалы отбасылары деп жіктеледі.

Ежелгі кезден бастап көшпелілердің негізгі баспанасы-Киіз үй екенін білеміз. Киіз үйдің құрылысын құрылымын зерттей отырып, және оның әлем модельіне айналғанын көріп, елімізде баспанасы жоқ адамдарға үш құрылыстан тұратын Киіз үйге ұқсас баспана тұрғызуды ұсыну қажет. Сонымен қатар ондай баспаналар әлеуметтік тұрғыдан қарағанда және экономикалық жағынан тиімді екенін баяндау.

Сондықтан мемлекет тарапынан тегін берілетін жер телімдерін тиімді пайдаланудың принциптері мынадай болуға тиіс.

- ✓ Ережеге сай;
- ✓ Құжаттардың толық болуы;

Ендеше әлем деңгейінде мойындаған Киіз үйді, ата-бабаларымыздың мықты ойластырған құндылық деп неге мойындамасқа.

Ұсынылып отырған жобаны зерттей келе, біз төмендегі қорытындыға келдік:

1. Киіз үйге ұқсас баспана салу халыққа тиімді.
2. Елімізде үйсіз жүрген адамдарға құрылысы оңай баспана жасауды қарастырып, тиімді жолдарын ойластыру қажет.
3. Киіз үйге ұқсас үй салып, баламалы энергия көздерімен жабдықтау.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы 4 том
2. Шаңырақ үй тұрмыс энциклопедиясы
3. Ол кім бұл не ? энциклопедиясы
4. Қазақ халқының салт дәстүрлері
5. Ана тілі газеті № 9, 2018 жыл
6. Қазақстан-Заман №11, 2017 жыл
7. Дәстүр журналы №4, 2018жыл

ҰЛЫ ДАЛА МӘДЕНИЕТІ, ҚОЛӨНЕРІМІЗДІ ДӘРІПТЕУ

Толегенова Г.С.

бастауыш сынып мұғалімі,
№15 жалпы орта білім беретін мектебі
Сәтбаев қаласы

Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес.

Шын мәнінде, немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мыңдаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды. Әрине, ежелгі Рим деген қазіргі Италия емес, бірақ италиялықтар өздерінің тарихи тамырымен мақтана алады. Бұл – орынды мақтаныш. Сол сияқты, ежелгі готтар мен бүгінгі немістер де бір халық емес, бірақ олар да Германияның мол тарихи мұрасының бір бөлшегі. Полиэтикалық бай мәдениеті бар ежелгі Үндістан мен бүгінгі үнді халқын тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан бірегей өркениет ретінде қарастыруға болады; - деп елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында жариялаған болатын.

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдарының әсемділігі, өрнегі тұрмысқа сән берумен адамдарға рухани ляззат әкелген. Көз салып, байыппен қараған адамдарға бұйымдардағы түрлі-түсті өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер түйіндыларына арқау еткен. Өнер түйіндыларының бет бедеріне ширатыла түскен ғажайып



өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шерткендей. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты.

Халықтың мәдениеті өскен сайын қолөнері дамып отырған. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнердің алуан түрлерін ойлап тапты. Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен халқымыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін әлденеше ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, насихаттап, үйретіп келген.

Шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар, сол заманның қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. Шебер, ұста, зергердің суреткерлік қасиеттерімен қатар, жетілдіру дарыны да дамыған. Соның арқасында үй мүліктері, жиһаздар жаңа түрге еніп, жетілдіріп, асыл дүниелерге айналып отыр.


Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды салаларының бірі - қолөнері, оның ішінде ою өрнек болып табылады. Ою өрнектер әсемдікпен, сәнділіктің белгісі ғана емес, сонымен бірге халықтың арман- ойының, тілек мүддесінің нышаны, осы тұрғыдан алып қарағанда ою өрнектің мазмұндылық ерекшеліктері сан алуан. Бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық сезімдерін, өнерін жоғалтпауы қажет. Өнер адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Оның құндылығы орасан зор. Сонау жазу-сызу шыға қоймаған ерте заманда адам өз ойын тасқа, сүйекке, ағашқа ойып, қашап түсіріп отырған. Қазіргі қолөнер саласындағы «сүйек ою өнері», «ағаш ою өнері» деген сөздер сол ерте заманда қалыптасқан ұғымдар. Қолөнердің сала-саласында кең қолданылып келген, өнердің өте көне әрі күрделі түрі- ою-өрнек өнері. Қазақтың қол тума сәндік өнерінің барлық түрлеріне де оюлар мен өрнектер алғашқы элемент ретінде қолданылады. Ою мен өрнек қолөнер бұйымдарының тұтынушылық және эстетикалық мәнін аша түседі. Сондықтан да қолөнер заттарының әр қайсысындағы оюлау мен өрнектеуге, әшекейлеуге жіті зер сала білу керек. Бір кезде тасқа, ағашқа, сүйекке түсірілген ою-таңбалар келе-келе киізге, алаша, кілем тағы басқа заттарға салынатын болған. Ол белгі таңбалар арқылы халық белгілі бір ұғым түсініктерді аңғартып, біліп отырған. Сонымен, ою-өрнек дегеніміз геометриялық және бейнелеу элементтерінің жүйелі ырғақпен қайталанып, үйлесімді құрылуы.

Негізгі өрнек түрлерінен бөлек қазақ шеберлері көп қолданатын ою-өрнек элементтерінің мынадай атаулары бар:

- аспан әлеміндегі құбылыстарға байланысты өрнектер «ай», «күн», «жұлдыз», «айшық», «аймүйіз», «құс жолы», «жұлдызша», «кемпірқосақ», т.б.
- заттардың атауына байланысты өрнектер «балға», «балта», «тарақ», «балдақ», «күмбез», «табақ», «қармақ», т.б.
- эпиграфиялық өрнектер, яғни жазуды өрнек тәріздендіріп, белгілі бір заттың бейнесіне келтіре әдемілеп, астарлап жазу.
- ру таңбалары мен ел таңбаларға байланысты ою-өрнек элементтері: «тұмар», «айшық» «босаға», «тарақ», «көз», «шөміш», шылбыр», «көсеу», «ашамай», т.б.



Құстарға байланысты ою – өрнектер.



Ру таңбалары мен ел таңбаларға байланысты ою-өрнек элементтері.

Халқымыздың бізге жеткен ою – өрнек үлгілері бай мұра, салқылмас қазына. Қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізаттың бірі және ең бастысы – жүн болды. Қой жүнінің сан алуан түрлі сорттарымен тайталаста жылулығы жағынан тең түсетін, ал мықтылығы жағынан басым тұратын түйе жүні мен ешкі түбіті бүгінгі күні тұтынушысына өз бағасын таныта түсіп отырған жоқ па?! Алуан түрлі ою-өрнектер оюланып немесе сырылып жасалған текмет пен сырмақ, құлпырған өрнектері көздің жауын алатын кілем, алаша, т.б. жүннен жасалатын бұйымдардың жылулығына сыртқы әсемдігі сәйкес келіп тұрса күн үсітне нұр емес пе?! Әрі әсем, әрі сапалы да мықты бұйым шығу үшін алғашқы шикізат – жүннің сапасы ерекше орын алады.

Сапалы бұйым шығуы үшін жүн өңдеуде қандай процестерге қай кезден бастап көңіл бөлген жөн.

Тоқымашылдардың айтуы бойынша, жүн біркелкі, шебер иірілуі керек екен.




Түтіп, иірушілердің айтуынша, жүннің таза қырқылып, рет – ретімен дұрыс сұрыпталуы керек. Қой қырқатын жердің талапқа сай болып, жүнге қоқым араласпауы, қой терісінің қырқындысы болмауы, маусымдық қыркым дер кезінде өткізілуі тиіс.

Қырықтықшылдардың айтуынша, қойды жабағы жүні көтеріліп астынан жаңа өскін пайда бола бастаған кезде қырыққан дұрыс. Қонды малдың жүні уақытында біркелкі көтеріліп, қыркуға ыңғацлы келеді.

Маманның айтуынша, жүн сапасы алдымен малдың күтіміне байланысты. Малдың күтімі талапқа сай болмаса, одан сапалы өнім күту мүмкін емес. Сондықтан мал күтіміне - азық құрамына, уақытылы суарылып, жайылымға шығуына

көңіл бөлген жөн.





Ғалымның айтуынша, жүн сапасы, одан жасалған бұйымның сәнді болып, талғампаз қауымның көңілінен шығуы үшін өте қажет бір нәрсе – оның табиғи түсі, жылтырлығы. Бұл, ең алдымен, қой тұқымына байланысты. Ал, керісінше, өнім сапасына нұқсан келтіретін жайт – сапасы әр – түрлі жүннің араласып кетуі. Кейде осындай себептермен жүнді амалсыздан бояуға мәжбүр болады. Сондықтан жүннен қалаған бұйымын жасарда шикізат күтіміне көңіл бөліп, ал бояғанда қажет заттың ерекшелігіне орай бояуды талғаммен, керекті жеріне табиғи түстің өзін де пайдалан білген жөн.

Халықтың күнделікті тұрмыс тәжірбиесінен бояу ретінде ашудас, қына, томар шөп пайдаланылған. Қазіргі жеңіл өнеркәсіптің өркендеп дамыған тұсында сан алуан химиялық бояулар шығарылып отыр. Бұл ісмерлердің жұмысын едәуір жеңілдетіп отыр. Осылардың ішінде жүн бояуға арналған түрлерін ғана аса сақтықпен пайдалана білу де шеберлік.

8-10 литр суды қатты қайнатып, 1 литрге 15 грамм есебімен бөлек ыдыста әдбен ерітілген бояуды құйып араластырады. Бояу түйіршігі ерімей қалса теңбілденіп, жүнге біркелкі сіңбейді. Сондықтан бояу ерітілген ыдыстың эмаль немесе шыны болғаны жөн. Сонда ыдыс кенересінен немесе түбінен әлдеқалай ерімей қалған бояу түйіршігін оңай байқауға болады.

Қазанның қақпағын жауып бір қалыпты қайната отырып, оған жүнді мөлшерлеп салып, оны ағаш қалақпен немесе ожаумен бастырып отырған дұрыс. Жүн салмас бұрын 1 литр суға 1 шай қасық сірке суы құйылады немесе 1 тұз қосылады. Қазан бір қайнағаннан кейін от қызуын азайту керек. Ара – тұра жүнді қалақпен аудастырып қою керек.

Жүннің бояу алғандығын былай тексереді: қалақтың ұшымен боялып жатқан жүннің кез келген жерінен көтеріп алып, шымшып көреді. Бояу алған жүн суы сығылғанда, бозғыл тартпайды. Онда қазан астындағы от сөндіріліп, эмальды табаққа түсіріп алынады. Бетін қақпақпен жауып, үстіне ауыр нәрсемен бастырып, суығанша қоя тұрады. Суығаннан кейін жүн жіпке немесе ағашқа жайылып, көлеңке жерге кептіріледі.

Материалды терең зерттеп, оның бар сырын, бар мүмкіндіктерін аша білу – қол өнері үшін маңызды. Күні бүгінге дейін өз маңыздылығын жоғалтпай келген сондай дәстүрлі қолөнер үлгілерінің бірі – киіз басу. Киіз басу өнері көне заманнан бері белгілі. Киізден жасалған бұйымдар ккне дәуірде қазба жұмыстары кезінде табылған.

Киіз басу өнерінде халық арасында кең таралғаны – текемет басу, сырмақ ою түрлері.

Киіз басу, текемет ойыстыру ісі алдымен жүн сұрыптаудан басталады. Сұрыпталған жүндерді одан әрі өңдеуге кірісу қажет.



Алдымен жүн сабалады. Жүн сабау да оңай жұмыс емес. Оған алдымен ұзындығы метрден артық сабау таяқ керек. Сабауды жыңғылдың немесе бұтақтың жас талдың қабығын сыдырып, кептіріп жасайды.

Жүн сабайтын жер тегіс әрі кең болуы керек. Жүнді тулақ үстінде аула ішінде сабайды. Ал, ондай мүмкіндік болмаса, бөлмедегі нәрселерді шаң-тозаң, қиқым түспейтіндей етіп жауып тастаған соң ғана жүн сабауға кірісу қажет. Сабар алдында 2-3 сағат күн астында жатса тіптен жақсы.

Сұрыпталған жүн сабалып, реттеліп, келесі өңдеу жұмыстарына әзірленеді. Ол үшін ені екі жарым құлаштай 6 құлаш ши керек. Шиді бір – біріне қабыстырып, жіппен тігеді.

Шидің бір шетінен бастап аралас жүнді біртегіс жайып салады да молдау ыстық су шашып, ұқыптап орап отырады. Осы орауды аз уақыттан соң жазып, әлгі жайылып салынған жүн қабатының



үстіне текеметтің бетіне арналған жүнді тегістеп жаяды немесе жүннен бетіне түр тартылады. Жүн жайылған соң қазанда қайнап жатқан судан ожаумен алып себелейді. Су барынша біркелкі себілуі үшін сыпырғыш немесе тегіс тақтайға шашырата құймалап тұрады. Су құйылып біткен соң, жүн суға қанды деп есептеліп, шиді орап, екі шетін тұйықтап жабады. Бұдан кейін шиді бес жерінен қатты буып байлайды. Әрқайсысы 7 құлаштан екі немесе үш қосымша арқанды шидің 2-3 жерінен айқастыра өткізіп, екі ұшын екі жаққа шығарады. Егер екі арқан болса – 4 адам, үшеу болса – 6 адам қарама-қарсы тұрып, әрлі-берлі тарта жүріп жүн бірігіп қатайғанша тебеді. Киіз тебуге қарама-қарсы 10-12 адамға дейін қатысады. Тебу бірнеше сағатқа созылып, ши сыртына жүн қылшықтары көріне бастағанда тоқтатылады. Киіз неғұрылым көп тебілсе, соғұрлым ширақ болады. Осыдан кейін 7-8 адам киізді шидің тігісіне қарсы жарты сағаттай білектен, жарты сағаттай алақандайды. Білектен дегеніміз – 7-8 адам қатарынан тізерлеп отыра қалып, текеметті білегімен әрі-бері ырғап ұрғылау. Білектен киіз әбден ширағанша 4-5 рет қайталанады. Сонан соң шиден шығарып, екі енін қарама-қарсы орап әкеліп соғады. Бір жағын екінші шетіне жеткенше ширата бүктеп, соқ-соқтайды. Бұл жұмыс 3 қайтара жасалады. Бұдан кейін кезекпе-кезек оң-терісін алмастыра отырып киізді ұзыны қалыптағыдай болуы үшін ұзындайды. Бұған да 10-12 адам қатысады. Енді киіз жазылып, ұзыны екі бүктеледі. Екі басы біріктіре дөңгелектеліп, шуда жіппен тігіледі. Осыдан кейін сол 11-12 адам дөңгеленіп тігілген киізді сағат тілінің бағытымен тігіс ұшынан айналдыра қарпиды.

Киіз қарпу 1 сағатқа созылады. Киіз қарпығанда бірікпей бос қалған қыл-қыбырынан тазарады. Осыдан кейін жіпті сөгіп, енімен орайды да қайтадан 7-8 адам білектен, алақандайды. Содан кейін киізді ұзынынан 3 қабаттап бүктеп, екі шетінен 2 адам кезекпе-кезек жерге ұрып тегістейді. Содан соң күннің көзіне кепкенше жайып қояды. Ал текеметті тегістемейді, себебі салынған өрнегі қисайып кетуі мүмкін.

Киіздің қазақ тұрмысына етене сіңіп кекені сондай «киіз басу» биі өмірге келген, онымен қоса, киіз басу процедурасы тұнып тұрған тәрбие. Онда ісмерлік, шеберлік, ептілік, күш және өнер керек. Әйелдер киіз басу үстінде үнемі өлең айтып өз істеріне бар сүйіспеншілікті арнаған. Киіздің ерекшелігі – температураны қалыпты ұстайды, жуған сайын жаңарады. Жүннен жасалған бұйымдар әсіресе ревматизм, остеохондроз және радикулитпен ауыратын науқастарға ұсынылатын болған.

Киіз жасау тіршілікті бала кезімізде көп көріп өстік. Әжеміздің жүнді жазалап, текемет басқанын талай мәрте зердемізде тоқыдық. Ол уақытта бізге барлығы таңсық көрінді. Үйренуге ұмтылдық. Әжемнің қасында жүріп, кішкене болсын қолғабыс ететенмін. Осыдан болар өз өңіріме осы қол өнер түрін дәріптеу, жазу ойыма келді.

Қорыта келгенде біздің мақсатымыз қазақ халқының қол өнерін дамыту. Қой жүнін игеру арқылы көптеген ою – өрнектерден бұйымдар дайындауға мүмкіндіктер жасау. Сапалы әрі жаңа трендтегі әдемі ою – өрнектегі кестелер мен текеметтер даярлауға болады. Жүн шикізатын өзге елдерге арзанға сатып, заттарды екі есе қымбатқа сатып алғанша, өз елімізде игеріп дамытсақ.

Сан ғасырларды кері шегіндірген, тарихы тереңде жатқан қазақ халқының мәдени мұрасы, таным-тіршілігі, дәстүр мұрағаты ұрпаққа қазына. Жолсызбен жол кешіп, тар бағыт пен тайғақ ғұмырдың куәсі болған еліміздің ертеңі қараңғы шақта, тарих тоғысында түрлі маңызды шешімдер мен ел болашағының бағыты үшін қаншама қан кешулердің болғанын білеміз. Ақ найзаның ұшымен қорғалған ақ ордамыздың тамыры тереңге бойлап, тәуелсіздігі нық бекіді, бүгінде. Ендігі жастарға қойылар талап, қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын заманда өмір сүріп жатып ел тарихын білу, өткенімен таныс болу, дәстүрін дәріптеу, мұрағатын жандандыру. Бұл жастарға артылған талап деп түсінеміз. Міржақып атамыздай «Қалғанша жарты қаңқам мен сенікі, Пайдалан шаруаң жараса, Алаш» деп жүрген әр азамат ұлттың «ұлысы» атануға міндетті.

Осы қолөнерді жалғастыра ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы. Сонда ғана біздің тәуелсіз елдің тарихы, келешегі жарқын болады.



**Әдебиеттер:**

1. Қазақ қолөнер энциклопедиясы
2. Яндекс интернет порталы.
3. Шарайна газеті «Рухани жаңғыру» «Ұлы даланың жеті қыры» атты елбасы жолдауы 19 қаңтар 2018 жыл
4. «Жүннен жасалатын бұйымдар» Алматы «Қайнар» кітабы 1990 жыл.

ПРОЕКТ «О ЧЕМ ГОВОРЯТ УЛИЦЫ ГОРОДА НУР-СУЛТАН?»

Калыкова Г.М.
старшая вожатая
школа-гимназия №14
г. Нур-Султан

КГУ «Школа-гимназия № 14» УО города Нур-Султан активизирует работу по разработке и внедрению проекта преемственности поколения и созданию электронного пособия (аудио- и видео материалов) для дальнейшей реализации в автобусах различных маршрутов «О чём говорят улицы города Нур-Султан?»

Актуальность проекта

В условиях действия государственной программы «Рухани Жаңғыру» данный проект даёт прекрасную возможность познакомить жителей и гостей города с судьбой не только конкретного места, но и всего города, и даже же целой страны. Ведь не каждому жителю города приходила мысль в голову: «Почему именно эта фамилия носит название данной или иной улицы?», «Почему данной территории присваивают имена?» или «О чём может поведать данная улица, о какой и чьей судьбе?»

Цель проекта

- Предоставить жителям и гостям города через общественные средства передвижения видео материалы (виртуально) о людях, чьи имена носят названия улиц.
- Показать связующую нить между вчера, сегодня, завтра. И способствовать увековечиванию памяти о людях, которые внесли непосильный вклад в развитие и становление страны в разные периоды.

Задачи проекта

Для того чтобы реализовать цель проекта необходимо решить следующие задачи:

- посещение архивного отдела г. Нур-Султан
- сбор, изучение и анализ литературы из различных источников
- составить электронное пособие (с аудио- и видео- сопровождением)
- установить связь с ТОО «Астана LRT»
- апробировать данный проект на одном из маршрутов автобуса, например №25

Исходя из статистических данных, мы сделали следующий вывод: нынешняя молодежь не интересуется историческими личностями, которые внесли огромный вклад в историю развития и становления современного Казахстана.

Статистические данные по просмотрам на канале YouTube.

Количество просмотров	Ф.И.О деятеля Казахстана	Дата опубликования
52 851	Абай Кунанбаев «Тайны. Судьбы. Имена»	05.11.2017 год
16 519	Сакен Сейфуллин «Тайны и судьба великих казахов»	26.03.2017 год
88	Григорий Потанин көшесі	18.03.2013 год
60 677	Молдагулова Алия Нурмухамбетовна	27.11.2011 год



482	«Тайны. Судьба. Имена» Александр Затаевич. Хранитель казахской музыки	8.04.2019 год
458 903	«Гибель Кенесары» Кенесары хан	21.09.2013 год
759	«Загадки истории № 23» Асан Кайгы	2.01.2018 год

Для реализации проекта «О чём говорят улицы города Нур-Султан?» была составлена смета расходов:

№	Наименование затрат	Количество/ человек/ штук	Сумма / за одного человека/ за одну штуку	Итого
1	Поездка в архив г.Нур-Султан (3 поездки)	10 человек	360 тенге	10 800,00 тенге
2	Выезды на улицы Кенесары, Р.Кошкарбаева, Абая, С.Сейфуллина	15	360 тенге	21 600, 00 тенге
3	Создание электронного пособия (покупка программы, дисков)	1	30 000 тенге	30 000 , 00 тенге
4	Тиражирование материала (брошюры)	100	100 тенге	10 000,00 тенге
5	Реализация рекламного материала через ТОО «Астана LRT»	1	10 000 тенге	10 000, 00 тенге
			ИТОГО	82 400,00 тенге



Таким образом, реализация этого проекта позволит:



-на основе сбора и поиска информации познакомить жителей и гостей города с историей происхождения данных улиц;

- сформировать чувство патриотизма, уважения и гордости за свою Родину.

Литература:

1. [youtube.com/watch?v=Jvy8jdgkZws](https://www.youtube.com/watch?v=Jvy8jdgkZws)
2. https://www.youtube.com/watch?v=kO-k8_tnj2s
3. https://www.youtube.com/watch?v=PbldGo_WOoE
4. https://www.youtube.com/watch?v=iEnBDBj_Xpc
5. <https://www.youtube.com/watch?v=uzOSe8TsuoE>
6. <https://www.youtube.com/watch?v=l5ledtOvE-U>
7. https://www.youtube.com/watch?v=SiiyaaQC_d4

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ САЛТ- ДӘСТҮРЛЕРІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ

Кожасметова К.Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

«№11 Қоскөл жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Ұлытау ауданы

Қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы қазақ халқының салт - дәстүрі болып табылады. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет - ғұрыптар, салт - дәстүрлерге халықтың өмірінде қалыптасқан салт - дәстүрлер салт - сана болып қалған. Халықтың салт - дәстүрлері, рәсімдер мен жөн - жоралғылар, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі дамып, толысып, жаңарып отырады. Қазақ халқының салт - дәстүрлері осы ұлттың мінез - құлқын, қасиеттерін көрсетеді. Кейбір салт - дәстүрлер мен әдет - ғұрыптар сол халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезі, сеніміне, ырымына қарай қалыптасып келеді. Қазақ «Ат тұяғын тай басар» деп кейінгі ұрпақтың ата салтын бұзбауын, ұмытпауын талап етеді.

Салт – кәсіпке, сенімге, тіршілікке байланысты әдет - ғұрып, дәстүр. Ол ұрпақтан - ұрпаққа ауысып отырады. Уақыт өткен сайын салтқа өзгеріс еніп, өзгеріп, қоғамға байланысты бейімделіп келеді. Жаңа қоғамдық қатынасқа сай келмейтін дәстүрлер ығысып, өмірге қажетті жаңалары дамып отырады.

Дәстүр – ұрпақтан - ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез - құлқының, іс - әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата - ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әдептілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады.

Қасиетті қазақ халқының салт - дәстүрлері өте көп. Қазіргі кезде ұмытылып бара жатқан салт - дәстүріміздің бірнеше түрлерін іздеп, соны сіздерге ұсынып отырмын.

Мәдениет бар жерде, әдебиет те бар, әдебиет бар жерде өмір де болады. Ендеше, ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып, жас ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында, ұлттық салт – дәстүрлердің көне түрлеріне тоқталмақпын.

Жұртшылық. Біреуден көп қарыз алып, кейін оны өтей алмайтын жағдай да болады. Бірақ – ар ұяты бар адамдардың алған қарызын өтемей кетуі ел ішінде мүлде болмайды және бүкіл ел – жұртқа, руға, ағайын алдында үлкен мін саналады, бетке басылады. Міне, осындай жағдайға ұшыраған адамды жұрт алдында шығарып ұялтпай – ақ ел ағалары мен ақсақалдары бас болып, ағайын – туыстар бірлесіп, жалпы көпшіліктен көмек сұрайды, қаржы, мал жинайды. Бұған барлық жұрт, көпшілік қатысатын болғандықтан осы қайырымдылық дәстүр «жұртшылық» деп аталған. Қайырымды қазақ елі бұдан бас тартпаған, жұрт болып жұмылған. Асату. Оны С. Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» деген кітабында кең насихаттап жазған. Дастарқан басында ет жеп отырғандар тоғая бастағанында, төрде отырған ақсақал қалған етті қолымен қонақтарға, жас балаларға асатады. Бұрындары ауыл балалары ет асаймыз деп қонақ келген үйдің қасында жүретін - ді.

Аяғына жығылу. Кешірім сұраудың ең үлкен, кішіреюдің ең ауыр түрі – осы ғұрып. Оны орындағанда айыпты адам жанына абыройлы, қадірлі кісілерді ертіп алып, тиісті адамның үйіне рұқсат сұрап кіріп, кешірім сұрайды. Айыбы үлкен болса, айыпкер өзі кінәлі болған адамның аяғына



жығылып, оны құшақтаған қалпы жылап, кешірім сұрап, жалынған. «Аяғына жығылу» - әрі ғұрып, әрі жазаның бір түрі.

Бәсіре атау. Ежелгі әдет - ғұрыптардың бірі. Ата - анасы баласына арнап жас төлге ен салады да оны «бәсіре» деп атайды. Бәсіре аталған төл өскен соң сол баланың қажетіне, тойына жаратылады. Оны ен салып, малды таңбалаумен шатастырмау қажет.

Босаға майлау. Жастар шаңырақ құрғанында немесе біреу жаңа үй алғанында жақын туған - туыстары келіп жаңа үйдің босағасына май жағу салтын жасайды. Ол осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ниеттен туған. Босағасын майлаған адамға шаңырақ иелері кәде береді.

Жұмалық. Бұрындары дәріс алып жүрген шәкірттері жұма күні молдасына сыбағаға ет, қымыз, май, құрт әкелетін болған. Оны халық жұмалық деп атап кеткен.

Қазан шегелеу. Жақын туыс, әзіл - қалжыңы жарасқан адамдардың үйіне екі - үш адам бірге барып: «Осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді. Бұл олардың түстеніп, ет жеуге келгендігі. Үй иесі оған әзілмен жауап қайтарып: «Жақсы болды, қазан шегелейтін адам таба алмай отыр едік» деп қонақжайлық танытады, әйелі ет асып қонақасы береді.

Қорықтық құю. Ол – емдік ғұрып. Ауырған адамның төбесінің үстіне (басына тигізбей) май құйылған табаны әкеліп, екінші бір ыдыста қорытылған сұйық (ыстық) қорғасынды оның үстіне құйып кеп жібереді. Сонда «шар» етіп кішкене қорғасын сұйығы бір бейне қалпына түседі. Емші соған қарап ауруға «Сіз иттен немесе адамнан, жыланнан қорыққансыз» дегендей болжам айтып, ауруды жазылатынына сендіреді.

Мойнына бұршақ салу. Ертеде баласы жоқ адамдар мойнына көгеннің бұр шағын салып Аллаһ Тағаладан перзент сұрап жалбарынған, жылаған. Мойынға бұршақты бала тілегенде ғана салады.

Сауын айту. Бір ауылда, елде үлкен ас, үлкен той болатын болса, алдын - ала (бірнеше ай, бір жыл бұрын) жан - жаққа хабар жіберіліп, адамдарды соған шақырады. Бұл сауын айту. Яғни, әр жүз, әр ру мұндай асқа қымызын, малын ала келіп, батыр, балуан, ақын, әнші, күйшілерімен өнер көрсетіп, бәйгеге жүйрік аттарын қосып, астың, тойдың жақсы өтуіне жан - жақты қолдау көрсетеді. Жиынға қымыз әкелгендердің ыдысына сойылған малдың жіліктерін салып жібереді. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» кітабында: «Мырза өз әкесі Өсекеңе ас берем деп, Көкшетауға сауын айтып, елді жиды ғой» деген сөздер бар.

Сүйек жаңғырту. Бұрындары құда - құдағи болған жақтар қайтадан қыз алысып, қыз берісіп құдалықты одан әрі жалғастырса, оны сүйек жаңғырту дейді. Бұл салт қыз бен жігіттің келісімімен қазір де жасалып жүр.

Аунату. Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонсын» деп балаларын аунатып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жеріне келгенінде халық, туған - туыстары, дос жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматов үйіне Мұхтар Әуезов келгенінде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.

Ерулік беру. Ауылға басқа жақтан бір үй көшіп келсе, бауырларының бірі туған - туыстарына жапсарлас келіп қонса, көрші - көлемі немесе жақындары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіреді, табак тартып, қонақасы береді. Бұл салтты ерулік деп атайды. Осылайша қазақтар танысын, танымасын бір - бірін бөтенсімей, өз ортасына тарта білген.

Еру – «Еру отырған ауыл көшіп келіп керегесін жаймай, жаппаның астында жатқан ауылға ерулік бермесе үлкен ұятқа қалатыны ертеден келе жатқан салт». Көшіп бара жатқан үй ұзақ жолда өздері де, ат - көлігін де тынықтыру үшін жолда отырған бір ауылдың жанына келіп 1 - 2 күн аялдайды. Үй тікпей абылайшылап (шаңырақты уықпен көтеріп отыру) немесе жаппа тігіп (керегелердің басын қосып) отырады. Көшулердің мұндай аялдауын «еру» дейді. Осындай кезде ауыл адамдары келіп, сәлемдесіп, жөн сұрасады. Оларды «ерулікке» шақырып, қонақ етіп, риза қылып, жолға шығарып салады. Егер еру көштің иесі 4 - 5 күн отыратын болса, «ерулікке - қарулық» деп бір қойын сойып, ауыл үлкендерін шақырып, батасын алады. Бұл салтта еліміздің бірлігі мен адамгершілік, сыйластық белгісі жатыр.

Көрші – қонысы ортақ, етене араласып, күнделікті жүзбе - жүз кездесіп, аман - саулық сұрасып жүретін кісілер. Қазақ халқы «көршіні Құдай қосады» дейді. Жаңа орынға көшіп келісімен ерулік беріп, қоныс тойын жасау дәстүрінде де ең әуелгі ниет - көрші қолаңдармен танысу болған. «Адам күні - адаммен» демекші, күнделікті өмірде әркім - ақ көршіні қажетсінеді. Өйткені, бір іс туып



қиналғанда, бір нәрсе қажет болғанда ең алдымен көршілерден көмек сұрап жатамыз. Көршімен сыйластық - елдің сыйластығын, көршімен татулық - қоғамның татулығын ұқтыратындықтан, ислам діні көршімен жарасымды сыйластықта болуға шақырады. «Алыс туыстан жақын көрші» артық деп бекер айтпаған.

Айрылысар көже - көрші қонғанда «ерулік» беріп, қыстай немесе жаздай бірге отырған, сыйласқан отбасылар қоныс аударып бөлінген жағдайда олар енді «айрылысар көжеге» шақырады. «Көже» деп сыпайылап атағаны болмаса сыйлы, сыбағалы табақ тартылады. Олар бір - біріне ризашылығын білдіріп, «ұрыспай айрылған ұялмай қосылар» деп тағы да аман - сау қосылуға тілек білдіреді. Бұдан олардың бірін - бірі сыйлау, қимастық көңілдері көрінеді. «Айрылысар көже» - адалдық әрі әдемі дәстүр.

Белкөтерер. Токсан көремін деген жасым ба еді, быламық ішейін деген асым ба еді, деп баяғы қариялар айтқандай жасы жеткен адамдар тісі болмаған соң тамақ жей алмайды. Ал, әлгі кісілерге жақсы тағамдар қажет. Мұндай жағдайда осындай адамдарға арнап «белкөтерер» деген тағам арнайы дайындалады. Бұл әрі жұмсақ, әрі дәмді, нәрі мол қазы, жент, сарымай, қымыз, ақ ірімшік, бал тағы сол сияқты тамақтардан әзірленеді. Мұны балалары, көрші - қоландары, сыйлас кісілер әдейі дайындап әкеледі. Бұған өте риза болған қарттар батасын береді. Сонымен қатар бабаларымыз қалдырған мұраны қорғауға тиіспіз. Сан ғасырларды кері шегіндірген, тарихы тереңде жатқан қазақ халқының мәдени мұрасы, таным-тіршілігі, дәстүр мұрағаты ұрпаққа қазына. Жолсызбен жол кешіп, тар бағыт пен тайғақ ғұмырдың куәсі болған еліміздің ертеңі қараңғы шақта, тарих тоғысында түрлі мағызды шешімдер мен ел болашағының бағыты үшін қаншама қан кешулердің болғанын білеміз. Ақ найзаның ұшымен қорғалған ақ ордамыздың тамыры тереңге бойлап, тәуелсіздігі нық бекіді, бүгінде. Ендігі жастарға қойылар талап, қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын заманда өмір сүріп жатып ел тарихын білу, өткенімен таныс болу, дәстүрін дәріптеу, мұрағатын жандандыру. Бұл жастарға артылған талап деп түсінеміз. Міржақып атамыздай «Қалғанша жарты қаңқам мен сенікі, Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш» деп жүрген әр азамат ұлттың «ұлысы» атануға міндетті.

Бұқара халықтың дәстүрінен сыр шертетін қазақы ойындардың түр-түсін ажырата алу, үлкен жауаптылықты талап етеді және екінің бірі бұған келгенде кем ауыз, қысқа тіл болып қалатыны бар.

Асық ойындары. Асық ойындарына қой, арқардың асықтары жарайды. Бізге беймәлім асық ойындарын талдасақ. Оңқаны асығы көп бозбалалар ойнайды. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызып, дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өз асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асықты мұртынан оңқа тұрғызады. Егер кімде-кім оңқаға тигізсе бүкіл асық жеңімпаздың қалтасында кетеді.

Хан Әрбір ойыншы бестен оннан асық тігеді. Асық арасындағы ең ерекшесі «хан» деп аталады. Ойынның шарты бойынша, «ханмен» асықты атқан кезде басқа асықтарды қозғамау керек. Сөйтіп, ойынның шартын бұзғанша не болмаса «ханмен» ататын асық қалмай қалғанша атып, асығын ала береді. «Кетсін бір» асық ойынында ойыншылар саны екіден аспау керек. Бірінші ойыншы асықты шамасы келген жерге дейін лақтырады. Ол табан өлшемі арқылы өлшенеді. Кімнің асығы алысқа ұшқан болса сол жеңімпаз атанады.

«Атбақыл» ойынында тек сыйырдың асығы болуы керек. Ойыншы қарсыласының сақасын алысқа атады. Кімдікі алыс болса, ойын басталған жерден бастап жеңілуші жеңімпазды арқалап жүруге міндетті.

Бірі білсе, бірі білмек түгіл жетесіне жете алмайтын ойындардың сапында «Тауқырайдан» атты ойын бар. Ойнаушылар бірінің қолы бірінің басына жетерліктей мөлшерде дөңгеленіп отырады. Ойын бастаушыдан басқасы жалаң бас болуы керек. Ойын бастаушы:

– Тауқырайдан-тауқырайдан, – деп қайталап айта түседі де, өз басындағы тақияны оң жағындағы көршісінің басына кигізе қояды. Көрші де сол сөзді қайталап, оң жақ көршісіне кигізеді. Осылай жалғасып кете береді. Бір мезетте ойын бастаушы көзін жұмып отырады да:

– Тау-тау деп, басын өзі қолымен баса қояды. Тақия кімнің басында қалса, соған айып салынады.

Қимақ. Бұл ойында жіп керіп, сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта сан алуан заттар байлап қояды. Ойын шарты бойынша: бір адамның көзін байлап, ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, осы заттан «бар да қалағаныңды қиып ал», – дейді. Ол адам қиған затын алады. Егер бірінші ретте қия алмаса, екінші мәрте әрекеттенуіне болмайды.



«Шұқыма» ойында әр ойыншының қолдарында таяқтары көп болуы керек. Жерді белгілейтін ойыншылар білінер-білінбестей етіп жерді шұқып қана белгі салып кетеді. Содан шұқыған белгіні қай топ бұрын тапса, сол топтың ойыншылары ұтқан болып есептелінеді.

«Жаяу тартыс» ойыныда халықтың қорында шаң басқан ойын үлгілерінің бірі. Бұл ойынға бойы жағынан шамалас кез келген ойыншы қатыса алады. Екі ойыншы бір-біріне арұасын тіреп, түзу сызықтың екі жағына тұрады. Екі ұшы байланған арқанды түйінін ортасына келтіріп, екі ойыншы да иық арқылы қолтықтың астынан өткізіп алады.

Бір...

Екі...

Үш!

Үш» деген кезде екі ойыншы да теңдей арқанды өз жағына тартады. Қарсыласын сызықтан асырғанша тарта алған ойыншы жеңеді.

Елдің тұрмысын толықтырар болсам, қазақ халқының да көшпелі өмір кезеңдеріне орайлас туған календары болған, бірақ бұлар қағаз бетіне түсіп, зерттелмей келеді. Осы тұста М. Исақовтың «Халық календары» атты кітабының мәні зор Қазақ календарының әу баста халқымыздың мал бағу кәсібі мен диқаншылық өміріне байланысты туғанын көреміз. Әсіресе, жыл мерзімдерін белгілеу мен ауа-райының болашағын болжау қоғам тіршілігіне тікелей қатысты болды. Соған сәйкес күзем қырку, шүйгін жайылым тауып, малды жұттан аман алып шығу тәрізді өмірлік мәселелерді шешу аса қажет еді. Аспан әлемін де талдай білген қазақ «Жеті қарақшыны таныған жеті қараңғы түнде де адаспайды» дейді. Халық аңызында «Жеті қарақшы» «Үркердің» қызын (екі жұлдыздың да аты осы аңыздан кейін туған) ұрламақшы болыпты, бұлар түнімен бірте-бірте «Үркерге» жақындап қоян-қолтық келгенмен, бау тағарда таң атып, жұлдыз біткен көзден ғайып болады екен, сөйтіп «Жеті қарақшы» қанша жымысқы оймен әрекеттенсе де еңбегі еш кететін көрінеді. Аңызда қаншалықты терең пәлсапа жатқанын осыдан да аңғарамыз.

«Үркердің» халық шаруашылығына тікелей қатысы бар. Ал «Темір қазық» қаққан қазықтай орнынан тапжылмайды. Ол арқылы оңтүстікпен солтүстікті, батыс пен шығысты тауып алу оңайға соғады.

Ел дәстүріндегі болжамдардан бір дерек білесіз бе?! Тоғыс кезінде Үркер мен Ай бір-бірінен алыс болса, халық тәжірибесінде «бұл екеуі бір-бірімен қырбай болған, қырсығы мал мен жанға тимесе игі еді» деп қауып ететін болған. Егер Үркер мен Ай жақын орналасса, шаруақор қазақ: «Екеуі жараса қалған екен, мал мен жанның жағдайы жаман бола қоймас» деп жақсылыққа жорыған.

Қыста түйе ернін жыбырлатса, жылқы оқырынып жұтынар болса, онда кешікпей-ақ түйе мен жылқы қар суын ішеді. Яғни, көктем ерте шығады деген сөз. Ал егер қой тұяғымен қарын қасыса қар қалың түседі деген мысал бар. Шопан атаның түлігі тісін қайраса, кешікпей –ақ боран күтсеңіздер болады.

Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяз болады. Күн құлақтанып бататын болса, ауа-райы жылынуға тиісті. Қазақтың «Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан» деп келетін мақалы сөзімізге дәлел.

Қазақ тұрмысында жыл басы Наурыз айынан басталғаны бәрімізге белгілі. Және ай атауларының жанама аттары да болған. Олар: Наурыз-Жамал, Сәуір-Көкек, Мамыр-Зауза, Маусым-Саратан, Шілде-Әсет, Тамыз-Сүмбіле, Қыркүйек-Мизан, Қазан-Ақырап, Қараша-Қауыс, Желтоқсан-Жади, Қаңтар-Дәлу, Ақпан айы Үт деп аталған. Тарих тоңысынан өткен жыл атаулары ескіріп, қолданыстан шығып кеткенімен, әдеби шығармалар мен әңгімелерде көптеп көрініс табады.

Тойды тойға ұластырған еліміз «отыз күн ойын, қырық күн тойын» жасап, қуаныш артынан қуаныш ілестіре білген.

«Айт, келін, енді айт, келін!

Атыңның басын тарт, келін!»-деп келетін осынау ежелгі жыр жолдарын еске алғанда, алдымен ағындай шапқан жыршы-ақынның аққу мойын домбырасын желдірте ойнатып, желпіне түскен шабытты күйі, қос ішектің күмбірлеген үнімен күйлі жырын нөсерлете төгіп жібергенде жандары кіріп жадырап сала берер жұрттың жарқын жүздері, қызыққа кенеліп қаумаласқан қауымның, бала-шағаның теңіздей толқып тебіреніп, қуаныштан мерейі асып-тасыған, көңілі өсіп шалқыған шат-шадыман сәті елестейді.



Атын атап, түсін түстеп реттеуді қажет етпейтін, елдің етіне сіңген шілдеhana, тұсау кесер, сүндет той, тілашар, күміс той, алтын той, сабантой, наурыз тойы, айт мерекесі ел ортасында орны ойсырамас мерекелі де берекелі, мән-мағынаға ие той-жиындар.

Халық құрамы «Сүйінші», «Шашу», «Көрімдік» сияқты дәстүр түрін де назардан шет қалдырмаған.

Сүйінші-әдетте аса мәнді жақсылық хабарды жеткізген адамның аузынан шығады.

Шашу – той-жиындағы халықтың ағынан жарылып, байлығын ортаға тосуы.

Көрімдік – бір атым насыбайға қалатын көңілге жебеу болатын сый сыйлау.

Ерулік – жайлауда мал баққан хылықтың ішінде қатарға ең соңғы болып қосылған малшыға алдын қоныстанып үлгерген қонсыларының тамақ беруін осылай атаймыз.

Сірге жияр – күзге қарай шөп буыны қатқан кезде, бие ағытылып, бұзаудан сірге алынар шақта жайылар дастарқан дәмін айтады. Дәстүрдің дені- көп, қатары-жиі болғандықтан бәрін сараптап-саптап жазуымыз тиімсіз.

Уызқағанақ. Көктемгі мал төлдету науқанының, әсіресе қой қоздайтын кездің қат-қабат қарбаласы көп. Қойдың арқасынан күн өтеді, аузы көкке тиеді. Осы кезде отардағы төлден қой зарлай мағырап, ауылда қалған төліне қарай маңырап қашса, әлі тқлдемегендері көк қуалап, ол өз бетінше шашырай жайылады. Бұл аз дегендей өрісте қағанағын жайып, төлдеп қалатын қойлар өз алдына әртүрлі қамқорлықты қажет етіп жатады.

Қойын бағып, қойыртпағын ішіп жүрген қараша халықта ескерусіз шаң басқан салт-жоралғыларын тағы бірі – «өтіл». Өзді-өзімнің көпіртпе сөзіммен көпсітпей, дәл ме дәл жазған тиімдірек пе деп білемін. «Әдетте, қымызда «өтіл» деген болады ғой, онысы қымыз толтырған аяқты ұстап, қатар отырған адамдар өз аяғының қымызын тартпастан бұрын, екі жағындағы адамға өтіліп, көршілері бұйырыңыз дегенде ғана іше бастайды»- деп дәстүрді дәріптейді С. Мұханов «Мөлдір махаббатында».

«Қалмады баста бөрік, белде белбеу,

Жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай»- деген өлең жолдары салт бас, сабау қамшы бойдақ жігіттердің арасында кеңінен таралған. Халық «Қыз тұзағы-жеңге» дейді. Болашақ күйеу баланың қалтасын қуратқанша, жеңге шіркін жай тапсын ба?! Осы тұста жеңгелер жаңа келін болып түскен сәттен өзінің қайын іні, қайын сіңлілеріне есім қойып, айдар тағады. Бұндайды қазақта «Табу сөз» деп атайды.

Қазақта тағы бар ерекше түсіндірілетін, сараптап-сапталатын,мән-мағыналы тіршіліктің көрінісі ретінде қарастырылатын «мүшел жас» деген болады. Адам баласы туғаннан бастап, өсіп-жетілу кезеңінде қатерлі жылдар болатындығын айтып келеді. Оны мүшел жас деп атайды.

Алғашқы мүшел он үш жас – бұл адамның балалық шақтан, ересектік шаққа дейінгі кезеңі.

Келсі жиырма бес жас. Бұл жаста садақа беріп, келсесі мүшелге ниет етіледі.

Отыз жеті жас – адам өміріндегі ең басты мүшел. Ол қырықтың қырқасында жүрген болып есептелінеді.

Қырық тоғыз жас-адамның даналыққа аяқ басар кезі.

Келесі ретгі жалғасытрушы жастар- алпыс бір жас, жетпіс тқрт жас, сексен жеті жас болып саналады.

Бесік табы арқасынан, емшек табы ауызынан кетпеген сәби кезден ересек тартып, ата сақал ауызға түскен шаққа дейінгі той жоралғылар, салт-дәстүрлер ешқашан өшпек емес. Аталған ойындар, дәстүрлерден бөлек, қазақта 5 мың күй, 12 мың ән бар екен. Атадан қалған асыл мұраларды мәңгілік сақтау біздегі борыш пен міндеттің қайсарлығы мен батылдығына тікелей байланысты деп білемін. «Атадан мал қалғанша тал қалсын» деп ғұмыр кешетін қазақ елінің мұралары сарқылса кемтігі толып, кетігі бітпейді. Бұл айтқаным «Жел екпіндеп соққан мен, таң бозарып атпайдының кері. «Қойдың бойында арқардың қаны болмаса, тастан ырғымас еді» дейді қазақ. Ендеше, дастан болған көне жыр мен сырды сақталған сәтінен ары қарай алтындай аялауымыз, баба қалдырған салт-дәстүр мен мұраны қорғауға тиіспіз.

Ата-бабамыздың салт-дәстүрлерін мақтан тұтамын. Халық-қалың орман,әрі пана,әрі қорған", - деп Қ.Мырзалиев ағамыз жырлағандай, әр халықтың өзінің кәсібіне,сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын салт-дәстүрі болады. Халықтық салт – дәстүр, мәдениет құндылығы – халық қазынасының озығын, ақылды да әдепті жан – жақты жетілген патриоттық сезімдегі азамат тәрбиелеуде пайдалансақ, қателеспейміз. Жан – жақты ел тарихын



білетін, Отанын сүйетін, заман талабына сай оқушылар мен жастарды тәрбиелеу бүгінгі күн талабы! Тәрбие біздің қасиетті салттарымызға байланысты. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлерді жаңғыртуды көздеп отыр. Әр мемлекеттің көркі дәстүр салтына байланысты. Сондықтан қазақтың асыл мұраларын көзіміздің қарашығындай сақтап келешек ұрпаққа жалғастырып отыруымыз қажет. Еліміз салт-дәстүрге бай болсын дегім келеді

Әдебиеттер:

1. Арғынбаев. Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2005
2. Калиев С. т. б. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Рауан» 1994.
3. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Құраст. Б.Ж.Жүсіпова. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2007.

АҒЫП ТҮСКЕН БІР ЖҰЛДЫЗ

Казиева А.А.

Қарағанды облысы білім беруді
дамытудың оқу-әдістемелік орталығы

(Арқаның арқалы азаматы, нағашым,
күйші-сазгер Алпысбай Тұяқбайұлы
Тұрсынбековтің рухына)

*Жабырқатып жанымды жазалама,
Айыратын дос едік қаза ғана.
Алпанымау, арқарым, дарқанымау,
Жазам деген жыр ма еді Азанама?!
Жоқ еді зой өнерден өзге алаңың,
Өтті ме екен, білмеймін көз, қарағым.
Қатар жүріп сездік не ғұмырыңның*

Жанып сөнген шырпыдай тез боларын-деп, танымал ақын Ғалым Жайлыбаев «Азанама» атты өлеңін арқаның арқалы азаматы, сал-серілердің тұяғы, күйші-сазгер Алпысбай Тұяқбайұлы Тұрсынбековтің рухына 1993 жылы бағыштаған болатын. Содан бері жылдар зулап, уақыт көші өтуде, тірі адам тіршілігін жасауда. «Азанама» жырда айтылған күйші Алпысбайдың бұл фәниден өткеніне де, 24 жыл уақыт зырлап өтіпті. Нағашым, күйші Алпысбай дүниеден өткенде 12 жастағы 6 сыныптың оқушысы едім. Бала көңілім қимастықтың қандай болатынын, ауыр қайғыны сонда сезініп еді. Міне, қаншама уақыт өтіп, есейіп, ер жетсекте сол қайғыны ойлаған сайын жүрегің сыздайды екен.

Қазақтың сайын даласы қай кезде де өнерге кенде болмаған. Ұлан ғайыр аймақтың, әр өңірдің өзіндік ерекшелігі, белес-бедері, үні, әуезі, бояуы, екпіні бар. Әрине, өнер ауқымы кең, әрі сан-салалы екендігі де белгілі. Қазақ даласының өміршең өнерінің бірі – күй. Қатты мұңы – көктен түскен жасындай, сырлы мұңы – таудың тілсіз тасындай, ащы мұңы көздің кермек жасындай. Қазағымның ғұмырына нәр берген де, азаптан арашалаған да, алдынан жарқыраған ай боп туып, алысқа шақырған да, асудан асырған да, жауға шапса семсеріне күш берген де арғы – бергідей бар болмысының күре тамыры – құдіретті күй. Ендеше, күйді жан-тәнімен сезініп, барлық болмысымен түсініп, жастайынан домбыраны жанына серік еткен күйші Алпысбай еді. Арқа күйлерінің ішіндегі, Жаңаарқа орындаушылық мектебінің белді өкілдерінің бірі, Сайдалы сары Тоқа, Дайрабай, Сейфоллалардың (Сәкеннің әкесі) ізін жалғастырған Алпысбай Тұяқбайұлы Тұрсынбеков. Домбыраны жастайынан жанына серік еткен күйші – сазгер Алпысбай Тұрсынбеков Жаңаарқа ауданы, Байдалы би ауылының (бұрынғы Дружба совхозы) тумасы. Аралбай батырдың тұқымы, атасы Тұрсынбек ақылды, сөзге шешен, бір ауылға билік айта білген, өз заманындағы өте бақуатты адамдардың бірі болған. Әкесі Тұяқтан қалған Тұяқбай әдемі қоңыр даусы бар, өнерге жаны құштар жан болған. Сол текті әулеттің ұрпағы Алпысбай 1958 жылы ақпан айының 12 жұлдызында дүниеге келеді. 5 жасынан домбыраға үйір болып, күйге ғашық болады. Әкесінен ерте айрылған домбырашы бала анасының тәрбиесінде өседі. Бала кезден ананың сүтімен дарыған күй өнері Алпысбайды өзіне жетелей түседі. Небары 14 жасында Тәттімбет атындағы Қарағанды музыкалық училищесіне



қабылданады. 17 жасында Қарқаралыдағы «Салтанат» ән-би ансамблінің белді мүшесі болып, Франциядағы Париж қаласында өткен Қазақстанның онкүндігінде өнер көрсеткен. Париж сахнасында Құрманғазының, Тәттімбеттің, Дайрабайдың күйлерін орындап, сахнаны күймен әуелеткен. 1979 жылы арман қуып, өнердің ордасы Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияға түседі. Оқу орнында оқып жүргенде атақты күйші Нұрғиса Тлендиевтің көзіне түсіп, үміт артқан шәкірттерінің бірі болады.

Н.Тілендиевтің оркестрге арналып жазған "Алтын дән" атты поэмасы – өнер сүйер қауымға өте жақсы таныс. Домбыра кафедрасының түлегі «Жігер» фестивалінің жүлдегері Алпысбай Тұрсынбеков профессор М.Әубәкіровтің жетекшілігімен осы шығарманы домбыра мен фортепианоға лайықтап түсірген болатын. Сонымен қатар қазақ халқының бірегей, тума - талант композиторы Н.Тілендиевтің шығармашылығы жөнінде дипломдық жұмыс жазды. «Алтын дән» поэмасы Н.Тілендиевтің аспаптық музыка жанрындағы тамаша туындыларының бірі. Шығармада қазақ халық аспаптарының барлық орындаушылық мүмкіншіліктерін пайдаланып, қазақ халқының күй жанрын асқан шеберлікпен дамыта білген. Поэма – еркіндік құрылымымен ерекшеленетін аспаптық шығарма. Оның мақсаты, жоспары, анық болжамы болады. «Алтын дән» поэмасында қарама-қарсы екі бейне бірін-бірі толықтыра отырып, жаңа құрылымдық, көркемдік жетістікке жеткен. Бірақ сол дәстүрлі нұсқадан аспай, шеберліктің әдіс, амалдарын іздей отырып, негізгі бөлімді «Allegro» кең дамыған классикалық күй формасында батыс өнірінің тегеурінді төкпе әдісінде алған. Бұл шығармаға алыптық, батырлық сипат береді. Әрине шығарманың сан қырлы, ойлы болуы – «Алтын дән» атынан-ақ көрініп тұрғанындай: «Тың жер», «Сары далада жайқалып өскен бидай», халықтың қажымас күш жігері, терең бейнеленген. «Алтын дән» тыңдаған түркі баласының тұла бойы шымырлап, ұлттық сезімінің тереңінен тебіреніп, жігердің жебесіндей серпіліп күш қайратты батыр сезінбегендері жоқ шығар.

1981-1991 жылдар аралығында Жезқазған музыкалық училищесінде мұғалім, кейін дирижер болып еңбек етеді. 1991 жылдары Елордамыз Астанаға (сол кезде Ақмола) біріншілірдің бірі болып барып, қазақ драма театрында дирижер болып, күй әлеміне дендей бастаған шағында яғни 1993 жылы сапары бақилық болады. Дарынды күйшінің саналы да санаулы ғұмыры шертпе күйді зерттеумен өтеді. Көзі тірісінде шығарған 4 күйі белгілі болды. «Балдәурен», «Салтанат», «Қосбасар» күйлері сазымен, әуезімен, мазмұнымен ерекше. Құдіретті күй өнері ұлықты ұранымыз болып, рухани жаңғыруымыз жаңғырып, ғұмыры жанып сөнген шырпыдай болған күйші-сазгер Алпысбай Тұрсынбековтей ұлыларымыз ұлықтала берсін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж. Жүзбай «Шертпе күйдің төрт мектебі» Астана, 2009
2. Ғ.Жайлыбаев «Азанама» Алматы, 1997
3. А.Жайымов, С.Бүркітов «Домбыра үйрену мектебі», «Өнер», 1992.



SMART-ТЕХНОЛОГИЯНЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ

*Жалелов А.
Дошакова Ж.*

Қарағанды қаласы М.Жұмабаев атындағы
№39 гимназия мұғалімдері

XXI ғасыр - ақпараттық технологиялар адамның өмір сүру кеңістігінің ажырамас бөлігіне айналған ғасыр. Бүгінгі таңда ұялы телефон, компьютер және Интернет - бұл табиғат пен қоғам өмір сүретін кеңістіктің маңызды элементтері болып табылатынын сеніммен айта аламыз. Қазіргі білімнің дамуы үшін адами капиталдың әсері енді жеткіліксіз. Білім беру ортасының өзін өзгерту керек, тек еңбек ресурстарын оқыту көлемін ұлғайту емес, білім мазмұны, оның әдістері, құралдары мен ортасы сапалы түрде өзгеруі керек, SMART біліміне әмбебап көшу қажет. Білім беру үрдісін ақпараттандыру — жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр — ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі — қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу» білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдай, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Бүгінгі таңда көптеген басқа елдер SMART білімін дамытуға кірісті. Жаңа SMART қоғамының моделі интеллектуалды, жоғары технологиялық, адамға қауіпсіз ортаның заманауи, ақпараттық және ұйымдастырушылық жүйелерін құруды білдіреді. Жыл сайын адам ақпараттық технологияларсыз жұмыс жасай алмайтындығын түсінуде. Сапалы білім алуға қол жеткізудің басты мақсаты SMART технологиялары негізінде заманауи білім беру жүйесін қалыптастыру болып табылады.

«Электрондық университет» халықаралық консорциумының президенті В.П.Тихомировтың ойынша, «SMART – бұл жаңа білімді құратын арнайы дайындалған адамдар мен интернетті қажет ететін қоғам дамуының жаңа парадигмасы». Мұндай оқыту кәсіби өсу траекториясын дербес дамытуға, қалалық және ауылдық мектептердегі мұғалімдердің білім деңгейін теңестіруге және халықаралық білім кеңістігіне жол ашуға мүмкіндік береді.

Smart - оқыту:

S - Self-directed (өзіндік білім алуға бағытталған)

M - Motivated (танымдық белсенділікті ынталандырады)

A - Adaptive (білім беру субъектісіне бейімделген)

R - Resource Free (білім беру ресурстарына еркін қол жеткізуге мүмкіндік)

T - Technology Embedded (технологиямен қамтамасыз етілген).

Smart – оқытудың мақсаты: адамның XXI ғасырда қажет ететін құндылықтарына, білімі мен дағдыларына негізделген электрондық ортадағы мұғалімнің кәсіби және ақпараттық құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ету. Жоғарыда аталған мәселелерге қол жеткізу үшін білім беру аясында SMART технологиялары қолданылу қажеттілігі туындайды.

Білім беру саласында SMART технологиялары:

- Оқушыларға білім беру үшін әртүрлі гаджеттерді (смартфондар, планшеттер және басқа да осындай құрылғылар) қалай қолдану;

- интеллектуалды виртуалды оқыту ортасын құру құралы ретінде қарастырылады.

Интеграцияланған зияткерлік білім беру ортасын құру қажеттілігі SMART технологияларының жеткілікті даму деңгейіне, олардың күнделікті өмірге ену қарқындылығына, білім беру жүйесінің заманның үнемі өзгеріп отыруына негізделеді. SMART білімін қолдану мен енгізудің басты себебі - SMART экономикасы мен SMART қоғамының жаңа талаптарына сәйкес білім беру жүйесін жетілдіру қажеттілігі болып табылады.

SMART білім берудің негізгі қағидаттары:



➤ Білім беру бағдарламасында білім беру проблемаларын шешу үшін тиісті ақпаратты пайдалану, білім беру саласындағы ақпарат ағымының жылдамдығы мен көлемі өсіп келеді. Сол себепті ақпаратты жылдам игеру мүмкіндігін туғызу;

➤ Оқушылардың өзіндік танымдық зерттеу, жобалау жұмыстарын ұйымдастыру. Бұл қағида балаларды міндеттерді шешуге шығармашылық ізденіске жетелейді

➤ Оқу процесін кең таратылған оқу жағдайында жүзеге асыру. Білім беру ортасы оқу орнының аумағымен немесе қашықтықтан оқыту жүйесінің шегімен шектелмеуі керек. Оқу процесі үздіксіз болуы керек.

➤ Икемді оқу траекториясы, оқытуды дараландыру. Оқу іс-шараларының алуан түрлілігі оқушыларға оқу бағдарламалары мен курстарын оқып-үйренуге, олардың денсаулық мүмкіндіктеріне, материалдық және әлеуметтік жағдайларына сәйкес құралдарды пайдалану үшін кең мүмкіндіктер беруді талап етеді.

SMART білім - бұл барлық білім беру процестерін, сондай-ақ осы процестерде қолданылатын әдістер мен технологияларды жан-жақты жаңғыртуды қамтитын тұжырымдама. Білім беру аясындағы SMART тұжырымдама кез-келген жерден «ақылды» тақта, «ақылды» экрандар, интернетке қол жетімділік сияқты технологиялардың пайда болуына алып келеді. Осы технологиялардың әрқайсысы мазмұнды әзірлеу, оны жеткізу және жаңарту процесін құрудың жаңа тәсілін жасауға мүмкіндік береді. Оқу процесі тек сыныпта ғана емес, сонымен қатар үйде және кез келген жерде, қоғамдық орындарда мүмкін болады. Оқу процесін байланыстыратын негізгі элемент белсенді білім беру мазмұнына айналады, оның негізінде уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретін бірыңғай ресурстар құрылады.

SMART білім цифрлық педагогиканың жаңа тұжырымдамаларын біріктіреді:

- ашық білім беру ресурстары;
- жаппай ашық онлайн курстары;
- білім беру платформалары;
- электрондық оқулықтары;
- электрондық кітапханалары;
- мобильді оқыту;
- сандық бейне байланысы;
- білім беру ұйымдарын басқарудың автоматтандырылған жүйесі;
- электрондық портфельдер және электронды кабинеттер.

Білім берудегі SMART тұжырымдамасы біздің өмірімізге кәсіби қызмет пен жеке өмір процесін жеңілдететін түрлі ақылды құрылғылардың енуінен кейін пайда болды (смартфон, ақылды үй, ақылды автомобиль - ақылды машина, интерактивті интеллектуалды электрондық тақта, SMART-компьютердің қатты дискісін өзін-өзі диагностикалау жүйесі. Соңғы онжылдықта жаңа технологиялардың пайда болу жылдамдығы едәуір артты, жыл сайын өндірушілер кәсіби қызмет пен байланыс үшін жаңа құрылғылар ұсынады. SMART жаңа интеллектуалды технологиялары білім беру және SMART құрылғыларын кеңінен қолдану үшін қолданылатын платформаларды өзгертуді қажет етеді. Білім мен технологияны жаңарту жылдамдығы білім беру жүйесінің критерийі ретінде қарастырылуы керек.



SynchronEyes бағдарламалық пакетін қолдана отырып, мұғалім оқушылардың не істеп жатқанын бақылай алады, оқушылардың барлық жұмыстарының мониторларын тақтада көрсете алады, оқушылардың мониторларын блоктайды және интерактивті тақтадан оқу материалдарын жібере алады.

Интерактивті тақтада жұмыс жасағанда оқушылардың назарын шоғырландыру жақсарады, оқу материалының тез игерілуіне мүмкіндік береді. Білім беру саласында жаңа технологияларды енгізу білімді репродуктивті берудің ескі схемасынан оқытудың жаңа, шығармашылық формасына көшуге әкеледі. Қазіргі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі - оқушылардың білім алуға деген тұрақты мотивациясын құру, ал екіншісі - шығармашылық шешімдерді қолдана отырып, осы білімді игерудің жаңа формалары мен құралдарын іздеу болып табылады.

Физика сабағында SMART технологиялардың бір мысалы ретінде интерактивті тақтаны қолданудың әдіснамалық ерекшеліктеріне тоқталайық. SMART Board интерактивті тақтасын қолдану арқылы сабақ өткізудің кейбір ерекшеліктерін атап өтуге болады. Интерактивті тақтада нысандарды



және белгілерді оңай жылжытуға, мәтіндерге, сызбалар мен диаграммаларға түсініктеме қосуға, негізгі аймақтарды бөлуге және түстер қосуға болады. Интерактивті тақтамен жұмыс жасай отырып, идеялардың презентациясын қызықты және динамикалық етуге болады. Тақта оқушыларға жаңа материалмен танысуға мүмкіндік береді, сонымен бірге дерексіз идеялар мен ұғымдарды түсіндіруде құнды құрал болып табылады. Тақтада ақпаратты оңай өзгертуге немесе нысандарды жылжытуға болады. SMART Notebook редакторымен жұмыс жасай отырып, (MS PowerPoint бағдарламасындағы сияқты) слайдтар жасауға болады, олардың өлшемі экранның өлшеміне сәйкес келеді және интерактивті тақтадан көрінеді. Жасалынған ақпаратты масштабтауға (өлшемін өзгертуге), бұруға, көшіруге, қалаған суреттер, мәтіндер және басқада объектілер енгізуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, интерактивті тақтадағы кез-келген объект жылжымалы болады және Drag and Drop технологиясын («апарып тастау») қолдана отырып, кез келген басқа орынға жылжытуға болады. Төменде сабақта пайдаланылып жүрген бірнеше мысал келтірілген. *Мысал 1.* Жарық сәулесі әйнек призмасына түседі. Сәулелердің келесі бағытын көрсетіңіз.



Сурет 1: Үшбұрышты сәулелік жолды салу кезінде SMART Notebook жиынтығындағы құралдарды қолдану (Drag and Drop технологиясы)

Мысал 2. Электр құрылғыларын қосудың схемалық диаграммасын сызыңыз.




Сурет 2. Электр тізбегінің сызбасын құру кезінде SMART Notebook жиынтығынан алынған заттарды қолдану (Drag and Drop технологиясы)

Көптеген интерактивті тапсырмалар Drag & drop технологиясында жасалған. Оларға нысандарды құру, хат алмасу, объектілерді саралау және жіктеу, үлгіні және логикалық тізбекті анықтау және белгілеу және т.б. тапсырмалар кіреді.

SMART Notebook-тің Essentials for Educators/Science and Technology/Physics бөлімінде 98 түрлі суреттер, 26 интерактивті модельдер, әртүрлі физикалық процестер мен құбылыстарды суреттейтін



60-тан астам файлдар бар. Нысандар негізгі бөлімдерге топтастырылған: механика (Mechanics), электрлік құбылыстар (Electricity), магниттік құбылыстар (Magnets) және т.б. Мысал ретінде төменге назар аударуға болады.



Сурет 3. SMART жазу кітапшасы жиынтығындағы нысандарды пайдалану мұғалімдерге арналған негіздер / Ғылым және технологиялар / Физика)

Физика сабағында SMART технологияларды пайдаланудың тағы бір мысалы ретінде көптеген физикалық құбылыстарды зерттеу барысында электрондық оқулықтың маңызы өте зор. Физика сабағын экспериментсіз елестету үмкін емес. Сондықтан, сабақта жиі қолданылатын виртуалды зертханалық жұмыстардың түрін төменде келтіреміз.



Сурет 4. 10 сынып оқушыларының жылулық құбылыстарға жүргізіп жатқан эксперименттері

Новый Диск компаниясының электронды оқулығы арқылы физикалық эксперименттерді тиімді жүргізуге болады, жұмысты жасап болған оқушы соңынан өзінің жұмысының есебін көре алады, өзін-өзі бағалай алады, қорытынды ретінде тест сұрақтарына жауап беруге болады. Бұдан басқа «Физикон» компаниясының электронды оқулықтары сабақта жиі қолданыс табады. Бұл оқулықтың ерекшелігі жасалатын виртуалды жұмыс санының көптігімен және сан алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Осындай ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып сабақты тиімді әрі қызықты өткізуге мүмкіндіктер көп.

SMART технологияларды сабақта пайдалану дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- пән бойынша базалық білімді меңгеру;
- алған білімді жүйелеу;
- өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;



- оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Оқушылардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғарғы деңгейде болады. Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі-түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды.

Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын, кей жағдайда мүмкін болмайды.

Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады.

Сабақта SMART тақталар, электронды оқулықтар және смартфон арқылы тест алу төмендегідей мүмкіндік береді:

- ✓ берілген уақыт ішінде барлық оқушылардың білімін бағалауға
- ✓ сабақта көрнекілікті қолдануға
- ✓ сабақтың өнімділігі арттыруға
- ✓ оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етуге.

Осылай ойлау қабілеті жоғары, тұлға ретінде жан-жақты дамып келе жатқан келешек маман тәуелсіз еліміздің барлық салаларында аса қажет екендігін бүгінгі еңбек нарығының талаптары дәлелдеп келеді.

Әдебиеттер:

1. <https://blog.oy-li.ru/tehnologiya-smart/>
2. Алексеева, Л. Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента/ Л. Н. Алексеева// Учитель. - 2004. - № 3. - с. 78.
3. Тихомиров В.П. Мир на пути Smart Education: новые возможности для развития // Открытое образование. 2011. - № 3. - С.22-28.
4. Галишникова Е.М. Использование интерактивной Smart- доски в процессе обучения //Учитель. – 2012. - №4. – с. 8-10.
5. Винницкий Ю.А. Физикон. «Интерактивная физическая лаборатория»
6. А.Ю. Грязнов, С.Б. Рыжиков, А.А. Кудрявцев, Т. Г. Кудряшова. «Новый Диск» компаниясының мультимедиялық білім беруді қамтамасыз ету программасы
7. Еремина С.Л. Компания на рынке smart education /Еремина С.Л., Мельников П.Н., Головкова С.В. //Вестник науки Сибири.-2015.-№ 2.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұсабек А.Е.

ҚМУ магистранты

Математика -информатика пәнінің мұғалімі

Қызылорда облысы

Пәндерді оқытуда ақпараттық технология пайдалану, оқушының ақпаратты тез қабылдап, тез түсінуіне, уақытын үнемдеуіне жол ашады. Оқушы жаңа нәрсеге қызығады, өзін - өзі бағалайды. Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік-бағдарлай білу, өз бетінше іздене білу, талдай, тандай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен технологиялық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі.

Компьютерлік оқыту интерактивті электронды оқытудың бір бөлігі болып табылады және ол техникалық құралдардың бірі ретінде есептегіш машинаны пайдалануды қамтиды. Демек, оқытудың мұндай жүйесінің құралы-компьютер болып саналады.

Компьютермен жұмыс істеу мынандай мүмкіндіктерді береді:

- 1.Оқушы өз бетімен шығармашылық бағытта жұмыс істеуіне.



2. Оқушылардың өзін-өзі бақылауына және өз жұмыс әрекетіне өзінің түзету енгізе білуіне үйретеді.

3. Басқа пәндерден алған білімдерін бекітуге көмектеседі.


4. Жалпы танымдық қабілетінің дамуын әсер етеді.

5. Материалды тез меңгереді.

6. Табиғи жағдайда көзге көрінбейтін кейбір құбылыстарды экранда көруге мүмкіндік береді.

Математиканы оқытуда есептеу техникасы пайдалану оқушыларды ынталандырып, олардың бойындағы қабілетінің дамып көрінуіне және пәнге, жаңа техникаға деген қызығушылығын арттырады. Қазіргі уақытта компьютерді математика сабағында тек қана иллюстрация, тестілеу үшін ғана қолдану жеткілікті емес. Компьютер оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде қолданылуы қажет: жаңа тақырыпты түсіндіруде, бекітуде, қайталауда, білімді, іскерлікті тексеруде. Енді өз пәндерімізді оқытуда ақпараттандыру технологияларын қолдану жағдайларына тоқталайық. Оқыту әдістемесіне компьютерді егізу, оқушының ойлауына, сезіміне, еске сақтауына, танымдық, ынталылық әрекеттеріне оң ықпал жасап, жақсы нәтиже береді. Компьютерді оқу процесіне қолданғанда, компьютер оқушының ойлау қызметін көз алдына әкеліп көрсеткендей болады. Дәстүрлі оқыту жағдайында мұғалімдер, яғни біздер сыныптағы әр оқушының жұмыс істеу ерекшеліктерін ескеріп отыруы мүмкін емес, ал компьютерді қолданғанда бұл жағдай толығымен шешіледі. Яғни, компьютерді қолданғанда, өткізілген сабақтың сапасы артады және оқушылардың танымдылық, біліктілік, өз беттерінше жұмыс жасау қызметтері белсенді түрде жүргізіледі.

Қазіргі жағдай компьютерді әр мектепте, әр сыныпта барынша мүмкіндігімен өз пәндерімізге күнделікті қолдану мүмкін емес. Дегенмен, арасында әсіресе, алгебра, геометрия пәндеріне, факультатив сабақтарында компьютерді қолданамын. Себебі, геометриялық фигуралардың түр өзгерістерін бейнелейтін сызбаларды көрсетуде компьютердің ролі ерекше.



7-сыныпта «Бұрыш. Бұрыштың түрлері. Бұрыштарды координаталық жазықтықта кескіндеу» атты сабақ ақпараттандыру технологияларын қолдану қолдану арқылы өтілді.

Сабақтың көрнекілігі: Мультимедия тақта, электрондық оқулықтар, компьютер.

Сабақтың мақсаты:

а) ақпараттық технологияны қалыптастыру, оқушының геометрия мен компьютерді байланыстыра алуы, компьютермен бірге пәнге қызығушылығын, белсенділігінің артуы;

ә) өз бетінше жұмыс жасау қабілетін, логикалық ойлау қабілетін арттыру, тақырып бойынша компьютерді пайдаланып түрлі сызбалар, фигуралар салу үлгілерін, есептей алу үлгілерін дамыту;

б) компьютерді қолданудан оқушылардың өмірге деген көзқарасын оятуға тәрбиелеу, компьютер арқылы жұмыс істеген оқушының өз жұмысын саралап нәтиже шығаруға тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

1)Ұйымдастыру; 2)Тақырыпты пысықтау; 3)Сабақтың 1-ші кезеңі;

4)1 кезең тапсырмаларын қорытындылау;

5)Сабақтың 2-ші – 4 кезеңдері;

6)Сабақты бекіту, қорыту;

7)Үйге тапсырма.

Сабақ 4 кезеңнен тұрады:

I-кезең тапсырмалары:



1. Бұрышқа, бұрыштың түрлеріне анықтама беру, пысықтау;
2. 120^0 -қа тең АОВ бұрышын салып, ол бұрышқа ОС биссектрисасын жүргіз. Сұрақ: қандай бұрыштар пайда болды және өлшемдері?

3. Сыбайлас бұрыштардың біреуі $KON = 45^0$; Сұрақ: Екінші бұрышын тап.

II-кезең тапсырмасы:

AB,CD және EF түзулері О нүктесінде қиылысады $AOE = 70^0$ және $DOF = 25^0$; BOE мен BOD-бұрыштарын тап.

Тапсырма. (Әр оқушыға карточкалармен беріледі)

III – кезең тапсырмасы:

Нүктелердің координаталары бойынша, координаталық жазықтықта мына бұрыштарды салып көрсет.

Сұрақ: Қандай бұрыштар пайда болды, қай ширекте орналасқан? Өлшемдері қандай?

A (-7;5) K(5;7) C(-7; -3) E(1; -6). O(-3;5) O(1;4) O(-7;-6) O(5;-6) B(-1;1) N(6;4) D(-3;-6) F(9;-6)


(Бұл тапсырма да карточкалармен беріледі)

Тапсырмалар қорытындылары тақтада, кестеде белгіленіп отырады. Әр оқушының жауаптарына тиісті түрлі – түсті карточкалармен бағаланады.

Қызыл түс - өте жақсы; көк түс – жақсы; жасыл түс – қанағаттанарлық. Егер жауап қанағаттанарлықсыз болса, карточка берілмейді.

IV – кезең тапсырмасы:

Бұл тапсырма – тақырыптан тыс, яғни 6 -7 сынып математика курсынан тақырып өтілген бойынша. Егер оқушы нәтижесін ойдағыдай аяқтаса, пән мен компьютерге қызығушылығын молайтуға бұл тапсырма зор үлесін қосады.




Тапсырма: мына нүктелерді ретімен координаталық жазықтықта белгілеп, қосып отырса бір бейне шығады. Сұрақ: ол не? Әрбір екі кесіндінің арасындағы бұрышты анықта.

(0;0); (-1;1); (-3;1); (-2;3); (-4;6); (0;8); (2;5); (2;11);

(6;10); (3;9); (4;5); (3;0); (2;0) (1;-7); (3;-8); (0;-8); (0;0).

Дисплейде түрлі-түсті бейнелер алу, оқушылардың ынтызарлығын, қызығушылығын арттырады.



Сабақ соңында нәтижелер шығарылып, қорытындыланады. Оқушы бойындағы ізденімпаздықты дамытудың негізгі факторлары қажеттілік пен қызығушылық қажеттіліктен туған ізденімпаздық, болашақтағы кәсіби ізденімпаздыққа баулудың негізгі деп есептелінеді.

Дайын сызбалар бойынша есеп құрастыру іскерлігін қалыптастыру үрдісінде мыналар іске асады:

1. Оқушыларды геометрия бойынша дайын есептерді шығартуға үйрету;

2. Оқушылардың білімін жүйелеу;

3. Мектеп оқушыларының кеңістікте елестетуін дамыту;

4. Шығармашылық қабілетін дамыту;

5. Дербестікке, бастамашылдыққа, пәнге қызығушылыққа, математикалық тіл мәдениетін меңгеруге және жеке тұлғаның басқа қасиеттерін тәрбиелеу.




Математиканы оқыту процесінде оқушылардың өзіндік жұмысының әртүрлі формаларын қамтитын, іс-әрекеттің жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеруге бағыттайтын зерттеу элементтеріне шығармашылық тапсырмаларды жатқызуға болады.

Шығармашылық есептеуге талдау жасағанда қойылатын талаптар:


1. Тапсырма барлық оқушыға қызықты және олардың күші жетерлік шамада болуы керек.
2. Тапсырма қарастырып отырған оқу материалына тікелей қатысты; объективті қайшылықтардан шығатын танымдық қиыншылықтарды көрсете отырып, жаңа идеялардың ұсынылуына негіз болуы керек.
3. Тапсырма математикалық құбылыстар мен процестерге әсер ететін факторларға анализ жасай білуге үйрететіндей болуы керек. (мысал №6 1997 иф.м журналында)

Қазіргі кезде тестік әдістің көмегімен оқушылар білімі жиі сараланады.



Тесттің саналылығы оның құру жүйесіне тәуелді және оған енетін тапсырмалардың күрделілігі мен байланысты. Тест тәсілін қолдануды жүзеге асыру үшін жан-жақты ойластырып методикалық нұсқаулар, әдістемелер болуы қажет. Компьютер көмегімен тестік бақылау өткізуге болады. Компьютер бір мерзімде топтың, не сыныптың білімін тексеруге мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялардың оқу үрдісінде қолданылуы оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ақпараттық технологияның міндеті-оқушыларды білімге қызығушылығын, ізденушілікке баулу. Заман ағымына сай сабақта қолданылатын электрондық байланыс оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматтарды нақтылауға мүмкіндік береді.

Сабақтарда оқушыларды шығармашылыққа жұмылдырып, осылай электронды оқулықты пайдаланамын. Компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін, анимация мүмкіндігін, ілеспені, дыбыс меншіктеуді, гиперсылқа көріністерін пайдаланып, осы көріністерді пайдалану әрекеттерін қолданып, тамаша, көрнекті, оқушыларды қызықтыра түсетін білім беру сабақтарын ұйымдастырған ыңғайлы.




Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты-оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, есептердің шығарылу жолы, фигуралардың кеңістікте орналасуы, диктант, тест тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, оқушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы,



практикалық дағдыларды игеруі артады. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқушыларды оқу материалдарын толық меңгеру үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру.

Бүгінде біз орта білім берудің одан әрі ақпараттандырудың екінші кезеңіне көштік, ол



Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға игеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Қорыта келгенде, ой-өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін бір - бірімізден тәжірибе алмасып отырсақ, жұмысымыз өнімді бола түседі деп есептеймін.

Әдебиеттер:

1. ҚР Білім туралы Заңы. Астана, 2004.
2. Назарбаев Н. Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделу керек. 28.02.2007
3. Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М., 1997.
4. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы; «Ғылым». 1988.

СЛП – ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ҮШТІЛДІЛІКТІ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

Омарова Л.О.

физика пәні мұғалімі

"Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын
көпбейінді гимназия" КММ, Семей қаласы

«Үш тұғырлы тіл» идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Қазақстандықтардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге жәрдемдесу үшін мектепте жоғары сыныптарға техникалық мамандықтар пәнін (химия, физика, биология, информатика) ағылшын тілінде өткізе отырып, оқушының әлемдік оқудағы үдерістерге ықпалдасуына жағдай жасалуда. Сондықтан өз тәжірибемізде ағылшын тілін өз бетімізбен оқып, жеке өз білімімізді толықтырып отыруды алға мақсат қылып, оны өз сабақтарында қолдана білуіміз қажет. Осы орайда физика пәніне сұраныс ұлғая түсуде және бұл пәнді ағылшын тілінді үйрену оқушыға шет елдерден білім алуына үлкен көмек атқарады. Біз физика пәнінің мұғалімдерімен біріге отырып физика пәнін ағылшын тілінде берудің оқушы үшін тиімді және қызықты жақтарын қарастыра отырып «Studying the physical terms in English» физикадан ағылшын тіліндегі бағдарлама (Жаратылыстану-математика бағыты) 7-11 сыныптарға арнап жаздық. Бұл бағдарламаның ерекшелігі



оқушылардың ғылыми дүниетанымының негіздерін, танымдық қызығушылығын, сын тұрғысынан ойлауын, зияткерлік, зерттеушілік және шығармашылық қабілетін қалыптастыру, физиканың негізгі заңдарымен танысудан, табиғаттың құбылысын зерттеуден меңгерген білімі және білігін техникада және күнделікті өмірде пайдалана білу және физикалық терминдерді, ұғымдарды, заңдылықтарды, шамаларды, өлшем бірлігін ағылшын тілінде меңгерту, дамыту.

Оқушылардың дайындық деңгейі пәндік, тұлғалық, жүйелі-әрекеттік нәтижелері бойынша бағаланады. Пәндік нәтижелер «білуі тиіс» және «меңгеруі тиіс» аспектілерімен көрсетілген. Игерген білім, білік, дағдысын күнделікті өмірде, тұрмыста, қоршаған ортаны қорғауда физикалық шамаларды, ұғымдарды, есеп шығаруды ағылшын тілінде еркін айтып жеткізе алады. Мысалы:

Physics is the science of studying the phenomena of nature, the properties and structure of matter .

Matter. Everything in the Universe.

Molecule. The smallest particle of the substance.

Diffusion. Mutual mixing of molecules of one substance with molecules of another.

Терминдер мен тірек сөздерді жаттатқызу мақсатында біз әртүрлі стратегияларды қарастырдық, мысалы: «сәйкестендіру кестесі», «сөйлемді жалғастыру», «фишбоун». 7-8 сыныптар үшін жұмыс дәптерлері дайындалды. Бұл жұмыс дәптерде зертханалық жұмыстар мен қатар есептерде берілген, оқушылардың білімін бекітуге таптырмас құрал деп есептеймін.



Бұл бағдарламаны Республикалық «Үздік авторық бағдарламалар» сайысына ұсынып екінші орын иеленді, болашақта үш тілділікті дамытуға өз үлесін тигізер деген ойдамын.

Үштілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз. Физика пәнінде үштілділікті енгізудің тиімді әдістерінің бірі – CLIL әдісі пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі, командалық оқыту, тілдік ортаға ену. Сабақта берілетін тапсырмалар мен жұмыстар тілді дамытуды қамтиды, яғни тілдік емес пән мұғалімі тек пәннің мазмұнына ғана жауап бермейді, сонымен қатар сол пән арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады. 2 мақсатқа бірдей жетуге болады: пән екінші немесе үшінші тіл арқылы мақсаттар, міндеттер оқытылады және де пәндерді меңгеру арқылы ғылыми тіл дағдылар дамиды.

CLIL әдісі бойынша жүргізілетін сабақтарға негізделіп құрылған тапсырмалардың түрлері:

1. Деңгейлік тапсырмалар.

I-деңгей – қабылдаушы:





II-деңгей – орындаушы

III-деңгей – ізденуші

2. Тест тапсырмалары: ашық тест, жабық тест, сәйкестендіру.

Жабық тест: Which sets of units represent legitimate units for the quantity *work*?

Circle all correct answers.

- a) Joule b) N x m
c) Foot x pound d) kg x m/sec
e) kg x m/sec² f) kg x m²/sec²

Сәйкестендіру / Classify each as a model, theory, or law.

- a. _____ Bohr model of atom
b. _____ Gravity
c. _____ Drawing a picture to represent a physics problem
d. _____ The Earth is round e. _____ The Big Bang
f. _____ Creation.

3. Before beginning its initial descent, a roller coaster car is always pulled up the first hill to a high initial height. Work is done on the car (usually by a chain) to achieve this initial height. A coaster designer is considering three different angles at which to drag the 2000-kg car train to the top of the 60-meter high hill. Her big question is: which angle would require the most work?

_____ Show your answers and explain.

Angle	Force	Distance	Work
35°	$1.15 \times 10^4 \text{ N}$	105 m	
45°	$1.41 \times 10^4 \text{ N}$	84.9 m	
55°	$1.64 \times 10^4 \text{ N}$	73.2 m	

➤ Take each other's tasks, check and evaluate.

уақыт	Displacement	t
S	км, метр	жылдамдық
speed	сағ, мин, сек	км/сағ, м/с
time	жол	v

3. Логикалық тапсырмалар

1. Материяның түрлеріне мысал келтір

Give an example on the types of matter




Mechanical	Chemical	Biological
1.	1.	1.
2.	2.	2.
3.	3.	3.

Мысалдар	Жауаптардың нұсқалары
И.А. Крыловтың «Аққу, шаян және шортан» деген мысалында қандай күштер туралы айтылады.	1. Үйкеліс күші 2. Ауырлық күші 3. Тең әрекет күші

Мысалдар	Жауаптардың нұсқалары
Парашютші ашық парашютпен бірқалыпты түсіп келе жатқанда қандай күштің әсері байқалады.	1. Үйкеліс күші 2. Ауырлық күші 3. Тең әрекет күші

➤ Сөзжұмбақ шешу



4. Эксперименттік тапсырмалар.

Laboratory work

To define mass and density of sturdy body

1. The aim: To measure mass of a body with scales.

Instruments: scales, little weights, a bar as parallelepiped, little things of different mass.

№	Measuring body	Mass of a body, g	Mass of a body, kg
1			
2			
3			

2. The aim: to define the density of a body.

Instruments: things which density can be defined, beaker, ruler, thread.



№	Things which density can be defined	Mass of a body, g	Volume of a body, cm ³	Density $\rho = m/v$	
				g/cm ³	kg/m ³
1					
2					
3					

Қорыта айтқанда, бүгінгі сабақ кешегі сабақтан өзгеше, ал ертеңгі сабақ бүгінгі сабақтан жақсы болуы тиіс. Осылайша физиканың негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдарын қарастыруға болады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға физика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолданылатынын да ұғындыруға мүмкіндік береді. Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын.

Бірнеше жыл бойы жүргізіліп жүрген зерттеулердің нәтижесінде CLIL әдісінің ұтымды тұстарын барлық ел көріп отыр. Оны мұғалімдер ғана емес, оқушылар ата-аналар да көріп отыр. Екінші тілді қарапайым деңгейден академиялық дәрежеге дейін жеткізу ынтасы мен ықыласы бар ғана адам тез меңгере алады.

Әдебиеттер:

1. Н. Назарбаев (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 2007. 28 ақпан.
2. «Болашақ бағдарламасы»: <http://zkoipk.kz/confnis1s/712-conf.html> (2012 ж)
3. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы: нәтижеге бағытталған оқу жүйесі: <http://kazmkpu.kz/kz/o-u-derisi-1/zho-ary-o-u-ornynan-kejingi-bilim-beru-b-limi/bolasha-ba-darlamasy> (2013-2017)
4. Coyle D., Hood P., Marsh D., CLIL Content and Language Integrated Learning. CUP, (2012.-1736)
5. «Заман талабы – Үштілділік» Г. Каконова // Қазақстан мектебі, 2012, № 8.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Өмірбекова М.Қ.

Педагог – психолог

«№2 БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» лицей – интернаты

Мемлекеттік тілді тіл үйренушілерге меңгертуде қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізу үшін оқытудың ғылыми тұрғыда негізделген, тәжірибеде дәлелденген тиімді технологиясын қолдану керек екендігі бәрімізге айқын. Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін меңгеруі үшін қажетті жағдай жасау туралы Ата заңымыздың 93-бабында нақты көрсетілген [2:7].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бап, 7-тармағында да Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу міндеті қойылған. Аталған міндеттерді іске асыру үшін тіл мамандарынан білім беру үдерісін үнемі жетілдіріп отыру талап етіледі. Сондықтан білім беру үдерісін технологияландыру мәселесі маңызды болып саналады.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз. Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникативті технологиялар біздің елімізде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Оқу үрдісінде жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа ақпараттық технологияларды да қолданудың мүмкіндігі жасалып отыр» деген болатын [3:3]. Яғни, еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.

Осы бағытта оқытушылар алдында оқытудың және тәрбиелеудің жаңа ақпараттық технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі



тұрғанын жақсы түсінеміз. Өйткені кез-келген адамның үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету жүйесі ақпараттандырумен тығыз байланысты. Қазіргі жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері адамның интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерінің даму мүмкіндіктерін арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Мемлекеттік тілді оқыту үдерісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың жаңа тілдік материалды меңгеруі кезіндегі оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, жаңа ақпараттық технология құралдарын ұсынылып отырған материалға жоғары деңгейдегі көрнекілік ретінде пайдалануға мүмкіндік береді, оқыту үдерісіне алуан түрлі жаттығуларды енгізу мүмкіндігін кеңейтеді, үздіксіз қарым-қатынас барысында оқу үдерісінің жандануын қамтамасыз ете алады, міне осының барлығы оқушылардың оқытылатын материалға жағымды қарым-қатынасының қалыптасуына мүмкіндік береді.

1. Даралап оқытуға қол жеткізіледі.

2. Оқушылардың өзіндік жұмыс істеулерін қарқындалтуға жол ашылады.

3. Сабақта бірнеше тапсырмалар жүйесін орындауға мүмкіндік туады.

4. Ғаламтор арқылы және арнайы дискілер қолдану арқылы әртүрлі ақпараттар алуға мүмкіндік туады.

5. Электронды оқулықтың мультимедиялық жүйесі арқылы бағдарламаны дыбыспен қамтамасыз етуге, мәтінді диктордан кейін қайталауға, кез келген видеофрагмент көруге мүмкіндік туады.

6. Оқушылардың танымдық белсенділігі артады. Әртүрлі үлгіде ұйымдастырылған жұмыс түрлері оқушылардың көңіл-күйлерін көтеріп, жұмыс істеу қабілеттерін арттырады.

7. Оқушылардың білім деңгейі мен қабілеттерін дұрыс бағалауға жол ашылады.

8. Сабақта компьютерлік тесті пайдалану арқылы қысқа мерзімде үйренушінің білім деңгейін анықтап, дер кезінде тиісті көмек көрсету мүмкіндігі болады.

9. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік туады.

Компьютерлік оқыту технологиясы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және қызмет барысындағы іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, мемлекеттік тілді үйретуде алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген тілдік материалды жедел әрі сапалы меңгертуге бағытталады [4:68].

«Әрбір ұстаз — білікті маман, ал әрбір оқушы — ойшыл тұлға» деген қағидаларды ұстана отырып, білім беру үрдісінде кез келген ұстаз білім сапасын жақсарту мақсатында оқытудың озық технологияларын пайдаланады. Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негізін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі.

Өз тәжірибемде өзін-өзі тану сабағында 7- сыныпта «Бір Отан- бір отбасы» тақырыбындағы сабағымда электронды тақтаның септігі көп болды. Оқушылардың қызығушылығы туындады. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашты. Сабақ барысында топпен жұмыс жасауға мүмкіндік тудырды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейді.

Инновация – ол тамыры тереңде жатқан термин, латын тілінің «жаңару», «өзгеру» сөздерімен баламаланып, «бұрын болмаған жаңалық», «қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа әдісі» деген түсініктерді білдіреді. Ал ағылшын тілінен аударғанда, «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді [5: 79].

Инновация – құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен білім мазмұнына, оқытушы мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістердің, жекелеген оқытушылар мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесінен пайда болады.

Толассыз ақпараттар ағымын бүкіләлемдік интернет жүйесі, спутниктік каналдар, теледидар, ұялы байланыс арқылы көріп, естіп қабылдауға машықтанған ХХІ ғасырдың өкіліне нағыз керегі – сандық бейне, анимация, компьютерлік оқыту ойындары, дыбысты жаңғырту т.б. компьютерлік



технологиялар. Осылардың бәрін қолдануға мүмкіндік беретін қазіргі мультимедиялық бағдарламалар тіл үйретуді жеделдетуге, оқу уәждемесін көтеруге, сөйлесім әрекетін дамытуға зор әсерін тигізеді. Сөйлесім әрекетінің кез келген түрінің негізінде көру-есту моторының арасындағы байланыс жататыны белгілі.

Қазақ тілін оқытуда мультимедиялық бағдарламаны қолдану олардың тілдік және сөйлесімдік дағдылары мен біліктерін дұрыс қалыптастырып, дамытуға, коммуникативтік құзырлылықтарын жетілдіруге септігін тигізеді.

Мультимедиялық оқыту өзінің икемділігімен тиімді: оқытуды әр түрлі формада ұйымдастырудың, тіл үйренушінің тілді меңгеру деңгейі мен жеке қызығушылықтарын, ерекшеліктерін ескере оқыту мүмкіндігі зор.

Тілді жаңа ақпараттық технологиялар арқылы оқытуда мультимедиялық оқу бағдарламаларының сапасы, олардың оқу мақсаттарына сәйкестігі, оқу үдерісінде, сабақта мультимедиялық бағдарламаны қолданудың кезеңдерін, оқытушының рөлін анықтау мәселелері өте маңызды. Сабақта тіл үйренушілердің коммуникативтік дағдылары мен біліктерін қалыптастыру мен дамытуды компьютерге біржолата сеніп тапсыруға болмайды, сондықтан мультимедиялық оқыту жағдайында оқыту үдерісін басқару мен технологияландырудағы оқытушының жаңаша рөлі мен қызметін анықтаудың маңызы зор [6:4].

Жазу, баспасөз, электронды пошта, радио, теледидар мен компьютер күнделікті өмірде қарым қатынасты жақсартуға және тілдік қарым қатынастың төрт психологиялық әрекеттерін (тыңдау, оқу, сөйлесу, жазу) дамытуда көмекші болып табылатыны да аян. Қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі негізгі бағыт, ол - интерактивтілік. Бұл біздің қарым-қатынастар орнату мен оларды қолдау үшін қолданатын тіліміз. Өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін сөз сөйлеуші интерактивті стратегияларды қолданады.

Сонымен, қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне мультимедиа материалдар арқылы алатын білім аса тиімді әрі нәтижелі. Мультимедиа форматындағы құралдар (аудио және бейнемәтіндер) ерекше методологиялық үлгілерден және лингвистика мен әдістеме теорияларына сай тілді оқыту мақсаттарына байланысты сұрыпталып алынады. Қазақ тілін оқыту әдістемесін алатын болсақ, осы тілде көркем фильмдерді қарап, сондай-ақ көркем фильмдерді орыс тілінде көріп, оны қазақ тіліне аудару жұмыстары да тілді сіңіру жұмысының аса тиімдісі болып табылады.

Тағы бір маңызды құрал ол интерактивті тақта. Интерактивті тақта - бұл компьютер мен проекторға қосылған үлкен интерактивті кешен болып табылады. Тақтаның мүмкіндігі өте зор. Біріншіден тіл үйренушінің қазақ тілге деген қызығушылығын молайтуға үлкен әсер етеді. Ресурстар кітапханасы арқылы суретпен жұмыс жасап үйренуші тұлғаның сөздік қорын молайтуға ықпал етеді. Оқытушы мен тіл үйренуші оқушы материалды көрсету компьютер арқылы басқарылады.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу үрдісіне студенттің қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үрдісін ұйымдастыру болып табылады.

Интерактивті тақта – топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселерді шешуге көмектесе алады. Оқытушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада оқытушылармен жаңа материалды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады, ал егер де керекті материалдың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

Оқу процесінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр [7:].

Яғни, осы аталғандар арқылы ұйымдастырылған сабақ оқушының шығармашылығын дамытып, өз бетімен ізденуге, алған білімін ұштауға, сенімін арттыруға, жеке тұлғасын, қабілетін, ынтасын,



рухани әлемін дамытуға басты құрал болып табылады. Осындай жан-жақты ойластырып, мазмұнды түрде жоспарланған сабақ төмендегідей мақсаттарға қол жеткізеді:

- танымдық ой-өрісін кеңейтуге;
- жоспарлы жұмыс жасауға;
- нәтижені болжай білуге;
- танымдық қызығушылығын арттыруға;
- ойлау қабілетін арттыруға;
- тілді жетік меңгеруіне;
- өздігінен жұмыс жасауға;
- тез есте сақтауға;
- шығармашылық қабілеттерін дамытуға.

Ақпараттық құралдардың ішінде электронды оқулықтардың рөлі ерекше. Электронды оқулықтар – оқу пәні бойынша өздігінен білім алуға, оның тиімділігін, тереңдігін арттыруға және білімді бақылауға арналған бағдарламалармен жабдықталған оқу құралы.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. Электронды оқулықтар оқушылардың:

- білім деңгейін тереңдетуге;
- мемлекеттік тілде сөйлеу, білу дағдыларын қалыптастыруға;
- өз бетінше іздену қабілетін қалыптастыруға;
- ойларын дамытуға;
- оқушылардың сөздік қорының молаюына;
- тілді үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығының артуына;
- сабақта өзін еркін ұстап, өз мүмкіншілігін кеңінен пайдалана алуына;
- өз ісіне талдау жасай алуға көптен-көп көмегін тигізеді.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. [8;].

Мемлекеттік тілді оқытуда әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік жаңа технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік жаңа технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана студенттің сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.

Қорыта келе, ақпараттық технологияның кез-келген түрінің бүгінгі күні қарқынды өсуі, оның тиімділігі сапалы білім берудің бірден-бір қайнар көзі екендігі және оны әсіресе тіл үйретуде пайдалану – тіл үйренушінің ең басты құралы болып отырғандығы шындық. Ендеше келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушының инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі сапалы білімнің жемісі болмақ. Сондықтан мемлекеттік тілді оқытуда дайын өнімдердің жетістіктерін есепке ала отырып, мультимедиялық технологияларды қолданып, ақпараттық оқыту бағдарламаларды әзірлеудің теориялық, әдістемелік мәселелерін терең саралау арқылы оны жетілдіре түсу біздің басты мақсатымыз болмақ.

Әдебиеттер:

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007ж 26.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 1997ж., шілде 7 б.
3. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2008ж 36.
4. Абдигалиева А. Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа бағыттары: ізденіс және нәтиже. – Ақтөбе. 2012 №8-68ж.
5. Ожегов С.И. Словарь русского языка/Под ред. Н.Ю.Шведовой. - М.: Русский язык, 1990ж 79б.
6. Досмаханова Ә.А. Қазақ тілін мультимедиялық бағдарлама арқылы оқыту әдістемесі. Автореферат. Алматы. 2005 ж 4б.



7. Рыскалиева К.Р. Білім сапасын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы арттыру. Батыс-Қазақстан. 2013 ж.

8. Н.Назарбаев. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. 2006 ж.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ СЫР ӨңІРІНДЕГІ МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ

Серік А.Ә.

Үш тілде оқытатын мамандандырылған
сыныптары бар дарынды балаларға арналған
«Мұрагер» мектебінің математика пәнінің мұғалімі
Қызылорда қаласы

*Табиғат-математика тілімен сөйлейді. Бұл тілдің
әріптері-дөңгелектер, үшбұрыштар және басқа
математикалық фигуралар.*

Г.Галилей

Математика-адам бойы жетпейтін тұңғыықтай көрінеді. Сан қилы есептер мен шешілмеген қырлары қаншама... Математика білімнің қиында соқпағы мол балалар үшін ауыр пән екені белгілі. Тек балалар үшін емес әр адам үшін де ойға бергісіз қыры мен сыры мол, қызықтары мен қиыншылықтары қатар пән. Осы қиында қызықты пәннің биік шыңын бағындырмасамда сол жолда, тырбанып алға ғана ұмтылып келе жатырмын.

Математика—ерте дамыған ғылымдардың бірі. Ол адамзат баласы өзінің қоршаған ортаны мөлшерлі көрсету керек болғаннан бастап, дүниежүзілік қоғам мәдениетінің және ой-өрісінің дамуымен қатар қалыптасады.

Математиканың алғаш бастауы, қайнар көзі - Греция, Шығыс және Орта Азия елдерінің қайталанбас біртуар математиктері Евклид, Архимед, Пифагор, Аристотель, Омар Хаям, әл-Хорезми, Абу Насыр әл-Фараби сынды ірі тұлғалар оқыту әдістері арқылы оқушылардың ақыл-ой қабілеттері мен дербестігін дамытуға баса назар аударғаны тегін емес. Себебі олардың ілімдерінің математиканың әр алуан салаларының ең бірінші даму бұлағы және оның даму тарихында алар маңызы өте зор.

Қазіргі кезде еліміздің жас математиктері көптеген халықаралық білім сайысында жоғары жетістіктерімен көзге түссе, көш бастаған профессор-ғалымдарымыз тың ғылыми жаңалықтарымен барша әлемдік қауымдастықты таңғалдырып, қазақ халқын қуантып жүр. Солардың ішінен ең көп шәкірт тәрбиелеген ғалымдардың бірі Сыр өңірінің тумасы әйгілі академик, математик—Асқар Жұмаділдаев. 1956 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауылында туған. 1962 жылы №299 теміржол төртжылдық бастауыш мектебіне, 1966-69 жылдары №45 Октябрьдің 14 жылдығы атындағы қазақ орта мектебінде оқыған. 1970-72 жылдары Алматыдағы №56 Сатпаев атындағы физика-математика мектеп-интернатында оқыды. 1980–90 жылдары Математика және механика институтында (қазіргі Математика институты) кіші, аға, жетекші ғылым қызметкер болды.

Қазақстан президентінің жалақысын тұңғыш болып есептеген математик ұялы телефонды мүлде ұстамайды. Ол «Төрткен» және «Төртқара» алгебрасын ойлап шығарған қазақтың тұңғыш математигі.

Асқар Жұмаділдаев Германиядағы Гамбург, Мюнхен, Билефельд университеттерінің профессоры болды. Кэмбридж университетінің жанындағы Ньютон институтында, сондай-ақ, Италиядағы А. Салам атындағы Халықаралық теориялық физика орталығында, Швеция корольдік Ғылым Академиясының Миттаг-Леффлер атындағы Математика институтында, Канададағы Фильдс атындағы Математика институтында қызмет атқарып, дәріс оқыған. Қазақ ғалымдары математика ғылымының өсіп-өнуіне үлес қосып, өзінің айшықты ізін қалдыра білді.

Сыр өңірінде А.Жұмаділдаевтың ізін жалғастырып, математика ғылымына жаңаша өзіндік көзқараспен ғылыми еңбектер жазған тұлғаларда жетерлік. Солардың бірі Қызылорда қаласы, Маханбет ауылының №143 қазақ орта мектептің математика пәнінің мұғалімі, Ы.Алтынсарин



медалінің иегері- Әмзеев Қадыр. «Ықыласпен ой-қиял кең болады...» атты (өлең есептер мен жұмбақтар) кітабы 2003 жылы жарық көрген[1]. Өлең есептері мен жұмбақтары мектеп математикасының сан разрядтары арасындағы заңдылықтар, жай сандар, теңдеулер, үшбұрыштар теңдігінің белгілері және ұқсастығының белгілері, пифагор теоремасы, іштей сызылған бұрыштар туралы теоремалар, т.б. мәселелерді қамтиды. Оқушылардың ұлттық болмысын қалыптастыруда ауыз әдебиетінің, соның ішінде айтыс өлеңдерінің орны ерекше болғанын білеміз. Автордың өлең жұмбақ есептері осы бағытта оқушылардың қызығушылығын арттырып, еріксіз шығармашылық жұмысқа, халқымыздың мәдени мұрасын таныту арқылы әлемдік мәдениетке жетелейтіні сөзсіз.

Еліміздің болашағын жасайтын жастар білімімен қатар шығармашылық қасиеті жоғары, өзіндік көзқарасы бар, елге тұлға болатын азаматтар болуы керек. Ал ол азаматтарды оқытып, тәрбиелеп шығаратын негізгі орта – мектеп.

XXI ғасыр өзінің табалдырығына нық табан тіреген уақытында қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білімді, алған білімін одан әрі дамытып, практикада қолдана білетін, жан-жақты жаңа заңдылықтарға бейімделген қоғам мүшесін талап етеді. Олар ең алғашқы білімдерін мектеп қабырғасынан қаластырады. Сол себептен өскелең ұрпақты болашаққа және еңбекке толыққанды даярлау, сара жол салу, оның бойындағы табиғи, адами жақсы қасиеттерінің көзін ашып жетілдіру, шығармашылықпен, ізденімпаздылыққа баулу, әртүрлі жағдайларда жинақы ұстануына тәрбиелеуде пән мұғалімдерінің рөлі өте зор.

Пән мұғалімдерінің математиканы оқытуда басқа пәндердің – физикамен, химиямен, географиямен, сондай-ақ гуманитарлық пәндермен байланыстырып оқыту-математика мен оның ұғымдарының адамның табиғат пен қоғамдық құбылыстарды танудағы орнын көрсету үшін кең мүмкіндіктер туғызады. Алайда мұнда біржақты – басқа пәндер тәрізді математиканың рөлін ғана көрсетумен шектелмеу керек. Істің екінші жағын – математиканың өзі өзге ғылыми пәндердің әсерімен машықтану жолдарымен дамығандығын көрсету қажет болады[2: 197].

Сондықтан оқушылардың санасында теріс ұғым туындауы ықтимал, яғни математикалық ұғымдар мен теориялар математикалық ғалымның қиялынан пайда болған деген сияқты қате пікір қалыптасуы мүмкін. Оқушыларды оң көзқараспен тәрбиелеуде математика тарихының негізгі кезеңдерімен таныстыру аса құнды. Адамзат қалай білімсіздіктен білімділік элементтеріне және толымсыз білімділіктен қалай толыққанды білімділікке жеткендігін ғылымның тарихына жүгінбей анықтауға мүмкін емес.

Ғылымның тарихы өткен құндылықтарды түсіндіріп қана қоймай, математиканың заманауи салаларын түсінуге де жағдай туғызады. Математика пәнінің мұғалімі математиканы оқыту әрекетінде практикалық мәселелерді шешудегі сандық әдістерді білу мәселелері туралы әңгімелер өткізіп, оларға тарихтан, этнографиядан, археологиядан және экономикадан тартымды материалдарды пайдаланғаны жөн. Әрине мұндай әңгімелер арқылы оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын тәрбиелеу мүмкіндіктеріне қол жеткізуге болады. Өйткені, математикалық білімнің қалай дамығандығын, математикалық ұғымдардың қалыптасу жолдарын көрсетеді.

Екіншіден, математика пәнінің 29 білім мазмұнын, дүниетанымдық тәрбие беретіндей, ой-санасының белсенді жұмыс істеуіне қызғылықты жаттығулармен, үй тапсырмаларымен байыту қажет. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Тіпті бірқатар дамыған елдерде бұл идея ұлттық қағидаға айналған. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін жүзеге асырудың тиімді жолдары Елбасының «бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» жолдауында айқындалған. Адамның жалпы білімін көтеру кең ауқымды мәселе болып отыр. Олардың біліктілігін, дағдыларын қалыптастыру қажеттігі еліміздегі ғылыми-техникалық және әлеуметтік мәдени жетістіктерінің қарыштап дамуынан туындайды. Білім сапасының кез- келген жарыстарда, тестілеулерде жоғары болуына жағдай жасау үшін, математиканы оқушылар тереңінен біліп, қызығушылықтарын арттыру үшін сабақтарда жаңалықты технологияларды кеңінен қолданып жұмыс жасағанымыз жөн.

Осы ретте өзім жұмыс атқаратын Қызылорда қаласы, Үш тілде оқытатын мамандандырылған сыныптары бар дарынды балаларға арналған “Мұрагер” мектебіндегі математика пәнінің оқытылуы мен бұл саладағы жетістіктері туралы тоқталар болсам. Біздің мектеп оқушыларды үш тілде оқытылуға бағытталады, әр сабақта тілдік байланысты ескере отырып сабақ жоспарларын жасау қадалған.



Математика сабағын өтуде өз пәніме деген оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып, қазіргі заман талабына қажетті білім алуға жағдай жасауға тырысамын. Оқушыларды сабақтан жалықтырып алмас үшін бүгінгі күндегі жаңа технология бойынша сабақ үлгілерін ойластырып, күнделікті жоспарға өзгерістер ендіріп, сайыс, дебат, онлайн сабақтар, ХХІ ғасыр көшбасшысы түрінде сабақтар өткіземін және сабақта оқытудың интерактивті әдістері көп қолданып жүрмін.

Өз деңгейінде орындаған оқушыны қабілетті деп танып, ол оқушымен мынадай жеке жұмыстар жүргіземін.

Оқу материалын толық игерту: Жарыстарға қатыстыру:

- салыстыру;
- ғылыми жоба жарысы;
- таблица, тірек-схема;
- білім сайысы;
- биосуреттермен жұмыс;
- ХХІ ғасыр көшбасшысы.

Дебат технологиясы қолдану оқушының зерттеу, іздену қабілетін шыңдайды. Оны дебат сабағының мынадай тиімділігінен көруге болады:

- оқушы пікірін ашық, іркілмей айтуға үйренеді;
- өз ойын дәлелді түрде жеткізе біледі;
- оқушының шығармашылық белсенділігі артады;
- ізденеді;
- өзіндік көзқарас қалыптасады;
- сөйлеу мәдениеті қалыптасады;
- материал жинақтап үйренеді;
- зерттеу жұмысын жүргізеді.

Нәтижесінде оқушы оқулық материалымен шектеліп қана қалмай, қосымша материалдармен өз білімін толықтырады, кез-келген математикалық есептерге талдау жасай біледі, өзіндік пікір қалыптастыратын, математикалық тілді игерген тұлғаға айналады. Сонымен бірге оқу, сөйлеу, жазу, есеп шығару белсенділігі артады. Өз тәжірибемде осындай тәсілдерді пайдалана отырып шығармашылықпен жұмыс жасайтын балалардың мынадай ерекшеліктерін анықтадым:

1. Ойлау қабілеті басым, түрлі болжам жасауға қабілетті, қиялға ұшқыр, өзін тануға құштар келеді.

2. Шығармашылықпен айналысуға, өз білімін сынауға тырысады.
3. Қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, табиғатты танып білуге тырысады.
4. Ақыл-ой қабілетін тек өзін қызықтыратын іске бағыттайды.
5. Кез-келген есепті талдап, оның шешімін табуға тырысады.

Осыны ескере отырып, танымдық жұмыстарын жасату арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдадым және тест әдістерін түрлендіре отырып, жылдан-жылға оқушыларымның есте сақтау қабілеттерінің арттыруға жұмыс жасап жатырмын.

Ойымды қорыта келе, өзімнің жұмыстарыма талдау жасай отырып, мынадай ұсыныстарды ұсынамын:

1. Оқушылардың пәндер бойынша қызығушылығын арттыру бағытында, мұғалімдердің өзара көбірек тәжірибе алмасуына оң әсер беретін конференция-семинарлар жиі болып тұрса (әсіресе, математика пәні бойынша);

2. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу іс-тәжірибелерінен жинақтар шықса;

3. Ғылыми жұмыспен айналысып, нәтижеге қол жеткізе білген оқушыларға нақты жеңілдіктер қарастырылса;

4. Бар уақытын бала үшін сарп етіп жүрген ұстаздар қауымына арнайы марапаттаулар тағайындалса.

Математиканың менің елімде өрісін тауып отыруы Қазақстанның қарқынды дамуына жол ашып, алдыңғы қатарлы экономикасы мықты ел қатарынан табылатынына сенемін. Өйткені, математика – дүниені түлететін, жаңартатын, ел мерейін өсіретін ғылым. «Өз жұртына жұмыс қылып,



еңбек еңірген адамдарды қадірлеу—елдіктің белгісі»,—деп белгілі арысымыз Халел Досмұхамедұлы айтпақшы, ғалымдарымыз еңбегімен халқымыздың зор құрметі мен сүйіспеншілігіне бөлене берсін!

Әдебиеттер:

1. Әмзеев Қадыр.Ықыласпен ой-қиял кең болады...(өлең есептер мен жұмбақтар) – Қызылорда, 2003ж – 200 б
2. Серікбаева В.Е. Математиканың пәнаралық байланыстары: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Экономика, 2007. – 199 б

ҮШТІЛДІЛІК-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жакипова А.Т.

информатика пәнінің мұғалімі
№10 жалпы орта білім беретін мектебі,
Жезқазған қаласы

*Қазақстан бүкіл әлемде халқы үштілді
пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға
тиіс*

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Президенті Республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына енгізу туралы міндетті қойған болатын.

«Келешекке кемел біліммен»,—деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Осыған орай информатика пәнін ағылшын тілінде жүргізу арқылы үштілді оқыту бағдарламасы өзін істейтін мектепте іске асырылуда. Жұмыс барысындағы басты мәселе – ағылшын тіліндегі оқу материалын қазақстандық стандартқа сай сәйкестендіру.

Осы мақсатта 6-7сынып оқушылары үшін «**Информатикадан терминдерді ағылшын тілінде оқыту курсы**» атты оқу курсының бағдарламасын жасап, қазіргі уақытта аптасын бір рет сабақ жүргіземін. Информатика пәнін ағылшынша оқи отырып, оқушы сөздік қорын кеңейтеді, өзіне жаңалықтар ашады, техниканың қыр - сырын меңгереді. Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, терминдерді сауатты айтуға дағдыланады, сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Курс бастамас бұрын оқушылардан кіру сауалнамалары алынады.

№10 жалпы орта білім беретін мектебінің 2019-2020 оқу жылындағы «информатика терминдерін ағылшын тілінде оқыту» курсы бойынша 7-8 сынып оқушыларымен өткізілетін кіру сауалнамасы.


Сынып	Оқушы саны	Қатысқаны	Ия	Жоқ
7 «Б»	21	21	17	4
8 «Б»	20	20	16	4



7"Б" сынып оқушыларының сауалнама бойынша жасалынған көрсеткіштері



8"Б" сынып оқушыларының сауалнама бойынша жасалынған көрсеткіштері



Осы курс саған қаншалықты ұнайды?

Сабақтың қандай түрде өткізілгенін қалайсыз?

Информатика терминдерін оқушылардың ағылшын тілінде қолдану деңгейі.

Өткен жылғы курстың нәтижесі бойынша жоғарыдағы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, биылғы оқу жылындағы тараулар бойынша тақырыптарға байланысты төмендегідей тапсырмалар түрлері беріледі. Осындай тапсырмалар оқушылардың қызығушылықтарын арттырады. Төмендегідей тапсырмаларды орындау барысында оқушылар іздеу, зерттеу жұмыстарымен айналысып, интернет ресурстарын пайдалана отырып, алған білімдерін күнделікті өмірде тиімді қолдана алады.

1. Couple the word

Іздеу терезесі User

Тұтынушы Image

Құжаттар Music

Бейне Management board

Музыка Basket

Басқару тақтасы Net

Қоржын Start

Желі Document

Бастау Search window


2. Mark the device for inputting information (Ақпаратты енгізу құрылғыларын белгілеңіз)

☐
☐
☐

Keyboard

Hard disk

Headphones



3.Сөзжұмбақты шешу. /Do crosswords /

4. Сөзжұмбақты шешу/Do crosswords/

5.Глосарий-терминдік сөздік

6. Суретте көрсетілген байланыстарды анықтаңыз:



1 сурет.....

2 сурет.....

7. *Continue to text (Сөйлемді жалғастырыңыз):*

Коаксиалды кабель— жергілікті желілерде

.....is a type of cable used in local networks.




8. Сәйкестендіріңіз/Couple the word

Іздеу терезесі		→ User
Тұтынушы	Image	
Құжаттар	Music	
Бейне		Network
Аралас адрес	Basket	
Музыка		Mixedaddress
Қоржын	Start	
Желі	Document	
Бастау		Search window

9. Әріптерден сөз құрастырыңыз/Make a word

U	A	B	D	E	S	K	T	O	P
S	G	O	S	T	A	R	T	A	V
E	H	A	A	C	B	D	E	F	B
R	E	R	G	H	I	J	K	L	A
M	L	D	I	S	K	M	N	O	S
P	P	Q	R	S	T	U	V	W	K
X	W	Z	C	B	I	M	A	G	E
M	N	M	U	S	I	C	G	H	T

10. Solve the puzzle



Курсты жыл бойы оқу барысында әрбір тақырыпқа байланысты глосарий-терминдік сөздік дайындайды, жеке тұлға өзін-өзі кез келген жағдайда еркін түрде іс-әрекет жасай алады, өмірде қажетті мақсаттарға жету үшін біліктер мен дағдыларын қалыптастырады. Жүргізілген сабақтар оқушылардың белсенділігін арттырып, қызығушылығын оятады. Курстың нәтижесі азамат болу үшін «Біз» есімдігі «Мен» есімдігінен анағұрлым жоғары, өздігімен өмір бойы үйрене білуі, адами құндылықтарды ұстануы, білік, машық дағдылары қалыптасқан бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиеленеді.

Әдебиеттер:

1. Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

2. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 2007 [<http://adisteme.kz/kop-tildi-bilu-zaman-talabyi.html>]

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.



ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУ МАТЕМАТИКАСЫ

Утарова А.У.
Сәтбаев қ, №16 ЖОББМ

Статистика мен ықтималдықтар теориясы –математиканың маңызды бір бөлігі. Жарық жылдамдығымен бірге дамып, өзгеріп келе жатқан қоғамда алгебра мен геометрияны меңгерген оқушыға математикалық қару жеткіліксіз. Жасанды интеллектіні жасап шығару, роботтардың адам жұмысын ауыстырып жатқандығы жасырын емес. Бірақ, адам миының моделін жасау кез келген дамыған қоғамда мүмкін еместігін білеміз. Жас жеткіншек оқушыларды тек роботтар сияқты есептеумен шешу емес критериалды ойлау мен анализ жасай алуға дағдыландыру - заман талабы. Сондықтан, бұл мақалада математика пәні мұғалімі ретінде ықтималдықтар теориясы мен статистика ғылымын мектеп бағдарламасында жетілдіру, дамыту қажет деп есептеймін.

Бұл баяндамада қоғамдағы маңызды 2 сұраққа жауап іздедім. Сіздерге ұсынатын **1. Сәттілікті есептеу – ұтысты билетті қалай есептеуге болады? 2. Жеңіс стратегияларын тандаудағы формула қандай?**

Мақсаты: статистика мен ықтималдықтар теориясынан хабары болмаған ойыншылардың қателіктері мен мүмкіндіктерін зерттеу.

Міндеті: ойын саласындағы статистикалық модельдеу, бүкіл комбинацияларын жазу арқылы дәлелдеу.

Сәттілік математикасы: сәттілік билеттерін іздеңіз. Халық даналығына сәйкес, сіз сәтті ақшаға сатып ала алмайсыз. Бірақ сіз кездейсоқ болса да, сәтті билетті сатып ала аласыз. Біз бұл оқиғаны

сәттілік ретінде қабылдаймыз, өйткені біз оның ықтималдығын төмен деп бағалаймыз. Бірақ бұл өте сирек кездеседі ме?

Алдымен сәтті билет деген не екенін нақтылайық. Киноға немесе пойызға кез-келген билеттің өзіндік нөмірі болады. Әдетте, ол 0-ден белгілі бір мәнге жүйелі түрде тағайындалады. Бұл бухгалтерлік есепті жеңілдету үшін жасалады. Біз алты саннан тұратын билеттерді қарастырамыз: 000000-ден 999999-ға дейін. Сәтті билеттің бірнеше анықтамалары бар, бірақ біз олардың ең танымалына тоқталамыз: егер билеттің нөмірі оның алғашқы үш цифрларының қосындысы соңғы үш цифрлардың сомасына тең болса, сәттілікке ие деп айтылады. Билеттерді іздеуді бастамас бұрын, олармен байланысты жалпы сұрақтарға жауап берейік. Мұнда бізге математика көмектеседі. Екі сәтті билет



қатарынан жүре ала ма?

Осы сұрақты математиканың ресми тіліне аударайық: ABCDEF-тің $ABCDEF + 1$ сәтті болатын билеті бар ма? Басқаша айтқанда, бұл сандар үшін келесі теңдік сақталуы керек: $A + B + C = D + E + F$ Егер алты таңбалы сандардың біреуі 9-дан (F9) аяқталмаса, онда біреуін қосқанда соңғы үш санның қосындысы өзгереді, бірақ алғашқы үшеуі өзгермейді, сондықтан билет сәтті болуды тоқтатады. Егер ол 9 болса ($F = 9$), онда соңғы үш санның қосындысы азаяды (егер соңында үш тоғыздан көп болса, онда алғашқы үштің қосындысы азаяды, бірақ онша емес). Сонымен, сәтті билеттер қатарға қосылмайды. Бірақ, екінші жағынан, олар қатарынан тоғыздан өте алады: мысалы, 100001 және 100010. Сонымен қатар, кейде «тоғызда» тізбегі өте ұзақ болуы мүмкін: 900009, 900018, 900027, ..., 900090. Егер біз басынан сәттілік алсақ. Ал егер бастама 998999 болса? Сонда ең жақын жолдама мыңда болады! Шынында да, енді барлық билеттер 999-дан басталады, сондықтан бақытқа жету үшін сізге 999 нөмір керек ... Алдын-ала бағалау



Алдымен олардың санын шамамен есептеп көрейік. Төменнен қарапайым баға: ABCAVS типіндегі барлық билеттер бізге жарамды. Мұндай билеттер қанша? Алғашқы үш цифрдың жиынтығы қанша болса - 1000. Сондықтан әрине, кем дегенде 1000 сәттілік билеттері бар. Жаман емес, бірақ біз сандар әр түрлі болған кезде бірнеше опцияны ескермедік - мысалы 900018 бірдей 900018. Сіз ABC цифрларының өзгерулерін ескеруге тырысуға болады, яғни ABCABA, ABCACB т.с.с. билеттер типі бойынша билеттер, бірақ, өкінішке орай, 6-ға көбейту (A, B және C сандарының мүмкін болатын енгізілімдерінің саны) жұмыс істемейді: егер олардың арасында сәйкес келетін сандар болса, онда бізде 6 нұсқа жоқ, бірақ 3 немесе 1. Алайда, бұл идеяны басқа жолмен жүзеге асыруға болады.

Төмендегі форманың барлық комбинацияларын қарастырыңыз: алғашқы үш орын - бұл A, B және C сандары, екінші үшеуі бірдей сандар, бірақ кездейсоқ тәртіпте. Мұндай опциялар қанша болады? Бірінші кезекте 10 санның кез-келгені болуы мүмкін, яғни әзірге 10 опция бар. Кез-келген бірінші цифр үшін екіншінің 9 нұсқасы бар, яғни 90-ның бар екенін білдіреді. Осы 90-дың әрқайсысында үшінші санның 8 нұсқасы бар - демек, барлығы 720. Ал енді біз қалған үш үш түрлі әртүрлі сандарды қайта құру тәсілдерінің санына 720 санын көбейтуіміз керек. Біз қазірдің өзінде түсінгеніміздей, мұндай алты опция бар, бұл сандардың жалпы саны 4320 дегенді білдіреді. Алайда, бұл да төменнен және «төменнен қатты» деген баға: біз әр түрлі сандардың нұсқаларын ескере бермейміз.

Ал, енді жоғарыдан талап етілетін мөлшерді бағалауға тырысайық. Егер әрбір сәтті ABCDEF билеті ADBECF билетімен ауыстырылса, нөмір өзгермейді, сондықтан сіз жай орындардағы сандардың қосындысы тақ санның қосындысына тең болатын алты таңбалы сандардың санын жай ғана есептеуге болатындығын ескеріңіз. Бұл 11-ге бөлінудің белгісіне өте ұқсас! Есіңізде болсын, егер сан бойынша жұп және тақ жерлердегі сандардың арасындағы айырмашылық 11-ге бөлінсе, онда ол 11-ге бөлінеді, сондықтан біздің «екінші типтегі» барлық билеттеріміз 11-ге бөлінеді, содан кейін олардың санға бөлінетіндерінен артық сан болмайды. 11, яғни 90909 (1 000 000: 11). Онда 90909-дан артық билет жоқ екен. Алайда, бұл да өте дұрыс емес баға, өйткені 11-ге бөлінетін барлық сандар жұп және тақ жерлерде бірдей сандарға ие емес, мысалы, 000506. Осылайша, сәттілікке билеттер айтарлықтай аз. Олардың қаншасы екенін дәл есептейік!

Ия, қысқаша комбинаторлық формула бар, бірақ оны шығару әлдеқайда қиын. Біз толық дәлел келтірмейміз - біз тек идеяны баяндаймыз және қорытынды формуланы жазамыз. Идеяның мәні мынада: біз 27 цифрын 6 санының қосындысы ретінде есептеу тәсілін есептеуіміз керек. Мұны осылай жасайық: 27 алманы алып, олардың арасына 5 бөлік салыңыз. Содан кейін бірінші бөлімге алма саны қосындының бірінші мерзімі болады, бірінші бөлімнен екінші бөлімге - екінші тоқсанға және т.б. Бөлімдер бір қатарға тұра алатынына назар аударыңыз, бұл жағдайда мерзім нөлге тең болады. Сонымен, міндет бөлімдерді орналастырудың жолдарын санауға дейін азаяды. Бірақ біз 32 объектіні алдық (27 алма және 5 бөлік) және біз 5 бөлік үшін орынды таңдауымыз керек (алма қалған орындарда болады). 32-ден 5 орынды таңдаудың қанша әдісі бар? C₃₂, егер сіз комбинаторикамен таныс болсаңыз (бірақ, егер сіз таныс болмасаңыз - бірдей мөлшерде). Мәселе мынада, бұған жауап жоқ. Біз 27 шартты ұсынудың тәсілдерін 6 шарттардың қосындысы ретінде есептедік, бірақ әзірге ешқандай шарттар 9-дан аспауы керек екенін ескермедік. Егер мұны ескерсек, қорытынды формула келесідей болады:

$$N = C_{32}^5 - C_6^1 \cdot C_{22}^5 + C_6^2 \cdot C_{12}^5$$

Бұл санды есептеу оңайырақ, біз 55 252 аламыз - өзіңіз көре аласыз.

$$\binom{n}{k} = C_n^k = \frac{n!}{k!(n-k)!}$$

Қорытынды Сонымен, бізде не бар? Біз билеттердің шамамен 5,5% -ының жолы болды деп есептедік, яғни орта есеппен он сегізде бір. Бұл өте сирек емес! Бірақ статистика іс жүзінде пайда бола ма, жоқ па, өзінді тексер. Есіңізде болсын, егер сіз осындай билетті ертерек жеп қойсаңыз, онда



уланудан басқа сіз контроллерден үлкен айыппұл да ала аласыз, бұл көпшіліктің сәттілік туралы пікіріне сәйкес келмейді. Өздеріңіз білетіндей, бұл жағдайда сіз өзіңіздің сәттілігіңізді төрт рет сынап көре аласыз: 1, 2, 4, 8 доллар - бәрі де осында. Сәттілік жоқ - 15-і жоғалды. Бірақ сәттілік болған жағдайда біз толық доллар табамыз! Казино әрқашан жеңіске жетеді. Бұл жай әдемі сөйлем ғана емес, сонымен қатар математикалық тұрғыдан негізделген тұжырым. Күтілетін орташа төлемді есептейік (оны математикалық күту деп те атайды):

$$\text{Күтілетін ұтыс} = \frac{\text{қолайлы жағдайлар саны}}{\text{мүмкін жағдайлар саны}} * \text{ұтыс} - \frac{\text{қолайсыз жағдайлар саны}}{\text{мүмкін жағдайлар саны}} * \text{жеңіліс}$$

Мүмкін болатын нәтижелер саны ұяшықтар санына тең, яғни 37. 18 біз үшін қолайлы болуы мүмкін - қызыл, қара, жұп және тақ клеткалар саны. Бірақ қолайсыз 18 + 1: бір рет нөлге тең болғанда, сіз ұтыстан айырыласыз. Сіздің жеңісіңіз ставкаға тең, ал шығын минус белгісі бар жылдамдыққа тең.

$$\text{Күтілетін ұтыс} = \frac{18}{37} * \text{ұтыс} - \frac{19}{37} * \text{жеңіліс} = \text{ұтыс} * \frac{-1}{37} < 0$$

Көріп отырғаныңыздай, ұзақ мерзімді перспективада күтілетін пайда теріс. Яғни, сіз жеңістен гөрі жиі ұтыласыз, яғни сіз ақшасыз қалмау үшін әрине, рулеткада және басқа құмар ойындарда жеңіске жету стратегиясын ойластырасыз.

Әдебиеттер:

1. Битнер, Г.Г. Теория вероятностей: Учебное пособие / Г.Г. Битнер. - Рн/Д: Феникс, 2012. - 329 с.
2. Гмурман, В.Е. Теория вероятностей и математическая статистика: Учебное пособие для бакалавров / В.Е. Гмурман. - М.: Юрайт, 2013. - 479 с.
3. Горлач, Б.А. Теория вероятностей и математическая статистика: Учебное пособие / Б.А. Горлач. - СПб.: Лань, 2013. - 320 с.

«АҚЫЛДЫ» АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Тусунбекова А.Д.

информатика пәні мұғалімі
«№11 Қоскөл ЖОББМ» КММ
Ұлытау ауданы, Қоскөл селосы

Компьютер - электрондық есептеуіш машинасы тапсырылған арнайы нұсқаулар жиынтығы - бағдарлама бойынша есептеу амалдарының күрделі тізбегін орындау арқылы электрондық түрде ақпаратты өңдеуге, сақтауға беруге арналған машинасы. Жұмыс істеу барысында әр дайым компьютермен жұмыс істейміз. Сондықтан оған 1 күнде 5 Квтт кетеді. Көбінесе жасөспірімдер ойындарды бірнеше сағаттан ойнайды. 1 Квтт 7 тг 4-5Квтт 28-35 тг болады. Сонымен қатар интернетте де бірнеше сағаттан отырып жұмыс істейміз, ал кейде компьютер іске бос қосылып тұрады. Сол уақытта біз проигрователь арқылы әндер тыңдаймыз. Сонда осының бәрін есептегенде қаншама электр энергиясы кетеді. Біздің қаладағы электр энергиясы ТЭЦ арқылы істейді. Ал ТЭЦ электр энергиясын бізге бөлу үшін қаншама көмірді жандырып жатыр. Сонда бізде көмір азаяды. Сондықтан шығынды үнемдеу үшін қажетті кезде ғана қолданған жөн екендігін ескерген. Жалпы оның пәтерінде ең басты электр құралдары: компьютер, кір жуғыш машина, шаңсорғыш, теледидар, шамдар, тоңазытқыш, телефон және т.б. Отбасында 4 адам бар. Отбасымен күнделікті электр құралдармен жиі пайдаланады. Күніне, аптасына, айына, жылына біраз шығындалады. Бұл шығындарды үнемдеуге болатындығын дәлелдей алған. Электр құралдармен жұмыс істегенде оны тиімді және дұрыс пайдалана білу керектігін түсінген. Осы жоба нәтижесінде Ислам электр қуатын ата-анасымен бірлесе отырып, үнемдеуді жөн көрді.

Келешекте электр энергетикалық қорын сақтау мақсатында «энергияны үнемдеуге» әрі қарай зерттеу жұмыстарын жасауға, дамытуға өз үлесін қосады. Осындай жобалардың нәтижесінде оқушылардың қабілеттердің дамып, шыңдалуында мұғалімдер шешуші рөл атқарады. Шаралардың бәрі де ұстаздың жаңашыл педагогикалық ойлауына, жеке адамды дамыту құралы болып табылатын



оқыту үрдісін қалыптастыруға және шығармашылық дамуына, кәсіби шыңдалуына негіз болады, сонымен қатар оқушылардың құзіреттілігін арттырудың кепілі болады деп сенімді түрде айта аламыз. Қазақстандағы жаратылыстану бағытындағы ғылымды дамыту және оны әлемдік деңгейге жеткізу үшін ғылыми жобалардың маңызы зор болмақ.

Әдебиеттер:

1. Қазақстанның ұлттық энциклопедиясы 4,5,8-том, 332-408бет, бас редактор Бүркітбай Аяған, Алматы 2002ж.
2. Қазақстан совет энциклопедиясы 12 том, 408 бет, бас редактор М.Қ.Қаратаев, Алматы 1997ж.
3. «Біздің үй» журналы

ТІЛ САЛАСЫ АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКА– ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Салина А.К.

шетел тілі пәнінің мұғалімі
«Облыстық Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясы»
дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі
бар мамандандырылған мектеп
Атырау қаласы

Заманауи математика – жаратылыстану ғылымдарының дамуы негізінде үштілділікті дамытудың ұтымды жолы – STEAM жобасын тәжірибеде, яғни ағылшын тіліндегі сабақтарда әзірлеу және қолдану бойынша жұмыс барысында мен мұғалімдердің күнделікті өміріне және тәжірибесіне енгізілген жаңа терминдерді кездестірдім. Көптеген мұғалімдер бұл жобаны (әдісті) «өте көп және уақытты қажет ететін» деп санайды. Бірақ бұл әдісті ұқыптылық, нақтылық және анықтық әдісі деп санайтын мұғалімдер бар. Сонымен қатар «қажет» және оны «әрі қарай жалғастыру керек» деген пікір айтқан мұғалімдер де бар. Жаңаша білім беру мектептердің оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым және жазылым, зерттеуге негізделген оқу, белсенді оқу деп өзгерді. Белсенді оқуда топтық, жұптық, рөлдік ойындар арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттырып белсенді оқуға жетілдіру. Бұл әдістің негізгі мақсаты - барлық балаларға (білім алушы) өздерінің «шығармашылығын» басқа балалармен бөлісуге, өз ойларын айтуға, жағымсыз жақтарын талдауға мүмкіндік беру. Бұл әдісті шет тілді (екінші тіл) үйренуге және оқуды кеңейтуге негіз болатын сыныптағы (топтағы) оқушылар арасындағы коммуникативті қарым-қатынастың маңыздылығын көрсету үшін қолдануға болады. Мұғалім әрдайым оқушылардың идеяларын байыпты қабылдайды. Оқушының не айтуға тырысқаны туралы ойланып, алға қарай жылжуға мүмкіндік береді. Мұғалім оқушының сабақ барысындағы қиындықты жеңе алатындығына сенім білдіріп, көмек қажет болғанда ғана қолдау көрсетуі тиіс, яғни оқушы алғашқы қадамды жасады, енді оны кері жылжытуға болмайды.

Оқытушы білім алушының келесі құрылымға кірісіп, оның одан әрі «бастау алуы» үшін басқа платформаны жасауына сенімді болуы керек. Оқушы қарым-қатынастың кейбір түрлерінде, соның ішінде оқу мен жазуда сәтті болған кезде, мұғалім мұны жаңа параметрлерге кеңейтудің бірнеше жолын таба алады. Балалар ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысқан кезде, мұғалім сұрақтар қоя алады: «Неліктен бұлай?», «Сіз бұл жерде не болып жатыр деп ойлайсыз? ». Бұл сұрақтар балаларға ойларын ашық айтуға және гипотезаларындағы қарама-қайшылықтарды көруге көмектеседі.

Тілді үйрену жан – жақты болуды қажет етеді. Мұғалім балалардың білім алуына және басқа да балалармен бірге үйрену үшін өздерінің жеке дағдыларына сенуі керек. Егер мұғалімдер өздерінің кәсіби пікірлеріне сенсе және балалардың қабілеттерін құрметтесе, жетістік оқу тәжірибесінің бөлігі болады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының жоспарына сай, орта білім беру мекемелерінің 9, 10 – сыныптарында кіріктірілген сабақ үлгісіндегі жоспарланған тақырыптар жиі кездеседі. Математика – жаратылыстану бағытында білім алып жүрген оқушылар үшін ағылшын тілінде биология, физика



немесе химия пәніне қатысты термин сөздерді үйрету және оларды мәтінде дұрыс оқу, осы терминдерді қатыстырып сөйлем құрау бағытында жұмыс жасап келемін.

Оқытудың жаңа инновациялық технологияларын меңгеру мақсатында кәсіби біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатынасып отырамын. Осы курстар барысында алған білім негізінде оқушыларға тың материалды игерудің тиімді жолдарын түрлі жаңаша әдістермен түсіндіріп отырамын.

Мысалы, 7 – сыныпта өткен «Natural science: “Natural disasters” CLIL», 8 – сыныпта «Technology: “Television” CLIL» және 9 – сыныпта өткен «Biology: “Healthy Eating” CLIL» тақырыбындағы кіріктірілген ашық сабақтары кезінде оқушылардың география, физика, биология пәндерін ағылшын тілінде игеруге құлшыныстары жақсы байқалып, сабақ барысында белсенділіктері артты десе болады. Аталған сабақтар барысында балалар топта өздігінен жұмыс жасады. Барлық сабақтар да мақсаттарына жетті! Әрине, грамматикалық қателер болды, сөйлемдердің құрылымы дұрыс болмауы немесе мәтіннің мазмұнынан ауытқуы, бірақ ең бастысы оқушының өз жұмыстары туралы не айтқысы келетінін түсіндім. Көптеген сабақтарда мен бағытталған оқу әдісін қолдандым: үзінділерді оқып, талдау, сипаттау; алайда мен оқушыларымның өз ойларын білдіріп, қорғай алатынына күмәндандым. Бірақ мен таңқалдым! Сөйлей алмағандар мәтіннің бөлімдеріне «ой сипаттамасын» мұқият сурет қылып сала бастады. Оқушы мәтінде айтылғандай оқымауы мүмкін, өйткені ол оқылған мәтіннің мағынасына сүйене отырып, өз бетінше түсінеді. Мұғалімдердің міндеті - мұны түсіну, содан кейін сабақ жоспарын немесе жеке жұмыс жасау. Еліміздің білім беру жүйесін 2015 жылға дамыту тұжырымдамасында: «Жылдам өзгеріп отыратын заманда алынған білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білетін, өзін – өзі іске асыруға, өзін- өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» - деп көрсетілгенін тілге тиек етсек, білім беру ұйымдарындағы мұғалімдер осы бағытта көптеген еңбек атқарып жүргені мәлім.

Психолог Л.С.Выгодский: «Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы»- деген. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой – өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Интербелсенді оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой – пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. «Күтпеген жауаптың» ретроспективті талдауы – бұл баланың қалай оқығандығы, не ойлайтыны, күтпеген реакцияның кейбір сәттерін қалай түсіндіретіндігі туралы бірлескен талдау. Өйткені, ол кейбір ұғымдарды бізден, яғни ересектерден мүлдем өзгеше қабылдайды, түсінеді. Бала үшін мұндай ойлаудың терең мағынасы бар.

Сабақ барысында түрлі тапсырмалар бере отырып, сол тапсырмаларды орындау кезіндегі оқушы әрекетін қадағалап, ретроспективті анализ жасауына көмек беремін. Өйткені, оқушының берілген материалды игергені оның нақты ойлап, жедел жауап бере білген кезінде ғана тілді үйренудегі жақсы нәтижеге жеткенін көрсетеді. Жаңартылған оқыту бағдарламасы негізінде үнемі сабақтарымызға қолданып жүрген инновациялық технологиялар оқушыларға STEAM үлгіде білім алуға мол ықпал етуде. «Инновация» - «жаңару, жаңалық әкелу» (латын тілінен аударғанда) деген мағына берсе, STEAM білім беру – дәстүрлі оқытылатын ғылымдарға заман ағымымен келген және келе беретін жаңалықтарды кіріктіріп оқыту.

Жаңа мультимедиялық әдістемелік құралдар көмегімен өткізілген мұндай сабақтардың оқушы қабылдауына ықпалы зор екендігі де сөзсіз. Осындай кіріктірілген сабақтардың нәтижелері: оқушыларда қажетті ақпаратты меңгеруді тездетеді; оқу үрдісі жаңа, ақпаратты түрге ауысады; көрнекі құралдар кең ауқымда қолданылады; пәнге деген қызығушылық артады. Осы аталған нәтижелер инновациялық оқытудың оқушыларға сапалы білім беруіміздің негізі болатындығына көз жеткізеді.



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖОЛДАРЫ

Мыкышева Г.Е.

өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі,

Бигожина Л.И.

математика пәнінің мұғалімі,

Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясы

Шет ауданы, Қарағанды облысы

Қазіргі экономика, биология мен химия және т.б. ғылымдардың математикалануы күрделілігі әртүрлі математикалық модельдердің қолданылуымен сипатталады. Әрбір оқушы мектептегі математика курсының теориялық мәселелерін жете түсініп, берік игерсе, өмірде кездесетін түрлі мәселелерді шығармашылық шеберлікпен еркін шешеді.

Нарықтық экономиканың қалыптасуына байланысты экономикалық білімге деген сұраныс күшейді. Экономикалық білімнің тиімділігі - оның үздіксіздігінде. Оның мазмұны негізінен көп жағдайда экономика ғылымына байланысты.


Экономиканың математика пәнімен өзара байланысын зерттеу барысында қазіргі таңда «Қаржы сауаттылық негіздері» және жоғары сыныптарда «Қолданбалы экономика» таңдау курстары енгізілуде. Қаржылық сауаттылық - қоғам дамуының аса маңызды аспектісі. Заманауи Қазақстандық қоғамда экономиканың алар орны ерекше, сондықтан да адамдардың бойына бала кезінен-ақ қаржылық сауаттылықты да дарыту қажет. Айтылған мәселені кеңінен қарастыру мақсатында А. Маслоу пирамидасына жүгінсек. Заттардың сипатына қарай қажеттіліктер үшке бөлінеді.



Аталған қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында әр адам міндетті түрде математика пәніне жүгінеді. Оған д

Біздің ойымызша әр адам ерікті-еріксіз болсын, өзін-өзі жетілдірумен айналысады. Бойындағы жаман әдеттерден арылу, жақсы әдеттерді қалыптастыру, өзінің кәсіби біліктілігін көтеруге ұмтылу, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасын жақсартуға күш салу – осылардың бәрі де өзін-өзі жетілдірудің элементтері. Дегенмен де, өзін-өзі жетілдіру процесі өле-өлгенше және үздіксіз жүретін, ең бастысы саналы әрекет болуы тиіс. Егер, әр оқушы осы пирамида негізінде өзіндік дамуды қолға алса, онда бәсекеге қабілетті болары сөзсіз. Сонда ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

Бүгінгі заманауи өмірдің ең маңызды мәселелерінің бірі - ақшаны ұстай білу. Осы мәселені көздей отырып,





әр оқушының бойындағы математикалық, қаржылық сауаттылықтарын арнайы тапсырмалар арқылы арттыруымыз қажет.

Мектептегі оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары – баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіру. Бұл оқушының өзіндік әрекеттерін, дербес жұмыс жасау қабілеттерін дамытудың маңыздылығын айқындайды. Оқу жоспарының мектеп компонентінің вариатив бөлігіндегі курстар оқушының пәнге деген қызығушылықтарын дамыту мен бірге келешекте таңдайтын мамандықтарына бағдар беруге жағдай жасайтыны мәлім. Көп жағдайда математика, экономика пәндеріндегі теориялық білімдерді қолданбалы курста зерттеушілікке бағыттай білгенде ғана сапалы білім көрсететіні айқын. Осыған сәйкес сыныптан тыс шаралар: байқаулар, сайыстар, олимпиадалар т.б. шаралар оқушының алған білімін тәжірибеде қолдана білуге үйретеді, өмірге бейімдеуіне өзіндік әсерін тигізеді. Осы орайда біздік мектептің оқу-тәрбие үрдісіне функционалдық сауаттылық деген пән енгізілді. Жалпы математикалық сауаттылық дегеніміз - математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану болып табылады. Сонымен қатар, осы пәннен алған білімді толығымен қолдана білуде «Қаржы сауаттылық негіздері» курсы қоса жүру керек деп ойлаймыз. Өйткені жыл сайын «Қаржылық сауаттылық» күні ұйымдастырылады. Мысалы, мектебімізде «Экономика барлығымыз үшін» жобасы шеңберінде қаржылық сауаттылық күні өткізілді. Мұндай шараның мақсаты оқушылардың бойында қаржы туралы жалпы түсінікті қалыптастыру, жеке қаржыны тиімді басқарудың дағдылары мен қаржы мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

«Қаржылық сауаттылық» күні дәстүрлі емес сабақтар ұйымдастырылады. Білім алушылар «сұраныс», «ұсыныс», «шығыс», «кіріс», пайыз», «несие» «1 жылдық пайыздық өлшем», «алдын-ала төлем», «пайда», «бизнес», «кәсіпкер», «бизнес-жоспар» деген сияқты терминологиямен таныс қана емес, күнделікті өмірлерінде жиі еститіндеріне ерекше тоқталып өтті. Апталық аясында ұйымдастырылғалы жатқан жәрмеңкеге де атсалысатындарын атап өтті. Қолдан жасаған бұйымдарын сатылымға қойып, кеткен шығын мен кірер кірісті есептеу керек екеніне де назар аудара білді.



«Экономика» күніне байланысты жәрмеңке ұйымдастырылды. Түскен ақшаларын оқушылар интернатта жататын оқушыларға қолдау ретінде мектеп құралдарын алып берді





Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім мазмұнын жаңартудың бір бөлшегі. Білім мазмұнын жаңарту аясында мектептегі білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады.



1. Бір отбасы.

Бір отбасында төрт ағайын бар екен. Әкелері балаларына 45 тг береді. Ағайындардың әр қайсысында бірдей болу үшін қалай бөлі керек. Егер, үлкен ағаларының ақшасы 2 тг көбейтсе, ал, екінші ағасының ақшасын 2 тг көбейтсе, үшінші ұлдың ақшасын екі есе көбейтсе, ал төртінші ұлдың ақшасын екі азайтса.

Мақсат пен Мәди таяу арада Айғаныммен танысты. Олар Айғанымның туған күні қашан екенін білгісі келеді. Айғаным оларға мүмкін болатын даталарды айтты: олар, 15 мамыр, 16 мамыр, 19 мамыр, 17 маусым, 18 маусым, 14 шілде, 16 шілде, 14, 15 және 17 тамыз. Сосын Айғаным Мақсаттың құлағына туған күнінің айын айтты, ал Мәдиге күнін айтты. Үш дос қызыға пікір жүргізді. Мақсат тұрып: - Мен Айғанымның туған күнін білемін, алайда мен білетінімді Мәди оны білмейді.



Мәди: Бастапқы да мен Айғанымның туған күнін білмедім, ал бірақ қазір білемін.

Мақсат: Енді мен де Айғанымның туған күнін білемін. Сонда Айғанымның туған күні қашан?

2. Үнемдеп үйренейік

Сиыр күніне 16 литр, ал ешкі 3 литр сүт береді. Қожалық иесіне қайсысын ұстау тиімдірек: бір сиырды немесе көбірек сүт алуға болатын болса бес ешкіні? Ешкінің қандай ең аз саны сиырға қарағанда көп сүт береді?

3. Ұмытшақ әже

Бірде шешесі Тимурға 200 теңге беріп, былай деді: "Мектепте болатын шай ішуге осы ақшаға тәтті бірдеңе аларсың". Тимур шоколад сатып алу туралы шешім қабылдап, жақын орналасқан дүңгіршекке бет алды. «Мынандай шоколад қанша тұрады?» - деп сұрады Тимур сатушы әжеден. «Жүз жиырма теңге», деп жауап берді ол. «Мен теңгеге тек..... шоколад қана сатып аламын», деп қапаланды Тимур. Бірақ сол уақытта сатушы әже былай деді: «Сен мына көк орамадағыны айтып тұрсың ба? Олар 100 теңгеден сатылады». «Жақсы, енді теңгеге шоколад сатып алуға болады. Әрине бұл да аздау».



«Ой, балам, мен шатастырып алдым, бұл шоколадтар 65 теңгеден тұрады», деп жалғастырды сатушы әже. Тимур мандайын тыжырайтып, есептеп көріп еді, ол..... теңгеге..... шоколад сатып ала алатын болып шықты. Кенеттен сатушы әже жыламсыраған дауыспен: «Ой, мен бүгін қатты шаршап, бәрін шатастырып тұрмын! Міне, дұрыс бағасы!»- деді. Міне, осы кезде Тимур оның шоколадқа «50 теңге» деген бағаны жапсырып жатқанын көрді. Қуанып кеткен Тимур бірден..... теңгеге шоколад сатып алды.

Сұрақ: Қалай ойлайсың, неге Тимур бірнеше рет қанша шоколад сатып алу керектігі жөнінде шешімді өзгерте білді? Оның шешімі неге байланысты болды?

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға тізбектелген тапсырмалар өзінің





құрылымымен барлық пәндердің қамтитынын көруге болады. Осындай тапсырмаларды орындау барысында баланың шығармашылық қабілеті артады, тез және дұрыс шешім қабылдауға үйренеді, алған білімін өмірмен ұштастырады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі саясатының бірі - жан-жақты, білімді, шығармашыл, қабілетті, танымдық белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылуда. Олай болса айтарымыз, таңдау курстарының білім алушылардың бойындағы аталған қасиеттерді жетілдіруі сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Я.И. Перельман «Занимательная алгебра» М.:2010г.
2. А.А.Мазанин «Реши сам» Минск.:1980 г.
3. //Достижение молодых. 6-сынып «Бизнес бастамасы»-2008 ж.
4. //О.А.Байқоңыров атындағы «Адам капиталы елдің жаңашыл дамуының негізгі факторы ретінде» РҒТК материалдары, 2017ж.
5. //Математика және Физика. №2,2018 ж.

STEM БІЛІМДІ ЕНГІЗУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Жанали М.А.

информатика пәнінің мұғалімі,
техник ғылымының магистрі,

Қонабаева А.Б.

математика пәнінің мұғалімі,
Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі,
Жезқазған қаласы.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция қарқынды жүріп жатыр. Ақпарат ағыны, жоғары технологиялық инновациялар біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеруде.

STEM-нің білім беру бағдарламаларына ерекше назар аудару пәнаралық қатынастарға беріледі. Бұл мұғалімге бағдарламаның дамуына креативті көзқарас танытуға, жоспарлауға және нақты педагогикалық шындыққа үйлестіруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді;



STEM-мультидисциплинарлы тәсіл робототехника арқылы біз математиканы, физиканы, химияны, жобалық қызметті, командалық жұмысты және тіпті тарих пен биологияны үйретеміз. Білім беру саласындағы көпсалалы көзқарасты дамытудың алдын-ала шарты, көп қабатты ғылыми зерттеулер деңгейі басқаларға қарағанда әлдеқайда жоғары болатын STEM пайда болуы болды. Қазіргі



уақытта жаратылыстану математика пәндерінің пәндері бойынша, әсіресе, көп салалы және мультидисциплинарлық талап ететін қызмет салалары үшін көп салалы зерттеулердің өсуін болжауға болады. 7-14 жас аралығындағы оқушыларға арналған STEM бағдарламалары сонымен қатар олардың тұрақты сабақтарына қызығушылықтарын арттырады. Бала жаратылыстану ғылымдары, технологиялар, математика, сөйлеуді дамыту сияқты тақырыптарда өз қызығушылығы өрісін кеңейтіп, мұндай пәндік салаларда жаңа дағдыларды игеруге мүмкіндік алады. Тапсырма үшін баланың мектептегі жайлы оқу-білім беру ортасын бұзбай, ойлау, коммуникация, дербестік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлес қосатын мысалдар таңдап алынды. Соның дәлелі ретінде Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінде «Робототехника», «Болашақ инженер» курстары болады. Бұл сабақтар басқа пәндермен қосылып өтеді.



Төмендегі ұсынылған оқушыларға бағытталған математика, робототехника, болашақ инженер біріктірілген сабақ үлгісі ата-аналарына мектепте коучинг ретінде ұсынылды. Бұл сабақта ата-аналар жоғары деңгейде қызығушылықтарын танытты.

Ата-аналарға арналған коучинг жоспары

Жалпы мақсат	Қазіргі кездегі баланың дамуына жеке тұлға болып қалыптасуына ата- ана тәрбиесінің үлесі зор екендігін түсіндіре отырып, мектеп пен ата-ана арасында жағымды қарым - қатынас орнату арқылы мектептегі оқыту мен оқу процесіндегі заманауи технологияларды қалай жүзеге асып жатқандығын ақпарат беру және тәжірбие алмасу өзіндік көз қарастарын қалыптастыру
Оқыту нәтижесі	Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған бала заманға сай жан-жақты білімді де тәрбиелі тұлға болып қалыптасатындығын түсінеді, ата-аналар балаларының ой ұшқырлығын, ойлау қабілеттерінің жан-жақты дамуына ақпараттық технологияларды пайдаланып ынтымақтаса жұмыс істеуіне ақпараттанады.
Қолданылатын материалдар	Бейнежазба, таратпа материалдары, флипчарт, маркерлер, стикер, интерактивті тақта, слайдтар, ноутбук, шар, қиынды қағаздар, 3Д принтер.
Түйінді идеялар	Ата-аналар мектептің әлеуметтік тапсырыс берушілері болғандықтан, олар барлық оқу-тәрбие жүйесіне белсенді араласуы тиіс, заманауи әдіс-тәсілдерді ата-аналар танысу керек
Тапсырмалар	Сұрақ-жауап, топтық жұмыс "bilimland.kz" сайты, «Lego WeDo» құрастыру.

«Естігенімді – ұмытамын, көргенімді – есте сақтаймын, өз істегенімді – меңгеремін».

Конфуций

Кезеңдер	Уақыты	Коуч пен қатысушылардың іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сәлемдесу	1 мин	Коучтың кіріспе сөзі. Қатысушыларға сәттілік тілейді.		
Жаттығу тапсырмасы (психологиялық ахуал тудыру)	2 мин	Ата-аналар үрленген шарды бір-біріне таяп, әуен ырғағында билейді. Мақсаты: шарды түсіріп алмау, жарылып қалмауын қадағалау.	«Айтшы маған!» стратегиясы	Шарлар
Топқа бөлу	3 мин	STEM – science, technology, engineering and mathematics арқылы топқа бөледі. сол әр сөзді интернет арқылы science, technology, engineering and mathematics сөздердің орысшасын немесе қазақшасын тауып айту	«Менің таңдауым» стратегиясы	Қиынды қағаздар
Ой шақыру:	5 мин	Мақсаты: коучинг-сессия тақырыбын анықтауға әкелу. Бейнежазба көрсетіледі. Коуч қатысушылардың назарын аударып, сұрақтар қояды. -коучинг не жөнінде болады деп ойлайсыздар? -оқушылардың ой-өрісін, танымын арттыруда қандай әдіс-тәсілдер таныс? Жұптық жұмыс. Әр топтан бір жұп жауап береді. Коучинг тақырыбы анықталады.	Коуч бағалайды	Бейнежазба
Топтық жұмыс	13 мин	«Lego WeDo» тапсырмасын орындау. Мақсаты: қатысушылардың ой-өрісін шоғырландыру, ортақ іске жұмылдыру, нәтижелі өнім алуға бағыттау. Құрастыратын материалдар беріледі. берілгені уақыт ішінде жасап шығу.	Критерий бойынша бағалайды.	Материалда, маркерлер, постер



		3Д принтерден өнімді шығарып көрсету		
Топтық жұмыс	13 мин	<ul style="list-style-type: none"> "Білімленд" сайтынан https://bilimland.kz/kk/courses/simulation/matematika/lesson/figuralardyng-konstruktory «Фигуралардың конструкторы» тақырыбымен жұмыс Мақсаты: тез меңгеру, тапсырманы жылдам орындау	"Бас бармақ" тәсілі	Планишеттер, ноутбук,
Рефлексия	3 мин	«СМС» жазу. Мақсаты: Сабақ туралы пікірін электронды түрде білдіру.	Мұғалім бағалайды	Электронды пошта, Vatsan, vk.com, фейсбук, Word

Оқыту үдерісінде STEM технологиясы әртүрлі деңгейдегі адамдар болуына байланысты, сұранысына бағытталған нақты білім мен дағды, тәсілді қолдану қажет. Оқыту әдістемесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану тиімді болып табылады. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Қазіргі таңда оқу үдерісінде «жаппай» енгізіліп жатқан инновациялық технологиялар жетерлік. Мұндай технологиялар сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, екінші жағынан тыңдаушының танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесінде оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, оқытушы жұмысының нәтижесі де арта түспек. Сондықтан да STEAM оқытуда тіл үйренушінің белсенділігі, зияткерлігі, парасаттылығы анықталады. Олардың жеке қасиеттерін ашу арқылы танымдық күшін қалыптастырып, шағармашылық қабілетін дамытады.

Осылайша, біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. STEM-білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. Келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технологиялар мен математиканың әр түрлі білім беру салаларынан алынған білім керек.

Оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыру оқытушының өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетінің артуына септігін тигізеді. Сондықтан, ғылыми-техникалық прогрестен қаламай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізге міндеті.

Әдебиеттер:

1. Ногайбаева Г. Развитие STEМобразования в мире и Казахстане.
2. "Білімді ел - Образованная страна" №20 (57) от 25 октября 2016г
3. <https://edu-bko.gov.kz/docs/metod/stem.pdf>

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ - ТАБЫСҚА ЖЕТУ БАСПАЛДАҒЫ

Мелдебекова Г.К.

математика пәні мұғалімі,
ғылыми жетекші, математика магистрі

Мелдебекова С.К.

№57 орта мектебі,
Нұр-Сұлтан қаласы

Тіркелгеннен кейін сізді сіздің жеке акаунтыңызға жібереді. Өз акаунт парақшаңызда оқушыларыңызға қандай тапсырма құрасыз соны таңдау керек болады. (**quiz, discussion, survey**)




Create new Kahoot!




Тест түрін таңдайсыз

Мысалы біз «Quiz» дегенді, таңдаймыз. Атау беремізде ары қарай жылжыймыз. Одан әрі сұрақтарды құрастыруға жылжыдық. Сұрақ құрастыру мен бірге әр сұраққа қанша уақытта жауап беру керегінде енгіземіз. Сұрақта иллюстрация (сурет) және видео қосып жасауға болады. Сұрақта дұрыс жауапты (қызылды басамыз «Incorrect») ары қарай (save&continue) кнопкасын басамыз.



Тест жасау беті

Одан ары публикацияны баптау керек. (тілін таңдау, приватность, деңгей, сипаттама, тегтер)




Осымен сіздің сұрақтарыңыз дайын **Қосылу**
Өзіңіздің тапсырмаларымызды ойынға қосамыз (**Play now**)



Сіздердің мониторларыңыздан ПИН шығады. Бұл ПИН кодты оқушыларыңыз тапсырмаларға кіру үшін қолданады.


Оқушыда интернетке ноутбук, смартфон немесе басқа гаджет болу керек. Тегін маркеттерде Андроид пен айос үшін арнайы (**kahoot**) деген тегін қосымшаларды жүктеп алуға болады. Смартфонда қосымшаны қосамыз бізден ПИН енгізуді сұрайды.



(сайтта көрсетілген пинді енгіземін) ары қарай аты жөнімізді енгізуді талап етеді (ник)

Nickname деген жерге аты жөніңізді толық жазып **Ok, go!** деген кнопканы басасыз!

Мысалы осылай!





Сайт берген пин кодты енгізіп nickname (аты-жөніңізді енгізгеннен кейін) осындай парақта сұрақтар тұрады. Сұрақ жауаптары әр түрлі түстегі тік төртбұрыштар үстінде орналасқан.



оқушы смартфонда, планшетте, нетбукта, ноутбукта, дербес компьютермен жауап бере алады. Тағы бір қосымша бұл – Zipgrade.



Бұл қосымшаның ерекшеліктері оқушылардан тест алып, оны лезде тексеруге таптырмайтын құрал.

Қалай қолданамыз:



- Play Market-тен жүктеп аласыз <https://clck.ru/J3Yrn>
- Жүктеп болған соң тіркелу керек. Кейін варианттың дұрыс нұсқаларын енгізіп сақтап қоясыз.

- Астында фотода көрсетілген жауап нұсқаларын жазуға арналған паракты <https://www.zipgrade.com/forms/> сайтынан ала аласыз да оқушыларға ақ қағазға (распечатка) жасап шығарып бересіз. А4 шығару маңызды емес, бір бетке төртеуден шығарып кесіп берсеңіздер болады.

- Оқушыға тест жасап жатып, сіз берген паракқа дұрыс нұсқаларын ҰБТдағыдай белгілеу керек.



- тест жасап болған оқушының қасынан барып сіз жүктеп алған zipgrade бағдарламасымен суретке түсірген сияқты сканерлеп, лезде қанша балл алғанын айта аласыз. Қай жері қате болғанын да айта аласыз, бәрі көрініп тұрады. Керек десеңіз 2-3 балдық тест жасауға да болады.



Тексерген оқушылардың қанша жинағаны сақталып отырады. Өте керемет бағдарлама үйреніп алсаңыз, тестті қолымен тексеріп отырмайтын боласыз.

Қорыта келе, Теодор Сайзердің «Баға беру және есепке алу – керемет мақсаттар. Білім алу үдерісіне кедергі тигізбейтін және біздің жан салып жасап жатқан ісімізге пайдалы да әділ баға беретін жүйе...» дегендей, формативті (қалыптастырушы) бағалау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда мұғалімге олардың іс-әрекеттеріне байланысты түсінік, ұсыныс т.с.с. бере отырып, жүйелі түрде кері байланысты қамтамасыз етеді. Кері байланыстың әсерінен мұғалімдер өздерінің оқу үдерісін ұйымдастыруға белсенді қатысады. Ол үшін мұғалім оқушылардың оқу нәтижелерінің өзгеруіне байланысты оқыту және оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін, техникасын өзгертіп отыруы қажет. Мұндай бағалау жаппай тәжірибеде мұғалімнің қалыптастырушы бағалаудың теориялық негіздерін және оны ұйымдастырудың алгоритмін меңгерген кезде ғана жүзеге асады.

Әдебиеттер:

1. [1, 104 бет] МАН. Александер (2001)
2. [2] Блэк және қосалқы авт., (2003)
3. <https://kahoot.com>
4. https://www.zipgrade.com/?fbclid=IwAR2FQI8_cX08__qcDLH9ey3toO-0XOC8SZthpNaqPBV9-_A4U-ug5qviFMM

БІЛІМДІ БІРЛЕСІП ҚҰРУ АРҚЫЛЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жаманкарина Д.М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№4 жалпы орта білім беретін мектебі, Жезқазған қ.

Бүгінгі жаңартылған білім беру аясында ұсынылатын деректердегі ғалымдардың білімді бірлесіп құру арқылы дағдыларды қалыптастыру тұрғысында айтқан пікірлеріне сүйенетін болсақ: «Соңғы зерттеулер оқу қай жерде өтетініне қарамастан, жалпы белгілері болатынын дәлелдеді, атап айтқанда:

- Адамдар ассоциациялар арқылы, мнемоника, жаттығулар, имитация, нұсқаулық беруді пайдалана отырып, білім алады, бұл түсінік пен дағдылардың кезең-кезеңмен қалыптасуына ықпал етеді. Ассоциациялық оқыту нақты мәліметті жаңғырту немесе есте сақтауға жол ашады.



• Адамдар белсенді зерттеулер – зерделеу, эксперимент, басқалардың жетекшілігімен зерттеу, тапсырмаларды орындау, ойлау арқылы түсінік пен дағдыларды құра отырып білім алады. Сындарлы оқыту дағдылардың ықпалдасуына және тереңірек түсінуге ықпал етеді.

• Диалог әдісін қолдана отырып, мәселен, талқылау, дебат, ынтымақтастық, білімді бірлесіп құру арқылы түсінік пен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әлеуметтік-сындарлы оқыту да дағдылардың ықпалдасуына және тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [1.26]».

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен тыңдалған, оқыған мәтіндердің мазмұнын түсініп, ақпараттың өзектілігін анықтау үшін оқушыларға сыныпта түрлі кеңейтілген тілдесімге қатысуға мүмкіндік берілсе, олар өзіндік жеке пайымдауларының өрісін өздігінен және жұптық жұмыста кеңінен зерттей алады. Аталған мүмкіндік олардың тілді білімді құру құралы ретінде қолданудың заманауи тәсілдерін тәжірибеден өткізуге септігін тигізеді. Осы орайда, сабақ барысындағы әлеуметтік өзара әрекеттестік оқуда маңызды рөл атқаратыны белгілі.

Жұпта жұмыс істеуге төселген оқушылар «оқушы-оқушы» қатынасына еркін түсіп, жүктелген тапсырмаларды орындауда мейлінше белсенділік таныта алады. Үнемі өзгеріп отыратын жұбымен бірге тапсырмаларды орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға мүмкіндік алып, нақты тапсырма үшін барынша оңтайлы болып табылатын стратегияларды таңдауда бір-біріне көмектесіп, қолұшын береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында сауатты ұйымдастырылған жұмыстың мұндай түрінде оқушылар:

- Тапсырманы өзгемен бірлесе отырып, өз ойын қосып орындайды.
- Жұбының ойына құлақ асып, өз пікірін де білдіреді.
- Екеуара пікіралмасу орын алады.
- Өз мүмкіндігін зерделейді.
- Оқу, аудиовизуалды қабылдау, көрсетілім, талқылау, тәжірибеде жасау, өзгелерді оқыту үрдісін екеуі атқарады.

- Өз болжамдары мен сұрақтарын тұжырымдайды.
- Өз қателіктерін түсіне отырып, тәуекелге екеуі бірге барады.
- Жеке зияткерлік мүмкіндіктерін дамытады.
- Ішкі уәждері дамып, ұмтылыс пен қызығушылықтары артады.


Өзімнің тәжірибемде, мемлекеттік тілді меңгертуге қолайлы тілдік орта тудыру барысында оқушыларды әр түрлі әдіс-тәсілдермен жұптастырамын. Мысалы, «Пазл», «Мозайка», «Бұршақ жауды», «Тәтті кәмпіттер», «Сыңарын тап», «Адасқан буындар», «Сөзмоншақ», «Сәйкестендір», «Сөйлемді аяқта» сияқты әдістерді қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің тақырыптық өзгешелігіне орайластырып, грамматикалық-лексикалық минимумды қамтитындай етіп жұпқа бөлемін. Сонымен қатар әр сабағымды жоспарлау барысында жұптастыру шараларын алдын ала ойластырып, қиындыларды, пазл мен мозайка бөлшектерін таратқанда жұп мүшелері ауысып отыратындай таратамын, яғни «жоспарлы тактикаға» көшемін. Бұл орайда «Оқушы үніне» де баса назар аударатынымды да ескерте кеткенім жөн. Мысалға 7-сыныптың бірнеше тақырыптарын қарастырайық:

Сабақтың тақырыбы	Жұпқа топтастырудың тәсілдері
Көп тіл білгім келеді.	Ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде берілген сөз тіркестерін сәйкестендіру ретімен жұптастыру: тіл-language, екпін-ударение, курс-kurs.....
Талаптың нұр жауар.	Тақырыптың атауын буынға бөліп, сол буындардың көмегімен 7 жұп құрау: та-лап-ты-ға нұр жа-уар.
«Қазақ тілі» өлеңі.	Өлең сөздерінің синонимдері арқылы жұпқа бөлу: кеміді-азайды, ту-байрақ, ту-жалау, ар-ұят, ана- шеше, батыр-ер, күшті-мықты.
Уақыт-сый.	Санмен берілген уақытты сөйлем түрімен үйлестіре жұпқа бөлу: 13:30- сағат бір жарым, 14:00- сағат тура екі, 15:25- сағат үштен жиырма бес минут кетті, 16:10- сағат төрттен он минут кетті, 17:40- сағат алтыға жиырма минут қалды, 18:45- сағат жетіге он бес минут қалды.



Уақыттың бос өткені.	Сағаттың түрлерімен жұпқа бөлу: құм сағат, күн сағаты, электронды сағат, қол сағат, механикалық сағат, кәдесый сағат, аспалы сағат.
Ғаламдық экология мәселелері.	Тірек сөздер арқылы жұптастыру: Арал теңізі, табиғатты қорғау, экологиялық мәселе, мұнай қалдықтары, теңіз сулары, айыппұл мөлшері, апатты аймақ.

Өзіндік тәжірибемде байқалғандай барлық оқушылар сыныпта жұптаса әңгіме жүргізуге бірдей төселмегендіктен, оқушылардың іс-әрекетіне өзгерістер енгізу үшін, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға негізделген тапсырмалар жиі құрастырыла басталды. Жұпта меңгеруді қалыптастыруға негізделген тапсырмалар олардың меңгерген білімдеріне сүйеніп, түрлендіріліп берілетіні де ескеріледі. Осы тұста, ең бастысы мұғалім шәкірттері жайында тұғырлы теориялық базаға негізделген, жеткілікті білімнің болуын талап етіп, мұнымен қатар, тәжірибені түсіну, әрі қарай дамыту үшін дәлелдер нәтижелерін қалай қолдану қажеттілігін білуді көздеп, кәсіби түсініктен алшақтамауы шарт. Тәжірибеден:

№ Сабақтың тақырыбы	1. Белсенді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер	2. Оқытудың нәтижелері	3. Бағалау, оқу үшін бағалау
1. Спорт-сенің серігің	Топқа бөлу: «Алтын медаль иегерлері», «Күміс медаль иегерлері», «Қола медаль иегерлері». ТЖ «Инсерт» ЖЖ «Ойлан, жұптас» Рефлексия «Күншуақ» 	Барлығы Спорттың денсаулыққа пайдасын біледі, мәліметтерді түсініп жазады. Көпшілігі Оқыту барысында кездескен кедергілерді жою мақсатында топ мүшелеріне шешім қабылдауға көмектеседі.	Өзін-өзі бағалау «Табыс баспалдағы»
		Кейбіреуі Салауатты өмір салтының маңыздылығын, шынығудың пайдасын ашып, дәлелдейді.	

Бірлесе білім алуда оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, тақырып аясында тиісті сұрақ қойып, алған білімін толықтырып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Аталған жұпта ойлану оқушының өз болжамдарына сыни көзқараспен, сын тұрғыдан ойлай қарай отырып, осы арқылы ғалам, тіршілік, жаратылыс жайлы өзінің және жұбының түсінігін тереңдетіп, мейлінше кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін үдетеді. Білім алудың бұл түрінде оқушылар жұп құра отырып, маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау жолымен белсенді түрде білім жинақтайды, тілдік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндіктер алады. Пән мұғалімі шәкірттерінің оқуына мүмкіндік тудырып, қажетті оқу материалы және өзге де керек құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз алдына пән бойынша өз түсініктерін бірлесе білім алу арқылы арттыруға ынталы болғаны жөн.

Қорыта келгенде, ойға түйгенім, жұптық жұмысты нәтижеге бағыттап оқыту-оқушының сын тұрғысынан ойлауға үйрететін бірден-бір көпір.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 жыл.



ГЕОТЕРМАЛДЫ ҮЙ ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІ

Жанабекова Қ.Ж.

география пәні мұғалімі

Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы мекені

Геотермалды энергетика – энергияны жердің ішкі жылуынан алу. Геотермалды энергетика табиғи және жасанды болып бөлінеді. Алғашқысы табиғи жылу көздерінен алынса, екіншісі жер қабатына суды және басқа сұйықтарды және газ тәрізді заттарды айдап сіңіруден алынады. Геотермалды энергетика тұрмыстық қажетте және жылыту қондырғыларында кең қолданылады. Кем тұсы – жылы сулардың жоғарғы улылығы және сұйықтар мен газдардың химиялық зиянды реакциялары.

География пәнінде «Геотермалды үй жылыту жүйесі» тақырыбы ерекше орын алады. Геотермалды үй жылыту жүйесінің тиімді жолдарымен танысу арқылы өзім көптен қызығып жүрген мәліметтерді жинақтап, өзімнің болашаққа деген сенімім мен дағдымды қалыптастыруға септігімді тигіземін деп ойлаймын. Бүгінде жаһандану заманында бізге әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми-педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге, отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере, оқыту мен тәрбелеуді жаңаша ұйымдастыру көкейкесті мәселе болып отыр. Осыған орай ғылыми техникалық прогрессия дамыған уақытта геотермалды үй жылыту жүйесінің ерекшеліктері туралы кішігірім зерттеу жұмысын жүргізбекшімін. Келешектің кез келген маманы геотермалды үй жылыту жүйесін өз жұмысында тиімді пайдаланғысы келсе, онда ол өз саласы бойынша алға қойылатын проблемаларды тұжырымдай алуы тиіс. Осыған орай «Геотермалды үй жылыту жүйесі» тақырыбын өмірде, яғни практикада қолданудың жолдары мен мазмұны туралы ой бөлісемін.

Қазіргі уақытта геотермалды энергия көздерін анықтауда (табуда) бірден-бір кең танылған және тиімді қолданылатын әдіс - фонтан (су бұрқақ) әдісі қолданылады. Қазіргі кезде бұрғылар да дамып келеді. Ендігі мақсат 10 – 15 км тереңдікті бағындыру болашақтың мақсаты болып отыр. Осы тереңдікті бағындыру арқылы атқаратын шаруалар шаш етекпен тұр. Мұндай тереңдіктегі ауа температурасы да жоғары болып келеді. Мұндағы ауа температурасы 350⁰С – тан жоғары. Біздің елімізде де бұл бағытта көптеген жұмыстар қолға алынып, жайлар іске асыру мақсатында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мұндағы мақсат энергия көзін үнемдеп жұмсап үй жылытуды геотермалды жүйе қосу арқылы іске асыру.

Қазақстан Республикасының көптеген аймақтарында жер астының геотермалды ыстық суларының қорлары кездеседі. Мұндай ыстық су қорлары Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Атырау, Жамбыл облысының аймақтарында және де Алматы облысының таулы және ойпатты аудандарында көптеп шоғырланғаны қазіргі таңда белгілі болып отырған жайы бар. Қазіргі таңда біздің елімізде бой көтеріп отырған бағдарламалардың бірі болып табылатын индустриалдық-инновациялық бағдарламасына сәйкес Қазақстанның барлық аймақтарында түрлі инновациялық жобалар күнделікті тұрмысқа енуде. Осындай инновациялық технологияны Қазақстан Республикасындағы республикалық маңызы бар қалалардың бірі Петропавлдағы мектептердің бірі қолданысқа енгізді. Бұл білім ошағы жылудың игілігін жерден көріп отыр, яғни мектеп елімізде алғаш болып геотермалды энергетикаға көшті. Еліміздегі геотермалды электр энергетикасын өндіру ошақтары негізінен Батыс Қазақстанда (75,9%), Оңтүстік Қазақстанда (15,6%) және өзіміздің Орталық Қазақстанда (5,3%) орналасқан. Геотермалды электр энергиясын негізгі көзі жерасты сулары болып табылады. Геотермалды электр энергиясы баламалы энергия көздерінің бір түрі. Баламалы энергия көздерін тиімді пайдалану энергияны үнемдеуге өте пайдалы. Баламалы электр энергияларын пайдалану қаражатты үнемдеу жағынан да өте тиімді болып келеді. Баламалы энергия көздерінің ішінде геотермалдық электр энергиясы маңызды орын алады. Геотермалды электр энергиясын әлемнің 80 елі пайдаланып келеді. Бұл елдер геотермалды электр энергиясын пайдалану жолын әлі де толық меңгермеген. Көп жағдайда бассейнді жылыту, емдеу құралы ретінде пайдаланып отыр. Бірнеше елдерде, оның ішінде АҚШ, Исландия, Италия, Жапония және т.б. елдерде геотермалды электр станциялары жұмыс істейді және де құрылыс жұмыстары жүргізілуде.



Геотермалды электр энергетикасының негізгі артықшылықтары мынадай:

геотермалды электр энергетикасы жаңартылмалы және іс жүзінде шексіз, уақытқа тәуелді (тәулік, маусым, ауа-райының), әмбебап – су және жылу көмегімен жабдықтауға болады, қоршаған ортаны ластамайды, геотермалды электр энергиясын өндіретін электр станциялары көп орын алмайды. **Алайда геотермалды электр энергиясының кемшіліктері де бар:** геотермалды электр энергиясын мүлде зиянсыз деуге болмайды. Себебі, өндірілген будан зиянды қоспалар: күкіртті сутек, радон және басқа да зиянды қоспалар шығарындылардан пайда болады, суды пайдаланып болғаннан кейін химиялық құрамы өзгерген суды не кері құю қажет, не жиектерге төгу қажет, станция құрылысының жолы энергия нәтижесінде өзгереді. Геотермалды электр энергетикасын үй жылыту жүйесінде тиімді пайдалану әлі күнге дейін әлемде кеңінен таныла қоймады. Егер де шикізатты энергия көзіне бірден айналдыру сатыларын ескеретін болсақ, онда мұнайды, газды және де көмірді өндіріп алу немесе өңдеу процестері, уранды ыдырату процестері тек қана жылу электр станцияларында және атом электр станцияларында айналдырып, электр энергиясын шығаратын аса қызған бу түріндегі соңғы өнімді алу үшін ғана өндірілетін еді. Бірақ бұл энергия түрлерін өндірмесе де болады, ал аса қызған буды дайын күйінде жер асты жасанды геотермалды электр энергетикасы көздерінен де алып отыруға болады.

Бүгінгі күні геотермалдық ресурстар ауыл шаруашылығында, бау-бақшалар шаруашылығында, аква және термокультурада, өнеркәсіптерде, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтарда пайдаланылады. Бірнеше елдерде тұрғындарды электр энергиясымен қамтамасыз ететін ірі кешендер салынып, жаңа жүйелерді әзірлеу жалғасуда. Ауыл шаруашылықтарында және бау-бақша шаруашылықтарында көбінесе жерасты энергиясын пайдалану өте тиімді. Ауыл шаруашылығында жылуды азайтатын және үйде өсірілетін суарылатын өсімдіктерді, жылыжайларда, аква және гидрокультурада қондырғыларды орнату өте тиімді. Мұндай тәсіл бірнеше мемлекеттерде – Кения, Израиль, Мексика, Грекия, Гватемалада қолданылады. Жер асты көздері суару алаңдарындағы топырақты жылыту үшін қолданылады. Бұларды қолдану жылыжайда температура мен ылғалдылықтың тұрақты болуына септігін тигізіп отыр. Геотермалдық энергия – бұл нақты баламалы энергия көзі болып табылады. Ол неғұрлым перспективалы автономиялық газбен жылыту салаларының жеке секторы үшін пайдаланылады. Мұндағы ең үлкен кедергі – бастапқы жабдықты сатып алу, ол қондырғының бағасы едәуір жоғары болып келеді. Осы жабдықты сатып алғаннан кейін ғана энергия үшін төлем өте арзан болады. Ал "дәстүрлі" жылыту жүйесін орнату әлбетте арзанға түсетіні анық екендігін білеміз. Жылу жүйесінің жеке секторын орнату үшін MuoviTech, Geodynamics Ltd, Vaillant, Viessmann, Nibe компанияларының жылыту қондырғыларын пайдаланған тиімді. Қазіргі таңда балама энергия көздері басты назарда. Себебі, мұнай мен газ қорлары ғаламшардағы сарқылатын ресурстар қатарында және олардың ресурстары бірте-бірте сарқылу үстінде. Сонымен қатар, олар барлық жерде бар. Көптеген елдер басқа аумақтарынан жеткізуге тәуелді болып отырған жайы бар. Арасында өзге де маңызды факторлардың жағымсыз әсері болады. Мәселен, ядролық және отын энергетикасы адам өмір сүретін ортаға, жабайы табиғатқа өте зиянды. Бірақ ең бастысы – бұл геотермалдық энергияның артықшылықтары мен кемшіліктерін әрқашан да естен шығармау қажет.

Қорытынлай келе, біз үйіміздегі қарапайым тұрмыстық техниканы қолдану үшін қанша қаражат кететіндігі жайлы және қоршаған ортаға қаншалықты зиян екендігі туралы ойланып жатпаймыз.

Электрдің розеткаға түсуі үшін мұнай мен газды өндіру қажет, оларды электростанцияға жеткізу қажет, ауаны оттегімен жандырып, бу алу керек, оны бу турбинасы арқылы электрогенераторға өткізеді, трансформатор арқылы жоғарғы вольтті 220В дейін азайтып, тоқты сымдармен үйлерге бағыттайды, энергия есептегіші арқылы өткізіп, содан кейін ғана розетка мен ажыратқышқа алып келеді. Электрді берудің бұндай ұзақ жолында энергияның жартысы жоғалады. Бұл дегеніміз үлкен шығын.

Ал, геотермалды электр энергетикасы қоршаған ортаға қауіпсіз, экологиялық таза және оны алу жолдары қиын емес. Сонымен қатар, ЕХРО-2017 көрмесінің Қазақстан ұсынып отырған «Болашақ энергиясы» тақырыбы - қазіргі заманғы жаһандық маңызы зор, бүкіл әлемді толғандырып отырған мәселе - энергияны тұрақты пайдалану болып табылады.



Геотермалды электр энергиясын өз мақсатымыз үшін пайдаланудың болашағы зор. Ғалымдардың болжауынша 2050 жылға қарай геотермалды электр энергиясы адамзаттың электр энергиясына деген 20-25%-дай қажеттілігін өтей алады. Сол сияқты Халықаралық энергетикалық агенттіктің мәліметі бойынша 40 жылдан кейін геотермалды электр энергетикасы көмегімен атмосфераға көмірқышқыл газының түсуін жылына 6 млрд тоннаға дейін қысқартуға болады екен. Осындай тұжырымдар негізінде геотермалды жер асты су буынан өндірілетін энергияның адамзат үшін сарқылмайтын байлық екендігіне әбден көз жеткізуге болады деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Надиров Н. «Не НЕФТЬЮ единой ...». – Газета «Класс Time», №11, стр. 7. 11 апреля, 2012 год
2. Полупроводники в технике и науке. Т.1-2, Москва–Ленинград, 1957-58 гг.
3. Саммер В. Геотермальная энергетика в промышленности (пер. с англ.яз.). Москва–Ленинград, 1961
4. Берковский А.Г. и др. Геотермальные приборы. Москва, 1965
5. Ванке В.А., Лесков Л.В., Лукьянов А.В. Геотермальная энергетика. – Москва: Машиностроение, 1990
6. Mankins J.C. Fresh Look at Space Solar Power: New Architectures, Concept and Technologies. 1997
7. Большая энциклопедия знания «Эксмо». Москва, 2015г.
8. Альтернативные источники энергии и энергоснабжение. «Издательство». Москва, 2014г.
9. «Энергия көздері» В С Лаврус (1999ж)

БИОЛОГИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІ

Айгөжина А.

биология пәні мұғалімі

Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы мекені

Педагогикалық жүйе әр тарихи дәуірде елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Экономикасы дамыған елдердің білім беру жүйесінде реформа орташа есеппен алғанда әр он жыл сайын жүргізілетінін әлемдік тәжірибеден көруге болады. Бұл ретте қоғам дамуының барлық кезеңдерінде жаңа стратегиялар және педагогикалық жаңа технологияларды талап ететін білім алушылардың сапалы дайындығына назар аудару қажет.

Пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту ұстанымын қолдану шет тілін оқуға бөлінген уақыт мөлшерінің аздығынан және оны меңгеру деңгейіне қойылған талаптардың жоғарлауынан пайда болып отыр.

Бұл тәсіл бір мезетте екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге аударылуы мүмкін.

CLIL технологиялары шет тілін басқа пәндерді оқытуда оқудың қажетті құрал ретінде қарастырады. Яғни тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы жүргізіледі, демек CLIL шет тілі сабағы емес, шет тілінде өтетін пән сабағы. Сонымен бірге оқушылардың тілдік қарыс-қатынастағы қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағдай жасайды.

Кіріктіріп оқыту дегеніміз:

– біріншіден, сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды және тереңдетуді, олардың ғылымаралық байланысының түпнұсқасы, яғни түрлі пәндерді оқытуды қиыстырудан, олардың өзара терең байланысуына өтуді қарастыру болып табылады [1];

– екіншіден, жекелеген пәндер бойынша білімді біріктіретін, ұштастыратын жүйе, осының негізінде балалардың әлемді тұтастықта қабылдау қалыптасады;

– үшіншіден, оқушылардың ойлау қабілеттерін белсендендіруге, танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтарын, өз бетінше жұмыс істеуін дамытуға ықпал етеді, түрлі ғылым салаларына қатысты білімді қорытындылауға бағыттайды [2].



CLIL өз мәнінде Content and Language Integrated Learning білдіреді – бұл дегеніміз шет тілдің басқа оқу пәндерімен кіріктіріліп оқытылуын көздейді.

CLIL негізін төрт С құрайды:

- **CONTENT** (Мазмұн) – бұл пән саласындағы ілгері басатын білімдер, біліктер мен дағдылар;
- **COMMUNICATION** (Қатынас) – бұл оқытуда шет тілін пайдалану біліктері;
- **COGNITION** (Таным) – бұл жалпы түсінікті қалыптастыратын (нақты және абстрактілі)

танымдық және ойлау қабілеттерін дамыту;

- **CULTURE** (Мәдениет) – бұл өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде ұғыну, сонымен қатар балама мәдениеттерді қабылдау.

Төрт компонент жүзеге асырылатын CLIL табысты сабақ болады.

Әр сабақта тілдік дағдылардың барлық түрлері қолданылуы тиіс.

CLIL технологиясы бойынша оқытудың мақсаттары:

- 1) оқытылатын пән арқылы шет ел тілін зерделеу;
- 2) пәнді шет ел тілі арқылы зерделеу.

Мен 2016-2017 оқу жылында осы технология бойынша 9 айлық курстан өтіп, сертификаттарға ие болдым. Енді осы технология бойынша сабақтарымда өзімнің курста оқып-үйренген әдіс-тәсілдерімді қолданып жүрмін.

2018 жылдан бері 5-6 сыныптарға арналған «Өсімдіктер әлем дүниесі ағылшын тілінде» вариативтік курс бағдарламасын жүргізіп келемін. Ағылшын тілінде берілген оқу материалын оқушыларға жеңіл әрі тиімді меңгеру үшін оқу жоспарын «Биология» пәні оқу бағдарламасымен тығыз байланысты етіп жасадым. 5-6 сыныптарға аптасына 1 рет 34 сағаттық күнтізбелік жоспар бойынша жүргіземін.

Бастапқыда сабақты өзге тілде өту күрделі болды. Себебі, ағылшын тілін жетік білмедім. Бұл мәселе қазіргі кезде шешімін таба бастады, мектеп басшылығы тарапынан курстар мен семинарларға жіберді.

Төменде биология пәнін ағылшын тілінде CLIL технологиясы бойынша оқытудың әдіс-тәсілдерімен бөліссем деймін:

1. Жаңа сабақты үнемі видеолар, фотосуреттер, сұрақтар қою арқылы ашып отырамын. Жаңа сабақ туралы жалпы ақпарат беріп, сол тақырыптардың мәтіндерімен әртүрлі жұмыс жүргіземін. Яғни, топ мәтінді оқып, постер қорғайды немесе тақырып бойынша сұрақтар қойып бір-бірімен алмасады. Сонымен қатар жеке және жұппен орындалатын жұмыстар беріледі. Уақыттың бір бөлігінде оқушылардың жаңа мәтіннің және оның ана тіліндегі аудармасын таныстырамын. Бұдан әрі оқушылар жаңа мәтіндер алады және тұрақты немесе ауыспалы жұпта оларды аудару жұмысын жүргізеді. Әдетте жұптағы бір оқушы мәтінді оқиды және екінші оқушыны араластыра отырып әр сөзді аударды. Жұптың әр оқушысы жаңа сөзді және оның мағынасын өзінің жұмыс дәптеріне немесе сөздігіне жазып алады. Оқушылар жаңа сөздер мен сөйлемдерді сабақта ғана емес, сонымен бірге үй тапсырмасын дайындау процесі барысында да жаттайды.


2. Жаңа материалды жақсы меңгеру үшін, диктант жазылған текше карталар әзірлеймін. Өзара диктанттарды оқушылар қазақ тіліндегі сабақтардағы тәртіп бойынша жүргізеді.

3. Монологтік және диалогтік тілдесуді дамыту бойынша жаттығулар орындайды. Оқушылар диалогтік тілдесуге жаттығу бойынша сауалнама текше картасын толтырады, содан кейін берілген жағдаят немесе тақырып бойынша монологтік сөйлесуді (мазмұндауды) орындайды.

Оқушыларды ынталандыру мақсатында түрлі танымдық сайттардан видеолар көрсетіледі және аудиожазбалар қолданамыз. Оқушылар терминдерді есте сақтап қалу үшін түрлі активтерді қолданады. Атап айтсам, кесте, сызба, broken phone және Kahoot, Quizlet.

Тамыр тақырыбы бойынша оқушылардың орындаған жұмыстарының диаграммасы:

Жалпы оқушы саны	Сабаққа қатысқан	Сабаққа қатыспаған	Өз бетімен білу	Көмек қажет ететін оқушы
25	20	5	18	2



Бүгінгі таңда жалпы орта білімнің мақсаттары өзгеріп, жаңа оқу жоспарлары, жеке дара пәндер арқылы емес, кіріктірілген білім беру салалары арқылы мазмұнды көрсетудің жаңа көзқарастары әзірленіп отыр. Әрекетті тәсілге негізделген білім берудің жаңа тұжырымдамалары жасалуда. Бұл жағдайлар әдістеме аясында жаңа теориялық зерттеулер үшін негіз жасап, оқу үдерісін ұйымдастыруға жаңа көзқарастарды талап етеді.

Білім беруді жаңарту оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен формаларын пайдалануды, соның ішінде пайдалану нәтижесінде балалардың бойында дүниені біртұтас қабылдауы пайда болатын, көп айтылатын оқытудағы дәл әрекетті тәсілдің өзі қалыптасатын кіріктіріп оқытуды талап етеді.

CLIL сабақтарында тілдік біліктер мен пәндік білімдерді дамытудың маңызы бірдей болғандықтан, ондай сабақ көбіне **төрт сатылы сызбаға** негізделеді:

1. Мәтінді өңдеу. Мінсіз мәтінді оқу барысында оның визуалдылығын қамтамасыз ететін безендірулер болуы керек. Шет ел тіліндегі мәтінмен жұмыс жасауда, оқушыларға мәтінмен жұмысты айтарлықтай жеңілдететін, мәтінді құрылымдық белгілеу (қатарларды, азат жолдарын нөмірлеу, бөлімдерге, шағын тарауларға аталым беру) қажет.

2. Жете түсіну және алған білімдерді ұйымдастыру. Мәтіндер көбіне сызба түрінде беріледі, бұл оқушыларға мәтіннің идеясын, онда берілген ақпаратты анықтауға көмектеседі.

3. Мәтіннің тілдік ұғынуы. Оқушылардың мәтіннің идеясын өзінің сөзімен жеткізе алатынына үміт етіледі. Тапсырмалар оқушылардың дайындық деңгейіне, оқыту міндеттеріне, сонымен қатар оқушылар талғамына байланысты болуы керек.

4. Мәтіннің пәндік бағдарлануы, яғни ағылшын тіліндегі мәтіндер ҒЖЦ пәндерінің лексикалық материалдарынан құрылуы тиіс, тек сонда ғана пәндік және тілдік құзыреттіліктің дамуы пайда болады.

Сонымен қатар сабақтарда аудио және бейнематериалдарды пайдалануға болады. Мұғалім сабақты материалдың бір бөлігі аудиомәтін түрінде ұсынылатындай, ал оқытудың ізденіс әдістерін қолданумен материалдың диалог пен сұхбат арқылы келетіндей етіп жоспарлауына болады. Оған қоса, тыңдалым жазбаша тапсырмаларымен де үйлестіре алады (кестелерді толтыру, сызбаларды құру, өткізген жерлерін қалпына келтіру).

Биология пәнін ағылшын тілінде оқытудың мүмкіндіктері келесідей:

- Биология пәнін бейіндік пән ретінде таңдаған талапкерлердің көпшілігі медициналық оқу орнына барады. Кез – келген өркениетті мемлекеттегі аса маңызды қоғамдық саланың бірі – медицина саласы. Медицина саласында латын тілін білу шарт, себебі медициналық терминдердің басым көпшілігі латын тілінде. Осы ретте мектепте биология пәнінің ағылшынша оқытылуы болашақ мамандарға үлкен көмегін тигізеді. Бір ұтымдысы, биологиялық терминдер ағылшын және орыс тілінде де ұқсас келеді.

- Оқушылардың танымдық, креативтілік әлеуеті жетілуіне мүмкіндік ашылады.
- Халықаралық олимпиадалар, әлемдік деңгейдегі жарыстарға қатысуға мүмкіндік береді.
- Қазақстанның білім көрсеткішін әлемдік деңгейде көрсетуге
- Шет елде білім алуға ниетті оқушыларымызға үш тілді жетік меңгеру жеңілдіктер береді.
- Қазақстандағы білімді әрі білікті мамандар санының өсуіне оң әсерін тигізеді.



Қорыта айтқанда, білімнің кіріктірілуі білім беру мазмұнының икемді болуының және түрленуінің бір жолы болып табылады. Кіріктірілген оқытуды ұйымдастыруда оқушылардың жас ерекшеліктерін еске ала отырып, оларды тұлға ретінде дамытуға және олардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға тірек болатын түрлі білімнің тоғысуы арқылы әлемнің сан түрлі болмысын таныту мүмкіндігі пайда болады.

Мектептегі пәндердің кіріктіру үдерісін ұйымдастырудың басты формасы – кіріктірілген сабақ. Ал сабақтың мұндағы ерекшелігі – оны бір немесе екі, тіпті үш мұғалім жүргізуіне болатындығында. Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан алғанда, кіріктірілген сабақ шәкірттердің танымдық әрекетін белсендіруге ықпал етеді, ынталандырады, оқу пәнін жемісті меңгеруінің шарты болып табылады және оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырады.

Кіріктірілген сабақты өткізуде, барлық сабақты өткізу сияқты, оқыту әдістемесі маңызды орын алады. Бүгінгі күні CLIL пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту білім беру әдістемесінің ең жемістісі болып саналады. Бұл әдіс екі пәнді, оның бірі шет тілін, кіріктіре оқытуға мүмкіндік береді. Ерекше, осы пәнге тән терминдерді, белгілі бір тілдік құрылымдарды, оқып-біледі, пәндік терминология арқылы оқушының сөздік қоры да байып, дамиды.

Осы айтылғандар тұрғысынан алғанда, оқу-әдістемелік құралда пәндік-тілдік кіріктіре оқытылатын жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша (оқыту тілі мен ағылшын тілдерінде) терминдердің қысқаша сөздігі енгізілген, информатика, физика, химия, биология және жаратылыстану пәндері бойынша үлгілік сабақ жоспарлары ұсынылған.

Кіріктіре оқыту барысында ойлаудың жаңа деңгейі яғни кең арналы, кіріктірілген ойлау қалыптасады. Мұндай ойлауда бір пән арқылы ғана қалыптасатын ойлаудың тар шеңберінен тысқары шығатын, пәнаралық байланыс аясын кеңейтетін, оқу материалдарын қайталаудан сақтайтын деңгей пайда болады.

Соның барысында оқушылардың ойлау әрекеті белсендіріліп, алатын ақпараттың аясы кеңі түседі, сөйтіп, оқушының оқып, білім алсам деген мотивациясы тереңдей түседі. Кіріктіре оқыту, түптеп келгенде, білім беру үдерісіндегі оқушы мен мұғалімнің өзара дидактикалық қатынасында жаңа психологиялық жайлы қатынас қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016 жыл. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген.

2. «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бірлескен бұйрығымен бекітілген.

3. Холодная М. А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. - Томск: изд-во Томского ун-та. М.: изд-во «Барс».1995.-250 с.

МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СПОРТ

Көпбергенова А.

6 А сынып оқушысы

Жетекшісі: математика пәнінің мұғалімі

Кулмагамбетова К.Е.

№5 ЖББОМ

Қарағанды қаласы

Мен бала кезімнен спортпен шұғылданамын. Барлық бос уақытымды спорт алаңдарында өткіземін: жазда футбол ойнаймын. Қыста – шаңғы тебемін. Сабақтан тыс уақытта спорт үйірмелеріне барып баскетболдың, волейболдың, жүзудің әдіс – тәсілдерін үйренемін.



Бірақ менің ең негізгі еңбегім - сабақ оқу. Мектептегі пәндердің ішінде маған математикамен шұғылданған қатты ұнайды. Маған ұстазым ғылыми жобаға қатысуға ұсыныс білдіргенде мен ойладым: Осы математика мен спорттың арасында байланыс бар ма екен?, содан осы тақырыпты таңдап алдым. Себебі математиканың спортта қаншалықты маңызды екенін талдап, түсінгім келді. Қазіргі уақытта заманауи электронды құрылғылардың телефон, компьютердің «арқасында» көп жолдастарым спортпен шұғылданбақ түгілі көшеге шығудан қалды. Үнемі үйде интернетте бос уақыттарын өткізгенді қалайды. Сондықтан бұл тақырыпты өзекті деп білемін. Ал бұл құралдарды басқарып отыру үшін математиканы айналып өту мүмкін емес. Жоғарыдағы қарастырылған мәліметтерді қарай отырып мен өзіме «математика мен спорттың өзара байланысын анықтау» деген мақсат қойдым.

Осы қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді орындау керек. **Зерттеу жұмысының мақсаты**

Математиканың спорт саласымен байланысының маңыздылығын анықтау, яғни өмірдің өзі математикасыз, есепсіз болмайтыны туралы, оны қалай оқып білу керектігі мен математиканың адам өміріне қаншалықты қажет екенін дәлелдейтін мәліметтер іздестіру, математиканы спортта да қолдана білуге үйрету

Міндеттер:

Математика мен спорттың өзара байланысы туралы әдебиеттермен танысу.

Спорттың әр түрінде математиканы қолданылуына мысалдар келтіру.

Жинақтаған ақпараттарды көрнекі құралдардың көмегімен беру, түсіндіру

Бұл проблеманы шешу үшін мен келесі болжамды ұсынамын:

Қандай да бір спорт түрінен жоғары көрсеткішке жету үшін математикалық білімді дұрыс қолдану керек.

Жұмыс барысында келесі зерттеу әдістерін қолдандым:

- ✓ әдебиеттерді оқу
- ✓ сұрақтың шешімін табу үшін интернет - ресурстар қолдану.
- ✓ Жинақтау - талдау;
- ✓ Сауалнама жүргізу;
- ✓ Жинақталған материалды жалпылау, қорыту;
- ✓ Зерттеу жұмысын қорғау.

Зерттеу объектісі: математика.

Зерттеу пәні: математика жән спорт.

Зерттеу жұмысы өткен оқу жылының сәуір – мамыр айларында басталды.

Бірінші кезеңде баспасөз беттерінен және интернет - ресурстарынан материалдар жинақтап, пән мұғалімдерімен, үйірме тренерлерімен әңгіме өткіздім. Содан кейін өзімді қызықтырып қатысып жүрген спорт түрлерін таңдадым.

I. Ғылыми әдебиеттерге шолу

Математика және спорт, олардың арасында байланыс барма?

Спортпен үнемі айналысқан адамның дені сау, көңіл-күйі көтеріңкі болады және денсаулығын, ақыл – ойы қызметін, психикасын жақсартады, ерік - жігерін шыңдайды.

Спорт пен өнерді, ғылымды бір-бірінен бөле-жара қарайтындар бар. Әсіресе, мұндай екі саланың бір адамның бойында тамаша үйлесім таба алатындығына күмән келтіретіндер көп. Бірақ әлем әдебиетінің тарихына, ғылым саласына көз жүгірте келе классик жазушылардың арасында салауатты өмір салтын ұстанып қана қоймай, спортпен кәсіби түрде шұғылданатындардың аз еместігіне куә болдым.

Дәлел ретінде Ұлы жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов те спорттан құр алақан емес. Мұханның спорт болғанда да сол кезеңде қазақ жастарына таңсық спорт түрі – футболға әуестігі артыпты. Абай тоғызқұмалақ ойынын жақсы көрген және шебер ойыншылардың бірі болған. Ал Нильс Бор өте жақсы шаңғышы болған. Альберт Эйнштейн яхта жүргізумен әуестенген екен.

Математикалық есептеулер, әдіс - тәсілдер спорт әлемінде кеңінен қолданылған. Біз барлық жерде спорттың барлық түрінде натурал сандарды қолданатынын көріп жүрміз. Барлық жарыстар уақытқа есептеледі. Ұпайсыз ойында болуы мүмкін емес.



Енді бірнеше мысалдарды қарастырайық:

Жылдамдыққа арналған жарыстар түрінде (жүгіру, жүзу, автожарыстар) нәтижелер сағатпен, минутпен, секундпен есептеледі. Ал бұған әрине цифрлар қолданылады. Нәтижелердің айырмасын табу үшін арифметикалық амалдар қолданылады. Спорттық ойындарда (футбол, баскетбол, теннис, т.б.) ойын нәтижелері ұпайлармен есептеледі. Ұпайларда цифрдан тұрады. Ұпайлар арасындағы айырмашылықты білу үшін де математикалық есептеулер жүргізіледі. Ал спорттың гимнастика, мәнерлеп сырғанау, суға секіру түрлерінде

нәтижелер балл түрінде есептеледі. Кім көп балл жинағанын, әрине математика есептейді.

Мен футболда, баскетболда математика қалай қолданылатынын қарастырып көрдім.


II Зерттеу бөлімі

Математика футболда қалай қолданылады.

Футбол — спорттық ойын түрі, ол әлемге аса танымал ойындардың бірі. Ойын ұзындығы 100 — 110 м, ені 64 — 75 м алаңда өткізіледі. Биікт. 2 м 44 см, аралығы 7 м 32 см қақпасы бар. Қақпаның сыртына тор керіледі. Ойынға әрқайсысында 11 ойыншыдан екі команда қатысады. Олар қақпашы, қорғаушылар, жартылай қорғаушылар, шабуылшылар болып бөлінеді. Ойын 15 мин үзілісі бар, 45 мин-тан екі кезеңде өтеді. Өз айып алаңында қақпашыдан басқа ойыншы допты қолымен ұстауға болмайды.

Футбол добының салмағы

396 — 453 г, шеңбері 68 — 71 см.



Математика мен геометрия баскетболда қалай қолданылады.




Ойын алаңының геометриясы: Егер ойыншы ойын алаңының барлық өлшемін жақсы білсе жақсы нәтиже көрсете алады. Сақиналы торқалта диаметрі 46 см, екі тор қалтаның арақашықтығы 28/25 метр, доптың диаметрі 24 см, алаңның ені 15 м және «3 ұпайлы сызықтан» торқалтаға дейінгі қашықтық 5,8 метр.

Допты лақтырудың мәні:

Допты себетке лақтырғанда 3 факторды сақтау керек. Қолдың орналасуы, бұрышы, серпіділігі. Қолды қабырғаға тік бұрыш жасайтындай етіп жоғары көтеру керек. Егер айып алаңының ішіне допты әдеттегідей лақтырсаңыз, онда бұрышты сүйір етіп аласыз. Егер алдыңызда қорғаушы қарама – қарсы шықса онда допты биік, әрі бұрышқа 45 градус шамасында тұрып лақтырса, доп себетке жұмсақ әрі жақсы түседі. Доп түзу сызық бойымен кету үшін алақанды бетке жақындатып, мейілінше қолды созса, лақтырғанда күш көбейеді.

Допты еденге соғу. Доп сфера тәріздес. Егер доп нашар үрленсе



немесе толық қатты үрленіп кетсе, оны еденге соққанда жақсы секірмейді.

Ойында қорғану әдістерінің ең негізгісі – ұшып келе жатқан допқа таласа білу және допты алып келе жатып қорғана білу. Ұшып келе жатқан допқа таласу бір орында тұрып ойыншы қандай биіктікке секіре алатынына да байланысты. Қорғанудың екінші әдісі – торға лақтырылған допқа таласа білу. Ойын ережесін тез меңгеру үшін қосымша жаттығулар жасау керек.

Әрбір допты лақтырғанда қисық сызық парабола пайда болады. Допты лақтыру кезінде парабола неғұрлым жоғары болса, доп торға жақсы және таза түседі.

Допты талдап лақтырғандағы геометрия. Допты лақтырғанда доп бір жақ жанына қарай тисе онда аумақтың басқа жағына қарай жерге түседі. Айып добын соққан кезде доптың қай жағына қарай ығысып соғылғанын байқап тұру керек. Соған қарай әрекет жасалады.

Футбол мен баскетболда және спорттың басқа түрлерінде математиканың қалай қолданылатынын зерттеу барысында спорт тақырыбындағы есептерді құрастырып шешіп көрдім.

Мысалы:

1 – есеп. Саппорода өткен Азиада-2017 ойынында қазақстандық трамплиннен секіруші Сергей Ткаченконың тынық ауадағы жылдамдығы 90 км/сағ, ұшу уақыты 40 с, желдің жылдамдығы 3,5 м/с болса, спортшының секіру ұзындығы қанша болады?

Шешуі: 1 км = 1000 м.

1 сағ = 60 минут = 3600 сек.

$90 \text{ км/сағ} = 90000/3600 = 25 \text{ м/сек.}$

$90 \text{ км/сағ} = 25 \text{ м/сек.}$

$S = (25 - 3.5) \cdot 40 =$

Жауабы: 1140м

№2 есеп:

Футбол добы алтыбұрышты ақ түсті және бесбұрышты қара түсті 32 тілімнен тігіледі. Әрбір қара түсті тілім тек ақ түсті тілімдермен, ал ақ түсті тілім – үш қара түсті және үш ақ түсті тілімдермен шектеседі. Допта қанша ақ түсті тілім бар?

Шешімі: Ізделініп тұрған ақ түсті тілім санын – x деп белгілейміз. Қара түсті тіліммен нешеуі шектеліп тұрғанын санаймыз. Әрбір ақ түсті тілімдер 3 қара тіліммен шектелетіндіктен, ол – $3x$ – ке тең. Ал әрбір қара түсті тілім 5 ақ тіліммен шектеледі. Оның саны $5(32 - x)$.


Теңдеу құрамыз:

$3x = 5(32 - x),$

$8x = 160,$

$x = 20$

Жауабы: 20 ақ түсті тілім.





3- есеп:

Зайсан қаласындағы орталық стадионның футбол алаңының ұзындығы 180 м, ені 90 м. Егер футболшының қадамының ұзындығы 60 см, 1 секундта 2 қадам жасаса, алаңды айналып шығу үшін футболшыға қанша уақыт керек болады?

Шешімі: Футболшы алаңның айналасымен жүгіретін болса, онда яғни оның жүрген жолы футбол алаңының (тік төртбұрыш) периметріне тең: $P=2 \cdot (180+90)=540$ м.

Футболшы 1 с-та 2 қадам жасайтындықтан, $0,6 \cdot 2=1,2$ м жүгіреді. Яғни $540:1,2=450$ с. $450:6=7.5$ минут.

Жауабы: 7.5 минут

4- есеп:

Екі бала баскетбол торына доп салды. Біріншісі 20 доп лақтырса, оның 13 торға түсті. Ал екіншісі 26 доп лақтырып еді, оның 15 –і торға түсті.

Екі баланың әрқайсысының лақтырған доптарының қанша бөлігі торға түскенін анықта және қайсысының нәтижесі жоғары.

1 бала үшін: 20-100%

13- х ?

онда $13 \cdot 100 / 20 = 65\%$ түскені

2 бала үшін: 26-100%

15-?

$15 \cdot 100 / 26 = 58\%$, яғни 1 бала жақсы түсіреді.

5- есеп:

Жаттығу кезінде баскетболист Марат 3- ұпайлы лақтыруды «Nike» фирмасының добымен лақтырғанда 0,9 ықтималдықпен дәл түсті. Егер Марат 3-ұпайлы лақтыруды «Adidas» фирмасының добымен лақтырса, ол 0,7 ықтималдықпен дәл түседі. Себетте 10 доп бар. Оның 6-уы «Nike» фирмасының және 4-уі «Adidas» фирмасының. Марат себеттен таңдамай допты алып, 3 ұпайлы лақтыру жасайды. Мараттың добының дәл түсетін ықтималдығын тап.

Шешімі: Ықтималдық тең: $P=6/10 \cdot 0.9 + 4/10 \cdot 0.7 = 0.82$.

Ответ 0.82.

Зерттеу жұмысымды жүргізу барысында мен спорттың математикасыз болмайтынына көзімді жеткіздім. Математика спортта тек ұпайларды санау үшін ғана қолданылмайды екен. Қазіргі заманға спортта математикалық сараптаушы – аппараттар шығуда. Графиктерді өңдейді. Математикалық мәліметтер базасын өңдейді. Олай болса, спорт үшін математика ең керекті пән болып табылады.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында мен төмендегідей қорытындыға келдім:

- Спорттың кез келген түрі математиканы айналып өте алмайды.
- Математиканы спортта тиімді қолдану жоғары нәтижелерге жетуге жол ашады.
- Біздің болжамымыз нақтыланды: Спорттың кез келген түрінде математикалық білімді дұрыс қолданса, жоғары нәтижелерге жетуге болады екен.

Әдебиеттер:

1. Математика и спорт, Садовский Л.Е., Садовский А.Л., М. «Наука», 1985.
2. <http://www.kakprosto.ru/kak-243697-chto-takoe-voleybol#ixzz43cxfVLAd>
3. <http://mirsovetov.ru/a/sorts/sports-ware/choose-skis.html>
4. ru.wikipedia.org
5. http://index.php/biblioteka/matematika/1921-matematika_i_sport 12.



ХИМИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫНША ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Мыкышева Ж.К.

Қарағанды облысы, Шет ауданы
Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия
базасындағы тірек мектебінің химия пәні мұғалімі

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді.

«Елу жылда ел жаңа...» демекші, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері әлемнің көптеген дамыған елдерімен мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағынан байланыс жасап келеді. Бұл қатынастардың оң нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтастығы, өзара түсіністігі, яғни тіл білуінен.

Қазіргі жаһандану, техникаландыру заманында, яғни әлемнің ғылымындағы, өнеріндегі және технологияларындағы дамуды оқушылар басқа тілді меңгеру барысында біле отырып, өз тілінде сол дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл оқушыларға шет тілін оқытумен салыстырғанда көптеген жаңа бағыттар береді, себебі, мұнда оқушы тілмен қатар пәнді қоса меңгереді. Мұнда оқу мен ойлау дағдылары біріктірілген. Нақты пәндерді шетел тілінде қалай оқыту әдістемелік мәселелері бойынша шетелдік зерттеушілер CLIL әдісін ұсынып, қазіргі уақытта пән мұғалімдері талқылап, сабақтарында үйлестіріп жатыр. Алайда, аталмыш әдіс жаңа деп атауға келмес, себебі, пәндік байланыс, бір сабақтың көлемінде әралуан пәндік мазмұндағы білім, өмірмен байланыс шетел тілі сабақтарында қолданады. Бүгінгі таңда үш тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Менің өз курсым бойынша атап өтсем: «Chemistry in english» тақырыбындағы факультативтік курс бағдарламасы

Курстың мақсаты: оқушылардың ағылшын тілі пәні бойынша білімдерін тереңдету арқылы бейорганикалық химия бөлімі бойынша алған білімдерін, негізгі ұғымдар мен терминдерді, химиялық тілін ағылшын тілінде меңгерту үшін сөздік қорларын молайтып, тілдік орта қалыптастыру. Химиялық тұрғыда ойлай алатын, функционалды сауатты және көптілді, кретивті, шығармашыл оқушы тұлғасын дамыту болып табылады. **Курстың міндеттері:**

1) бейорганикалық заттардың құрамы, құрылысы, қасиеттері мен қолдану арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды анықтау;

2) химиялық терминологияны, химиялық заттардың формулаларын сауатты түрде пайдалану білігін қалыптастыру;

4) заттарды танудың химиялық әдістерін меңгеру;

5) алған химиялық теориялық білімдердің жиынтығын есептер шығару кезінде пайдалана білу дағдысын дамыту;

6) химиялық сипаттағы негізгі ұғымдар мен терминдерді ағылшын тілінде білуге үйрету;

7) көпұлтты қоғамға сай кіріктірілген білім, құндылық пен қарым-қатынас жүйесін дамыту;

8) өмірлік және экологиялық мәселелерді шешуде алған білімді пайдаланудың функционалдық қабілеттіліктерін арттыру;

9 негізгі мектепті бітірушінің ары қарай оқу бағытын таңдау дайындығы мен өз білімін жетілдіруге деген құлшынысын дамыту.

Күтілетін нәтиже: оқушылардың бейорганикалық қосылыстардың құрамы, құрылысы, қасиеттері жайында теориялық білімді игеріп, өмірлік мәселелерді шешуде сауатты қолданады; заттардың химиялық формулалары және реакция теңдеулері негізінде сандық және сапалық есептер шығарады; бейорганикалық химиядан негізгі ұғымдар мен терминдерді ағылшын тілінде біледі; ағылшын-қазақ тіліндегі мәтіндермен, сөздіктермен дербес жұмыс жасай алады; оқушы бойында танымдық қызығушылығы мен интеллектуалдық қабілеттіліктері дамиды;

Сандық есептер (экологиялық мазмұндағы):



реакция теңдеуі бойынша қоспаның құрамындағы заттың массалық үлесі белгілі болған жағдайда заттың (реагенттің немесе өнімінің) массасын анықтауға есептер шығарамыз.

ерітінділердегі және қоспалардағы әрекеттесуші заттардың біреуі артық алынғандағы реакция теңдеуі бойынша есептеулер болады.

Кейбір сөздердің терминдерін жиі қолданылады. Металдар, сілтілік жер, лантаноидтар, актиноидтар, металдық қасиет, металдық байланыс, металдық жылтыр, кальций, кальций карбонаты, минералдар, кальций гидридi, кальций хлоридi, кальций оксидi, кальций нитридi, кальций карбидi, сөндірілмеген әк, судың кермектігі, уақытша кермектік, тұрақты кермектік, жалпы кермектік, алюминий Бағдарламаның кейбір тақырыптарына тоқталсам қосымшада (1) Биылғы оқу жылында жаратылыстану бағытындағы пәндерімізде ағылшын тілінде сабақтар өтуде.

Қорытындылай келе, CLIL әдісінің мазмұны мен құрылымы ғылыми-педагогикалық зерттеулерді қажет етеді. Себебі, отандық білім беру жүйесінде бұл әдіс инновациялық, жаңа бағыт әрі көптілді білім беру жүйесінің моделін толықтырылып, үйлестіреді. Осылай үш тұғырлы тілімді дамытып, жетелей берсек ұядан ұшқан балапандарымыз биікке самғайтын қыран боларына кәміл сенемін.

Қосымша1

9-сыныпқа «Chemistry in english»

тақырыбындағы факультативтік курстың
тақырыптық-күнтізбелік жоспары

№	Сабақ №	Сабақтың тақырыбы The theme of the lesson	Сағат Саны Number of house	Мерзімі Date	Үйге тапсырма Homework
		8 сыныптағы химия пәнінің негізгі тақырыптарын қайталау Review the main themes of 8 grade chemistry program	3		
1	1	Химияның бастапқы түсініктері мен заңдары .Химиялық элементтердің Д.И. Менделеев жасаған периодтық жүйесін және периодтық заңын атом құрылысы тұрғысынан қайталау. Байланыс түрлері.Introduction to periodic table of chemical elements by D.I .Mendeleev . Chemical signs and formulas . Relative atomic and molecular masses . The concept of simple and complex substances.	1		
2	2	Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары және олардың арасындағы арасындағы генетикалық байланысқа сандық есептер шығару.The main classes of inorganic connections and doing the tasks on their genetic link.	1		
3	3	Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары бойынша тест жұмысы. Test on the main classes of inorganic connections	1		
I тарау		Электролиттік диссоциациялану теориясы. Тұздар гидролизі Theory of electrolytic dissociation. the salt hydrolysis	5		
1	4	Электролиттер және бейэлектролиттер. Электролиттік диссоциация. Табиғаттағы және тұрмыстағы күшті және әлсіз электролиттер. Электролиттік диссоциациялану дәрежесі. Electrolytes and non-electrolytes. Electrolytic dissociation. Strong and weak electrolytes in nature and in every day life . The degree of electrolytic dissosiation .	1		
2	5	Сулы ертіндідегі қышқылдардың, негіздердің және тұздардың электролиттік диссоциациялануы.Көпнегізді қышқылдардың,	1		



		қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы. The electrolytic dissosiation of acids , bases and salts in water. Multibased acids , salts and acid - base dissociation .			
3	6	Ион алмасу реакциясы, жүру жағдайлары. The changing reaction of ions and their travel conditions.	1		
4	7	Тұздар гидролизі.Биосферада тұздар гидролизінің маңызы. pH туралы түсінік, ағзадағы қышқылдық-сілтілік орта. Hydrolysis of salts . The importance of Hydrolyzed salts in the biosphere . Conseption about the pH of the acid- alkaline environment in the body.	1		
5	8	Сандық есептер. «Әрекеттесуші заттардың біреуі артық алынғанда реакция теңдеуі бойынша есептеулер». Doing sums . " The calculations when one of the reactions is excess "	1		

Әдебиеттер:

1. . Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты
2. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №2(44), 2010
3. Ғабжәлелов Х. // Тасжарған, №18. 2008
4. Бриджет Гудман Лекция №11 Ағылшын курсыннан, 2017жылы

**МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ
ШЕШУ**

Алданазарова Ә.Ғ.

математика пәнінің мұғалімі

Қызылорда облысы, Е.С.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицей

Білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс – тәсілдерін қолдана отырып, терең, білімді, ізденімпаз, барлық іс – әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұсынып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың танымдылық белсенділігін арттырып, шығармашылық әрекетінің дамуына жол ашуы қажет. Қазіргі жаңа оқыту технологияларының алдына қойған мақсаты бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның жеке тұлғасын білім арқылы дамыту.

Баланың жеке тұлға ретінде дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой – өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасында басталады. Сондықтан да жаңартылған білім беру процесі жеке тұлғаға бағдарланған оқыту принциптеріне негізделіп, баланың жеке ерекшеліктеріне қарай қоғамды өзгерістерге бейім даму мүмкіндігін айқындауды қарастырады. Жеке тұлға – бұл адамның психологиялық, рухани мәні, ол әр түрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән. Жеке тұлғаның өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздығы.

Оқуға деген қабілетінің артуы.

Берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді игеру жолдарын түсіне білу ниеті.

Басқа оқушылардың түсіндірмелеріне сын көзбен қарау.

Өз ойының дербестігі.

Жеке тұлғаның өз бетінше кітаппен жұмыс істеу, бақылау, жаттығу, эксперимент жүзінде іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру.

Қазіргі кезде экономиканың бір саласында жаңалық енгіземіз, технологиямызды жаңартамыз десек, көп жағдайда тиісті өндірістің ерекшеліктерін зерттеп, сараптап, ақпараттық құрылымын жасауымыз керек. Көп жағдайда бұл мәселелер математикалық негіздеуді талап етеді. Мысалы, біз алгебра сабағында арифметикалық прогрессияны өтіп, есептер шығаруға дағдыланамыз. Бірақ біздің



алдымызда компьютер немесе планшет болса, осы арифметикалық прогрессияның мүшелерін тез, әрі оңай шығаруға болады.

Арифметикалық прогрессияны Excel бағдарламалық жүйесі арқылы есептеу

«Орта мектеп оқушыларының компьютерлік сауаттылықтарын арттыру мақсатында ЭЕМ кеңінен ендіруді қамтамасыз ету шаралары» жөніндегі қаулыдан басталынған компьютерлендіру үрдісі ағарту қызметкерлеріне жаңаша талап қойып отыр. Орта мектепте компьютерлендіру екі үлкен мәселені қамтиды:

1. Информатика пәнін оқыту.
2. Басқа сабақтарда компьютерді көрнекі құрал ретінде пайдалану.

Математиканы оқытуда есептегіш техникасын пайдалану оқушыларды ынталандырып, олардың бойындағы қабілеттерінің дамып, көрінуіне және пәнге, жаңа техникаға деген қызығушылығын арттырады.

1. Excel бағдарламасын ашу. Ол үшін Пуск – Программы – Microsoft Office – Microsoft Excel командаларын таңдау керек.

2. Excel терезесінің кез келген ұяшығына x мәнін береміз (мысалы A1 ұяшығына).

	A	B	C	D	E
1	x				
2					
3					

3. B1 ұяшығына арифметикалық прогрессияның формуласын енгіземіз:

	A	B	C	D
1	x	=5*A1+9		
2				
3				

4. x -ке мән береміз:

	A	B	C	D	E	F	G	H
1	1	#ЗНАЧ!						
2	2							
3	3							
4	4							
5	5							
6	6							
7	7							
8	8							
9	9							
10	10							
11	11							
12	12							
13	13							
14								
15								

5. Берілген мәндері бойынша бағдарлама бізге прогрессияның мүшелерін тауып берді.



Microsoft Excel - Книга1

Файл Правка Вставка Формат Сервис Данные Справка

Англ. Сл. 10 Ж. М. У. 0% 000 200%

B1 =5*A1+9

	A	B	C	D	E	F
1	x	#ЗНАЧ!				
2	1	14				
3	2	19				
4	3	24				
5	4	29				
6	5	34				
7	6	39				
8	7	44				
9	8	49				
10	9	54				
11	10	59				
12	11	64				
13	12	69				
14						

Мектептің алгебра курсына оқушылар тізбек ұғымымен, тізбектердің берілу тәсілдерімен танысады, бірақ алгебра оқулықтарында айнала қоршаған өмірден, сабақтас пәндерден нақтылы мысалдар келтірілмегендіктен, сөйтіп пәнаралық байланыстардың іске асырылмағандығын ескере отырып, аталған ұғымға оқушыларды бірте –бірте нақты мысалдар келтірген жөн екендігін ерекше атап кету керек .

Математикадан есептерді GEOGEBRA бағдарламасы арқылы есептеу

Геогейбра – Тегін таратылатын математикалық интерактивті бағдарлама (www.geogebra.org) геометрия және алгебраны байланыстыратын компьютерлік интерактивті бағдарлама. Қазіргі таңда әлем бойынша ең көп таралған математикалық бағдарлама ретінде танылып отыр. 149 елде қолданылып жатыр, 49 тілге аударылған. Авторы – австриялық математик, Маркус Хохенвартер. 2009 бұл бағдарлама үшін арнайы байқаудың жеңімпазы атанды.

Енді математикалық есептерді Геогейбра бағдарламасы арқылы қалай шығару керек? Осы сұраққа бір мысал келтіру арқылы жауап берейік. Синус функциясының туындысының геометриялық мағынасы мен оның туындысының косинус екенін графикалық түрде көрсетуге болады.

	1) GeoГейбраны ашыңыз
Кіріс: $y=\sin(x)$	2) Кіріс алаңында $y=\sin(x)$ деп теріңіз
	3) Жаңа нүкте құралын таңдап, синус графигінің бойында бір нүкте белгілеңіз. Ол автоматты түрде А деп аталады.
	4) Жылжыту құралын таңдап, А нүктесін жылжытып көріңіз. Бұл нүкте тек қана синус графигінің бойымен жылжуы тиіс.
	5) Жаңама құралын таңдап, А нүктесі арқылы өтетін синус функциясына жаңама өткізіңіз. Ол үшін тиісті құралды таңдағаннан кейін, алдымен А нүктесін, кейін синус графигін шертіңіз.
	6) Бұрыштық коэффициент құралын таңдап, А нүктесін бір рет шертіңіз.
	7) Жылжыту құралын таңдап, А нүктесін жылжытып көріңіз.
Кіріс: $B=(x(A),m)$	8) Кіріс алаңында $B=(x(A),m)$ деген жаңа нүкте салыңыз. Бұл жердегі нүктенің у координатасы А нүктесі арқылы өткен жанаманың бұрыштық коэффициенті болып табылады.
	9) Тінтуірдің оң батырмасымен В нүктесін шертіп, Із бар таңдаңыз.
	10) А нүктесін жылжытып көріңіз. А нүктесі орнын өзгерткен сайын, В нүктесі де өзгереді, артынан із қалдырады. Бұл синус функциясының туындысы болатын косинус функциясы.
Білген жөн	Егер координаталар осьтеріндегі абсиссаның бірлігін Π деп өзгерткіңіз келсе, абсиссаны тінтуірдің оң батырмасымен шертіп, Графиктер-хОсі-Бірлік, Π таңбасын таңдаңыз.
Тапсырма	Осындай әдіспен $y=\cos(x)$ пен $y=\tan(x)$ туындыларын өрнектеңіз.



Бұған дейін мектепте геометрия мен алгебра пәндерін көбіне есеп-қисаппен түсіндіріп, оның айналамыздағы өмірмен байланыстыру жағы ақсап жататын. Бұл жоба интернет көмегімен ғылымды меңгергісі келгендерге таптырмас құрал болып отыр. Сонымен қатар мұндай бағдарламалар арқылы есептер шығару, график салу уақытты үнемді пайдалануға болады.

Енді құзырлы оқу орындары тарапынан да қолдауға ие болып, аталған бағдарламаны оқушылар арасында кеңірек насихаттау жұмысы қарқын алса деген тілек бар.

Сондықтан қорыта айтқанда математика пәнінен өткізілетін мұндай сабақтары оқушылардың белсенділігін арттырып, өтілген материалдарды толық меңгеруге көмектеседі. Олай болса, ойлау қабілетін ұштайтын осындай бағдарламалардың оқушыларға берері мол.

Әдебиеттер:

1. «Математика» журналы. Математика мен информатиканың пәнаралық байланыстары. №3(4) 2018 ж
2. <http://www.geogebra.org>
3. Microsoft Excell бағдарламасымен жұмыс.
4. Мейірханова Н.А. Жаңа технология элементтерін оқыту үрдісінде пайдалану – мұғалімнің пәндік құзыреттілігінің басты шарты. 2017 ж
5. Интернет материалдары

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ТАҢДАУ КУРСЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Муқанова М.У.

информатика пәнінің мұғалімі,
«Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ-нің
«№16 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Сәтбаев қаласы

Қазіргі таңда «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы» аясында мен де ағылшын тілінің B1 деңгейі бойынша өндірістен қол үзбей курсты оқып, сертификатталдым. 2018-2019 оқу жылынан бастап «Информатика ағылшын тілінде» таңдау курсы қала бойынша мектептердің сұранысымен 8 сыныпқа енгізілді.


Информатикада стандартты оқу бағдарламаларын оқытуға қажет компьютерге орнататын көптеген бағдарламалар ағылшын тілінде. Сондықтан бұл пәнді үштілде өткізу оқушыларға қызықты, әрі тиімдірек. Шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, өмірде болып жатқан құбылыстарды ағылшын тілінде жеткізе білуге дағдылануға үлкен мүмкіндік туғызады. Оқушылардан алынған сауалнаманың нәтижесінде биыл «Информатика ағылшын тілінде» таңдау курсы жалғасын табады.

Сауалнама

1. Қандай таңдау курстарына қатысқыңыз келеді?

- а) жасуша құпиясы
- ә) заманауи микробиология
- б) информатика ағылшын тілінде деген


сауалнамада 9 сынып оқушыларының 75%
«Информатика ағылшын тілінде» таңдау курсын
таңдады.



Қазіргі таңда оқушыларды «Informatics 8 Textbook», «Informatics 9 Textbook» қостілді оқу құралдарымен оқытудамыз. «Информатика пәніне 8 сыныпқа арналған үштілде терминология» сөздігі мен «Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік құрал» құрастырып, жасадым. Сөздікте терминдер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде анықтама түрінде жасалған. Қарастырылған тақырыптар жаңартылған білім беру мазмұны аясында әзірленген оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылды. Оқушылар бұл таңдау курсында үнемі белсенділік көрсетіп, қызығушылық танытты.



Құрастырылған терминологиялық сөздіктер облыстық, қалалық форумның көрмесіне қойылды. Сонымен қатар оқушылар арасында үштілде сайыс өткіздім.



Әр сабақ сайын оқушылар бір біріне жылы лебіздерін үш тілде тілек айтудан бастайды. «Пожелание по кругу» "Wishing in a circle» «Көршіне тілек тіле»

Сыныпты топқа бөлуде «Деление на группы – Division into groups - Топқа бөлу» бұл әдіс оқушылардың ынтымақтастық ахуалын жақсартады.

Мысалы: енгізу құрылғылары: пернетақта-клавиатура-keyboard, тышқан-мышь- mouse 1-топ, шығару құрылғылары: дыбыс шығарғыш – колонка- column -2 топ. Оқушылар аудармасын табу арқылы топқа бөлінеді.


«Повтори» - Warm-Up «Repeat» - «Қайталау» сергіту сәті

Бит – бит – bit

Байт – байт – byte


Двоичная – екілік – binary

Десятичная – ондық – decimal



Бірінші оқушы үш тілде бірінші сөзді айтады, екінші оқушы сол сөзді қайталап екінші сөзді қосады үш тілде, үшінші оқушы екі сөзді және үшінші сөзді үш тілде айтып. Осылай жалғаса береді.

Үштілділік оқытуда интернет ресурстарын пайдалана отырып оқушылар үш тілде жаттығулар орындау, бағдарлама құру, сәйкестіктерді белгілеу, сөйлемдерді толықтыру, кесте құру, сөзжұмбақ, ребус шешу т.б. тапсырмалармен жұмыс жасау арқылы есте қалдырудың тек механикалық жаттанды түрінен оқушының саналы есте сақтауына қарай жүру логикасы қалыптасады. Интернет ресурсындағы тапсырмалар материалдар түрлі сыныптар, пәндер және тақырыптар бойынша бөлінген, әр оқушы өзіне қызықты тақырыпты еш қиындықсыз таба алады, практикалық жұмыстарда қолданылатын бағдарламалар мен құралдардың, командалардың атауларын оқушылар ағылшын тілінде біледі, құрылған программалар мен есептердің шығарылуын ағылшын тілінде түсіндіре біледі, сұрақтарға ағылшын тілінде жауап бере алуына септігі зор.

<https://docs.trinket.io/getting-started-with-python#/welcome/where-we-ll-go>  осы сілтеме арқылы оқушыларға үш тілде логикалық тапсырмалар, Python бағдарламасының тапсырмаларын орындатамын.

<http://compute-it.toxicode.fr> бұл сілтеме арқылы оқушылар үш тілде ойындар арқылы тапсырмалар орындайды.



Бұл тапсырмалар оқушылардың ағылшын тілін жылдам меңгеруге, информатика пәніне байланысты терминдердің мағынасын түсінуге, пәнге қызығушылығын арттыруға, ой өрісін кеңейтуге, шығармашылық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

Сабағымда сөздіктермен жұмыс, «Read and match» яғни «Сәйкесін тап» тапсырмаларын орындату арқылы, оқушылардың қызығушылықтарын оятып, пәнге деген белсенділіктерін байқадым.

Ең тиімді әдістерінің бірі - «Тарсия» (мозаика). Бұл, арнайы бағдарлама арқылы тақырыпты, тарауды қайталауда, информатикалық терминологияларды үштілде меңгеруде оқушыларға қолдануға тиімді әдіс.





«Лото» әдісі. Оқушы белсенділігі мен пәнге қызығушылығын арттырудың, еске сақтауға әсер ететін тәсілдердің бірі – «Лото» ойыны. Бұл тәсілді жұптық жұмыста пайдаланған тиімді. Оқушылар 36 тапсырмадан тұратын карточкалардың жауабына сәйкес келетін дұрыс жауапты табу арқылы өз білімдерін тексере және бағалай алады.



Сабақ барысында электрондық оқулық, «Bilimland.kz» сайтының үш тілде сабақ материалдарын, «Twig-Bilim.kz» видеоларын пайдалану, дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, сабақтың динамикасын, көрнекілігін, ақпараттың өте жоғары деңгейін және көлемін қамтамасыз етеді, сонымен қатар, тақырыпқа және жалпы информатика пәніне деген қызығушылықты арттырады. Компьютердегі интернет жүйесіндегі ақпараттық мәліметтерді сабақ тақырыбына байланысты қажеттісін таңдап тікелей қолдануға болады.

Мысалы, <https://learningapps.org/> бұл ресурс оқушылардың үш тілде білімін тексеруге өте қажет. Бұл сайтта өзім құрастырып бірнеше тапсырмаларды беремін.



Бұл бағдарламаның материалдарын үштілділікті меңгеру мақсатында видеоларды қазақ, орыс тілдерінде және ағылшын тілінде көрсетуге болады. Оқушылардың оқу материалдарын меңгеруін бағалау мақсатында «Bilimland. Kz», «iTest» сайтымен және «Kahoot», «Plikers» бағдарламаларымен жұмыс істеу өте тиімді. Бұл бағдарламаларлы оқушылармен жеке жұмыста ғана емес, жұптық, топтық жұмыстарда да қолдануға болады. «Kahoot» бағдарламасымен тест тапсыру интернет желісіне қосылған компьютерде орындалады, оны топтық, жұптық немесе жеке жұмыс түрінде өткізуге болады. «Plikers» бағдарламасымен жұмыс істеуде оқушылар жауаптарын штрих код арқылы көрсетеді де, мұғалім оның дұрыстығын ұялы телефон арқылы анықтайды. Оқу барысында оқушылардың қабілетін, шығармашылығын дамытуда бірнеше сабақ үлгілерін өткізіп, информатиканың оқу әрекетін ұйымдастырудағы заман талабына сай келетін жаңаша оқытудың бірі екендігіне көзімді жеткіздім.



Сабақ барысындағы әдістермен қосымша курстар арқылы біз оқуды жетілдіре аламыз және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді ағылшынша меңгерту арқылы әлемдік деңгейге үлес қоса аламыз деген ойдамын.



Ағылшын тілінде оқушылардың еркін сөйлеу дағдысын дамытып, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастырады. Оқушылар техникалық құралдарды және ағылшынша бағдарламаларды қолдануды үйренеді, ағылшынша термин сөздерді жаттау мен еске сақтауды, оқуға деген шәкірттердің ынта-ықыласы арта түседі, компьютер алдында оқушы өзін еркін ұстап, дербес жұмыс жасай алады. Компьютер оқушыға өзінің іс-әрекетінің нәтижесін көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді. Өз бетімен бағдарламаларды қолданып, шығармашылық жұмыс істеуге бейімделеді.[3]

Жаратылыстану - математика бағытындағы пәндерді оқытуда тілдік білім беру жүйесін енгізу жағдайында еліміздің барша педагог қауымына сәттілік тілеймін!

Әдебиеттер:

- 1.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы
2. Ағылшын тілін және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) кіріктіріп оқыту
- 3.«Ашық сабақ. Факультативті сабақтар» республикалық педагогикалық-әдістемелік журналы. №2. 2019ж

САНДЫҚ - ЗЕРТХАНА ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР ҚАСИЕТІН ТАЛДАУҒА ӘСЕРІ

Садықова Ж.Ж.

Нұр- Сұлтан қаласындағы №52 мектеп- гимназияның
химия пәні мұғалім- модераторы

2017 -2018 оқу жылында мен схемалардың көмегімен оқушылардың химиялық заттар қасиетін талдау дағдысын дамыту мақсатында дамыту жобасын жүргіздім. Бұл мәселе 2017 жылы оқушылардың қалыптастырушы бағалау кезіндегі график түрінде берілген тапсырмаларды орындауда химиялық заттардың қасиеттерін талдау дағдысының төмен екендігін байқаған кезден басталды.

Кәсіби мәселе оқушылардың, біріншіден, 2015-2016 оқу жылындағы сыртқы жиынтық бағалау жұмыстарын талдау нәтижесінде оқушылардың 40 пайызы схема түрінде берілген тапсырмаларды дұрыс орындай алмауы; екіншіден, 2016-2017 оқу жылындағы химия пәнінен І-ІІ тоқсанның ішкі жиынтық бағалау жұмысының анализ нәтижелерінің кейбір сыныптарда жетістік көрсеткішінің 70 % -дан төмен болуы; үшіншіден, химиялық заттар қасиеттерін ажыратып, топтарға жіктеу, қасиетінің себебін анықтау дағдыларының жеткіліксіз болуынан пайда болды. Осы аталған факторларды ескере отырып, мен оқушылардың «Cobra- 4» және «Spark» сандық- зертхана құралдарын сабақта қолдана отырып, оқушылардың химиялық заттар қасиеттерін талдау дағдысын дамыту керектігін түсіндім.

Мен жоба жазуды бастау үшін 2013 ж. Германияда Гёттинген қаласында РНУВЕ компаниясынан алған білімді қолдандым, осы тақырыпта жазылған әдебиеттер мен, шығармаларға шолу жасадым. Осы тақырыпта зерттеу жасап жүрген әріптестермен пікірлестім. Биология пәнінен Бекназарова Б.О. графикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың сипаттау дағдысын дамыту» тақырыбында жұмыстар жүргізген. Ол мектепте семинарлар жүргізіп, конференцияларға қатысқан. Осы тақырып төңірегінде мен тағы да бірнеше әдебиеттермен таныстым.

Жоба 2017 жылдың қараша айынан 2018 жылдың сәуір айы аралығында жүзеге асты. Жобаға 15-16 жас аралығындағы оқушылар қатысты. Осы сыныптардың оқушыларын таңдау себебім олардың бірінші және екінші тоқсан бойынша химиялық заттар қасиетін талдау бойынша тапсырмаларды орындауда білім сапасының көрсеткіштері 70%-дан төмен болуы еді. Сондықтан осы проблеманы шешу маңызды болды. Жоба барысында өзімнің зерттеу сұрағымды анықтадым:

- *Не себепті оқушылардың химиялық заттар қасиеттерін талдау дағдылары төмен?*
- *Оқушылардың талдау дағдыларын арттыруға қандай әдістерді қолданса болады?*
- *Оқушылардың химиялық заттар қасиеттерін талдауда cobra- 3 және spark құралдарын қалай қолдануға болады?*



Этикалық нормаларды сақтау мақсатында ата аналардан рұқсат алынып, зерттеу барысында жобаға қатысқан оқушыларды суретке түсіру, бейнефильмге түсіру т.б. іс шаралар жасалынатыны туралы хабардар етілді. Осы тақырыпта жүргізген жобаларды сараптау, оқушылардың жұмыстарын талдау, сабаққа талдау жасалынды. Химия пәніндегі үдерістерді, айналымдарды, энтальпия өзгерісін және температураны өлшеуде, ерітіндінің рН ортасын анықтауда аталмыш құралдардың көмегі зор. Сонымен қатар химия сабағында интербелсенді тақта мүмкіндіктерін қолдану білім сапасын жақсартады.

Химия пәнінде кобра 3 және Кобра 4 құралдарын қолдана отырып, заттар қасиетін талдауға арналған тапсырмалардың әр түрлі типтері қолданылды. Сабақ үдерісінде график түрінде құрылған тапсырмалар мазмұны оқушылардың химиялық заттардың қасиеттерін талдау дағдысын дамытуға әсер етті. Біріншіден, оқушылардың сабақ барысында талдау дағдысын қолдана отырып, графиктерді Блум таксономиясы негізінде орындауы олардың оқу үлгерімінің артуына және бағалау бойынша нәтижелерінің жоғары болуына әсер етті.

Біріншіден, оқушылар сандық -зертхана оқу құралдарымен жұмыс жасау кезінде заттардың құрылысы олардың қасиеттеріне қалай әсер ететінін анықтадым. Екіншіден, оқушылар ақпаратты ұсынуға қойылатын талаптарды орындап, заттар қасиеттерін талдауда қолдануы қажет етістіктермен жұмыс жасауға мүмкіндік алды. Химиялық үдерістерді жүзеге асыруда оқушылар интерактивті тақтаның көмегін пайдаланды.

Дегенмен кейбір оқушылардың сандық- зертхана Кобра- 4 құралы талаптармен жұмыс жасау, жазбаша сипаттау және айтылым дағдылары жоғарылағанымен, әлі де болса тірек-сөздерді және Блум таксономиясының етістіктерін дұрыс қолдана алмауы орын алып жатты. Оқушылардан алған кері байланыстың негізінде мен оқушыларға көмек көрсету үшін бұдан да ауқымдырақ жұмыс атқаруым керек екендігін түсіндім.

Мен кездескен кедергі қазақ тіліндегі оқулықтардың аз болуына байланысты, ағылшын тіліндегі оқулықтарды оқуда және оны қолдануда тілдік кедергілердің болуына байланысты болды және схема түріндегі тапсырмаларды құрастыруда компьютерлік бағдарламаларды жетік білмеуім болды. Осы кедергіні шешу үшін:

- ағылшын және орыс тіліндегі сөздіктермен жұмыс жасадым
- ғаламтордан «Ақпараттық коммуникативтік технологияны сабақта қолдану» онлайн курстарына қатыстым

- 11-сыныптың ағылшын тілінде жүргізілетін сабақтарына қатыстым
- әдістемелік бірлестіктегі шетелдік мұғаліммен күнделікті сөйлесуге тырыстым. Сондықтан ағылшын тілі және орыс тілі бойынша әр түрлі тапсырмаларды орындап жазылым дағдымды, аудио мәтіндерді тыңдап тыңдалым дағдыларымды арттырып жүрмін. Сонымен қатар, оқушылар да кедергілермен кездесті. Олар:

- тірек-сөздерді тиісті деңгейде қолдана алмауы
- график түрінде құрылған тапсырмаларды орындауда етістіктерді қолдану
- тапсырманың талаптарын дұрыс орындай алмауы.

Оқушылардағы осы кедергіні шешу үшін сабақ барысында тірек-сөздерге үш тілде глоссарий химиялық диктант, сәйкестендіру және т.б. тапсырмалардың түрлерін қолданып жүрмін. Блум таксономиясының етістіктерін дұрыс қолдану үшін оқушыларға әр деңгейде қолданылатын етістіктерді әр сабақта пайдалануға үйреттім.

Жоғарыда аталған кедергілер тек менің ғана емес, басқа да әріптестерімде болуы мүмкін екендігін ескере отырып, «АКТ-ны қолдану – химия сабағына қызығушылықты арттырудың кепілі» тақырыбында деңгейлік курс мұғалімдеріне коучинг өттім. Коучингті өткізу үшін мен схема түріндегі тапсырмаларды орындауда АКТ – ны қолданудың жолдарын қарастырдым.

Жалпы сандық зертхана- оқу құралдарымен жұмыс жасау оқушының ауызша түсіндіру және көзге көрінбейтін химиялық үдерістерді түсінуде таптырмайтын құрал екендігіне көз жеткіздім. Себебі визуал оқушылардың көру арқылы есте сақтау қабілеттері жоғары болады.

Сабақ сайын оқу мақсатына сәйкес Блум таксономиясы негізінде дифференциацияланған тапсырма құрастырып отырдым. Химиялық процестерді оның ішінде температура өзгерісін, ерітіндінің рН ортасын анықтауда, титрлеу қисығын салуда, титрлеу нүктесін анықтауда сандық зертхана құралдарының көмегі зор. График құрастыру үшін АКТ ны жетік меңгеру керек.



Ғаламтордағы дистанционды курстарға қатысып, компьютерлік сауаттылығымды арттырдым. Екіншіден, оқушылардың схемалық тапсырмаларды орындауда белсенділіктері артты. Менің өз мақсатыма жеткендігімнің бір дәлелі: оқушылардың сыртқы жиынтық бағалау бойынша I және II тоқсанмен салыстырғанда III тоқсанда жоғары нәтиже көрсетуі. Сынып оқушыларының оқу үлгерімі мен білім сапасы 100% құрады. Сынып оқушыларының оқу үлгерімі мен білім сапасы 100% құрады.

Химия пәні мұғалімдеріне беретін ұсынысым, егер әріптестер оқушылардың химиялық заттардың қасиеттерін талдау дағдысын арттырғысы келсе:

- химиялық қасиеттерін зерттеуде сандық - зертхана оқу құралдарын қолдану; тақырыпқа сәйкес графика - схемалар құрастыру
- график түріндегі тапсырмаларды орындау үшін ағылшын тіліндегі бірнеше әдебиет көздерін оқып, халықаралық деңгейдегі талаптарды және тапсырмаларды қолданғандары абзал;

Осы жобаны жүргізу барысында әріптестерімнің берген кері байланысының, әдістемелік кітаптарды оқудың нәтижесінде мен кәсіби мәселені анықтай білу және оны шешу барысында әдебиет көздерін іздеу жолдарын үйрендім. Зерттеу құралдарымен жұмыс жасауға дағдыландым. Осы жоба аясында таныстырылымды қорғау кезінде талаптарға сай жұмыс жасау және әріптестер алдында сөйлеу мәдениетім қалыптасты. Жобаны зерттеу барысында іс- әрекетті саралап, тиімді әдістерді таптым. Жобаны жүргізу барысында іс- әрекет жоспарын өзгертіп, өзіме есеп бере отырып, кедергілерді әріптестеріммен бірге талқылап, өзіме деген сенімділікті арттырдым.

Жоба барысында атқарылған жұмыстардың нәтижесінде III тоқсанда оқушылар ішкі жиынтық бағалау тапсырмасын орындау кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Кәсіби мәселені шешуде стратегиялық әрекет ете отырып, әріптестеріммен өз тәжірибемді бөлістім. Cobra -4 және Spark құралдары қолданылған практикалық сабақтар бойынша жинақ жасалды.

Әдебиеттер:

1. <http://www.youtube.com/watch?v=1rt6wdMbQYA>
2. Cobra4 - The Universal Measurement System for Scientific Instruction
3. <http://www.phywe.com/489>
4. Химия пәні бойынша студенттердің тәжірибелері. Жалпы және бейорганикалық химия , 1 бөлім. Бренд Зюпке. PHYWE SYSTEME GMBH. D-37070 Gottingen
5. Бренд Зюпке PHYWE . Эксперименты по химии для студентов. Общая и неорганическая химия, часть 2. PHYWE SYSTEME GMBH. D-37070 Гёттинген.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бекетова Ж.С.

математика және информатика пәнінің мұғалімі,
«№15 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,
Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласы

Қазіргі заман талаптарына сай білім беру жүйесі де жетіліп, жаңа қырларын ашуда. Демек бұл орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді, жүзеге асыруды және оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді. Мұндай бағдарламалардың бірі - «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының бірі жаратылыстану пәндерін кіріктіріп оқыту бойынша оқу-әдістемелік құрал әзірлеу болып саналады.

Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. Ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, химиялық элемент терминдерін ана тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамытуға болады.



Сонымен бұл әдіс оқушылардың тілдік қарым-қатынас қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағдай жасайды және бір мезгілде екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге де аударылуы мүмкін. Сондай-ақ ағылшын тілін жаратылыстану бағыты пәндерімен кіріктіріп оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерін атап көрсетер болсақ. Олар:

1. оқушылар арасында диктанттар жүргізу;
2. диалогтік немесе монологтік түрде оқушыларды бір-бірімен тілдесуін дамыту бойынша жаттығулар орындау;

3. жаңа мәтіндер арқылы оқушылармен жұмыстар жасау;
4. сөздер мен сөйлемдерді жаздыру арқылы бір-бірімен өзара тексерулер жүргізу;
5. қолданылған мәліметтің көлемін арттырып отыру;
6. оқушыларды әр түрлі терминдерді жатқа айтуға дағдыландыру.

Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану-математика бағытындағы атап айтқанда, физика, информатика, биология, химия пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен тәсілдерін қазіргі білім жүйесінде кеңінен ауқымды түрде қарастырып жатқаны мәлім.

Осыған орай, 2017-2018 оқу жылынан бастап 8-сыныптарда информатика пәнін оқыту жұмыстары толығымен ағылшын тілінде ұйымдастырылды. Информатика пәнін ағылшын тілінде оқытудың маңыздылығын айта кетер болсақ, ең алдымен оқушылардың компьютерлік терминдерге байланысты сөздік қорын кеңейте отырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, өмірде болып жатқан әрбір құбылыстарды ағылшын тілінде жеткізе білуге дағдылануға үлкен мүмкіндік туғызады.

Өз тәжірибемде оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: "Полиглот", "Кім тапқыр?", "Кел сайысайық!" сынды тағы басқа ойындар өткізудің үштілді меңгерудегі маңызы ерекше. Оқушыларды ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақ, ребус олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болады. Bilimland.kz сайты жақсы көмекші құрал оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болды.

Үштілділікті оқыту барысында **мнемотехникалық әдісі** балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады. Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі. Мнемотехникалық әдістің міндеті: шет тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын жаттықтыруы, сөз қорының байытуы, белсенуі мен бекітуі, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын жүзеге асыруы және тілдің дамуы. Заман талабына сай мнемотехникада **ақпараттық технологияны** тәжірибеге енгізу негізінде «бейнекөрсетілім» әдісі, интерактивті-мультимедиялық әдістерді қолданудың пайдасы зор. Интерактивтік жаттығулар – балаларға жаттығуларды дұрыс жасауға және өзін-өзі тексеруге қажетті құрал.

Үштілді меңгерту барысында сөздік жұмыстың алар орны ерекше. Сөздік жұмысы – тіл дамытудың іргетасы, баланың жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға көмектеседі.

Көпфункционалды интернет-асабы - LearningApps.org интерактивті тапсырмалар құрастырушысын қолдану арқылы жеке интерактивті білім беретін қосымшаларды жасай алатынын оқушыларға ақпарат бердім.

LearningApps.org – бұл РН Bern білім беру Информатика Педагогикалық колледжі Орталығының Майнц және Циттау / Герлиц қалалары Университеттерімен бірлескен ғылыми-зерттеу жобасы.

Интерактивті білім беру қосымшасының негізгі тапсырмасы балаларды интерактивті және қызықты формада оқытатын арнайы мультимедиялық бағдарлама. Интерактивті тапсырмаларды құрастырушы LearningApps.org «Викторина»; «Сөздерді белгілеу»; «Кім миллионер болғысы келеді?»; «Топтастыру», «Картада белгілеу», «Жұпты табу», «Құрастыру» пазлдар, «Суреттерді сұрыптау», «Сөзжұмбақ», «Бұл қай жерде?» сияқты білім беруге арналған онлайн қосымшалардың көп түрін ұсынады.



Информатика пәнін оқыту барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру барысында ағылшын тілін кіріктіріп өткізуге дидактикалық материалдар үлгісін ұсынып отырмын.

A. Сәйкестендіріңіз

1. recharge a. digital photos
2. click on b. faxes
3. dial c. a number on your mobile phone
4. give d. a presentation
5. move e. something with the mouse
6. print out f. the battery
7. send and receive g. the mouse
8. take some h. twenty pages

B. Дұрыс етістікті қойыңыз.

1. To turn on the computer, _____ the "Start" button.
a. touch b. press c. switch
2. The printer has _____ of ink.
a. finished b. ended c. run out
3. Unfortunately, my scanner isn't _____ at the moment.
a. working b. going c. doing
4. Please _____ the CD ROM.
a. insert b. introduce c. inject
5. The projector isn't working because it isn't _____.
a. plugged b. plugged in c. plugged into
6. The batteries in my digital camera are nearly dead. They need _____.
a. to change b. exchanging c. changing
7. I have to _____ a computer screen for eight hours a day.
a. see b. look at c. watch
8. Switch off your computer, and _____ it from the wall socket.
a. de-plug b. unplug c. non-plug
9. I turned off the photocopier and _____ the plug.
a. pulled out b. extracted c. took away
10. _____ any key to continue.
a. Kick b. Smash c. Hit

Информатика пәнін ағылшын тілінде оқытуда тақырыпқа сай терминдерді видеолар мен мультфильмдер, оңай кинолар арқылы есте сақтауға үйретуге, мәтіндік тапсырмалар, түртіп алу әдістерін пайдалану арқылы оқытуға болады. Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру - жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу — біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі.

Қазіргі кезде аудиоақпарат алмасу, видеоақпарат алмасу, виртуалды аудиторлық тақта, тақырыптық ақпарат енгізілген клавиатуралар, файлды алмасу, көпжақты конференциялар өткізу кеңінен таралған көпке белгілі компьютерлік видеоконференция байланыстың әдістемесіне жатқызылады. Бұл технологиялар ағылшын тілін біршама меңгерген студенттің еншісі болып табылады. Өйткені бұл материалдар тек ағылшын тілінде ғана беріледі. Сондықтан ағылшын тілінде оқытылуы тиімді деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академисы Кіріктірілген пәндерді оқыту бойынша әдістемелік құрал Астана 2016
2. Бабич И.М., « Дидактические материалы на английском языке » №3 (63), 2015 г.
3. Тілді оқытудағы ақпараттық технологиялар. URL: <http://www.itlt.edu.nstu.ru/webquest.php#lit9> (анықтама күні: 23 сәуір, 2015 ж.);



**КӨПТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУЫ**

Токсеитова С.М.

Нугманова А.Б.

биология пәнінің мұғалімдері
ғылыми жетекшісі, биология ғылымының доценті

Абдишева З.В.

Шәкәрім атындағы үш тілде
оқытатын көпбейінді гимназия Семей қ.

Көптілділік біздің қоғам үшін Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім. Тәуелсіз елімізде негізгі үш тілді дамытуға басымдық беріле отырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан басқа халықтардың тілдері де назардан тыс қалған жоқ. Үш тұғырлы тілдің басты мақсаты да сол – қоғамның барлық қауымын біріктіріп, бірін-бірі түсінетін ортақ ақпараттық кеңістік құру.

Үштұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді. Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған жүйе. Көптілділік - полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру мектептен бастау алады. Ендеше, келешек ұрпағымыз көптілді меңгерген, жан-жақты дамыған азамат болсын десек білім кеңістігіне жол ашатын ұстаз мықты болу керек. Осы мақсатта мен де ағылшын тілін меңгеріп, биология пәні бойынша үштілді тұлға қалыптастыруда өз үлесімді қосудамын. Ендеше, бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісіне тиері анық.

Қоғамның бүгінгі әлеуметтік тапсырысы – жаратылыстану-математикалық, химия-биологиялық пәндер бойынша ғылыми дайындықтың әлдеқайда жоғары деңгейін қамтамасыз ету, сонымен қатар білім беруде осы бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру.

Уақыт талабына байланысты ХХІ ғасырда Қазақстандықтар мемлекеттік немесе жеке бас істер барысында халықаралық қатынастар жасайды. (Бұл саяси, экономикалық және техникалық байланыстар болуы мүмкін) Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытудағы мақсат-ғылым мен технология саласында жарысу, артта қалмау. Сапалы аудармалар жасап, мемлекетке білім мен технология жаңалықтарын енгізу де - шет тілін білудің жемісі. Демек, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту – дүниежүзілік қатынас тілін меңгерту – Қазақстан мемлекетінің болашағы мен жастары үшін пайдалы.[1]

Бүгінгі таңда биология пәні терминологиялық негізде ағылшын тілінде жүргізілуде. Эксперименттің негізгі мақсаттарының бірі, қазіргі техниканың даму кезеңінде электрондық іздеу жүйесінде барлық ақпараттың 90 пайызы ағылшын тілінде екенін ескере отырып, біздің түлектеріміздің ұлттық бәсекеге қабілеттілігін және елдің әлемдік даму жүйесіне тиімді енуін қамтамасыз етуі көзделді.

Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназияда 2014-2015 оқу жылынан бастап 5-6 сыныптарда биология пәнін ағылшын тілінде оқытуға даярлық жасау мақсатында терминдер бойынша толық жұмыс жүргізілді. Саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 1 сағат есебінен бөлінген сағатқа оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін берілген сағаттарға арналып, биология пәнінен 5-11 сыныптарға «In the world of biology» атты бағдарлама құрастырылды.[2]

Биология пәнінен оқытудың жаңа технологиясының мазмұнын толықтай түсінуіміз үшін, алуан түрлі оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданамыз.Қайсы бір пәнді алсақ та, жаңа тақырыпты түсіндірместен бұрын, сол айтылғалы отырған тақырыптың мағынасы мен мазмұнын аша түсетін, оқушының бар назары мен ықыласын осы тақырыпқа аударатындай белсендендіру технологияларын (activity) қолдану маңызды екен.



Үш тілді білім беру ортасын қалыптастыру және негізгі құндылықтар мен педагогикалық қағидаларды енгізу арқылы оқытудың заманауи үрдісін нығайтып, топтық оқыту әдістемесі арқылы да жүзеге асырудамыз. Командалық оқыту әдістемесі негізінде кіріктірілген білім беру бағдарламасының үш тілді білім беру саясатының мақсаты бұл тақырыбымызда көрініс тапқан. Көп тіл білетін тұлғаны қалыптастыру үшін оқу үрдісін ұйымдастырғанда оқытудың мазмұны, принциптері ерекше іріктелгенде, жоспарлау, оқытудың сәйкестігі көзделген арнайы технология жасалып, осы оқытудың нәтижесі назарда ұсталғанда көп тіл білетін тұлғаның қалыптасуы мүмкін.[3]

Биология терминологиясын оқыту әдісіне негізделген сабақты жоспарлау :

- Оқушыларға түсініксіз сөйлемдер мен сөз тіркестерді бірнеше рет қайталау (қажет болған жағдайда)

- Оқушылардың қабылдауына жеңіл лексиканы қолдану

- Тірек сөздермен жұмыс жасау

- Пәнді екінші немесе үшінші тілде оқытудың бастапқы кезеңінде оқушы бірінші тілде сөйлесе, оған екінші немесе үшінші тілде жауап беру

- Негізгі биологиялық ұғымдарды, анықтамаларды, заңдылықтарды алдымен өз тілінде терең түсініп, меңгеріп алу, орыс тілінде, шетел тілінде айту

- Оқушылардың өзіндік жұмыстарды, шығармашылық жұмыстарды орындауда, оқу материалын меңгеруде белсенділік принципін қарастыру.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – білім сапасын көтеру құралы. Қазіргі ғылым мен техника дамыған қоғамда білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілігі дамыған, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етіп отыр. Білікті де білімді маман болу үшін әр ұстаз өз білімін үздіксіз жетілдіріп, заман талабына сәйкес кәсіби біліктілігін үнемі үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс. Педагог оқытудың жаңа әдістерін барынша жетік меңгеріп, неғұрлым шығармашылығы жоғары болса, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі соғұрлым кең болмақ. Қазіргі заманауи талапқа сәйкес өзіндік көзқарасы бар жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мұғалімдер үшін маңызды мәселе болып отыр. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тірегі етіп тәрбиелеу әр ұстаздың, әр мектептің жауапкершілікпен атқаратын міндетінде. Осы міндеттерді орындау мақсатында білім беру саласында өзгерістерді талап етіп отыр.

Қорытындылай келгенде, болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса еліміздің ертеңінің көркейте түсері сөзсіз. Оқушыларға биологияның адам өміріндегі маңызын көрсете отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы, құзыреттіліктерін дамыту, биология ғылымы жайлы түсініктерін ағылшын тілінде жетік меңгертіп, полилингвисті тұлға қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Абылкасымова А.Е. Развитие системы общего среднего образования в современном
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңнамасы, 2007ж
3. «ҚР білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған «Мектеп директоры» Республикалық әдістемелік журнал 2010ж. №3, №5, №14.
4. Богоявленская А.Е. Активные формы и методы обучения биологии. –



ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ТОЛҚЫНДЫ ХАЛЫҚШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Жекебай А.

физика пәнінің мұғалімі,

Тусупов А.З.

денешынықтыру пәнінің мұғалімі,

Шет ауданы, Ақадыр кентінің,

Ю. А. Гагарин атындағы мектеп – лицейі

Мақсаты: Электродинамикалық құбылыстарды соның ішінде электромагниттік толқындарды тарату және қабылдау процестерін практика жүзінде жүзеге асыру.

Өзектілігі: Қазіргі заманғы электротехникалық, радиоэлектроникалық құрал-жабдықтардың физикалық негізін түсіне білсек олардың жұмыс істеу принципін түсіну әрекетін көп жеңілдетуге болатынына көз жеткізу.

Проблема: Электрромагниттік және магниттікэлектрлік құбылыстардың өзара байланысын түсіндіретін теориялық және тәжірибелік мәліметтерді оқу, талдау жасау арқылы олардың практикалық маңызына зерделеу, электромагниттік толқынды радиобайланысқа қолдану.

Гипотеза: Егер электромагниттік толқынның таралу құбылысына, радиобайланысты жүзеге асыру процесіне сапалық талдау жасаудың, оның техникадағы қолданыстарын демонстрациялық жолмен оқшыларға түсіндірудің тиімді тәсілдерін анықтай алсақ келешекте осы құбылысқа негізделіп жасалатын қазіргі заманғы көптеген техникалардың сырын оқушылардың түсінуіне себін тигізер еді.

Зерттеу бөлімі

1820 жылы дат ғалымы Х.Эрстед тәжірибе жасады. Ол мыс өткізгішті магнит тілшенің үстіне оның осіне параллель орналастырды. Өткізгіш арқылы ток жіберген кезде магнит тілшесі өзінің бастапқы қалпынан ауытқиды. Тізбекті ажыратқанда магнит тілшесі өзінің бастапқы қалпына келеді. Оның ауытқу бағыты өткізгіштегі токтың ауытқу бағытына байланысты болады. Осылай электр тогының магнит стрелкасына әсер ететіндігін байқады.

Эрстедтің бұл ашқан жаңалығы физиканың жаңа бөлімі – электрмагнетизмді жүйелі түрде зерттеудің негізі болды.

1831 жылы ағылшын физигі Майкл Фарадей электромагниттік индукция құбылысын ашты. Бұл құбылыстың мазмұны: кез келген тұйық өткізгіш контурда осы контурмен шектелген ауданнан өтетін магнит индукциясының ағынын өзгертсек, онда электр тогы пайда болады. Осы токты индукциялық ток деп атайды. Тұйық контурдағы индукциялық ток контур ауданы арқылы өтетін индукция ағынын өзгергенде ғана туады. Олай болса, индукциялық тізбекте электр қозғаушы күші пайда болып, ол электромагниттік индукцияның электр қозғаушы күші деп аталады. Ол магнит ағынын өзгерісінің жылдамдығына пропорционал болады.

Максвелл теориясы–электр зарядтары мен токтардың кез келген жүйесінің электрмагниттік өрісі туралы бірегей теория. Бұл теорияда электрдинамиканың негізгі сұрақтары шешілген: зарядтар мен токтардың таралуы арқылы олардың электр және магнит өрістерінің сипаттамалары тұжырымдалады.

Максвелл теориясы электрмагниттік құбылыстарды суреттейтін маңызды заңдардың: Остроградский–Гаусс теоремасының, толық ток заңының, электрмагниттік индукция заңының жинақты қорытындысы болып есептеледі.

Максвелл теориясы–макроскопиялық, мұнда кеңістіктік таралуы атомдар мен молекулалар өлшемінен көп ретгі есе салыстырмалы тыныштықтағы және қозғалыстағы зарядтар жүйесінің макроскопиялық электрмагниттік өрістері зерттелген.

Максвелл теориясы–жақыннан әрекеттесу теориясы: электрлік және магниттік өзара әрекеттесулер электрмагниттік өріс арқылы орындалады және берілген ортадағы жарық жылдамдығына тең шекті жылдамдықпен таралады.



Бірін-бірі тудыратын және бір-бірімен байланысқан айнымалы электр және магнит өрістерін электромагниттік өріс деп атайды. Кеңістікте тарайтын айнымалы электр және магнит өрістерін электромагниттік толқын деп атайды.

Радиотолқындар

Радиотолқындар – электромагниттік толқындар, белгілі бір ақпарат, сигнал тасымалдау үшін қолданылады.

Радиотолқындар деп – толқын ұзындығы 100000 м және 0,1 мм диапазонына, жиілігі 3000 - $3 \cdot 10^{12}$ гц аралығына сәйкес келетін электромагниттік толқындарды айтады.

$$\lambda = c \cdot T$$

λ -ЭМ толқын ұзындығы -[м]


$C = 300000$ км/с - вакуумде ЭМ толқын таралу жылдамдығы

T-толқынның периоды -[с]

Электромагниттік толқынды алу үшін Герц жұқа ауа қабаты арқылы бөлінген түзу өткізгіштің бірдей екі бөлігінен тұратын вибраторды қолданған. Ауа аралығымен бөлінгендіктен вибратордың екі тармағына жоғары кернеу көзінің көмегімен едәуір зарядтар беру мүмкін болды. Потенциалдар айырымы белгілі бір мәнге жеткенде электрлік ұшқын байқалады. Иондалған ауамен электр зарядтары вибратордың бір жартысынан екіншісіне ағып, ток импульсін береді. Сөйтіп, ашық контурда электромагниттік тербелістер туады. Аса шапшаң өзгеретін ток, ток көзі арқылы тұйықталмай, тек контурда ғана өнуі тиіс. Оны вибратормен ток көзінің арасына дроссель қосу арқылы реттейді. Ашық контурдағы электромагниттік тербелістің тез өшіп қалуының басты себебі — толқын шығарғанда энергия тасымалданады және контурда жылу энергиясы бөлінеді.

Электромагниттік толқынды қабылдап тіркеу үшін Герц қабылдағыш деп атаған екінші вибраторды (немесе резонаторды) қолданған. Ашық контурдан тарайтын толқынның айнымалы электр өрісінің әсерінен қабылдағышта электрондар еріксіз тербеледі, шапшаң өзгеретін индукциялық ток қоздырылады. Вибраторлардың өлшемдері бірдей болса, онда екеуіндегі электромагниттік тербелістердің меншікті жиіліктері сәйкес болғандықтан, резонанс салдарынан қабылдағыштағы еріксіз тербелістердің амплитудасы айтарлықтай үлкен болады. Осы еріксіз тербелістерді Герц қабылдағыш антенаның арасындағы өте кішкентай саңылауда пайда болған ұшқындарды бақылау арқылы аңғарған. Герц өзінің тәжірибелерінде электромагниттік толқынды алумен ғана шектелген жоқ. Ол электромагниттік толқынның басқа толқындарға тән қасиеттерін зерттеген. Тәжірибе жүзінде электромагниттік толқынның жылдамдығын анықтайды, ол жарық жылдамдығына тең болып шықты. Сонымен, Герцтің эксперименттік зерттеулерінде Максвеллдің теориялық болжамдары нақтылы дәлелденді және жарықтың электромагниттік теориясын жасаудың алғашқы баспалдағы салынды.

Радиобайланыстың қарапайым сұлбасы 3.18-суретте көрсетілген.




Осы сұлбаға сүйене отырып, радиобайланыстың негізгі физикалық принципін жүзеге асырады. Таратқыш радиостанцияда жоғары жиілікті тербелістер генераторы антеннада қоздыратын жиілігі жоғары айнымалы ток кеңістікте шапшаң өзгеретін электромагниттік өріс туғызады да, ол электромагниттік толқын түрінде тарайды (3.18, а-сурет). Қабылдағыш антеннаға жеткен электромагниттік толқын таратқыш станция қандай жиілікпен жұмыс істейтін болса, жиілігі дәл сондай айнымалы ток туғызады. Қабылдағыш антеннаға қосылған тербелмелі контур резонансқа түсу



нәтижесінде жиілігі бізге қажетті таратқыш радиостанцияның жиілігіндей еріксіз тербелісті ғана күшейтіп, бөліп алады.

Герц тәжірибелері тұңғыш рет электромагниттік толқындарды таратуға болатынын көрсетті. Оның тәжірибелерінде толқынның таралуы аз қашықтықта, зерттеу жүргізілген үстел шегінде ғана жүзеге асырылған еді. Электромагниттік толқынның алыс қашықтықта сымсыз таралу мүмкіндігіне Герцтің өзі күдікпен қараған екен. Тұңғыш рет электромагниттік толқынды сымсыз байланыс жасау үшін қолдануға болатынын 1895 жылы 7 мамырда орыс ғалымы Александр Степанович Попов Ресейдің физика-химия қоғамының мәжілісінде тәжірибе жасап көрсетті. Попов электромагниттік толқындарды тіркеудің сенімді және жақсы сезгіш тетігі—когерерді қолданды. Оны Поповтың ашқан жаңалығынан бес жыл бұрын, сезімталдығы нашар Герцтің ұшқындық қабылдағыш вибраторының орнына, басқа тәсілді қолдануды ұсынған француз физигі Э. Бранли еді. Өзінің жасаған аспабын Бранли когерер деп атаған. Когерер — екі электроды бар шыны түтік. Оның ішіне ұсақ металл үгінділері салынған.

Қалыпты жағдайда когерердің кедергісі үлкен болады, өйткені үгінділерді бір-біріне тиісуі нашар. Поповтың қабылдағышы когерерден К, электромагниттік реледен ЭМ, электр қоңырау Қ мен ток көзінен тұрады (3.19-сурет). Алғашқыда А.С. Попов өзінің қабылдағышын найзағайдағы электр разряды кезінде пайда болатын электромагниттік толқынды тіркеу үшін қолданады. Оны ол "найзағай тіркегіш" деп атаған. Антеннаға жеткен жиілігі жоғары электромагниттік толқын еркін электрондардың еріксіз тербелістерін қоздырып, айнымалы ток туғызады. Айнымалы кернеудің әсерінен үгінділер арасында электрлік ұшқындар туады да үгінділерді пісіреді. Когерердің кедергісі 100—200 еседей күрт кемиді. Жайшылықта когерердің кедергісі өте үлкен болғандықтан реле қоңырау тізбегін ток көзіне қоса алмайды. Енді электромагниттік толқын келгенде электр қоңырауының тізбегі когерер арқылы тұйықталады. Балға Б когерерді соғып толқын келгенін хабарлайды. Электромагниттік толқын аяқталысымен, қоңырау тізбегі ажыратылады, өйткені балға қоңыраумен бірге когерерді де соғады. Когерерді сілкіп қалғанда оның кедергісі қайтадан бұрынғы үлкен мәніне ие болады да, келесі толқынды қабылдауға дайын тұрады. Қабылдағыштың сезгіштігін арттыру үшін Попов когерердің бір ұшын жерге, ал екінші ұшын биіктікте тұрған өткізгіш сымға қосып тұңғыш қабылдағыш антенна жасады. 1896 жылы А.С. Попов электромагниттік толқындар таратқышты жасады. Электромагниттік толқындарды таратқыш пен қабылдағышты жетілдіре отырып, ол телеграфтың Морзе әрпімен сөздерді беріп және оны қабылдай бастады. Осы жылдың 24 наурызында әлемде бірінші рет 250 м қашықтыққа сымсыз, екі сөзден тұратын "Генрих Герц" деген радиogramма таратып, оны қабылдады және ол бұл толқындарды телефон арқылы құлаққа да қабылдауға болатынын іс жүзінде көрсетті. Байланыстың бұл түрі радиотелеграфтық байланыс деп аталып кетті. Телеграф толқындары қысқа және ұзын электромагниттік толқын импульстері, яғни Морзе әліппесінде қабылданған "нүкте" мен "тире" түрінде беріліп келеді. Радиотехниканың дамуына және оның жан-жақты практикалық мақсаттарда қолданылуына зор үлес қосқан итальян өнертапқышы Г. Маркони болды. Ол 1897 жылы электромагниттік толқындарды сымсыз байланыс жүйесінде қолдануға болатынына патент алады. Г.Маркони 1901 жылы тұңғыш рет Еуропа мен Америка арасында Атлант мұхиты арқылы радиобайланысты жүзеге асырады. Радионы байланыс құралдары ретінде дамытуда оның рөлі ерекше. А.С. Попов өзінің ашқан жаңалығына, екіншіше орай, патент алмаған екен. Радиобайланыстың дамуының ең маңызды кезеңі 1906 жылы американдық инженер Д. Форестің үш электродты шамды — триодты ойлап шығарумен байланысты. Триод негізінде 1913 жылы өшпейтін электрлік тербелістердің шамды генераторы жасалынды. Соның нәтижесінде электромагниттік толқын арқылы енді музыканы, сөзді, яғни дыбысты қашықтықта тарату жүзеге асырылды. Оны радиотелефондық байланыс деп атады.



Қорытынды

Бұл жұмысты орындау барысында электрлік және магниттік құбылыстардың өзара сапалық байланысын оқушыларға тәжірибелік, демонстрациялық жолдармен түсіндірудің бірнеше тиімді тәсілдері жасалды. Магнит өрісі нақты болатынына көптеген қызықты тәжірибелер жасау арқылы көз жеткізулеріне болады. Электромагниттік әрекеттесу жүзеге асатын ерекше орта өрістің сапалық сипаттамаларына шолу жасалады. Жаңа физикалық ұғым, шамалармен, құрал-жабдықтармен танысуына сілтеме жасалады. Электромагниттік толқынның практикадағы қолданысы соның ішінде радиобайланыста қолданылуы жайында түсінігін кеңейтеді. Физика пәнінің зерттеу тәсілдерінің мәнін түсінеді. Оқушыларға өз беттерінше әртүрлі жобалармен айналысуына бағыт – бағдар беріледі, мысалы, жоғары жиілікті таратқыш құрылғы мен детекторлы қабылдағыш құрастырады. Жұмысты орындау барысында көптеген қиыншылықтарға тап болдық және осының өзі бізге қызықты сезілді. Ары қарай осы тақырыпты техникалық бағытта тереңдетіп зерттеп, электромагниттік толқын арқылы радиобайланысты жүзеге асыратын құралдарды халықшаруашылығына қолданудың тың идеяларын жүзеге асырғымыз келеді.

Әдебиеттер:

- 1.Кронгарт Б., Кем В., Қойшыбаев Н., Физика 10 сынып Алматы «Мектеп» 2006ж.
- 2.Қойшыбаев Н. Физика анықтамалық құрал Алматы «Атамұра» 2008 ж.
- 3.Тұяқбаев С., Насихова Ш., Кронгарт Б., Кем В,Загайнова В. Физика 11 сынып Алматы «Мектеп»2007 ж.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Ибраева Е.А.

математика пәнінің мұғалімі

«№27 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында анық көрсетілді.

Математика сабағында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Әр сабақта оқушылардың тақырып бойынша ойын, пікірін, түсінігін, дәлелдерін білуге ұмтылу керек. Ұстаздар шәкірттен білмейтінін сұрап сол бойынша оның ойын, түсінігін, дәлелдеулерін келтіруіне жетелеу керек.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша жасалынған оқулықтарда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыратын тапсырмалар, (өмірмен байланысты алынған) мәтін есептер әр тарау бойынша тақырыпқа сай берілген және оқушының өздігінен ізденуіне жағдай жасалған. 5 сыныптағы



математика оқулығында кейбір тақырыптарды оқу кезінде «Менің отбасым өміріндегі математика», «Математика және денсаулық», «Менің өмірімдегі математика», «Аспаз өміріндегі математика» бойынша оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар берілген.

«Мәтін есептерді шығару» тақырыбындағы тұрмыстық қызметтердің жалпы құнын есептеуге берілген тапсырманы орындауда бірлескен топтық жұмыс әдісін қолдандым. Жұмыс барысында топ мүшелері қарым-қатынасқа негізделген әрекеттерді атқарады. Атап айтқанда тыңдай білу, өз пікірін ұтымды және дәлелді түрде жеткізе білу. Осы жұмыс арқылы кейбір оқушылардың үйлерінде айына қанша электр қуатын жұмсайтынын оған қанша ақша төленетінін хабары бар екені, ал кейбірінің хабары жоқ екені байқалды. Сол оқушыларға осы тапсырма бойынша мәліметтерді анықтап, есептеу тапсырылды.

«Натурал сандардың тізбегі» тақырыбы бойынша отбасы мүшелерінің туған күндері, айлары, жылдары, олардың теледидар көруге жіберген уақыттарынан өспелі, кемімелі тізбек құрастыру жеке тапсырма ретінде беріледі.

Экономикалық мазмұнды математикалық есептерді шығарудың практикалық мәні зор. Ол арқылы материалдық қаржы қорын, жұмыс уақытын тиімді пайдалана білуге, еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыс сапасын көтеру мүмкіндігін табуға, шаруашылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады. Материалдық қаражат түрлерін үнемдеп пайдалану жолында өндіріс орындарында ғана емес, жеке отбасы өмірінде де түрлі қиыншылыққа және т.б. құндылығын түсініп, үнем ережесінің тиімді жолдарын іздестіруге тәрбиелейді, келешекте өздігінен дұрыс шешім табуға баулиды.

Экономикалық терминдер жайлы түсінік қалыптастыратын есептерге мысалдар келтірейін. 5 сыныптағы «Арифметикалық орта» тақырыптарында «Орташа айлық табыс», «Орташа жылдық өнім көлемі» деген экономикалық терминдерге түсінік беруге болады. Математикалық функционалдық сауаттылықтың анықтамаларын талдай келе, математика сабақтарында оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруға негізделген тапсырмалардың кейбір түрлерін ұсынамын. Бұл тапсырмалар оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана алуларына мүмкіндік беретін тапсырмалар.

Оқушыларды күнделікті өмірдегі экономикалық түсініктерді ұғынуға, математика сабақтарында алған білім, дағдыларын өмірде тиімді қолдануға үйрету арқылы қалыптасатын оқушылардың математикалық сауаттылығы күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге мүмкіндік жасайды.

Математика оқулықтарында өзіндік құн, түсім, тиімді пайдалану нәтижесі, өндірістің техникалық ерекшеліктері тәрізді экономикалық ұғымдарды пайдаланатын экономикалық мазмұнды есептер бар. Бірақ бұл есептердің саны өте аз. Мектеп математика курсына қолданылатын қолданбалы экономикалық сипаттағы есептердің мазмұнын экономикалық ұғымдар мен факторлардың себептерін байланысын айқындайтын тақырыптық есептерді енгізу арқылы байытуға болады. Республика көлемінде шығатын газет-журнал беттерінде жарияланатын есептердің экономикалық хал – ахуалын белгілейтін таблицаларға шолу жасап, түсіне білулері қажет, әсіресе, белгілі материалдарды, диаграммалар мен таблицаларды, мазмұнды есептерді оқушылар шеше білгендері жөн. Өзім сабақтарда қолданатын осындай есептерді мысалға келтіре кетейін.

Сызықтық теңдеулер, теңдеулер жүйесі.

Жеке кәсіпкер екі жылыжайдан 130 тонна қияр жинайтын еді. Агротехникалық жаңа технологияларды қолданған соң, бірінші жылыжайдың шығымдылығы 40%-ке, ал екінші жылыжайдың шығымдылығы 30%-ке артқан. Сондықтан да кәсіпкер осы жылыжайлардан 175 тонна өнім алған. Агротехникалық шаралардан соң әр жылыжайдан қанша қияр жиналған?

Шешуі: Бұрын бірінші жылыжайдан – x тонна, екінші жылыжайдан y тонна қияр жинаған деп есептесек, агротехникалық шаралардан соң бірінші жылыжайдан – $1,4x$, екінші жылыжайдан – $1,3y$ тонна өнім алған. Жүйе құрамыз: $x = 130 - y$ Теңдеулер жүйесін шешкенде бірінші жылыжайдан – 84 тонна, екінші жылыжайдан 91 тонна қияр жиналған.

2. Диаграммалар.

1. Берілген кестедегі мәліметтер бойынша Қарағанды қаласы мен аудан тұрғындары санының өзгеру диаграммасын салыңдар.

Жыл	Халық саны
1996	152 000



1997	146 900
2010	143 897
2011	136 800
2012	146 839

2. Күнделікті өмірде кездесетін төмендегідей есептерді сабақтарымда қолданамын:

1. Пиццерияда қалыңдықтары бірдей, бірақ өлшемдері әр түрлі екі дөңгелек пицца сатылады. Кішісінің диаметрі 30 см және 300 теңге тұрады. Үлкенінің диаметрі 40 см және 400 теңге тұрады. Осы екі пиццаның қайсысын сатып алған тиімді? 2. Екі пиццаның қалыңдығы бірдей болғандықтан, оқушылар оларды жай дөңгелек деп қарастырып ауданын табады. Екі пиццаның ауданы см². Аудандары мен құнына қарап, диаметрі 40 см болатын пиццаны сатып алған тиімді екені анықталады.

Проценттер.

1. Пәтерге жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Мараттың анасы 300 000 теңге несиені бір жылға 12%-тік өсіммен алды. Осы несиені төлеу барысында Мараттың анасы банкке өзі алғаннан қанша артық ақша төлейді? $300000 \cdot 0,12 = 36000$ теңге, яғни Мараттың анасы банкке өзі алғаннан 36000 теңге артық төлейді.

1-есеп: Сауыншының қазан айындағы айлық табысы 3200 теңге, ал қарашада қазан айына қарағанда 15% - ке көп. Ал желтоқсанда қарашаға қарағанда 10% - ке кем. Сауыншының төртінші тоқсандағы орташа айлық табысын көрсетіндер.

Шешуі: $3200 \cdot 0,15 = 480$ $3200 + 480 = 3680$ теңге қараша айы

$3680 \cdot 0,1 = 368$

$3680 - 368 = 3312$ теңге желтоқсан айы

$$\frac{3200 + 380 + 3312}{3} = \frac{10192}{3} = 3397$$

2-есеп: Жұмысшының бес күндік жалақысы 725 теңге, 690 теңге, 710 теңге және 645 теңге, 660 теңге болды. Жұмысшының бір күнгі орташа жалақысы қанша?

Шешуі: $\frac{725+690+710+645+660}{5} = \frac{3430}{5} = 686$

3-есеп: Фермер 2010 жылы 4647 тонна картоп, 2011 жылы - 4372 тонна, 2012 жылы - 4491 тонна және 2013 жылы - 4592 тонна картоп жинады. Осы жылдары фермер картоптан орташа қанша өнім жинады?

Шешуі: $\frac{4647+4372+4491+4592}{4} = \frac{181020}{4} = 4525,5$

Санның процентін табуға байланысты есептеулер өмірде көп кездеседі.

4-есеп: Банкке 5% – тік жылдық өсіммен 150 000 тг салынды. Банкке салынған осы ақша бір жылдан соң неше теңге болады? Жай проценттік өсім формуласын пайдаланып есептейік

Шешуі: $S_n = 150\,000 \left(1 + \frac{5 \cdot 12}{100}\right) = 240000$

Жауабы: 240 000 тг

5-есеп: Телефон үшін абоненттік төлем ай сайын 1100 тг. Келесі жылы 15%-ке көтеріледі. Келесі жылы абоненттік төлем үшін қанша теңге төлейді?

Шешуі: 1100 теңгенің 15% - ын тауып, 1100-ге қосамыз немесе 1100-ді 1,15-ке көбейтеміз. Сонда $1100 \cdot 0,15 + 1100 = 165 + 110 = 1265$

Жауабы: 1265 т

6- есеп Тауарлардың бағасы бастапқыда 40% ал кейін 25% арзандады.

Тауардың бағасы бастапқы бағамен салыстырғанда қанша пайызға арзандаған?

Шешуі. Бастапқы бағасы -100%

Бірінші рет 40%-ке арзандады, яғни 100% - 40% - 60% болады

Екінші арзандау жаңа бағаға байланысты болғандықтан

$60 \cdot (25/100) = 15\%$ - екінші арзандау. Сонда барлық арзандау

$40\% + 15\% = 55\%$

Жауабы: 55%



Математика сабағында жоғарыдағыдай мазмұнды экономикалық есептер шығарудағы басты мақсат - математиканы оқытуда тиімді шешімдерді табуға арналған есептерді қарастыру; оқушыларға өмірге байланысты қарапайым экономикалық терминдердің (еңбек өнімділігі, сұраныс, ұсыныс, шығыс, өнімнің өзіндік құны, пайда, өсім) математикалық мазмұнын ашу болып табылады. Күнделікті өмірге қатысты практикалық есептерді шешу барысында оқушы математикалық білімін өмірде қолдануды үйренеді. Қазіргі экономикалық жағдайларға байланысты мектептерде математика сабағында экономикалық білім беру мәселесіне, алған теориялық білімін өмірде қолдана білуге аса назар аудару қажет. Бүгін мектепте оқып жүрген жас өспірімдер ертең-ақ маман жұмысшы, жеке кәсіпкер иесі болады. Олар қажетті практикалық дағдылар мен теориялық білімді мектептен оқып үйренгендері тиімді.

Қорыта келгенде, экономикалық мазмұнды математикалық есептерді шығарудың практикалық мәні зор. Осы арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, алған білімдерін өмірде, кез келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрете аламыз. Олардың жеке бас қабілеттерін, әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамыта отырып, өзгермелі өмірге бейімдей аламыз. Ұстаздар қауымы оқушыларымыздың белгілі білім- білік, дағдыларды ғана иемденіп қоймай, алған білімдерін елінің ұлттық байлығын ұқыпты, үнемді пайдалана білуге, математикалық әдістерді күнделікті өмірде, тұрмыста, отбасы экономикасында қолдана білуге тәрбиелеу маңызды екендігін естен шығармауымыз қажет.

Сонымен қатар валюталық айырбасқа байланысты есептерді оқушыларға шығартуға болады. Валюта - осы елде пайдаланылатын ресми мемлекеттік ұлттық ақша бірлігі. Ұлттық валюта осы елдің ақша бірлігі. Қазақстандық фирмалар отандық кәсіпорындардан ұлттық валюта теңгемен есеп айырысады. Әлемдік рынокта доллармен айырбас жасалады. Неге дүние жүзінде бірдей ақша енгізбеске? Көп себептермен байланысты әр елде өз ақша бірлігі болады. Валюталық бағам- басқа елдердің бірлігінде көрсетілген бір ұлттық ақша бірлігінің бағасы. Ұлттық валюта мемлекетке ел экономикасын басқаруға мүмкіндік береді. Әр мемлекет өз ақша бағамын тағайындайды. Әр оқушы математика сабағында валютаны бір- біріне ауыстыру керек екендігін түсіну керек. Егер 1 рубль = 5,16 теңге болса,

$$83 \text{ рубль} = 5,16 * 8 = 428,28 / \text{теңге}/$$

Есеп:

1. 300 неміс маркасына қанша АҚШ доллар алуға болады?

Шешуі: $61,69 * 300 = 1850$ теңге, $18507 : 50,2 = 123,2$ доллар

2. Жапонияда бір АҚШ долларына 97,85 иен сатып алуға болады. Жапондық Қазақстанда “Отырар” қонақ үйіндегі 30000 теңгемен шотты төлеу үшін қанша иен алмастыру керек.

Шешуі: $30000 : 150,2 = 199,7$ \$, $97,85 * 199,7 = 19540,6$ иен

3. Түскі тамаққа 500 теңге төлеу үшін Қырғызстаннан Қазақстанға келген қонаққа өз ұлттық валютасын жұмсау керек болады? Қазақстандық турист Қырғызстанда түскі тамаққа 290 сом төлесе, ол теңгемен қанша болады?

Шешуі: $500 : 2,97 = 168,35$ сом , $2,97 * 290 = 861,3$ теңге

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз адам тағдырына, бала тағдырына жауаптымыз. Сондықтан оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмысын жүргізуіміз керек:

1. Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша “білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау” деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;

2. Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;

3. Математика пәні сабақтарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету.

Қорытынды

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру бүгінгі таңда мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі болып табылады. Себебі оқушының кез-келген сабаққа деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды. Олай болса, А.П.Конфоровичтің «Математиканың қорғаның тек күштілер мен батырлар ғана бұза алады» деген



сөзін ұстана отырып, жалықпай, үлкен төзіммен, алдымызға келген шәкірттерге олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, жақсы тәрбие, терең білім беру үшін аянбай еңбек ете берейік. Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан – жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқасында талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығаруға міндеттіміз.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың сөзі. Егемен Қазақстан газеті 2006 жыл № 115
2. З.Бекбаева «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестігін арттыру Алматы.
3. Н.Кабушева «Математиканы деңгейлеп оқыту технологиясы» № 2 2001ж
4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары
- 5.Бейсеков Ж. Жақсыбаева А. Қамбаров Ж. Оқушыларды математикалық олимпиадаға даярлау (жалпы білім беретін орта мектептің оқушыларына арналған әдістемелік құрал) Шымкент 2008
- 6.«Математикалық сауаттылық» II бөлім , Алматы 2018жыл

ХИМИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ БАСТЫ ҚАДАМДАРЫ

Зейтова А.С.

Мукашева М.Б.

химия пәні мұғалімдері

Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия

Семей қаласы

Жалпы пәнді үш тілде оқыту қазіргі кезде көп қолдауға ие болып отыр. Бұл қажеттіліктен туындады. Мектеп оқушылары халықаралық олимпиадаларға көптеп қатысуда, ал осы олимпиадалар мен ғылыми жобалар ағылшын тілінде қорғауды қажет етеді. Көп жағдайда химия пәнін жақсы меңгерген оқушылар ағылшын тілін жетік білмегендіктен осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмай жатады. Осы кедергілерді жою мақсатында, мектепте өтілетін пәндерді үш тілге негіздей отырып өткізген тиімді. Осыған орай елімізде ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдер дайындалуда. Көптеген қазақстан мектептерінде пәндерді ағылшын тілінде жүргізу жүзеге асырылуда. Осының барлығын негізге ала отырып химия пәнін үш тілді үндестіре оқытудың маңызы да зор. [5]

Осы ретте іс-тәжірибемізді жинақтай отырып, ағылшын тілінде химия пәнін оқытудағы басты қадамдарды атап айтқымыз келеді:

1. Пән мұғалімінің кәсіби біліктілігі;

✓ Ағылшын тілінің арнайы курстары; Duolingo, Lingvist, Busuu сайттары – өздігінен үйренушілер үшін;

✓ Classroom Language For Teachers and Students of English;

✓ Language for class discussions;

✓ Пән бойынша ағылшын тіліндегі ресурстар: TEDed, Khan Academy, Learnist, Youtube, Coursera.

Үштілділікті енгізу барысында алғашқы кездескен қиындық, алдымен бізге өзіміздің тілдік кәсіби біліктілігімізді арттыру қажет болды, тілдік кәсіби біліктілігімізді жетілдіруді ағылшын тілінің курсынан бастадық. Beginner, Elementary, Pre-Intermediate деңгейлерін аяқтаған соң, химиядан ағылшын тілінде сабақ беруді бастадық. Пәнді ағылшын тілінде оқытуды ұйымдастыру мақсатында әртүрлі ақпарат көздерінен Classroom Language For Teachers and Students of English; Language for class discussions сөздерін пайдаланамыз. Мысалы, сабақ барысында жиі қолданылатын сөздер:

- Let's start our lesson (сабағымызды бастаймыз)
- Today we are going to learn the new theme (бүгін біз жаңа тақырыбын оқимыз)
- At now let's divide into four groups (енді төрт топқа бөлінейік)
- What do you think? (Қалай ойлайсың?)
- Do you agree? (Келісесің бе?)



2. Оқу және оқыту ресурстарымен қамтамасыз етілуі;

- ✓ Қостілді оқулықтар;
- ✓ Бейіндік пән бойынша арнайы курс бағдарламасы;
- ✓ Ақпараттық желі көздері;
- ✓ Әдістемелік әзірлемелер.

Үштілділікті химияны оқыту үрдісіне енгізуді қазіргі уақытта инвариативті бөлік бойынша 8-сыныпта 2017-2018 оқу жылында апробацияға ұсынылған қостілді оқулық арқылы, вариативті бөлік бойынша аптасына 1 сағат 5, 7, 8, 9, 10-сыныптарда біз соавтор болып табылатын «Жалпы химияның ағылшын тіліндегі терминологиясы/ English terminology of general chemistry» тақырыбында 5 – 11 сыныптарға арнайы курс бағдарламасы арқылы жүзеге асырудамын. [2,5] Әрине, үштілділікті бірден, сабаққа толық енгізген жоқпыз. Бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 1 сағат есебінен бөлінген сағаттарға арналып «Жалпы химияның ағылшын тіліндегі терминологиясы / English terminology of general chemistry» тақырыбында 5 - 11 сыныптарға арнайы жасалынған курс бағдарламасын химия пәні мұғалімдерімен бірлесе отырып құрастырдық. Аптасына бір рет осы вариативті сабақта химияның негізгі терминдерін тақырып бойынша ағылшын тіліндегі аудармасын үйретіп отырдық. Ал негізгі сабақта оқушылардың терминологиядан алған білімдерін қолдануға бағыттап отырдық. Оқу мен оқыту ресурстарының тапшылығы мәселесін шешу мақсатында мектеп негізгі пәндерді ағылшын тілінде оқытатын Қазақ түрік лицейі, Н.Ә.Назарбаев атындағы зияткерлік мектебімен тәжірибе алмаса отырып, Zambak баспасынан шыққан оқулықтармен қамтамасыз етті. Бұл оқулықтарды инвариативті сабақтарды пайдаланып отырдық.[3]

Ұсынылып отырған бағдарлама оқушыларға химияның негізгі ұғымдарын меңгертуге негізделген. Курс бөлімдері Химия негіздері / Core chemistry - 5-6 сынып, Бастапқы химия негіздері / Introduction to chemistry - 7-8 сынып, Бейорганикалық химия / Inorganic chemistry - 9-10 сынып, Органикалық химия / Organic chemistry - 11-сынып. **Курстың басты мақсаты** – оқушыларға химияның адам өміріндегі маңызын көрсете отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы химиялық терминологияны, химия ғылымы жайлы түсініктерін ағылшын тілінде жетік меңгертіп, полилингвисті тұлға қалыптастыру.

Курс бойынша оқу процесіне жалпы сипаттама бере кетсек. Жалпы оқыту нысаны ретінде 5 – 11 сынып оқушылары қамтылып отыр. Үш тілде оқыту деңгейлік оқыту және коммуникативтік тәсілдері арқылы, т.с.с. басқа әдістермен жүзеге асырылады. CEFR (Common European Framework of Reference - шет тілдерін меңгерудің жалпыеуропалық құзіреттіліктері) негізге алынып отырғандықтан, идеясына қарай курстың білім беру жүйесін нақты жағдайға қарай бейімдедік. Үш тілде оқытудың келесі әдісі - коммуникативтік тәсіл. Тілді оқыту грамматикалық ережелермен шектелмейді.[4] Оқушы грамматикалық құрылымдарды білмей тұрып, сөйлей бастайды, сөйлемдерді дұрыс құрайды.

CEFR деңгейлері			Сыныптар	Күтілетін нәтиже	Сөздік қор
Базалық	A1	Қарапайым деңгейі	5-сынып	Қарапайым химиялық терминдерді айта алады, қолдана алады. Химиялық элементтердің атауын біледі.	150
			6-сынып	Тұрмыстағы химиялық заттардың атауын, табиғаттағы химиялық құбылыстарды біліп, әңгімелеуде қолдана алады. Химиялық элементтердің атауын біледі.	150
	A2	Негізгі деңгей	7-сынып	Лабораториядағы қауіпсіздік ережесін және құрал-жабдықтарды біледі. Химиялық элементтердің атауын біледі.	150



			8-сынып	Күрделі химиялық қосылыстардың атауын және формуласын оқуды, жазуды біледі.	150
Орта	B1	Орта деңгей	9-сынып	Химиялық терминдердің анықтамаларын біледі, есептің шығарылу жолын ағылшын тілінде сипаттай алады.	250
			10-сынып	Химия заңдарын ағылшын тілінде түсіндіре алады, терминдерді қолдана отырып, сөйлем құрастыра алады.	200
	B2	Ортадан жоғары деңгей	11-сынып	Органикалық химия терминдерін біледі және олардың маңызын сипаттап, түсіндіре алады.	150

Уақыт өте келе сөздік қоры молаяды.

Оқу процесінің әдістемелік әзірleme құралдары:

✓ “Химия айналамызда” электронды оқулық

5-11 сыныптарға арналған дидактикалық материал, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыратын әртүрлі ағылшын тіліндегі бейнекөрсетілімдер, химиялық элементтер туралы әндер, т.б. материалдар қарастырылған.

✓ Worksheet for 9th class

Бұл оқу құралы Р.Рысқалиева қазақ тіліне аударған Н.Нұрахметов және Н.Заграничнаяның жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқу құралының ағылшын тіліндегі нұсқасы.

Оқу құралы негізгі мектептегі химия пәнінің ағылшын тіліндегі терминология бағдарламасының мазмұнына сәйкес келеді. Оқу сатысында негізгі білімді тексеруге, қорытынды сабақта алынған білімдер мен дағдыларды пысықтауға арналған ашық жауаптар түріндегі көптеген тапсырмалар және тест түріндегі тапсырмалар енгізілген.

Оқытушы бұл тапсырмаларды химия пәнінің ағылшын тіліндегі терминологиясын оқытуда оқушылардың күнделікті білім деңгейлерін тексеруге пайдаланғаны жөн.

✓ The table of organic chemistry

Мектепке алғаш келіп отырған бала аппақ парақпен бірдей, оған мұғалім қалай жазса, яғни қандай бағыт-бағдар берсе, бала әрі қарай сол қалыппен кетеді. Сондықтан да бастауыш сыныптың әрбір мұғалімі осы жауапкершілікті сезіне білуі керек және де кіші жастағы оқушыларға тәрбие және білім беру мәселелеріне баса көңіл бөлу қажет. Қазіргі таңда мектептегі оқу үрдісі бастауыш сынып оқушыларынан **оқудағы дербестікті** талап етеді. Осыған орай, оқу еңбегінің барысында **оларды мәтінді түсініп оқуға, өз беттерінше ізденуге, кітаппен жұмыс жасауға үйретуден** бастаған жөн [1:10].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша қазіргі заманғы табысты оқушыға **мынадай қасиеттер тән**: өз бетінше ізденеді, өз ойын толық жеткізеді, алған білімін өмірде қолданады. Алайда алдымыздағы оқушының бәрі бірдей емес, оқулықпен өз беттерінше жұмыс жасай алмайтын оқушылар да жетерлік. Бұл – үлкен мәселе. Оның пайда болу себептері мынада:

1. *Бастауыш сыныптарда оқушылардың мәтінді еркін түсініп оқуы жағына көңіл бөлудің жетіспеушілігі*

2. *Оқулықпен жүйелі жұмыс істеу дағдысының қалыптастырылмауы*

Аталған мәселелерді ескере отырып, оқушылардан «Оқулықпен қашан жұмыс істеу пайдалы? Ақпаратты қайдан алған тиімді?» сұрақтарының төңірегінде сауалнамалар алдым. Сауалнама нәтижесін ескере отырып, оқушылардың мәтінді түсініп оқуын, **еркін әрі көркем сөйлеуін, ойын толық жеткізе білуін жетілдіруге** көбірек көңіл бөлуді жөн көрдім [2:84].

Алғашында оқушылар көпшілік алдында сөйлеуге қысылатын, тіпті бәрін білетін оқушының өзі сынып алдында сасқалақтап, ойы шашырап кететін. Зерттеуге, ізденуге берілген тапсырмаларды оқушылардың басым көпшілігі қажетті ақпараттарды интернеттен алу арқылы шығарып әкеліп отырды. Кейіннен шығарған қағаздарын қабылдамай, түсінгендерін жазып келуді талап ете бастадым. Әрбір бос уақытымда оқушыларға әдебиеттік оқу пәнінен оқылған әңгімелерден түсінгендерін қысқаша түрде жазып беруін тапсырдым. Тапсырма осылайша бірте-бірте күрделене бастады. Жұмыстың бұл түрлері алдымен оқушының өз ойын тиянақты түрде, бір-бірімен байланыстырып жеткізуіне оң ықпал етті, екіншіден оқушылардың жазу каллиграфиясы да қалыпқа түсе бастады. Қажетті ақпаратты оқушылардың өз беттерінше таба алатынына көзім жеткеннен кейін ізденуге берілген тапсырмаларды кітапханадан жазып келуді тапсырдым. Олардың **жазып келген бір сөйлемі де мен үшін құнды** болды. Әрбір баланың еңбегін ескере отырып, олардың бойына кез келген істі атқара алатынына деген сенім ұялата бастадым. Осылайша баланың ұяңдығы, ұжым алдында қысылуы азая бастады.

Оқушылардың кітап оқуға деген құмарлығын арттыру мақсатында сынып оқушыларымен бірге **«Қызықты ертегілер» тақырыбында** әңгіме өткізуге болады. Ол былай жүргізіледі: әрбір жаңа апта басталғанда мұғалім оқушыларға осы бір апта ішінде әрбір оқушы кем дегенде екі ертегіден оқып келу керектігін тапсырады. Балалардың алдына мынадай шарт қойылады: әркім өзі оқыған ертегінің атын, шыққан баспасын жақсы біліп, оны қысқаша мазмұнын айтып бере алатындай болуы керек. Апта соңында өтетін мұндай әңгімеде балаларды оқыған ертегілерінің тек санына ғана қарап емес, оны қалай түсініп оқығандығына қарай бағалап, мадақтап, тіпті «Оқымысты бала», «Кітап үздігі» деген секілді мақтау қағаздарын да беруге болады. Кіші жастағы оқушылардың мақтауды жақсы көретіні бәрімізге белгілі. Осылайша оқушылар келесі аптада бұрынғыдан да көп кітап оқып келуге тырысады, ал мақтау алмаған оқушыларда мен де сол оқушы сияқты боламын деген ой қалыптасады. Жүйелі жүргізілген мұндай жұмыс баланың кітап оқуға деген ынта-жігерін арттырады. Бірте-бірте балалар дауыстап және өздігінен оқып та үйренеді. Оқығандары туралы өздері тұжырымдап айтып, сипаттама бере алады. Мен оқушылармен әңгімелескенде кітаптағы ең басты нәрсені анықтауға



тырысамын, олардың басты кейіпкер туралы ойлары, өздерін солардың орнында елестетсе қандай шешім қабылдай еді деген секілді сұрақтарға жауап алуға тырысып отырамын.

Сонымен қатар баланың өз бетінше кітапханамен жұмыс жасай алуы үшін күнделікті оқушыларға **түрлі бағыттағы сұрақтар** қойып отырамын. Сұрақ 1-сабақта қойылады және оның жауабы соңғы сабаққа дейін қабылданып, қайту уақытында қорытындыланады.

1, 2-тоқсанда оқушыларға оқулықпен жұмыс жасаудың **тиімділігін** түсіндіре отырып, 3-тоқсанда **сынып кітапханасын** аштым. Кітапхананың ішін оқушылар **өз үйлерінен** әкелген кітаптармен толтырды. Алынған және өткізілген кітаптарды тіркеп отыруға **журнал** арнадық, жауапты оқушыны белгіледік. Оқылған әңгімелерінен түсінгендерін жазып отыру үшін **дәптер** арнадық. Мәтінді түсініп оқи алатындарына көз жеткізгеннен кейін **оқу сауаттылығына байланысты тест тапсырмаларын** алдым. Нәтижесі көңіл қуантарлықтай. Алғаш наурыз айында алынған тестте оқушылар сәл төмен нәтиже көрсетті. Ал сәуір айындағы алынған тесттен алдындағыдан ілгерілеу көрінді. Мұның **бір ерекшелігі** – мәтіндер ҰБТ-ге дайындыққа арналып жасалған кітапшадан алынды. Сонымен қатар PIRLS халықаралық зерттеуі бойынша да оқушыларға 13 сұрақтан тұратын ақпараттық мәтіндер беріліп, нәтижелері есепке алынды.

Міне, осы бағытта жүргізілген жұмыс өз нәтижесін береді. **Кітапты түсініп оқуға және қадірлеуге үйрету дегеніміз** – балаларды ойлауға, сезінуге үйрету деп білемін.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесіне тоқталатын болсам:

1. Сынып ішінде оқушыларды мәнерлеп оқуға үйрету үшін жүргізген жұмыстарымның нәтижесінде **«Шәкәрім оқулары»** байқауына сыныбымнан 7 оқушы қатысып, барлығы да бас жүлдені, 1,2-орынды қанжығаларына байлады.

2. Оқушылар кез келген тақырыпта ой қозғай алады және пікірін білдіре алады. Бұған дәлел ретінде сыныптағы **«Жас тілшілердің»** жұмысын атап өтсем болады. Сыныпта күнделікті мектепте орын алып жатқан жағдайларға байланысты ақпараттық мақала жазып, түрлі тақырыпта өлеңдер шығарып, шағын әңгімелер жазуды қолға алған оқушыларым бар. Олар күнделікті менің бақылауымда. Әрбір орын алған жағдайдан кейін бір-бірінен сұқбат алып, нәтижесін маған жазып қалдырып отырады. Өздері қалаған жерлерге саяхат жасап, ата-аналарының жұмыс орнына барып, түрлі зерттеулер жүргізеді. Бұл жұмыстар мәжбүрлі түрде емес, өз қызығушылықтарымен орындалуда. Бұл да үлкен жетістік деп есептеймін.

3. Көпшілік алдында сөйлеуін, жүріс-тұрысын реттеу үшін оқушылар әр аптаның бесінші күні жұптасып **тәрбие сағаттарын** өткізіп отырады және ұйымдастырған жұмыстарын қағаз түрінде маған жинақтап өткізеді. Бұл оқушылардың жауапкершілігін арттыруда үлкен септігін тигізеді.

4. Күнделікті сабақ соңында оқушылар өздерінің **бір күндік рефлексия** қағаздарын толтырады, яғни сол күні «Мектепке келгеннен қайтқанға дейін қандай жұмыстар жасады, жасаған жұмыстарына көңілдері толады ма? Кімге ренжіді? Кімді ренжітті?» осы сұрақтардың барлығына жауап жазады. Тіпті менің жұмысыма да ашық түрде баға қойып, ашық түрде ұсыныстарын жазып қалдырады. Бұл қағаздар менің келесі жұмыс күнімді жоспарлауым үшін маңызды.

5. Оқушылар кез келген ауызша және жазбаша мәтіндерді түсініп оқып, сын тұрғысынан қолдана білуге, басқалармен әртүрлі тақырып төңірегінде мазмұнды әңгіме жүргізіп, мәтін құра білуге төселді. Бұл олардың **оқу сауаттылығын** арттыруға көмектеседі.

6. Көпшілік алдында еркін сөйлеу мәнерін үйреніп жүрген оқушымы Қодар Рабия облыстық **«Нартай мұрасы» атты Нартай оқулары** байқауында **бас жүлдені** иеленіп, 20 мың сыйақымен марапатталды.

7. Жоғарыда аталған жұмыстардың нәтижесінде сыныпта **журналист** болуды армандайтын, мақсат ететін оқушылар саны толықты. Алғашында Шәріпқани Досымжан жалғыз өзі журналистік жолды таңдап отырған. Бүгінде олардың қатары 5 адамға толықты. Қазір олармен тереңдетілген тапсырмалар беріп, жұмыстар жасаудамын. Атап айтатын болсам, мектепшілік бағдарламалар дайындайды, олардың атауын ойластырады, өткізілу формасымен таныстырады. Тапсырма күрделенсе де, таңдаушылар саны көбеюде.

Қорытындылай келе, **менің мақсатым** – тілшілерді тәрбиелеп шығару емес, менің мақсатым, менің тілегім – кез келген жағдайда мектепте алған білімдерін қолдана алатын, сол арқылы табысқа жететін оқушылар санын арттыру. Мейлі, сіздің алдыңыздағы бала мықты математик болсын, мейлі, сіздің алдыңыздағы бала тарихты терең меңгерсін, мейлі, ол ағылшынша өте жоғары деңгейде сөйлей



алсын, егер оның бойында көпшіліктен қысылу сезімі болса, өз-өзіне деген сенімі жоқ болса, ол бала өмірге бейімделе алмайды. Ешқашан да табысты оқушыға айнала алмайды. Сондықтан да оқушыларды өз ойын толық баяндай білуге үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру – әр мұғалімнің парызы.

Жалпы PISA, PIRLS, алдағы уақытта кездесетін ҰБТ сынағы, мұның барлығы баланың алған білімдерін өмірде қаншалықты деңгейде қолдана алатынын тексеру үшін қолданылатын зерттеу түрлері. Аталған зерттеулерде оқушыларымыздың жоғары нәтиже көрсетуі үшін бастауыш сыныптардан бастап баланың **функционалдық сауаттылығын** қалыптастыру жолындағы жұмыс түрлерін жүйелі түрде жүргізуіміз қажет. «Бала – балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, қандай мүсін жасаймын десе де, мұғалімнің өз қолында» [К.Ушинский] [3:107].

Әдебиеттер:

1. «Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы / Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. I деңгей / «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 – 10-бет
2. «Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы / Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. I деңгей / «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 – 84-бет
3. «Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы / Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. I деңгей / «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 – 107-бет

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РАЗНОУРОВНЕВЫХ ЗАДАНИЙ ПРИ ОРГАНИЗАЦИИ ФОРМАТИВНОЙ РАБОТЫ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Сорокина Е.В.

учитель русского языка и литературы,

КГУ «Гимназия №1»

г. Караганды

В условиях обновленного содержания образования необходим учитель, проявляющий интерес к использованию на уроках интерактивных методов и приемов, обладающий высоким интеллектуальным потенциалом и научной компетенцией. Компетентность современного педагога состоит в умении проектировать образовательный процесс, направленный на максимальную дифференциацию обучения, усиление самостоятельного творческого начала в деятельности учеников, развитие исследовательской деятельности и социальной практики.

Необходимым условием для получения глубоких и прочных знаний является умение добывать знания самостоятельно. «В тех образовательных моделях, в рамках которых учителя восприимчивы к знаниям, навыкам, подходам и убеждениям, исходящим от самих учеников, образовательный процесс будет иметь больше шансов на успех» [1]. По пирамиде обучения также средний процент удержания полученной информации учениками через обсуждение и практику составляет 50-75 %, через передачу знаний от ученика – 90 %. Если ученик не работает в процессе усвоения учебного материала, то он приобретает формальные знания, которые не сможет использовать в своей практической деятельности, проверить свои знания и оценить их, увидеть собственные успехи и недостатки. При формативном оценивании, учитывающем индивидуальность учеников, у школьников формируются прочные мотивы учения, постоянного самосовершенствования, самообучения, самоорганизации. Работы по формативному оцениванию, используемые на каждом уроке, должны содержать дифференциацию. Зачастую слабым ученикам не хватает времени на осмысление материала, сильным же учащимся не хватает темпа продвижения, сложности и оригинальности заданий, отвечающих их познавательному уровню. Отсюда вытекают проблемы: слабая учебная мотивация, умения ниже своих возможностей, пассивность учеников, когда задания не соответствуют уровню их индивидуального развития.



Решением данных проблем мы считаем использование дифференцированного подхода при формативном оценивании учащихся.

Эффективный результат дают разноуровневые задания формативных работ, построенных по методике, разработанной Ж.А. Караевым [2]. Задания четырех уровней отражаются в одной формативной работе. Например, при изучении темы «Космос (Синтаксис и пунктуация)» в 8-м классе учащимся предлагаются такие задания.

➤ К заданиям первого ученического уровня относятся задания на припоминание и актуализацию уже имеющихся, усвоенных и новых знаний без их видоизменения, т.е. копирование, воспроизведение изученного в процессе применения на практике усвоенных правил, определений, законов. Это типичные для новой темы задания, связанные с жизнью.

▪ Спишите предложения, вставьте пропущенные буквы, подчеркните обособленные члены предложения.

➤ К заданиям второго алгоритмического уровня относятся задания, требующие при их решении преобразования полученных знаний. Задания на внимание, имеющие познавательное значение.

▪ Перепишите текст, вставьте в них подходящие по смыслу вводные словосочетания и уточняющие члены предложения из слов для справок, объясните правильную постановку знаков препинания при уточняющих членах предложения и вводных словосочетаниях.

➤ К заданиям третьего эвристического уровня относятся задания познавательно-поискового типа, в процессе выполнения которого учащиеся вместе с совершенствованием и углублением ранее усвоенных знаний, приобретают еще и новые знания. Такая работа требует применения таких мыслительных операций по таксономии Блума, как: анализ, синтез и оценка. При решении таких задач учащиеся сталкиваются с новыми заданиями, возникает проблемная ситуация, требующая поисков путей овладения новыми методами и приемами решения учебных задач.

▪ Преобразуйте сплошной текст, составив интервью с главным научным сотрудником, действительным членом Академии космонавтики Л.А. Горшковым, используйте разные уточняющие члены предложения и вводные слова.

➤ К заданиям четвертого творческого уровня относятся задания, которые составляются таким образом, чтобы учащиеся, опираясь на богатство понятий и связей, а также способов действий, накопленных в ученическом и жизненном опыте, силой воображения и активного мышления создавали нечто новое, оригинальное, в той или иной мере выражающее их индивидуальные склонности.

▪ Используя уточняющие члены предложения и вводные слова, составьте заметку для газеты «Индустриальная Караганда» о терраформинге Марса (возможно использование дополнительных источников).


Для оценки деятельности учащихся разрабатываются дескрипторы согласно целям обучения. При этом первые два уровня оцениваются «зачтено /не зачтено», а эвристический и творческий уровни – количеством баллов. В случае получения отрицательного результата «не зачтено» работа подлежит пересдаче.

Действительно ли технология разноуровневых заданий формативной работы влияет на повышение качества знаний по предмету? Ответом на этот вопрос служит проведенный анализ качества знаний учащихся разных групп. В контрольной группе обучение проводится с использованием разработанных формативных заданий, предложенных в проекте. В экспериментальной обучение строится по системе разноуровневой технологии Ж.А. Караева. Данный эксперимент проводится с 2017-2018 уч. г., из анализа видно, что в группе, где проводится эксперимент произошел заметный рост процента качества знаний по русскому языку к 2018-2019 уч.г.




XXI ҒАСЫРҒА ЛАЙЫҚТЫ ТӘРБИЕНІҢ САПАЛЫҚ НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРЫ: «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

Анализ результатов качества знаний по русскому языку 2017-2018 уч.г.



По критериально-ориентировочной диагностике [3] была отслежена сформированность ключевых компетенций гимназистов и уровень познавательного интереса. Некоторые данные диагностики:

Контрольная группа



Экспериментальная группа



Ученики экспериментальной группы находятся на субъективном и позитивном уровнях, т.е. у них наблюдается положительное отношение к учебе, осознание соотношений мотивов и целей выше, чем у учащихся контрольной группы. КОД личностного развития гимназиста в контексте учебной деятельности по русскому языку показал, что у восьмиклассников экспериментальной группы отмечается устойчивый познавательный интерес – 75%; самостоятельно строят свои учебные действия на основе анализа дескрипторов к заданиям и полной ориентировки в них – 83%; лучше понимают содержание материала, но учебные действия усваивают в готовом виде – 6 %.

Педагог в условиях обновленного содержания образования должен уметь использовать новые виды, формы, методы и средства определения динамики продвижения учащихся в учебном процессе; прогнозировать трудности, определять их причины и пути исправления. Поэтому в своей практике мы используем дифференцированный подход при формативном оценивании с заданиями «от простого к сложному». К тому же есть возможность использовать принцип «снежного кома», когда одна тема плавно наслаивается на другую. Это дает возможность качественного усвоения нескольких тем, когда реализуется не только понимание и запоминание, но и успешное применение полученных знаний и навыков.

Литература:

1. Руководство для учителя. Третий (базовый) уровень. Стр.139.
2. Караев Ж.А. «Ноу-Хау – технология разноуровневого обучения» «Учитель Казахстана», № 13. 1999г.
3. Методическое пособие А.А. Ярулова «Критериально-ориентированная диагностика в образовательном процессе», Красноярск, 2002г.



ШӘКӘРІМ СӨЗІ – ИМАНДЫЛЫҚ КӨЗІ

Абельдинова Д.Б.

ағылшын тілі пәні мұғалімі,
«С.Сейфуллин атындағы гимназия» КММ,
Сәтбаев қ..

Бүгінгі біздің қоғамда батыстың мәдени агрессиясы еш кедергісіз жүзеге асырылып, ұлтсыздану үрдісі жаһандық сипат алып келеді. Тоталды тоғышар сана мендеп, эгоистік тар пейіл сананы жаулап алып тұрған осы кезеңде аталар аманат еткен Елдік тұғырды аман сақтай аламыз ба?

Иә, бұл біздің мойнымызға жүктелген парыз. Ұлт ретінде өзімізді сақтау шарты – ғасырлар бойы ата дәстүрімізден ажырамау. Егер тарихқа көз жүгіртсек, Жапония өз еліне батыс елдерінің мәдениеті мен техникалық жетістіктерін өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне бейімдеп, пайдалана білді. Яғни, өз ұлттық болмысын сақтай отырып, даму деңгейі жағынан әлемдегі алпауыт елдермен терезесі тең түсіп, дамыған елдер қатарына енді. Демек, кез келген халық өзінің дәстүрлі ділі мен мәдениетін, рухани тұтастығын сақтар болса, шаңырағы шайқалмайтын, іргесі берік мемлекеттер санатынан табылары хақ. Қазіргі таңда батыстан келген мәдени агрессия мен шығыстан келген жат діни фундаментализм қауіпті. Мәселен, батыстан келген мәдениеттің ықпалына ұшыраған жастардың бойынан «ұят», «құрмет», «ізет» деген адами қасиеттің айнасын алыстан көресің. Бұл турасында Шәкәрім атамыз:

Қазақтың көзсіз баласын,
Қаңғытып қайда барасың.
Арыңды сатып арамға
Адалдап қалай аласың? – [1]

деп көрегендікпен қорытады. Сондай-ақ жат пиғылдағы түрлі діни секталар жастарымыздың санасын улап, олардың салт-дәстүрінен, ұлттық таным, болмыс-бітімінен айыраы хақ. Салт-дәстүрінің қаймағы бұзылмаған ауылдан қалаға келіп, білім алуға, қызмет етуге ұмтылып келген жастарымыз қала жастарының ортасынан мәдениеттіліктен гөрі арсыздықтың басым екенін көріп, танданатыны рас.

Қаншалықты жоғарғы орнын бітіргенімен бұрынғы қыр қазағының ізеттілігін, әдебін, ұяңдығын сол жастардың бойынан табу қиын-ақ. Қаншалықты білім алғанымен жұмысты адал, таза істеу жақтарын үйрене алмағандықтан паракорлық мендеп бара жатыр. Мұндай кеселден имандылық ту еткен ар ілімін үйрету арқылы ғана арыла аламыз.

Айла күш айуандықтың ең жаманы,
Бокты бокпен жуғанмен ел түзелмес.
Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес, - [2]

дейді Шәкәрім. Түзелеміз деп қаншама экономикалық реформалар жасап, саяси жағынан жетілгенімізбен, қанша заң шығарғанымызбен, ол адамның ар-ожданына әсер етпейді. Себебі, білім адамзаттың рухани негізіне негізделмеген кезде қоғамның барлық саласы тұйыққа тірелмек. Содан болар, батыс мәдениетіне бас ұрып, өзіміздегі баға жетпес асыл мұралардан айырылып бара жатқанымызға, қанекей Шәкәрімнің көзімен қарайықшы:

Европа білімді жұрт осы күнде,
Шыққан жоқ айуандықтан о да мүлде.
Терең ойлап сөзімнің түбін біл де,
Іштен жыла, шырағым, сырттан күл де. [2]

Бұл елдерде барлығы дамығанымен, адамшылық неге төмендеді? Рухани негіздің біліммен қабыспауынан, ар түзейтін ғылымның жоғынан. Глобалды сипат алған ақпараттану дәуірінің осы күрделі мәселесі жөнінде Ш.Құдайбердіұлы өз байлауын дәл айтып кеткен:

Ақылды киім бермес, ғылым берер,
Ғылымын ал, өнерін ал, мұны таста! [1]

Бізге шет мемлекеттердің өнері мен ғылымын үйреніп, мәдениетінен, яғни, жауыннан кейінгі саңырауқұлақтардай қаптап кеткен түнгі клубтар мен ойынханалары сияқты мәдениетінен жирен дейді.



Ұлы «Абай жолы» эпопеясын жазған жазушы Мұхтар Әуезов «өткенінді ұмытсаң – өшкеніңнің белгісі, өткенінді еске алсаң – өскеніңнің белгісі», - дейді. Нағыз дарадан қалған дана сөз. Кешегі мен бүгінгіге, өткенге қалай өткел қоямыз деп жүргенде елбасымыз өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын ұсынды. «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады», - дейді Елбасы.

Ол жолдың өзегі – Шәкәрім көрсеткен ақ жүрек пен арлылық жолы. Ол турасында ақын былай дейді

Ақ жүрек пен таза ақыл,
Қылсаң адал еңбек,
Бәрінен де сол мақұл –
Артқыға жол бермек.
Арсыздардың түкке тұрмай
Арам ойы жойылып,
Аяғына хақиқатты
Бұл үшеуі жеңбек.[1]

Ақыл – адамның бойындағы бар зат. Ол Алланың адамға берген сыйы. Сол ақыл өрістеді, өсті. Құмар болып жиған қазынамыз жанға азық болады. Ақылдың жаны деп ақын ой тазалығын айтады. Әр затқа кереғар құбылыс бар. Таза ойға қарсы лас ой бар. Жүрек иесі толассыз келген жаман ойларды қабылдаса, онда ол адамның жүрегіне дақ түседі. «Жаман ойды көрсең жау көргендей қуала» депті даналар. Жүрек әбден күнә мен лас ойлардан ластанған соң, жақсы мен жаманы, ақ пен қараны ажырата алатын адами қасиетінен айырылады.

Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім жоқ –
Осы болар таза ақыл өлді демек.

Жақсылық, жамандықты жаратқан – Тәңірі, бірақ жасатқан Алла емес. Әрбір жамандық ойлаған, әрбір басқа адамға қастық ойлаған адам, ең алдымен, өзіне зұлымдық қылады. Міне, осыдан қара жүректі адам шығады. Жалал-ад-дин Руми «Бір адамның көңілін қалдырсаң, мың қағбаны бұзғандай боласың, ал бір адамның көңілін тапсаң, мың қажыға барғандай сауап, Жаратқанның алдында дәреже табасың» - дейді.

Ал таза жүректі адам болу үшін не істеу ләзім? Бір адамды жақсы көрген адам басында жан жылуын бір-ақ адамға арнайды. Бар болмысымен соны сүйеді. Махаббат метебінен оқу арқылы өзін ұмытуға үйренген, сол жалынмен өзімшілдіктің қапас торынан, тар қабағынан түлеп шыққан бақытты адам бүкіл әлемді сүймек. Себебі, жаңағы махаббат адамның жан жүрегін тазартып, нұрландырып шыққан жалын бір адамды азық етіп, бүкіл адамзатты, бір тіршілікті баурап алады.

Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,
Сол нұрды тән қамы үшін жұмсап жүр, -
дейді Шәкәрім атамыз.

Адам ақыл, білім, ой-саналардың есебінен небір ғажайып заттарды ойлап тауып, өмірі мен тіршілігіне пайдаланып жүр. Сол себепті, қоғамымызда бүкіл тіршілікке қажетті заттар жеткілікті, дамыған заман. Ғылыми-техникалық прогресс адамға қатты әсер етті. Адамдардың ең үлкен арман-мақсаты ұсақталып, өздері көксеген зәулім үйлер, темір тұлпар, сәнді жиһаз, дүние байлық болып кетті. Осы орайда Шәкәрім атамыздың мына өлең жолдары еріксіз ойға оралады:

Дүние деген қызыққан ісі болса,
Қызықтырған кім сені оған сонша?..
...Пайдасыз, баянсызын біле тұра,
Қуа бердің ойланбай неге сонша? [1]

Әл-Фараби: «Әуелі адамға рухани тәрбие беру керек, рухани тәрбиесіз келген білім тәрбиеге жау» деген болатын. Бұл жөнінде әйгілі ғалым Мекемтас Мырзахметов «Абай мен Шәкәрім – адам жанының, рухының кеселді, зиянды жағынан оқырманын аулақ ұстап, рухани жағынан іштей түлеп жетілу, кемелдену жолына үндеген ойшылдар» - деген болатын. Осы ойды өрбітер болсам, Шәкәрім Құдайбердіұлы – руханият жолында жанын құрбан еткен, ақиқаттың шын нұрына, яғни Тәңірге ғашық болып өткен рухани ұстаз, тұлға. Осындай рухани ілімнен мақрұм қалған жаһандану



заманында барша адамзат осы ілімге шөліркеп жүр. Сондықтан қазақ озық рухани бай мұрасымен әлемдік өркениетке үлес қосып, барша адамзатқа рухани көшбасшы болып, жарық нұр шаша алатындығына иманымыз кәміл. Бұл турасында да Шәкәрім ар ілімінің: «Бұлақша ағып ілімге тарайтындығын» айтып кеткен.

Міне, осылайша, ата-бабамыз салған сара жолға түсіп, ар ілімін оқысақ, ұзданымызды түзесек, Шәкәрім атамыз болжап кеткендей:

Жайнар көңіл,
Қайнар өмір,
Ар ілімі оқылса, -

деген қайырлы, зайырлы заман, бабаларымыздың басында болған бақ бізге қайта оралып келері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Шәкәрім. Қазақ айнасы. – Алматы, 2003
2. Шәкәрім шығармалары. – Алматы, 1988

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ТАРИХ
САБАҚТАРЫНДА ӨЛКЕТАНУЛЫҚ ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**

Ізбасты А.С.

Үш тілде оқытатын мамандандырылған
сыныптары бар дарынды балаларға арналған
“Мұрагер” мектебінің тарих пәні мұғалімі
Қызылорда қаласы

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру болып табылады. Нақты айтқанда, мақаладағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық пікірлерін терең зерделеу және білім алушылар арасында насихаттау. Мақаладағы «Туған жер» бағдарламасы мектептегі тәрбие үдерістеріне тың серпін береді. Әсіресе өскелең ұрпаққа қоғамдық сана сіңірудегі пайдасы ұшан – теңіз.

Қазақтың ұлы педагогы Ы.Алтынсарин: «Қазақ жастары ғылымды, оқу мен өнерді кітап сөзі деп қарамай, заттай, көзімен көріп, қолымен ұстап ажырата білулері керек», - деген тұжырымы бүгінгі таңда өлкетанулық жұмыстар барысында оқушылар киелі орындар мен ескерткіштерді қолмен ұстап, көзбен көретін жағдайға жетті. Осыған байланысты орта мектепте оқушылардың өңірдегі туған жер тарихы мен табиғатын зерттеу жұмыстарын ғылыми жүйелеп, қалыпқа түсіру мақсаты туындады.

Бірегей тұлға, ғұлама Әл-Фарабидің тәрбиесіз берілген білімге берген бағасынан, тәрбиенің басымдығын білеміз. Өлкетанулық жұмысты ұйымдастыруда білім мен тәжірибе, іскерлікті тәрбиемен ұштастыра отырып, жоспар құру алғашқы қадамның бірі болып табылады. Атқарған жұмыстың нәтижелі болмағы құрылған жоспарға байланысты. Ал, жоспарды құру үшін ақыл -кеңес беретін әдістеме керек екені сөзсіз.

Тарих сабағы – оқушыларда білім, білік және құндылықтық қатынастарды қалыптастыруға, ақыл-ойын дамытуға, тұлғалық қасиеттері мен сезімдерін тәрбиелеуге бағытталған күрделі жүйе. Сондай-ақ, сабақ пәнаралық байланысты кеңінен қолдануды қарастырады.

Тарихи білім берудегі пәнаралық байланыстың өзектілігі анық. Ол өлкетанушылық, қоғамдық, ғылыми-жаратылыстану және техникалық білімдердің интеграциясы айқын көрініс табатын ғылымның дамуының заманауи деңгейімен ықпалдастырылған. Ғылыми білімдердің интеграциясы, өз кезегінде тарих пәнінің мұғаліміне жаңа талаптар қояды. Маманның өз мамандығына жақын саладағы ғылымдардағы білімдері мен біліктерін түрлі мәселелерді шешуде кешенді қолдана білуінің рөлі артып отыр.

Қазіргі кезеңде білім берудің өлкетанушылық мазмұны, туған өлкедегі алуан түрлі үдерістер мен құбылыстарға біртұтас кешенді-жүйелі көзқарасты қалыптастыруы тиіс. Мұндай көзқарас оқылатын аймақтың жағдайын қалыптастырушы және өзгертуші факторларды, олардың өзара тең



байланысында табиғи, экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторлар тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ғылыми дүниетанымдық көзқарасты, өмір сүру ортасының біртұтас бейнесін, ғылыми негізделген экологиялық және әлеуметтік-мәдени көзқарас жүйесін, оқушылардың туған өлкеге тек қана эмоциялық тұрғыдан емес, тиімді пайдалану тұрғысынан да қарау сияқты құндылықтарды қалыптастырудың неғұрлым тиімді жолы болып табылады.

«Өлкетану» курсының мақсаты – оқушылардың туған өлкесінің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, мәдени, табиғи және тағы басқа да факторлар туралы білімдерін қалыптастыру, туған елге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, қоршаған табиғи ортаны аялай білуге тәрбиелеу болып табылады.

Бүгінде аймақтың компоненттерін ескере отырып, өлкетану жұмысын жүргізу білім беру мен тәрбиелеудегі инновациялық қадам болып табылады. Өлкетану жұмыстарында білім алушылар сыныптан тыс киелі орындарға, мәдени мекемелерге, тарихи орындарға, ұлттық табиғи парктерге өлкетанулық саяхат жасайды. Саяхат барысында оқушылар түрлі табиғи жағдайларға тап болады. Сондықтан мұғалім қауіпсіздік ережесін сақтайтын арнайы мамандармен бірігіп жұмыс жасайды. Сонымен қатар мұражай, кітапхана қызметкерлерімен де өлкетану жұмыстарын жүргізеді. Өлкетану жұмыстарының осындай ерекшелігі мұғалімнен теориялық біліммен қатар саяхатты ұйымдастыра білу машығын талап етеді.

Пәнаралық байланысты сабаққа басқа пәндерден алған білімдерін талап ететін белгілі бір танымдық тапсырма орындалатын үзінді не сабақтың жеке кезеңі түрінде енгізілуі мүмкін. Ол үшін қосымша мәліметтерді сабақты күрделендіріп немесе тарихи оқу материалының мазмұнын көмескілемейтіндей етіп, мұқият іріктеген жөн.

«Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек. Жаңартылған білім мазмұнындағы оқыту міндеттерінде оқушылардың басқа пәндерді оқып-үйренуде алған білімдері мен біліктерін тарих сабағында да қолдану, дамыту, бекіту және жинақтауды көрсеткен абзал. Оқу материалының мазмұнында алдыңғы білімдеріне (басқа пәндерде) арқа сүйеуді қажет ететін, сондай-ақ басқа пәндерді оқытуда дамытуға болатын сұрақтарға мән берген жөн.

Рухани-адамгершілік тәрбие қоғам өмірінің нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген тұлғаның өзіндік санасын дамыту, этикалық ұстанымдары мен оның моральдық қасиеттерін және мақсатын қалыптастыру үшін жағдай туғызуды көздейді. Бұл мақсат тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бірі құндылықтық көзқарасты жүзеге асыруда өзекті. Өз кезегінде, құндылықтық (аксиологиялық) көзқарас – адамзаттың түсінігімен және рухани-адамгершілік мазмұнымен анықталатын адамның әлемге, өзге адамдарға, өз-өзіне және т.б. қатынасы, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың диалектикалық бірлігіне сүйену.

Тәжірибеде, тарих сабағына өлкетанулық материалдарды қалай кіріктірудемін. Оны «Қазақстан тарихынан» 7-сыныпта қамтылатын «Туристік маршруттар» тақырыбындағы жұмыстар негізінде тарқатсам. Аталған тақырып 1-тоқсанға белгіленген, пәндерді кіріктіре оқыту талаптарына сай сол тоқсандағы сабақтардағы материалдарға кіріктіріле оқытылуы тиіс.



«Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы» тақырыбының 3-сабағында 1-топқа сол кезеңдегі отарлауға дейінгі Сыр өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді анықтау мақсатында туристік маршруттар құрастыру тапсырмасы берілді. Бағалау критеріі - туристік маршруттарды неге осылайша құрастырған себептерін түсіндіреді. Мұнда қолдану деңгейіндегі тапсырма орындалады деп жоспарладым. «Дүниенің төрт бұрышы» әдісімен оқушыларға Сыр өңірінің картасы ұсынылып, әр жұп бір «туристік маршрут» бағыты бойынша жұмыс жасап,



нәтижесінде осы бағыттарды мозайка құрастыру арқылы қорғайды.

Картадан Қармақшы, Қорқыт Ата кесенесі, Арал-Кердері мавзолейі, Бұланды ескеркіштері, Сығанақ қалашығы, Жетіасар, Бәбіш мола, Шірік Рабат, Жанкент, Ұйғарақ, Түгіскен, т.б. тарихи-мәдени ескерткіштерді көрсету сұралады.

Бұл тапсырмада нәтиже сараланады: картамен жұмыс барысында дағдысы төмен оқушылар кесенелердің атауын айтып шығады, дағдысы орташа оқушылар кесенелердің орналасқан аумағын көрсетеді, дағдысы жоғары оқушылар сәулет өнері түрлерінің ерекшеліктерін түсіндіреді.

Нәтижесінде – туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, мәдени, табиғи және басқа да факторлар туралы білімдері қалыптасады; туған елге деген сүйіспеншілік сезімін, қоршаған табиғи ортаны аялауға тәрбиелеу жүзеге асырылмақ.

Өлкетану материалдары арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу педагогикалық үдерістің: түсінік қалыптастыру – білім беру – біліктілік – практикалық іс-әрекетке баулу атты тізбегін құрастыруды көздейді. Мұғалім алды мен оқушылардың бойында:

- Отанадамның дүниеге келген жеріретінде, туған жердің табиғаты, анатілі, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарих, туған өлкетұрғындарының өмірінде гүлттық ерекшеліктер, отан сүйгіштік сезім туған өлкеге деген көзқарас түсініктерін қалыптастырады;

- ұжымда және өздігінен жеке жұмыс істеу барысында оқушы «Отан», «туған жер» ұғымдарын меңгеруі тиіс, оқушыны туған өлкенің тарихын, өзінің ата-тегін, олардың тарихын өз бетімен оқып-білуге, Отанға, еңбеке туге, қоршаған адамдарға қарасты өзінің көзқарасын анықтауға, саралауға қажетті білімді қалыптастырады;

- оқушы саралау, түсініп оқу, ерінбей тірнектеп материал жинау, мұрағатта жұмыс істеу, экскурсияны жүргізуші дағдыларын үйрену арқылы біліктілігін арттырады;

- өлкетану жұмысының түрлері: саяхат, экскурсия, бақылау жүргізу, кеппе шөп жинау, тәжірибелер жасау, мамандық иелерімен кездесулер тағы басқа практикалық іс-әрекеттерді оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, құндылық көзқарастарын қалыптастыруға, білуге деген қызығушылықтарын арттыруға бағыттайды.

Осылайша, пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқушылардың танымдық әрекетін арттыруға жағдай жасайды, барлық оқу пәндерінің мазмұнын өзара байланыста жан-жақты ашуға көмектеседі.

Пәнаралық байланыста мұғалімнің ақпаратты тасымалдаушы және таратушы рөлі екінші орынға ығысып, оның білімді интерпретациялаушы рөлі басымдыққа ие болады. Ең бастысы, оқушыларды жаңа білімдерді пайдалана білуге үйрету, зерделеуіне дұрыс енгізу, тақырыптық және пәнаралық байланыстарға басымдық беру, білімдерді жаңа жағдайларда пайдаланудың берік дағдыларын қалыптастыру, солардың негізінде оқушылардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқыту мен оқу үдерісінің барынша жоғары деңгейіне көтерілуін қамтамасыз ету.

Оқу бағдарламалары мен оқулықтарда айқын өзара байланыстың болмайтындығына қарамастан, әр мұғалімнің оқыту үдерісінде пәнаралық байланысты жүзеге асыруына кең мүмкіндіктер бар. Ол үшін білім беру мазмұны мен оқыту әдістері үйлесімді өзара байланыста және өзара тәуелді болғаны абзал.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала. 12 сәуір, 2017. <http://online.zakon.kz/>.

2. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. Алматы, 1997. 90 с.

3. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген. Астана, Ы.Алтынсарин ат. ҰБА, 2015. 21 б.

4. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. www.cpm.nis.edu.kz



**РЕАЛИЗАЦИЯ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ПИЛОТНОГО ПРОЕКТА «ОСНОВЫ
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И БИЗНЕСА» КАК ФАКТОР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
ВОСПИТАНИЯ И РАЗВИТИЯ БИЗНЕС- ИНИЦИАТИВ УЧАЩИХСЯ**

Ахметова А.Н.

директор,

Юнацкая Е.В.

зам. директора по ПО,

КГУ «Гимназия № 93», г. Караганда

В январе месяце 2018 года Первый Президент РК озвучил в Послании народу Казахстана 10 основных задач, которые предстоит реализовать нашему обществу. Приоритет: «Казахстанская индустрия должна стать флагманом внедрения новых технологий» напрямую взаимосвязан с повышением качества человеческого капитала, которые показывают потребность общества в инициативных гражданах, высоких профессионалах в различных областях, обладающих предпринимательским мышлением. Было подчеркнуто, что и к сфере образования пора относиться как к отдельной отрасли экономики со своими инвестиционными проектами.[1,с.1].Поэтому, одним из проектов стал предложенный Министерством образования и Науки РК новый учебный предмет «Основы предпринимательства и бизнеса» для учащихся 10-11 классов, который разрабатывался совместно с Национальной палатой предпринимателей РК. Было отмечено, что на основе данных международных и республиканских исследований, казахстанские школьники испытывают потребность в получении экономических знаний и развитии навыков, которые станут основой их будущего успеха в профессиональной деятельности. По результатам статистического опроса среди учащихся 10-11 классов, проведенного Национальной Палатой предпринимателей «Атамекен», было отмечено, что учащиеся нуждаются в знаниях о том, как устроена бизнес- среда и какие составляющие определяют успешную экономику, как составляется бизнес- проект и через какие индикаторы можно определить успешность его реализации. Если обратиться к международному опыту, то изучение основ бизнеса подростками 15-17 лет- обязательная часть среднего образования во многих зарубежных странах. Сегодня Финляндия, Швеция, Норвегия- лидеры в сфере инновационной экономики, что является косвенным свидетельством правильно выбранной методики профессиональной ориентации и обучения основам предпринимательства. В связи с этим в 2017 году Национальной академией образования имени Ы. Алтынсарина, АОО «Назарбаев Интеллектуальными школами» совместно с Национальной Палатой предпринимателей РК «Атамекен» и Almaty Management University была разработана учебная программа по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса». С 2017 года в 14 организациях образования Республики в качестве пилотного проекта проходит апробация данной программы, учебников и учебно- методических комплексов. В гимназии № 93 учебный предмет «Основы предпринимательства и бизнеса» реализовывался в пилотном режиме, проходя несколько этапов апробации. Так, со второй четверти 2017 года апробация учебников и реализация учебного предмета проходила в 10 классе с казахским языком обучения. Затем, с сентября 2018 года - в 10 классах русским и казахским языками обучения. А с сентября 2019 года- в 11 классе с казахским языком обучения. В ходе реализации пилотного проекта учителя и учащиеся активно участвуют в обратной связи через взаимодействие с составителями учебника и представителями Палаты предпринимателей Карагандинской области «Атамекен» с целью улучшения содержательного контента учебной программы.

Какие шаги делала гимназии для реализации пилотного проекта?

- Во-первых: кадровая подготовка. В гимназии в течение десяти лет проходило изучение основ экономических знаний учащимися в качестве курса по выбору. Сформирован кадровый состав. Учителя экономики под руководством методистов УМЦ РО Карагандинской области являлись соавторами областной программы по развитию экономических знаний для учащихся 5-7 классов «Экономика для всех». В течение двух лет учителя экономики проходили курсовую переподготовку по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса», проводили апробацию учебников.

-Во-вторых: активное взаимодействие с учащимися 10 классов и родительской общественностью с целью информирования о необходимости внедрения данного учебного предмета в учебный процесс с целью формирования экономических знаний учащихся и развития бизнес-



инициатив. Отметим, что ежегодно около 5-7 % выпускников гимназии поступают на экономические специальности в высшие учебные заведения. Поэтому реализация данного предмета может рассматриваться как социальный заказ со стороны родителей и учащихся.

-В-третьих: материально- техническая база и возможность сотрудничества с высшими учебными заведениями Карагандинской области. В течение нескольких лет гимназия № 93 активно взаимодействует с экономическими факультетами КарГУ им. Е.А. Букетова и Карагандинским Экономическим Университетом (КЭУ), что помогает использовать каворкинг- центр КарГУ им. Е.А. Букетова и электронную библиотеку КЭУ для проведения практических занятий при составлении бизнес- проектов.

На данный момент гимназия заключила договор с кафедрой экономики и международного бизнеса экономического факультета КарГУ им. Е.А. Букетова и подписан меморандум об открытии филиала кафедры на базе гимназии № 93. Такое сотрудничество дает возможность более глубоко понять основы предпринимательства и бизнеса, погрузиться через совместные мероприятия в бизнес- среду и глубже осознать сам предмет «Основы предпринимательства и бизнеса»

Поэтому мы можем утверждать, что в гимназии сложились кадровые, мотивационные и социальные условия для реализации пилотного проекта Республиканского уровня.

В чем же особенность нового образовательного предмета и как проходит апробация? Программа для учащихся 10-11 классов состоит из 68 часов и рассчитана на 2 года обучения. Целью изучения предмета «Основы предпринимательства и бизнеса» является получение учащимися базовых знаний основ предпринимательства, бизнеса, экономики, менеджмента и маркетинга. В 2017 и 2018 учебных годах апробировался в учебном процессе интерактивный учебник, авторами которого являются Е.С. Дусейханов, А.А. Сейтенова и А.С. Щеглов. Учебник 10 класса состоял из нескольких взаимосвязанных тематических групп: «Экономические бизнес-понятия и термины», «Подготовка к созданию компании», «Организационная структура компании», «Устав компании», «Бизнес-план», «Регистрация юридического лица», «Правовое регулирование обязательств», «Финансовый учет». Для учащихся 11 классов с казахским языком обучения в 2019 году базовым учебником является «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», изданного в соавторстве (Қ. Ж. Аганина, Ж.У. Кобдикова, Е. Ж. Караев, О. М. Залучёнова, А. А. Нұрғазы. Алматы, Арман-ПВ 2019 год).

В ходе обучения предполагается опора на деятельностный подход и интеграцию. Так, 40 % учебного времени занимают теоретические аспекты предпринимательства и бизнеса. Кейсы по направлениям занимают 15 %. А проведение экономических игр, выполнение бизнес- проектов составляет 45 % учебного времени. В десятом классе учащиеся знакомятся с теоретическими основами бизнеса и предпринимательства, посещают успешные предприятия области, участвуют в деловых играх. В 11 классе планируется формирование умений учащихся по генерированию перспективных бизнес- идей в своем регионе, на основе которых учащиеся смогут составлять свои бизнес- планы и проекты, учиться бизнес-моделированию и адаптации в изменяющихся условиях конкуренции в целях повышения выживаемости бизнеса, проводить исследования с использованием современных информационных технологий и аналитики [2, с.3].

Для того, чтобы занятия носили деятельностный подход и помогали погрузиться в реальную бизнес- среду, гимназией № 93 был составлен План совместных мероприятий с Палатой предпринимателей Карагандинской области «Атамекен». В рамках сотрудничества учащиеся ежегодно посещают ряд успешных предприятий малого и среднего бизнеса Карагандинской области с экскурсиями. Это помогает учащимся увидеть действующие предприятия и познакомиться с бизнес- планами предприятий.

Для развития навыков планирования и составления бизнес- проектов был использован опыт преподавателей «Бизнес- школы» колледжа КЭУк, которые познакомили учащихся с деловой игрой «Знакомство с бизнесом». На данный момент эта деловая игра в системе применяется на уроках, помогает моделировать экономические ситуации и дает возможность попробовать себя в роли предпринимателя. В ходе уроков учащиеся участвуют в деловых играх, разработанных в учебнике в виде кейсов, составляют наброски бизнес- проектов, учатся работать в команде, сотрудничать.


В ходе реализации пилотного проекта проводится в системе мониторинг и используется обратная связь. Так, по результатам опроса учащихся, данный учебный предмет интересен и формирует экономическую и бизнес- компетенции, развивает лидерские качества.



XXI ҒАСЫРҒА ЛАЙЫҚТЫ ТӘРБИЕНІҢ САПАЛЫҚ НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРЫ: «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

В мае 2019 года было опрошено 38 учащихся 10 классов. Опрос состоял из нескольких вопросов.

Определи степень важности данного учебного предмета для себя лично.




Вопрос № 1. Определи степень важности данного учебного предмета для себя лично через следующие критерии: «не важен», «не определился с ответом», «важен», «очень важен», «другой ответ»

Какие качества, умения и навыки формируются у тебя в ходе изучения данного предмета?



Пригодятся ли полученные знания тебе в жизни?



2. Какие качества, умения и навыки формируются у тебя в ходе изучения данного предмета? «экономические знания», «навыки моделирования», «умение составлять бизнес-проект», «навыки лидерства», «умение работать в команде», «другой ответ».

3. Пригодятся ли полученные знания тебе в жизни? «да», «частично», «нет», «не знаю», «другой ответ».

По итогам опроса можно сказать об актуальности данного учебного предмета и мотивированности учащихся к его изучению. У учеников формируются лидерские качества, развиваются коммуникативные навыки, закрепляются умения работать с информацией, проводить аналитику, составлять простейшие бизнес-планы. По отзывам учащихся, обучение на уроках по предложенной программе способствует привитию ответственности за свой выбор и формированию мышления предпринимательского склада, активной жизненной позиции. В ходе обучения через деятельностный подход у учащихся формируется практическая база навыков для будущей самостоятельной деятельности в современных рыночных условиях. Все это помогает стать более социально-адаптивным и активно использовать полученные навыки в будущем.

Знания, полученные на уроках, учащиеся смогли успешно продемонстрировать в ходе предметных олимпиад по экономике различных уровней, ежегодно проходящих на базе КЭУк, в ходе которых наши старшеклассники ежегодно занимают призовые места. Так же по итогам Республиканской олимпиады в городе Алматы трое учащихся гимназии были отмечены дипломами 3 степени и приглашены для участия во второй ежегодной Международной олимпиаде AIFC Finance Olympiad в город Нур-Султан. Планируют обучаться на экономических специальностях 7 учащихся из 38 выпускников 11 класса.

По итогам опроса учащихся (анкетирование «на входе» и «на выходе»), апробации учебников и наблюдений учителей экономики, мониторинговых срезов по реализации программы предмета, можно утверждать, что, введение в обязательную школьную программу предмета «Основы предпринимательства и бизнеса» будет способствовать воспитанию молодых граждан Казахстана,



знающих тонкости ведения бизнеса со школьной скамьи. Материалы учебника «Основы предпринимательства и бизнеса» помогают обучающимся в формировании теоретических основ предпринимательства и учат основам бизнеса, формируют практические умения личной финансовой грамотности, предпринимательского мышления и умения видеть возможности для реализации своего потенциала, приобретении навыков генерирования бизнес-идей и их развития до уровня предпринимательской деятельности.

STEAM- обучение- это результат труда многих людей, умеющих интегрироваться ради получения наилучшего результата. Это и мастер- классы по проектной деятельности тренера Татьяны Драфт, учителей гимназии Гилемхановой З.З., Бикмуллиной Г.Р, Куневич Л.С, Гайнуллина В.О, Галиуллиной А.М, Садыковой Г.С, Закиуллиной Р.С, Эккерт О.А, Ивлевой Л.Н; учителей «ОШ № 14» Кондратовой А.Б, Мосуновой И. Э, методиста детского сада 22 Сериковой Н.С.

Позиция обновления системы образования способствует решению общенациональных интересов Казахстана: укреплению и развитию демократии, социальной стабильности; развитию национального самосознания; гармонизации межэтнических отношений; духовному возрождению.

У каждого народа, у каждой цивилизации есть святыне места, которые несут общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа

Н. Назарбаев

В рамках программы «Сакральная география Казахстана» участники проекта «Мы- вместе!», посетили знаковые места Казахстана: Теректы, Аулиетау (Улытау), Туркестан (в т.ч. Отрар), Улытау (респ. фестиваль «Жас киік»), организованные руководителями ОО «Шындық», представителями творческой интеллигенции г. Сатпаев Абдоллой Дастаном и Жаксылыком Омаровым. «Улытау должен стать центром этнографического туризма международного уровня», – сказал Глава государства и сам присутствовал на фестивале [2]. В октябре состоялась экскурсия актива «Дома Дружбы» по сакральным местам Казахстана «Беседа на Шёлковом пути». В гимназии Бикмуллина Г.Р организовывала поездки в Астану, Караганду (Долинка) по сакральным историческим местам.

Ценным в этих поездках является то, насколько воодушевились участники новыми целями для экскурсий, осмыслений. А ученица КГУ «Гимназия им. С. Сейфуллина» Бурцева А. углубилась в процесс и исследовала тему «Древнее искусство на скалах Казахстана». На школьной НПК она заняла 2 место. Гольштейн А. к знаменательной дате К.И. Сатпаева исследовала тему «Чье имя носит мой город?» и выяснила, что ее бабушка жила в Жездах рядом с семьей К. Сатпаева и по- соседски общалась с Таисией Алексеевной Кошкиной.

Т.е. нам удалось проблематизировать и задать пространство, в ходе которого детям пришлось применить STEAM- подход.

По направлению «Новое гуманитарное знание. 100 учебников на казахском языке» в Доме Дружбы («Творческое пространство») состоялась встреча в единый день АНК (Ассамблеи народа Казахстан) по обсуждению проекта «100 новых учебников на казахском языке». На диалоговой площадке профессор Т.К. Алланиязов выступил по теме «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», один из проектов – это «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке».

На областном конкурсе «Бұқарекен жырлайды», в номинации «Әлемді түгел білсе де» Шаймонова Собида Хаитмуратовна заняла 2 место. Она читала стихотворения Бухар жырау Калкаманулы (350-летие) на казахском, русском и татарском языках, а переводом на узбекский и татарский языки занималась вся команда.

Участники нашей команды участвовали в конкурсе на премию Акима г. Караганды «Тіл жанашыры» в номинации «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте».

Также, в Доме Дружбы ведутся занятия для желающих изучать государственный язык, ведется работа по переходу государственного языка на латиницу: алфавит, диктант и др.

14 февраля- в международный день дарения книг, в Coworking-центре Дома Дружбы прошла акция "Подари книгу", которая была инициирована ЦГБ (центральной городской библиотекой) . Это было подобно "Клубку добра", когда ребёнок, получив подарок, старался достойной книгой отблагодарить членов акции.

В день придания казахскому языку статуса государственного в Доме Дружбы прошла встреча с представителями различных этносов. Гости праздника имели возможность услышать стихи, песни и



поздравления на государственном языке, а особенность встречи была в том, что это делали представители разных этносов.

STEAM- подход в этом направлении активно применялся летом, во время работы летнего лагеря: дети в игровой форме изучали государственный и английские языки; занимались «Art-терапией». А в летнем информационном лагере прошла серия мероприятий, направленная на повышение IT- компетентности учащихся.

15 октября страна отмечала 250- ление С. Сейфуллина. К этой дате был приурочен челлендж «Сұңғыла жырдың сұңқары». Каждый класс готовил презентацию поэтического творчества С. Сейфуллина и с этой информацией, стихотворениями поэта выступал в параллельных классах, а тесно своими выступлениями шли дальше.

На протяжении нескольких лет в гимназии проводится акция «Bookcrossing» по принципу: «прочитал - отдал другому». Активное участие в ней принимает директор гимназии Г.К. Суюнжанова и личным примером поддерживает идею книговорота, а бывшие ученики гимназии подарили школе стильный читальный зал, поэтому акция набирает обороты.

В рамках программы «100 новых лиц» и «Современная казахстанская культура» (культурные достижения нашей страны периода независимости) рассматривалась в числе других кандидатура ученицы гимназии Гатиятовой А.- победителя и призера многих международных, республиканских, областных, городских творческих конкурсов.

Современную казахстанскую культуру развивают энтузиасты на местах. Взаимообогащение культур происходит в тот момент, когда наши педагоги, воплощая принципы поликультурного воспитания в практику, рассказывают о культуре своего народа. Иногда, неожиданно для себя, находят много общих черт и признаков в предметах социально-бытовой среды. Педагоги хореографии, обучая детей одному из самых любимых видов искусства – танцу, также вносят свой неоценимый вклад в поликультурное воспитание. Для того чтобы понять танец другого народа, не нужно знание языка; это – один из первых средств, которым люди могли выразить свои чувства и эмоции. Темірлан Д. подготовлен проект «Образ коня в творчестве казахского и русского народов», а Гимаев Р. исследовал тему «Сходства и различия в культурах казахского и татарского народов».

Заклучение

*Чем государства просвещеннее, тем больше они
сообщают друг другу идей и тем больше
увеличивается сила и деятельность всемирного ума*

Клод Адриан Гельвеций

Толерантность, дружелюбие, уважение к людям разных национальностей являются ключевыми посланиями воспитания и не передаются по наследству. В каждом поколении их надо воспитывать вновь, и чем раньше начинается формирование этих качеств, тем большую устойчивость они приобретают. Необходимо отметить, что поликультурность, как качество личности, развивается с детских лет и на протяжении всей жизни под влиянием различных социальных институтов, общественных организаций, образовательных учреждений.

На «Творческих пространствах» происходит знакомство с обычаями и традициями казахского народа; понимание и принятие другой культуры; взаимопроникновение культур; привитие гармоничных, естественно-позитивных, осмысленно-гуманных без оглядки на этнос, отношений.

Проблему образования и воспитания детей в полиэтническом обществе трудно переоценить, поэтому у нас создана концепция культурного синтеза и интеграции детей в единую нацию – нацию казахстанцев.

Поликультурное воспитание- это комплексный разносторонний процесс социализации личности, основанный на преемственности культуры, традиций и норм. Патриотизм начинается именно с любви к своей земле, малой родине. От малой родины начинается любовь к большой родине – своей родной стране. Показатель прогрессивной общественной жизни – это разнообразие культур. Объединение людей разных национальностей на «Творческих пространствах» - это уважение культурных различий между представителями разных национальностей.

Поэтому и программа «Цифровой Казахстан», и программа трехязычия, и программа культурного и конфессионального согласия- это часть подготовки нации (всех казахстанцев) к жизни в XXI веке. Это часть нашей конкурентноспособности [1].



Директор Международного института новых образовательных технологий РГТУ С.В. Кувшинов в своем выступлении «На пути к конвергенции наук и образования в эпоху Индустрии 4.0» отметил, что «..изменения в области науки и техники все больше охватывают самые разные стороны жизни: рынок труда, жизненную среду, политические системы, технологический уклад, человеческую идентичность и другие. Вызываемая к жизни экономической целесообразностью и привлекательностью нового качества жизнедеятельности, четвёртая промышленная революция, несёт в себе риски повышения нестабильности и возможного коллапса мировой системы, в связи с чем её наступление воспринимается как вызов, на который человечеству предстоит дать достойный и адекватный ответ» [3]. А давать этот ответ придется нашей молодежи.

Следует заметить, что в современных условиях образ жизни человека определенным образом унифицируется, стираются многие национальные различия, теряется связь человека со своими корнями, обесценивается нравственный опыт предыдущих поколений. Поэтому перед преподавателем стоит важнейшая задача – использовать весь свой уникальный опыт и знания культурных традиций народов и этносов, общечеловеческих ценностей и мировой культуры в создании благоприятной образовательной и воспитательной среды, способствующей формированию поликультурной социально-активной личности.

Слагаемыми многоязычия должны явиться родной язык, который закрепляет осознание принадлежности к своему этносу, казахский язык как государственный, владение которым способствует успешной гражданской интеграции, русский язык как источник научно-технической информации, иностранный и другие неродные языки, развивающие способности человека к самоидентификации в мировом сообществе.

Литература:

1. Статья Первого Президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» от 12 апреля 2017.
2. Оповещение SPUTNIK: <https://ru.sputniknews.kz/politics/20190825/11354988/turist-festival-tokaev-altyn-or-da.html>
3. С.В. Кувшинов «На пути к конвергенции наук и образования в эпоху Индустрии 4.0»
4. Волков А., Ливанов Д. Ставка на новое содержание: Ключевые тренды новой парадигмы высшего образования России //Ведомости. — 03.09.2012.
5. <http://urok.1sept.ru/статьи/652315/>
6. <http://urok.1sept.ru/статьи/565180/>
7. http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya.

МАТЕМАТИКАНЫҢ ҚОҒАМ САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Татаева К.Е.

математика пәнінің мұғалімі,
«№19 мектеп-лицейі»КММ,
Сәтбаев қ.

Математикалық тіл математикада ғана қолданып қоймай, басқа жаратылыстану ғылымдар мен тағы да басқа ғылымдарда қолданылады. Мысалы, физика, химия, экономика сияқты ғылымдардың заңдылықтарының барлығы математикалық тіл арқылы бейнеленеді. Сонымен бірге математикадағы көптеген маңызды ұғымдар процент (пайыз), қиылысу, параллель, перпендикуляр (тік), ұқсас, тең, симметрия, жиын, ықтималдық, сандар тізбегі, теру, функция, тендеу, пікір, ой қорыту (пайымдау) дәлелдеу сияқтылардың арнаулы қолданылатын тілі бар. Олар басқа ғылымдарға да кеңінен қолданылып қана қоймай, оның үстіне қоғамдық тұрмыста да кеңінен қолданылады. Бұл қазіргі адамдардың білмесе, үйренбесе, қолданбаса болмайтын тілі болып табылады. Математиканы кәсіби меңгеруге даярлаумен қатар таңдап алған мамандығына тәуелсіз математикалық даярлықтың кепілді деңгейін қамтамасыз ету маңызды мәселе.

Математиканың практикалық пайдасы, оның адам тәрбиесінде күнделікті меңгерілген қарапайым түсініктерден бастап, ғылыми және техникалық дамыту үшін қажетті күрделі нақты



Әлемнің фундаменталды құрылымының кеңістік формалары және сандық қатынастарының пән болып келуінің шарттарынан шығады. Қазіргі кездегі техника құрылымның принциптерін білу және оны қолдануды, ғылыми білімді қабылдауды, саяси, экономикалық әлеуметтік ақпараттарды меңгеруді математикалық білімсіз түсіну қиын. Қазіргі кезде қалыптасқан қоғамдық тәжірибені қайта бағалау білім беру жүйесіне, мамандарға қойылатын талаптарды өзгертуде, сайып келгенде математикалық негізде ізденіп талдау жасау шешу қабілетін жетілдіріп отырады.

Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді. Ал математика ғылымынсыз кез келген маман иесін елестету мүмкін емес. Математика ол адам өмірімен тығыз байланысты. Мысалы адамның туған жылдарына байланысты есептер қарастырайық.

№1. «Жасы мен туған жылдар» есебі.

Ағайынды екі баланың үлкенінің жасы 1987 жылы дүниеге келген інісінің туған жылының сандарының қосындысына, ал інісінің жасы ағасының туған жылының қосындысына тең болады. Екеуінің ара жасының айырмашылығы 7 жас. Олай болса, олардың жасы мен туған жылы қай жылдар болмақ?

Жауабы: Інісі 1987 жылы туылған десек, ағасының жасы 25 болады. Екеуінің жас айырмашылығы 7 жыл болғандықтан 1987-ден 7-ні шегеру керек. Сонда ағасының туған жылы шығады. Яғни, ол 1980 жылғы, яғни інісі 18 жаста.

Күнделікті жұмбақ және логикалық есептер арқылы ойлау қабілеті дамиды.

№2. «Қасқыр, шөп және ешкі» есебі.

Өмірде де, қарапайым тірлікте де небір жұмбақтар бар. Алайда, олар бір – екі сөйлемнен құралып: «Еңіреуден екі ат келеді. Ол не?» дейтін қарапайым ауызекі тілде айтыла салып, оңай шешіле қоятындай жеңіл жұмбақ емес. Ойланып, толғанып, дәлелді пайымдаулар жасауға тура келеді. Мына жұмбақ әңгіме де соның бірі. Арқасында шөбі, алдында ешкісі, соңында қасқыры бар шаруа өзеннің жағасына келіп аңтарылып тұрып қалады. Өтетіні жалғыз қайық. Өзімен бірге шөпті алып өтейін десе қасқыр ешкіні жеп қояды. Қасқырды өткізсе, ешкі шөпті жеп қояды. Бірақ шаруа ойланып шешімін табады. Сөйтіп қасқырды да, шөпті де, ешкіні де аман – есен арғы жағаға өткізеді. Ал, сен болсаң қалай өткізер едің?

Жауабы: Адам алдымен ешкіні алып өтеді, сонан соң шөпті апарып, ешкіні алып бергі жағаға келеді. Ешкіні тастап, қасқырды қайыққа отырғызады. Соңында ешкіні қайтадан алып кетеді.

Мектептен бастап математиканың өмірдегі маңызын түсінген адам өзінің ой өрісі мен зеректігін дамытып, мақсатына жету үшін табанды болуға ерік-жігерін тәрбиелей алады. Сондықтан да кәсіпкерге де, мұғалімге де, дәрігерге де, артиске де, құрылысшыға және суретшіге де және т.б. мамандықтар иелеріне математика қажет. Математиканы өмірмен байланыстыра оқыту оқушылардың алған білімдерін талдап, түсініп қолдануына мүмкіндік береді. Математиканың басқа ғылымдармен байланысы оның химиямен, физикамен, биологиямен, информатикамен тығыз байланысты. Сәйкес оқиғаларды есте сақтау үшін ойлау қабілеті немесе оқиғалардың логикалық тізбегін қадағалай блуі қажет.

№1. Қауын мен қарбыздың массасы 8 кг. Егер қарбыз қауыннан 3 есе ауыр болса, қауын мен қарбыздың массасы қандай?

Шешуі: Бізде қауын мен қарбыздың жеке-жеке массасы белгісіз. Сондықтан екеуінің де массасы x деп аламыз, бірақ қарбыз қауыннан 3 есе ауыр болғандықтан x –ті 3-ке көбейтеміз.

Қауын – x

Қарбыз – $x \cdot 3 = 3x$

Есептің шарты бойынша Қауын + Қарбыз = 8 кг. Онда

$x + 3x = 8$

$4x = 8, x = 2$ біздің белгілеуіміз бойынша x қауын салмағы, сондықтан қауынның массасы 2 кг,

қарбыз $3x = 3 \cdot 2 = 6$ кг.

Жауабы: Қауын 2кг, қарбыз 6кг.

№2. Дүкеннен Марат 2 кг алма, 3 кг күріш, 1 кг сары май алды. Алма 250 тг, күріш 200 тг, сары май 900 тг тұрады. Марат дүкеншіге қанша теңге төлеу керек?

Шешуі:

$$2 \cdot 250 + 3 \cdot 200 + 900 = 500 + 600 + 900 = 2000$$



Жауабы: 2000 тг

№3. Басты көшенің бір жағындағы барлық үйлер 1-ден 39-ға дейінгі тақ сандармен, ал қарсы жақтағы барлық үйлер 2-ден 34-ке дейінгі жұп сандармен орналасқан. Бұл көшеде қанша үй бар?

Жауабы: Барлығы 37 үй

№4. Суретші мектеп бөлмелерін нөмірлеуге тиіс еді. Бөлме саны 100 болса, қанша рет 9 цифрын жазу керек?

Жауабы: 9, 19, 29, 39, 49, 59, 69, 79, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99

20 рет

№5. Егер Азамат атлетикада жарыста алдынан 25-ші орын алса, артынан 25-ші орын алса, жарысқа барлығы қанша адам қатысқан.

Жауабы: Жарысқа барлығы 49 адам қатысты

Математиканы оқыту арқылы мәселені талдай білуге, нақтылауға, ұғымдарды анықтауға, ой қорытулар жасауға, дәлелдеуге тағы басқа іс – жүзінде қадам сайын логикалық білім беріледі. Математиканың өмірмен байланысы анық. Миды жаттықтыру үшін адамға математиканы үйрену, есеп шығару, математиканың бүкіл заңдарын басқа ғылымдарды оқығанда пайдаланады.

Географиямен байланысына келсек қалалардың арақашықтығын анықтығанда масштаб, қолда бар карталар есепке алынады, қарапайым математикалық есептеулер арқылы қажетті деректерді алуға болады.

№1. Картадағы 1 см-ге Жер бетіндегі 750 м қашықтық сәйкес келеді. Картаның масштабын табындар.

$$750 \text{ м} = 750 * 100 \text{ см} = 75000$$

Жауабы: 1:75000

№2. Ұзындығы 180 км жолды турист пойыз және автобуспен жүріп өтті. Пойызбен жүрген жол автобуспен жүрген жолдан 2 есе артық. Турист автобуспен қанша километр жүріп өтті?

Шешуі: автобуспен – x , пойызбен – $2x$.

$$2x + x = 180, x = 60 \text{ км}$$

Жауабы : автобуспен 60 км жүрген

Мұндай логикалық ойлауды логикалық және математикалық есептердің көмегімен жүргізу керек. Біздің өміріміздегінің бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Тіршілік құбылыстарын бір-бірінен бөліп зерттеуге болмайды. Логика дегеніміз – спортшыға да, бишіге де, жазушыға да керек. Ой-әрекетті дамыту үшін өз бетінше білімді тәжірибеде дамыту үшін математикалық сауаттылық қажет. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін талантын дамыту негізгі міндет болып отыр.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде математикалық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуы шартты екені айқын. Ол адамның жеке өміріне, кәсібіне, қоғамдық әлеуметтік саласына және ғылымға бағытталған бөлімдермен байланыстырылған. Математика тәжірибелік ғылым. Математиканың жарыққа шығу қайнары заттық өнімдерді бөліске салу, уақытты есептеу, жер өлшеу және сыйымдылық сияқты іс жүзіндік факторлар болғандықтан математика мен ақиқат дүние ерекше жақын болады. Математикалық ұғымдардан, әсіресе, математикалық негізгі ұғымдардың барлығынан ақиқат дүниенің құпиясын байқауға және оны танып шығуға болады.

Қазіргі кезде экономиканың бір саласында жаңалық енгіземіз, технологияларды жаңартамыз десек, көп жағдайда тиісті өндірістің ерекшеліктерін зерттеп сараптап, ақпараттық құрылымын жасауымыз керек. Көп жағдайда бұл мәселелер математикалық негіздеуді талап етеді. Осы ғылым мен білімді меңгеру үшін ең бірінші адамның табандылығы, еңбекқорлығы, ынтасы болуы керек. Математикалық терең білім математика бағытындағы мамандықты таңдаған адамға аса қажет және ол адам өз мамандығы бойынша өз саласын дамытуға керекті құрал-жабдықтарын ала біледі. Ол келешекте бизнеспен айналысатын адамдарға алдына қойған мақсатқа жетуге жол ашады. Бизнес – жоспар қазіргі заманда еліміздің экономикасын дамытуға жол ашады. Белгіленген мерзімде алдына қойған мақсатқа қол жеткізу үшін математикалық сауаттылық ауадай өте қажет екенің барлығымызға мәлім.

Математика жеке тұлғаның ақыл-ой қабілетінің көзін ашу және оның үздіксіз дамуы мен жетілуін қамтамасыз ететін пәннің бірі. Математика тек білімнің өркендеу құралы емес, ол бүкіл



адамзаттың өркендеу құралы екенінде ешбір күмән жоқ. Себебі, математика барлық мамандық иесінің логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Қорыта келгенде математика қоғам саласында да, тұрмыста да қажет дүние екені айтпасада түсінікті. Математика ғылымы түпсіз терең, құпиясы мол, болашағы зор әлем екенін дәлелдей түседі. Қазіргі заман математика ғылымының жан-жақты өте кең тараған кезеңі. Қазіргі білім беру саласындағы рухани жаңғыру – әлеуметтік, педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістері, білім мазмұнын жаңарту, ұлттық модельде жұмыс жасаудағы математикалық бағыттағы жұмысымызды одан әрі жетілдіруге сеніміміз мол. Еліміздің болашағы, көркейіп өркеніетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрініп жүзеге асуда. Математикалық білім берудегі негізгі мақсатымыз – бүгінгі қоғамдағы кәсіби мамандығына қажет математикалық білім жүйесі бар, оны қолдана білетін, экономикалық, нарықтық қатынасты түсінетін, жаңаша ойлау қабілеті бар, саяси ахуалды, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. «Математикадан кластан тыс жұмыстар» В.А.Гусев, А.И.Орлов.1986 .
2. «Математика тарихы». Глейзер. 2005.
- 3.«Алгоритм», «Математика в школе», «Математика және физика» журналдары.2010.

МАҒЖАН ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ

Жұмабаева Г.К.

Алматы қаласы №119 мектеп-лицей

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне ерекше назар аударып, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, болашағы деп жоғары бағалаған. Қазақ әдебиеті тарихында тәлім-тәрбие мәселесін, ағартушылық идеяның түпқазығын зерделеп көрсек, қаншама ақын-жазушылардың ұлт болашағы, рухани сауаттылық жолындағы шығармаларын көре аламыз. Н.Ә.Назарбаев: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес», - деп ерекше бөліп көрсеткен еді. Осы тұста қазақ халқының біртуар ұлы Мағжан Жұмабаевтың өлең-жырларын атап көрсетуге болады.

Иә, қазақ поэзиясын тың өрнектермен, жаңа айшықтармен байытқан, поэзия әлеміндегі ірі тұлға – Мағжан.

Мағжан шығармашылығы – адамзат даналығының таусылмас қазынасы. Бұл қазынаны ақтарған сайын тың жаңалықтар көзін тауып, сөз өнері бағзы заманнан іркіліссіз жалғасқан қазақ елін әлемдік мәдениетке жеткізу жолындағы рухани бастаушыны танитынымыз анық. Оның пайымдаулары мен парасаттылығы, озық идеялары – халқымызды дамыған елдер кеңістігіне апарар лайықты жолға жөн сілтейді.

Мағжан Жұмабаев мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі.

Абайдың «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ана, жақсы ата, жақсы құрбы, жақмы ұстаздан болады» деген дана сөзі бар. Бұдан ұғатынымыз – кез келген ата-ананың қоятын талабы – баласының әдепті бала боып өсуі.

Ата-аналық үлкен сын,
Бала өсіру – ұлы өнер.
Жақсылардың соңынан,
Жарқын қыз бен ұл өсер
Ана тәрбиесі қызға үлгі,
Әке тәрбиесі ұлға үлгі.
Атадан – өсиет, Анадан – қасиет,
Ұлың өссе, күндей болсын деп тіле,
Қызың өссе, гүлдей болсын деп тіле.



М.Жұмабаев та тәрбиенің мақсатына адамды, ұлтты, барша адамзатты жатқызады. Төзімділікке (қара суыққа, аптап ыстыққа, аштыққа), ақылмен ойлауға, дұрыс пайымдауға, көркем сөйлеуге, сыртқы тән әсемділігіне мән беріп, адамдықты ашуға жан дүниесімен ұмтылатын тәрбиелілікке балады.

Мағжан шығармаларында айтылатын қағидалар мен ойлар, ақын жүрегін мазалаған толғаныстар бүгінгі таңда, бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, уақыт озған сайын ұлттық, ұлыстық, жалпыадамзаттық философиялық-әлеуметтік проблемалар қатарында алдымыздан қайта шығып отыр.

Ұлтты сүю, кісілік деңгейге дейін көтерілу, туған халқының мүддесі үшін құрбандыққа баруға әзірлік – М.Жұмабаевтың өмірлік мұраты. Ақын қоңырқай тіршілік кешіп жатқан халқын сүйіп қана қоймайды, оның ертеңгі болашағының жарқын болатындығына сенеді.

Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,

Малды аяма, оқу-білім жолына.

Өнер алып, басқалармен қатар бол,

Қосыл бірдей азаматтың тобына! –

деп, қазақ халқының әлемдік өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен, жас ұрпақты өзге елдердегі замандастарымен бәсекеге түсе алатындай етіп тәрбиелеу ісінен іздейді. Мұндай тәрбиенің астарында ұлттық тәрбие ұғымы тұрағы сөзсіз.

Зерттеудің мақсаты: Мағжанның «Қарындастар» өлеңі арқылы оқушылар бойынан адамгершілік тәрбиені қалыптастыру.

Зерттеудің міндеттері:

1) Педагогикалық, психологиялық және әдебиет тұрғысында жазылған өлеңге теориялық тұрғыдан талдаулар жасау.

2) Өлең мазмұнын бүгінгі өмірде қолданудың ролі мен мәнін анықтау.

3) М.Жұмабаевтың шығармасын оқыту арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің тиімді жолдарын көрсету.

4) сөз зергерлерінің көркем тіл кестесіндегі эстетикалық суреткерлік қырларын саралау

Зерттеу нысанасы: Мағжан Жұмабаев өлеңдері

Зерттеу пәні: Әдебиет

Зерттеу әдісі: Ғылыми тұрғыда жазылған мақалалар мен еңбектерді жинақтау, сұрыптау, талдау, байланыстыру, сұрақ-жауап, байқау т.б.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және практикалық маңызы:

Әдебиет сабақтарында ақынның өлеңін таныта отырып, адамгершілік тәрбие беру үрдісін тиімді ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтап, теориялық негіздеу және тәжірибеде тексеру, адамгершілік тәрбие беру деңгейлерін жасау.

Зерттеудің ғылыми болжамы:

- барлық жоғары оқу орындарында қыз тәрбиесіне арналған арнаулы курс жүргізілсе, бұл ұлттық маңызы бар оқиға болар еді деп ойлаймыз.

- мектептердегі «Қыз – елдің көркі» бағдарламасының жұмысын жан-жақты жандандырып, әсіресе қыз балалармен көбірек жұмыс атқарылса. Бәлкім сонда қыздар арасындағы суицидтік әрекеттер, тастанды бала, тәнін саудалаған жандар, сезімге бой алдырып ерте жастан тұрмысқа шығып кету сынды мәселелерден ада боларымыз анық.

- қыз тәрбиесіне байланысты арнаулы оқулықтар шығарылуы қажет.

Зерттеу жұмысының құрылымы: кіріспе, екі тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

«Қарындастар» өлеңі – қоғам проблемасын қозғаған шығарма

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын тандай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілікті-ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Ондай идеяларды Орта ғасырларда өмір сүрген Батыс пен Шығыстың ғұлама ойшылдары Аверроэсо, Я.А. Коменский, Н.Макиавелли, Ибн Халдун, Ибн Сина, Әл Бируни және т.б. айтты. Осындай ой титандарының бірі-бірегейі, қазақ топырағынан шыққан педагог-психолог Мағжан Жұмабаев еді. Оның педагогикалық идеялары да халық даналығы идеяларымен үндесіп жатыр. Оны ғалымның



моральдық-адамгершілік тәрбиесіне негізделген шығармаларының ішінен «Қарындастар» өлеңінен көруге болады.

Ақынның «Қарындастар» өлеңінде қыз бала тәрбиесінің ұлт тағдыры үшін маңыздылығы мен халықтың арман-мүддесіне, бала тәрбиелеудегі түсінігіне жақын ой-пікірлер, сабақтастық дәлелді көрініс алады. Ағартушы осы бағытта гумандық көзқарасты ұстанады, жас ұрпаққа жоғары адамгершілік қасиеттерді меңгертуді, олардың еңбекке сүйіспеншілігін арттыруды көздейді. Үлкендерді сыйлауға, барға қанағат қылып, өз білімі мен еңбегі жолында аянбай ізденуге тәрбиелейді. Оның халық талаптарымен үндесіп жатқан идеяларының бүгінгі тәрбие талаптарымен де жарасымды сабақтасатыны сөзсіз. Сонымен қатар, автор ұлт тәрбиесіне сын көзімен қарап, тозығынан озығын айыра білуге шақырады.

Өлеңнің мазмұнына келетін болсақ, ақын өлеңде қыз баланы «Қарындас» деп алып, оның бес бөлімге бөліп, бес түрлі образын суреттейді. Мәселен, бірінші «Үйдегі үнсіз қарындас» бөлімінде қарындасының жасық, жігерсіз, күңіренген тұйық қызды былай деп сипаттайды:

Қарындасым, салмақтым,
Қорғасын құйған асықтай.
«Шүкір» деп шапшаң айтпайсың,
«Үш-ш-ш» дейсің асықпай.
Жуырда жауап бермейсің,
Жігерді жүн ғып жасытпай.
Берсең жауап балбырап,
Су татыған жасықтай, -

деген ақын қорғасын құйған асықтай салмақты, сөзге жүйрік емес, мінезі тұйық қарындастың күндердің күнінде бір сасық байға кете барады – ау деп қынжылады.

Қайтейін сені бауырым,
Тым тұйық, бұйық баласың.
Әкеңменен қол соғып,
Алады-ау сатып сасық бай.

Екінші «Бұлқынып, бұғау үзген қарындас» бөлімінде:

Менің бауырым сызылып
Сәнденуші еді салмақты...
Сол салмағы сор болып
Таласта талай қор болып
Тістеніп еді бармақты

Талай байдың талан-таражына түскен салмақты қарындасы енді өзгеше сипатқа ие болып, өзіне бостандық сыйлаған, өзіндік асқақ арманы бар, алдау мен арбауға көнбеген, ата – анасына өзіндік үнін таныта білген, қарғысқа да қабырғасы қайыспаған, тас түлекпен талпынған, өзінің теңін тапқан азат жан екендігін алға тартады.

Сол бауырым бұл күнде...
...Азаттық ұранды аңдапты.
Аңдаған соң, бұлқынып,
Мал бергенге бармапты.

Ескіліктің құрбандығына өзін ұшыратпаған, азаттықты ту еткен, таным – түсінігі қалыптасқан, оң мен солын таныған қарындасты былайша суреттейді:

Көндірем деп еппенен
Аға-жеңге арбапты
Ақ батаны бұздың деп
Ата-анасы қарғапты
Қара ормандай қайраттым
Қайыспапты қарғысқа.

Алғашқыдағы бейқам жүрісті енді қадамы нық, қарғысқа да мойымаған өз қалауын жоғары қойған, байлыққа сатылмауды мақсат тұтқан қарындасты жаңа бір қырынан танып, әрекеті мен батылдығына сүйсіне бастайсың.

«Мен енді азат адам, - деп,-
Сүйгеніме барам деп»,-



Тас түлектей талпынып,
Өзіне теңді таңдапты.

Ақынның қызды бүркіттің баласы түлекке теңеуінен өзінің мақсаты бар жай адамды ғана емес, енді ол сол мақсатқа жетуге жігерленген, қанатын енді серми бастаған арманы биік, өмірге деген құлшынысы басым талпынған әрі сол дегеніне жеткен адам ретінде танимыз.

Ал «Оқудағы қарындас» бөлімінен, оң мен солын таныған, түрліше ойлайтын, көзі ашық, сөзі нық, аулына деген сағынышы бар, майысқан бойжеткенді:

Күзді күні келіп ед,
Тебініп қап түйесін
Көрдім кеше: үңіліп
Оқиды «тұрмыс жүйесін»
Оқиды, көзін ашады
Ойлап, түрлі пікірлейд,-

деп суреттейді.

Ұлт тәрбиесін білім алушыға дұрыс деңгейде бере білсек, бүгінде белең алып жатқан жастар арасындағы келеңсіз оқиғалардан арылуға жол салған болар едік.

«Жолға шыққан қарындас» бөлімінде теңдікті ту етіп, қолына сенімдікті арттыра түскен папкесі бар жолға шыққан қарындасты бейнелейді:

«Теңдік» деген ұранға,
Толтырды қолды папкесін.
Көндірді де, сендірді:
«Келем, күт!» - деп әпкесін.
Торсық бетті борсық бай,
Қақалсын мейлі, «қап!» десін.
Азаттықты аңсаған,
Әпкесіне ап келсін, - деп тілейді.

Бесінші «Қызметтегі қарындас» атты бөлімінде азаттықты іздеп шарқ ұрған, «бұзылған бала» атанған, қиындықты көп көрген, нәр татпаса да тағдырдың тауқыметі мен өсек-аяңға бой алдырмаған, ел мен жерді аралаған, әйел мұңын жоқтаған, халықтың үмітін ақтаған қызды сипаттайды.

Басында жұртқа жақпады,
Бықсық, сасық өсекті
Табанға салды, таптады...
Бой бақпады, ой бақты...
Баяндама жаттады...
Орынбор, Мәскеу аралап,
Жазы-қыс дамыл таппады.
Арып-ашып ел кезіп,
Қайғылыны хаттады.
Күң боп езіліп, егіліп,
Жылағанды жақтады
Суырылып топта сөз сөйлеп,
Әйел мұңын жоқтады.
Қысқасы, әйел жынысына,
Қара ормандай қызмет қып.
Өркені өскір қарындас,
Ақтады үмітті, ақтады.

Мағжанша айтсам, біздің болашақтағы міндет – өзінің асыл арманына қол жеткізген, қоғамға өз пайдасын тигізе алатын, жауапкершілікті сезіне білетін, қиындыққа басұрмайтын, арзан сөздерге мойымай, ел үмітін ақтайтын ұл-қыз тәрбиелеу.

Себебі бүгінгі қыз, қарындас – ертеңгі ана, өскелең ұрпақтың, жаңашылдық пен жақсылықтың жаршысы. Игі істердің басында тұратын тұлға қалыптастыру – бүгінгі күннің басты ұстанымы.

Бұдан түйген ой қорытындысын, яғни «қарындастың» ақын сипаттаған бес түрлі образын деңгейлі сатыға былай салсақ:



1. Алгоритмдік деңгей (бастапқы дегенді білдіреді) «Үйдің үнсіз қарындас»
2. Танымдық деңгей «Бұлқынып, бұғау үзген қарындас»
3. Эвристикалық деңгей (табамын) «Оқудағы қарындас»
4. Шығармашылық деңгей «Жолға шыққан қарындас»
5. Кульминация (биік шын) «Қызметтегі қарындас»

Осы өлең арқылы ақын бір адамның тағдырын негізге ала отырып, қоғам, ұлт проблемасын алға тартады. Осы мәселе күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жойған емес, өйткені бұл бала тәрбиесіне байланысты заманауи қоғамның ата-аналарға қойып отырған педагогикалық талаптармен үндесіп жатыр.

Бала тәрбиесінде ұлттық педагогиканың, тәрбиенің алатын орны ерекше екендігін ескерген Мағжан, ұлттық тәрбиенің құнды жақтарын пайымдап көрсетеді.

II тарау

Ақынның поэтикалық тіліне талдау жасау

«Қызыл тіл кісендеулі қолым емес» деп, өле-өлгенше қазақтың мүддесі мен мұңын жырлап кеткен, сондай-ақ «Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, сөзге жан бітірген, қазақ поэзиясында жаңа өлшеулер шығарған» Мағжан Жұмабаев ақындығының құпиясы оның өз тұсының шындығын дәл бейнелеуінде ғана емес, өлеңінің сиқырлы күшінде. Ол бірде өмірдің күлкісіндей қуанышты бейнелесе, бірде жылаған, қайғы жұтқан қазақтың ішкі сезімін көрсетеді.

Болашақ қатерді алдын – ала көре білу, артында ғасырлар бойы өшпейтін қлағатты өсиет қалдыру, сірә, шынайы даналықтың көрінісі болса керек. Мағжан ақынның артында қалған мұрасы арасында бүгінгі біздің заманымыздың қордаланған проблемаларымен астасып жатқан ойлары мол-ақ екен. Солардың бірі – қарақөз қазақ қыздарының тағдырына қатысты «Қарындастар» өлеңі.

Қазақтың тәрбиенің басты тармақтарының бірі – қазақтың қанның немесе қара шаңырақтың ұл бала арқылы жалғастығы және әрі қарай өніп-өскен сабақтастығы. «Қызға қырық үйден тыйым», «Қыздың жолы жіңішке» деген қисынды қағидасы. Өйткені ұл бала қазақ халқының намысы болса, қыз бала ар-ожданы, ұяты.

Бұдан шығатын қорытынды – бала тәрбиесінің жас шыбықтай иілгіш болып келетіндігі. Сол сияқты кез келген бозбала мен бойжеткен де жақсыға да, жаманға да бірдей бейім болатыны баршаға мәлім. Міне, сондықтан жеке тұлғаның дамуына, оның өз жасына сәйкес жас ерекшеліктік жаңа құрылымдарды өз бойында дамыта отырып қалыптасуына отбасындағы ішкі қатынастардың маңызы өте зор. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзі сақтау, ұрпақты жалғастыру, сыйлау, құрметтеу қажеттігінен туындайды. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан ахуал, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік пен достық, адамгершілік пен кішіпейілділік тікелей ықпал ететінін ескеріп жүруіміз керек. Біздің пікірімізше, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, оның болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса ғана, елдің болашағы жарқын болмақ.

Мағжан адамды қалыптастырудың жетекші құралы болып тәрбие мен білім саналады, осыларды бір-бірімен ұштастыра қарастыру негізінде жеткіншектердің адамгершілік асыл қасиеттері, ой-өрісі жетіледі деген көзқарасты ұстанады.

Адамгершілік қасиеттерге батылдықты, жомарттықты, мейірімділікті, шыншылдықты, адалдықты және т.б. жатқызады. Бұл қасиеттердің туа бітпейтінін, тек тәрбиенің мзмұнына, оны жүзеге асыру барысында пайдаланған амал-жолдарға, жаттығулардың нәтижесіне байланысты екендігін баса көрсетеді.

Мағжанның пайымдауынша, жағымды адамгершілік қасиеттерді балаға тек адамгершілігі жоғары, тәрбиені қоғамның талабына сай жүзеге асыра алатын, сонымен қатар, гуманистік



көзқарасты ұстана отырып, адамдармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік таныту сынды табиғи тұлғалық қасиеттерді үйлесімді бірлікте ұстай алғанда ғана меңгеруге болады деген тұжырымға келеді.

Қысқасы, әйел жынысына,
Қара ормандай қызмет қып.
Өркені өскір қарындас,
Ақтады үмітті, ақтады, -

деген Мағжанның «Қарындасы» сияқты үмітті ақтайтын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты мәселесі.

Қорытынды

Қазақ халқы бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Баланың ана құрсағында пайда болуына, оның өмірге келуіне, оның алғашқы қадамына, алғаш атқа отыруына, алғаш жолға шығуына арналған жеке-жеке әдет-ғұрпымыз, жол-жоралығымыз бар. Халқымыз сонымен қатар бала тәрбиесіндегі ананың ролін өте жоғары бағалаған. Тіліміздің өзін ана тілі деп атауы-аналарға көп жүк артады. Аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін көрсетеді. Ана-барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеледі. Ол адамды адам етіп тәрбиелейді. Ол адамды өзінің тілінде, ана тілінде сөйлетеді. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және барша қауымның міндеті. Халқымыз «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қаншама философиялық ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек қана анасы ғана жауапты емес, бүкіл ауыл, ру жауапты болып отыр. Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дәрекі сөйлемей, ізетті болу-халқымыздың игі дәстүрлерінің бірі.

Ал, қазіргі заманда бала тәрбиесіне тек қана ана емес, радио мен теледидар, газет-журнал, кітаптар мен кинолар, барлар мен дискотекалар жан-жақты әсер етіп, оны тәрбиелеуде. Бұл тәрбиенің жағымды жақтары да, жағымсыз жақтары да толып жатыр. Ата-аналары күнұзақ жұмыста, бала тәрбиесіне бөлінетін уақыт күннен-күнге азайып барады. Сондықтан қыздарымыз өзімен-өзі қалып бара жатқан жайы бар.

Кең байтақ ұлы даланы мекендеген қара орман халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдет-ғұрып, салт дәстүрінің, мінез-құлықтарының да біркелкі ұқсас болып келуі бұрынғы өткен қасиетті Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыздан қалған үлгі.

Қазақ қыздары ғасырлар бойы осындай отбасылық тәрбиемен өсті. Олардың отбасынан алған бар тәрбиесі жақсы келін болу ғана еді. Одан өзге ешқандай мамандықтары болған жоқ. Жан-жақты білім беретін, әртүрлі мамандықтарға үйрететін, өз бойындағы өнерін өрістететін мемлекеттік тәрбие алуға қазақ қыздарының қолы XX ғасырдың орта кезінде ғана жетті.

Қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамға тоқталсақ-тәуелсіз, еркін еліміз осы заманның даму үрдісі жылдамдығымен зымырап келеді. Алдағы мақсат-дамыған елу елдің қатарына ену. Ал қоғам да уақыттан қалмай, ортамызға келген жаңа дүниелерге еніп, қалыптасу үстінде. Уақыт талабы-жарнамалық технология. Сондықтан қоғам уақыт талабына сай өмір сүру үшін, заман, адамдардың жеке тұлғалық факторларды талап етеді. Ұлттық сана-сезімге сіңіп, арғы тегімізден келе жатқан адами қасиеттерімізді жойып алмауды қажет еткендей. Қазақ халқы ежелден келе жатқан мәдени мұрасымен тәрбиелік мәні зор салт-дәстүрін жалғастырып келеді. Осы байлықты нарықты заманда қалыптастырып, ұлттық қасиетін жоймау керек. Ең басты мәселе адам тәрбиесі, оның қоғамдағы алатын орны. «Орта түзер ойыңды, ойың түзер-бойыңды»-деп, Абай атамыз айтқандай мемлекеттік тұрғыда назар аударуды қажет ететін ұлттық сана-сезім, тәрбие бар. Осы орайда-болашақ сүйікті жар, ардақты ана-қыз баланың алар орны ерекше.

Ұлттық сипаты, рухани құндылығы жоқ «Батыстың» тәлім-тәрбиесін қомағайлана жұтады. «Батыс» демекші, технология әлемін, теледидар беттерін жаулаған рухани құндылыққа зәру жарнамалық дүниелері-бейне бір жер шарындағы ірге тасынан өз тілі, діні, ұлттық мәдениеті бар елдермен күреске түскендей. Осы орайда «Батыс мәдениетін» дүние жүзіне таралған жайылмалы дертті ісік екенін мойындағандай боласың. Мәселен: парасатты, кішіпейіл, сыпайы тағы басқа ибалық мінездердің бәрін иманды қаракөз қыздарымыздың арасында сақтаулы. Өкінішке орай, біреуден көргенімізді қайталап істеу керек болып тұрады.

Қазіргі таңда қыздарымыз жарассын-жараспасын денелерін жартылай жалаңаш қалдыратын киімдер киіп, қымбат әшекейлер, алтын тағып, бет-ауыздарын бояп, өздерінің инабаттылығы мен



сыпайылығынан, жастық жарасымдылығынан айырылады. Табиғаттың өзі жан дүниесін сұлу, нәзік, мейірбан етіп жаратқанына мән бермейді. «Жастықтың өзі жастығымен әдемі» дегендей, жас қыздардың өздері-ақ қырдың қызыл гүліндей әсем ғой. Табиғат берген көрік пен сымбаттан артық не бар. Қыздардың ішінде ұрлық жасайтындар мен шылым шегіп, арақ ішетіндер де кезігеді. Демалыс сабақтарынан шашын дудыратып ұйыстырған, ұнамсыз ерсі киім киіп, аяғын бірінің үстіне бірін салып, темекі түтінін құмарлана жұтып отырған сылқым бикештерді жиі жолықтыруға болады. Қастарында отырған адамдардан именбейді. Ал, енді осыны көрген жас қыздарымыздың бұларға еліктемесіне кім кепіл?

Кейде аялдамадан кейбір қыздарымыздың үлкен бар, кіші бар-ау деп қымсынбай жігіттермен құшақтасып, сүйісіп тұрғанын көргенде шыдамай төмен қарайсың. Ардақтауды, мәпелеуді, құпиялықты қалайтын махаббат атты құдіретті аяққа таптау емес пе бұл?

Әрине, мұндай көргенсіздіктің өзіндік себептері көп екенін білеміз. Бірақ ең бастысы тәрбиенің кемшілігі екендігінде дау бола қоймас. Тек өз ұлтын, тілін сүйіп, қастерлейтін адам ғана сонау әлімсақтан мирас болып келе жатқан ата-ананы, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, мейірбандық, инабаттылық сияқты ізгі қасиеттердің иесі бола алады. Қыздарымыз осындай ұлтжандылығымен, өздеріне тән нәзіктігімен, сүйкімділігімен және рухани тазалығымен ерекшеленуі тиіс. Ар-намысын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абыройлы сыйлы. Ертеңгі күні не болатынын білмегендіктен, тек өздеріне сеніп, бүгінгі күнмен ғана өмір сүретін адамдар тобына айналып бара жатырмыз ба?-деп, қорқамыз. Себебі, біздің қоршаған ортамыз келген жаңа дүниелерге еніп, қалыптасу үстінде. Сондықтан шығар, біз, өзіміздің адами құндылықтарымызды жоғалтып, кейбірі ну орманның ішінде жүргендей адасып, теріс жолға түскендері қаншама? Қазір қазақ қыздары бұзылу қаупін бастан кешіруде. Олардың бірсыпырасының әрекеттері ұлттық психологиядан ауытқып бара жатқаны байқалады: ар сақтау, ұятты білу, үлкенді ардақтау, кішіні құрметтеу, адамды сыйлау ұмытылып барады, тіпті жойылып барады деуге болады. Сондықтан біздің ұсынысымыз:

- барлық жоғары оқу орындарында қыз тәрбиесіне арналған арнаулы курс жүргізілсе, бұл ұлттық маңызы бар оқиға болар еді деп ойлаймыз.

- мектептердегі «Қыз – елдің көркі» бағдарламасының жұмысын жан-жақты жандандырып, әсіресе қыз балалармен көбірек жұмыс атқарылса. Бәлкім сонда қыздар арасындағы суицидтік әрекеттер, тастанды бала, тәнін саудалаған жандар, сезімге бой алдырып ерте жастан тұрмысқа шығып кету сынды мәселелерден ада боларымыз анық.

- қыз тәрбиесіне байланысты арнаулы оқулықтар шығарылуы қажет. Ұлы даланың дана қыздарының бүгінгі жас ұрпағы елдіктің ұраншысы және инабатқа толы өмірдің қозғаушы күші болса екен дейміз. Өз халқын сүйе білген жас адамдардың бойында ұлттық намыс та, ұлттық рух та, жарасымдылық та молынан табылады. Жас өскін талшыбық сияқты. Оны аялап-мәпелесең, бәйтерек болып өседі. Қыздар саналы да тәрбиелі болып өссе, терең білім алса, жоғарыда айтылған өрелі міндет биігінен көрінеріміз хақ. Өзіміз аталмыш жастардың біреуі бола отырып, жастардан жиіркенуге шақырудан аулақпыз. Күнделікті жол үстінде тіл мен сипаты бұзылмаған, көркемділігі мен инабаттылығы бойына жарасқан қаракөз апай-сіңілі не қарындасымызды топтап жолықтыруға болады. Ұлттық салт-дәстүрімізді, рухани қазынамызды жоғалтпай заман ағымынан қалмау-уақыт талабы. Бірақ уақыт талабы мен батыстың талабын шатастырып алуға болмайды.

Қаракөз қыздарымызға оң әсер етеді деген сеніммен Мағжан ақынның осы бір шағын өлеңін таңдап алдық. Бүгінгі жаһандану кезеңінде ұлт тәрбиесіне әрқайсымыз үлес қоссақ, биік нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Мағжан Жұмабаев шығармалар жинағы
2. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» Алматы «Ана тілі», 1992